ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының

ЖИНАҒЫ

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

Конференция AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84
Т93

Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.
Редакциялық ұжым: Бибеков Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаева С.С., Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 2-т. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 263 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгзілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4 ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

2-секция. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОНЛАЙН ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІ ДАМЫТУДАҒЫ ҮЛЕСІ

Д. С. Абденкул[1], С. С. Шокабаева[2]
[1] 2-курс студенті, [2]Ғылыми жетекші: доцент м.а., ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Платформа – оқыту процесін жүйелеп, білімнің сапасын күшейтуге бағытталған құрал. Қазақ тілін дамытуда онлайн оқыту платформаларының рөлі зор. Бейнесабақтар, интерактивті жаттығулар, деңгейлік тестілер және синхронды сабақтар сияқты құралдар тіл үйренуді жеңілдетеді. Технологиялар мен онлайн платформалар дәстүрлі әдістерді ауыстырмайды. Керісінше, оларды қуаттайтын көмекші құрал болады. Ең бастысы – дәстүрлі және цифрлық әдістерді үйлестіре білу керек. Яғни, жаңашылдық дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу емес, сонымен қатар жаңашылдықты дәстүрлі үрдісте қолдана білу.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, оқытушы бойында жаңа инновациялық қасиеттер болуы керек. Ол қасиеттердің қалыптасуы үшін жаңа білімге деген ізденіс қажет. Сондықтан білімді интернеттің көмегімен де ала аламыз. Жаңа платформалар арқылы сабақ жүргізу нәтижесінде тыңдаушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, оларды тек тыңдаушы деңгейінен баяндамашы, тіпті оратор деңгейіне көтереді. Оқытушыдан гөрі тыңдаушының көп ізденуі – тілге деген құлшынысын арттырып қана қоймай, тілді жылдам меңгеруіне мүмкіндік туғызады [1, 10-б.].

Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, оны жатсынбай, қашпай қолданамыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз – жатшылдық (жатсөзшілдік). Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа ғана аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі дайын сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттер мен ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, олардың дайын сөздеріне қызықпай, ана тіліміздің балама сөз табуымыз керек [2, 20-б.]. Өз тілімізді басқа ұлт өкілдеріне үйрету үшін еңбек етуіміз керек. Қазақ тілінің дамуы мен қолданыс аясын кеңейту бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Бұл мақсатқа жетудің бір тиімді жолы – заманауи онлайн оқыту платформаларын пайдалану. Цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы тіл үйрету процесін жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Бұл платформалар арқылы қазақ тілін үйрену оңай әрі қолжетімді бола түседі. Олардың мазмұны бейнесабақтар, интерактивті жаттығулар, деңгейлік тестілер мен синхронды сабақтар арқылы байытылып, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Онлайн платформалардың қазақ тілін дамытудағы рөлі, әсіресе, шетелдік аудитория үшін ерекше маңызды. Олар қазақ тілін үйренуге ниет білдірген шетел азаматтарына қолдау көрсетеді. Онлайн платформалар тек тілді үйрену ғана емес, қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлерін таныстыруға, насихаттауға да ықпал етеді. Сонымен қатар, платформалардың қолжетімділігі мен танымалдығы қазақ тілінің халықаралық деңгейде танылуына септігін тигізеді. Дегенмен, осы салада контент сапасы мен мамандардың жетіспеушілігі сияқты проблемалар да бар екені белгілі. Мазмұнның сапасын арттыру және мамандарды даярлау арқылы бұл мәселелерді шешуге болады. Сонымен қатар, қазақ тілін онлайн кеңістікте дамытуға бағытталған нақты ұсыныстардың жасалуы да маңызды. Бұл зерттеу осы мақсаттарды іске асыруға бағытталған. Бүгінгі қоғамдағы цифрлық білім беру құралдарының дамуы қазақ тілін үйренуге мүмкіндік беріп қана қоймай, оның мәртебесін арттыруға да ықпал етеді. Сондықтан, қазақ тілін онлайн оқыту платформалары арқылы дамыту – заманауи қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Қазақ тілін дамытуда онлайн оқыту платформаларының рөлі бүгін де аса маңызды. Бұл платформалар қазақ тілін үйренуге ынталы адамдар үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. Ең алдымен, онлайн платформалардың мазмұнына назар аударайық. Олар бейнесабақтар, интерактивті жаттығулар, деңгейлік тестілер және синхронды сабақтар арқылы байытылған. Бұл құралдар оқушылардың тілді тез әрі тиімді меңгеруіне ықпал етеді.

Онлайн платформалардың негізгі артықшылығы – олардың қолжетімділігі мен икемділігі. Әлемнің кез келген нүктесінде интернетке қосылған кез келген адам қазақ тілін үйрене алады. Бейнесабақтар арқылы тілдің фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіру оңайға түседі. Интерактивті жаттығулар мен деңгейлік тестілер оқушылардың білімін бағалап, олардың тіл меңгеру деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Shyraq ai, ANA TILI, ChatGPT, Fobizz, Classroomscreen, Til-qazyna, Claude ai» және тағы басқа жасанды интеллект арқылы қызмет ететін платформалар (1-сурет. Қазақ тілін дамытуға арналған онлайн платформалар) қазақ тілін үйренуге арналған түрлі деңгейдегі сабақтар ұсынады. Бұл платформа арқылы қолданушылар тілдің негізгі ережелерін үйреніп, сөйлесу дағдыларын жетілдіре алады. Сонымен қатар, синхронды сабақтар арқылы нақты уақыт режимінде мұғаліммен байланыс орнатып, сұрақтарға жауап алу мүмкіндігі бар.

1-сурет. Қазақ тілін дамытуға арналған онлайн платформалар.

Қазақ тілін оқытуға үлес қосатын “LingoKz” платформасының мазмұнына назар аударайық:



2-сурет. LingoKz платформасы.

Қазір қазақ тілін үйретуге арналған платформалардың көбейіп жатқаны қуантады. 2-суреттен көріп отырғанымыздай, “LingoKz” платформасының тілі өте жеңіл жасалған. Платформада сабақ жүйесі деңгейлік тапсырмалар арқылы өтеді. Әр бөлімде бірнеше сөздің аудармасы, тест, сурет арқылы дұрыс таңдау, сөйлем құрастыру, тыңдалым және айтылым тапсырмалары бар. Тапсырманы дұрыс орындаған сайын жұлдыз, ұпай беріледі. Тапсырмалар дұрыс орындалмаған жағдайда келесі бөлім тапсырмалары ашылмайды. Мұндай платформалар тілді үйретуге үлкен үлес қосуда. Платформа жалпы халыққа қолжетімді.

«Tilqural.kz». Анықтамасында «қазақ тілін кезең-кезеңмен оқуға арналған веб-сервис» делініпті. «Tilqural.kz» ересектерге қазақ тілін A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлерінде үйренуге мүмкіндік береді. Тіркелгеннен кейін пайдаланушы қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін тестілеуден өтеді. Тестілеу нәтижелері бойынша жүйе оқу курсын ұсынады. Сайт тіл оқушының сөздік қорын толықтыруға, жаңа сөздердің мағынасын түсінуге және оларды күнделікті өмірде қолдануға, еркін оқуға, өз ойын ауызша да, жазбаша да жеткізуге, сөздерді дұрыс дыбыстауға, сөйлемдерді сауатты құрастыруға мүмкіндік береді. Пайдаланушы жеке кабинетінде орындаған сабақтарының статистикасын көре алады. Сервис Android, iOS платформалары арқылы жүктеуге қолжетімді [3].

Айтылған және тағы басқа платформалар тілді үйренуге күн сайын үлес қосуда. Мысалы: “Aitu Superapp” платформасы 12 000 рет жүктеліп, 4,4/5 балл жинаған, ал “Qonzhyq App” платформасы 19 000 рет жүктеліп, 4,8/5 балл жинаған. Қолданушылардың көп бөлігі шетел азаматы, азаматшалары. Байқағанымыздай, қазақ тілін шетелде үйрену мәселесі қазірде өзекті болып отыр. Онлайн платформалар бұл бағытта үлкен рөл атқарады. Олар қазақ тілін үйренуге ниет білдірген шетел азаматтарына қолдау көрсетеді. Дегенмен, контент сапасы мен мамандардың жетіспеушілігі сияқты проблемалар да бар екенін атап өту қажет, көптеген қазақ тілін үйретуге арналған платформалар мамандардың жетіспеушілігінен жасанды интеллект арқылы жұмыс жасайды. Маманның жетіспеушілінен көптеген платформаларда маманмен кері байланыс болмайды. Қазақ тілін үйретуге арналған материалдардың сапасын арттыру арқылы бұл мәселелерді шешуге болады. Мысалы, “Shyraq ai’ платформасында әр пәнге және дәл осы қазақ тілінен арнайы видеолар бар. Осындай жүйені қазірде “Juz40”, “Arystan online” секілді оқушыларды ҰБТ-ға дайындаушы орталықтар қолданады. Дәл сол жүйені осы қазақ тілін дамыту бағытында арнайы қолданса, білікті мамандармен видео сабақтар жүктелсе, қолданушылардың саны да артады.

Қазақ тілін онлайн оқыту платформалары арқылы дамыту – заманауи қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Бұл платформалар тіл үйренуді жеңілдетіп қана қоймай, қазақ тілінің мәртебесін арттыруға да ықпал етеді. Контент сапасын арттыру, мамандарды даярлау және платформалардың қолжетімділігін кеңейту арқылы қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыруға болады. Сонымен қатар мемлекет тарапынан да қазақ тілін дамыту үшін бірнеше маңызды қадамдар жасалып жатыр: Тілдік саясатты жетілдіру Қазақстанда 2020-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Бұл бағдарлама қазақ тілін қоғамның барлық саласында кеңінен қолдануға және оның беделін арттыруға бағытталған. Цифрландыру және инновация Қазақ тіліндегі контентті цифрландыру және интернет ресурстарын дамыту арқылы қазақ тілін қолданысқа енгізу мүмкіндігі артып келеді. Тіл үйренуге арналған онлайн платформалар мен қосымшалар танымал болуда. Қоғамдық қозғалыстар мен бастамалар Тіл белсенділері мен еріктілердің қазақ тілін насихаттау бойынша жұмыс істеуі – маңызды фактор. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге арналған жобалар, курстар, шеберлік сыныптары жиі ұйымдастырылуда.

Қазақ тілінің болашағы оның қазіргі даму қарқынына және мемлекеттік деңгейде қабылданатын шараларға байланысты. Тілдің қоғамдағы рөлін нығайту үшін келесі шаралар маңызды: Қазақ тілінде сапалы контент жасау; Тіл үйренушілер үшін қолайлы жағдайлар жасау; Мемлекеттік және жеке секторда қазақ тілін қолдануды ынталандыру; Қазақ тілін әлемдік деңгейде таныту [4]. Қазақ тілін дамытуда онлайн оқыту платформаларының рөлі ерекше маңызға ие екенін айтуға болады. Бұл платформалар қазақ тілін үйренуге ынталы жандарға кең мүмкіндіктер ашуда. Онлайн платформалардың танымалдығы артып, олар қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлерін де таныстыруға ықпал етуде.

Қорытындылай келе, қазақ тілін онлайн оқыту платформалары арқылы дамыту – заманауи қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Бұл бағытта контент сапасын арттыру, мамандарды даярлау және платформалардың қолжетімділігін кеңейту арқылы қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыруға болады. Болашақта қазақ тіліне қатысты бағдарламаларды дамыту, шетелдік аудиторияға бағытталған контент сапасын жақсарту және платформаларды жетілдіру қажет. Бұл шаралар қазақ тілінің мәртебесін арттыруға және оның үйрену процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Оқырмандарды осы бағытта белсенді әрекет етуге шақырамыз.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қойчибеков О., Қуандық М. Тілдерді оқытуға арналған платформалар. – Астана: Тіл –қазына, 2024. – 98 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: “Атамұра” баспасы, 2003. – 208 б.
3. Сламжан Қ. Қазақ тілін дамыту: Төрт порталға қысқаша шолу. / Қолжетімді ресурс: https://malim.kz/article/analytics/qazaq-tilin-damytu-tort-portalga-qysqasa-solu-19043.

4. Аккасинов Р. Қазақ тілінің қазіргі жағдайы мен дамуы. / Қолжетімді ресурс: Жалағаш аудандық "Жалағаш жаршысы" газетінің сайты: https://zhalagash-zharshysy.kz/qogam/qazaq-tilining-qazirgi-zhaghdajy-men-damwy/

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

М.Б. Абсатова[1], Ж.Ж. Рустемова[2]
«НЗМ» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы,
Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру саласы жаңашылдық пен шығармашылыққа басымдық береді. Оқудағы жаңашылдық шығармашылықпен ойлануға, басқалармен шығармашылықта жұмыс істеуге, жаңашыл идеяларға әрекет етуге қатысты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мектеп бағдарламасында жүйелі оқытылады. Оқушылардың әдеби тілді меңгеріп, кейіпкерлерге талдау жасай білуі бағаланады. Әдеби шығармаларды оқу сөздік қорды, ауызекі сөйлеуді және көркем шығармаларды зерттеудің ауқымды көлемін қамтиды. Бұл оқушылардың қиялын, мәдени талғамын және сюжет, тақырып, кейіпкерлер туралы сыни ойлауын жақсартады. Әдебиет оқушылардың түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ дағдыларын, тілдік пәндер оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым сияқты сөйлеу әрекеттері дағдыларын ұсынады және аталған дағдыларды бағалайды. Бұл оқушыларда түсіну мен талдауды меңгеруден басқа сезімталдықты, өзін-өзі тануды және әлем мен басқа адамдар туралы жақсы түсінікті қалыптастыруға көмектеседі.

Оқу бағдарламасында негізгі басымдық пәннің мазмұнын, стилін, идеяларын және формаларын бағалай білу, анализ жасау, креативті ойлау дағдыларын дамытуға беріледі. Бұл рефлексия және өзіндік рефлексия дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, олар: өздері өмір сүретін қоғамға сырттай және өздерін дамыту үшін іштей баға беру [1].

Зерттеу барысында Қазақстан өңірлеріндегі 20 Назарбаев Зияткерлік мектептері 12-сынып оқушыларының әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларын бағалау жұмысы жүргізілді. Бұл мұғалімдерге әдебиетке қатысты ресурстарды кеңінен пайдалануына және пәнді оқытудың әртүрлі әдістерін қолдана отырып, сыныпта оқытуды жақсартуға көмектеседі.

Әдебиеттерге шолу. Әдебиет оқыған кездегі мәтінді түсінуден басқа дағдыларды да қажет етеді. Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқышында»: ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, талғау, бағалау - деп сөз өнерін адам санасының үш негізіне алып келеді [2]. Christine Seifert өз мақаласында көркем әдебиетті оқу маңызды артықшылықтар әкелуі мүмкін екенін, көркем әдебиетті оқу әлеуметтік өткірліктің жоғарылауын және баға берудің айқын қабілетін болжайтынын анықтады [3]. Әдеби құзіреттіліктің дамуы оқушылардың жеке тұлға ретінде құндылықты түсінуіне, бағалауына мүмкіндік береді.

Hannah Frankman әдеби шығармалардың ерекше күші бар: біреудің санасына толығымен батыратын, өзіндік баға беретін күш. Бұл жазудың, тіпті қарым-қатынастың барлық түрлеріне де қатысты деп айтуға болады, көркем әдебиет басқалар жасай алмайтын ерекше формаларды жасайды деп көрсетеді [4]. Сондықтан әдеби шығармаларды қабылдауды бағалау - әдебиетті оқытудың маңызды нәтижелерінің бірі. Б.Д. Жұмақаева бір шығармадағы бір көріністің, бір сәттің өзін әр адам әртүрлі сезіммен қабылдайды деп әдеби шығармалардың адамның сезімі мен түйсінуіне байланысты екенін, оны қабылдауды бағалау арқылы білуге болатынын атап өтеді [5]. Сол сияқты, Rahma Ibrahim Al-Mahrooqi әдебиет тілдік құрылымды оқытумен қатар, бір мезгілде оқушылардың сезімталдығын, эмоциясын, жоғары дәрежелі ойлауын оятады. Әдебиет

тілді жандандырады және оқу процесін, үлгерімді күшейтеді. Сөздік қор, дұрыс синтаксис өздігінен жүреді, және оқушылар грамматикалық тұрғыдан тілді қолдануды үйренеді деп тұжырымдайды [6]. Әдебиет - бұл қолданылатын тілдің мысалы және тілді қолданатын контекст. Сондықтан көркем шығармалар тілін сөйлеу әрекетіндегі тіл ретінде үйренуді оқушылардың тілдік жүйе аспектілерін түсінуін, баға беруін жақсарту ретінде қарастыруға болады. Огенвеле (2006) әдеби шығармаларды оқушылардың қабылдауын бағалауды көркем әдебиет туындыларын зияткерлік немесе академиялық жаттығу ретінде анықтайды [7]. Мектепте нақты әдістерді, дұрыс бағалау құралдарын қолданғанда мұғалім оқу мақсатына оңай жетеді. Сондықтан мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін тиімді құрал ретінде оқу іс-әрекеттерін қолдайтын әдістерді, бағалау құралдарын қолдануы керек.

Жоғарыда аталған зерттеулерге сәйкес оқушылардың әдебиет пен оқу дағдыларын жақсарту үшін инновациялық оқу тапсырмаларын қолдануға баса назар аударылады. Зерттеулер инновациялық оқу міндеттерін қолдану арқылы әдебиетті оқытуды қолдау, бағалау үшін пайдаланылды.

Shqipe Haxhihyseni (2013) мұғалім сыныпта оқытудың және бағалаудың тиісті әдіс-тәсілдерін қолданғанда әдебиетті оқыту пәнді меңгеруге ынталандырады және қызықтырады. Сабақта инновациялық оқу міндеттерін, бағалау құралдарын қолдана отырып, оларды оқытуды қалай жақсартуға болатындығын анықтауға мүмкіндік береді деп атап өтеді [8].

Ал Courtney және бірлескен авторлар зерттеуі (2022) Updated Content of Education (UCE) реформасының Қазақстандағы кейбір сынып оқушыларының сауаттылығын дамыту әсеріне талдау жасады. Авторлар оқу бағдарламасы, тиімді бағалау құралдары көптілді білім беру жағдайында функционалдық сауаттылыққа оң әсер етеді және мемлекеттік, аймақтық және этникалық тілдердің үйлесімі де өзекті болып табылатын басқа посткеңестік және Орталық Азия елдері үшін пайдалы болуы мүмкін деген қорытындыға келді [9].

Мұғалімдер оқушылардың оқуына көмектесіп, функционалдық сауаттылығын, тілді меңгеру сапасын арттыру үшін тиімді оқу тапсырмаларын, оңтайлы бағалау құралдарын жасай білуі керек. Осыған байланысты оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларын жақсарту мақсатында бірқатар инновациялық оқыту стратегияларын, бағалау құралдарын ұсыну үшін зерттеу жүргізу қажет болды.

Әдістер мен материалдар. Аталған зерттеу оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларының деңгейін анықтауға бағытталған. Атап айтқанда, ол:

1. Оқушылардың әдеби шығармаларды оқып, түсіну дағдылары деңгейін анықтауға (сауалнама арқылы);

2. Оқушылардың оқу үлгерімін анықтауға (жиынтық бағалаулар);

3. Мектептердегі жынысы мен сыныптарға топтастырылған оқушылардың үлгерімі, әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары арасындағы айырмашылықты анықтауға (сауалнама және жиынтық бағалау);

4. Оқушылардың оқу үлгерімі мен сыртқы жиынтық бағалау арасындағы маңызды байланысты тексеруге бағытталған (сыртқы жиынтық бағалау).

Зерттеу жұмысында бағалау және корреляциялық зерттеу дизайнына сәйкес сипаттамалық әдіс қолданылды. Қатысушылар:

Қазақстан өңірлеріндегі 20 Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 12-сынып оқушылары. Зерттеуге қатысушылар саны - 1140, ер бала - 498, қыз бала – 642.

Зерттеуде екі зерттеу құралы қолданылды. Біріншіден, әдебиеттегі түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ дағдыларын өлшеу үшін 9 сұрақтан тұратын сауалнама қолданылды. Екіншіден, ағымдық бағалау қорытындысы мен сыртқы жиынтық бағалау нәтижесі алынды. Құралдар тақырыптық талдаудан өтті, Кронбах альфа, орташа нәтижесі алынды.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Оқушылардың үлгерім деңгейі және олардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары туралы мәліметтерді талдау үшін орташа, стандартты ауытқу, жиілік және пайыз сияқты сипаттамалық статистика қолданылды.

Әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары бойынша сауалнамаға қатысушылар 9 әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары бойынша жетістік деңгейін көрсетті:

- Шығарманың тақырыбын, идеясын, көтерілген мәселені анықтау
- Автор мен оқырманның қарым-қатынасын анықтау
- Көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу
- Кейіпкерлер образы арқылы автор позициясының қызметін талдау
- Сюжеттік-композициялық талдау жасау
- Стиль мен жанрды тілдік құралдар мен көркемдегіш құралдар арқылы тану
- Мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру
- Ойды креативті жеткізу (өлең, хат, әңгіме, эссе,блог, әңгімелеу және суреттеу мәтіндері, қысқа сценарий және т.б.)
- Дәйекті дәлелдер мен тілдік құралдары орынды қолданылған мәтінге сыни баға беру

1-сурет. Оқушыларға арналған сауалнама

Сауалнама нәтижелерінде жекелеген сұрақтар бойынша нәтижелерді талдау арқылы оқушылардың күшті және әлсіз жақтары анықталды. «Шығарманың тақырыбын, идеясын, көтерілген мәселені анықтауды» сұрағына респонденттердің 59%-і «жақсы» және «өте жақсы» деп жауап берген. Бұл олардың мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуде қиналмайтындықтарын көрсетеді. «Автор мен оқырманның қарым-қатынасын анықтау» сұрағына респонденттердің 58%-і «жақсы» және «өте жақсы» деген жауап беріп, мәтіндегі автордың көзқарасын анықтау және оны өз ойларымен салыстыру дағдыларының қалыптасқанын көрсетті. Төмен нәтиже көрсеткен сұрақтардың бірі - «Ойды креативті жеткізу (өлең, хат, әңгіме, эссе, блог, әңгімелеу және суреттеу мәтіндері, қысқа сценарий және т.б.)». Респонденттердің тек 26%-і «жақсы» және «өте жақсы» деп жауап беріп, өз ойларын әртүрлі форматта жеткізуде қиындықтарға тап болатындығын көрсеткен. «Көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу» сұрағына респонденттердің 24%-і «жақсы» және «өте жақсы» деп жауап берген. Бұл олардың өз ойларын ашық айтуда және басқалардың пікірін тыңдауда қиналатындығын көрсетеді. Жыныстық айырмашылықтар тұрғысынан кейбір сұрақтарда айырмашылық бар екені байқалады. Мысалы, «Ойды креативті жеткізу» сұрағы бойынша 1,12%-ке ауытқу бар екені көрінеді, яғни, қыздар ұл балаларға қарағанда өздерін сәл жоғары бағалаған. Бұл әлеуметтік стереотиптермен байланысты болуы да мүмкін. Респонденттер мәтінді түсіну және негізгі идеяны анықтау дағдыларын жақсы меңгерген. Алайда өз ойларын шығармашылықпен жеткізу және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларында әлі де кемшіліктер бар екендігі және оларды жетілдіру қажеттілігі анықталды.

1-кесте. Тілдік дағдылар бойынша оқушылардың үлгерім нәтижелері.

Жынысы	Тыңдалым/Айтылым %					
	Өте төмен%	Төмен%	Орташа%	Жақсы%	Өте жақсы%	Нәтижесі
Ер	2,31	10,94	5,32	52,31	29,12	100,00
Әйел	1,25	8,72	7,48	50,23	32,32	100,00
Жалпы	1,71	9,69	6,54	51,14	30,92	100,00
Жынысы	Оқылым %					
	Өте төмен%	Төмен%	Орташа%	Жақсы%	Өте жақсы%	Нәтижесі
Ер	1,74	14,79	5,09	55,89	22,49	100,00
Әйел	1,35	9,66	6,18	53,89	28,92	100,00
Жалпы	1,52	11,90	5,70	54,77	26,11	100,00
Жынысы	Жазылым %					
	Өте төмен%	Төмен%	Орташа%	Жақсы%	Өте жақсы%	Нәтижесі
Ер	3,31	12,30	6,43	52,06	25,90	100,00
Әйел	2,06	8,53	6,39	51,32	31,70	100,00
Жалпы	2,61	10,18	6,40	51,64	29,17	100,00

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Тілдік дағдылар бойынша оқушылардың үлгерім нәтижелерін талдау

Оқушылардың барлық тілдік дағдылары бойынша орташа деңгейдегі нәтижелері байқалады. Әсіресе, «жақсы» және «өте жақсы» деңгейлеріндегі нәтижелер басқаларына

қарағанда жоғары. Бұл оқушылардың тілдік дағдыларының жалпы алғанда қанағаттанарлық деңгейде екенін көрсетеді.

Жынысы бойынша тыңдалым/айтылым дағдысы бойынша ұлдар мен қыздар арасында «өте жақсы» және «орташа» деңгейде қыздардың үлесі басым болса, «жақсы», «төмен», «өте төмен» деңгейде ұлдардың үлесі басым. Оқылымда да дәл осындай көрсеткіш. Бұл қыздардың ақпаратты қабылдау және түсіну қабілеттерінің ұлдарға қарағанда жоғары екендігін көрсетеді. Ал жазылымда «өте жақсы» деңгейде қыздар ұлдардан 5,8 %-ке жоғары нәтиже көрсетуі ұлдардың жазылым дағдысына қатысты қабілеттерін дамыту қажеттігін байқатады. «Жақсы», «орташа» деңгейлерде нәтижелері бір-бірімен шамалас болуы осы деңгейдегі тапсырмаларды орындау үшін қажетті дағдылардың екі жыныстағы оқушыларда да шамамен бірдей дамығанын көрсетеді. «Төмен», «өте төмен» деңгейлер бойынша әдеттегідей ұлдардың үлесі қыздарға қарағанда басымдау. Берілген мәліметтер оқушылардың тілдік дағдыларының жақсы деңгейде екенін және ұлдар мен қыздар арасындағы тілдік дағдыларда айырмашылықтар бар екенін көрсетеді.

2-кесте. Бөлім бойынша – Тоқсандық – Сыртқы жиынтық бағалаулар арасындағы корреляция.

	Сыртқы жиынтық бағалау	Бөлім бойынша жиынтық бағалау	Тоқсандық жиынтық бағалау
Сыртқы жиынтық бағалау	1,0000	0,4566	0,4794
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	0,4566	1,0000	0,8088
Тоқсандық жиынтық бағалау	0,4794	0,8088	1,0000

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ), Тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) және Сыртқы жиынтық бағалау (ЖБ) арасындағы корреляцияның талдауы

Барлық үш бағалау түрі арасында оң корреляция байқалады. БЖБ мен ТЖБ арасындағы корреляция ең жоғары (0,8088) көрсеткішке ие. Бұл логикалық түрде дұрыс болып табылады, өйткені бұл екі бағалау түрі де оқушының білімін үнемі бақылауға бағытталған. ЖБ мен БЖБ мен ТЖБ арасындағы корреляция сәл төменірек (0,4566 және 0,4794). Бұл жиынтық бағалаудың оқушының білімін кеңірек бағалайтындығымен байланысты болуы мүмкін. Осы үш бағалау түрі арқылы алынған нәтижелер бір-бірін толықтырып, оқушының білім деңгейі туралы сенімді ақпарат беретіндігін білдіреді.



2-сурет. Бөлім бойынша жиынтық бағалау-тоқсандық жиынтық бағалау-сыртқы жиынтық бағалау арасындағы байланыс.

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау және сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерінің салыстырмалы талдауы

Мәліметтерде әрбір дағды бойынша кейбір айырмашылықтардың бар екені байқалады. Мысалы, тыңдалым/айтылым дағдылары бойынша БЖБ нәтижелерінің сәл жоғарылауы байқалады. Бұл БЖБ бағалауында тыңдалым және айтылым дағдыларына баса назар аударылғанымен байланысты болуы мүмкін. Оқылым дағдысы бойынша БЖБ мен ТЖБ нәтижелері бір-бірімен жуықтау, ал сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерінің төмендігі

байқалады. Жазылым дағдысы бойынша ТЖБ нәтижелерінің басқа бағалау түрлеріне қарағанда жоғары екендігі байқалады. Мұны жазылым жұмыстары тапсырмаларының сапасының әртүрлілігіне байланысты болуы мүмкін деп болжауға болады. Бағалау түрлеріндегі мұндай айырмашылықтар БЖБ және ТЖБ бағалау критерийлері мен тапсырма мазмұны оқушыларға таныс, сондықтан олар осы бағалау түрлерінде жақсы нәтиже көрсетуі ықтимал. Ал сыртқы жиынтық бағалау, әдетте, стандартталған және оқушыларға жаңа тапсырмалар мен сұрақтар ұсынады, бұл бағалаудың жоғары деңгейдегі күрделілігіне және бағалау процесіндегі өзгешеліктерге байланысты болуы ықтимал.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері бойынша, НЗМ-нің 12-сынып оқушыларының әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары мен тілдік дағдыларының деңгейі, оқу үлгерімдері туралы маңызды мәліметтер алынды. Жалпы алғанда, оқушылардың әдеби шығармаларды түсіну, талдау және бағалау дағдылары жақсы деңгейде дамығаны байқалды. Оқушыларда мәтінді түсіну мен негізгі идеяны анықтау дағдылары жоғары. Дегенмен, шығармашылық ойды жеткізу мен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларында белгілі бір кемшіліктер бар екені анықталды. Оқушылардың ойын креативті жеткізу, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларының төмен деңгейі оқыту процесіндегі кейбір кемшіліктерді көрсетеді. Бұл мәселені шешу үшін мұғалімдер мен оқушылар бірлесіп жұмыс істеуі керек.

Оқушылардың үлгерім деңгейін зерттеу арқылы олардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары арасындағы байланыс анықталды. Әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары неғұрлым жоғары болса, оқушылар әдебиетті оқуда жоғары білім деңгейін көрсете алады. Бұл оқушыларға адамның эмоциясын, ойын, тақырыбы мен идеясын, әртүрлі әдеби мәтіндерде берілген адамның маңызды өмірлік тәжірибесін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың автордың көзқарасын тану; жалпылау, болжам, гипотеза, теория және дәлелдер қалыптастыратын мәтінді бағалау; жеке философияны тану; сонымен қатар тарихты жеке өмірмен байланыстыруы олардың оқу үлгеріміне әсер ететінін, аталған дағдыларды меңгеруге қажеттілік бар екенін көрсетеді.

Оқушылардың күшті және әлсіз жақтарын анықтау, оларға қажетті қолдау көрсету және оқу бағдарламаларын жетілдіру арқылы, әдеби білім мен дағдыларды дамытуға ықпал етуге болады. Бұл оқушылардың жалпы білім деңгейін арттыруға және сыни тұрғыдан ойлайтын, шығармашылық қабілеттері жоғары жеке тұлғаларды тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ – NIS-Programme білім беру бағдарламасы, Астана, 2023. – 82 б. [Электронды ресурс]. – URL: https://www.nis.edu.kz/storage/files/01JSJ0AVR7P2Y52X34W1RDZ3WC.pdf

2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре». - 2013. – Т.1 – 384 б. [Электронды ресурс]. – URL: https://adebiportal.kz/kz/books/view/axmet-baitursynulynyn-alty-tomdyq-sygarmalar-zinagynyn-i-tomy__944

3. Seifert C. The case for reading fiction // Harvard Business Review. – 2020. – Т. 6. [Electronic resource]. – URL: https://hbr.org/2020/03/the-case-for-reading-fiction

4. Frankman H. The importance of reading fiction // *The Mission*. – 2017. [Electronic resource]. – URL: https://medium.com/the-mission/the-importance-of-reading-fiction-7f57546a229b

5. Al-Mahrooqi R. Intercultural Communication and the Negotiation of Local and Foreign Cultures in the EFL // *Bridging the gap between education and employment: English language instruction in EFL contexts.* Peter Lang AG. – 2015. [Electronic resource]. – URL: (PDF) Intercultural communication and the negotiation of local and foreign cultures in the EFL literature classroom

6. Жұмақаева Б. Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқулық. Алматы: Қазақ ұлттық қыздар университеті, 2015. - 242 б. [Электронды ресурс]. – URL: zhumakaeva_b_kazak_debietin_okytu_distemesi.pdf

7. Literary Appreciation: Definition, Elements, Approaches, Stages, Importance (May 31, 2022). [Electronic resource]. – URL: https://www.pawnerspaper.com/2022/05/literary-appreciation-what-is-literary.html

8. Haxhihyseni S. Using Literature through the Curriculum, as a Way to Increase Children's Potential // *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*. – 2013. – Т. 2. – №. 4. – С. 113-120. DOI: 10.5901/ajis.2012.v2n4p113

9. Courtney M. G. R. et al. Kazakh, Russian, and Uyghur child language literacy: The role of the updated curriculum on longitudinal growth trajectories in Kazakhstan // *Studies in Educational Evaluation*. – 2022. – Т. 75. – 101189. DOI: https://doi.org/10.1016/j.stueduc.2022.101189

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ – ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУДЫҢ БІР ТӘСІЛІ

Абілдаев Б.С.
№26 жалпы білім беретін мектеп мұғалімі,
Алматы, Қазақстан.

Білім – жеке адамның ғана емес, жалпы қоғамның өзгеруіне, дамуына ықпал ететін қуатты фактор. Сондықтан білім берудің жаңа технологияларын іздестіру өзекті мәселеге айналып отыр. Заманауи технологияларды пайдалану білім сапасын арттыруға, оқу үдерісін оңтайландыруға, жас ұрпақтың техникалық ақпараттық құралдармен жұмыс істеу мәдениетін арттыруға бағытталған. Қазіргі білім беру технологияларының бірі модульдік оқыту технологиясы. Модульдік оқыту – оқушылар модульдерден тұратын оқу бағдарламасымен жұмыс жасайтын педагогикалық технология. Модульдік оқыту өзінің идеялары мен ұйымдастыру формалары бойынша бағдарламаланған оқытуға өте жақын. Оқу модульдері мен сынақтарын компьютерлік оқыту ортасына оңай ауыстыруға болады. Модульдік оқыту оқу үдерісін дараландыруды, танымдық іс-әрекетті белсендіруді, жеке тұлғаның шығармашылық дамуы мен өзін-өзі көрсету жағдайын қамтамасыз етеді. Модульдік оқыту технологиясының мақсаты – «білім беру үдерісі субъектілерінің жеке қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке және дербес білім беру модульдері арқылы әртүрлі реттілікте, көлемде және қарқынмен білім беру бағдарламаларының мазмұнын толық меңгеру үшін жағдай жасау».

Модульдік оқытудың құрылымдық ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1) оқыту мазмұны толық дербес кешендерде (модульдерде) берілуі;

2) деңгейді таңдау мүмкіндігі;

3) оқушылардың жұмысының дербестігін арттыру;

4) мұғалімнің қызметі ақпараттық және кеңестік сипатқа ие болуы.

Модульдік оқыту технологиясы негізінде 9-сыныпқа арналған қазақ тілі пәнін (68 сағат, оның ішінде сабақтың ортасында және соңында екі бақылау жұмысы) толығымен әзірледік. Әрбір модуль келесі схема бойынша құрастырылды:

модуль атауы; 2) дидактикалық мақсатты интеграциялау; 3) оқушыларға арналған мақсатты іс-шаралар жоспары;

М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясының» маңызы орасан екені мәлім. Себебі аталмыш технология әдістері оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі өзгені де бағалай білуге үйретеді.Модульдің әрбір құрамдас элементтерін толығырақ қарастырайық. Әрбір модульдің атауы мемлекеттік білім стандарты негізінде әзірленген күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға сәйкес келеді. Кіріктірілген дидактикалық мақсат әрбір модульді оқу барысында оқушылар қол жеткізуі тиіс жалпы мақсатты көрсетеді (мысалы, оқушыларға құрмалас сөйлем және оның белгілері туралы түсінік беру; құрмалас сөйлемнің стильдік белгілері туралы түсінік беру; оқушыларды сабақтас құрмалас сөйлемге тыныс белгілерін қоюға үйрету).

Оқушыларға арналған мақсатты іс-әрекет жоспары интеграциялық дидактикалық мақсатты көрсетеді. Ол мақсаттардың үштұғырлылығы: білім беру, дамыту және тәрбиелеу мақсаттары (мысалы, оқушыларды күрделі сөйлемді белгілері бойынша анықтауға үйрету; күрделі сөйлемге түсінік беру қабілетін дамыту; қазақ тіліне қызығушылықты арттыру) қағидасын сақтай отырып құрылады. Білімдер мен дағдыларды қабылдау бақылауы бұрын оқытылған материалды игеру деңгейі және оқушылардың жұмысқа дайындық деңгейі туралы

ақпарат алу мақсатында жүзеге асырылады, ал қабылдау бақылауының болуы немесе болмауы өткізілетін сабақтың түріне байланысты анықталады.

Қорыта келгенде, бүгінгі таңда модульдік оқыту жүйесі білім беру үдерісінде танымал бола түсуде, бұл оның өзіндік ерекшеліктерімен (оқу процесін даралау, танымдық әрекетті белсендіру, жеке тұлғаның шығармашылық дамуы және өзін-өзі танытуы және т.б.), сондықтан оған тек жоғары оқу орындарында ғана емес, жалпы білім беретін мектептерде де көбірек көңіл бөлген жөн. Жоғарыда талдап өткеніміздей, қазақ тілі сабағында модульдық оқыту технологиясын қолдану оқушының білім деңгейін арттыруға көмектеседі деп ойлаймын.

Бала жүрегінің тебіренісі мен жан әлемінің ерекшелігін зерделеп, оған көп мән берген ұстаздан білім алған оқушылардың оқуға құштарығы қашанда таңдай қақтырарлық. Олай дейтін себебіміз, баланың жан дүниесіне тереңдей алған кезде, оның қабілеттері ашыла түседі, мұғалімге деген құрметі артады. Білімді құштарлықпен оқып, тек мақтан үшін, ұрыс естіп қалмау мақсатында ғана оқымайды. Білім берудің бұл ізгілендірілген нұсқасына мән берсек, есімізге еріксіз Ш.А. Амонашвилидің технологиясы түседі. Яғни, бұл ғалымның *«Білім берудегі ізгілендіру технологиясы»* баламен өз тілінде сөйлесуге, олардың өз пікірін ашық жеткізе білуге, қарым-қатынастың демократияландырылған сипатына әкеледі. Бұл технология оқушының адамгершілік қасиеттерінің дамуына, отбасына, қоғамға деген ізгі қарым-қатынасының тууына ықпал етеді. Осындай қасиеттері қалыптасқан оқушының ертеңі жарқын, болашағы де кемел болары сөзсіз.

Сабақ барысында оқушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу , сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу – әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Өйткені, оқуышыларды терең әрі жинақты біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін, қызығушылық талғамын дамыту, өз бетінше білімін толықтандыруға дағдыландыру сияқты күрделі жұмыстар сабақ барысында қалыптасады. Бұл әрбір мұғалімді ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденсістерге жетелейді.

Кез келген оқу әрекеті көптеген оқу процестерінен тұрады. Оқыту нәтижесі мұғалімнің біліміне және оқушының оқу процесіне қалай қатыса алатынын және алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдана алатынын түсінуіне байланысты. Оқу процесі қайта-қайта қайталанады. Бұл теориялық білім мен практикалық дағдыларды қайталауға және бекітуге негіз болады. Оқытудың жеке формалары мен әдістері жүйелі педагогикалық технологиялармен алмастырылуда. Педагогикалық технологиялар әр мұғалімнің әрбір оқушының білім беру мүмкіндіктерін зерделеу негізінде жеке жағдайларды дамытуға және осы негізде адекватты педагогикалық және әдістемелік қамтамасыз етуді енгізу арқылы оқу-тәрбиелік іс-әрекетті белсендіруге бағытталған педагог пен студенттер арасындағы адамгершілік педагогикалық қарым-қатынастар жүйесін құруға бағытталуы керек.

Аталған білім мен дағдылар арнайы мазмұндағы әдістемелік тәсілдердің көмегімен қалыптасады, оның ішінде: гуманизм: балаларға деген сүйіспеншілік өнері, балалар бақыты, таңдау еркіндігі, оқу қуанышы, жеке көзқарас Ш.А.Амонашвилидің технологиясында баланың іс-әрекетін бағалау ерекше орын алады. Білім берудің аталған ізгілендіру технологиясындағы негізгі мұғалімнің заңдылықтары: баланы сүю, баланы түсіну, балаға оптимистік көзқараспен қарау. Қағидалары бойынша мұғалім баланы қоршаған ортағаізгілендіру, баланың жеке басына құрметпен қарау, баланың даму процесінде шыдамдылық таныту. Білім берудің ізгілендіру технологиясы педагогикада жеке тұлғаны оның рухани-адамгершілік мүмкіндіктерін дамыту арқылы тәрбиелеуді бірінші орынға қояды, баланың бойындағы тектілік қасиеттер мен қасиеттерді ашуға және жасауға жағдай жасайды. «Ш.А.Амоношвилидің өмір мектебінде» жүзеге асырылған гуманистік және тұлғалық педагогика адам болмысының нақты шарттарына сүйене отырып, пәндік оқытуды, сыныптық-сабақ жүйесін жоққа шығармайды, керісінше, тәрбиелік іс-әрекетті «Руханият пен білім нұрымен» байытуға, сабақты «Балалар өміріне» айналдыруға ұмтылады.

Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру

оқытушының зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген тұлғалық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Педагогтің білім беру үдерісінде инновациялық ехнологияның негізінде жобалап оқыту оқушылардың жобалары арқылы жүзеге асырылады, егер педагог оқушылардың жобаларын тиімді ұйымдастырып, олар өнімді және нәтижелі болған жағдайда педагогтің білім беру (оқыту) жобасы өз мақсатын орындайды.

Бұл жерде оқушылар жобасының өнімі – шартты ұғым, ол оқушының белгілі бір білімділік, дағдылық, құзіреттілік, құндылықтық, т.б. сапалары болып табылады. Оқушылардың жобасын ұйымдастыруда педаог осы сапалардың белгілі бір сипатын мақсат ретінде алады.

Оқушылардың жобалау әрекеті қатаң реттелмейтін, көбіне олардың еркіндігін дамытуға бағытталғандықтан педагогтың жобалау іс-әрекеттеріне де еркіндік, өзгермелілік, тән болады. Түрлі жағдайларға байланысты педагог көптеген өзгерістер ендіруі, ситуациялардан шығудың тиімді жолдарын анықтауы қажет болып отырады. Олардың барлығы да оқушылар жобасының, сонымен қатар, педагогикалық жобаның табыспен жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді [1,193].

Дәстүрлі оқыту кезеңінде мұғалім сабақ барысында тақырыпты басынан соңына дейін түсіндіріп беретін болса, жаңа инновациялық технология бойынша және жобалау әрекеті бойынша сабақ барысында мұғалім тақырыпты толықтай баяндамайды, тақырыпты оқушылардың өздері түсінуіне ыңғайлы жағдай туғызады. Оқушылар жобалау әрекетінде өз бетінше болашаққа мақсат-міндет қоя алады, яғни оқушыларда жауапкершілік сезімі дами түседі. Педагогикалық үдерісте өз бетінше алға мақсат қою, міндеттерін айқындау, нәтижелікті бағалау жобалау әрекетіндегі оқушының субьективтілігін танытады. Жобалау әрекеті бойынша нәтижесі анық танылуы керек, нәтиженің орындалуының да уақыты белгіленіп отырғаны дұрыс, әрбір жобалау әрекетінің мониторингі жасалынып, орындалу мерзімі айқындалуы керек. Жобалау барысында барлық істелетен әрекеттер бір уақытта жасалу керек деген қате түсінік орын алмауын қадағалап, әрбір іс-әрекеттің жүйелі орындалуын қарастыру керек[2,72].

Білімді толық меңгеру оны жобалап оқыту тәсілінде қолдануды қажет етеді [3, 156]. Білім және дағдының сапасы мен нәтижесінің көрсеткіші жобалап оқыту технологиясында. Егер оқушы білімді жобалау нәтижесінде қолдана алмаса, бұл оның білімді үстірт қабылдағандығынан, жете түсінбегендігінен болады. Білімді оқу үдерісінде қоланудың екі түрі жиі кездеседі. Бірінші – білімді жаңа материалды ұғыну үстінде қолдану, екіншісі – жаңа оқу міндеттерін шешу үстінде қолдану. Бұл кезде оқушы бұрын алған білімін жаңа мәселелерді шешуге байланыстырып, өздігінен әрекет жасай алады. Білім мен дағды оқыту процесінде түрлі практикалық және лабораториялық жұмыстарда кеңінен қолданылады. Мұндай жағдайда оқуышылар өздігінен бақылау, тәжірибе жасау, іздену әрекеттеріне негізделген жұмыстарды.

Қорыта айтқанда, оқыту үдеріснде инновациялық білім беру негізінде жобалау әрекетін пайдаланудың маңызы орасан зор. Білім алуышының еркін көзқараста дамуына, өз ойын ашық білдіруіне мүмкіндік береді. Тек оқытушының ғана ұсынған дайын білімін алмай өз бетінше жобасын құра отырып, білім көздерін іздену аталған әрекеттің маңызды қырлары саналады. Білім алушылардың бойындағы дарынын аша отырып, шығармашыл, ізденімпаз, креативті, еңбекқор болуға дағдыландырады деген ойдамыз. Өзінің қалауымен, қызығушылығымен ізденген білім қай заманда да өз көкейкестілігін жоймақ емес.

Жаңа білім беру жүйесі, педагогикалық әдістер теориясы күннен күнге өзгеріске еніп, түрлену үстінде. Оны күнделікті тәжірибемізде куә болып та жүрміз. Жаңа бағдарламалар мазмұны педагогтардің өз бойында жаңа икемділік дағдылар қалыптастыру, өзіндік көзқарастардың болуын, заман талабына сай педагогикалық құзыреттілігі қалыптасқан мұғалім болуын талап етуде. Кәсіби құзыретті мұғалім – кез келген тығырықтан шығып, күрмеулі мәселенің мәнісін тауып, сабақтың сапалы болуына оңтайлы қызмет атқара алады.

Әрбір оқушының талант деңгейін танып, оған дұрыс бағыт-бағдар бере алады. Өздік жұмыс алған білім мен дағдылық әрекеттерді тәжірибеде тиімді, орынды қолдануға дайын, еңбек ұжымындағы бірлескен әрекеттің өзіндік рөлін білуге, қоғам алдындағы үлкен жауапкершілікті сезіне білуге дағдыландырады.

Өздік жұмыс барысында сабақтан жаңа ой қорыту, оны бекіту, практикада қолдану, білім, білік, дағдыларды қайталау жұмыс сапасын арттыра түседі. Соңғы жылдары оқушы обьект сатысынан шығып, субьект деген сатыға көтеріген соң өздік жұмыс істеудің маңыздығы да арта түсті. Яғни, субьект деп алып отырғанымыз, әрбір оқушы жеке тұлға, өзіндік пікірі бар индивид ретінде қарастырылады. Сонымен қатар барлық сыныппен бірдей жұмыс емес, оның дарынына, ақыл-ойлау қабілетіне сай өзіне ғана жүктелген жұмыстар тапсыру белең алды. Бұл өз кезегінде оқушының жеке көзқарасын танытып, оның дербес әрекетін қалыптастырып, шығармашылыққа баулуын қамтамасыз етеді. Өздік жұмыс жасау білім алушы мен мұғалімнің ынтымақтастық педагогикасын танытады. Ынтымақтасқан жүйе ғана өздік жұмыстың нәтижелі болуына апарар төте жол саналады. Оқушы мен мұғалім біріге отырып, ізгілікке құрылған қатынаста өзінің жеке ойын ашық жеткізіп, тапсырманы орындау мүмкіндігін айта алуына, өзіне қандай көмек керек екенін жеткізе алуына көмектеседі.

Қазақ педагогикасының атасы Ж. Аймауытовтың келесідей пікіріне зер салсақ: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер». Демек, сабақ барысында өздік жұмыс жаңа нәрсені үйрену, оны іске асыру болып шығады екен. Бүгінгі педагогикадағы озық идеялар күннен күнге дамып, білім беру технологияларына түрлі өзгерістер еніп жатқандықтан өздік жұмыс жасау замана көшінде ілгері жылжуға бірден бір көмектесетін құрал болып табылады. Өмірдің түрлі қиындықтарында да өзіндік шешім қабылдайтын сәттер болатындықтан, педагогтің да өз бетінше жұмыс істей білуі тиіс. Сол себептен де өздік жұмыспен айналысу барысында күтілетін келесідей нәтижелерге мән бере өтсек: Шығармашылық деңгейде, зерттеушілік іс-әрекетте маңызы бар мәселелерді қарастыра алу қабілеті оянады; Өздік жұмыс барысында күтілетін нәтижелердің танымдық, тәжірибелік маңыздылығын анық сезіне алады; Өзінің әрі білім алушылардың өздік іс-әрекетін басқарып, оны тиімді ұйымдастыра алады; Зерттеу әдістерін оңтайлы қолданып, нақты бір нәтижеге қол жеткізе алады; Оқушының қызығушылық ынтасын дамыту, өздік жұмыс барысында өз білмдерін шыңдау, ақпараттық-технологиялық танымын қалыптастыру жән сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы білім алушыны әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық орталарда өзін-өзі жақсы қырынан танытуына жол ашады. Қазіргі мұғалім әрбір сабаққа тиянақты қарап, сабақ тақырыбына, сыныптың ерекшелігіне байланысты өздік жұмыстарды зерделеп, оқыту үдерісінің әр түрлі тәсілдері мен формаларын таңдай білуі қажет. Онымен қатар шәкірттерді өздік жұмысқа қалыптастыру, олардың ізденісін ұйымдастыру және кейбір мәліметтерді кең көлемде ұсынып, тәрбиелік нәтижеге жету мақсатында оқыту формаларын таңдай білуі қажет.

Қорыта келгенде, қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқыту технологияларын пайдалану оқушылардың білім деңгейін көтереді деп ойлаймыз. Оқытудың аспектісінде мұғалімнің сараптай алу, бақылай алу икемдерін қалыптастырып, сыныппен өз бетінше сабақ өткізуде, оқушылардың іс-әрекетін бағдарлауда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білуі, өзінің бойында қылыптасқан педагогикалық және коммуникативтік құзіреттілігі, ұйымдастырушылық қабілетін дамыта түседі. Негізінде оқу барысы кезеңін активті және пассивті деп екіге бөліп қарастыратын болсақ, соның активті кезеңінде ашық сабақтар өткізіп, байқау сабақтарынан сүрінбей өте білуі керек. Сол үшін пассивті кезеңде барлық оқу бағдарламаларымен танысып, сабақ жоспарларын реттеп, өз бетінше ұйымластыру шараларын жүргізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтанасова Қ.М., Айтуғанова С.Ш. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Астана: Фоллиант, 2008. – 160б.

2. Жұмажанова Т. Әдебиеттен кластан жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы, 1995.

3. Ж.Р.Баширова. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру. Алматы, 2003, - 129 бет.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. Алматы: Мектеп, 2003. – 336б
5. Жанпейісова М.М. Молуьдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2002.
6. Қараев Ж.А. Оқытудың жаңа технологиясының мәні//Информатика, Физика, Математика. – 1994. - №2
7. Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. Алматы: «Республикалық баспа кабинеті», 1993.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Адилбекова Ж.С.
№72 мектеп лицейі мұғалімі, ғылым магистрі, педагог-шебер,
Астана, Қазақстан.

Қазақстан республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау деп көрсетілген» [1.]. Осыған орай қазіргі білім беру жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуына, оның ішкі дүниесін байытуға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған.

Шетелдік ғалымдардың пікірінше, құндылыққа негізделген білім беру тәсілі оқушылардың әлеуметтік-эмоциялық жай-күйіне ғана емес, оқу үлгеріміне де оң әсер ететінін айтады. Әлемде құндылық тұрғысынан оқыту бойынша Финляндия өз тәжірибесін басқа елдермен бөлісуде. Ұлттық негізгі оқу бағдарламасына негізделген жергілікті оқу бағдарламалары мен жылдық жоспарларды жасайды. Оқушылардың қажеттіліктері, жергілікті ерекшеліктер, сондай-ақ өзін-өзі бағалау және дамыту бойынша жұмыс нәтижелері ескерілген [2].

Бүгінде құндылық бағдар мәселесінің әртүрлі аспектілерін: жеке тұлғаның құндылық бағдарының бірқатар теориялық-практикалық негізі жайлы Нұргалиева Г. Қ., Багаева И.Д., Васильев З. И., педагогтік сынып оқушыларының болашақ кәсіптік іс-әрекетіне құндылық қатынасын қалыптастыру мәселесін Кикина Н.И. сынды Қазақстан ғалымдары зерттеген.

Біздің егеменді еліміздің дамуына негіз болатын бір-ақ нәрсе – білімді, бәсекеге қабілетті, дербес, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Осыдан оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру қажеттілігі туындады. ЭЫДҰ елдерінің негізгі орта білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларына енгізілген 39 құндылықтың: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу сынды алтауы Қазақстандық білім беру бағдарламасына енгізілді [3].

М. Жұмабаевтың: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген ұлағатты сөзін бағдаршам етіп алатын болсақ, ұстаздар қауымының басты міндеті – академиялық білім беріп қана қоймай, оқушылардың бойында әртүрлі өмір жағдайына тез бейімделген, ұлттық құндылықтардың бойына сіңірген тұлға тәрбиелеу.

Бұл міндеттерді жүзеге асыруда тіл мен әдебиетті оқыту айырықша орын алады. Әдебиет – тек көркем шығарманы талдау емес, сонымен қатар адамгершілік, патриоттық, эстетикалық тәрбиенің маңызды құралы. Сондықтан тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – уақыт талабы. Себебі қазіргі білім беру жүйесі тұлғаға пәндік білім берумен шектелмей, оқушының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды көздейді. Құндылық бағдарлы оқыту – көзделген мақсатты іске асырудың тиімді тәсілі. Оқыту барысында бұл үрдіс түрлі әдістер арқылы жүзеге асатындықтан, педагог мамандардан жоғары кәсібилікті талап ететіні сөзсіз.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда құндылықтық бағытты қалай жүзеге асыруға болады?

Біріншіден, оқушы бойына құндылықтарды қалыптастыруда көркем шығарманың алатын орны ерекше. Әдеби мәтінді талдау негізінде моральдік-этикалық мәселелерді қозғау, кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашу арқылы оқушының эмпатиясы, сыни ойлауы дамиды. «Құндылық бағдарлы оқыту – білім мазмұны арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік, ұлттық, мәдени, әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған оқыту түрі. Бұл оқытуда басты назар оқушының жеке тұлға ретіндегі қалыптасуына аударылады» [4, 45-б.].

Көркем шығарма – оқушыларға дұрыс моральдық үлгі көрсетудің тиімді құралы. Көркем шығарма мазмұны балалардың ойлау жүйесіне еніп, олардың сана-сезімін, түсінігін қалыптастырады. Әдеби шығармалар арқылы бала әртүрлі адамдардың іс-әрекеттерін бақылап, өз әрекеттерінің дұрыс-бұрыстығын түсінеді. Басты кейіпкердің қиын жағдайларда көрсеткен адамгершілік қасиеттері, қиындықтарды жеңу жолындағы табандылығы мен батылдығы балаға үлкен тәрбие береді. «Мұғалімдер көркем мәтін талдауда кейіпкердің іс-әрекеті, мінезі арқылы оқушылармен құндылықтар туралы пікірлеседі» [5, 36-б.]. Мысалы, 5-сыныпта «Керқұла атты Кендебай» ертегісі арқылы қомқорлық, ел қорғау, батылдық, уәдесінде тұра білу, адамшылық, адалдық сынды құндылықтар зерделенеді.

Озық педагогикалық тәжірибелер көрсеткендей, тіл мен әдебиетті оқыту барысында кейіпкер бейнесі арқылы құндылықты талдау, әдеби эссе жазу, пәндерді кіріктіре оқыту сияқты әдістер білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, тұлғалық дамуын арттырады. Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – ұлт болашағы болатын жас ұрпақтың тәрбиесіне салынған маңызды рухани негіз. Бұл бағытта жұмыс істейтін әрбір ұстаз оқыту мен тәрбиелеуді ұштастыра отырып, оқушының азаматтық, мәдени, адами болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ұстаздар тәжірибесіндегі озық үлгілердің бірі – «әдеби эссе» әдісі. Бұл әдіс арқылы оқушылар өз ойларын, көзқарастарын жазбаша білдіреді. Эссе арқылы олар белгілі бір құндылыққа қатысты пікірін дәлелдейді, оқушының сыни ойлауы мен рухани дамуы қатар қалыптасады.

Құндылық бағдарлы оқытуда интеграцияланған оқытудың да мәні зор. Тіл мен әдебиетті басқа пәндермен байланыстыру – оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, құндылықтарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, кез келген тарихи немесе көркем шығарманы кеңістік және уақыт тұрғысынан талдап: оқиға болған кезең, оқиға өткен орын, тарихи тұлғалар тағдыры жайлы кең көлемде тарихи мағлұмат берілген жағдайда оқушының көркем шығарманы түсінуі де терең болары сөзсіз. Осылайша, әдебиет пен тарих пәнін байланыстыру арқылы тарихи тұлғалар мен оқиғалар негізінде патриоттық және азаматтық тәрбие қалыптасады.

Әдебиетті құндылық бағдарлы оқытуда озық тәжірибелердің бірі – оқушы бойына тұрақты түрде көркем шығарма оқуды әдетке айналдыру. Оқыған шығармасы туралы сыныппен ой бөлісу, мұғаліммен сырласу, пікіралмасу, іздену бағытында ұйымдастырылған практикалық тапсырмалар – рухани құндылығы қалыптасқан, айналасына саналы көзбен қарайтын, ойы терең, шығармашыл тұлға қалыптастырудың негізгі жолы.

Ал қазақ тілі сабақтарында:

тақырып таңдау кезінде ұлттық, тәрбиелік мәні бар: қазақтың салт-дәстүрі, ұлттық тағамы, тарихи тұлғалары туралы контенттерді енгізу;

сөйлеу мәдениетін дамытуда – көпшілік алдында сөйлеу, пікірталас мәдениеті, шешендік өнер элементтерін пайдалану, мақал-мәтел, қанатты сөздер құрастыру;

мәтінмен жұмыс – сөздің астарлы мағынасын табу, тілдік нормаларды сақтау арқылы этикет, құрмет, жауапкершілік секілді құндылықтарды қалыптастыру;

авторлық бағдарламалар, инновациялық тәсілдер (жобалық жұмыс, дебат, сторителлинг);

«тірек сызбалар», «INSERT», «RAFT», «Кубизм», «Ойлан – Жұптас – Бөліс» сияқты сын тұрғысынан ойлау стратегияларын қолдану;

ЖИ және электронды платформалар арқылы тілді интербелсенді оқыту;

логикалық ойын дамытатын тапсырмалар: сөзжұмбақ, ребус, жұмбақ шешу,

мәтін өңдеу, берілген мәтіннен диалог, шешендік сөз құрау;

өлең мазмұнын қара сөзбен жазу жұмыстарын орындату.

Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – жас ұрпақтың тұлғалық, рухани дамуына жол ашатын маңызды бағыт. Бұл бағыт әр сабақта жүйелі жүзеге асса, оқушы тек білім алушы ғана емес, ұлттың ертеңі болатын, өз пікірін айта алатын, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, қазіргі қоғамға қажет парасатты, жауапты, ұлттық сана-сезімі биік жас ұрпақ болып тәрбиеленеді. М.Әуезов: «Ұлт болғымыз келсе, ұлттық бет-бейнемізді сақтағымыз келсе, онда осы бастан ұрпағымыздың қамын ойлайық. Соның жайын ойлайық. Солардың күні ертең кім болып өсерін таразылап көрелік. Жақсы, ақылды ұрпақ қалдырсақ, ұлттың да көсегесі көгеретіні айдай ақиқат» [6, 112-б.] деген екен. Ендеше, педагогтер қауымына артылатын жүк те ауыр. Болашақ ұрпақтың елдік рухы мықты болсын десек, озық тәжірибелерді қолдана отырып, білім беру үрдісін жаңғыртуымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 1999 ж.
2. Finnish National Board of Education, 2016 ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2019 ж.
4. Сейтембетова Қ. «Құндылық бағдарлы оқытудың педагогикалық негіздері. ҚР БҒМ ғылыми журналы, №3, 2020
5. Нұрғалиева Г. Қ. «Әдеби кейіпкерлер арқылы адамгершілік тәрбиесі». Білім беру кеңістігі, №2, 2021
6. Тайжанов А. «М.Әуезов шығармаларындағы дүниетаным өзектері». – Алматы, 1985 ж. 120 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА КОРПУС ДЕРЕКТЕРІН ҚОЛДАНУ

Н.Н. Аитова[1], А. Шәмішева[2]

[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан; *[2]Zhejiang university докторанты, Хаңжоу, ҚХР.*

Қазіргі цифрлық әрі жаһандану дәуірде білім беру жүйесінің басты ұстанымдарының бірі — құндылық бағдарлы оқыту. Бұл тәсілдің негізінде жеке тұлғаның рухани, мәдени, адамгершілік және ұлттық құндылықтарды игеруі арқылы тілдік және әлеуметтік дамуы жатыр. Тіл арқылы құндылықтарды жеткізу мен меңгерту білім беру мазмұнының өзегіне айналып отыр.

Қазақ тілін оқытудағы басты мақсаттардың бірі – тіл үйренушінің ұлттық дүниетанымын қалыптастыру, мәдени сәйкестігін нығайту, тіл мен рухани құндылықтың байланысын сезіндіру. Осы мақсатта оқыту мазмұнына енгізілетін тілдік бірліктер мен мәтіндер шынайы, өмірлік және мәдени контекске негізделуі тиіс.

Соңғы онжылдықта тіл білімі мен педагогика саласында корпустық лингвистика әдістері білім берудің инновациялық бағыттарының біріне айналды. Лингвистикалық корпус — бұл белгілі бір тілдің әртүрлі стилі мен жанрлардағы жазба және ауызша мәтіндерінің электрондық базасы, ол зерттеу мен оқытуда нақты дереккөз ретінде пайдаланылады.

Дәстүрлі қолданылып жүрген оқыту ресурстарына қарағанда корпустар тіл үйретушілер мен үйренушілерге әлдеқайда көбірек ақпарат ұсынады. Олар деректерге негізделген оқытуда (Data-Driven Learning, DDL) анықтамалық ресурс ретінде қолданыла алады – яғни оқушылардың өздері тікелей немесе мұғалімнің көмегімен, не болмаса корпусқа негізделген дайын оқу материалдарын пайдалану арқылы жанама түрде пайдалану мүмкіндігі бар.

Корпус зерттеулерінің пайдалы жақтарына келсек, біріншіден, тілдік деректері әрдайым өзекті, екіншіден, шынайы. Қазіргі отандық зерттеулер корпусқа негізделген оқытуды одан әрі дамытып, қолдануға ыңғайлы құралдар мен дайын материалдарға көбірек назар аудартса, көп нәрсе ұтуға болады. Зерттеу нәтижелері корпусқа сүйенген оқытудың ана тілінде ғана емес, басқа тілдерде де сөйлеуі мен жазу дағдысына оң әсер ететіні шетелдік зерттеушілер

еңбектерінде айтылып жүр. Соңғы кездері корпус зерттеулеріне қызығушылықтың артып келе жатқаны байқалады. Алайда оның кең таралмауына маңызды кедергілердің бірі – тіл үйретушілердің тіл мамандарының корпус зерттеулерін жеткілікті деңгейде қолданбауы.

Болашақта басты басымдық ретінде корпус зерттеулерін анықтамалық ресурс ретінде стандарттау мәселесі қойылуы керек, бұл олардың кең аудиторияға қолжетімділігін және тиімділігін арттырар еді. Отандық «Қазақ тілінің ұлттық корпусы», «А. Байтұрсынұлының қазақша-орысша параллель корпусы», «Тіл-Қазына корпусы», «Фольклорлық мәтіндер корпусы» сияқты жобалар қазақ тілінің нақты қолданысын жүйелеуге мүмкіндік берді. Бұл ресурстар арқылы тілдің семантикалық, прагматикалық және мәдени қабаттарын сандық және сапалық тұрғыдан талдауға мүмкіндік бар. Қазақ тілін оқыту үдерісінде осындай корпус деректерін пайдалану арқылы құндылығы жоғары мазмұнды іріктеу, яғни оқыту мәтіндерінен ұлттық, рухани және адамгершілік құндылықтарды бейнелейтін тілдік материалды таңдап алу, білім сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Мақаланың мақсаты — қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда корпус деректерін қолданудың теориялық және әдістемелік негіздерін талдау, сондай-ақ тәжірибелік тұрғыдан оның тиімділігін көрсету.

Құндылыққа бағдарланған оқыту – білім алушы тұлғаның адамгершілік, мәдени және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын саналы түрде меңгеруін, оларды өзінің мінез-құлқы мен шешімдер жүйесіне енгізуін мақсат ететін педагогикалық тұжырымдама. Бұл модель білім беруді тек білім мен дағды беретін процесс ретінде емес, рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелденген азамат қалыптастыру үдерісі ретінде қарастырады.

“Құндылық бағдарлы оқыту” ұғымын білім философиясы тұрғысынан В.А. Сластенин, И. Зязюн, ал отандық педагогикада С. Ұзақбаева, Ә. Табылдиев, Ш.Қапантайқызы сияқты ғалымдар зерттеген. Олардың еңбектерінде білім берудің басты мақсаты тек білім беру емес, құндылықтық сана қалыптастыру екені атап көрсетіледі.

В.А. Сластенин құндылықтық-бағдарлы тәрбиені тұлғаның әлеуметтік және рухани тәжірибесін мақсатты түрде қалыптастыру үдерісі ретінде сипаттайды; яғни тәрбие – бұл құндылықтарды меңгертуге бағытталған мәдени трансляция [1].

“Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы” (әл-Фараби) дегенді мойындайтын, қалай болғанда да қазақ тілінің табиғи философиялық мазмұнын ішінен терең танитын зерделі лингвист-педагог оны өз шәкірттерінің бойына дарытуға, тілдің шынайы мәнін түсіндіруге енжар бола алмауы керек. И. Зязюн құндылыққа бағдарланған білім беруді тұлғаның рухани-адамгершілік кемелденуіне, мәдени тұрғыдан өзін-өзі анықтауына және әлеуметтік жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасуына бағытталған процесс ретінде қарастырады [2].

Қазақ тілін оқытуда бұл бағытты дамыту А. Байтұрсынұлының, Қ. Жұбановтың және Р. Сыздықтың еңбектерінде де көрініс тапқан болатын. А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінде тілдің рухани және тәрбиелік қызметін ерекше атап өтсе [3], Р. Сыздық сөз мәдениеті мен ұлттық мінез-құлық сабақтастығын сөз құдіретін арқылы танытады [4]. Ұзақбаева ұлттық тәрбие арқылы болашақ тұлғаның ұлттық сана-сезімін, рухани-адамгершілік келбетін, мәдени жауапкершілігін қалыптастыруды негізгі міндет ретінде көрсетеді [5], ал Ә. Табылдиев ұлттық тәрбиені халықтың жинақталған адамгершілік тәжірибесін, салт-дәстүр мен рухани құндылықтарын жас ұрпақтың санасына дарытуға бағытталған жүйе түрінде сипаттайды[6].

Ш. Қапантайқызы ұлттық тәрбие, құндылықтарды білім беру мазмұнына енгізу, әсіресе, «тіл арқылы ұлттық тәрбие беру» ілімін болашақ педагогтарды даярлау бағдарламасына енгізу қажеттілігін ұсынып жүрген авторлар қатарында. Бұл бағытта «тіл арқылы берілетін ұлттық тәрбие» болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына аксиологиялық өлшем енгізетіндігіне қатысты ой айтады: яғни, басқаша айтқанда, мұғалім тек тіл мен мазмұнды емес, сонымен қатар құндылықтық өлшемді жеткізуші тұлға болуы керек. Ғалым Ш. Қапантайқызы өз зерттеулерінде құндылыққа бағдарланған оқытуды болашақ педагогтың

кәсіби даярлығына енгізуді, яғни ұлттық сана, мәдени жауапкершілік және адамгершілік құндылықтарды оқыту мазмұнының өзегіне айналдыруды қажет деп санайды [7].

Сөйтіп, құндылыққа бағдарланған тілдік білім тек коммуникативтік құзыреттілікті емес, мәдениетаралық құзыреттілік пен ұлттық болмысты сезіну қабілетін қалыптастыруға бағытталады.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда тілдік корпус деректерін пайдалану – педагогикалық-аксиологиялық және лингвистикалық-технологиялық бағыттарды біріктіретін кешенді әдістеме.

Біз бұл зерттеуде отандық корпус базалары деректерін пайдаландық. Бұл ресурстардағы мәтіндер морфологиялық және семантикалық белгіленімдермен аннотацияланған. Зерттеу барысында *«ар», «намыс», «сабыр», «мейірім», «жомарттық», «ата-ана», «еңбек», «ел», «Отан»* сияқты ұлттық құндылықтарды білдіретін лексемалар жиілігі мен контекстік қолданысы анықталды. KWIC (Keyword-in-Context) әдісі арқылы лексемалардың мағыналық өрісі мен прагматикалық қолданысы талданды [8].

Корпус нәтижелері педагогикалық-аксиологиялық тұрғыдан түсіндіріліп, құндылық ұғымдарының мәдени-танымдық мазмұны анықталды. Бұл әдіс Зязюн (2001) ұсынған «тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы» [2] және Ұзақбаева (2010) сипаттаған «ұлттық тәрбиенің мәдени кодын жеткізу» идеяларымен сабақтасады [5].

Корпус талдауы қазақ тіліндегі құндылықтық концептілердің мазмұндық және прагматикалық табиғатын ашады. Мысалы, *«ар», "намыс"* сөздері мақал-мәтел, публицистикалық және көркем мәтіндерде жиі кездесіп, моральдық жауапкершілік пен ұят мәдениетінің көрінісін білдіреді: *Ар: «Ердің құны жүз жылқы, ары мың жылқы», "Жігіт арының құлы, Жаман малының құлы",*
"Тәнім жанымның садағасы, Жаным арымның садағасы" (Халық мақалы),
"Мал үшін таласпа, Ар үшін талас",
"Малсызға малға балап, ұйқы берер, Арсызға арға балап, күлкі берер",
"Қанша тұлпар десе де, Мініп болмас жалсызды. .
Қанша білгіш десе де, Халық сүймес арсызды" ("Бабалар сөзі");

Корпус базасында "ар" сөзі



графика. "Ар" сөзінің "Тіл-Қазына" корпусында қолдану жиілігі [9]

Бұл тілдік құрылымдар корпус контексінде жиі қайталанатындықтан, оны оқыту мазмұнына енгізу тұлғаның этикалық-құндылықтық түсінігін дамытуға ықпал етеді.

«Намыс» концептісі көбіне ұлт, ерлік, азаматтық борыш ұғымдарымен қатар қолданылған. Корпуста оның жиі кездесетін тіркестері: «ел намысы», «ер намысы» — бұлар мәдени және әлеуметтік құндылықтардың өзегін құрайды: *Қоянды қамыс өлтірер, Ерді намыс өлтірер", "Бөріктінің намысы бір", "Ер намысының құлы","Шөлдің қамысы болмайды, Жаманның намысы болмайды", "Намыссыз езден Иесін қорғайтын ит артық".*

Фольклорлық мәтіндер ішінде 40 мәтіндік корпус базасы дерегі қолданылды. Онда "ар" сөзі 11 рет кезігеді, бірақ ешбір мәнмәтінде "ар-намыс" мағынасында қолданылмаған, ал "намыс" сөзі сөзформалық түрленімде 2 рет қолданылған, бірақ мәтін/сөйлем семантикасы

имплицитті түрде ар, адамгершілік мәнінде жұмсағанын, байқадық. Мұның өзі тіл табиғатына және тілді балалар таным, қабілетіне сай құруда халықтың баланы тұлға ретінде өсіруге ықпал ететін жекелеген биік тілдік категорияларды бейсана дамытуды көздейтіндігі деп тұжырымдаймыз. Мұндай тұспалды интенция, терең имплициттілік қазақтың тілдік тұжырымдамалары іспетті тұрақты құрылымдар, мақал-мәтелдер бойынан да көрініп отыратындығымен дәйектер едік.

Демек корпус базасын, мәселен фольклорлық мәтіндер базасының өзін құндылық бағдарлы білім беруде бірнеше жағдайда қолдануға мүмкіндік бар: біріншіден, балаға оқу материалы ретінде; екіншіден, баланың ізденімпаздығын дамыту мақсатында (мысалы, корпус базасындағы кейіпкерлірді іздеп, оның қандай мінез-құлқы немен ассоциацияланатынын, т.с.с. өз бетімен зерттеу жасату, қай жанрда қандай ұғымдар, тіркестер, немесе сөздер кезігетінін сандық, сапалық талдау). Үшіншіден, мұғалімнің өзі үшін (зерттеу, тапсырмалар құру, т.б.) де деректік база ретінде, бірліктерді бастауыш және негізгі деңгейде құндылыққа бағдарланған оқу материалдары ретінде пайдалануға мүмкіндік бар.

Корпус деректері арқылы оқыту мазмұнын талдау нәтижелері бойынша іріктеудің үлгісі қалыптастырылды. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей үш сатылы модель ұсынылады:

- Құндылықтық концептілерін анықтау. Корпустан жиілік және контекст бойынша құндылық мәні бар лексемалар мен фразеологизмдер таңдалады. Мысалы: «адалдық», «жомарттық», «сабырлық», «махаббат», «ата-ана», «еңбек», «достық».

- Контекстуалдық талдау және педагогикалық тәпсірлеу. Әрбір бірліктің қолданылу контексі анықталып, сол контекст негізінде мәдени-аксиологиялық түсініктеме беруге болады.

Мысалы: *«жомарт»* сөзі тек «байлығын/барын бөлісуші» емес, қазақ мәдениетінде «рухани кеңдік», «адамгершілік жомарттық» мәнінде де қолданылады.

- Пән материалы ретінде тапсырмалар құру, оқу мазмұнына енгізу.

Алынған мысалдар корпус негізінде жасалған мәтіндік тапсырмаларға түрлендіріледі:

- жиілік диаграммасын талдау;
- контекстен құндылық мағынасын анықтау;
- корпус конкорданстарын пайдаланып сөйлем құрастыру;
- құндылық ұғымдарын салыстыру (мысалы, «ар» — «ұят», «намыс» — «құрмет»).

Бұл үлгі білім алушылардың тілдік және мәдени рефлексиясын қатар дамытады.

Корпус деректерін пайдалану тілді құндылықтық тұрғыдан оқытудың ғылыми негізін нығайтады. McEnery & Hardie (2012) [8] корпус әдісінің басты артықшылығы ретінде тілдің шынайы қолданысын дәлелге айналдыруды атаса, Biber және т.б. (1998) оқытудағы тілдік деректердің репрезентативтілігі мен жиілік принципін ұсынған [10].

Корпус әдісі осы ұстанымды сандық және эмпирикалық деңгейде дәлелдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, жиілік пен контекст талдауы арқылы ұлттық құндылықтардың тілдік көріністерін анықтау – оқушының рухани және мәдени әлеуетін дамытуға қызмет етеді.

Оны Qazcorpus-тан іріктелген сөйлемдер, жүргізілген жиілік пен мәнмәтіндік талдау арқылы дәйектеуге болады: «адамгершілік» сөзі 215 рет, «намыс» 178 рет, «сабыр» 93 рет, «жомарттық» 64 рет, «мейірім» 57 рет кездескені анықталды. Бұл деректер қазақ тілдік кеңістігіндегі құндылықтар жүйесінің жиілік репрезентациясын көрсетті.

Зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасалды:

Құндылық бағдарлы оқыту тұлғаның рухани-адамгершілік, мәдени және әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жүйе болып табылады.

Тілдік корпустар (Qazcorpus (https://qazcorpus.kz/), А. Байтұрсынұлының қазақша-орысша корпусы (https://baitursynuly-corp.kz/), Фольклорлық корпус (пилоттық режімде https://project13093145.tilda.ws/page67863055.html) қазақ тілін құндылықтық тұрғыдан оқытуға арналған нақты және объективті дереккөзі бола алады.

Корпус деректері негізінде іріктелген лексикалық және фразеологиялық бірліктер оқушылар мен студенттердің мәдени-аксиологиялық дүниетанымын кеңейтеді.

Корпустық талдау әдістері (жиілік, контекст, конкорданс) тіл үйретудің ғылыми дәлдігін арттырып, құндылықтық мазмұнды сандық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық тұрғыдан корпусқа сүйенген әдіс оқыту процесін деректік, заманауи және интерактивті етеді, ал оқушылардың тіл мен мәдениет арасындағы байланысты түсіну қабілетін күшейтеді.

Болашақта бұл бағыттағы зерттеулер корпус деректерін жасанды интеллект құралдарымен біріктіріп, автоматты құндылықтық контент іріктеу жүйелерін әзірлеуге бағытталуы мүмкін.

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары ғылым министрлігі Ғылым комитеті тарапынан 2025-2027 жж. гранттық қаржыландырылған «AP26103909 Фольклорлық мәтіндер корпусы: қазақ тілін цифрландырудағы лингвистикалық және IT шешімдер» (Ғылыми жетекшісі: Қ.Сәрекенова) ғылыми жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сластенин, В. А. (2002). Педагогика профессионального образования. Москва: Академия.
2. Зязюн, И. А. Педагогическое мастерство учителя. Киев: Вища школа. 2001
3. Байтұрсынұлы А. Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Тіл–құрал. Қазақ және орыс тілдерінде. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022.
4. Сыздық, Р. Сөз құдіреті: оқу құралы. - Алматы : Санат, 1997. - 224 б.
5. Ұзақбаева, С. А. Этнопедагогикалық тәрбие және ұлттық құндылықтар. Алматы, 2010.
6. Табылдиев, Ә. (). Қазақ этнопедагогикасы және халық тәрбиесі. Алматы: Қазақ университеті. - 2004
7. Қапантайқызы, Ш. Қ. Ұлттық тәрбие пәнін болашақ педагогтарды даярлауға енгізудің құндылықтық негіздері. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы (Педагогика сериясы). 2021
8. McEnery, T., & Hardie, A. Corpus linguistics: Method, theory and practice. Cambridge Un. 2012.
9. “Тіл-Қазына” корпусы// [электрон ресурс] URL: https://qazcorpora.kz/
10. Biber, D., Conrad, S., & Reppen, R. Corpus linguistics and teaching. Cambridge University Press. 1998

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН ТЕРМИНДЕРДІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ҮЛГІЛЕРІ

Ахмет А.Н.
Т. Айбергенов атындағы № 16 орта мектеп,
Астана, Қазақстан.

Бүгінгі заман – жаһандану үдерісінің барынша қарқын алған кезеңі. Қазіргі қоғамда орын алып жатқан сан алуан өзгерістер осы ғаламдық ықпалмен тікелей байланысты. Жаһандану – адамзат өркениетімен қатар дамып келе жатқан тарихи-әлеуметтік үрдіс. Оның негізгі сипаттарының бірі – әртүрлі мемлекеттердің өмір сүру салты, мәдениеті, ақпараттық кеңістігі біртіндеп жақындасып, ортақ сипатқа ие бола бастауы. Алайда мұндай ғаламдық үрдісті тек біржақты қарастыруға болмайды. Жаһанданудың ұлттық құндылықтарға, тіл мен мәдениетке ықпалы жөнінде ойлануды қажет ететін өткір сұрақтар туындайды: өзгермелі заманда елдік санамызды, тіліміз бен ұлттық болмысымызды қалай сақтап қаламыз? Бұл мәселеге жауап іздеу – бүгінгі күннің өзекті міндеті.

Француз ойшылы Жак Деррида «жаһандану – қазіргі әлемнің кері қайтарылмайтын заңдылығы»[1] деп атап өткен. Сондықтан бұл құбылысты жан-жақты әрі байыпты саралап, оның пайдасы мен қауіп-қатерін нақты айқындау маңызды. Жаһанданудың жағымды жағы – әлем халықтарының экономикалық, мәдени, саяси және ақпараттық байланысын кеңейтіп,

интеграцияны күшейтуі [2, 9-б.]. Бұл үдеріс Қазақстанға да дүние жүзілік дамудың жетістіктерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге жаһандану ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлі мәдениетке нұқсан келтіру қаупін де туғызады. Әлсіз мәдениеттерді жұтып, этностық келбетті көмескілендіруі ықтимал. Демек, жаһандық ықпалды мойындай отырып, ұлттық рухани құндылықтарды сол үдерістің көлеңкесінде қалып қоймауын қадағалау – басты міндет. Яғни жаһандану қажет, бірақ ол ұлттың өзіндік негіздерін, тілін, тарихи жадын жоққа шығармауы тиіс. Ғылым мен техниканың дамуы, жаһандану үдерістері және мәдени алмасулар контекстінде «будан» ұғымы айрықша өзектілікке ие болып отыр. Т.Н. Шарапова: «Жаһандану дәуірінде қазіргі тілдердің терминологиялық жүйелерінде эндогендік және экзогендік элементтер қатысатын будан бірліктердің қалыптасу үрдісі айқын байқалады. Бұл үрдіс – кірме сөздер мен сөзжасамның өзара әрекеттесуінің нәтижесі. Сонымен қатар, будан терминдер арнайы сөздіктерде сирек тіркеледі және аударма кезінде белгілі бір қиындықтар туғызады», [3] – дейді.

Қазіргі қазақ қоғамының мәдени-рухани дамуында тілдің ғылыми қызметін күшейту, ұлттық терминологиялық жүйені жетілдіру және білім алушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру – тілдік білім берудің стратегиялық міндеттері болып отыр. Білім стандарттарында көрсетілгендей, оқу үдерісі тек ақпарат берумен шектелмей, оқушының тұлғалық болмысын, коммуникативтік және ұлттық санасын дамытуға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі ғылым мен техника тілінде кеңінен қолданылатын будан терминдерді өзге тіл үстемдігінің «өнімі» ретінде емес, қазақ тілінің сөзжасамдық әлеуетін іске қосатын ұлттық термин шығармашылығы аясында қарастыру қажет. Будан терминдер – бір бөлігі кірме, екінші бөлігі төл сөзден немесе бейімделген кірме элементтен тұратын тілдік бірліктер. Олардың қалыптасуында екі түрлі бағыт айқын көрінеді. Бір жағынан, будан терминдер кірме элементтің қандай да бір бейімдеусіз және жартылай аудару арқылы қабылдануы нәтижесінде жасалады. Мұндай жағдайда термин құрамындағы бөтен тілдік компонент өзінің бастапқы графикалық, фонетикалық сипатын айтарлықтай сақтайды, әрі термин формасы қабылдаушы тілдің заңдылықтарына толық сәйкес келе бермейді. Бұл будан терминдердің гетерогенді, «қотыр» қырын танытады. Екінші жағынан, будан терминдердің құрамында кірме элемент қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық жүйесіне бейімделіп, төл сөзбен табиғи байланысқа түсе отырып, жаңа терминологиялық бірлік жасайды. Мұндай құрылымдар қазақ тілінің ішкі сөзжасамдық әлеуетін іске қосып, ұлттық термин шығармашылығының нәтижесі ретінде танылады.

Будандастыру арқылы жасалған будан терминдер оқушыға кез келген ұғымның тілдік қалыптасуы кездейсоқ емес, керісінше тілдің ішкі заңдылықтарын және ұлттық тіл саясатын сақтай отырып жүзеге асатынын ұғынуға мүмкіндік береді. Мысалы, Будандастыру тәсілімен де *жасалатын ұзақпұл, дүниетаным, қайтарымпұл, шаңғыжетек* және т.б. сынды терминдер кездеседі. Мысалы, ұзақпұл – длинные деньги. «Ұзақпұл» – қазақ тіліндегі күрделі сөз. Оның құрамында екі түбір бар: Ұзақ – қазақ тілінде «ұзақ» сөзі уақыттық немесе кеңістіктік ұзындық, созылыңқылықты білдіреді. Бұл сөз – таза қазақ сөзі, түркі тілдік негізі бар. Пұл сөзі – қазақ тіліне парсы тілінен енген кірме сөз. Парсы тілінде «пул» (پول) – ақша, тиын, қаржы ұғымдарын білдіреді. Қазақ тілінде де «пұл» – ақша, қаржы мағынасында қолданылады. ПҰЛ [пар. پول] – қазақ фольклорлық жырларында «сөздің қадірі» дегенді білдіретін «сөздің пұлы», «ақшаға сатылу» дегенді білдіретін «пұлдану», «ақшаға сату» деген ұғымдағы «пұлдау», «көп ақша» мағынасындағы «пұлнама» сөздері жиі кездеседі. Қазіргі тілімізде бұлдану сөзінің құрамында келіп, «әлдеқандай болу, бәлсіну» деген ұғымды білдіреді (ҚТКСС, 409). Мұндағы будандастыру – екі этимологиялық түбірден шыққан сөздің бірігуінен жаңа мағыналық бірлікті қалыптастыру [4, 73-б.].

Ғылыми-техникалық ақпараттың көпшілігі халықаралық сипатқа ие болғандықтан, терминдер құрамында шет тілді элементтердің кездесуі табиғи құбылыс. Алайда олардың қазақ тілінің фонетикалық-грамматикалық жүйесіне бейімделуі, мағыналық айқындығының

сақталуы, қолданыс бірізділігі ұлттық термин шығармашылығының маңызды шарты болып отыр.

XXI ғасырда термин жасауда әлі де орыс тіліне қарайтынымыз өтірік емес. Қазіргі заманда ең кең тараған ғылым мен техника тілі ретінде ағылшын тілі алға шығып тұрғандықтан түпнұсқа терминді басшылыққа алғанымыз жөн. Десек те қалыптасқан дәстүрлі жолмен әлі де делдал тіл саналатын орыс тілінің нұсқасын не бейімдеп, не көшіріп қолданып келеміз. Бұл термин шығарушы мамандар мен сала мамандары үшін ең өзекті мәселелердің бірі саналады. Біз төмендегі кестеде бейімделген терминнің орысша нұсқасын тұсына көрсетіп өттік. Себебі бейімделген нұсқаның өзін түпнұсқадан емес, аралық тілдің нұсқасынан алып жатырмыз.

1-кесте. «Мөл» морфемасымен жасалатын будан терминдер.

Қазақша нұсқасы	Орысша нұсқасы	Бекітіліген жылы
мөл	Моль	2023 жылы бекітілген термин
мөлдік масса	молевая масса	2023 жылы бекітілген термин
мөлдік концентрация	молярная концентрация	2023 жылы бекітілген термин
заттектің мөлдік массасы	молярная масса вещества	2023 жылы бекітілген термин
мөлдік масса	молярная масса	2023 жылы бекітілген термин
мөлдік әдіс	мольный метод	2023 жылы бекітілген термин
мөлдік жылусыйымдылық	молярная теплоемкость	2023 жылы бекітілген термин
мөлдік көлем	молярный объем	2023 жылы бекітілген термин
Ескерту: [5]		

Жоғарыдағы кестеде берілген *мөл* морфемасы қазақ тіліне бейімделіп енген термин жасаушы маңызды морфема ретінде ерекшеленеді. *Мөл* сөзі латын тіліндегі *moles* және оның орыс тіліндегі *моль* нұсқасынан туындаған. Бұл сөз қазақ тіліне бейімделу арқылы дыбыстық және фонетикалық тұрғыдан ана тіліміздің заңдылықтарына сәйкестендірілді. Нәтижесінде, *мөл* сөзі қазақ тіліндегі терминологиялық қордың жаңа қабатын құруға мүмкіндік беретін негізгі морфемаға айналды. Ол физика, химия және техника салаларында ғылыми ұғымдарды атау үшін қолданылады. Мөл морфемасы тек шет тілінен енген түбір сөз ретінде ғана емес, қазақ тілінің төл сөздерімен бірігіп, жаңа будан терминдер жасауға белсенді түрде қатысады. «*Мөлдік масса»* мен «*мөлдік көлем»* терминдерінің құрылымы әртүрлі. Екі тіркесті термин де «мөл» терминбөлшегінен туындағанымен, этимологиялық-мазмұндық жағынан біркелі емес.

Мөл морфемасы қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына бейімделіп, шет тілінен енген сөз ретінде қабылданған. Бұл оның қазақ тіліне жат элемент еместігін, керісінше қазақша ойлау мен ғылыми терминологияға сәйкес келетіндігін көрсетеді. Бұл морфема қазақ тілінде жаңа тіркестер мен ұғымдарды жасауға қабілетті. Ол қазақша аффикстер мен төл сөздермен оңай тіркесіп, ғылым мен техниканың түрлі салаларында қолдануға бейім. *Мөл* морфемасының қолданылуы шет тілінен енген сөздер мен қазақ тілінің төл элементтерін біріктіру арқылы жасалған будан терминдердің өміршеңдігін қамтамасыз етеді.

Сол себепті оқыту барысында будан терминдердің құрылымын талдау, төл және кірме компоненттерді ажырату, орфографиялық және сөзжасамдық нормаларды түсіндіру – тілдік мәдениетті қалыптастырудың негізі. Мәселен, будан терминдердің эндогенді және экзогенді үлгілері бар екені, олардың бірі ішкі тілдік тәсілдер арқылы туындаса, екіншісі – өзге тілдер ықпалымен жасалатыны білім алушыға нақты тілдік дәлелдермен жеткізіледі. Бұл ғылыми ұғымның ар жағында тұтас ұлттық тілдік саясат және мәдени жауапкершілік бар екенін танытады.

Будан терминдерді оқыту үдерісіндегі құндылық бағдардың тағы бір қыры – ұлттық терминологияны жүйелеу және дамыту. Қазақ тілінде «будан» терминін орнықтыру – тіл тазалығын сақтау мен ғылыми атауларды ұлттық сипатқа келтірудің маңызды жолы болып саналады. Терминнің жасалу тарихын, семантикалық және морфемалық құрамын түсіндіру арқылы оқушы ғылыми ұғым мен ұлттық тілдік сана арасындағы байланысқа көз жеткізеді. Оқушының «Неліктен бұл термин будан деп аталады?», «Мұндағы ұлттық элемент қайсы?»,

«Қазақша баламасы бар ма?» деген сұрақтарға жауап іздеуі – оның тілдік талдау дағдысын ғана емес, ұлттық ғылыми ойға деген жауапкершілігін де арттырады. Бұл – патриотизм ұғымының тілдік деңгейдегі көрінісі.

Будан терминдерді құндылық бағдарлы негізде оқытудың нәтижесінде білім алушы ғылыми ақпаратты ана тілінде игеріп қана қоймай, оның қалыптасу жолын, тілдік-мәдени астарын саралайтын деңгейге жетеді. Яғни, будан терминдер оқыту нысаны болумен қатар, тұлғаның ұлттық дүниетанымын бекітетін, тілдік мәдениетін көтеретін, қазақ тіліндегі ғылыми стильді қолдану аясын кеңейтетін маңызды педагогикалық ресурс саналады. Бұл тәсіл «қазақ тілі – заманауи ғылымның тілі» деген қағидаға қызмет етеді, тілдің ғылыми әлеуетін арттыруға үлес қосады. Сондықтан будан терминдерді оқыту әдістемесін жетілдіру, оны мектеп бағдарламасына енгізу, цифрлық ресурстармен қолдау – ұлттық тіл саясатының маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі будан терминдерді құндылық бағдарлы оқыту тіл тазалығын сақтауға, ұлттық терминологияны жүйелеуге, патриоттық ғылыми сана қалыптастыруға бағытталған кешенді ғылыми-әдістемелік мәселе. Бұл үдеріс қазақ тілінің ғылыми қызметін жаңғыртып, білім алушыларды ана тілінде ғылыми ойлауға, ғылыми тіл нормаларын сақтауға тәрбиелейді. Демек, будан терминдер тек күрделі лексикалық бірліктер емес, ұлттық тілдің болашағын айқындайтын стратегиялық маңызды мазмұндық ресурс. Ал оларды оқыту қазақ тілінің ғылыми мәртебесін арттыруға жасалған нақты қадам.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ә. Нысанбаев . Тәуелсіздік философиясы //Адам әлем. – 2006. – №83. – 9-16 б.
2. Деррида Ж. Globalizations: Note on the Question of the Word // Rogues: Two Essays on Reason. – Stanford : Stanford University Press, 2005. – P. 120–140.
3. Шарапова Т. Н. Возникновение немецких гибридных терминов бионики как следствие процесса глобализации // Омский научный вестник. – 2009. – №. 3 (78). – С. 117-119.
4. Ахмет А.Н. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдер (теориялық-әдістемелік сипаты) : PhD диссертациясы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 165 б.
5. Termincom.kz – Республикалық терминология комиссиясының ресми базасы. – ҚР ҰҒА және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мәліметтері. – Қолжетімді: https://termincom.kz

Т. АЙБЕРГЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ БЕЙНЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

А.Д. Аязбекова[1], А.М. Картаева[2]

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан.

Т.Айбергеновтің табиғат тақырыбындағы өлеңдері ұлттық поэзиядағы табиғат лирикасының жаңа бір белесін көрсететін туындылар қатарына жатады. Ақын табиғатты тек сыртқы көрініс, әсемдік әлемі ретінде ғана емес, оны қазақ халқының рухани тірегі, дүниетанымының өзегі ретінде бейнелейді. Ол табиғат құбылыстарын ұлттық дүниетаным негізінде зерделей отырып, оны адам мен қоғам арасындағы рухани көпір ретінде көреді. С.Қирабаевтың: «Айбергенов поэзиясында табиғат адамның ішкі әлемімен сабақтасып, ұлттық рухтың символына айналады» деген пікірі бұл тұжырымды дәлелдей түседі [1, 112-б.]. Демек, Т.Айбергеновтің табиғат туралы өлеңдерін мектеп бағдарламасында оқыту барысында көркемдік мазмұнмен қатар, ұлттық дүниетанымдық мазмұнды да тереңдетіп беру оқушылардың ұлттық рухты тануына септігін тигізеді. Мәселен, «Сағыныш» өлеңінде ақын туған даланы көз алдына елестете отырып, лирикалық кейіпкердің жан дүниесіндегі сағыныш, мұң, қуаныш сынды терең сезімдерді табиғат көріністерімен үйлестіре суреттейді. Өлеңде табиғат образы мен адамның ішкі әлемі біртұтас дүние ретінде көрініс табады. Бұл тәсіл оқушыларға табиғат пен адамның арасындағы тығыз байланысты, рухани сабақтастықты түсіндіруде өте маңызды. Өлеңді оқу барысында оқушылар туған жердің табиғатын өз көзқарасымен қайта жаңғырта отырып, өз өмірлеріндегі табиғаттың рөлін саналы түрде

пайымдайды. Бұл жерде мұғалім «Туған жерімнің табиғаты мені қалай тәрбиелейді?» деген сұрақ арқылы оқушыларға өлеңнің астарлы мазмұнын ашқыза алады.

Т.Айбергенов шығармаларында табиғат бейнелері арқылы адам мен қоғамның үйлесімділігі де көрінеді. Ақын өлеңдерінде даланың кеңдігі, желдің жырлауы, бұлттардың сырлауы арқылы адамның ішкі уайымы, арман-мақсаты сипатталады. Бұл ерекшелікті әдебиет сабағында драматизация әдісімен немесе оқушыларға өлең желісі бойынша ішкі монолог жаздыру арқылы тереңірек түсіндіруге болады. Мысалы, «Сағыныш» өлеңіндегі табиғат көрінісін оқушылар лирикалық кейіпкердің атынан айтып, табиғатпен сырласу формасында орындай алады. Мұндай әдістер оқушылардың табиғатқа деген көзқарасын эмоциялық деңгейде дамытып, табиғатты адам өмірінің маңызды бөлігі ретінде қабылдауға тәрбиелейді. Сондай-ақ, Т.Айбергеновтің табиғат лирикасында ұлттық дүниетаным элементтері айқын көрінеді. Ол дала мен табиғатты қазақ халқының рухани, тарихи жадымен байланыстыра отырып, оны ұлттың рухани коды ретінде көрсетеді. Сондықтан оқушыларға ақын өлеңдерімен қатар, халықтың табиғатқа қатысты ырым-тыйымдарын, мақал-мәтелдерін салыстыра отырып талдату – ұлттық дүниетанымды кеңейтудің тиімді жолы болмақ. Бұл тәсіл оқушылардың әдебиет сабағын тек пән ретінде емес, ұлттық құндылықтарды меңгерудің құралы ретінде қабылдауына жол ашады.

Зерттеуші А.Байтұрсынұлы: «Қазақ өлеңіндегі табиғат суреттері тек эстетикалық ләззат емес, ұлттық рухтың тамыры» деді [2, 89-б.]. Бұл пікір Т.Айбергенов шығармашылығына да тән. Ақын табиғатты ұлттық құндылықтар тұрғысынан сипаттай отырып, оның тәлімдік мәнін ашады. Мектепте Т.Айбергенов поэзиясын оқыту барысында табиғат суреттерін тек оқып қоймай, олардың астарындағы тәрбиелік, дүниетанымдық мағынаны да талдау қажет.

Т.Айбергенов өлеңдеріндегі табиғат образдары өзінің көркемдік қуатымен, поэтикалық тереңдігімен ерекшеленеді. Ақын табиғат құбылыстарын тек сыртқы сұлулық ретінде сипаттамай, оның астарына философиялық, ұлттық, рухани мазмұн жүктейді. Мысалы, «Аруана» өлеңінде шөл дала бейнесі тек географиялық кеңістік қана емес, ол адамның ішкі жан әлемінің күйін жеткізетін символикалық образға айналады. Өлеңдегі аруананың шөлде жалғыз жүруі – адамның ішкі жалғыздығы, сағынышы, жоғалған құндылықтарға деген өкініші мен үмітімен астасып жатады. Шөлдің қасіретті тыныштығы оқушыны ойға батырып, табиғат пен адамның рухани әлемінің өзара байланысын терең түсінуге итермелейді. Қ.Жұмалиев бұл ерекшелікті жоғары бағалап: «Айбергенов табиғат суреттерін ұлттық дүниетаныммен сабақтастырып, поэзиясын терең философиялық деңгейге көтереді» деді [3, 114-б.]. Бұл пікір мектепте ақын шығармаларын оқыту барысында өлеңнің беткі қабатынан астарлы мазмұнды ашып көрсету қажеттігін көрсетеді. Оқушыларға «Аруана» өлеңін талдауда табиғат суреттері мен адамның психологиялық күйі арасындағы байланысты табу тапсырмасын ұсыну – олардың талдау қабілеттерін дамытуға, ойлау дағдыларын тереңдетуге септігін тигізеді. Мұндай сабақтарда оқушыларға «Аруана» өлеңіндегі шөл дала бейнесін қазіргі қоғамдағы рухани құндылықтардың күйімен салыстырып, эссе жазу немесе шығармашылық тапсырмалар орындау ұсынылуы мүмкін. Мысалы, «Сенің ішкі әлеміңнің шөл даласы қандай?» деген сұрақ оқушыларды жеке психологиялық ізденіске жетелеп, табиғат көріністері арқылы адамның ішкі күйін суреттеуге үйретеді. Бұл тәсіл оқушылардың табиғат құбылыстарын механикалық сипаттамай, олардың терең мағынасын түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өлеңді драматизация әдісі арқылы сахналау немесе бейнелі картиналарды пайдалану арқылы өлеңдегі табиғат образдарының эмоциялық әсерін күшейтіп, оқушылардың көркемдік қабылдауын жетілдіруге болады. Оқушылар табиғат құбылыстарының сыртқы сипатын ғана емес, оның адам болмысына әсер ететін рухани мазмұнын сезініп, ойлау мен сезіну деңгейінде тереңірек әсер алады. Бұл әдіс оқушылардың табиғатқа деген көзқарасын эстетикалық әрі философиялық деңгейде қалыптастыруға ықпал етеді.

Т.Айбергенов табиғатқа деген сүйіспеншілікті тек романтикалық деңгейде емес, заманауи экологиялық ой-санаға жетелейді. Бұл туралы Л.Сеитова: «Айбергенов поэзиясында табиғат пен адам тағдыры тұтас дүниетаным ретінде беріледі» деді [4,76-б.]. Сондықтан

мектеп бағдарламасында ақын шығармаларын экологиялық мәдениет қалыптастыруға бағыттаған жөн.

Т.Айбергенов шығармашылығы жалпы білім беретін мектепте оқушыларға табиғат пен туған жердің қасиетін, оның адам өміріндегі орны мен рухани маңызын терең түсіндіруге ерекше мүмкіндік береді. Ақынның табиғат тақырыбындағы лирикасы туған жерге деген перзенттік махаббаттың, ұлттық рухтың ең биік көрінісі ретінде сипатталады. Бұл туралы Ш.Елеукенов: «Айбергеновтің туған жер лирикасы табиғат пен ел тағдырын біртұтас рухани құбылыс ретінде суреттейді» деді [5, 59-б.]. Бұл пікір ақын поэзиясын мектеп оқушыларына танытуда табиғат тақырыбын туған жер, ұлттық сана, тарихи тағдырмен сабақтастыра түсіндіру қажеттігін көрсетеді. Мысалы, «Бір тойым бар» өлеңінде ақын туған жердің табиғатын той-думан, қуаныш, жарқын болашақ символы ретінде береді. Бұл өлеңді оқушылармен талдағанда, табиғат көріністерінің эмоционалдық реңін ашып қана қоймай, оны туған елдің келешегімен байланыстыру арқылы туған жердің қадірін терең ұғындыруға болады. Сабақ барысында оқушыларды «Туған жерімнің табиғаты мен болашағы» тақырыбында шығармашылық эссе жазуға бағыттау олардың туған өлкенің табиғатына жаңаша көзқараспен қарауға жетелейді. Сонымен қатар, өлеңнің мазмұнын қазіргі замандағы туған жер табиғатының мәселелерімен байланыстырып, оқушыларды зерттеуге баулу арқылы олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға да болады. Бұл әдістер оқушылардың туған жер табиғатын өмірлік тәжірибемен байланыстыруына, сол арқылы туған өлкенің экологиялық мәселелеріне де бейжай қарамайтын азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Әдебиет сабағында өлеңдегі табиғат образдарын бүгінгі ауыл-аймақ табиғатымен салыстыру, туған өлкеде қандай табиғи өзгерістер бар екенін анықтап, сол өзгерістерге қарсы тұру жолдарын поэзиялық тілде жеткізу – оқушылардың дүниетанымын кеңейтудің заманауи үлгісі бола алады. Т.Айбергенов поэзиясы арқылы туған жер табиғатын сүю, оны қадірлеу және қорғау – оқушылардың азаматтық тұлғасын қалыптастырудағы басты әдістемелік бағыт болуы тиіс.

Мектепте әдебиет сабағында Т.Айбергенов поэзиясын оқыту барысында интерактивті әдістер қолдану – оқушылардың табиғатқа деген көзқарасын белсенді қалыптастыруда аса маңызды құрал болып табылады. Әсіресе, табиғат лирикасы оқушының эмоционалдық күйін қозғап, олардың туған жерге, табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға деген эстетикалық сезімін оятуға ықпал етеді. Бұл ретте Т.Айбергеновтің «Сағыныш», «Аруана», «Бір тойым бар» сияқты өлеңдеріндегі табиғат суреттерін пайдалану өте тиімді. Мәселен, «Бір тойым бар» өлеңінде ақын туған өлкенің табиғатын арманмен, қуанышпен, асқақ шабытпен байланыстыра отырып, жер мен елге деген махаббатты жеткізеді. Бұл өлеңді интерактивті түрде сахналық көрініс немесе буктрейлер әдісі арқылы ұсыну – оқушыны көркем мәтінмен тереңірек байланысуға итермелейді. Шығармашылық тапсырмалар да оқушылардың поэзияны қабылдауына ерекше әсер етеді. Мысалы, «Туған өлкемнің табиғатын Төлегенше сипатта» деген эссе жазу немесе «Ақынның табиғатқа хат жазуы» әдісі арқылы оқушылардың ішкі эмоциясы мен табиғат туралы түсінігі көрініс табады. Бұл әдістер оқушыларға тек поэтикалық бейнені талдауға емес, өздерінің дүниетанымын да ұштауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, экологиялық мәселелерді ақын өлеңдерімен байланыстыру бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Мысалы, «Қарабауыр қасқалдақ» өлеңіндегі табиғат пен тағдыр байланысын қазіргі экологиялық дағдарыспен салыстыру арқылы оқушы тек әдебиет сабағында білім алып қоймай, қоршаған ортаның тағдырына бей-жай қарамайтын тұлға ретінде қалыптасады. Бұл орайда оқушыларға «Туған жердегі табиғи өзгерістер» тақырыбында шағын зерттеу жүргізіп, оны Т.Айбергенов поэзиясындағы образдармен салыстыру тапсырмасын беру – әдебиетті ғылыммен ұштастырудың мысалы бола алады. Г.Бегманова: «Мектепте табиғат лирикасын оқыту оқушыларды тек көркем мәтінді түсінуге емес, табиғат пен қоғам арасындағы байланысты тануға жетелейді» деді [6, 92-б.]. Бұл пікір жоғарыда келтірілген әдістердің мәнін нақтылай түседі. Демек, интерактивтілік, шығармашылық және проблемалық бағыттағы тапсырмалар Т.Айбергенов поэзиясының табиғатқа қатысты терең мағыналарын ашуға жол ашады.

Қорыта айтқанда, Т.Айбергенов поэзиясындағы табиғат тақырыбы – оқушыларға туған жерге деген сүйіспеншілікті, ұлттық рухты, экологиялық ой-сана қалыптастыруда ерекше мәнге ие. Ақын өлеңдеріндегі табиғат бейнелері тек лирикалық суреттер емес, олар адамның ішкі дүниесі, рухани әлемі, ұлттық құндылықтардың көрінісі ретінде оқылады. Мектеп бағдарламасында Т.Айбергенов шығармашылығын жүйелі оқыту – оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың экологиялық мәдениетін де тәрбиелеуге ықпал етеді. Оқушыларға табиғат лирикасының мәнін түсіндіру барысында көркемдік талдау, шығармашылық тапсырмалар, экологиялық тақырыптағы эссе жазу сияқты әдістерді қолдану тиімді болмақ. Т.Айбергенов табиғат лирикасының көркемдік ерекшеліктері арқылы оқушылардың туған жерге деген махаббатын тәрбиелеу – мектеп әдебиеті сабақтарының басты мақсаттарының бірі болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Білім, 1997. – 112 б.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 89 б.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 114 б.
4. Сеитова Л. Қазақ поэзиясындағы табиғат бейнесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 76 б.
5. Елеукенов Ш. Қазақ әдебиетінің ұлттық идеясы. – Астана: Елорда, 2008. – 59 б.
6. Бегманова Г. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2002. – 92 б.

«АХМЕТШЕ БАУЛУ» – ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ӨЗЕГІ

А.С. Байгабулова[1], А.К. Курманова[2]

[1] 4 курс студенті, [2] қауымдастырылған профессор, PhD, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

XX ғасыр – қазақ халқы үшін тарихи, әлеуметтік және рухани тұрғыдан бетбұрысты кезең болды. Бұл дәуірде ұлттың болашағын білім мен ағартудан іздеген, елдің ертеңіне алаңдаған көрнекті қайраткерлер тарих сахнасына шықты. Солардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – ұлттың рухани көшбасшысы, ағартушы, педагог, реформатор. Оның оқу-ағарту ісіне енгізген идеялары мен әдістемелік тұжырымдары тек өз дәуірінің шеңберінде емес, бүгінгі заманның да өзекті мәселелеріне жауап береді.

Қазіргі білім беру жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуын, ұлттық болмыс пен жаһандық дағдыларды ұштастыра отырып жүзеге асыруды мақсат етеді. Осындай тұғырда Ахмет Байтұрсынұлының «баулу мектебі» туралы идеясы ерекше маңызға ие. Ол мектепті тек білім алу орны емес, өмірге баулитын, қоғамдық ортаға бейімдейтін, еңбек пен әрекетке жетелейтін тірі организм ретінде қарастырды. Бұл – бүгінгі құндылыққа негізделген білім беру, құзыреттілік тәсіл және іс-әрекет арқылы оқыту ұғымдарымен тікелей үндес тұжырым.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық қызметі қазақтың ұлттық мектебін қалыптастырумен тығыз байланысты. Ол ана тілінде білім беруді жолға қойып, оқу-ағарту ісін жаңа сапалық деңгейге көтерді. Оның «Әліппе», «Тіл – құрал», «Оқу құралы» атты еңбектері – қазақ тіл білімі мен әдістемесінің негізін қалаған, тіл арқылы ұлттық ойлау мен дүниетанымды дамытуға бағытталған бірегей ғылыми жүйе.

А. Байтұрсынұлы үшін білім беру – ұлтты рухани тұрғыдан жаңғыртудың, өз бетінше өмір сүруге қабілетті қоғам қалыптастырудың басты шарты. Сол себепті ол оқу жүйесін формальды білім беруден гөрі адамды өмірге, еңбекке, қоғамға бейімдейтін «баулу» процесі ретінде түсіндірді. Оның «Мектеп – ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін, шын еңбекші болып ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын» [1, 410] деген пікірі – бүгінгі заман педагогикасының да өзегіне айналарлық тұжырым. Ол тек ұстаз, әдіскер ғана емес, қазақ тілін ғылым ретінде жүйелеп, тұңғыш тіл оқулығын жазған ғалым болды. Бұл арқылы тілдің тек қатынас құралы емес, ұлттық сана мен рухтың тірегі екенін дәлелдеді. Оның идеялары XX ғасырдың ғана емес,

қазіргі білім беру жүйесінің де басты бағыт-бағдарын айқындайтын мәңгілік құндылық болып қала береді.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарастарындағы ерекше тұжырымдардың бірі – «баулу мектебі» ұғымы. Бұл түсінік оның ағартушылық қызметінің түпкі философиялық негізін көрсетеді. Ол мектепті жай ғана білім беретін орын деп емес, тұлғаны өмірге бейімдейтін тірі әлеуметтік орта, қоғамдық ұйым деп қарастырады [2].

Ғалымның пікірінше, оқу орны баланы дайын біліммен ғана қамтамасыз етпей, оны әрекетке, еңбекке, шынайы тіршілікке баули отырып тәрбиелеуі тиіс. Ол мектептің қызметін екі шекті метафора арқылы сипаттайды: бір жағынан – фабрика емес (дайын өнім шығаратын орын), екінші жағынан – жұмыртқа да емес (ішінен дайын күйінде балапан шығаратын). Ол жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: «Баулу мектеп – нәрседен нәрсе жасап, тауар қылып шығаратын фабірік, зауыт сияқты орын емес; өзінен-өзі өсерлік жағдай жасап, бәрін даяр күйінде беріп, балапан шығаратын жұмыртқа сияқты да орын емес. Ол – ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін, шын еңбекші болып ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын» [2,18].

Бұл анықтамада мектептің басты миссиясы – баланы өмірдің өзіне бейімдеу, яғни білім мен әрекетті ажырамас бірлікте беру екені көрініс табады.

Ғалым «баулу» ұғымын педагогикалық тәсіл ретінде ғана емес, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымына негізделген тәрбие жүйесі ретінде қарастырады. Қазақ қоғамында бұрыннан келе жатқан *«батыр баулу», «би болуға баулу», «аңшылыққа баулу», «ұсталыққа баулу»* дәстүрлері – іс арқылы тәрбиелеудің өмірлік үлгілері. А. Байтұрсынұлы осы ұлттық тәжірибені жүйелеп, оны мектеп деңгейіне көтерген: «Баулу деген сөз жаңа мектептің атына да, затына да дөп келеді Батырлар басқалардың балаларын қалай баулып өсіргенін көреміз Биге атшы болып, бірге жүріп, бірге тұрып, бітірген істердің ішінде бірге болып, баулынып, би болған» [2,15]. Мұндағы іс-әрекет арқылы үйрету – қазіргі білім беру теориясында *«action–based learning», «experiential learning»* деп аталатын тұжырымдармен тікелей үндес. Бұл тәсіл оқушының танымын, ойлау қабілетін ғана емес, практикалық дағдысын, әлеуметтік бейімділігін дамытуға бағытталған.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы «баулу мектебі» туралы идеяны халықаралық тәжірибемен де салыстырады. Ол Еуропа мен Америкадағы баулу мектептері индустрия, мәдениет, өндіріс дамуына ықпал еткенін жазады: *«Баулу мектеп Еуропа мен Америка маданияты мен байлығын бойлап өсіп, аспанға таласқан басына қырағы зейін барып салған қыран ұясы сияқты түрдегі мектеп»* [2,14]. Мұндай салыстыру Ахметтің педагогикалық ойының әлемдік үрдістермен бәсекелесе алатын дәрежеде болғанын көрсетеді. Ол баулу мектебі арқылы ұлттық педагогиканы тек дәстүрмен шектемей, заманауи даму талаптарымен ұштастырды.

Алайда Ресей отарлық жүйесі тұсында мұндай еркін, әрекетке негізделген, сыни ойлайтын ұрпақ тәрбиелеу идеясы саяси тұрғыдан қолдау таппады. Ахмет Байтұрсынұлы бұл туралы: «Патша үкіметінің тұсында мектептерді ‘баулу’ түрге түсіру керек деушілер болса да, үкімет мойны оған жар бермейтін» [2,14] деп атап көрсетеді. Бұл сөздер баулу мектебінің еркіндікке, ұлттық санаға, дербес ойлауға жетелейтін үлкен күшке ие болғанын айғақтайды. Яғни, баулу – жай оқу әдісі емес, ұлтты жаңғыртудың құралы.

Бүгінгі таңда «жаңа мектеп», «жаңартылған мазмұн», «құндылыққа негізделген оқыту» ұғымдары қайтадан өзекті болып отырған тұста Ахметтің «баулу мектебі» туралы идеясы жаңа мәнге ие болуда. Бұл – теория мен практиканы ұштастыратын, ұлттық пен жаһандықты сабақтастыратын, тұлғаны тұтас дамытуға бағытталған жүйе ретінде бағалануы тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектебін жаңа сапаға көтеру үшін тек оқу құралдарын жасап қана қоймай, оқытудың әдіснамалық жүйесін де ұсынған [3]. Ол білім берудің мазмұны мен әдісін өмірмен тығыз байланыстыра отырып, оқытудың эволюциялық төрт сатысын жіктеп көрсетеді. Бұл сатылар – өлі оқу, төте оқу, көрнекі оқу және баулу. Әрбір сатының ерекшелігін ашу арқылы Ахмет оқытудың қай формасы шынайы нәтиже беретініне баса мән береді.

1. Өлі оқу – өмірден алшақ білім.

Өлі оқу – оқытудың алғашқы және ең нәтижесіз түрі ретінде сипатталады. Бұл сатыда білім беру тек жаттау, дін мен ақырет туралы түсініктер арқылы жүзеге асырылады. Ахмет Байтұрсынұлы мұндай оқытудың баланы шынайы өмірге бейімдемейтінін былай деп сынға алады: «Он жыл оқып жазу білмеген "оқу" өліге болмаса, тіріге керек болмаған… Ақырет қамы үшін ғана бала оқытқан. Өлі білім үшін берген баланы "өлі оқуға" үйреткен» [2,15].

Бұл жерде оқушы тек мәтінді жаттап үйренеді, бірақ оның өмірлік мәнін ұқпайды, қолдана алмайды. Мұндай оқыту қазіргі білім жүйесіндегі формализмге, мазмұнсыз жаттауға ұқсас. Ол оқушыны белсенді әрекетке емес, пассив қабылдауға бағыттайды.

2. Төте оқу – сөз бен істің алшақтығы.

Төте оқу – өлі оқудан біршама дамыған, бірақ әлі де тіршілікпен байланысы әлсіз саты. Бұл кезеңде оқушыға тек атаулар, сөздер, теориялар үйретіледі. Алайда, оларды тәжірибеде қолдануға мүмкіндік берілмейді: *«*«Төте оқу» нәрсенің, істің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйреткен. Сөзбен үйреніп, сөз жүзіндегі іске шебер болуға болады, бірақ тіршілік ісі жалғыз сөз жүзінде емес*»* [2,17].

Бұл тәсіл білімнің тек көрінетін қабатын меңгертеді, ал оқушының ішкі таным-түсінігі мен практикалық дағдысы толық қалыптаспайды. Қазіргі әдістемедегі лексика-грамматикалық тәсілге ұқсас, мұнда оқушы тек жаттайды, бірақ оны өмірде қолдану икемі қалыптаспайды.

3. Көрнекі оқу – бақылау бар, әрекет жоқ.

Көрнекі оқу – білім берудің оқушы психологиясына жақын, бірақ шектеулі түрі. Бұл тәсілде бала затты көреді, бақылайды, бірақ іс-әрекетке қатыспайды. Ахмет Байтұрсынұлы бұл жайында: «Көріп үйрету баланың табиғатына жақын дейді… Бірақ тек көрсетумен болып, істетпей үйретін «көрнекі оқу» да көздеген мақсат түріндегі тіршілікке лайық адамдар жасап шығара алмайды» [2,18], - деген болатын.

Яғни, мұнда оқушы білімді сырттай қабылдайды, бірақ оны өзі жасап көру мүмкіндігі жоқ. Бұл қазіргі мектептерде жиі қолданылатын визуализация, технологиялық көрсетілім, бейнежазба секілді тәсілдерге ұқсайды. Олар көру арқылы түсінуге көмектеседі, бірақ білімді іс жүзінде қолдануға жетелемейді.

4. Баулу – ең нәтижелі оқыту формасы.

Ахмет Байтұрсынұлы үшін оқытудың ең тиімді, ең табиғи түрі – баулу. Бұл сатыда оқушы белсенді қатысушы, әрекет етуші, жасаушы тұлға ретінде дамиды. Баулу – білімді сөзбен емес, іс арқылы меңгерту, дағды қалыптастыру, өмірге бейімдеу тәсілі. Бұл тәсіл қазіргі білім берудің құзыреттілікке негізделген моделіне толық сәйкес келеді. Яғни, оқушы тек білімді иеленуші емес, оны өмірлік контексте қолдана алатын тұлға ретінде қалыптасуы тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлы сипаттаған оқыту сатылары бүгінгі білім беру реформаларымен тығыз байланысты. Оның «өлі оқу», «төте оқу», «көрнекі оқу» және «баулу» сатылары – оқытудың теориялық тереңдігін ғана емес, практикалық тиімділігін де көрсететін үлгі. Осы жіктеу арқылы Ахмет Байтұрсынұлы пассив білімнен – белсенді әрекетке, жаттаудан – дағдыға, сөзден – іске көшудің маңызын дәлелдеген. Бұл – заманауи педагогикада кең таралған *білім – білік – дағды – құзыреттілік* тізбегінің Ахметтік үлгісі.

Бүгінгі таңда әлемдік білім беру кеңістігі түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. XXI ғасырдың талабына сай, оқыту жүйесі жай ғана білім беру емес, тұлғаны жан-жақты дамытуға, оның өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс [4]. Бұл тұрғыда Ахмет Байтұрсынұлының «баулу» туралы идеясы өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, заманауи білім беру философиясымен тікелей үндесіп отыр. Атап айтсақ:

1. Құндылыққа негізделген білім беру.

Қазіргі білім стандарттары «білім беру – құндылық қалыптастырудың негізгі тетігі» деген ұстанымға сүйенеді. Бұл – Ахмет Байтұрсынұлының да басты идеясы. Ол оқытуды тек «ақпарат беру» емес, тұлғаны елге, қоғамға пайдалы азамат ретінде қалыптастыру деп түсінді. «Баулу» тәсілі арқылы білім берудің түпкі мақсаты – оқушының дүниетанымын, ұлттық рухын, еңбекке сүйіспеншілігін ояту. Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің міндеті – берген баланы ата–анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып

шығару» [2,17], - деп, мектептің міндетін терең әлеуметтік мәнде қарастырған. Бұл көзқарас қазіргі құндылыққа бағытталған білім беру концепциясымен толық сәйкес келеді.

2. Құзыреттілік тәсілі және өмірмен байланыс.

Бүгінгі білім беру жүйесінде негізгі басымдық – оқушы бойында құзыреттіліктерді дамыту. Бұл дегеніміз – білімді жай меңгеру емес, оны қолдана білу, талдау, шешім қабылдау, әрекет ету. Бұл – Ахмет Байтұрсынұлы айтқан «өмірге бейімдеу», іс арқылы үйрету ұстанымымен тығыз байланысты. Ғалымның: «Оқытушылардың көбі баулу мектебінің атына қанық болғанмен, затына қанық емес; затына қанықтардың да көбі түсіне жетік болғанмен, ісіне жетік емес» [2,17] деген сыны бүгінгі білім беру реформаларының тәжірибеге әлсіз енуі жайлы сынмен үндеседі. Оқу бағдарламалары жиі жаңарғанымен, мұғалімнің көзқарасы мен әдістемелік дайындығы өзгермесе, нәтиже де болмайтыны осыдан аңғарылады.

3. Мұғалім – баулушы тұлға.

Ахметше мектепте басты тұлға – мұғалім. Алайда мұғалім – тек білім таратушы емес, тұлға қалыптастырушы, әрекетке жетелеуші, үлгі көрсетуші. Бұл бүгінгі мұғалім моделіне де сәйкес келеді. Мұғалім енді фасилитатор, ментор, коуч рөлін атқаруы керек. Ол баланы әрекетке, зерттеуге, шешім қабылдауға үйретуі тиіс. А. Байтұрсынұлы мектебінде мұғалім баламен бірге әрекет етеді. Яғни: *«Балаға істетіп отырып, бірге жүріп, бірге үйрету»* – қазіргі *«оқушы белсенділігіне негізделген оқыту»* мен *«ынтымақтастықта оқу»* модельдеріне тікелей ұқсайды.

4. Рухани жаңғыру және ұлттық код.

Ахмет Байтұрсынұлының баулу мектебі – тек білім беру құрылымы емес, ұлттық рухты жаңғыртудың тәсілі. Оның ұсынған жүйесі – қазақ халқының дәстүрлі тәрбиесімен, өмір салтымен тығыз байланысты. Баулу – қазақтың «батыр баулу», «би болуға баулу», «ұсталыққа баулу» секілді өмірлік тәрбие дәстүрлеріне негізделген.

Бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты талабы – ұлттық кодты сақтау және оны заманауи өркениетпен ұштастыру [5]. Ахаңның «жаңаны бұрынғының негізінде қалыптастыру» қағидасы осы идеямен толық үйлеседі: *«Жаңаның бәрі – ұмытылған ескі дүние»,* – деген ойды еске алсақ, баулу мектебі – дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысқан тұсы.

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған «баулу мектебі» моделі – тұлғаның толық дамуын мақсат тұтқан, құндылық пен әрекетке негізделген, ұлттық болмыс пен заманауи білімді сабақтастырған жаңашыл жүйе. Бүгінгі Қазақстан мектептері осы бағытты қайта жаңғыртып, Ахмет Байтұрсынұлының идеяларын нақты практикаға енгізсе, ұлттық білім жүйесі сапалық жаңа деңгейге көтеріледі.

Ғалымның «баулу мектебі» туралы идеясы — қазақ педагогикасының алтын қазынасы, бүгінгі заман талабы тұрғысынан алғанда, өзектілігі арта түскен рухани-ғылыми мұра. Ол мектепті тек білім беру мекемесі емес, іс-әрекетке, еңбекке, өмірге бейімдейтін тірі орта ретінде сипаттап, оқытудың тиімді формасы ретінде баулуды ұсынды.

Ахмет ұсынған оқытудың төрт сатысы – *өлі оқу, төте оқу, көрнекі оқу және баулу* – бүгінгі білім беру тәжірибесіндегі көптеген мәселелердің шешімін табуға бағыт береді. Бұл сатыларды теориялық тұрғыда саралай отырып, біз білім беру жүйесінде іс-әрекетке негізделген, тәжірибеге жақын, тұлғаға бағытталған оқытудың маңызын терең ұғына түсеміз.

Зерттеу нәтижелері негізінде мынадай қорытындылар жасалды:

Баулу мектебі – білім беру мазмұны мен әдісінің тұтас жүйесі. Ол оқушыны өмірге бейімдеуге, қоғамда белсенді болуға дайындайды.

Ахмет Байтұрсынұлының идеялары қазіргі құзыреттілікке негізделген, құндылыққа бағытталған білім беру моделімен толық үндес.

Қазақтың дәстүрлі тәрбиесі мен бүгінгі заман талабын сабақтастырған «баулу» ұстанымы ұлттық кодты сақтаудың және оны жаңғыртудың бір жолы.

Бүгінгі мектептерде бағдарлама өзгергенімен, оны жүзеге асыратын мұғалімнің түсінігі мен әдістемесі де жаңаруы керек.

Ұсыныстар:

1. Ахмет Байтұрсынұлының баулу мектебі моделі негізінде қазіргі оқу бағдарламаларын жетілдіру қажет. Әсіресе бастауыш және негізгі мектеп сатыларында оқытудың тәжірибеге, әрекетке, өмірмен байланысқа негізделуіне басымдық беру керек.

2. Мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеяларын тереңдетіп оқыту ұсынылады. Бұл – болашақ педагогтардың ұлттық және практикалық негізде ойлай алуына сеп болады.

3. Оқушылардың өмірлік дағдысын, құндылықтық бағдарын дамытуға бағытталған арнайы «баулымалы сабақ үлгілері» мен әдістемелік нұсқаулықтар жасақталуы қажет.

4. Мектеп ортасын тек оқу орны емес, «қоғамдық ұйым» сипатында дамыту – оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттырады, бұл – баулу мектебінің тағы бір маңызды ұстанымы.

5. «Ахметше баулу» ұстанымын жаңғырту – ұлттық педагогиканың заманауи моделін қалыптастырудың негізі бола алады. Бұл идеяны тәжірибеге енгізу үшін ғылыми–зерттеу жобалары, пилоттық мектептер ашу қажет.

Ахмет Байтұрсынұлының «баулу мектебі» – тек өткеннің үлгісі емес, келешекке бағытталған жаңғыру жолы. Оның ұлтқа деген жанашырлығы, бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі мен жаңашыл педагогикалық ұстанымы – бүгінгі ұстаздар мен білім беру саясатын жүргізушілер үшін үлкен бағдар.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. //Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары: алты томдық шығармалар жинағы. 6-том: Мақалалар, хаттар. А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 383 б.
3. А. Байтұрсынұлы тағылымы: А. Байтұрсынұлының 130 жылдық мерейтойына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, 23-24 мамыр / Х.М. Нұрмұқанов, Мәжітаева Ш. М. (жауапты редактор), Әділова А.С., Тұрсынова М.А. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – 209 б.
4. Ұлағатты ұлт ұстазы: анықтамалық-көрсеткіш /құраст.: Р.Имаханбетова, Қ.Байдебеков. – Алматы: Сардар, 2010. – 273 б.
5. Алпысбес М. (профессор). Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын зерттеудегі тарихи аспектілер // Отан тарихының өзекті мәселелері: «Ахмет Байтұрсынов феноменін зерттеу және зерделеу»: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Нұр-Сұлтан, 2020. – Б. 11-21.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛЕРІ

Байжуманова Б.М.

Ө.А.Жолдасбеков атындағы №9 IT лицей мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

Әр ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігі – өзінің әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін ұрпақтан-ұрпаққа сақтау. Қазақ халқының салты, дәстүрі мен ғұрыптары бірнеше ғасырлар бойы қалыптасты. Қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына көшпелі өмір салты мен мұсылман діні үлкен әсер еткен. Қазіргі уақытта жас ұрпақтың өткен тарихқа деген қызығушылығы қайта жанданып отыр. Бұл – табиғи қажеттілік, өйткені адамдар өздері туған, өмір сүретін жердің тарихын білуі керек, болашақ ұрпағына дәстүрді, салтты жеткізуі керек. Уақыт өткен сайын біздің бабаларымыздың өткені туралы соғұрлым қиындай түсетіні анық: себебі кейбір салттар ұмыт болады, не болмаса заманға сай өзгерістерге ұшырап отырады. Сондықтан, қазақ халқының мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтау, зерттеу – өзектілігін жоғалтпайтын міндеттердің бірі. Батыр жазушы Бауыржан Момышұлы өз жазбаларында: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен солдаттың басында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде

халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы зор екеніне көзім жетті», - деген екен. Демек, салт-дәстүр – қазақ халқының мызғымас заңы деп қабылдағанымыз жөн.

Белгілі қоғам қайраткері, заңгер Н.Шайкенов: «Ұлт дәстүрі – заңнан биік», - деген. Яғни, салт-дәстүрін сақтай білген ел – мықты да тұғыры биік ел. Қазақ жұрты ұрпақтан ұрпаққа үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым, тыйыммен ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен тәрбиелеп, бойларына сіңіріп өсірген. Ұлттық тәлім, салт-сананың адамгершілік тәрбиесіндегі ең сенімді жол екенін дәлелдеп берді. Осы жол арқылы Отансүйгіштік, ерлік, жомарттық, жанашырлық, жоғары адами қасиеттер дарыды.

Қазақ мәдениеті, қазақ халқының тұрмысы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында кеңінен көрініс тапқан. Бұл қазақ әдебиетінің алғашқы тарихи романы болып табылады. Роман-эпопеяда автор қазақ халқын, оның ұлттық салт-дәстүрлерін энциклопедиялық деңгейде жан-жақты көрсеткен. Мұнда халқымыздың этнографиялық, діни, мәдени дәстүрлері бар: жазғы жайлауға көшу, үйлену тойлары және құдалық, өлім, жоқтау, жұт, сайлау, билік ету, табиғат пен аң аулау, және тағы басқалары. Бұл дәстүрлерде ата-бабалардың ғасырлық даналығы, барлық өмірлік кезеңдеріне қатысты салттары бар: туылғаннан бастап өлімге дейін. Мұхтар Әуезов ең танымал әдет-ғұрыптар, отбасындағы маңызды оқиғаларға қатысты дәстүрлерді өте қанық етіп сипаттайды. Алғашқы томның «Өрде» деген бөлімінде жазушы қалың мал дәстүрін баяндайды. Қазақ халқының менталитетін диалогтар, салыстыру, адамдардың пікірі арқылы толық көрсетіп өткен:

«Қалың мал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс – бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді. Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіт деп, Алшынбай ауылы күміс тартқан. Ол күмістің аты – тайтұяқ, мына бесік жамбыдан кіші еді. Құда, құдағи келген күні түнде-ақ барлық кең жазық сый құдалардың қандай мырзалықпен келіп қалғанын білген еді. Сол түннің өзінде Алшынбайдың барды аямай, мырзалыққа мырзалық орай етіп көсілетіні мәлім болған»

Қалың малға байланысты жазушы Спандияр Көбеевтің «Қалыңмал атты үлкен романы бар. «Мен ат-тон айыбымен қалың мал қайтартпақшы болдым ғой» (С.Көбеев). Романда қалың мал дәстүрінің әлегімен қатар, оның қоғам үшін проблемалық сипатын да көрсетіп өткен. Құда түсу рәсімінен кейін, дала заңы бойынша, күйеу жігіт «қалың мал» төлеуге тиісті саналған. Бұл – бұзылмаған ежелгі дәстүрлердің бірі. Оның мөлшерін екі жақ келісе отырып шешетіні белгілі. Деректерге сүйенсек, қалың малдың «қырық жеті», «отыз жетінің бүтіні», «отыз жеті», «отыз жетінің жартысы», «жақсылы отыз жеті», «жиырма жеті», «он жеті», «домалақ қалың мал», «домалақ бата» сияқты түрлері болған. Одан бөлек той мал, сүт ақы, күйеу апаратын ілу (жоғарыдағы мысалда сипатталған), өлі-тірі апаратын, тағы басқа көптеген бағалы кәде, жоралар да болады. Кеңес үкіметі заманында «қызды малға сату» деген айып та тағылған болатын. Ал шын мәнінде, қыздың жасауы «қалың мал» мөлшерінен кем болмаған.

Қазақ жастарын тәрбиелеуде салт-дәстүрдің алатын орны зор. Уақыт сынынан өткен олар ұлттық болмыстың қалыптасуына негіз болады. Бір қызығы, қазақ қашанда салт-дәстүрді мызғымас нәрсе емес, тарихта өзгеріске ұшырайды деген пікірде болған. Оған дәлел: «Әр дәуірдің салты басқа, иттері қара қасқа» деген халық даналығы. Әрбір жаңа ұрпақ ең жақсы дәстүрлерді сақтауға ұмтылады, бұл олардың түп-тамырын, шығу тегін есте сақтауға және ата-бабаларын құрметтеуге мүмкіндік береді. Қазақ халқының VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей көне жазба ескерткіштерінен бастап ғасырлар қойнауынан бастау алған мол рухани мұрасы бар. Қазақстан – қыран қанатының елі.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының әрбір дәстүрінің түбінде үлкен мағына, терең мән жатыр. Мұның барлығы да өскелең ұрпақты тәрбиелеуде зор құндылық, құнды тәрбие құралы екені анық.

Дана халықтың қалыптастырған әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және күнделікті өмірде қолдану –адастырмас сара жол. Мұны отбасында ата-ана, мектепте ұстаз, көпшілік ортада ақсақалдар жастарға үйретіп, айтып отырса, ұтарымыз көп болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ералы Оспанұлы. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» иллюстрациялық кітабы. 2014. — № 10. —Б. 54-58.

2. Абжан Г.М., Абылханова Г.А. Обычаи и традиции Казахстана // Современные наукоемкие. – 2014. - № 10 С.54-58.

БАСТАУЫШ ДЕҢГЕЙДЕГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЛЕКСИКА МЕН ГРАММАТИКАНЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

З. Балтаева[1], А. Мухтарханова[2]

[1]2-курс магистранты, Астана халықаралық университеті, [2]П.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Ағылшын тілін үйретудің бастапқы кезеңінде лексика мен грамматиканы оқыту оқушылардың тілдік дамуы үшін маңызды болып табылады. Лексикалық және грамматикалық дағдылар бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, оларды бөлек қарастыру тіл үйрену процесінің тиімділігін төмендетуі мүмкін [1]. Көп жағдайда бастауыш деңгейдегі оқушылар жаңа сөздерді жаттап, грамматикалық құрылымдарды кейінірек үйренуге бағытталады, бұл олардың сөйлеу және жазу қабілеттерінің толық дамуына кедергі жасайды.

Сонымен қатар, қазіргі тіл біліміндегі зерттеулер көрсеткендей, лексика мен грамматиканы интеграциялап оқыту оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жылдам және нәтижелі дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл сабақтағы оқу әрекеттерін логикалық және жүйелі етіп, тілдік бірліктерді қолдану қабілетін нығайтады. Сондықтан, бастапқы деңгейдегі оқушыларда лексика мен грамматиканы интеграциялау тәсілдерін зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыдан өзектілігін жоғалтпайды. Бұл тақырып ағылшын тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге, сабақ жоспарларын тиімді ұйымдастыруға және оқушылардың тілдік дағдыларын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Сөздік қорды меңгеру шетел тілін үйренудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, себебі жаңа сөздердің мағынасы оқу құралдарында немесе сыныпта жиі назарға алынады. Сөздік қор тіл үйретудің орталық элементі болып саналады және тіл үйренушілер үшін ерекше маңызға ие, себебі шектеулі лексика тілде тиімді қарым-қатынас жасауға кедергі келтіреді [2]. Осы бағыттағы зерттеулер бойынша, Норберт Шмитт лексикалық білімнің коммуникативтік қабілеттіктің және екінші тілді игерудің орталық элементі екенін тұжырымдайды. Лексикалық білім тілдік қолдануға мүмкіндік береді, ал тілдік қолдану өз кезегінде лексиканы арттыруға ықпал етеді. Лексиканы жеткілікті деңгейде меңгеру екінші тілді тиімді қолданудың негізі болып табылады және барлық тілдік дағдыларға – тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу – тікелей әсер етеді [3].

Тіл үйренуде лексикамен қатар грамматикалық дағдылары меңгеру де аса маңызды рөл атқарады. Грамматика тілдік құрылымдарды дұрыс қолдануға мүмкіндік береді, сөйлеу мен жазудағы сөйлемдерді толық және мағыналы құрауға көмектеседі. Зерттеулер көрсеткендей, грамматикалық білім мен лексикалық білім өзара байланысты және бірігіп оқытылған жағдайда оқушылардың коммуникативтік дағдыларын тиімді түрде дамытуға ықпал етеді.

Грамматика мен лексиканы біртұтас жүйе ретінде меңгеру сабақтағы оқу әрекеттерін логикалық және жүйелі етеді, тілдік бірліктерді дұрыс қолдану қабілетін нығайтады. Бұл тәсіл әсіресе бастапқы деңгейдегі оқушылар үшін маңызды, себебі грамматикалық құрылымдарды тек теориялық тұрғыдан оқыту олардың сөйлеу және жазу қабілеттерін шектей алады.

Бастауыш деңгейдегі оқушыларға ағылшын тілін оқытқанда лексика мен грамматиканы біртұтас жүйе ретінде үйрету олардың тілдік дамуын тиімді арттырады. Қазіргі педагогикалық әдебиетте осы бағытта бірнеше әдіс-тәсіл ұсынылған.

1. Қарым-қатынасқа негізделген тәсіл (Communicative Language Teaching, CLT). Бұл тәсілде жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдар нақты коммуникативтік контексте

бірлесіп оқытылады. Мысалы, «present simple» уақытын үйрету кезінде оқушылар күнделікті іс-әрекеттер туралы сөйлемдерді құрау арқылы жаңа сөздерді қолданады. Бұл тәсіл оқушыларға тілдік бірліктерді нақты қарым-қатынас барысында қолдануға мүмкіндік береді және сөйлеу дағдыларын дамытады [4].

Мысалдар:

Present Simple шағын меңгерту

Мұғалім жаңа сөздерді таныстырады: play football, read books, go to school, watch TV, have breakfast.

Оқушыларға сұрақ-жауап үлгісі беріледі:

What do you usually do after school?

I play football and read books.

Осыдан кейін оқушылар жұппен жұмыс істеп, бір-бірінің күн тәртібі жайлы сұрайды. Бұл жерде грамматика (Present Simple) мен лексика (күнделікті іс-әрекеттер) бір уақытта қолданылады.

Food and drinks + Countable/Uncountable nouns

Лексика: apple, bread, milk, rice, tea.

Грамматика: some/any, much/many.

Жаттығу: – Have we got any rice? –Yes, we've got some rice, but we haven't got any apples.

Сыныпта дүкен ойынын ұйымдастыруға болады. Оқушылар сатушы мен саты алушы рөлін ойнайды. Бұл оқушыға сөздердітек жаттауға емес, сөйлеу кезінде қолдануға мүмкіндік береді.

Talking about hobbies (Like/Don't like)

Жаңа сөздер: draw pictures, play the guitar, ride a bike, swim.

Грамматика: I like/I don't like + V-ing.

Жаттығу: – Do you like swimming? – Yes, I like swimming, but I don't like playing the guitar.

Оқушылар шынайы пікірін айтып, сыныптастарын тыңдайды. Бұл кезде грамматикалық құрылымдар механикалық емес, мағыналы сөйлеу үшін қолданылады.

2. Лексикалық тәсіл (Lexical approach) тіл үйретуде оқушыларға жаңа сөздерді жеке түрде емес, дайын сөз тіркестері мен грамматикалық үлгілер арқылы меңгертуді мақсат етеді. Бұл тәсілдің артықшылығы – тіл үйренушілер сөзді бөлек жаттап қана қоймай, оны қандай сөздермен бірге қолдануға болатынын үйренеді [5]. Мәселен, ағылшын тілінде "do homework" немесе "make a cake" деген тіркестерді біртұтас етіп жаттау оқушыға әлі лексиканы, әрі грамматикалық үлгіні бір мезгілде меңгеруге көмектеседі. Егер оқушылар тек "do" етістігін немесе "cake" зат есімін жеке білсе, олар сөйлем құрастыруда қиналуы мүмкін. Ал дайын тіркестер арқылы үйрегенде, олар сөйлемді табиғи әрі дұрыс құрай алады.

Мұндай тәсілдің тиімділігін арттыру үшін мұғалім сабақ барысында коллакацияларды (сөздердің тұрақты тіркесуі) жиі қолдануға назар аударуы керек. Мысалы, "go" етістігімен бірге қолданылатын тіркестерді үйреткенде, оқушыларда "go shopping", "go to school", "go to bed" сияқты тіркестерді жаттайды. Кейін оларды өз өмірімен байланыстырып сөйлеу тапсырмаларын орындайды. Сабақта оқушылар бір-біріне сұрақ қойыпб күнделікті өмірлері туралы сөйлеседі: *What do you usually do in the evening? – I go shopping with my mother and then I go to bed early.* Мұндай жаттығулар оқушылардың сөйлеуге деген қажеттілігін тудырып, жаңа сөздер мен грамматикалық үлгілерді бір уақытта бекітеді.

Сондай-ақ, мұғалім дайын сөйлем үлгілерін беру арқылы оқушыларды еркін сөйлеуге үйрете алады. Мысалы, "In a cafe" тақырыбында оқушылар "have a cup of tea", "order pizza", "pay to bill", "make an order" сияқты тіркестерді қолдана отырып, рөлдік ойын ойнайды. Бір оқушы – даяшы, екіншісі – сатып алушы рөлін атқарады: *Can I have a cup of tea, please? – Sure. Would you like to order pizza? – Yes, please. Can I pay the bill now?* Мұндай тапсырмалар оқушыларды шынайы қарым-қатынасқа жақындатса, сонымен бірге грамматикалық құрылымдарды автоматты түрде қолдаунға үйретеді.

Жалпы алғанда, лексикалық тәсіл бастауыш деңгейдегі оқушылардың сөйлеу мн жазудағы тілдік дәлдігін арттырып, сөздік қорды грамматикалық құрылымдармен бірге

қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тек сөздерді жаттау емес, оларды дұрыс қолданыста меңгерту арқылы оқушылардың шынайы қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады.

3. Жобалық және тапсырмалық тәсілдер (Task-based Learning). Оқушылар нақты тапсырмалар арқылы лексика мен грамматиканы бірге қолданады. Мысалы, «сатып алу» тақырыбында рөлдік ойын арқылы диалог құру, карточкалармен заттарды сұрау-жауап беру және қысқа мәтіндер жазу сабақта лексикалық және грамматикалық дағдыларды біріктіруге мүмкіндік береді. Мысалы, “shopping” тақырыбы бойынша сабақ үш негізгі кезеңнен тұруы мүмкін.

Ең бірінші – дайындық кезеңі (pre-task). Мұғалім оқушыларға жаңа сөздер мен құрылымдарды таныстырады: apple, banana, bread, milk, How much is it?, I want… сияқты сөздер мен сөйлем үлгілерін суреттер арқылы үйретеді. Оқушылар “shopping list” жасап, өздерінің не сатып алатынын айтады: I want an apple and milk.

Екінші – негізгі тапсырма кезеңі (task stage). Оқушылар “дүкен” рөлдік ойынына қатысады. Біреуі – сатушы, екіншісі – сатып алушы. Мысалы:

Can I have some bread, please?

– Here you are.

– How much is it?

– It’s 150 tenge.

Осылайша оқушылар жаңа сөздерді сөйлеу барысында қолданады және грамматикалық құрылымдарды табиғи контексте бекітеді.

Үшінші кезең – қортынды (post task) деп аталады. Сабақ соңындаоқушылар қысқа жазбаша тапсырма орындайды. Мысалы, “My shopping day” атты 3-4 сөйлемнен тұратын мәтін жазады. I went to the shop. I bought apples and milk. It was fun. Сонымен қатар, сыныпта шағын пікірталас ұйымдастыруға болады: What do you like to buy? Where do you buy food?

Мұндай қарапайым тапсырмалар оқушылардың лексикалық қорын байытып қана қоймай, грамматикалық құрылымдарды нақты жағдаяттарда қолдаунға мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, тапсырмалық тәсіл оқушылардың қызығушылығын арттырып, шынайы қарым-қатынасқа бағытталған тілдік әрекет дағдыларын дамытады [6].

4. Ойынға негізделген оқыту (Game-based Learning). Интерактивті ойындар лексика мен грамматиканы біріктіріп меңгеруге тиімді құрал болып табылады. Мысалы, «matching games», сөздік карточкалар, рөлдік ойындар арқылы оқушылар жаңа сөздерді грамматикалық құрылымдармен байланыстырып қолданады. Бұл тәсіл оқушылардың мативациясын арттырып, тілдік бірліктерді есте сақтауды жеңілдетеді [7].

Мысалы, “What’s missing?” ойынында мұғалім тақтаға бірнеше заттың суретін іледі (apple, banana, bread, milk), содан кейін біреуін өшіріп тастайды. Оқушылар “What’s missing?” деген сұраққа “The milk is missing” деп жауап береді. Бұл ойын артикльдерді (a, an, the) және зат есімдердің жекеше-көпше түрін бекітуге көмектеседі.

Тағы бір мысал – “Find someone who…” ойыны. Мұнда оқушылар сынып ішінде жүреді де, сыныптастарынан сұрақ қояды: “Do you like apples”, “Do you drink milk every day?” деген сияқты. Олар жауаптарды дәптерге белгілейді және сабақ соңында нәтижесін айтады: “Aruzhan likes apples, but she doesn’t drink milk”.

Бұл ойын оқушыларға лексика мен грамматиканы (present simple, question forms) бір уақытта қолдануға мүмкіндік береді, ал ойын форматы сабаққа қызығушылық пен белсенділікті арттырады.

5. Контекстке негізделген оқыту (Contextual Learning). Жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдар мәтіндер немесе нақты өмірлік ситуациялар арқылы үйретіледі [8]. Бұл тәсілде тілдік бірліктер мағыналы контекстке беріліп, оқушылар олардың қолданулуын нақты жағдайлармен байланыстыра түсінеді. Мысалы, мұғалім оқушыларға “At the zoo” тақырыбында қысқа мәтінді ұсынады. Мәтінде lion, elephant, zebra, big, small, run, eat сияқты сөздер кездеседі. Мәтінді оқығаннан кейін оқушылар жаңа сөздерді біліп, оларды сөйлемдерде пайдаланады. The lion is big., The zebra runs fast., Elephants eat grass.

Содан кейін оқушылар мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді: Where is the lion?, What do elephants eat? Осы арқылы олар жаңа сөздерді сөйлем ішінде дұрыс қолдануды және to be етістігінің түрлерін бекітеді.

Сабақтың соңында оқушылар өздерінің сүйікті жануарлары туралы қысқа әңгіме жаза алады. My favorite animal is a cat. It is small and funny. Осылайша контекстке негізделген оқыту жаңа лексикалық және грамматикалық материалды есте сақтауды жеңілдетіп, оны мағыналы қолдануға бағыттайды. Бұл тәсіл оқушылардың тілдік түсіну қабілетін дамытып, жаңа ақпаратты ұзақ мерзімге есте сақтауға мүмкіндік береді.

Осы тәсілдердің барлығы бастауыш деңгейдегі оқушылардың лексикалық және грамматикалық дағдыларын бірлесіп дамытып, сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу қабілеттерін тиімді түрде жетілдіруге бағытталған.

Қорытынды

Бастауыш деңгейдегі ағылшын тілін оқытуда лексика мен грамматиканы интеграциялау – оқушылардың тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға бағытталған тиімді әдістемелік бағыт болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, лексикалық және грамматикалық материалды бір-бірінен бөлек емес, өзара байланысты түрде оқыту оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін арттырады және шынайы қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Қарым-қатынасқа негізделген, лексикалық, тапсырмалық, ойын және контекстке негізделген тәсілдер сабақтағы оқу әрекеттерін мағыналы әрі қызықты етеді. Мұндай тәсілдер оқушылардың тілдік материалды тез жаттап қана қоймай, оны нақты жағдаяттарда еркін қолдануына жағдай жасайды. Сонымен қатар, ойындар мен рөлдік тапсырмалар оқушылардың мотивациясын арттырып, сөйлеу белсенділігін дамытады, ал контекстке негізделген оқыту жаңа білімді терең түсінуге және ұзақ мерзімге есте сақтауға ықпал етеді. Осылайша, лексика мен грамматиканы интеграциялау бастауыш деңгейдегі оқушылардың тілдік қорын кеңейтіп қана қоймай, олардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу сияқты барлық негізгі дағдыларын біртұтас дамытуға мүмкіндік береді. Бұл бағытты одан әрі жетілдіру шетел тілін оқыту сапасын арттырып, заманауи әдістемелік тәжірибелерге негізделген тиімді оқу ортасын қалыптастыруға жол ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Brinchmann E. I., Braeken J., Lyster S. A. H. Is there a direct relation between the development of vocabulary and grammar? //Developmental science. – 2019. – Т. 22. – №. 1. – С. e12709.

2. Alqahtani M. et al. The importance of vocabulary in language learning and how to be taught //International journal of teaching and education. – 2015. – Т. 3. – №. 3. – С. 21-34.

3. Schmitt N., Schmitt D. Vocabulary in language teaching. – Cambridge university press, 2020.

4. Richards J. C., Rodgers T. S. Approaches and methods in language teaching. – Cambridge university press, 2014.

5. Lewis M. The lexical approach. – Hove : Language teaching publications, 1993. – Т. 1. – С. 993.

6. Ellis R. Principles of instructed language learning //System. – 2005. – Т. 33. – №. 2. – С. 209-224.

7. Рыспаева Д. С., Ахметова Г. С., Искакова Г. Ж. Бастауыш сыныпта ағылшын тілі сабағында ертегілерді лексиканы оқытудың тәсілі ретінде қолдану //Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2022. – №. 2. – С. 102-111.

8. Ерыкина М. А. Методика интеграции аутентичного песенного материала в систему средств обучения иностранному языку (английский язык; неязыковой вуз) //Москва. – 2017.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бестерекова Р.Н.

№133 мектеп-гимназия» мұғалімі, Алматы, Қазақстан.

Жалпы Мағжан шығармашылығының өзегі неде, күші қандай деген сұрақтарға кезінде ақын шығармашылығына байыпты барлау жасап, әділ пікір айтқан Ж.Аймауытов былай дейді:

«Мағжан ақын ба, ақын емес пе? – деген сұрауды қоюда мағына жоқ. Оны ақын емес деп таласушы бола қоймас. Жалғыз-ақ ақындық күші қандай деген сұрауды қою керек. Бұл сұрауға Мағжанды күшті ақын деп жауап береміз. Несімен күшті? Тыңнан тапқан жас пікірімен бе, болмаса терең ой, терең пәлсапасымен бе, әлде қазақтың өткен-кеткенін, бүгінгі өмірін айнаға түсіргендей көрсетіп, келешекті болжап пайғамбарлық еткенімен бе? Жоқ, бұлардың бірі де емес. Мағжан терең ойдың ақыны емес, ол заманды суреттеуге шебер емес. Ол келешекті болжап, жұртты соңына ертетін пайғамбар ақын да емес. Мағжан – сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, Маржандай тізілген торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен шерлі, мұңды зарымен күшті» [1, 320-б.].

Ол сыршыл толғағыш, суретші, сөз ұстасы, түршіл, романтик, мәдениетшіл, отаршылдыққа, жауынгерлікке қарсы күншығысшыл ақын» Ендеше Мағжанды ақын ретінде, азамат ретінде жас ұрпаққа осы тұрғыдан таныту қажет.

Жалпы білім беретін орта мектептің қазақ әдебиеті бойынша М.Жұмабайұлы шығармашылығына бас-аяғы 17 сағат бөлінген. 5 сыныпта «Жүсіп хан» 3 сағат. 6 сыныпта «Мен жастарға сенемін! 3 сағат бөлінген. 7 сыныпта «Сүйемін», «Жазғытұрым» 3 сағат. 8 сыныпта «Тез барам», 3 сағат. 11 сыныпта өмірі мен қызметі, өлеңдері. «Батыр Баян» 5 сағат. Ал 9 сыныптан бастап қазақ әдебиеті тарихи-хронологиялық жүйемен оқытылатындықтан (9 сыныпта – ауыз әдебиеті үлгілері мен XVIII ғасыр әдебиеті, 10 сыныпта – XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті) бұл сыныптарда Мағжан шығармашылығы бағдарламаға енгізілген.

Қазақ әдебиетінің оқу бағдарламасында Мағжан Жұмабайұлы шығармашылығына 10 сағат бөлінген. Оқуға ақынның төменде көрсетілген өлеңдері мен поэмалары берілген.

1-кесте – Күнтізбелік жоспар

11-сынып	3 сағат	М.Жұмабайұлы өмірі, шығармашылығы. «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» поэмасы
10-сынып	жоқ	
9-сынып	2 сағат	М.Жұмабайұлы «Пайғамбар» өлеңі. М.Жұмабайұлы «От» өлеңі
8-сынып	3 сағат	М.Жұмабайұлы «Түркістан» өлеңі. «Батыр Баян» поэмасы
7-сынып	1 сағат	М.Жұмабайұлы «Сүйемін» өлеңі
6-сынып	1 сағат	М.Жұмабайұлы «Мен кім?», «Қара бұлт» өлеңдері

2-кесте – Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша

11-сынып	жоқ	
10-сынып	жоқ	
9-сынып	жоқ	
8-сынып	жоқ	
7-сынып	6 сағ	М.Жұмабайұлы «Батыр Баян» поэмасы
6-сынып	жоқ	

Ақын шығармашылыған мектепте оқытудың жайы қандай болып келді деген сұраққа жауап беру үшін 11-сыныптың әдебиет пәніне арналған оқу бағдарламасынан нақты үзінді алып көрейік: «Өмірі мен творчестволық жолы. Өлеңдерінің басты өзегі – еңбекші халықтың ауыр халі, әйел азаттығы, рухани қанауды, қатыгездікпен озбырлықты жою, адамгершілік, таза махаббат.

Ұлт-азаттық күрес, Октябрь революциясы, оқу-ағарту мәселелері.

«Батыр Баян – күрделі этикалық поэма. Ақынның шығармашылық мұрасы тұтас алғанда ірі дарын иесі екендігін айғақтап, ізгілік, демократия идеяларымен астасып жатады».

Мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне Мағжан поэзиясына оқытуда осындай бағыт-бағдар берілген. Біздің ойымызша, біріншіден, мұндай бағыт ақын ретінде Мағжанды тануға толық әрі жан-жақты мүмкіндік бере алмайды. Өйткені, ақын шығармашылығының негізгі өзегі, жоғарыда аталған өзіндік ерекшеліктері көрсетілмеген. Екіншіден, көркем туындыға деген эстетикалық талғам, өзіндік ой-пікір қалыптастыру мүмкін емес. Себебі, ақын

шығармашылығының эстетикалық құндылығынан гөрі (ал оп ең басты ерекшелігі ғой) тарихи, саясат, тұрмыстық тұрғыдан қарастырып, қалыптасып қалған қасаң пікірден ұзай алмайды. Дәл осындай кемшілік басқа сыныптарда берілген өлеңдерін оқытудың бағдарламасында да бар.

Енді жаңа буын оқулықтарына арналған оқу бағдарламасына көңіл аударайық. Мұнда біршама ілгері басқандық бар, өйткені ақын өлеңдерінің көркемдік қуатына көп көңіл аударылады дегенмен, мұнда да біржақтылық байқалаады. Мысалы, 5 сынып оқулығында Мағжанның 3 өлеңі «Балалық шақ», «Қысқы жолда», «Сағындым» ғана берілген. Бағдарламада осыған қатысты была деп көрсетілді: «Балалық шақ» өлеңіндегі жылы лиризм. Мағжан өлеңдерінің құрылысындағы, суреттеу құралдарындағы ерекшеліктері». Соңғы екі өлең туралы бағдарламада мүлде ештеңе айтылмаған. Бір қызығы, оқулық мазмұны мен бағдарлама қабыса бермейді. Мысалы, жоғарыда аталған «Балалық шақ» өлеңі бойынша оқулықта мынадай тапсырмалар бар.

1-тапсырма: Ақынның сөзінің мәні – балалық шақты патша тағына теңеп, осы бір қымбат уақытты құр жібермей, өнер үйреніп, білім алыңдар деген пікірін өз сөздеріңмен түсіндіріп беріңдер.

Бұл тапсырманы оқушы қалай орындамақ. Өйткені оқулық авторы ақынның өлеңдегі ойын өз сөзімен жеткізіп тұрған жоқ па? Оқушы одан артық енді не айтады? Егер тапсырма «өлеңнің бірінші шумағында ақынның айтып отырған өсиетін өз сөздеріңмен айтып көріңдер» десе бір сәрі еді. Бұдан басқа үш тапсырманың үшеуі де осы сиптата берілген.

Жоғарыда айтылғандай, Мағжан үгітшіл ақын емес, ол өлеңді күнделікті өмірдің қайшылығын суреттейтін күрес құралы ғана деп түсінбейді. Мағжанның тамыры тереңде. Оны түсіну үшін жоғарыда келтіргендей оның өлеңдерінің құр мазмұнын қуалап, үстірт талдауға болмайды. Дәл осындай бір жақты үстірт талдау 5 сынып оқулығында (жаңа оқулығында) «Сағындым» өлеңіне де ұсынылған. Көңіл аударыныз:

1-тапсырма: Ақын нені, кімдерді сағыныпты?

2-тапсырма: Ақын абақтыға кімдер үшін түсіпті?

3-тапсырма: Ақынның қайтпас, қайсар мінезін өлеңнің қай тұстарынан тануға болады? Ол ақынға мінездеме беруге көмектесе ме?

4-тапсырма: Өлеңдегі өзінді толқытып тебіренткен сөздерді, жыр жолдарын жаттап алыңдар.

Абақтыда жатқан адамның ауылын сағынғандығын айту үшін Мағжан болып өлең жазудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Өлеңге бұдан гөрі тереңірек барған дұрыс шығар мәселен, алпыстағы ағайын, туған, ел-жұртын еске алғанда неге үнемі Алтын, Күн, Қара жер, Жүйрік жел, Күміс көл ақынның аузына қайта-қайта түседі? Өзін табиғаттың ажырамас бір бөлшегі деп сезінетін, сонымен біте қайысып кеткен ақын Сарыарқаның сар даласын аңсамағанда қайтеді? Заман бөлек болса да, жалғыздық тағдырын арқалаған Абай ақынның өзінің ортасынан таба алмаған таянышты қара жерден іздеуі, бостандықты жүйрік желден іздеуі, жарықпене жылуды алтын күннен іздеуі, тазалықты мөлдіп көлден көруі ағаттық па? Әлде оны (табиғатты) сағынуы ағаттық па? Адам менен табиғаттың арасында бітпес жаулық орнап алған мына заманда экологиялық тәрбие үшін Мағжан өлеңдерінен артық қандай шипа бар екен. Жалпы Мағжан Мұрасында от пенен су, ай менен күн, күн мен түн. Кең дала ақынның дүниені, болмысты тану, қабылдау ерекшелігіне байланысты. Сол ерекшелікті, жалпы әр ақын-жазушының өзіндік ерекшелігін таныта білу – әдебиет пәнінің басты міндеті емес пе?!

Туған жерді жырламайтын, оқу-білімге үгіттемейтін, табиғатты суреттемейтін ақын жоқ. Содан соң тағы бір айта кетерлік жай – поэзияны айтып ұғындыру, талдап түсіндіру немесе баяндап беру мүмкін емес. Поэзияны сезіне білуге үйрету қажет деп ойлаймыз. Бұл жерде мәнерлеп оқудан артық әдіс әлі жоқ. Өлеңдегі ой мен сезімді бере білу үшін бұл жеткіліксіз. Ол үшін өлең теориясын, сонымен бірге интонация деген ұғымның бөліктерін жақсы білу керек, яғни дауысты күші, темпі, тембрі, әдістемесі дегендердің бәрі поэзияны сезінуге септігін тигізетін дүниелер. Оны ұстаз нәзік түсіне білуі керек. Өкінішке орай, мәнерлеп оқуға үйретудің толық әдістемесі жасалып, жинақталмай келеді.

Мағжан шығармашылығын оқытудың озық үлгісін жасап, оқушылардың санасына сіңіруге оңтайлы тәсілмен талдап берген әдіскер-ұстаз Қанипа Бітібаеваның әдістемесіне жүгініп көрейік.

11-сынып әдебиеті бойынша Мағжан өмірі мен шығармашылығын төмендегі үлгіде өтуге болады:

3-кесте – Сабақ жоспары.

Сабақ тақырыбы, мазмұны	**Әдіс-тәсілдері**	**Сабақ үлгісі**
1-сабақ: «Мен Мағжанды сүйемін» Ақынның ұшқан ұясы, қажылар әулеті, текті жерден шыққандығы,жалпы ақын туралы кіріспе сөз, Білім алған ордалары. Бейімбет Сайфи Құдаштармен Ғалия медресесінде білім алуы. Әдебиет әлеміне қанат қағуы. Омбы мұғалімдер семинариясындағы өмірі	Дәріс, оқушы хабарламалары (естелік, хат т.б. қосымша материалдардан жасалынады.) Әңгіме, пікірлесу, мәнерлеп оқу, кітаппен жұмыс (естеліктер, өлеңдер)	«Еске алу» сабағы
2-сабақ: «Мінекей, қазақ солай құрып кетпе.»Төңкеріске дейінгі қызметі. 1912 жылы бастырған тырнақалды «Шолпан»жинағы. Әйелдер тағдыры, халық, ел, туған жер тақырыбы (отарлық қоршауда жатқан) Өнер-білім міселелерін көтеру: «Шын сорлы», «Сорлы қазақ», «Туған жерім –Сасықкөл»	Түсіндірмелі әдіс. Мәнерлеп оқу. Практикалық жұмыстар. (Өлеңдерді талдау.) Проблемелық сұрақтар. Қосымша материалдар бойынша хабарламалар. (Ғылыми материалдар)	Практикалық тапсырмаларға негізделген іздендіру сабағы
3-сабақ: «Арыстанға қарсы ұмытылған мендей ер. Төңкерістен кейінгі қызмет, шығармашылығы.Алаш қозғаласына қатысуы, дүниетанымынидағы өзгерістер. Ұлтжанджы қлеңдері. М.Дулатовұа арнаулары, махаббат, табиғат лирикасы, т.б өлеңдерін талдау	Мұғалім дәріс әңгімесі, Практикалық жұмыстар (өлеңдерді талдау). Мінерлеп оқу. Салыстырмалы жұмыстар бойынша топтық, жұптық жұмыстар. Оқушылар реферат – баяндамасы (қысқаша). Мысалы: «Мағжан лирикалары– сұлулық символы». 2) Мағжан лирикаларындағы символизм, миф, фонтастика.	
4-сабақ: «Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң» Поэмалары «Қорқыт», «Батыр Баян» (1922-1927ж.) Ақынның әр түрлі тағдыр шырмауында жүріп, өткен өмірді жырлауы. Поэмадағы көтерген мәселелері	Түсіндірмелі әдіс, әңгімелер. Пікірлесу, шағын пікірталас, инсценировкалар көрсету.	Инсцениров калы сабақ («Батыр Баяннан» инсценировка жасау)
5-сабақ: «Кінәні жүрекке қойма маған»Ақынның өмірі, аянышты тағдыры туралы сыр Шығармашылығын қорытындылау. Мағжанның символдық, философиялық, трагедиялық жырлары, өлеңдеріндегі мистика, фонтастика сарындары, реализм, фольклорды жете пайдалануы, Еуропа, Батыс әдебиетінің, орыс әдебиетінің үлгісін қазақ әдебиетіне молынан әкелуі. Бай, поэтикалық тілі, ұлылығы айналасында сөз қозғау, аударма, мақала, прозаларына шолу. («Шолпанның күнәсі» әңгімесі, «Ақан сері», Наурыз туралы мақалалары т.б) Әдебиеттегі Мағжантану ғылымына шолу жасау.	Естелік, қосымша материалдар бойынша оқушы хабарламасы. Әңгіме-дәріс. Ғылыми мақалалар бойынша топтық жұмыстар. Оқушылардың толғау-мәселелері. 1. «Мені де, өлім әлдиле ?» (аянышты өмірі туралы) 2. «Азамат, анау қазақ қаным десең» (Мағжан –ұлт жанды потриот ақын.) «3. Мағжанды сүйемін, Европалығын, әшекейін сүйемін» (поэтикалық тіліне талдау)	Сыр толғау сабағы.

Мағжанның өмірі, шығармашылығы – тікелей сол өзі өмір сүрген дәуірдің картинасы. Әрине, жазықсыз репрессияға ұшырауы, оның басты себебі туралы айтқанда, пәнаралық байланыс, әсіресе, тарих пәнімен ұштастыру міндетті түрде керек. Тіпті 1-сабақтың өзін оқытуға негізделген дуэт сабақ ретінде (тарих пәні мұғалімімен бірлестіре) өтуге болады. (Дуэт сабақтар туралы осы еңбектің «Сабақ түрлері, үлгілері» деген тақырыбында арнайы сөз болады.) Мағжан өмір сүрген төңкеріске дейінгі кезең — патшаның отарлау саясатының әбден асқынып тұрған уақыты еді. Ұлтжанды ақын, көзі ашық, оқыған акын бұл трагедияға ат үсті қарамады. Сондықтан оның 1912 жылы шыққан «Шолпан»

жинағындағы көптеген өлеңдер осы отарлауға қарсы жазылған (Ахмет, Міржақыпта да солай.) Оған дәлел ретінде сол жинақта басылған «Туған жерім – Сасыққөл» өлеңің алуға болады. Ал төңкерістен кейінгі көптеген өлеңдері ақынның Алаш туралы, ұлт-азаттық, бостандық туралы толғаныстарына негізделген. Мағжан Қазан төңкерісін, елдегі жағдайларды құшақ жайып қарсы алмады.

Ақын өлендеріндегі элегиялық сипат, кейде торығу себептерін білу үшін, тарихи шындықты оқушыға тұжырымды түрде әңгімелеу, еске түсірудің маңызы ерекше. Тарих пәні мұғалімі ақын өмір сүрген қоғам бейнесінен сыр шертсе, әдебиетші мұғалім оның ақын шығармашылығына әсерін түсіндірер еді. Осы әдіс тек Мағжанға ғана байланысты емес, басқа да акын-жазушылар өмірі, шығармашылығын оқыту барысында ерекше назар аударып, пайдаланатын әдіс. Мағжан поэзиясындағы символизм, миф туралы сөз қозғағанда да, орыс әдебиетіндегі, Батыс әдебиетіндегі әр түрлі әдеби ағын, бағыттар, оның ақынға әсері сол пән мұғалімдерімен бірлесе шешілу керек. Оқушыға жан-жақты, әрі терең білім беруде осы мәселелердің маңызы зор. Сонымен, суреткер өмірі мен шығармашылығын өтуде пәнаралық байланыс, интегративтік оқытудың өзіндік орны бар. Өмірбаяндық шығармаларды да пайдалану тиімді болмақ.

Қорыта келгенде айтарымыз Мағжан Жұмабайұлы – ғасырлар белесінде әр заманда бір қылаң беріп қоятын көркемдік ойлау әлеміндегі Абайдан кейінгі үлкен бір құбылыс. Оған оның «Батыр Баян», «Қойлыбайдың қобызы», «Жан сөзі», «Жүсіп ханы». Тағы басқа да ірі-ірі шығармалары куә. Сол құбылыстың сырын ашып, жас ұрпақты шынайы суреттер арқылы поэзия бұлағынан сусындата білу, асыл менен жасыл, жақсы менен жаман, қатыгездік пен ізгілік, бір күндік пен мәңгілік секілді өмірлік мәселелерге қатысты көзқарас қалыптастыруда ақын мұрасын шебер пайдалана білу – әр ұстаздың асыл мұраты болуы керек. Әсіресе, жас ұрпақты ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеуде Мағжан Жұмабайұлытың өмірі мен шығармашылығын оқып үйрену, одан нәр алу – ұлы парызымыз.

Әдебиеттер тізімі:

Аймауытов. Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448б.

Жұмабайұлы М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: Мектеп, 2001. – 240 б.

Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқытудың әдістемесі, технологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 287 б.

МЕТОДИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В ПРЕПОДАВАНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В КАЗАХСКИХ КЛАССАХ: КОМПЛЕКСНЫЙ АНАЛИЗ И ПУТИ РЕШЕНИЯ

Байдильдинова Г.Т.

«Общеобразовательная школа с. Софиевка», Акмолинская область, Казахстан.

Преподавание русского языка и литературы в классах с казахским языком обучения представляет собой одну из наиболее сложных и многогранных задач современной лингводидактики в Казахстане. Ее актуальность определяется уникальным социолингвистическим контекстом: русский язык, обладая конституционным статусом официального языка, функционирует в условиях динамично развивающегося государственного казахского языка и растущего влияния английского как языка глобальной коммуникации. Эта триада формирует запрос на эффективное билингвальное и полиязычное образование, где владение русским языком выступает не только как самоцель, но и как инструмент для академического, профессионального и межкультурного взаимодействия.

Несмотря на стабильный спрос на русскоязычное образование, в том числе со стороны казахских семей, школьная практика сталкивается с рядом системных вызовов. К ним относятся: сокращение естественной русскоязычной среды, особенно в сельской местности;

несоответствие учебно-методических комплексов (УМК) реальным потребностям учащихся, для которых русский является неродным; методическая неготовность части педагогов к работе в условиях отсутствия языковой среды и культурной дистанции; а также недостаточная преемственность между нормативными требованиями образовательных стандартов и их практической реализацией на уроке.

Цель данной статьи — провести комплексный анализ методических проблем в преподавании русского языка и литературы в казахских классах, синтезируя данные социолингвистических исследований, анализ нормативно-правовой базы и обзор научной литературы. На основе этого анализа будут предложены научно обоснованные методические решения и практические рекомендации, направленные на повышение качества языкового и литературного образования в поликультурной среде Казахстана.

Языковая политика Республики Казахстан, закрепляя за казахским языком статус государственного, а за русским — официального, создает институциональные рамки для функционирования билингвального образования. Статистические данные последних лет свидетельствуют о структурной трансформации образовательной сети: наблюдается сокращение числа школ, ведущих обучение только на русском языке (за 5 лет их число уменьшилось на 190), и одновременный рост смешанных (полиязычных) школ. При этом доля учащихся, выбирающих русский язык обучения, остается стабильной на уровне 30–31%, что во многом поддерживается выбором казахских семей (доля казахских школьников, обучающихся на русском языке, выросла с 15,34% до 16,14% в период с 2015 по 2021 год).

Эти данные указывают на два ключевых тренда: во-первых, смешанные школы становятся основной платформой для реализации билингвального образования; во-вторых, русский язык сохраняет свою привлекательность как язык, открывающий доступ к образовательным и карьерным траекториям. Однако именно в этих условиях обостряются методические проблемы: в классах с казахским языком обучения русский фактически изучается как второй (неродной) или иностранный, что требует специфических подходов, отличных от методик преподавания русского как родного.

Государственный общеобязательный стандарт образования (ГОСО) и типовые учебные программы (в частности, утвержденные Приказом Министра просвещения №399 от 16.09.2022) формируют нормативный каркас преподавания. Программы для школ с нерусским языком обучения (Приложения 22, 48, 85 к Приказу №399) выстроены на основе компетентностного подхода и ориентированы на развитие всех видов речевой деятельности: слушания, говорения, чтения и письма. Начальная школа (2-4 классы, Приложение 22): закладываются основы грамотности, фонетических и лексических навыков, а также элементарных коммуникативных умений. Основная школа (5-9 классы, Приложение 48): акцент смещается на развитие функциональной грамотности, работу с текстами разных стилей (включая публицистический), написание эссе и освоение норм письменной речи. Старшая школа (10-11 классы, Приложение 85): цели усложняются до уровня B2-C1 (CEFR). Учащиеся должны овладеть навыками академического письма (научная статья, аннотация), публичных выступлений, критического анализа и интеграции информации из разных источников (включая графики и таблицы). Система кодифицированных целей обучения (например, 11.3.2 — «определять структурные, лексические и грамматические особенности текстов научного стиля») обеспечивает прозрачность и измеримость результатов. Однако на практике наблюдается разрыв между амбициозными целями программ и реальными условиями их реализации: дефицит учебных часов, недостаточная методическая проработка интеграции предметов и нехватка адаптированных учебных материалов.

Современная научная мысль движется от статичного понимания билингвизма (как сосуществования двух раздельных языковых систем) к концепции транслингвизма, которая рассматривает языковой репертуар индивида как единый, гибкий ресурс. Этот сдвиг имеет прямое методическое следствие: вместо того чтобы бороться с «интерференцией» родного языка, педагогика транслингвизма предлагает использовать весь языковой опыт ученика как опору для обучения. В условиях казахских классов, где преобладает учебный

(субординативный) билингвизм, формирующийся при дефиците языковой среды, такой подход особенно важен. Он позволяет осмысленно использовать сопоставительный анализ грамматических и лексических явлений казахского и русского языков, обучать переводческим стратегиям и развивать метаязыковую рефлексию.

Отсутствие естественной русскоязычной среды — ключевой вызов для большинства казахских классов, особенно в сельской местности. Общение на русском языке ограничивается рамками урока, что ведет к: - Низкой мотивации: ученики не видят практической необходимости в использовании языка. - Фоссилизации ошибок: закрепляются ошибки, связанные с интерференцией родного языка (в роде, падежах, предлогах, ударении). - Слабому развитию речевых навыков: особенно страдает спонтанная диалогическая и монологическая речь. Традиционные методы, ориентированные на изучение грамматических правил, в этих условиях оказываются неэффективными. Необходимы методики, искусственно создающие коммуникативные ситуации и повышающие мотивацию через игровые технологии, проектную деятельность и использование цифровых инструментов.

Проблема качества учебников по русскому языку и литературе для казахских школ обсуждается на протяжении многих лет. Критика касается нескольких аспектов: - Несоответствие методики: многие УМК построены так, будто русский язык является для учащихся родным, игнорируя необходимость системной работы над произношением, лексикой и типичными грамматическими трудностями. - Проблемы с содержанием: особенно остро это проявилось после реформы 2016-2017 годов, когда в учебниках литературы для казахских школ появились произведения, не соответствующие возрасту учащихся, фактические ошибки и спорные тематические подборки. Отказ от части классических произведений и их замена на тексты, не всегда обладающие высокой художественной ценностью, привел к снижению культурного и образовательного потенциала предмета. - Недостаток лингвострановедческого материала: учебники не всегда предоставляют достаточный культурный контекст, что затрудняет понимание реалий, стоящих за языковыми единицами и литературными произведениями.

Преподавание русской литературы в казахских классах сопряжено с проблемой культурной дистанции. Исторические, социальные и религиозные реалии русской классики могут быть чужды и непонятны современному казахстанскому школьнику. Без специальной методической работы (исторические комментарии, сопоставление с казахской литературой, визуализация контекста) урок превращается в формальный пересказ сюжета.

Интеграция русского языка и литературы в единый предмет, заложенная в обновленных программах, также породила риски. На практике это часто приводит к потере системности в изучении как языка, так и литературы: грамматика изучается бессистемно, а анализ текста подменяется выполнением языковых упражнений.

Решение многих из перечисленных проблем лежит в плоскости системного внедрения современных подходов:

Функционально-коммуникативный подход предполагает организацию обучения не вокруг грамматических тем, а вокруг тем и ситуаций общения. Урок строится по схеме: тема → микротемы → ситуации → речевые интенции (намерения) → языковые средства. Такой подход позволяет осваивать язык как инструмент для решения реальных коммуникативных задач (например, как пригласить в театр, как выразить несогласие, как запросить информацию).

Текстоцентрический подход делает текст центральной единицей обучения. Текст выступает не как иллюстрация к правилу, а как среда для формирования всех видов компетенций: читая текст, ученик осваивает лексику и грамматику, анализируя его — развивает критическое мышление, создавая собственный текст на его основе — совершенствует письменную речь.

В условиях дефицита языковой среды критически важную роль играют технологии: - Инструменты Web 2.0 (блоги, социальные сети, wiki, совместные документы): позволяют создавать аутентичную коммуникативную среду, организовывать проектную работу и

повышать мотивацию учащихся. - Технология CLIL (Content and Language Integrated Learning): интегрированное обучение предмету и языку. Изучение тем из биологии, истории или географии на русском языке позволяет осваивать язык в осмысленном контексте, формируя академическую лексику и функциональную грамотность.

Накопленный опыт казахстанских учителей и методические рекомендации позволяют сформулировать каталог эффективных приемов: - Для начальной школы: игровые технологии (сюжетно-ролевые игры, скороговорки, песни, загадки) для автоматизации произносительных навыков и создания положительного эмоционального фона. - Для средней школы: литературные диктанты, прием «тонких» и «толстых» вопросов для развития аналитических умений, ролевые диалоги по типовым ситуациям, мини-проекты. - Для старшей школы: сопоставительный анализ произведений русской и казахской литературы, анализ экранизаций, организация дискуссий и дебатов, написание эссе разных типов (аргументативное, сравнительно-сопоставительное).

Для системного решения проблем необходимы скоординированные действия на разных уровнях: На уровне разработки УМК: Проводить обязательную экспертизу учебников с привлечением практикующих учителей из казахских классов. Создавать УМК, изначально ориентированные на преподавание русского как неродного, с достаточным количеством материалов для отработки фонетики, лексики и грамматики. Разрабатывать регионально адаптированные тексты и тематические (идеографические) словари.

1.На уровне подготовки и повышения квалификации учителей: Внедрять в программы вузов и ИПК курсы по методике преподавания русского языка как неродного, функционально-коммуникативному подходу, CLIL и цифровым технологиям. Создавать сетевые сообщества учителей для обмена опытом и лучшими практиками.

2.На уровне мониторинга качества: Разработать и внедрить стандартизированные инструменты для оценки коммуникативных компетенций (диалогической и монологической речи), а не только грамматических знаний. Использовать портфолио и комплексные задания для отслеживания индивидуального прогресса учащихся. Методические проблемы преподавания русского языка и литературы в казахских классах носят системный характер и требуют комплексных решений. Простой перенос методик, предназначенных для русскоязычной аудитории, оказывается неэффективным. Ключ к повышению качества образования лежит в переходе к функционально-ориентированной модели обучения, где язык осваивается как средство для решения реальных жизненных и академических задач. Внедрение функционально-коммуникативного и текстоцентрического подходов, активное использование цифровых технологий и CLIL, а также совершенствование УМК и системы подготовки учителей позволят преодолеть существующие вызовы. Это не только повысит уровень владения русским языком, но и будет способствовать развитию критического мышления, межкультурной компетенции и функциональной грамотности учащихся — ключевых навыков, необходимых для успешной жизни в современном поликультурном мире.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТҰЛҒА МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІ: ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛІК ІЗДЕНІС

И.З. Ботырова[1], А.К. Курманова[2]

[1]3 курс студенті, [2] қауымдастырылған профессор, PhD, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесінің басты мақсаты – тұлғаның жан-жақты дамуын, рухани байлығын және құндылықтық бағдарын қалыптастыру. Бүгінгі білім алушыдан тек білім мен білік қана емес, сонымен қатар адамгершілік ұстаным, мәдениетаралық түсіністік пен әлеуметтік жауапкершілік талап етіледі. Осы тұрғыдан алғанда, тұлғаға бағдарланған және құндылық бағдарлы оқыту білім беру үдерісінің өзегіне айналып отыр. Бұл екі бағыттың

тоғысуы білім сапасын арттырумен қатар, оқушының ішкі әлеуетін ашуға, оның рухани және азаматтық бейнесін қалыптастыруға жол ашады.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде тұлға мен құндылықтың өзара байланысы ерекше мәнге ие. Өйткені тіл – ұлттық мәдениеттің, дүниетаным мен рухани мұраның басты тасымалдаушысы. Қазақ тілін меңгеру арқылы оқушылар тек тілдік нормаларды үйреніп қана қоймай, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіреді. Демек, тілді оқыту тек қатысымдық мақсатпен шектелмей, тұлғаның рухани дамуына бағытталуы тиіс. Тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы оқушының жеке ерекшеліктерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеріп, оны оқу әрекетінің белсенді субъектісіне айналдыруды көздейді. Ал құндылық бағдарлы оқыту осы әрекеттің мазмұнын адамгершілік, ұлттық және мәдени құндылықтармен байытады. Екі бағыттың бірлігінде білім алушы өз ойын еркін жеткізіп, өзгелердің пікірін құрметтеуге, ұлттық болмысты тануға және өмірлік ұстаным қалыптастыруға үйренеді.

Бүгінгі таңда орта буын (5–8 сынып) оқушыларына арналған қазақ тілі бағдарламасы осы тұтастықты жүзеге асырудың кең мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл кезеңде оқушылардың тілдік қабілеті мен дүниетанымы қарқынды дамиды, сондықтан олардың бойында тіл арқылы құндылықтық сана қалыптастыру – әдістемелік тұрғыдан аса маңызды міндет. Қазіргі білім беру парадигмасы білім алушыны оқу үдерісінің орталық тұлғасы ретінде қарастыруды көздейді. Тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы – білім алушының жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін, өмірлік тәжірибесін және ішкі әлеуетін дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық жүйе. Мұндай оқытуда басты назар дайын білімді меңгертуден гөрі, оқушының өз бетімен ізденіп, жеке тәжірибе арқылы білім құрастыруына аударылады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, тұлғаға бағдарланған тәсіл Л. С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» теориясына [1], К. Роджерстің гуманистік педагогика қағидаларына [2] және Ш. А. Амонашвилидің тұлғаны сыйлау мен сенім арту идеяларына сүйенеді [3]. Бұл бағыттың өзегі – әр оқушының даралығын мойындау және оның даму жолына жағдай жасау. Тұлға тек білім объектісі емес, өз тағдыры мен оқуының белсенді субъектісі ретінде танылады.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, тұлғаға бағдарланған оқыту келесі қағидаттарға негізделеді:

Субъектілік қағидаты – оқушы оқу үдерісінде белсенді әрекет етуші тұлға;

Ынтымақтастық қағидаты – мұғалім мен оқушының өзара серіктестік қатынасы;

Рефлексия қағидаты – оқушының өз оқу нәтижесін талдауы мен бағалауы;

Мотивация қағидаты – оқу әрекетінің ішкі қызығушылыққа негізделуі;

Жеке даму траекториясы – әр оқушының қабілетіне сай тапсырмалар мен оқу жолын даралау.

Қазақ тілін оқытуда тұлғаға бағдарланған технологияларды қолдану тіл үйретудің дәстүрлі тәсілдерін жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сабақ құрылымы оқушының белсенді қатысуына, өз ойын еркін жеткізуіне, шығармашылық ізденісіне бағытталады. Мысалы, диалогтік және топтық жұмыс, жобалық әдіс, зерттеушілік тапсырмалар, өзіндік рефлексия элементтері оқушыларды дербес ойлауға, пікір айтуға, өмірлік тәжірибемен байланыстыруға жетелейді.

5–8 сынып деңгейінде тұлғаға бағдарланған оқыту оқушылардың жас ерекшелігіне сай ерекше рөл атқарады. Бұл кезең – тұлғалық қалыптасудың қарқынды жүретін уақыты. Сондықтан мұғалімнің басты міндеті – оқушылардың тілдік дамуын олардың өзін-өзі тануымен, бағалауымен және құндылықтық бағдарымен байланыстыру. Сабақ барысында оқушылар өз пікірін қорғау, өзгенің көзқарасын құрметтеу, ұлттық мәдениетке қызығушылық таныту арқылы әлеуметтік және эмоционалдық интеллектіні дамытады.

Тұлғаға бағдарланған тәсілдің тиімділігі – оның мазмұндық, мотивациялық және эмоциялық үйлесімінде. Қазақ тілі сабақтарында бұл технологияны қолдану оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін арттырып, оқу әрекетінің мәнін өмірлік құндылықтармен ұштастыруға мүмкіндік береді. Мұндай сабақтарда оқушы тек грамматикалық формаларды меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге өзіндік ой, жауапкершілік және мәдени сезім қалыптастырады.

Құндылық бағдарлы оқыту – білім берудің гуманистік парадигмасына сүйенетін, оқушы тұлғасын рухани және адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруды көздейтін заманауи педагогикалық бағыт. Бұл ұғымның негізінде білім тек ақпарат пен дағды жүйесі ғана емес, тұлғаның өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыратын рухани процесс деген түсінік жатыр.

Педагогикалық әдебиеттерде құндылық ұғымы адамның мінез-құлқын, шешім қабылдауын және өмірлік бағдарын айқындайтын ішкі өлшем ретінде қарастырылады. Т. Рысқалиева, Н. Д. Хмель, Б. Айтмамбетова сияқты ғалымдар еңбектерінде білім беру үдерісінің негізгі мақсаты – құндылықтық сана мен адамгершілік мәдениетті қалыптастыру екені баса көрсетіледі [4]. Ал Е. И. Пассов пен В. Л. Скалкиннің қатысымдық оқыту тұжырымдамасында құндылықтар тілдік қарым-қатынас арқылы көрініс табатыны дәлелденген [5; 6]. Құндылық бағдарлы оқытудың басты ерекшелігі – білім мазмұны мен оқыту әдістерін оқушының рухани-адамгершілік дамуына бағыттау. Бұл тұрғыда қазақ тілін оқыту ерекше әлеуетке ие, себебі тіл – ұлттық сана мен мәдениет, дүниетаным мен этикалық дәстүрдің негізгі тасымалдаушысы. Оқушы қазақ тілін үйрену арқылы ұлттық құндылықтар жүйесін, соның ішінде отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, кішіпейілділік, сыйластық, әділдік сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді.

Құндылық бағдарлы оқыту мазмұнында үш деңгей айқындалады:

Танымдық деңгей – оқушының құндылықтар туралы түсінігін қалыптастыру;

Эмоциялық деңгей – құндылықтарға жеке қатынасын сезіну, оларды қабылдау;

Іс-әрекеттік деңгей – құндылықтық ұстанымдарын күнделікті мінез-құлық пен тілдік әрекет арқылы жүзеге асыру.

Қазақ тілін оқыту тәжірибесінде бұл деңгейлер сабақтың барлық кезеңінде көрініс табады. Мысалы, мәтін мазмұнын талдау барысында оқушылар кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді, өзінің ұстанымын білдіреді, сөйтіп, тіл арқылы құндылықтық рефлексия үдерісіне қатысады. Мұндай әдістер оқушылардың адамгершілік ойлауын дамытып, өмірлік тәжірибесімен байланыстыра білуге үйретеді.

Құндылық бағдарлы оқытуды жүзеге асыруда мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес, керісінше, құндылықтар трансляторы мен үлгісі бола білуі тиіс. Ол сабақ барысында оқушылармен эмоционалды байланыс орнатып, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру арқылы өз іс-әрекетімен құндылықтық үлгі көрсетеді.

Заманауи кезеңде құндылық бағдарлы оқыту цифрлық және интерактивті технологиялармен ұштастырылуда. Мәселен, мультимедиялық мәтіндер, бейнеконтент, виртуалды диалогтар мен ойын элементтері арқылы оқушылардың құндылықтық танымын кеңейтуге болады. Осындай интеграция оқытудың мазмұнын байытып қана қоймай, оқушының рухани әлеуетін жаңа деңгейге көтереді.

Құндылық бағдарлы оқыту нәтижесінде оқушыларда тілдік құзыреттілікпен қатар рухани кемелдену, мәдениетаралық қатынастағы толеранттылық және азаматтық жауапкершілік сияқты сапалар дамиды. Бұл өз кезегінде тұлғаның өмір бойы білім алуға және қоғамда белсенді әрекет етуге дайын болуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін оқытудағы тұлға мен құндылықтың бірлігі – білім алушының тілдік, рухани және мәдени дамуын қамтамасыз ететін күрделі педагогикалық жүйе. Бұл жүйеде тұлғаның зияткерлік өсуі құндылықтық сана арқылы реттеліп, білім мазмұнының рухани мәні күшейтіледі. Оқушы тілді үйрене отырып, өзінің ұлттық болмысын, мәдени тамырын және адамгершілік ұстанымдарын таниды. Сондықтан заманауи әдістемелік ізденістерде тұлға мен құндылықты өзара сабақтастыра оқыту тиімді нәтиже береді.

Тұлға мен құндылықтың бірлігіне негізделген әдістемелік модель үш өзара байланысқан компоненттен тұрады:

Мақсаттық компонент – оқушының тұлғалық және рухани дамуын қамтамасыз ету, қазақ тілін үйрету арқылы адамгершілік пен мәдени құндылықтарды дарыту.

Мазмұндық компонент – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен байытылған тілдік материалды іріктеу (мәтіндер, жағдаяттар, мақал-мәтелдер, кейіпкерлер әрекеті т.б.).

Әрекеттік компонент – тұлғаның белсенді қатысуын қамтамасыз ететін қатысымдық және интерактивтік әдістер жүйесі.

Бұл модельдің табысты жүзеге асуы үшін оқыту үдерісі білім беру, тәрбиелеу және дамытушылық мақсаттарды біртұтас қарастыруды қажет етеді.

Қатысымдық жаттығулар – тұлға мен құндылықты бірлікте дамытудың ең тиімді құралдарының бірі. Олар оқушылардың тілдік белсенділігін арттырумен қатар, адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарға баулиды. Мысалы:

Диалогтік пікірлесім – «Дос болу деген не?», «Әділ болу не үшін қажет?» сияқты тақырыптар арқылы оқушы өз көзқарасын білдіреді, өзгелердің пікірін тыңдауға үйренеді.

Жағдаяттық тапсырмалар – күнделікті өмірден алынған мысалдар негізінде тілдік қарым-қатынас құру («Қиын жағдайда досыңды қалай қолдайсың?», «Сыныптағы түсініспеушілікті қалай шешуге болады?»).

Мәтін арқылы құндылықты талдау – көркем немесе публицистикалық мәтіндегі кейіпкердің іс-әрекетін бағалау, сол арқылы өз өмірлік ұстанымымен салыстыру.

Мұндай жаттығулар тілдік дағдыларды (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамытумен қатар, оқушының рефлексиялық ойлауын, өз-өзіне баға беру қабілетін және құндылықтық шешім қабылдау дағдысын қалыптастырады.

Мысалы, 6-сыныптағы «Отбасындағы сыйластық» тақырыбында өткізілетін сабақ төмендегі әдістемелік кезеңдерге құрылуы мүмкін: Қызығушылықты ояту: отбасылық құндылықтарға байланысты бейнеүзінді көру немесе суреттер талдау. Мағынаны тану: оқушылар “Менің отбасымның ең маңызды құндылығы” тақырыбында шағын пікірталасқа қатысады. Тілдік әрекет: қатысымдық жаттығулар (диалог құру, жағдаятты шешу, мәтінмен жұмыс). Рефлексия: оқушылар өз ойларын жазбаша немесе ауызша түрде қорытындылайды («Мен не түсіндім?», «Мен үшін маңызды ой не болды?»).

Сабақ барысында Padlet, Mentimeter, Kahoot, Canva сияқты цифрлық платформаларды пайдалану оқушылардың ынтасын арттырып, құндылықтық мазмұнды заманауи форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

Тұлға мен құндылық бірлігін қамтамасыз ететін оқыту жүйесінің нәтижелері төмендегі өлшемдер арқылы бағалануы мүмкін:

Оқушының тілдік белсенділігі мен өз ойын еркін жеткізу қабілеті;

Өз іс-әрекетіне және айналасына сындарлы көзқараспен қарау;

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға оң қатынас қалыптастыру;

Топтық жұмыс барысында жауапкершілік пен сыйластық таныту;

Рефлексия мен өзін-өзі бағалау дағдысының дамуы.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тұлға мен құндылықтың өзара сабақтастығы оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, тілдік қатысым сапасын едәуір жақсартады.

Қорыта келгенде, тұлға мен құндылықтың бірлігіне негізделген әдістемелік модель қазақ тілін оқытудың мазмұнын жаңғыртып қана қоймай, оқушының рухани, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан кемелденуіне жағдай жасайды. Мұндай тәсіл XXI ғасыр талабына сай – адамгершілігі жоғары, саналы, өз ұстанымы бар тұлғаны қалыптастырудың басты тетігі болып саналады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 5–8 сынып бағдарламасында қазақ тілін оқытуда тұлғаның белсенді қатысуына, рефлексия жасауына, өз пікірін еркін білдіруіне, құндылықтарға негізделген шешім қабылдауына мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер маңызды орын алады. Мұндай тәсілдер оқыту процесін жандандырып қана қоймай, оқушыны тілдік, мәдени және адамгершілік тұрғыдан дамытуға бағыттайды. Тұлға мен құндылық бірлігіне сүйенген оқыту үдерісі мұғалімнен кәсіби икемділік, әдістемелік жаңашылдық және оқушының ішкі әлемін түсіне білу қабілетін талап етеді. Демек, болашақ қазақ тілі мұғалімдерін даярлауда да осы бағыттағы әдістемелер мен технологияларды меңгертудің маңызы ерекше. Осылайша, қазақ тілін оқытуда тұлға мен құндылықтың бірлігін қамтамасыз ету – оқыту мазмұнын жаңартудың, білім сапасын арттырудың және ұлттық рухани мұра мен заманауи құндылықтарды сабақтастырудың маңызды бағыты болып табылады.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л. С. Педагогическая психология. – Москва: Педагогика, 1991. – 480 с.
2. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. – Москва: Прогресс, 1994. – 480 с.
3. Амонашвили Ш. А. Здравствуйте, дети! – Москва: Педагогика, 1983. – 256 с
4. Рысқалиева Т. Құндылықтық бағыттағы білім берудің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 220 б.
5. Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – Москва: Просвещение, 1991. – 223 с.
6. Скалкин В. Л. Обучение устной иноязычной речи в средней школе. – Москва: Просвещение, 1981. – 144 с.

IT ТЕХНОЛОГИИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКОВЫХ ДИСЦИПЛИН В НЕЯЗЫКОВОМ ВУЗЕ

Гакрама К.М.

К.ф.н., ассоциированный профессор, МОК, КазГАСА, Алматы, Казахстан.

В настоящее время профессионально-ориентированное обучение языкам студентов технических специальностей приобретает особую значимость. Высшее образование Казахстана переживает значительные изменения, связанные с принятием новых государственных образовательных стандартов, социальными преобразованиями и научно-технической модернизацией. Динамичное развитие технологий, компьютеризация и расширение коммуникаций в сфере образования и науки сопровождаются таким же динамичным изменением общественных потребностей в уровне и качестве профессионализма современных работников. Указанные выше тенденции выдвигают новые требования к выпускнику вуза. Это должен быть профессионально адаптированный специалист, способный постоянно и активно приобретать и использовать знания, умения, опыт для решения возникающих профессиональных задач, обладающий хорошо сформированной профессионально-коммуникативной компетенцией и умеющий интегрировать ее в структуру своей профессиональной деятельности [1].

В настоящее время языковое обучение носит профессионально-ориентированный характер, для студентов архитектурно-строительного направления осуществляется межпредметная связь, поскольку все темы силлабуса и рабочей программы соответствуют типовым программам, а также детально согласовываются со специалистами других факультетов на стадии формирования. Проводится работа с терминами, задания строятся на основе профессионально-ориентированных текстов, используется разбор литературного описания архитектурного пространства.

Практическое занятие по русскому языку для студентов с казахским языком обучения состоит из четырех видов речевой деятельности. Общее построение занятия состоит из следующих основных пунктов: объяснение лексической и грамматической темы с использованием презентации и других программ; работа с текстом в соответствии с темой занятия (чтение текста, аудирование); ответы на вопросы и обсуждение (говорение); выполнение подтекстовых заданий на составление предложений (письменные упражнения), работа с основными речевыми конструкциями (выполнение упражнений с использованием причастных и деепричастных оборотов), синтаксический разбор предложений одного абзаца, перевод абзаца по выбору на казахский язык; работа по терминологии с глоссарием (термин с определением на русском языке и эквиваленты на казахском и английском языках).

Основные понятия новой парадигмы образования - творчество, культура, коммуникация, толерантность, интерактивность и автономность обучения. Все направления новой парадигмы высшего образования непосредственно связаны с языками. Традиционно

обучение профессиональному русскому языку в неязыковом вузе было ориентировано на чтение, понимание специальных текстов, изучение научного стиля по профилю вуза [2].

Одним из путей реализации интеграции в разработанной нами контекстно-интегративной технологии в обучении русскому языку как неродному является слияние и синтез подходов в обучении, а именно: компетентностного, коммуникативно-деятельностного, личностно-ориентированного. Интеграция позволяет объединить структурные элементы знаний студентов, формируя целостную картину мира. Интегрированные знания развивают интеллектуальные способности студентов, формируют умения обобщать материал, мыслить целостными категориями. Во-первых, развивается системное мышление, так как в любой дисциплине знания систематизированы; соединение 2-3 дисциплин способствует обновлению содержания обучения, для усвоения которого необходимо понимание взаимосвязей между компонентами закономерностей, следовательно, развиваются основы более высокого уровня мышления; формируется целостная научная картина мира. Во-вторых, развиваются обще логические умения анализа и синтеза, моделирования будущей профессиональной деятельности студентов. Контекстно-интегративная технология позволит приблизить процесс учебной деятельности при изучении русского языка как неродного к содержанию и формам будущей профессиональной деятельности специалиста [3].

В настоящее время в эпоху глобализации и всемирной информатизации в Казахстане трансформируется и взгляд на преподавание русского языка, так как дистанционная форма обучения, вызванная пандемией, требует пересмотра традиционно сложившихся систем, содержания, методов и технологий обучения. В этой связи в перспективе предполагается работа по введению следующих пунктов:

- Визуализация к тексту (например, текст «Эрмитаж» или «Музей Кастеева» и иллюстрация с изображением архитектуры этого здания, дополнительная информация об истории создания для будущих архитекторов, акцент на строительные элементы здания для специальности «строительство», для специальности «производство строительных материалов» – на строительные материалы и т.д.)

- Осуществляется создание и обновление рабочей программы только в электронной оболочке, представление задания через QR – кодирование, текстовые задания с 3D визуализацией и виртуальной формой, использование социальных сетей и приложений на практических занятиях, включение актуальных новостных блоков по темам силлабуса, использование аутентичных материалов через интерактивные доски, например, использование текстов из публикаций отечественных и зарубежных архитектурно-строительных журналов.

- В условиях цифровизации на практических занятиях по русскому языку отмечается межпредметная связь с информационно-коммуникативными технологиями - использование ссылок в облачных данных учетной записи, (тексты через ссылки, ссылки на видео по текущей или пройденной теме практического занятия), а также с профильными дисциплинами по архитектуре, строительству, производству строительных материалов, экономике и т.д. - например, задание на самостоятельную работу – просмотр видео по теме практического занятия, фильма (аудирование), обратная связь – написание эссе (письмо), обсуждение или публичное выступление студента (говорение и чтение). Участие студентов в различных языковых онлайн конкурсах, олимпиадах, челленджах через интернет-пространство.

Новые образовательные технологии обусловлены обучением на расстоянии, такие технологии назвали дистанционными (производное от английского существительного distance – расстояние, удаление). Закон Республики Казахстан «Об образовании» определяет понятие «дистанционные образовательные технологии»: «Дистанционные образовательные технологии — обучение, осуществляемое с применением информационных и телекоммуникационных средств при опосредствованном (на расстоянии) или не полностью опосредствованном взаимодействии обучающегося и педагогического работника» [4].

Дистанционная форма очного обучения проводится согласно полученным указаниям министерства образования и науки. В вузе дистанционная форма обучения основана на учебной платформе (Moodle, Zoom, Google Meet, Microsoft Teams и др.). Все виды занятий проводятся строго по рабочему расписанию занятий.

Программа Zoom предполагает обучение в онлайн режиме в виде конференции, через данную программу могут осуществляться: как объяснение новой темы (лекция, практическое занятие, семинар и др.), так и опрос и сдача всех видов заданий (включая самостоятельную работу студента (СРС и СРСП), кроме того, эта платформа удобна и для проведения обсуждения, диспута, защиты видеопрезентации и т.д.

Учебная платформа Iportal является не менее приоритетной. У каждого преподавателя должна быть своя загруженная страничка с анкетными данными преподавателя с отражением его научной деятельности, расписанием занятий, журналом курсов, прикрепленных групп и дисциплинами. В учебно-информационном портале преподаватель понедельно должен заполнять контент, состоящий из основных (обязательных) пунктов и дополнительных:

1. Верхний ярус страницы дисциплины должен состоять из 3-х подпунктов:

- силлабус для студентов, сформированные задания СРО и СРОП, список рекомендуемой литературы / учебных пособий / учебников, базы тестовых заданий и т.д.;

- общих требований для студентов к выполнению заданий и примерным образцом выставления баллов за рейтинг в таблице или в виде комментария (необходимо для студентов 1-го курса, например см. табл.1).

Таблица 1

Виды условий и заданий (max баллы)

№	Посещение	Выполнение заданий на занятии	Выполнение и сдача СРС СРСП	Общая сумма баллов за 1 рейтинг	Примечание
1	20%	50%	30%	100 %	Программа автоматически подсчитывает балл за рейтинг после оценивания преподавателя

Предварительное понедельное заполнение контента (дозированная подача материала, заполнение до начала занятий, сроки обусловлены с учетом критерия своевременности):

- материал с заданиями на каждое занятие;
- задания на самостоятельную работу студента, СРСП;
- видеоурок (предварительная запись) / видеозапись проведенного вебинара;
- дополнительные материалы – видеопрезентации, иллюстрации, ссылки на видео по текущей или пройденной теме занятия, тексты через ссылки и т.д.

Контроль выполнения заданий и выставление оценок в портале. Оценка в портале может выставляться как на основе прикрепленного задания (СРС, СРСП), так и без прикрепления задания на основе устного ответа и использования других программ (Google forms, Kahoot. Learningapps и др.).

Таким образом, дистанционная технология предусматривает возможность доступа к образовательному контенту и обучение по месту проживания и работы студента. Инструменты для обучения: электронное устройство (персональный компьютер, ноутбук, планшет или смартфон) и доступ к интернету. В ходе учебного процесса студенты получают практическую и методическую помощь со стороны преподавательского состава вуза и сотрудников IT сферы в соответствии с графиком. На протяжении всего обучения студентам предоставляется возможность посещения консультаций, которые можно получить в определенные офис-часы через платформы для онлайн-коммуникаций, учебный портал и мессенджеры. Студенты имеют возможность просматривать обучающие видео лекции, работать по электронным учебникам библиотеки вуза, использовать компьютерные обучающие программы и тестирующие комплексы по всем изучаемым дисциплинам. Имеется свободный доступ посещения компьютерных залов для самостоятельных работ в центрах доступа – в доме студентов, библиотеке. Предусмотрен электронный контроль знаний:

рейтинг выставляется автоматически на основе проверки заданий, посещаемости через QR, внесенных преподавателем баллов, что гарантируют объективность и независимость оценки.

В настоящее время потребность развития языковой составляющей вузовского образования, формируемая в условиях глобализации с точки зрения устной и письменной коммуникации, лингвокультурных аспектов постоянно растет. Языковое образование должно носить непрерывный, открытый и перспективный характер. Образование такого типа представляет собой не только процесс непрерывного развития личности, знаний и навыков, но и отражает изменения в профессиональной деятельности специалиста.

Список литературы:

1. Б.А. Жетписбаева, Ж.Г. Шайхызада, Я. Таборек. О состоянии профессионально-ориентированного обучения иностранному языку в РК: анализ иноязычной подготовки студентов технических специальностей. // Вестник КарГУ. - Караганда, 2017. https://articlekz.com/article/17954

2. Левченко В.В., Мещерякова О.В. Медиавоспитание студентов неязыковых вузов как основополагающий компонент новой парадигмы образования. // https://cyberleninka.ru/article/n/mediavospitanie-studentov-neyazykovyh-vuzov-kak-osnovopolagayuschiy-komponent-novoy-paradigmy-obrazovaniya

3. Цой А.А. Современные проблемы обучения профессиональному русскому языку в вузах Казахстана. Вестник КазНМУ. - Алматы, 2012. // https://kaznmu.kz/press/en/2012/09/19/

4. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31453026#pos=0;0

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

Н. Б. Ергешбай[1], С.С. Шокабаева[2]

[1] 2-курс магистранты, [2]Ғылыми жетекші: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, доцент м.а., ф.ғ.к. Астана Қазақстан.

Ұлттық құндылықтарды оқыту – тұлғаның рухани, адамгершілік және мәдени дамуындағы іргелі фактор. Ғылыми тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтар – белгілі бір этностың тарихи тәжірибесі мен дүниетанымының, рухани мұрасының, мінез-құлық нормалары мен мәдени дәстүрлерінің жиынтық көрінісі. Оларды жүйелі түрде оқыту – ұлттың мәдени тұтастығын сақтаудың, азаматтық сәйкестікті қалыптастырудың және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудің негізгі тетігі болып табылады. Осы тұста тіл мен әдебиетті ұлттық құндылықтарға бағдарлы оқытудың бірнеше маңызын атап өте аламыз. Біріншіден, ұлттық құндылықтарды оқыту тұлғаның ұлттық санасын қалыптастырады. Бұл процесс оқушының өз халқының тарихын, тілін, дәстүрін терең түсінуіне және соған құрметпен қарауына мүмкіндік береді.

Ұлттық сана – қоғам мүшелерін біріктіретін, рухани тұрақтылық пен әлеуметтік келісімге негіз болатын маңызды психологиялық және мәдени феномен. Екіншіден, ұлттық құндылықтар тұлғаның рухани-адамгершілік әлеуетін дамытады. Оларды меңгеру арқылы оқушы ізгілік, әділет, еңбексүйгіштік, отансүйгіштік сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Бұл қасиеттер білім алушының мінез-құлық мәдениетін қалыптастырып, өмірлік ұстанымдарын айқындайды. Ары қарай, ұлттық құндылықтарды оқыту – қоғамның мәдени жаңғыруының негізі екенін атап өту маңызды. Цифрлық дәуірде жаһандану үдерісі ұлттық ерекшеліктердің әлсіреу қаупін туғызады. Сондықтан білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде енгізу мәдени әртүрлілікті сақтауға және ұлттық кодтың беріктігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ұлттық құндылықтар білім берудің интегративті мазмұнын қалыптастырады. Құндылықтар концепциясының тек тіл мен әдебиет емес, тарих, өнер, география, тіпті жаратылыстану пәндерінің мазмұнына да енгізіліп, оқыту процесін кешенді және тәрбиелік бағытта жүргізудің маңызы зор.

Түркі әлемінің көсемі саналатын қоғам қайраткері ұлттық құндылықтарды оқыту маңызын бір сөзінде «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» деп көрсеткен болатын. Алайда ұлттық құндылықтарды оқыту процессінің әлі де бір ізге түспей, түрлі әдістемелік мәселелерді тудырып отырғаны тағы бар. Аталған әдістемелік мәселелердің туындауының негізгі себептері педагогикалық, психологиялық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік факторлармен тығыз байланысты. Ұлттық құндылықтарды оқытудағы әдістемелік мәселелердің тууына ісер етуші бұл факторларды төмендегідей топтарға жіктей аламыз:

Педагогикалық-ғылыми себептер. Қазір ұлттық құндылықтарды оқытудың ғылыми-теориялық негіздері толық жүйеленбегенін білеміз. Оқыту әдістемесінде ұлттық мазмұнды кіріктірудің нақты үлгілері, модельдері мен әдістемелік нұсқаулықтары жетіспеуі себепті оқыту процессінің біріздендіру қиынға соғып отыр. Бұл мәселе көп жағдайда ұлттық компоненттің оқу бағдарламасына кездейсоқ және жүйесіз түрде енгізіліп, оқытуда тұтастығының болмауына әкеліп отыр. Сонымен қатар кей педагогтар ұлттық мазмұнды жаңа педагогикалық технологиялармен ұштастыруға дайын еместігі де аталған себептер қатарында.

Психологиялық және әлеуметтік себептер. Қазіргі оқушылардың құндылықтық бағдарлары жаһандық ақпараттық кеңістіктің ықпалымен өзгеріп келеді. Ұлттық мәдениетке деген эмоционалдық байланыс әлсіреуі, ата-аналардың тәрбиелік белсенділігінің төмендігі мектептегі ұлттық құндылықтарды оқыту тиімділігін шектейді. Жаһандану процесі жат мәдени әсерлердің артуына алып келеді, сондықтан ұлттық тақырыптар кейде оқушылар үшін қызықсыз немесе ескіргендей көрінуі мүмкін.

Технологиялық себептер. Цифрлық ортадағы ұлттық контенттің аздығы – әдістемелік мәселелердің негізгі себептерінің бірі. Жасанды интеллект, онлайн платформалар, мобильдік қосымшалар арқылы сапалы ұлттық ресурстар жеткіліксіз. Сонымен қатар, мұғалімдердің цифрлық сауаттылық деңгейі кейде төмен болып, ЖИ, интерактивті платформалар, AR/VR технологияларын толық қолдануға мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде инновациялық оқыту әдістері ұлттық мазмұнмен үйлеспей, формальды сипатқа ие болуы мүмкін.

Мәдени-аксиологиялық себептер. Қоғамдағы материалдық құндылықтардың басым болуы және ұлттық дәстүрлерді қазіргі өмірмен байланыстырудың әлсіздігі оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын төмендетеді. Ұлттық мұраны заманауи өмірлік тәжірибемен байланыстыру әдістерінің жеткіліксіздігі оқушылардың оны тек тарихи немесе формальды ақпарат ретінде қабылдауына әкелеіп соқтырады. Кадрлық және білім беру ортасы себептері. Ұлттық құндылыөтарды оқытуда жас мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығы жеткіліксіз. Педагогикалық жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие мен мәдениет негіздері толық қамтылмауы, семинар, тренинг, тәжірибе алмасу жүйесінің болмауы – педагогтерге ұлттық құндылықтарды оқыту процесін қиындатады.

Байқағанымыздай, ұлттық құндылықтарды оқытуда туындайтын әдістемелік мәселелердің себептері кешенді сипатқа ие: олар білім беру мазмұнының формалдылығынан, мұғалімдердің кәсіби даярлығының жеткіліксіздігінен, цифрлық ресурстардың тапшылығынан және қоғамның құндылықтық трансформациясынан туындайды. Бұл себептердің барлығы төмендегідей әдістемелік мәселердің туындауына әкеліп соқтырады.

Мазмұндық үйлесімнің болмауы

Көп жағдайда оқу бағдарламаларында ұлттық құндылықтар фрагментарлы түрде енгізіліп, жүйелі мазмұндық бірізділік сақталмайды.

Пәндердің оқу мазмұны мен ұлттық идеяның өзара байланысы әлсіз;

Ұлттық құндылықтар көбіне тек мерекелік іс-шараларда ғана көрініс табады; Ғылыми тұрғыдан, бұл мәселе — оқыту мазмұнының аксиологиялық (құндылықтық) бағытының жеткіліксіздігінен туындайды.

Мұғалімдердің әдістемелік және аксиологиялық даярлығының жеткіліксіздігі.

Ұлттық құндылықтарды тиімді оқыту үшін мұғалімнің тек пәндік білімі емес, этнопедагогикалық, этнопсихологиялық, мәдени-коммуникативтік құзыреттері де қажет. Бірақ тәжірибе көрсеткендей: Мұғалімдердің көпшілігі ұлттық құндылықтарды сабақ мазмұнына

табиғи түрде кіріктіру әдістерін толық меңгермеген; Ұлттық тақырыптарды оқытуда қолданылатын заманауи технологиялар (ЖИ, цифрлық құралдар, медиа) аз пайдаланылады; Кейде ұлттық мазмұнды жеткізуде субъективті немесе стереотиптік көзқарастар байқалады, бірсарынды әдіс-тәсілдер қолданылады, кейбір жағдайларда ұлттық құндылықтар дәстүрлі түсіндіру, әңгімелеу әдістерімен шектеледі. Интерактивті, жобалық, зерттеу және ойын технологиялары аз қолданылады, сабақта оқушының белсенді танымдық әрекеті жеткіліксіз ұйымдастырылады, ұлттық мазмұндағы тапсырмалар оқушының өмірлік тәжірибесімен байланыстырылмайды. Нәтижесінде, оқыту үдерісі формальды сипат алып, оқушылардың құндылықтық қабылдауы мен ішкі сенімі қалыптаспайды. Бағалау критерийлерінің айқын болмауы. Ұлттық құндылықтарды меңгеруді тек білім деңгейі немесе тест нәтижесімен өлшеу ғылыми тұрғыдан дұрыс емес. Мұнда бағалау білім, қатынас, мінез-құлық және әрекет деңгейлерін қамтуы тиіс. Алайда қазіргі педагогикалық тәжірибеде:

Құндылықтық нәтижелерді өлшеудің бірыңғай критерийлері жоқ;

Бағалау көбінесе формалды сипатта өтеді;

Рухани дамудың динамикасын анықтайтын сапалық өлшемдер ескерілмейді.

Оқу материалдарының заманауи форматта болмауы. Ұлттық мазмұндағы ресурстардың көбі дәстүрлі баспа форматында, визуалды және интерактивті элементтерсіз ұсынылады.

Бұл қазіргі буын оқушыларының (Z және Alpha ұрпағы) қабылдау ерекшелігіне сәйкес келмейді. Осының салдарынан:

Ұлттық тақырыптарға қызығушылық төмендейді;

Оқушы оны өмірлік маңызы бар құндылық ретінде сезінбейді;

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды оқыту – оқушының рухани әлемін байытып,

елжандылық сезімін қалыптастырудың басты тетігі. Бұл бағыттағы әдістемелік жұмыстардың нәтижелі болуы мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оқу мазмұнының ұлттық негізде құрылуына және тәрбиелік ортаның біртұтастығына байланысты. Білім беру процесінде ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде енгізу – ұлттың болашағын сақтаудың, мәдени мұраның сабақтастығын қамтамасыз етудің сенімді жолы.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тапанова С.Е., Умбетова А.Қ. М. Дулатұлының публицистикалық еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар. // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2023. – 142 (1). – Б. 59-65.

2. Өмірбекова Ә. Ө., Қаңтарбаева Ж. У. Қазіргі мәдениеттегі ұлттық құндылықтар мәселесі. // Journal of Philosophy Culture and Political Science. – 2015. – Т. 53. – №. 4.

3. Сапарова Р. А. Ұлттық құндылықтар әлемінде. // А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының 30 жылдығына арналған «Ғылым және жаңа ұрпақ – 2025» атты студенттер мен магистранттардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2025. – Б. 74–76.

ЕТІСТІК ШАҚТАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ШЕШІМДЕР

А.А. Жанглисова[1], А.К. Курманова[2]

[1] 4-курс студенті, [2] қауымдастырылған профессор, PhD, Ш.Уәлиханов атындағы КУ, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі заманда қазақ тілін оқыту үдерісі білім берудің жаңа парадигмасына сай жаңаша бағыт алып келеді. Сол бағыттардың бірі – тілді меңгертумен қатар, білім алушының рухани және құндылықтық тұлғасын қалыптастыру. Тілдік білім мен құндылықтық ұстаным өзара тығыз байланыста дамиды, себебі тіл – мәдениет пен дүниетанымның негізгі құралы. Осы тұрғыдан алғанда, етістіктің шақ категориясын оқыту тек грамматикалық білім беру емес,

сонымен бірге тұлғаның уақытты түсіну, оны бағалау және қадірлеу қабілетін қалыптастырады. Етістік – сөйлеу тілінің ең басты діңгегі, ал шақ категориясы адамның сөйлеу сәтіне қатыстылықты білдіретін маңызды грамматикалық ұғым. Сондықтан да оның оқытылуы тілдік білімнің іргетасы саналады.

Оқыту тәжірибесінде етістік шақтарын меңгертуде бірқатар әдістемелік кедергілер кездеседі. Олар: шақтардың көптүрлілігі, олардың мағыналық реңктерінің баламалылығы (мысалы, белгілі бір шақтың басқа шақ мағынасында қолданылуы) және оқушылардың грамматикалық білімді тек қана теориялық деңгейде қабылдауы. Осы орайда, етістік шақтарын оқытудағы негізгі әдістемелік мәселелерді айқындау және оларды шешудің ұлттық құндылықтарға негізделген (құндылық бағдарлы) тиімді жолдарын ұсыну мақсат етілді. Ол келесі міндеттерді шешуді көздеді:

1. Етістік шақ категориясының теориялық негіздерін сипаттау;
2. Оқыту барысындағы негізгі әдістемелік қиындықтарды анықтау;
3. Құндылық бағдарлы тәсіл арқылы тиімді шешімдерді ұсыну.

Зерттеу нысаны ретінде қазақ тілі сабағында етістік шақтарын оқыту процесі алынды.

Қазақ тілінде етістік шақтарын оқытудың теориялық негізі бірнеше маңызды грамматикалық және әдістемелік қағидаларға сүйенеді. Етістік (қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөз табы) тілдегі басты динамикалық бірлік болғандықтан, оның шақ категориясын дұрыс меңгеру тілді еркін қолданудың негізі болып табылады. Қазақ тіліндегі етістік категориясы түркі тілдеріндегі ең күрделі де жүйелі грамматикалық жүйенің бірі. Бұл жөнінде алғаш ғылыми тұжырым жасаған ғалымдардың бірі – Қ.Жұбанов. Ол етістіктің шақ, рай, етіс сияқты категорияларының өзара байланысын атап көрсетіп, олардың сөйлеу әрекетіндегі қызметін айқындаған [1, 56]. А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» еңбегінде шақ категориясы етістіктің негізгі мағыналық және грамматикалық көрсеткіші ретінде талданады. Ғалым етістік шақтарын үш үлкен топқа бөледі: осы шақ, өткен шақ және келер шақ. Осы шақ сөйлеу сәтімен тікелей байланысты болса, өткен шақ – болған іс-әрекетті, ал келер шақ – әлі жүзеге аспаған болашақ әрекетті білдіреді [2, 45]. С. Исаев өз еңбегінде шақ категориясын уақыт пен модальдықтың арақатысы тұрғысынан зерттеп, шақ формаларының тек грамматикалық емес, прагматикалық қызметін де көрсетеді [3, 29]. Мысалы, «Бүгін келеді» сөйлемі грамматикалық тұрғыдан келер шақ болса да, контекстік жағынан нақты осы сәтке жақын мағынада қолданылуы мүмкін. Мұндай семантикалық ауысуларды оқыту барысында ескермеу — жиі кездесетін қателіктердің бірі. Айтушы немесе сөйлеуші не нәрсені сөз етсе де, өзінің ойын, көзқарасын мезгілмен байланыстыра айтады. Сондықтан рай мен шақ ұғымдары бір-бірімен байланысты болып келеді. А. Ысқақовша айтқанда, «Шақ категориясы рай категориясына қарағанда, әлдеқайда кең категория. Өйткені адам сөйлегенде, қашан да болсын, тек амал-әрекеттің тек жалаң өзін ғана емес, оның мезгілі мен орнын да дәйім ойда (көңілде) ұстаумен қатар, өзінің олар жайындағы көзқарасын, қатынасын да білдіреді. Әрине, бұл ерекшелік қашан да болсын, шақпен байланысты, ал шақ тек ашық райда ғана болады; амалды(әрекетті) тек индикатив қана реальді іс (процесс) етіп, оны белгілі бір мезгіл аясында көрсетеді; өзге райларда бұл қабілет болмайды» [2, 314-315]. Қазақ тілін үйрету барысында оқушылар етістік шақтарын меңгеруде бірқатар қиындықтарға кездеседі.

Біріншіден, шақ формаларының мағыналық ұқсастығы мен көптүрлілігі. Қазақ тіліндегі кейбір шақ түрлері бір-біріне мағыналық жағынан өте жақын, сондықтан оқушылар оларды ажыратуда жиі қиналады. Мысалы: Ол келіп отыр – нақ осы шақ. Ол келіп жүр – ауыспалы осы шақ. Ол келіп еді – өткен шақ. Бұл үш сөйлемнің барлығы да «келу» іс-әрекетін білдіреді, бірақ олардың уақыттық реңкі мен контекстік мағынасы өзгеше. Осындай ұқсастық оқушыларды шатастырып, уақытты нақты көрсетуді қиындатады. Қазақ тілінде шақ формаларының жүйесі өте бай: Осы шақ (нақ, ауыспалы), Өткен шақ (жедел, бұрынғы, ауыспалы), Келер шақ (нақ, болжалды, мақсатты). Олардың әрқайсысының морфологиялық көрсеткіштері мен көмекші етістіктері бар: мысалы, -ып отыр, -ып еді, -мақ, -атын, -ған еді т.б. Бұлардың барлығы оқушы үшін теориялық жағынан ауыр, ал практикалық тұрғыдан қолдану шегін ажырату қиын.

Екіншіден, аналитикалық формаларды дұрыс қолдана алмау. Қазақ тілінде аналитикалық формалар – негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесінен жасалып, істің уақытын, жалғасу сипатын немесе аяқталуын білдіреді. Мысалы: Ол хат жазып отыр – іс дәл қазір болып жатыр (нақ осы шақ). Ол хат жазып еді – іс бұрын болған, аяқталған (бұрынғы өткен шақ). Көп оқушылар бұл айырмашылықты байқамай, мысалы, ол хат жазып отыр деп, өткен істі білдіргісі келгенде де сол форманы қолданады. Нәтижесінде сөйлемнің шақ мағынасы бұзылады. Бұл – аналитикалық формаларды дұрыс қолдана алмау проблемасы. Мұндай қателіктер көмекші етістіктердің мағынасын ажырата алмаудан туындайды.

Үшіншіден, шақ пен райдың шатастырылуы. Қазақ тілін оқытуда етістіктің шақ және рай категорияларының мағыналық жақындығы оқушыларды жиі шатастырады. Шақ іс-әрекеттің уақытын, ал рай сөйлеушінің іс-әрекетке көзқарасын, мақсатын немесе ниетін білдіреді. Дегенмен оқушылар көбіне рай тұлғасын шақпен байланыстырып, олардың айырмашылығын түсінбей қателеседі. Мысалы, бармақпын дегенде — іс әлі болмаған, сондықтан ол келер шақ деп ойлайды, ал шын мәнінде бұл – қалау рай, өйткені сөйлеушінің ниеті мен жоспарын білдіреді. Мұндай шатастырушылық грамматикалық ұқсастықтардан және контекстік айырмашылықты ескермеуден туындайды. Осындай мәселелерді шешу үшін әдістемелік тұрғыдан тиімді тәсілдерді қолдану қажет.

Қазіргі білім беруде негізгі бағыттардың бірі – құндылық бағдарлы оқыту. Бұл тәсіл тілдік материалды тек грамматикалық тұрғыдан емес, адамгершілік және ұлттық құндылықтармен байланыстыруды көздейді.

Етістік шақтарын оқытудағы құндылықтық бағыт – оқушылардың уақыт ұғымын тіл арқылы тануына, өткен мен болашақ арасындағы байланысты түсінуіне мүмкіндік береді. Бұл жерде әр шақ түрі өзіне тән рухани мазмұнды ашады: өткен шақ – ұлт тарихына, дәстүр мен тәлімге құрметті қалыптастырады; осы шақ – жауапкершілік пен еңбекқорлықтың, өз ісіне адалдықтың көрінісі; ал келер шақ – арман мен мақсатқа ұмтылуды, болашаққа сенім мен үмітті тәрбиелейді. Осы тұрғыда етістік шақтарын оқыту тек грамматикалық дағдыларды дамытпайды, сонымен қатар оқушының рухани әлеміне әсер етіп, оның уақытты бағалай білу, өз өмір жолына жауапкершілікпен қарау қабілеттерін қалыптастырады. Мұғалімнің міндеті – тілдік форманы өмірлік мәнге айналдыру, яғни грамматикалық категория арқылы тұлғаның құндылықтық бағдарын дамыту.

Етістік шақтарын үйрету кезінде оқушылар уақыт ұғымын таниды: өткен шақ – тарих пен дәстүрге құрмет, осы шақ – жауапкершілік пен белсенділік, келер шақ – арман мен мақсатқа ұмтылу. Құндылық бағдарлы тәсілдің басты артықшылығы – оқушылардың тек тілдік біліммен шектелмей, өмірлік және рухани құндылықтарды да игеруі. Бұл әдіс оқушының тұлғалық дамуын, ұлттық сана мен азаматтық жауапкершілігін арттырады.

Бірінші мәселені шешу жолы: «Индуктивті-салыстырмалы талдау» әдісі.

Мақсаты: шақтардың ішкі көптүрлілігін (мысалы, жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы осы шақ, болжалды келер шақ т.б.) мысалдар арқылы өздігінен байқатып, кейін олардың ұқсастығы мен айырмашылығын талдау.

1. Байқау және мысал жинау (индукция). Мұғалім алдымен әр шақтың бірнеше түрін мысалмен көрсетеді: Жедел өткен шақ: *Мен бардым. Бұрынғы өткен шақ: Мен барған едім.* Ауыспалы осы шақ: *Мен күнде барамын.* Болжалды келер шақ: *Мен баратын шығармын.*

2. Салыстыру және ұқсастықты табу. Барлық мысалдар бір кестеге түсіріледі:

Шақ түрі	Етістік тұлғасы	Мағынасы	Ұқсастығы	Айырмашылығы
Жедел өткен шақ	-ды/-ді	Болған іс	Өткен шақ	Бір сәттік
Бұрынғы өткен шақ	-ған еді	Болған, бірақ іргелес емес	Өткен шақ	Еске алу, алысырақ
Ауыспалы осы шақ	-ады/-еді	Қайталанып тұратын іс	Осы шақ	Жалпы әдет
Болжалды келер шақ	-атын шығар	Болуы мүмкін іс	Келер шақ	Болжамдық мән

Бұл салыстыру көптүрлілік пен ұқсастықты қатар ашады.

3. Қорытынды (дедукция). Оқушы өз бетімен мынадай қорытынды шығарады: Шақ түрлерінің көптүрлілігі олардың мағыналық реңктерінен, ал ұқсастығы – уақытпен байланысынан туындайды.

«Индуктивті-салыстырмалы талдау» әдісі шақ түрлерінің: көптүрлілігін (ішкі формалар арқылы), ұқсастығын (уақыттық мағына арқылы) біріктіріп, өте түсінікті және көркем етіп түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қысқаша түйін: *Контекст → Мағына → Түсіну → Дәлдік → Құндылық.*

Екінші мәселені шешу жолы: «Мағынадан формаға қарай оқыту» әдісі.

Негізгі ұстанымы – оқушы грамматикалық форманы жаттамайды, ол мағынаны түсініп барып, форманы өзі таңдайды. «Мағынадан формаға қарай оқыту» – тіл үйретуде алдымен ой мен әрекеттің мағынасын түсіндіру, содан соң соған сәйкес грамматикалық форманы қолдану принципіне негізделеді. Яғни, оқушы ең әуелі: Іс-әрекеттің қашан болғанын, оның аяқталған-аяқталмағанын, қайталап жүр ме, әлде бір сәттік пе – соны анықтайды. Содан кейін сол мағынаға сай грамматикалық форма таңдалады. Қалай жүзеге асады.

1. Мағыналық талдау кезеңі: Мұғалім оқушыға өмірлік жағдаят ұсынады. Мысалы: «Сен қазір не істеп отырсың?», «Кеше не істедің?», «Күнде не істейсің?» Осы сұрақтар арқылы оқушы іс-әрекеттің уақытын өз ойымен анықтайды.

2. Форманы табу кезеңі: Оқушы уақытты сезінген соң, оған сәйкес шақ формасын таңдайды: Қазір болып жатса → «жазып отыр». Әдетке айналса → «жазып жүр». Бұрын болған → «жазып еді». Аяқталған → «жазып қойды».

3. Талдау және салыстыру кезеңі: Мұғалім оқушылармен бірге формалардың айырмашылығын талдайды.Мысалы: «Жазып отыр» мен «жазып жүрдің» айырмасы неде? «Жазып еді» мен «жазып қойды» бірдей ме?

4. Қорытындылау кезеңі: Оқушы тілдік форманы ережеден емес, ойлау мен сезіну арқылы меңгереді.

Нәтижесі:

- Оқушы грамматиканы түсініп, логикалық жолмен қолданады;
- Сөйлеу барысында дәлдік пен нақты ойды жеткізу қабілеті артады;
- Тілдің мағыналық байлығын сезініп, қазақ тілін құрметтеу құндылығы қалыптасады. Құндылықтық мәні - бұл әдіс арқылы оқушы:тіл арқылы ойлау мәдениетін, жауапкершілік пен дәл сөйлеу дағдысын және ана тілін қадірлеу сезімін дамытады.

«Мағынадан формаға қарай оқыту» әдісі – тек грамматикалық қателерді түзетіп қоймай, оқушының тілдік, танымдық және рухани дамуын қатар қамтамасыз ететін ең тиімді шешім.

Қысқаша түйін: *Мағына → Түсіну → Форма → Дәл сөйлеу → Құндылық.*

Үшінші мәселені шешу жолы: «Мағыналық - құрылымдық салыстыру» әдісі. Оқушылар шақ пен райды жеке емес, қарсы қою арқылы түсінеді:

- Шақ → істің қашан болғанын білдіреді.
- Рай → істің болу мүмкіндігін немесе сөйлеушінің көзқарасын білдіреді. Қалай жүзеге асады. Түсіндіру кезеңі: Мұғалім етістіктерді екі бағанға бөледі: Шақ/Рай

Барады (өткен шақ) /Барсын (бұйрық рай)

Барып отыр (осы шақ) /Барса (шартты рай)

Барады (келер шақ) /Барар еді (қалау рай)

Салыстыру кезеңі: Әр мысалды мағына және құрылым жағынан талдайды:

- «Барады» – нақты болады (шақ);
- «Барар еді» – болмаған, тек ниет (рай).

Осы арқылы оқушы істің нақтылығын (шақ) және ықтималдығын (рай) ажыратады.

3. Қолдану кезеңі: Оқушылар өздері сөйлем құрап, мағынасын түсіндіреді. «Мен ертең барамын» → (шақ, нақты болмақ іс). «Мен барсам жақсы болар еді» → (рай, тілек, шарт).

4. Қорытынды кезеңі: Мұғаліммен бірге талдау жасап, екі категорияның айырмашылығын нақтылап бекітеді: шақ – уақыт категориясы, рай – сөйлеуші ниетінің, эмоциясының категориясы.

Нәтижесі:

- Оқушы шақ пен райды құрылымы мен мағынасы арқылы ажыратады;
- Тілдік формаларды ойлау мен салыстыру негізінде түсінеді;
- Өз ойын нақты әрі мағыналы жеткізуге дағдыланады;
- Сөйлеу мәдениеті мен тілдік талғампаздық қалыптасады.

Құндылықтық маңызы – бұл әдіс грамматикалық ұғымды түсіндірумен қатар, оқушыларды оймен талдауға, салыстыра пайымдауға және дәл сөйлеуге үйретеді. Осы арқылы олар ойлау мәдениеті, жауапкершілік, және ана тілінің терең мәнін құрметтеу сияқты рухани құндылықтарды бойына сіңіреді. Демек, шақ пен райдың шатастырылуын жоюдың ең тиімді жолы – мағыналық-құрылымдық салыстыру әдісі.

Қысқаша түйін: *Салыстыру → Мағына → Түсіну → Дәлдік → Құндылық.*

Етістік шақтарын оқыту – қазақ тіл біліміндегі ең маңызды әрі күрделі салалардың бірі. Оның әдістемелік мәселелерін тиімді шешу үшін дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді ұштастыра қолдану қажет. Мысалы, уақыт сызығын бейнелейтін «timeline-карталар», «LearningApps» немесе «Kahoot» платформаларындағы ойын түріндегі тапсырмалар оқушылардың уақытты визуалды түрде сезінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «storytelling» әдісі арқылы өткен, осы және келер шақта шағын әңгімелер құрастыру оқушылардың тілдік белсенділігін арттырып, нақты өмірлік жағдаяттармен байланыстырады. Мұндай тәсілдер оқушылардың грамматикалық дағдыларын ғана емес, шығармашылық ойлау мен эмоционалдық қабылдауын дамытады. Цифрлық құралдардың басты артықшылығы – тілдік білімді өмірлік тәжірибемен ұштастырып, оқушылардың құндылықтық қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік беруінде. Құндылық бағдарлы оқыту – білім беру процесінің ажырамас бөлігі. Себебі, тіл тек қатынас құралы емес, ұлттың рухани өзегі. Етістік шақтарын меңгертуде грамматикалық біліммен қатар, оқушылардың уақытты бағалау, өткенге құрметпен қарау және болашаққа сеніммен ұмтылу қасиеттерін дамыту – тіл үйретудің басты құндылықтық мақсаты болып табылады.

Қорыта айтқанда, етістік шақтарын оқыту – тілдік білім мен тұлғалық дамуды ұштастыратын күрделі әрі маңызды үдеріс. Оның әдістемелік тиімділігін арттыру үшін төмендегідей бағыттарды ұстану орынды: Теориялық мазмұнды контексте түсіндіру – шақ формаларын өмірлік жағдаяттармен байланыстыра меңгерту; Құндылық бағдарлы тәсілді жүзеге асыру – уақыт ұғымы арқылы жауапкершілік, еңбексүйгіштік және арманшылдық сияқты қасиеттерді тәрбиелеу; Мағыналық-салыстырмалы талдау әдістерін пайдалану – шақ пен райдың айырмашылығын танымдық тұрғыда түсіндіру; Интерактивті және цифрлық технологияларды енгізу – оқушылардың қызығушылығын арттырып, тілдік әрекетті тәжірибелік деңгейге көшіру. Осы бағыттарды біртұтас жүйеде қолдану нәтижесінде етістік шақтарын оқыту үдерісі тек грамматикалық білім берумен шектелмей, оқушылардың рухани және мәдени құндылықтарға негізделген тілдік тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 220 б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
3. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі етістік категориялары. – Алматы, 1998. – 190 б.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІ – ІЗГІЛІКТІҢ ЖАРШЫСЫ

Жанұзақова Т.З.
№7 Хромтау мектеп- гимназиясы мұғалімі, Хромтау, Қазақстан.

Әдебиет (араб.- асыл сөз) — сөз өнері, әлеуметтік мәні бар шығармалар жиынтығы. А.Байтұрсынұлы оған “бір нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері”, “Сөз өнері” деп баға берген. Әдебиет – жалпы өнердің бір саласы. Бірақ ол қоғамдық сананың ерекше түрі есебінде шындықты логикалық ойлау жүйесімен емес, көркем тіл арқылы, сөз өнерінің күшімен суреттеп көрсетеді. Көркем бейненің сыртқы сұлбасымен бірге ішкі мазмұнын, сырын оқырман тұшынып сезіне алатындай етіп ашады, адамның жан дүниесі мен ішкі сезім байлығын көзге елестету арқылы қоғамдық санаға әсер етеді. [1]

“Әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды” (С.Әшімбаев), “ Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде - ұлт та ұлы бола алмайды” (Ғ.Мүсірепов) деп жоғары баға берулері де сондықтан. Қазағымыз “Өнер алды — қызыл тіл” деп тегін айтпаған. Әдебиет пәні оқушылардың рухани дүниесін байытады, туған тілін сүйеді, елін, адамзатты құрметтеуге деген сезімдерге тәрбиелейді. Әдебиет пәнінің жас ұрпақты уақыт талабына сай тәрбиелеуге қосар үлесі үлкен. Ол жақсы мен жаманның ара жігін ажырата білуіне, адамгершілік сезімнің ұшталып, имандылық қасиеттердің оянуына септігін тигізеді. Сондықтан әдебиет пәнін оқытуға ерекше назар аударылады. Әрбір күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу әдебиет пәніне зор жауапкершілікті жүктейді. Әдебиет пәні мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді.

Қазіргі таңдағы педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Қазақ әдебиеті пәнінің басты бағыты – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Білім алушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Бағдарламада әдеби-теориялық ұғымдар, талдауға, бағалау мен салыстыруға негізделген адамзаттың мәңгілік сұрақтары, қазіргі заманғы дилеммалар, мәселелер қарастырылған.

Негізгі мақсат – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту. Қазақ әдебиеті пәнін оқу арқылы білім алушылар:

1) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

2) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

3) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

4) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.[3]

Пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген:

1-бөлім. Түсіну және жауап беру.

2-бөлім. Анализ және интерпретация.

3-бөлім. Бағалау және салыстыру.

Бағдарламаның әр бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады. Пән аясында оқушылардың қол жеткізуі көзделетін оқу мақсаттары оқу бағдарламасында ұсынылған.

«Қазақ әдебиеті» пәні бағдарламасының мазмұны мен құрылымы оқу мақсаттарына негізделіп құрылған.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл дағдыларды қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі әдіс-тәсілдер қолданады. Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер:

1) ауқымды мәнмәтін бойынша топтық зерттеу жұмысын жүргізу және белгілі бір мәселе бойынша автордың көзқарасын талдау;

2) жанрларды түрлендіру (драманы хикаятқа немесе хикаят тарауларын драмалық шығармаға айналдыру) және оның әсерін бағалау;

3) рөлдік ойындар арқылы автордан сұхбат алып, сұрақтар қою (мүмкін болса, авторлармен, фильмді түсірушілермен кездесулер ұйымдастыру);

4) оқушылардың сөйлеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пікірталас, ми шабуылы, дебат, стратегияларды қолдану;

5) оқушының бүгінгі қоғамға лайық жеке тұлғалық қасиеттерін, оның рухани жан дүниесін байытатын қазақ тілінің этно-мәдени лексикасын, даналық сөздерін меңгерту, ана тіліндегі қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу, жағдаяттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ізгілендіру технологиясын қолдану;

6) оқу үдерісінде түрлі жағдаяттар, рөлдік ойындар, «дөңгелек үстел», «брифинг», баспасөз конференциялары, «Көңілділер, тапқырлар клубы» және монолог пен диалогке, әңгімелесуге жағдай жасау;

7) оқу үдерісінде түрлі үнтаспаларды, бейнетаспаларды, медиаматериалдарды, бейнероликтерді, интернет материалдарын, электронды оқулықтарды, компьютер мен лингафондық аппараттарды, белсенді оқыту әдістері мен пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдану. [1]

Сабақ – мұғалім шығармашылығының айқын көрінісі. 45 минутқа арналған қысқа мерзімді сабақ жоспары мұғалімнің сабақ мақсатына жетуіне көмектеседі. Ең алдымен, мұғалім бағдарламаға негізделген оқу мақсатын таңдайды. Таңдалған мақсатты сол күнгі сабақ тақырыбына негіздеп, сабақ мақсатын қояды. Сабақ мақсатын анықтаған соң, мұғалім осы мақсатқа қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді. Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. «Белсенді оқыту мен оқудың белгілі бір әдісін пайдаланардың алдында мұғалімдер өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, өзінің үдерістегі рөлі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы керек». [2.2-бет.]

Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы қажет. Мысал ретінде алсам, 7-сыныптағы «Көне күндерден жеткен жәдігерлер» бөлімі бойынша «Т/Ж3.Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау» деген оқу мақсатына байланысты мынадай жұмыстар жасауға болады:

Сабақтың тақырыбы: Жиембет жырау. «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауы.

Ұйымдастыру. Психологиялық ахуал. Жырдан үзінді тыңдату. Жыр. Жырау. Жыршы тобына бөліну. Әр топ өздерінің атаулары бойынша білетін ақпараттарын айту үшін топта 1минут талқылайды.

Білу. Жиембет пен Есім ханның тарих сахнасындағы бір-бірімен байланысы неде?

Екеуі бір заман тұлғалары;

Ел ісіне араласқан;

Екеуі де ел алдында беделді адамдар.

Оқушылар жауабы тыңдалады.

Сабақтың тақырыбы, мақсаты, жетістік критерийі таныстырылады.

Түсіну. Мұғалім көмегі арқылы «көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері» түсіндіріледі.

1-кесте – Әдеби кейіпкер бейнесін жасау жолдары.

Әдеби кейіпкер бейнесін жасалу жолдары		
Аты	Кейіпкер өмір сүрген ортасы арқылы	Портреті арқылы

	Ішкі сезімі арқылы	Кейіпкердің іс-әрекеті арқылы
	Қимылы арқылы	Өзге адамдардың кейіпкер туралы көзқарасы арқылы

Қолдану.

Тапсырма №1. «Түртіп оқу» әдісі. Оқулықтағы берілген үзіндіні оқу немесе тыңдату.

Ер Есім бейнесін беретін үзінділерді белгілеп қою.

Дескрипторлар:

Кейіпкер бейнесін ашатын үзінділерді белгілейді;

Жасалу жолдарын айқындайды.

ҚБ. «+;-» әдісі бойынша, оқушыларға оқыта отырып, дұрыстарын анықтап алады.

Тапсырма №2. Оқушылар жауабы арқылы толтырылады:

2-кесте – Кейіпкер бейнесіне мінездеме беру.

Үзінділер	Мінездеме	Жасалу жолы
Тасқан екен мына хан!	Тәкәппар	Кейіпкердің іс-әрекеті арқылы
Қайрылып қайыр қылуға Қылығың жоқ ұнаған.	қайырымсыз	
Әмірің қатты Есім хан, Бүлік салып, бұйырдың	Өктем	
Басын бер деп батырдың – Қанын ішіп қанбаққа, Жанын отқа салмаққа.	Қатігез	

Дескриптор:

Есім ханның бейнесін ашатын үзінділер табады;

Үзінділерге сәйкес мінездеме береді;

Жасалу тәсілін анықтайды.

ҚБ. Білім алушылар бір-бірінің жауабын бағалайды.

Мұғалімнің бағалауы. Кейіпкер бейнесінің жасалу кестесін көрсету арқылы оқушылар жауабының дұрыстығын салыстырады.

Байқап отырғанымыздай, оқушы сабақ барысында шығарма мазмұнымен ғана танысып қоймайды, олардың ойларын дәлелдер келтіру арқылы ауызша еркін жеткізуіне мүмкіндік жасалыналды. «Бұған дейін жасалғандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады», - деп американдық өнеркәсіпші Генри Форд айтқандай, әдебиет пәні арқылы мұғалімдер оқушылардың бойына XXI ғасыр адамына қажетті білім мен дағдыны меңгерте алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет.
2. Әлімов А.Қ. «Оқыту мен оқудың белсенді әдістері» Оқу құралы, Астана -2013 жыл.
3. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017жыл.
4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Т.Жармаганбетова[1], Н.Х. Ельшибекова[2], Т.С. Смакова[3]

[1]ф.ғ.м, аға оқытушы, [2]п.ғ.м, аға оқытушы, [3]п.ғ.м, аға оқытушы, академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚЗУ, Қарағанды, Қазақстан.

Тіл мен әдебиет – кез-келген қоғамның мәдени және рухани негізі. Әдебиет халқымыздың ұлттық болмысын, құндылықтарын, салт-дәстүрін сақтап, жетілдіруге қызмет етеді. Ал тіл – сол мәдениеттің, қоғамдық қатынастардың өміршең құралы. Қазіргі заманда білім беру жүйесінде тіл мен әдебиетті оқытудың білім беруге ғана емес, құндылықтарды қалыптастыруға (аксиологиялық бағыт) қызмет етуі маңызды міндеттердің бірі болып табылады. [1] Құндылық бағдарлы оқыту тіл мен әдебиет сабағында білім алушылардың

санасын тәрбиелеуді, адамгершілік, эстетикалық, патриоттық қасиеттерді дамыту мен ұлтқа, ана тілге, тарихқа деген құрмет сезімін қалыптастырады. Құндылық - адамның мінез-құлқына, дүниетанымына бағыт беретін, өмірлік таңдауына әсер ететін идеялар, ұстанымдар, әлеуметтік және мәдени нормалар. Құндылық бағдарлы оқыту – білім беру үдерісінде білім алушыларға тек білім мен дағды ғана емес, қоғамның рухани-мәдени мұрасын, адамгершілікті, эстетикалық талғамды, мәдениетаралық қарым-қатынасты түсінуді және құрметтеуді дарыту.

Ұлттық құндылықтарымызды қастерлеп, оны келер ұрпақтың санасына сіңіруде оқытудың түрлі әдәс-тәсілдерін оқу үдерісіне енгізудің мәні ерекше. Осы орайда еліміздегі білім беру жүйесіндегі қолданыстағы бағдарламалар мазмұнында ұлттық дәстүр мен жалпыадамзаттық құндылықтардың бір-бірімен түйісіп, сабақтасып берілуі білім алушылардың білімі мен қатар, білім алушының өмірлік ұстанымының қалыптасуына ықпал тигізіп, оны Отанын сүюге, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге және сақтауға, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпты білуге баулиды, рухани болмысын қалыптастырады.

Бұл:

Білім алушының азаматтық, патриоттық сезімін қалыптастырады;

Тіл мен әдебиет арқылы ұлттық сана-сезімді дамытады;

Рухани-адамгершілік тәрбие береді;

Білім алушының сыни ойлау, талдау, пікір айтру дағдыларын қалыптастырады.

Әрбір халықтың, әрбір ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет ғұрпы, дәстүрі, білім беру мен тәрбиелеу тәсілі болатыны белгілі.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру саласында жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттартары қызу талқылануда. Білім берудің базалық компоненттері мен Мемлекеттік стандарт мазмұнында жаңа технологияларды енгізу, ал оны толықтыратын: оқу-тәрбие үрдісін модульдеу жүйесі; білім алудағы диалогтік қатынас; дамыта оқыту мен білім беру жүйесін кіріктіру идеясы негізінде іске асыруға болады. Кіріктірілген технология дегеніміз- бұл жаңашыл педагогикалық технология.

Қай кезеңде де жас ұрпаққа білім беру қоғам алдындағы ең жауапты, маңызды іс болған және солай болып қала бермек. Бұл ретте Қазақстан Республикасында заманауи білім беруде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы қызмет көрсетуге қол жеткізудің маңызы зор. Еліміз өркениетті елдер қатарынан орын алып, бәсекелестікке қабілетті болуы үшін - ең алдымен білім беру үдерісінде жас ұрпақты тәрбиелей отырып, сапалы білім беру үдерісін жүзеге асыру қажет. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ел ғана табысқа жетеді.

Өз кезегінде құндылықтарға негізделген білім беру кезеңінде шығармашылық жұмыс та өзінің қабілетін іске асыру үшін төмендегі құндылықтардың тигізетін әсері зор. Атап айтсақ:

Зияткерлік-шығармашылық;

Әлеуметтік-қоғамдық;

Әлеуметтік-педагогикалық [2].

Құндылық бағдарлы оқытудың әдістемелік мәселелері мәтінді құндылықтық талдау әдісіне сүйенеді. Әдеби талдауда басты назар – кейіпкерлердің іс-әрекетін, өмірлік ұстанымын, кейіпкерлердің іс-әрекетін, өмірлік ұстанымын, адамгершілік қырларын бағалау.

Мысалы Абай Құнанбаевтың қара сөздерін оқытуда студенттер «парасат», «еңбек», «әділдік» ұғымдарын қазіргі заманмен байланыстыра отырып талдайды. Бұл әдіс білім алушының философиялық және этикалық пайымдау қабілетін дамытады. Пікірталас және диалогтік әдістер: «Дөңгелек үстел», «Құндылық картасы», «Екі жақ – бір шешім» сияқты әдістер студенттердің рефлексиялық ойлауын және азаматтық ұстанымын қалыптастырады.

Жобалық және зерттеу әдісінде студенттерге құндылыққа негізделген шағын жобалар дайындау ұсынылады: «Қазақ әдебиетіндегі рухани ұстаз бейнесі», «Тіл мәдениеті – тұлға мәдениеті», «Жаңа ғасыр жастарының рухани бағдары». Бұл әдіс ізденімпаздықты, жауапкершілікті, сыни ойлауды қалыптастырады. Құндылыққа қатысты бейнеэссе, цифрлық стенд, подкаст, инфографика жасау – студенттің шығармашылығын дамытады. Мысалы, «Менің ұстаз ретіндегі өмірлік құндылығым» атты бейнеролик дайындау студенттің кәсіби

өзін-өзі тануына жол ашады. Сабақ соңында білім алушы «Мен бүгін не үйрендім?» «Қай құндылық маған әсер етті?» деген сұрақтарға жауап жазады. Бұл тәсіл болашақ маманның эмоциялық интеллектісін, өзін-өзі бағалау мәдениетін дамытады. Қазақ тілі мен әдебиетті тарих, мәдениеттану, педагогика пәндерімен байланыстыра оқыту студенттің дүниетанымын кеңейтеді. Мысалы, тарихи шығармаларды талдау кезінде студент ұлттық тұлғалардың өмірінен патриотизм, ерлік, азаматтық борыш туралы терең ұғым алады [3].

Сонымен қатар құндылықтарға баулуда кітап оқудың да маңызы зор. «Кітап – айтқан ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» - деп шығыс ақыны Науаи айтқандай, балаға қандай жағдайда да оқуды дағдыға айналдыруға көмектесу керек. Кітаптың адам бойына құндылықтарды сіңіруде тагізетін әсерінің зор екенін барлық адамзат қауымы мойындаған. Кез-келген уақытта кітап оқу білім алушы өскелең ұрпақтың мәдениеттілігінің, білімділігінің бір өлшемі ретінде қарауға болады. Адамзат тарихында әр қоғамның өзіндік ерекшеліктері мен тарихи құндылықтарын болашақ ұрпаққа осы кітап арқылы қалдырып отырған. Сондықтан кітап – ұрпақтан-ұрпаққа құндылықтарды сақтап, қоғамды дамытатын қуатты құралдардың бірі ғана емес, кейінгі ұрпаққа өшпес із қалдыратын құнды қазыналардың бірегейі.

Құндылыққа бағытталған оқытудың білім алушы тұлғасына әсері:

Рухани-адамгершілік тұрақтылық – ізгілікке ұмтылу, әділдік пен адалдықты бағалау;

Ұлттық сана мен мәдени сәйкестік – өз халқының тілін, тарихын, дәстүрін қадірлеу;

Кәсіби этика мен жауапкершілік – болашақ білім алушыларға үлгі бола білу;

Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне арналған сапалы, ұлттық мазмұндағы мультимедиалық материалдардың аздығы. Электронды оқулықтар мен онлайн платформа сапасы мен мазмұнының талапқа сай келе бермеуі. Интерактивті платформалар, ойындар, бейне сабақтардың жеткіліксіздігі [4].

Әдеби шығармалар мен тілдік тапсырмалар білім алушылардың өзіндік пікір айтуына, адамгершілік қасиеттерді талдауына мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, білім беру жүйесінің басты міндеті – өзгермелі қоғамда өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілетті, жеке тұлғаны қалыптастырып, дамыту болып табылады. Бұл бағытта білім алушылардың ұжымда, топтарды жұмыс істеу барысында логикалық қабілеттерін, сыни ойлауын, функционалдық сауаттылығын дамытудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттері – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағыттылған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту; азаматтық пен патриотизмге, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиеле» –деп атап көрсетілген [5].

Қазіргі таңда жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беруде ұлттық әдеби мұраларымыз бен ұлттық құндылықтарымызды, халық ауыз әдебиетін танып-білуге бейімдеудің мәні зор. Қазақ даласындағы ойшылдардың мол мұрасын, білім мен ғылымға, ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастарын жаңа заманның талаптарына сай зерделеу және болашақ ұрпаққа насихаттау маңызды іс.

Оқу-тәрбие үдерісінде мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, оқу-танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етеді. Оқу процесін жандандыру мақсатында оқытушының оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдап алуы білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың ізденуіне, танымын арттыруына мол мүмкіндік береді. Сабақ барысында білім алушы мен оқытушы арасында бірегей байланыс бекіп, білім алушы жеке ізденуге, саралап нақты шешім қабылдауға, сыни ойлауға, тұжырым дәлелдеуге, белсенділікке ұмтылуы тиіс. Осылайша білім алушы коммуникативті қарым-қатынасқа түсіп,

барлық білгені мен түйгенін санасынан өткізіп, топ құрамында немесе жұптық негізде және жеке орындаған жұмысы арқылы шығармашылық қабілетін арттырады [6]. Сондықтан да, білім алушыларға қазіргі заманға сай сапалы білім берумен қатар, дарынды, сауатты, парасатты, жан-жақты дамыған, ой-өрісі кең, әлемдік, ұлттық, отбасылық, тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі.

Еліміздің келешегі – жас ұрпақтың сана-сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, салауатты, жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азаматты тәрбиелеуіміз тиіс. Өйткені ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойы асыл арманы болып келген «Мәңгілік Ел» болу идеясын жүзеге асырушы ол – жас ұрпақ. Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – заман талабы. Бұл тәсіл тек пәндік білім берумен ғана шектелмей, білім алушының ішкі жан-дүниесін тәрбиелеуге, өмірлік ұстанымын қалыптастыруға, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеуге бағытталады. Мұндай әдістемелік ұстаным оқу процесін мазмұнды, мәнді етеді, ал білім алушыларды рухани бай, саналы азамат ретінде қалыптастырады.

Уақыт алға озып заман өзгергенмен, әр мемлекет әлімсақтан бойына сіңген өзіндік бет-бейнесі мен ұлттық дүниетанымын сақтап қалып, болмыс-бітімімен астасқан ұлтқа тән қасиеттерден айнымау керек. Сондықтан өзгеріске ұшырап жатқан дүбірлі дүниеде жаһандану көшіне ілесе отырып, өткенімізге жан бітіріп, ұлттық құндылықтарымызды дамытуға ерекше мән беруіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев С. Жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. – Алматы: Білім, 2010.
2. Айтмамбетова Б. Білім берудегі жаңа мазмұн және құндылықтық бағдар. – Алматы, 2017.
3. Жұмаханова Ш. Құндылыққа бағдарланған білім беру: теориясы мен практикасы. – Алматы: Раритет, 2020.
4. Иманбекова М. Құндылықтар жүйесі және ұлттық тәрбие. – Алматы, 2019.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы». – Астана, 2007.
6. Ахметова Г. Әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары. «Білім» журналы, №4, 2021.

МАС МЕДИА МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Жәли А.Ж.

Астана Халықаралық Университеті 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жағдайында бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) пайдалану оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Бұл үрдіс студенттердің танымдық белсенділігін арттырумен қатар, олардың ақпаратты талдау, сұрыптау және бағалау қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Масс медиа мәтіндері — заманауи ақпарат кеңістігінің өзегі, оларды білім беру үдерісінде қолдану студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға зор мүмкіндік береді. Себебі медиа мәтіндер шынайы өмірдің көрінісін береді, қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғайды және әртүрлі көзқарастарды салыстыруға мүмкіндік тудырады [1, 45-б.]. Сонымен қатар, медиа мәтіндер студенттердің танымдық қызығушылығын арттырып, дербес ойлау мәдениетін қалыптастырады. Олар ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оның астарындағы идеяны, авторлық позицияны және эмоционалдық әсерді түсінуге тырысады. Бұл үдеріс студентті пассивті тыңдаушыдан белсенді талдаушыға айналдырады, яғни тұлғаның сыни ойлау дағдыларының дамуына нақты жағдай жасайды.

Сыни ойлау ұғымы XX ғасырдың басында философ әрі педагог Джон Дьюи еңбектерінде алғаш анықталған. Ол сыни ойлауды адамның өз пікірін қалыптастыру, дәлелдеу және шешім қабылдау қабілетімен байланыстырған [2, 33-б.]. Кейін бұл бағытты Эдвард Глейзер, Роберт Эннис, Бенджамин Блум сияқты ғалымдар дамытты. Глейзердің пайымдауынша, сыни ойлау

– бұл бақылауға, тәжірибеге және дәлелдерге негізделген логикалық пайымдау қабілеті. Ал Блумның таксономиясы ойлау әрекетінің иерархиялық деңгейлерін көрсетті: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау. Осы модельдің соңғы үш деңгейі — талдау, синтез және бағалау — дәл масс медиа мәтіндерімен жұмыс кезінде дамиды. Мысалы, студент белгілі бір жаңалықты оқи отырып, дерек пен пікірді ажыратады, оны басқа ақпарат көздерімен салыстырады және өз көзқарасын негіздеп қорытынды жасайды. Мұндай әрекеттер білім алушылардың жоғары деңгейдегі когнитивтік операцияларын белсендіреді.

Медиа мәтіндермен жұмыс істеу барысында студент тек ақпарат алушы рөлінде қалмай, оны сын тұрғысынан сараптайды. Мысалы, жаңалық мәтінін оқу кезінде студент автордың көзқарасын анықтап, фактілер мен пікірлерді ажыратуға тырысады. Бұл үдеріс ойлау операцияларының белсенді болуын қамтамасыз етеді және аналитикалық қабілеттердің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, жарнама мәтіндерін талдау студенттің тілдік және мәдени танымын кеңейтеді, себебі онда көркемдік тәсілдер, риторикалық құрылымдар мен стилистикалық элементтер жиі қолданылады. Мұндай мәтіндер арқылы студент медиалық манипуляцияларды байқауға және олардың ықпалынан қорғануға үйренеді. Мысалы, тележарнамадағы эмоциялық әсер ету стратегияларын, бейнелік компоненттерді немесе визуалды метафораларды талдау студентті медианың ықпал ету механизмдерін саналы түрде тануға жетелейді. Бұл өз кезегінде медиасауаттылық пен ақпараттық иммунитеттің дамуына септігін тигізеді.

Медиа мәтіндерін сабақта қолдану студенттердің тілдік құзыреттілігін арттыруда ерекше рөл атқарады. Мысалы, ағылшын тілі сабағында жаңалық мәтіндері мен қысқа бейнематериалдарды талдау арқылы студент нақты тілдік құрылымдарды, жаңа лексиканы және сөйлеу үлгілерін үйренеді. Бұл олардың сөйлеу дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, шынайы тілдік ортада қолдануға дайындайды. Әсіресе халықаралық медиаресурстарды пайдалану арқылы студент тек тіл үйреніп қана қоймай, мәдениетаралық коммуникацияға дағдыланады. Мысалы, BBC, CNN, Al Jazeera сияқты платформалардағы материалдар студентті түрлі мәдени құндылықтармен және дүниетанымдық айырмашылықтармен таныстырады. Бұл олардың төзімділік, эмпатия және мәдениетаралық түсіністік қасиеттерін дамытады. Мұғалім бұл үдерісте бағыттаушы әрі модератор рөлін атқарады, яғни студентті дербес ізденіс пен сыни талдауға ынталандырады. Сонымен қатар, мұғалім оқу үдерісін құрылымдауда проблемалық сұрақтар мен пікірталас әдістерін қолдана отырып, студенттің белсенді қатысуына жағдай жасайды.

Сыни ойлаудың психологиялық-педагогикалық аспектілеріне тоқталсақ, бұл дағды тұлғаның өзіндік таным белсенділігін арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді. Сыни ойлау қабілеті дамыған студент кез келген ақпаратты талдап, өз пікірін дәлелді түрде жеткізе алады. Мұндай қабілет тек когнитивтік деңгейде ғана емес, тұлғаның эмоционалды және әлеуметтік интеллектісін де арттырады [3, 72-б.]. Сыни ойлауы дамыған тұлға өз пікірін басқалардың ойымен салыстыра алады, аргументтерін логикалық тұрғыда дәлелдейді және шешім қабылдауда жауапкершілік танытады. Психологтар мен педагогтар сыни ойлаудың дамуын рефлексия, өзін-өзі бағалау және метатанымдық дағдылармен байланыстырады. Демек, медиамәтіндерді оқу мен талдау студентке тек тіл үйретпей, өзін-өзі тануға және өз пікірін қорғауға да мүмкіндік береді. Рефлексия дағдысы студентке өз оқу тәжірибесін талдауға, күшті және әлсіз жақтарын көруге мүмкіндік береді, бұл тұлғалық дамудың негізгі факторы болып табылады.

Қазақстандық білім беру жүйесінде медиамәтіндерді қолдану бағытында бірқатар оң өзгерістер байқалады. Мысалы, ағылшын тілі пәнінде халықаралық жаңалықтар мен әлеуметтік желідегі ақпараттарды талдау кеңінен енгізілуде. Бұл тәсіл студенттердің танымдық қызығушылығын арттырып, өз еліндегі және әлемдік оқиғаларға сыни көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдіс студенттің ақпараттық мәдениетін және медиалық сауаттылығын қалыптастырады, ал бұл қазіргі цифрлық қоғам үшін аса маңызды [4, 54-б.]. Қазақстанда «Цифрлық сауаттылық» бағдарламалары мен медиа білім жобалары жүзеге асырылуда, олардың басты мақсаты – жастарды ақпаратты дұрыс қабылдап,

сын тұрғысынан талдауға үйрету. Жоғары оқу орындарында медиа мәтіндерге негізделген практикалық сабақтар студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын, азаматтық жауапкершілігін арттыруға бағытталады. Бұл тұрғыдан алғанда, медиа мәтіндерді оқу тіл үйрету құралы ғана емес, әлеуметтік және мәдени тәрбиенің де тиімді тетігі болып табылады.

Медиа мәтіндерін сабақта пайдалану барысында мұғалім студенттердің талдау қабілетін дамыту үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады: «Ойлан — жұптас — бөліс», «Венн диаграммасы», «INSERT», «RAFT» және «Fishbone» сияқты әдістер тиімді нәтиже береді. Мысалы, «Венн диаграммасы» арқылы студенттер екі ақпарат көзін салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табады. Бұл әдіс талдау мен синтездеу қабілеттерін дамытады, ал «RAFT» әдісі ақпаратты белгілі бір рөл немесе аудитория тұрғысынан қайта жазуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «INSERT» әдісі мәтінді оқу кезінде студенттің белсенді қатысуын қамтамасыз етеді: ол ақпаратты белгілер арқылы саралайды, бұл деректермен жұмыс істеу дағдысын жетілдіреді. Осылайша студенттің шығармашылық және логикалық ойлауы қатар дамиды [5, 28-б.]. Мұндай белсенді әдістер оқу процесін жандандырып, студенттің сабаққа қызығушылығын арттырады, себебі олар өз тәжірибесін, көзқарасын және пікірін нақты дәлелдер арқылы білдіруге үйренеді.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, медиамәтіндермен жұмыс студенттің эмоциялық реакциясын да белсендіреді. Көбіне жаңалықтар мен жарнамалық мәтіндер белгілі бір эмоцияны тудыруға бағытталғандықтан, студент сол әсерді саналы түрде қабылдауға үйренеді. Бұл эмоционалды интеллектінің дамуына ықпал етеді. Мұғалім осындай тапсырмалар арқылы студенттерді өз сезімдерін бақылауға, аргументтерін нақты жеткізуге және өз пікірін дәлелдеуге баули алады. Сыни тұрғыдан ойлайтын тұлға — бұл ақпарат ағынында жоғалып кетпейтін, өз ұстанымын қорғай алатын, дәлелге сүйенетін адам. Мұндай тұлға өз көзқарасын дәлелсіз эмоцияларға емес, фактілер мен логикалық ойлауға негіздейді. Бұл қазіргі заманның ақпараттық және идеологиялық күрделілігі жағдайында аса өзекті қасиет болып табылады.

Қорыта айтқанда, масс медиа мәтіндерін оқу процесіне енгізу студенттердің тілдік, коммуникативтік және сыни ойлау қабілеттерін кешенді түрде дамытудың тиімді құралы болып табылады. Мұндай тәсіл студенттерді ақпараттық қоғам талаптарына бейімдеп қана қоймай, оларды саналы, белсенді және жауапты тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан қазіргі педагогтар медиа мәтіндерді жүйелі түрде қолдана отырып, сыни ойлауға негізделген сабақ үлгілерін кеңінен енгізуі қажет. Бұл жоғары оқу орындарындағы шетел тілі сабақтарының сапасын арттырып қана қоймай, білім алушылардың тұлғалық дамуына да зор әсер етеді. Медиа мәтіндер арқылы студенттердің ой-өрісі кеңейіп, әлемдік құбылыстарды саналы қабылдау мәдениеті қалыптасады, ал бұл – XXI ғасыр адамының басты көрсеткіші.

Әдебиеттер тізімі:

1. Блум Б. Таксономия образовательных целей. – М.: Прогресс, 1986. – 320 б.
2. Дьюи Дж. Как мы мыслим. – М.: Педагогика, 1991. – 256 б.
3. Эннис Р. Critical Thinking. – New York: Prentice Hall, 1996. – 187 p.
4. Пол Р., Элдер Л. Искусство мышления. – М.: Альпина, 2014. – 240 б.
5. Назарбаева С.Қ. Білім берудегі инновациялық технологиялар. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 212 б.

ФОНЕТИКАНЫ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жұпарбек Г.

1 курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Фонетика – тілдің дыбыс құрылымын зерттейтін ғылым саласы. Қазіргі қазақ тілі фонетикасының тарихы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Бұл кезеңде орыс ғалымдары В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, Н.И. Ильминскийдің еңбектері алғашқы негізді

зерттеулер болды. Сонымен қатар, түркі тілдерінің диалектологиясы мен фонетикасын зерттеуде Г.Й. Рамстедт, Н.А. Баскаков, В.А. Богородский, Е.Д. Поливанов сияқты ғалымдардың елеулі үлесі бар.

Қазақ тілі фонетикасын жүйелі түрде зерттеу Құдайберген Жұбановтан бастау алады. Ол қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі ретінде фонетиканың негізгі мәселелерін терең қарастырып, тіл дыбыстарының фонологиялық жіктелімі, дыбыс өзгерістері, үндестік заңы, сөз құрылымы және екпін сияқты мәселелер бойынша құнды еңбектер қалдырды. Академик І. Кеңесбаевтың еңбектері де қазақ тілі фонетикасын зерттеуде өте маңызды орын алады. Ғалым фонемалардың құрамы мен жіктелімі, буынның құрылуы мен ауысуы, дыбыстардың үндесуі, сингармонизм және екпін сияқты негізгі фонетикалық мәселелерді зерттеді. Осы саладағы аса көрнекті зерттеушілердің бірі – профессор Әлімхан Жүнісбек. Ол қазақ тілінің фонетикасы, орфографиясы, орфоэпиясы және сингармонизм теориясы бойынша бағалы еңбектер жазды. Оның жұмыстарында тілдік үндестік заңдылықтар, артикуляциялық негіз, буын мен морфеманың құрылымы, сондай-ақ латын әліпбиіне көшу және тілді бөгде тілдік ортаға оқыту әдістемесі сияқты өзекті тақырыптар қамтылған.

Қазақ фонетикасының тағы бір ірі белді өкілі – профессор С. Мырзабеков. Ол қазақ тілінің дыбыс жүйесін, айтылым ерекшеліктерін және оның фонетикалық заңдылықтарын тереңірек зерттеді. Оның еңбектерінде сингармонизм теориясы, дыбыстардың үйлесімділігі, артикуляциялық модель, орфография мен орфоэпия мәселелері кеңінен талқыланған. Сонымен қатар, ол тілдің дыбыстық құрылымын жүйелеп, табиғи айтылымды қалыптастырудың, тілдік нормаларды ғылыми негіздеудің және ұлттық айтылым эталонын насихаттаудың маңыздылығын атап өткен. Қазақ тілі фонетикасының даму тарихы мен негізін қалаған ғалымдардың еңбектері мектеп мұғалімі үшін бірқатар маңызды құндылыққа ие. Бұл еңбектер мұғалімге тілдік үрдістердің терең мәнін түсінуге көмектеседі, оның ішінде дыбыстардың түзілу заңдылықтарын, олардың өзара әрекеттесуін және тілдік өзгерістердің негізгі себептерін ашады. Фонетикалық құбылыстардың ғылыми түсіндірмелері мұғалімге оқушылардың тілдік қиындықтарына себеп-салдар тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді.

Осылайша, ғылыми мұра мұғалім үшін тек теориялық білім көзі ғана емес, сонымен қатар оның кәсіби іс-тәжірибесін байытатын және оқушылардың тиімді тіл меңгеруіне жағдай жасайтын құнды құрал екені сөзсіз. Мәселен, А. Байтұрсынов «Қай әдіс жақсы?» мақаласында: «Дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті. Орыста бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына қарамай жазылатын болса, қазақта он сөз дыбысына қарай жазылып, бір сөз ғана дыбысына қарамай жазылады. Солай болған соң бізде сөздің ішіндегі дыбыстарын айыра білу керек. Сөздің дыбыстарын дұрыс айыра біліп, оларға арналған әріптерді қоя білудің өзімен де үйренуші емлеміздің аз болса, 60-70 процентін біліп қалады», – деген болатын. Тілші-ғалымның бұл ойы қазақ тілінің ерекше бір артықшылығын – оның дыбыс құрамы мен әріп арасындағы жоғары сәйкестікті негізге ала отырып, тілді меңгерудің кілті ретінде дыбыстық талдауға үйретудің қажеттілігін аша түседі. Демек, егер оқушы сөзді қалай дыбыстап айтатынын білсе, оны қалай жазу керектігін де оңай түсінеді. Сондықтан қазақ тілін меңгеруде негізгі көңіл баланың тыңдау және айту қабілеттерін дамытуға аударылуы тиіс. Бұл әдіс оқушыға сөздердің дыбыстық құрамы мен мағынасы арасындағы өзара байланысты терең қабылдауға көмектеседі.

Фонетикалық дағды – оқушының сөздік материалды дыбыстап ажырата білуі мен оны дұрыс жаза алауын біріктіретін кешенді құбылыс. Ол оқушының әдеби тіл нормасын меңгеруіне, сөйлеу мәдениетінің дамуына тікелей әсер етеді. Фонетикалық сауаттылықты қалыптастыру – тіл оқытудың әрі мақсаты, әрі құралы екені анық. Ф. Оразбаева мен Р. Рахметова «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқу құралында: «Қазақ тіліндегі дыбыстардың айтылуы мен жасалуын үйрету мұғалімнің шеберлігі ғана емес, бірнеше тәсілді қатар меңгерген әдісқойлығын да қажет етеді. Өйткені сабақта оқытушы тек дыбыстардың айтылуымен шектелсе, сөйлеуді үйрету мақсатына жетпейді. Сондықтан ұстаз дыбыстардың ерекшеліктерін сөз ішінде, буын құрамында, сөйлем арасында меңгере отырып, жалпы тілдік

қатынастың қағидаларын естен шығармайды және тілді үйретудің жинақтық әдісін пайдаланады», – деп фонетиканы дұрыс меңгеру оқушының дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу дағдысын, яғни сауаттылығын арттырудағы маңызын алға тартады.

Осы мәндес пікірді Б. Құлмағамбетова да ұстанады. Ғалым: «Мектепте фонетиканы дұрыс, сапалы оқыту мұғалімнен үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Оқушы фонетиканы дұрыс меңгеріп, әдеби тілдің нормасына жаттығады, сөздердегі дыбыстардың айтылуын, жазылуын, естілуін дәл айта білуі, сондай-ақ сауатты жаза білуі тиіс. Оқушы сөзі немесе дыбысты дұрыс айта алмаса, дыбысты ауыстырып айтатын немесе жазатын болса, әдеби тілдегі сөйлеу дағдысын бұзып, сөзді дұрыс, сауатты жаза алмайды», – деген қорытынды жасайды. Демек, оқытушы сабақ барысында дыбыстардың ерекшеліктерін сөз ішінде, буын құрамында, сөйлем арасында меңгерте отырып, жалпы тілдік қатынастың қағидаларын естен шығармауы тиіс және тілді меңгертудің жинақтық әдісін қолданған жөн. М. Дүйсебаеваның айтуынша, сабақ барысында прозалық және поэзиялық шығармаларды, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды пайдалану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, ойлау қабілетін дамытады, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Мұғалім әр дыбысты оқытуды сөздік қорды байыту, синтаксистік құрылымдармен таныстыру және сөйлеу мәдениетін қалыптастырумен үйлестіре отырып, тілді тұтастықта меңгеруге жағдай жасайды. Осындай интеграцияланған көзқарас тіл оқытуды жеке дағдылар жиынтығы емес, қатынас құралы ретінде қабылдауға үйретеді.

Ұстаз үй тапсырмасын ұйымдастыру барысында ұлттық құндылықтарға негізделген тапсырмалар беріп, оқушылардың өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеуі қажет. Бұл – тек білім берумен шектелмей, жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен сана дәнін себудің бір жолы. Мұғалім әр сабақта тек тақырыпты меңгертіп қоймай, оны өмірмен, ұлттық болмыспен байланыстырып, оқушының тұлғалық дамуына ықпал етуі тиіс.

Осылайша, қазақ тілі сабағында ұлттық бағдарлы оқыту мен заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді ұштастыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі. Үнемі жаңашылдыққа ұмтылыс пен шығармашылық еңбек қана нәтижелі білім мен тәрбиенің кепілі бола алады. Осы орайда біз 5-сынып оқушыларына фонетиканы құндылық бағдарға негіздей оқытудың тәжірибелік үлгісін ұсынамыз.

Сабақ жобасы. Сыныбы: 5-сынып. Сабақтың тақырыбы: Ұлттық киім. Сабақтың мақсаты: Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай сөйлеу, жазу. Тақырыпқа сай дұрыс сөйлеу және дұрыс жазу дағдыларын дамыту. Құндылықтарға баулу: Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу, түгендеу. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Жаңа сабаққа кіріспе: Оқушыларды үлестірме қағаз көмегімен төрт топқа бөліп, «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырып пен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын қою, ұжымдық талқылау.

Қойылатын сұрақтар: Ұлттық киімнің қандай түрлері бар? Киім құндылыққа жата ма? Құндылық дегеніміз не?

Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады. Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануы дамиды.

Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.

Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс білдіріп, талқылауға белсенді қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.

Жаңа сабақтың басында мәтін алды тапсырмалар беріледі.

1-тапсырма. Мәтін ішінен дауысты дыбыстардың айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді теріп жаз және ережесін түсіндір.

2-тапсырма. «Тақия», «шапан», «ою» сөздерінде қанша әріп, қанша дыбыс барын айт.

«Шапан киген қарт пен қазына»

(Ертегі)

Ерте, ерте, ертеде бір ауылда шапан киген бір қарт өмір сүріпті. Оның аты – Шалқар еді. Шалқар шалдың үстінен қысы-жазы түспейтін бір көк шапаны болыпты. Ауыл балалары ол шапанды “сиқырлы” деп атайтын.

– Ата, неге сіз сол шапанды тастамай киіп жүрсіз? – деп сұрайтын олар.

Шалқар қарт жымиып:

– Бұл жай шапан емес, бұл – менің бабамнан қалған аманат, – дейтін.

– Бұл шапанның әр түймесі – тарих, әр оюы – тағылым.

Балалар таңданып, шапанның оюларына үңілетін. Бірінде – бүркіт бейнесі, бірінде – қошқар мүйіз өрнегі, енді бірінде – күн мен ай салынған.

– Бұл шапанды киіп жүрген адам елін ұмытпайды, жерін қорғайды, салтын сақтайды, – дейтін қария.

Бір күні дауыл соғып, өзен тасыды. Көпір бұзылып, балалар жағада қалып қойды. Сонда Шалқар қарт көк шапанын шешіп, арқанша байлап, балаларды аман-есен өткізіп алды.

Сол күннен кейін бәрі шапанның сиқырына сенді. Бірақ шын сиқыр – шапанда емес, ұрпаққа мұра болған ұлттық рухта екенін түсінді. Содан бері ауылда әрбір адам «Наурыз» мейрамында немесе тойда міндетті түрде ұлттық шапан киетін болған. Себебі олар ұлттық киім – тек киім емес, ол – ұлттың жүрегі мен жаны екенін білетін.

3-тапсырма: Тыңдалым. Алдын ала жасанды интеллект құралдарының (Gemini, Character AI, GPT) көмегімен әзірленген бейнежазбаны көріп, ақпаратты есте сақтайды.

1-сурет. Ертегі желісімен жасалған бейнежазба көріністері

4-тапсырма. Айтылым-диалог. Ертегінің идеясын табу мақсатында оқушыларға қойылатын сұрақтар:

Қарт неге шапанын «сиқырлы» деді?

Ұлттық киім адам бойындағы қандай қасиеттерді ашады?

Ертегідегі «шын сиқырдың» мәні неде екен?

5-тапсырма. Жазылым. Сөздерді орнына дұрыс орналастырып, сөйлем құрайды.

Тақия, баскиім, сырып, кестелеп, сәтен, шұға, барқыт, маталардан тігілген. Тымақ, қысқы, баскиім, биік төбелі, маңдайлы, екі құлағы, бар, желке, жотаны жауып тұратын, аңның, малдың, терісінен, тігілген. Малақай, аң терілері, елтіріден, арасына, сырып тігілген, жүн, мақта, салып, ерлердің, баскиімі.

6-тапсырма. Жазылым. Сәукеле, шапан, бөрік сөздеріне дыбыстық талдау жаса.

Үйге тапсырма: Жасанды интеллект құралдарын пайдаланып ұлттық киімдердің заманауи әрі инновациялық үлгісін сипаттап жазу.

Дескрипторлар:

Ұлттық элементтерді сақтау, әрі жаңа заманға сай болу;

Инновациялық материалдар қолдану.

Бұл оқушының шығармашылық қабілетін дамытады.

Сонымен, қазіргі заманғы мектепте, әсіресе қазақ тілі сабақтары арқылы ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен құндылықтарымызды насихаттау алдыңғы орында тұратыны анық. Бұл міндетті тиімді жүзеге асыру үшін ұстаздардың заманауи технологияларды, оның ішінде жасанды интеллект құралдарын дәстүрімізге бейімдеп, оқушыларға ұсына білуі кәсіби шеберлігінің көрінісі болмақ. Жоғарыда ұсынылған мысал тек бір сабақ үшін қолданылатын әдістердің шағын жиынтығы ғана. Түптеп келгенде, ұстаз үнемі ізденісте болып, әрбір сабағын шығармашылық пен нақты мақсаттарға бағдарлай отырып әзірлеуі керек. Үй тапсырмасын

орындатуда да заманауи тәсілдерді пайдалану оқушылардың ұлттық құндылықтарды тереңірек меңгеруіне ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Қай әдіс жақсы? – Жаңа мектеп, 1928. – №4. – 3-11 б.
2. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С., Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 94 б.
3. Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Білім» баспасы, 2000, – 144 б.
4. Дүйсебаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. Алматы: Мектеп, 1973. – 65 б.
5. OpenAI. (2025). ChatGPT (GPT-4) [Large language model]. https://chat.openai.com/
6. Character Technologies. (2025). Character.AI [AI chatbot platform]. https://beta.character.ai/
7. Google DeepMind. (2025). Gemini AI [Multimodal AI tool]. https://deepmind.google/

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ

Заңова Б.А.

«Софиевка ауылының ЖОББМ» мұғалімі, Ақмола облысы, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның рухани және мәдени дамуы басты назарда болуы тиіс. Бұл тұрғыда көптеген отандық ғалымдар **құндылық бағдарлы оқыту** ұстанымдарының маңыздылығын атап өтеді. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **С.Қалиев** білім берудің басты мақсаты – “адамның бойындағы ізгі қасиеттерді тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар арқылы рухани тұтастыққа жетелеу” деп көрсетеді [1.67]. Ал академик **Ә.Табылдиев** құндылыққа негізделген білім – “адамды тек білімді етіп қана қоймай, оның адамдық болмысын, мінезін, дүниетанымын қалыптастырады” деп тұжырымдайды [1.78].

Сондай-ақ профессор **Қ.Бержанов** өз еңбектерінде “тәрбие мен білім бір-бірінен ажырағысыз, білімнің өзегі – құндылық” екенін ерекше атап өтеді [1.90]. Осы ғалымдардың көзқарастарының түйіні – білім берудің нәтижесі оқушының алған ақпарат көлемімен емес, оның өмірлік ұстанымы мен рухани қалыптасуымен өлшенуі тиіс деген идеяға саяды.

Осы ғылыми тұжырымдар қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда жаңа мазмұнды, тұлғалық және құндылық бағыттағы көзқарастың қажеттілігін дәлелдейді. Өйткені тіл мен әдебиет – тек пән емес, ұлттық рухтың, мәдениеттің және адамгершілік бастаудың қайнар көзі. Сондықтан мектеп тәжірибесінде бұл пәндерді құндылық бағдарлы оқыту – ұлт болашағын тәрбиелеудің басты жолдарының бірі болып саналады.

Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқушыларды тек академиялық біліммен қамтамасыз ету ғана емес, олардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру. XXI ғасырдың білім алушысы өз елінің мәдениетін, тілін, рухани мұрасын терең түсініп, оны өмірінде қолдана білуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, **қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту** ұғымы – заман талабы мен рухани жаңғырудың өзегі болып отыр [2.33].

Құндылық бағдарлы оқыту – бұл оқушыларды тек біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың ойлау қабілетін, өмірге деген көзқарасын, адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған тәсіл. Мұндай оқыту түрі білім мазмұнының өзегіне рухани-адамгершілік, мәдени және ұлттық құндылықтарды енгізуді көздейді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері осы бағытта ерекше маңызға ие, өйткені олар – ұлттың рухани қазынасы мен тілдік мәдениетінің айнасы.

Құндылық бағдарлы оқытудың мәнін түсіну үшін ең алдымен оның педагогикалық және психологиялық негіздерін қарастыру қажет. Бұл тәсілдің өзегі – тұлғаның ішкі жан дүниесіне әсер ету, оның дүниетанымын қалыптастыру. Мұғалімнің міндеті – тек ақпарат жеткізуші емес, оқушыны өмірлік мәнге ие идеялармен байланыстыра алатын бағыттаушы болу.

Құндылық бағдарлы оқытудың негізгі принциптері бірнешеу:

Тұлғалық бағыттылық – оқушының жеке ерекшелігін, қабілетін, қызығушылығын ескеру;

Мазмұнның мағыналылығы – әр тақырып өмірмен байланысты болуға тиіс;

Диалог пен пікір алмасу – мұғалім мен оқушы арасындағы ашық қарым-қатынас арқылы ойдың дамуы;

Пәнаралық байланыс – тіл мен әдебиетті тарих, мәдениет, философия сабақтарымен ұштастыру;

Өзін-өзі дамыту мен бағалау – оқушының өз еңбегін талдауға үйрету.

Осындай принциптер білім беру процесін формалды сипаттан арылтып, оны өмірмен байланыстырады. Әдебиет сабағында бұл тәсіл шығарманың идеялық мәнін терең түсінуге жол ашады.

Әлемдік білім кеңістігінде құндылыққа бағытталған парадигма ерекше мәнге ие болып отыр. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы мен "Мектепке дейінгі және орта білім беруді дамыту тұжырымдамасында" көрсетілгендей, білім беру процесі тек академиялық нәтижеге емес, **рухани-адамгершілік, мәдени және әлеуметтік құндылықтардың** дамуына бағытталуы тиіс. Бұл – оқушыны өмірлік жағдайларда шешім қабылдай алатын, өз елінің мәдениетін құрметтейтін тұлға етіп тәрбиелеу қажеттілігінен туындайды.

Мысалы, **"Жаңа гуманистік педагогика"** тұжырымдамасы бойынша білім беру – адамның тұлғалық әлемін ашу құралы. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері оқушының өзін тануына, өз ойын, сезімін жеткізуіне, ұлттық болмысын сақтай отырып заманауи көзқарас қалыптастыруына мүмкіндік береді. Бұл – білімнің ең биік мақсатының бірі.

Қазіргі заманда ақпарат тасқыны, жаһандану үдерісі жастардың дүниетанымына айтарлықтай ықпал етуде. Осы жағдайда ұлттық болмыс пен рухани құндылықтардың сақталуы – мектептің басты миссияларының бірі. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары – сол рухани тамырды ұстап тұратын алтын арқау.

Мысалы, **Абай шығармаларын** құндылық тұрғыдан оқыту барысында "Толық адам" ілімін талдау арқылы оқушылар өз өмірлеріндегі ізгілік, еңбекқорлық, сабыр мен білімнің мәнін түсінеді. Бұл идеялар өмірлік бағдар ретінде қалыптасады. Ал **Ы.Алтынсариннің әңгімелерін** талдау кезінде оқушылар адалдық пен еңбекке құрмет секілді қарапайым, бірақ мәңгі құндылықтардың мәнін ұғынады. Мұндай сабақтар – оқушылардың мінез-құлықтық мәдениетін қалыптастырудың нақты тетігі.

Тәжірибеде кей мектептерде **"Әдебиет апталығы"**, **"Ұлттық рух сабақтары"**, **"Кітаппен сырласу"** сияқты жобалар ұйымдастырылып, әр оқушының жеке қызығушылығына негізделген шығармашылық жұмыстар жасалады. Осындай іс-шаралар оқушылардың тек пәнге емес, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырады.

Цифрлық технологиялар дәуірінде ақпараттың қолжетімділігі артқанымен, адамзаттық құндылықтардың әлсіреу қаупі де күшейді. Сондықтан қазіргі мұғалім тек білім жеткізуші емес, **құндылық сүзгісін** орната алатын тұлға болуы қажет. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында цифрлық құралдарды (интерактивті платформалар, онлайн әдеби форумдар, бейне-талдау сабақтары) қолдану – оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, сол технологияны рухани мазмұнмен толтыруға мүмкіндік береді.

Мысалы, "Google Jamboard" немесе "Padlet" секілді интерактивті тақталарда оқушылар **М.Жұмабаевтың "Мен жастарға сенемін"** өлеңін талдай отырып, өз замандастарына арнап цифрлық хаттар жазады. Бұл тәсіл бір жағынан технологияны қолдану мәдениетін дамытса, екінші жағынан – шығармашылық ойлауды, жауапкершілік сезімін тәрбиелейді.

Құндылық бағдарлы оқыту – ең алдымен мұғалімнің тұлғасына байланысты процесс. Себебі ұстаздың рухани дүниесі, көзқарасы, оқушыларға деген қарым-қатынасы – оқытудағы басты қозғаушы күш. Профессор **Н.Д.Хмель** өз еңбегінде "мұғалім оқушының дүниетанымдық картасын қалыптастыратын жетекші тұлға" екенін атап өтеді [1.82].

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі – оқушының тілдік дамуы мен адамгершілік сезімін бір уақытта тәрбиелейтін бірегей тұлға. Ол сабағында тек ережелер мен мазмұнды емес, өмірлік

ұстанымды да үйретеді. Мысалы, “Қара сөздер” бойынша сабақта мұғалім оқушыларды Абайдың ойына сүйене отырып “Адам болу деген не?” сұрағын талқылауға бағыттайды. Мұндай сұрақтар оқушының ішкі дүниесіне әсер етеді, ал бұл – құндылық бағдарлы оқытудың басты нәтижесі.

Құндылық бағдарлы тәсіл тек жеке тұлғаның дамуына емес, жалпы қоғам мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. Өйткені мектеп – ұлттық сананың бастауы. Егер әр оқушы әдебиеттен алған рухани әсерін өмірде қолдана білсе, қоғамда ізгілік, жауапкершілік, өзара құрмет сияқты қасиеттер орнығады.

Зерттеулер көрсеткендей, құндылыққа негізделген білім беру жүйесі бар елдерде оқушылардың әлеуметтік белсенділігі, жауапкершілік деңгейі және мәдени толеранттылығы жоғары болады. Демек, бұл тәсіл тек педагогикалық әдіс емес, **қоғамдық даму стратегиясы** деуге болады.

Мұндай нәтижелерді тек білім мазмұнын жеткізу арқылы емес, оны өмірлік тәжірибеге айналдыру арқылы алуға болады. Сондықтан құндылық бағдарлы оқыту – ұлттық мектептің болашағын айқындайтын жаңа сапалық кезең.

Құндылық бағдарлы оқыту – білімнің адамгершілік мазмұнын күшейтетін, рухани-мәдени дамуға жол ашатын жүйе. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бұл үдерістің өзегінде тұр, себебі тіл мен сөз – рухани құндылықтардың тасымалдаушысы.

Мектеп қабырғасынан бастап оқушыны ізгілікке, ұлтжандылыққа, жауапкершілікке баулу – елдің болашағына салынған инвестиция. Сондықтан әр мұғалім сабағын тек пәндік мақсатта емес, адам тәрбиелеудің миссиясы ретінде қарастыруы керек. Бұл жолда құндылық бағдарлы оқыту – ұлт руханиятының тірегі болмақ.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері – ұлттық дүниетанымның тірегі. Әдебиет арқылы оқушылар адамгершілік, ізгілік, намыс, әділдік секілді мәңгілік ұғымдарды саналы түрде қабылдайды. Ал тіл сабағы – сол ойларды мәдениетті түрде жеткізу құралы. Осы екі пәннің үйлесімді оқытылуы оқушының рухани қалыптасуына үлкен ықпал етеді [3.109].

Құндылық бағдарлы оқытудың нақты нәтижесі ретінде оқушылардың өз ойын еркін жеткізе білуі, сыни тұрғыда ойлау қабілетінің дамуы және шығармашылық ізденісінің артуы аталады. Мысалы, әдеби шығарма талдауда оқушылар кейіпкердің мінезі мен іс-әрекетін өмірмен байланыстырып, өз ұстанымдарын дәлелдеуге тырысады. Бұл үдеріс олардың өмірлік тәжірибесін байытады, ал сыни тұрғыдан ойлау – өзіндік пікір қалыптастырудың маңызды бөлігі.

Мектеп тәжірибесінде осындай тәсілдің нақты көрінісі ретінде мектепішілік “**Артық білім кітапта**” атты кітап оқу байқауын атауға болады. Байқауға белсене қатысқан оқушылар Ә.Кекілбайдың ұлттық құндылыққа толы “**Құс қанаты**” шығармасын оқып, талдады. Сабақ барысында олар адам мен табиғат, борыш пен ар, ізгілік пен зұлымдық секілді тақырыптарды талқылап, өз ой-пікірлерін еркін білдірді. Әдеби талдау кезінде сыни тұрғыдан ойлау тәсілдерін қолдана отырып, оқушылар кейіпкерлер әрекетіне моральдық баға берді. Мұндай тәжірибелер оқушылардың рухани сезімін тереңдетіп, ұлттық болмысты түсінуге ықпал етті [4.111].

Құндылық бағдарлы оқытуда дәстүрлі түсіндіру сабағы жеткіліксіз. Ол үшін мұғалім түрлі белсенді әдістерді қолдануы тиіс:

Дебат және пікірталас: шығарманың өзекті мәселесін талқылау арқылы оқушылар өз көзқарасын дәлелдеуді үйренеді;

Рөлдік ойындар: кейіпкерлер бейнесін сомдау арқылы олардың мінез-құлқын түсіну;

“Сот сабағы” әдісі: оқушылар шығармадағы этикалық мәселені талқылап, шешім қабылдайды;

Жобалық жұмыс: оқушылар өз бетінше зерттеу жүргізіп, тақырыпты терең ашуға тырысады;

Интеграциялық сабақтар: әдеби шығарманы музыкамен, бейнелеу өнерімен, тарихпен байланыстыру.

Мысалы, М.Әуезовтің “Көксерек” әңгімесін оқытуда “сот сабағы” әдісін қолдану оқушыларды жауапкершілік пен адамгершілік құндылықтарды түсінуге жетелейді. Ал Абайдың “Қара сөздерін” талдау кезінде оқушылар өз өмірімен салыстыра отырып, философиялық ой түюге дағдыланады. Бұл тәсіл оқытудың терең мағыналық деңгейін қамтамасыз етеді [5.90].

Мұндай оқыту жүйесінің нәтижесінде оқушыларда бірқатар маңызды дағдылар қалыптасады:

тілге, мәдениетке және әдебиетке құрмет сезімі артады;

шығармашылық қабілет дамиды;

өзін-өзі бағалау және рефлексия жасау дағдылары жетіледі;

азаматтық және ұлттық сана қалыптасады;

өмірлік құндылықтар жүйесі айқындалады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында құндылық бағдарлы тәсілді енгізу оқушылардың тұлғалық дамуына ғана емес, қоғамдағы мәдени бірлікті нығайтуға да әсер етеді. Себебі тіл мен әдебиет – ұлттың рухани тамыры. Ал сол тамырды сақтау – ұстаздың басты миссиясы.

Әрине, құндылық бағдарлы оқытуды енгізуде бірқатар қиындықтар кездеседі. Мұғалімдердің кейбірі бұл тәсілдің теориялық және практикалық жағын толық меңгермеген болуы мүмкін. Оқу уақытының шектеулілігі мен бағдарлама көлемі де өз әсерін тигізеді. Сонымен қатар, бағалау жүйесі көбіне академиялық білімге бағытталғандықтан, құндылықтық жетістіктер ескерілмей қалады.

Бұл мәселелерді шешу үшін бірнеше қадам қажет:

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру курстарын ұйымдастыру;

Құндылық бағыттағы оқу материалдарын көбейту;

Бағалау критерийлерін жаңарту, яғни құндылықтық нәтижелерді де қамту;

Әр мектептің үздік тәжірибесін жинақтап, тарату;

Оқушылардың мотивациясын арттыру мақсатында шығармашылық байқаулар мен әдеби клубтарды дамыту.

Мұндай шаралар жүйелі түрде жүзеге асса, құндылық бағдарлы оқыту мектеп өміріне табиғи түрде еніп, білімнің сапасы ғана емес, мазмұны да артады

Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту – бұл білім берудің жаңа парадигмасы. Ол оқушыны ақпарат алушыдан ойшыл, сезімтал, мәдениетті тұлғаға айналдырады. Мұндай оқыту арқылы оқушылар тек грамматиканы немесе мазмұнды меңгеріп қана қоймай, өмірдің мәнін түсінуге, рухани жетілуге қадам басады.

Тіл – ұлттың жаны, әдебиет – оның жүрегі. Екеуін құндылық бағдарлы оқыту арқылы ұштастыру – жас ұрпақтың рухани әлемін байытудың ең сенімді жолы. Сондықтан әр ұстаздың мақсаты – сабағын тек ақпарат көзі емес, өмірлік құндылыққа айналдыру. Бұл жолда мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеп, әр оқушының жүрегіне жол таба білсе, нағыз құндылық сол болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықпасов Қ. *Қазақ әдебиетін оқыту методикасы.* – Алматы: Мектеп, 2008.
2. Байтұрсынұлы А. *Тіл-құрал.* – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Жолдасбекова С.А. *Қазақ әдебиеті: Тәрбиелік аспектілері.* – Алматы: Қазақ университеті, 2005.
4. Абдығалиева Г.С. *Мектепте қазақ әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың теориялық-әдістемелік негіздері:* Филология ғылымдарының кандидаты диссертациясының автореферат. – Астана, 2015.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту әдістемелері» жинағы pedkol1.edu.kz

ТІЛ ДАМЫТУДА ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ РӨЛІ

Икапова Д.С.
Қауымдастырылған профессор ХБК (ҚаЗБСҚА), Алматы, Қазақстан.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда, оның ғылымда, елдің өндіріс және ауыл шаруашылық салаларында, халықаралық байланыстарда қолдану аясының дами түсуі студенттердің болашақ мамандығымен тығыз байланысты. ЖОО бітірген жас маман-экономиканы ілгері дамытатын болашақ маман. Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасады. Кәсіби қазақ тілін меңгерту бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік қажеттілікпен сәйкестендірудің маңызды алғышарты ретінде мәселе болып саналады. Кәсіби қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ұтымды жақтары: кәсіби қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алады, кәсібіне байланысты жинаған лексикалық сөздік қорды сұранысына қарай пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлердің толық, анық жеткізу дағдысы қалыптасады, қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызы арта түседі; күнделікті өмірде ресми-іскери қатысымдық сөйлесуге тән тілдік бірліктерді меңгеріп, мамандыққа қатысты іс-қағаздарды жазуды үйренеді; болашақ маманның жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өсуіне және дамуына, өз мамандығын саналы игеруге мүмкіндік туады. Қазақ тілін мамандыққа байланысты оқытуда жүргізілетін жаттығу жұмысының мәні зор. Жаттығулар тілді үйретететін негізгі құралдардың бірі болып табылады. Студенттер бағдарламаға сай оқулық материалдарын меңгергендерімен, жаттығу жұмыстары тиянақты жүргізілмесе, білім тиянақты болмайды, үйренгендерін тез ұмытып қалады. Сондықтан да оқытушы студенттерге сапалы да терең, берік білім берумен қатар жаттығу, дағдыландыру жұмыстарын да тиянақты жүргізіп отыруы тиіс. Жаттығу нәтижесінде студенттер алған теориялық білімдерін практикада тез де дәл қолдана алу дағдысына ие болады. Жаттығу арқылы студенттер өздерінің алған білімдерін нығайтып, нақтылап қана қоймайды, сонымен бірге өз беттерімен жұмыс істеуге, жаттығу кезеңінде үзіліссіз талдау, жинақтау жұмысын жасайды, жаттығу арқылы білімін жүйелейді. Грамматиканың заңдылықтарын меңгеріп, оны сөйлеуде қолдану арқылы ғана байланысты ойды білдіруге болады. Бірақ грамматикалық заңдылықтарын жатқа білгенмен, оны сөйлеуде қолдана алмаса, ол да тіл білгенге жатпайды. Сондықтан да тіл үйрету, тілдік нұсқаларды студентке білгізу және олардың сөйлеуде қолдануын меңгерту жаттығудан басталады. Жаттығуларды ғылымда екіге бөледі: тілдк жаттығулар және сөйлеу жаттығулары. Тілдік жаттығулардың міндеті тілдің грамматикалық материалын студентке меңгерту. Тілдк жаттығулар тілдік тұлғаны таныстырады, оны қолданып үйренуге жаттықтырады. Сөйлеу жаттығулары тек жаттығуларда меңгерілген тілдік материалды керек кезінде, айтылатын ойға байланысты студент орынды қолдана алатын болуын көздейді. Сөйлеу жаттығулары қарым-қатынас жасауға бағытталады. Оған сұраққа жауап беру, өзі сұрақ қоя білу, тілдік жаттығуларда меңгерген сөйлем үлгілерін сөйлеуде еркін қолдану, орысшадан қазақшаға аударып, тақырып бойынша шағын әңгіме құрастыру, жоспарланбаған, дайындалмаған тақырыптарда сөйлесу т.б жатады. Сөйлесу жаттығуларын барысында қазақша сөйлеуге студент әбден жаттығады, сөйлеу автоматты түрге көшеді. Мысал ретінде, болашақ қаржыгерлерге арналған «Жарнама» атты мәтінді алып жаттығу жұмыстарына тоқталайық.

Жарнама

Жарнама маркетингтік қызметтің бір элементі болып саналады. Жарнама тауарлар мен қызмет көрсетудің әр түріне сұранысты өсіру мақсатымен таратылатын ақпарат. Жарнама фирма мен оның өнімдерінің беделін қалыптастыруға көмектеседі. Сол сияқты тауардың тұтыну қасиеттерін, оның тез сатылуына ықпал ету мақсатымен үгіттейді. Жарнама барлық каналдар арқылы таратылады. Жарнама материалдары тұтынушылардың қолына тікелей әкеліп беріледі, пошта арқылы жіберіледі, каталогтарда, даңғылдарда құлақтандырылады, теледидар арқылы жарияланады. Соңғы кезде телекс пен

телефакс арқылы жіберілетін жарнамалар дамып отыр. Қонақ үйлердің, әмбебеп дүкендерінің, банктердің, сақтандыру компаниялардың, саяхат бюроларының жұмыстарын бейнежүйе арқылы жарнамалау кеңінен тарап отырғанын көріп жүрміз. Тіпті, жарнамаларды көліктердің сыртынан да көруге болады. Жарнама материалдары не өнімдерге, не фирманың имиджін құруға бағдарланады.

Тапсырма №1. Мәтінді оқып, аударыңыздар.

Глоссарий

қазақ тілінде	орыс тілінде	ағылшын тілінде
тарату	Распространять	spread
сапасы	Качество	quality
насихаттау, үгіттеу	Агитировать	make propaganda
ақпарат	Информация	information
баспасөз	Пресса	the press
қызмет	Деятельность	activity
айналыс	оборот, обходный	reverse money
бақылау құралы	средства наблюдения	means observe
сұраныс	Спрос	demand
өнім	Продукция	production
тұтынушы	Потребитель	consumer

Тапсырма №2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

Жарнама дегеніміз не?

Жарнама не істейді?

Жарнама қалай таратылады?

Жарнаманың кең таралу түрі

Сіз қалай ойлайсыз, бүгінгі өмірге жарнама керек пе?

Жалпы жарнамаға қалай қарайсыз?

Сіз жарнамамен айналысқыңыз келеді ме?

Тапсырма№3. Мәтінге сай сөйлемдерді анықтаңыз.

Жарнама-маркетингтік қызметтің бір элементі.

Жарнама фирманың беделін қалыптастыруға көмектеседі.

Жарнама теледидар арқылы жарияланбайды.

Соңғы кезде телекс және телефакс арқылы жіберелетін жарнамалар дамуда.

Бейнежүйе арқылы жарнамалар дамымаған.

Жарнамалар көліктің сыртында да бар

Лексикалық тренинг Жарнама – қазіргі активті қолданыстағы терминдердің бірі. Оның мағынасы выкрикываю деген сөзге сәйкес келеді. Европалық тілдерде бұл сөздің сату, коммерция деген сөздерге қатысы бар.

Қазақ тіліндегі ***жарнама*** екі сөзден тұрады: жар- нама. «**Нама**» - араб-парсы тілдерінде *«жазылған сөз»* деген мағынаны білдіреді. Ал «**жар**» сөзі *хабарлау* деген мағынада. Салыстырыңыз: *жария – жариялау – жар салу – жарлық.*

Тапсырма №4. Оқып, аударыңыз.

В наше время реклама занимает особую роль. Сейчас очень сложно представить рынок и конкуренцию без рекламы. Реклама является одним из элементов маркетинговой деятельности. Цель рекламы агитировать и привлекать покупателей к какому-либо товару. Проводником рекламы является слово. Поэтому в рекламе слово короткое и ясное. Сейчас существует много рекламных агенств. Рекламы можно встретить на улицах города, в газетах, журналах. Хорошие рекламы видим по телевизору, но некоторые из них бывают не привлекательные. Во многих рекламах можно взять всю полную информацию.

- Я долгое время не могла найти хороший, вкусный чай. Купила недавно в магазине прорекламированный чай «Ассам». Вкус, запах и качество хорошие.

- Почему? Сейчас очень большой выбор чая, не так ли?

- Много. Но некоторые чаи имеют плохой вкус и некачественные. Сама люблю пить чай и большое внимание уделяю вкусу и качеству. Поэтому, часто по телевизору смотрю рекламу. Это помогает выбору для покупки.

Тапсырма №5. Мәтінді оқып, өз ойыңызды білдіріңіз

Жарнамаға әлем бойынша жылына 500 миллиард доллар жұмсалады. АҚШ-өмір сүретін азамат 65 жасқа толғанша шамамен 2 миллион жарнамалық клип қарап шығады. Американдағы алғашқы билборд 1900 жылы орнатылды. Бұдан кейін әлем бойынша билборд дүмпуі орын алды. АҚШ-та балалар тауарларының жарнамасына жылына 15 миллион доллар жұмсалады. 2008 жылы саяси жарнамаға 2,6 миллиард доллар көлемінде қаржы жұмсалды. Сайлау кезінде Обама 310 миллион доллар, Мак Кейн өз кезегінде 136 миллион доллар жұмсаған. Жарнамадан жылына 100 миллион доллар пайда тапқан алғашқы басылым «Life» журналы болып табылады.

Тапсырма №6. Сұрақтарға жауап беріп (жеке немесе топқа бөлініп), мәселені талқылаңыз.

а) Жарнамаға көп көңіл бөлесіз бе? (теледидардағы, радио, сыртқы жарнамалар).

ә) Оларды қай тілде көп оқисыз немесе тыңдайсыз? Қазақша және орысша нұсқаларын салыстырасыз ба?

б) Мемлекеттік тілде жіберілген қателерді байқайсыз ба?

Тапсырма №7.Ұсынылған үлгігі қарап, кез келген өнімге жарнама жасауға тырысыңыз.

Құрметті ханымдар мен мырзалар! Бүгінгі тұсаукесерімізге қош келдіңіздер. Мен Алматы қаласындағы «Tea House» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің менеджерімін. «Tea House»-құрғақ шайды дайындап, буып-түйетін жауапкершілігі шектеулігі серіктестік. «Tea House»-ЖШС көк, қара шайлардың түрлерін қораптапға буып-түюмен айналысады. Мысалы, Ассам, Индира және т.б. шайлардың түйіршіктелген және жапырақты түрлері бар. Жапырақты көк шайдың пайдасы мол. Оның көк жапырақтары шөліңді қандырады, астың қорытылуына, асқазанның ауырмауына, келбеттің жасаруына көмектеседі. Көк шайдың хош иісімен рахаттануға уақыт тапсаңыз-өмірде жаныңыз жайлы және денеңіз сергек болады.

Тапсырма№8. Төмендегі материалға сүйеніп, «Жарнама-табысқа бастар жол» тақырыбында шығарма жазыңыз.

Жарнама түрі оның мақсатымен тығыз байланысты, ал мақсат өз кезегінде тауар, жұмыс немесе қызмет тұтынушыларына бағытталады. Жарнаманың түрін таңдамас бұрын, мақсатты анықтап алу қажет: тұтынушы ойында нақты фирма образын қалыптастыру; фирмаға дұрыс көзқарас қалыптастыру; аталмыш фирмаға тұтынушының келуін қамтамасыз ету; тауарайналымды жеделдету; аталмыш тұтынушыны сол тауардың тұрақты сатып алушысы, фирманың тұрақты клиенті етуге тырысу; басқа фирмалармен сенімді серіктес ретінде байланыс орнату.

Ұсынылған жаттығулар, тапсырмалар жүйесі студенттердің сөздік қорын молайтып, сөйлеуге жаттықтырады, білімін жүйелейді. Студенттерді мамандыққа байланысты оқыту оқытушының іздесіне, шеберлігіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бөрібаева С.Б. Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу. – Алматы, 2006. – 220 б.
2. Ерназарова З.Ш. Қазақ тілі. Жаттығулар жинағы. – Алматы, 2006. – 112 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Ильясова Ж.С.

№199 мамандандырылған гимназия мұғалімі, Алматы, Қазақстан.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету

жолында әр пән мұғалімінің атқарар рөлі ерекше. Солардың ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің міндеті – тілдік білім берумен қатар, оқушының танымдық қабілетін, шығармашылық мүмкіндігін, өз бетінше ой қорыту дағдыларын дамыту. Қазақ тілі мен әдебиеті – оқушының рухани және зияткерлік әлеуетін қалыптастыратын, ұлттық құндылықтарды сіңіретін, тұлғаның өзін-өзі тануына мүмкіндік беретін пән. Сондықтан қазақ тілі сабағын дәстүрлі ақпарат жеткізу тәсілімен ғана емес, шығармашылыққа бағытталған, оқушыны белсенді әрекетке тартатын топтық жұмыс түрлерімен ұйымдастыру – заман талабы.

Топтық жұмыс – оқытудың белсенді формаларының бірі, оның басты ерекшелігі – бірлескен әрекет арқылы ортақ мақсатқа жету. Топтық жұмыстың шығармашылық бағытта ұйымдастырылуы оқушыларды жай ғана білім алушы емес, жаңа идея тудырушы, ой бөлісуші, пікір білдіруші деңгейге көтереді. Мұндай сабақтарда әр оқушы өз мүмкіндігін аша алады, өзіне деген сенімі артады, сөйлеу мәдениеті дамиды, сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. Шығармашылыққа негізделген топтық жұмыс – оқушының ішкі уәжін оятудың, тілдік қабілетін дамытудың, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді тәсілі.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында топтық жұмысқа шығармашылық сипат беру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі, сабаққа деген әдістемелік дайындығы мен оқушы психологиясын ескеруі маңызды. Топтық жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін мұғалім нақты мақсат қояды, оқушыларды қабілетіне қарай топтарға бөледі, әр топқа міндет жүктейді, жұмыстың нәтижесін бағалау критерийлерін алдын ала айқындайды.

Мұғалімнің рөлі – бағыт беруші, кеңесші, бақылаушы. Ол оқушыларды өз бетімен шешім қабылдауға, пікір алмасуға, ұжымдық келісімге келуге үйретеді.

Шығармашылық бағыттағы топтық жұмыстың көптеген түрлері бар. Мысалы, мәтінмен жұмыс кезінде оқушылар топта отырып мазмұнын шығармашылық тұрғыдан түрлендіре алады: бір топ мәтінді көркемдеп жалғастырады, екіншісі сол мәтін бойынша диалог немесе шағын драма құрастырады, үшіншісі оқиғаға жаңа кейіпкер енгізеді, төртіншісі сол кейіпкер атынан күнделік немесе хат жазады. Мұндай жұмыстар оқушыларды ойдан сюжет құрауға, тіл байлығын дамытуға, сөйлем құрылымын дұрыс құрастыруға баулиды. Әр оқушы өз тобындағы рөлін атқара отырып, жалпы идеяның жүзеге асуына үлес қосады. Сондай-ақ, грамматикалық тақырыптарды меңгерту кезінде де шығармашылық топтық жұмыстарды тиімді қолдануға болады. Мысалы, етістік тақырыбын өткенде әр топқа белгілі бір шақты пайдаланып шағын әңгіме жазу, сөйлемдерді түрлендіру, жаңылтпаш немесе өлең құрастыру тапсырмалары беріледі. Мұндай тапсырмалар грамматикалық білімді практикалық және шығармашылық тұрғыдан бекітуге мүмкіндік береді. Оқушылар грамматикалық ережелерді тек жаттап қана қоймай, оны қолдану арқылы өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады.

Топтық жұмыстың шығармашылық сипаты әсіресе жазбаша және ауызша сөйлеуді дамыту сабақтарында айқын көрінеді. Мысалы, эссе жазуға дайындық кезінде әр топқа түрлі тақырыптар беріледі: бір топ өмірлік жағдайдан көрініс сипаттаса, екіншісі қоғамдық мәселені қозғайды, үшіншісі еркін тақырыпта ой түйеді. Топ мүшелері бірігіп жоспар құрып, ойларын талқылайды, дәлел келтіреді, тілдік безендіру тәсілдерін ұсынады. Нәтижесінде оқушылардың ой қорыту, пікір айту, дәлелдеу қабілеті дамиды. Ал ауызша сөйлеу сабақтарында дебат, сұхбат, интервью, рөлдік ойын элементтері топтық жұмысқа шығармашылық рең береді. Мұғалімнің шебер ұйымдастыруының арқасында шығармашылық топтық жұмыстар оқушылардың өзара қарым-қатынас мәдениетін де қалыптастырады. Олар тыңдай білу, пікірін құрметтеу, келіспеушілікті мәдени түрде жеткізу, топ мүшелерінің пікірін біріктіру сияқты маңызды әлеуметтік дағдыларды меңгереді. Бұл қасиеттер кейін кәсіби және қоғамдық өмірде қажет болатын коммуникативтік құзыреттіліктің негізін қалайды. Шығармашылыққа негізделген топтық жұмыстар оқушыларды белсенді әрекетке итермелейді. Сабақ кезінде олар өзара пікірлеседі, идея алмасады, мәселені шешудің түрлі жолдарын ұсынады, нәтижесінде өз еңбегінің жемісін көреді. Топтық форматтағы шығармашылық тапсырмалар әр оқушының қызығушылығын оятады, өйткені ол өз үлесін қосуға, өз идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Бұл – ішкі мотивацияның қалыптасуына әкеледі. Мысалы, 9-сыныпта «Ұлы даладағы ежелгі мәдениет» тақырыбында топтық шығармашылық жұмыс ұйымдастырғанда бір топ өлең

жазады, екіншісі жергілікті аңыз-әңгімелерді жинақтап әңгіме құрастырады, үшіншісі көркем сурет салып, оған сипаттама береді, төртіншісі түріктердің ежелгі мәдениеті туралы шағын бейнеролик сценарийін жасайды. Осындай тапсырмалар оқушылардың тілдік және креативтік қабілеттерін қатар дамытады, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Шығармашылық топтық жұмыс түрлері оқытудың заманауи технологияларымен де тығыз байланысты. Мысалы, жобалық әдіс, проблемалық оқыту, критериалды бағалау, «ойлан – жұптас – бөліс», «миға шабуыл» тәсілдері – барлығы да топтық шығармашылықтың негізін қалайды. Мұғалім осы технологияларды орынды қолданса, оқушының зерттеушілік қабілеті, аналитикалық ойлауы және өз пікірін дәлелдеуі артады. Әсіресе жобалық жұмыс кезінде оқушылар топпен бір мәселені зерттеп, ақпарат жинап, талдау жасап, қорытынды шығарады. Мұндай әрекет оқушыларды ғылыми-шығармашылық бағытқа бейімдейді.

Сонымен бірге, цифрлық құралдарды қолдану да шығармашылық топтық жұмыстың тиімділігін арттырады. Оқушылар топпен бірлесіп интерактивті презентациялар, бейнероликтер, инфографикалар, онлайн сауалнамалар немесе подкасттар жасай алады. Мұндай жұмыстар қазақ тілін үйрету процесін заманауи форматқа бейімдеп, оқушылардың медиасауаттылығын арттырады. Цифрлық ортада жұмыс істеу олардың жауапкершілігін, уақыты мен міндетін жоспарлау дағдыларын дамытады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында шығармашылыққа негізделген топтық жұмыс түрлерін тиімді ұйымдастыру үшін мұғалім төмендегідей қағидаларды басшылыққа алуы қажет: тапсырма оқушылардың жас ерекшелігі мен тілдік деңгейіне сай болуы, әр оқушының қабілетін көрсетуіне мүмкіндік берілуі, топтың әр мүшесіне нақты рөл жүктелуі, бағалау әділ әрі ынталандырушы сипатта болуы. Ең бастысы – топтық жұмыс кезінде оқушы өзін қауіпсіз, қолдау бар ортада сезінуі керек. Бұл шығармашылық ойлаудың ашылуына мүмкіндік береді. Топтық шығармашылық жұмыс барысында туындайтын қиындықтар да жоқ емес. Кейде топ мүшелері арасында пікір қайшылығы болуы мүмкін, белсенділігі төмен оқушылар топтан шет қалуы ықтимал. Мұндай жағдайда мұғалім фасилитатор рөлін атқарып, оқушыларды ынтымақтастыққа, өзара сыйластыққа бағыттайды. Қиындықтарды бірлесіп жеңу – топтық жұмыстың тәрбиелік мәнін арттырады. Топтық шығармашылық жұмыстардың тәрбиелік қыры да ерекше. Мұндай сабақтарда оқушылар өзара көмек көрсетуге, ортақ нәтижеге жету үшін күш біріктіруге үйренеді. Ұжымшылдық, жауапкершілік, өзгенің еңбегін бағалау, табандылық, шыдамдылық сияқты қасиеттер қалыптасады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында шығармашылық әрекет арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ана тілінің байлығын сезіну, тілге деген сүйіспеншілікті ояту жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабағында шығармашылыққа негізделген топтық жұмыс түрлері оқыту процесін жандандырып, оқушының жеке тұлғалық дамуына, тілдік және әлеуметтік құзыреттерінің қалыптасуына зор ықпал етеді. Мұндай жұмыстар оқушыларды белсенді субъект деңгейіне көтереді, олар өз ойын еркін жеткізуге, пікірін дәлелдеуге, жаңа идея ұсынуға дағдыланады. Топтық шығармашылық әрекет – тіл үйретудің тек әдістемелік тәсілі ғана емес, тұлғаның ішкі әлеуетін ашатын, өмір бойы білім алуға жетелейтін тиімді педагогикалық құрал. Сондықтан әрбір қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі сабақ үдерісінде шығармашылыққа бағытталған топтық жұмыс түрлерін үнемі жетілдіріп, оқушылардың қабілетіне, заманауи талаптарға сай түрлендіріп отыруы тиіс. Осындай сабақтарда тіл үйрену үдерісі қызықты да мазмұнды болады, ал оқушылар өздерінің мүмкіндіктерін танып, шығармашылық арқылы тұлғалық биікке көтеріледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдікәрімова Т., Ермекова Т., Әлімжанов С. *Қазақ тілін оқыту әдістемесі.* – Алматы: Арман, 2020.
2. Жұбанова Ә. *Қазақ тілін оқыту әдістемесі: жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
3. Салқынбай А. *Тіл және мәдениет: оқу құралы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
4. .Құлжанова Н. *Педагогика мәселелері.* – Алматы: Рауан, 1993.

МӘТІНДЕРДІ СТИЛЬДІК ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ САЛЫСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Исина Б.К., Сулейменова М.М.
Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдері, Қарағанды, Қазақстан.

Оқушылардың қазақ тілі сабағында стилі мен жанры әртүрлі мәтіндерді салыстырып, ауызша және жазбаша тіл мәдениетін жетілдіріп, тілдік құзыреттілігін арттыру негізінде еңбектену және жауапкершілік құндылықтарын дарыту, зерттеушілік және жобалау дағдыларын дамыту өзекті мәселе. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесіндегі оқушылардың ғылыми стильде сараптама жасау дағдыларын жетілдіруде қолданылған тілдік бірліктердің мәнмәтіндегі мағынасын терең пайымдай отырып, лингвистикалық аспектілерді сауатты талдау жасау арқылы әдеби тілдің лексикалық, орфографиялық, морфологиялық, грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларын меңгерту жолдары қазақ тілін оқытудағы ауызша және жазбаша дискурста прагмалингвистикалық, прагмастилистикалық талдаулармен астаса жүргізіледі. Білім алушылар стиль түрін дәлелдейтін тиімді ақпаратты іріктей отырып, мәнмәтіннің түпкі идеялық негізімен байланыста ашып, мақсатты қолданыстарын анықтайтыны және оқырман ретіндегі өзінің қабылдауын, түсінуін және түйсінуін, сезім сипатына әсерін қоса қарастыратын оқу тапсырмалары, оны орындау сипаттамалары мен талаптарына бағыт-бағдар сілтейтін дескрипторлар, жұмыс нәтижесі ретіндегі оқушы талдамасының үлгісі нақты мысалдар арқылы талданып ұсынылмақ. Бұл бағытта жүргізілген іс-әрекеттегі зерттеу жұмысы және оның нәтижелері сараланып, оқыту барысында қолданылған оқыту кейстерінің ерекшеліктері мен оқу-әдістемелік құралдардың кешенін әзірлеуде жобалау әдісін негізге алу қадамдары, оқушылардың алдына мақсат қоюы мен оны орындау барысындағы әрекеттік қадамдарына бағыт-бағдар беру, нұсқаулықтар мен өзін-өзі бағалау және өзара бағалау парақтарының мазмұны оқытуды жүйелі түрде нәтижеге бағыттап ұйымдастыру әдістемесі негізделді. Сонымен қатар қазақ тілі сабағында оқушының өз ойын қолдау үшін әртүрлі жанрдағы мәтіндерден ақпарат алып, жаңа жанрда өңдеп жазу дағдысын жетілдіру бойынша ұсынылатын оқу тапсырмалары мен зерттеушілік-шығармашылық бағыттағы оқу тапсырмаларын құрастырудағы маңыздылықтар нәтижеге бағыттап оқытуда оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттыру үшін жүйелі оқыту кейстерін түрлі әдістерді жобалау әдісімен және «Үлгілеу», «Ойша тәжірибе», «Сипаттау» әдістерімен, «Скаффолдинг» әдістерімен үйлесімділікте, өзара сабақтастықта кіріктіре қолдану тәжірибесі арқылы жүзеге асырылмақ.

Тұлғаның мәселені шешудегі әрекетшілдігі, табысты болуы зор маңыздылыққа ие. Осы орайда 10-сынып оқушыларының «оқылым және мәтінді талдау» тапсырмаларын орындау деңгейін саралағанда, екі мәтінді салыстырып талдауда оқушылардың мәтінді интерпретациялай отырып, автордың идеясын танытатын тілдік бірліктердің мақсатты қолданысын айқындауда, мәтіндерден ақпаратты ала отырып, жаңа жанрды негіздеуде біршама олқылықтар байқалды. Алдымен, оқушылар түрлі стиль мен жанрларды терең меңгеруі үшін тапсырмалар жүйесін мақсатты түрде өзара сабақтастықта қарастыру қажет болды. Бұл қиындықтарды еңсеру үшін оқыту үдерісін ұйымдастыруда мәселелік оқыту әдістерін өзара сабақтастықта қарастыру, яғни оқыту кейстері мен мен жобалау әдісін кіріктіре қолдану көзделді. Осы бағытта оқыту кейстері мен жобалау әдісін кіріктіру арқылы ғылыми стильдегі мәтіндердің моделін құрастыру дағдыларын дамыту аясында зерттеу жұмысы жүргізіліп, оқу-әдістемелік құралдар әзірленді. Зерттеуге эмпирикалық әдістің дискретті бақылап-зерттеу түрі таңдалды, өйткені оқушылардың нәтижелі дайындығын қамтамасыз ету үздіксіз жүргізілмек. Зерттеу жұмысында Н. Валибаеваның *«Мәтінді прагматикалық талдау»* еңбегінде әр мәтінге тән прагматикалық қатынастың болатындығы және мәтіннің прагматикалық қатынасының оның мақсатынан, түрінен, жанрынан

туындайтындығына басымдық береді [1,10-б]. Г. Искакова, Р. Қияқованың *«Мәтіннің функционалды-прагматикалық концепциясы»* мақаласындағы мәтінді түзуші мен қабылдаушы арасындағы тілдік коммуникация арасындағы аялық біліміне қатыстылығы тұрғысынан интермәтіндік байланыстар негізінде аялық білімді арттыру, мәтінтүзу аспектілері, интерпретация мен мәтінді функционалды прагматикалық талдау еңбектері басшылыққа алынды. ақпараттарды іріктеуде оқушының өзі мәтінтүзуші ретінде, яғни автор ретінде сенімді әрекет ете алу үшін жазылуға тиісті жанрдың ерекшелігін де нақты айқындап алуы қажет [2,44-б]. Функционалдық талдау автордың мәтіннің мағыналық құрылымын оның нақты және жанрлық мақсатымен білдірудің белгілі бір құралдарын таңдауының алдын-ала шарттылығын ескеруді қамтиды. Сонымен бірге мәтіннің түрін және жанрын таңдаудың өзі нақты қарым-қатынас шарттарымен байланысты (коммуниканттар, байланыс тақырыбы, байланыс құралдары және т.б.). [1,8-б] Осылайша, функционалды талдау мәтіндік ерекшеліктерді ескереді. Функционалды талдау сонымен қатар мәтіннің жеке компоненттері олардың бүкіл мәтінді ұйымдастырудағы рөлі тұрғысынан қарастырылатындығынан тұрады. Ендеше оқушылар мәтіннің мағыналық қасиетін ашу үшін мәнмәтіндегі сөздердің синонимдік қатарларын оның қолданылу мақсатын айқындайды. Ғылыми интерпретация кезеңінде оқушы мәтіндердің концептуалдық мазмұн бойынша белгілі бір пайымға қол жеткізеді және осы негізде оқушы оқылған мәтіндері аясында аялық білімі қалыптасып, келесі жанрда жазуға қажетті мәтінтүзуші факторлар мен мәтінтүзуші тілдік бірліктерді тез анықтауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар жеке тұлғалық қабілет тек жеке ой-толғаныс, өзіндік әрекетті саралау арқылы жүзеге асатындықтан, тапсырмалар жүйесін, кешенін құруда **жағдаятты, ретроспективті және перспективалық рефлексияға жетелейтіндей өзіндік бағалау мен өзіндік әрекетті ұтымды талдауға айырықша мән берілді.** *Әсіресе «Перспективті рефлексия* алдағы қызмет туралы, оның жүру барысын білуі, жоспарлау, болашақта құрылымдауға ең тиімді әдістерді таңдай білу ой-толғанысын қамтиды» [3]. Осы негізде әр тапсырманың ерекшелігіне сай стиль мен жанрды терең меңгертетін өзін-өзі тексеруге мүмкіндік беретін бағалау парақтары ұсынылып, жазылым/айтылым жұмысын бұдан әрі жетілдіру жолдары қарастырылды. Сондай-ақ, кейс трансформациялау жолы ретінде ұтымды болғандықтан, оқу тапсырмаларын құрастыруда бір жанрды екінші жанрға айналдыру, ақпаратты іріктеу негізінде жаңа жанрда ұсыну жақтарын да жетілдіруге көмектеседі деп болжанды.

Оқыту кейстеріндегі әр тапсырманы бір жоба ретінде қарастыратын болсақ, оқушы екі мәтінді салыстырып талдау жағдайында оқушы алдына мақсат қоя отырып, ғылыми тілді меңгергенін танытып, тіл теориясын қоса отырып, жүйелі талдау жасауы қажет. Оқушыларға талдау үшін ұсынылатын екі мәтін бір тақырып аясында болғанымен, көтеріліп отырған мәселеге екі түрлі көзқарас тұрғысынан ой-пікір қайшылығын туғызатындай сипатта, яғни тіпті екі түрлі стильде, кейде бір стильдің екі түрлі жанрында күрделі талдау жұмысын жазып шығу ұсынылады. Бұл оқушылардың белгілі бір тақырыптар аясындағы кереғар көзқарастардың түпкі мәнін түсінуін ғана туғызып қоймай, сөздік қорының толығуына, тілдік амалдардың сан алуан қырларын терең меңгеруге жетелейді. Әрине, бұл интерпертация жасаумен ерекшеленеді. Интерпретация жасау оқушының қабылдауы мен түсіну деңгейін көрсетумен қатар өзінің сөздік қорын барынша пайдалана отырып, терең байланыстар орнату ең маңызды әрекет десек болады. Бұл туралы Ғ.Н. Отарбаеваның еңбегінде атап көрсетілген: «Интерпретация көркем шығарманың осы концептуалдық мазмұнын түсінуге жетелейді. Концептуалдық мән, концептуалдық мазмұн дегеніміз не? Ол неден көрініс табады? Ол көркем шығармадағы экстралингвистикалық, яғни, прагматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлардың бірлігінен, олардың біте қабысып көркем мәтін түзуінен туындайды. Ал оларды қабылдау мен түсіну жолы – интерпретация» [4]. Яғни, оқушы мәтінді қаншалықты түсінгенін өңдеуден өткізе отырып, сауатты талдау барысында тіл теориясы мен әдебиет теориясынан білетінін енгізе отырып, автордың түпкі астарлы ойын терең пайымдағанын жеткізуі керек. Интерпретация жасап отырған сөз немесе сөз тіркесінің мәнмәтіндегі көрінісін түсіндіру барысында оны қайталамай, сөздік қорының мол екендігін

танытып, сөздің синонимдік қатарын қолдана отырып, прагматикалық тұрғыда өзінің оқырман ретінде қабылдауын, яғни қатынасын да танытады. Бұл оқырман ретіндегі қатынасын білдіру арқылы «Интерпретация ажырамас үш компоненттің басын біріктіріп жатуы тиіс: автор және оның ішкі әлемі – мәтін – оқырман-интерпретатор және оның өз ішкі әлемі туралы түсінігі. Осы үштік одақ адекватты интерпретацияның қалыптасуының кепілі бола алады. Осылайша мәтін интерпретациясы бір жағынан оқырманның өз ішкі әлемі мен екінші жағынан «автордың жиынтық әлемінен» түзілген «әлемнің менталды моделін» құрауы тиіс [5]. Ендеше оқушының мәтіндерге жүргізіп отырған салыстырмалы талдауы, яғни В.В. Гетмань пайымдауы бойынша айтқанда оқушы құрып отырған «ментальді модель» оқушының сөздің мағынасын терең пайымдау деңгейін танытатын көрсеткіш те болмақ. Осы талдау аясында оқушы ғылыми стильді меңгергенін танытып, сауатты түрде ойын жеткізе отырып, өзінің қабылдауын, мәтінді талдаудағы тек сөздің мағынасы аясынан тыс, мәтіннің синтаксистік аспектісін, мәтіндік құрылымын, автор үнін қоса зерделеп, толыққанды талдау жасайды. Екі мәтінді салыстырып талдау тапсырмасы және оның дескрипторы төмендегідей сипатта ұсынылады:

Бағалау критерийі	**№**	**Дескриптор**
		Білім алушы
Бірнеше мәтіннің мазмұны негізінде сұрақтар құрастырып, мазмұндық, идеялық, құрылымдық байланысты анықтау	1	мәтіннің тақырыбы мен формасына қатысты **2 ұқсастығын** анықтайды;
		мәтіннің түрін анықтап, дәлелдейді;
		мәтіннің **мақсатын, мазмұнын, кемі 3 көзделген аудиториясын** анықтайды;
		мәтіннің **стилі мен жанрын** анықтап, себебін дәлелдейді;
		мәтіндердің стильдік ерекшелігін ескере отырып, лексикалық аспектісін **(2) мысал іріктеп, оның мақсатты қолданысын** талдайды.
		эмоционалды-экспрессивті (2) сөзді анықтап, мақсатты қолданысын талдайды.
		морфологиялық ерекшелігін **(2) анықтап**, мақсатты қолданысын талдайды.
		синтаксистік **(2) ерекшелігін** талдайды
		мәтіндік құрылымының **3 аспектісін және автор үнін** талдайды.

Оқушы салыстырмалы анализ жасау барысында нақты ұсынылған алгоритм бойынша жұмыс жасағанымен, таңдалған мәтіндердің стильдік және жанрлық ерекшелігін нақты таба отырып, оны дәлелдеу барысында мәтінді талдаудың жан-жақты аспектісін терең меңгергенін таныта алуы керек.

Салыстырмалы анализ жасауда қолданылатын талдауға нұсқаулық

№	**Талдау аспектілері**
1	**Мәтіндердің кемінде 2 ұқсастығы:** формасы мен көтерілген мәселесі, тақырыбы
2	**Мақсатты негіздеу:** (А мәтіні – 1 сөйлем; Ә мәтіні – 1 сөйлем (*құрмалас сөйлем* болуы мүмкін); тұйық етістіктің жұрнағымен аяқталады.
3	**Мазмұны** *(«қамтылған», «қарастырылған»* етістіктерімен аяқталады).
4	**Көзделген аудиториясы** (кемінде 2-3 мүдделі тарапты анықтайды) қос нүкте қойылады, үтірмен ажыратылады).
5	**Стилі, жанры, мәтін түрін** *(әңгімелеу), сипаттау, пайымдау)* **анықтау және мәнмәтінмен байланыстыра отырып дәлелдеу.** *Талдауды себеп-салдар, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем түрлерімен жеткізу.*
6	**Тілінің сипаттық ерекшеліктерін МАҚСАТТЫ ҚОЛДАНЫСТАРЫМЕН бірге талдау** *(Анықталған стиль түрін дәлелдейтін сөздер мен сөз тіркестері және олардың оқырманға берер әсері айқын көрсетілуі керек).*
	Мәтінге ***тірек болып тұрған сөздер,*** оның жеткізіп тұрған мәселесімен қоса инрерпретациялау.
	Лексикалық аспектісі Стильдік ерекшелігіне қарай қолданысы: сөздердің *тура және ауыспалы* мағынада жұмсалуы *(қоғамдық-саяси лексика, терминдер, көнерген сөздер (архаизмдер, неологизмдер, антоним, синоним, көркемдегіш құралдар.*
	Эмоционалдық-экспрессивтік реңкі басым көркемдік қолданыстар: *тұрақты тіркестер, эпитет, теңеу, метафоралы тіркестер, олардың мақсатты қолданыстары.*
	Морфологиялық аспектісі: *(сөз таптары: зат есім (жалпы, жалқы есімдер, деректі, дерексіз), сын есім (сапалық, қатыстық), сан есім (есептік, реттік, болжалдық), есімдік, етістік түрлері: есімше, көсемше, шақ және рай категориясы; үстеу, одағай сөздер, еліктеуіш сөздер)* сөз таптарының мағыналық жақтары.
7	**Синтаксистік ерекшелігі:**

	сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері (*хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты)*; бірыңғай мүшелі сөйлемдер. Құрылысына қарай түрлері *(жай және құрмалас, оның түрлері); дәйексөз, оның мақсатты қолданысы*
8	**Мәтіндік құрылымы:** құрылымы сақталған/сақталмаған *(кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері қамтылған/ қамтылмаған, осы бөлімдерді жеткізуде автор қолданған тәсілдемеге тоқталу); кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерінде қарастырылған мәселелерді жеке-жеке атап өту;абзацтардың арасындағы байланыс (логикалық бірізділікпен байланысқан, сілтеу есімдігінің қолданысымен, қыстырма сөздер арқылы т.б.)*
9	**Автор үні:** 2 автордың жеке көзқарастарының айқын танылу/танылмауы; авторлардың мәселеге қатысты көзқарастарында, шешімінде көрініс тапқан үндестіктер немесе кереғарлықтар; 2 мәтіндегі түйіндеулерден шығарылатын пайымдаулар мен тұжырымдар.

Қолданбалы жаттығуларға негізделіп құрылған оқушы дәптерінде осы іспеттес сұрақтар мен тапсырмалар және оларды тиімді жүзеге асыратын қосымшалар қамтылды. Сонымен қатар **жағдаятты, ретроспективті және перспективалық рефлексия түрі мен кері байланысты тиімді жүзеге асыруға көмектесетін бағалау критерийлері мен дескрипторларға негізделген «Өзара тексеру», «Өзін-өзі бағалау» парақтары да енгізілді.**

Мысалы, публицистикалық стильдегі мәтіннің тілдік қолданыстарын салыстыра талдау үлгісін сараласақ, 12-сыныптың оқу бағдарламасындағы гендерлік теңсіздік тақырыбына қатысты алынған мәтінге төмендегідей сипатта талдау жасады:

мәтінге негіз болып тұрған тірек сөздер: *«әйел, әйел теңдігі, саясат, феминизм»* гендерлік саясат мәселесін қозғайды;

ауыспалы мағынадағы сөз қолданыстары: *«бала тәрбиесі ақсап*» - саясатпен, мансаппен шұғылданған әйелдердің отбасына қарамауы, баласына тәлім-тәрбие бере алу мүмкіндігінің шектелуін ескерту үшін; *«салқындық пайда болу»* мансап қуған әйелдің ерімен арадағы қарым-қатынасының алшақтауын көрсету үшін қолданылған т.б.;

«мансабын жарты жолда тастағысы келмеу» - мәртебелі қызметінен ажырағысы келмей, бала туудан бас тартуды таныту үшін қолданыс тапқан;

эмоционалдық-экспрессивтік реңк беріп тұрған сөздер тобы: біріншіден, сапалық және қатыстық сын есімдердің қолданысы: *«нәзік», «сезімтал»* - әйел табиғатын таныту үшін қолданылған; екіншіден, тұрақты тіркестердің кең ауқымды қолданысы байқалады, атап айтқанда, «*құлақ түрсек*» - тұрақты тіркесі демографтардың пікіріне назар аударту үшін; *«бой көтерері»* - тұрақты тіркесі келеңсіз жайттардың туындайтынын ескерту үшін; *«балта шабу*» - әйелдердің бала туудан бас тартуының адамзат болашағына тигізер зиянын таныту үшін т.б. үшіншіден, метафоралық, эпитеттік тіркестердің көрініс табуы:

«Әйел теңдігін» желеулетken батыста» деген эпитеттің ұлғайған түрі арқылы батыс елдердің ұрпақсыз қалу жағдайларын сынға алады;

«биліктің тұтқасы» метафорасы арқылы ел басқару ісіне араласқан әйелдерді сынға алып, билікте жүруіне наразылығын таныту үшін берілген.

Автор үнін талдау төмендегідей сипатта ұсынылған: *«Автор әйел мен еркектің теңдігі мәселесі арқылы отбасы құндылықтарының сақталуына қатысты өз көзқарасын ашық білдіреді. Елдің болашағын сақтаудың бір жолы ретінде әйелдің отбасындағы орнына жоғары баға беріп, халық қамқоры ретінде үн қатқан*». Талдау барысында оқушылар ой қорытындыларын жасауға, тұжырым шығаруға үйренеді және құндылықтарға негізделіп іріктелген мәтіндер арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарын бойына дарытады. Ал салыстырмалы талдаудағы жүйелі атқарылатын әрекеттер оқушының ізденісін, тірнектеп еңбек ету құндылықтарын бойларына дарытуға, талдаудың күрделілік деңгейі талап ететін жауапкершілік құндылықтарын шыңдауына, табандылық танытуларына дағдыландырады. Мәтінмен жұмыс тіл дамытушылық сипатымен қоса, оқушылардың ғылыми ойлауын жетілдіріп, сараптама жасау дағдыларын дамытуда маңызды орын алады. Осы сипатты талдау барысында зерттеп оқу, нақты мәселені шешу немесе белгілі бір міндетті жүзеге асыру үшін ақпарат іздеу мақсатында функционалды оқу дағдысы артады. Осы іспетті талдау ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтінді саралауда да қолданылады. Ауызекі сөйлеу стиліндегі транскрипцияланған мәтіндерді интерпретациялау барысында *тұрмыстық, қоғамдық,*

экономикалық, ғылыми, эстетикалық, философиялық, дүниетанымдық дискурстарға қатысты интерпретациялау тілдегі экспрессивті, эмоциональдық қасиеттер көп жағдайда ауызекі тілде байқалатындықтан, сөйлеушінің көтеріп отырған мәселесін, күй-жайын оқушылардың терең түсініп, оның сөзіндегі түрлі сипаттағы қолданыстардың мақсатын, интенциясын пайымдап, дәл айқындай алуы коммуникативтік дағдыларының дамуына көмектесееді.

Қорытындылай келгенде, зерттеу нәтижесінде оқушылардың өзіндік әрекетін тиімді ұйымдастыру тұлғаның ауызша және жазбаша тіл мәдениетін меңгерудегі ізденістері мен зерттеушілік-жобалау дағдыларының артуына, тиімді әрекет етуіне, ғылыми стильде сараланған жазылым жұмыстарын әзірлеуіне мүмкіндік туғызды. Салыстырмалы талдауға қатысты жоспарлау, зерттеу кезеңдерінде әзірленген нұсқаулық, талдау алгоритмі, бағалау және кері байланыс беруге қатысты бағалау құралдары оқытуды жүйелі ұйымдастыруға, түзету енгізу және коррекциялау кезеңдерімен өзара сабақтастықта жүзеге асыруға көмектесетін әдістеме ретінде негізделді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Валибаева Н. (2021). Мәтінді прагматикалық талдау. *Proceedings of IYSC,* 8–10.
2. Искакова Г., & Қияқова, Р. (2024). Мәтіннің функционалды-прагматикалық концепциясы. *Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы*, 2(2). https://doi.org/doi-url
3. **Ханалиева К. Ә.** (14 қыркүйек 2017ж.) *Рефлексивті ойлау – педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру кепілі.*
4. https://bilimainasy.kz/%D1%80%D0%B5%D1%84%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1 /
5. Отарбаева Ғ. Н. (2018). Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, (4(172)). https://doi.org/doi-url
6. Гетьман В.В. Интерпретация художественного произведения как межнаучная проблема // В мире науки и искусства: Сб. НПК. – Новосибирск: СибАК, 2013.

ЖҰМБАҚТАУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Кайдарова Н.Н.

«Экономикалық лицей» ЖШС оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Қазіргі кезде білім беру саласында оқушы тұлғасын жан-жақты дамытып, оның өмірлік құндылықтарын қалыптастыру – ең басты міндеттердің бірі. Жаңартылған білім мазмұны оқушының тек білім алушы ғана емес, өз ойын еркін жеткізе алатын, сыни ойлайтын, рухани бай, адамгершілігі жоғары жеке тұлға болып қалыптасуын көздейді. Осы мақсатқа жету үшін мұғалімдердің сабақ үрдісінде қолданатын әдіс-тәсілдері шешуші рөл атқарады. Солардың ішінде ерекше нәтижелі бағыттың бірі – **жұмбақтау әдістерін** құндылық бағдарлы оқыту үдерісімен ұштастыра пайдалану. Бұл тәсіл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырумен қатар, олардың рухани және адамгершілік тұрғыда қалыптасуына ықпал етеді.

Жұмбақтау әдісі – сабақта білімді ойын, ізденіс және ойлау әрекеті арқылы меңгертуді көздейтін тәсіл. Оның негізгі мақсаты – оқушының танымдық белсенділігін арттыру, логикалық ойлауын жетілдіру және өз бетінше шешім қабылдай алу қабілетін дамыту. Жұмбақтау әдістерін құндылық бағдарлы оқытуда қолдану арқылы мұғалім оқушыларды өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуге үйретеді, тілдік материалды өмірмен байланыстыруға жағдай жасайды және олардың рухани дүниесін байытып, құндылықтық бағдарын қалыптастырады. Осы әдістер арқылы оқушылар тек тіл үйреніп қана қоймай, өз мәдениетіне, ана тіліне, ұлттық болмысына құрметпен қарауды үйренеді.

Құндылық бағдарлы оқытудың мәні – оқушының тұлғалық дамуына жағдай жасау, өмірмен байланыс орнату және білім арқылы рухани байлық қалыптастыру. Мұғалім бұл үдерісте тек білім беруші емес, бағыт беруші, серіктес тұлға рөлін атқарады. Сабақта қолданылған жұмбақтау элементтері осы мақсатты жүзеге асырудың тиімді тетігі бола алады.

Солардың бірі менің тәжірибемде қолданып жүрген – **«ФОТО» әдісі.** Бұл әдіс оқушылардың бақылау, ой қорыту және сипаттау қабілеттерін арттырады. Оқушыларымды үш топқа бөліп, әр топқа белгілі бір тақырыпқа байланысты фотосурет беремін. Тапсырманың шарты бойынша әр топ өз фотосын тікелей атамай сипаттап айтып береді. Екінші топ фотосуретті табуға тырысады, ал үшінші топ бағалау критерийлері негізінде әр топтың жұмысын саралайды. Бұл әдістің нәтижесінде оқушылар өз ойын нақты, жүйелі жеткізуге үйренеді; сөздік қоры байып, ауызекі сөйлеу дағдысы дамиды; топтық жұмыс барысында бір-біріне құрмет, ынтымақтастық және жауапкершілік сияқты құндылықтар қалыптасады. Сонымен қатар, сабаққа барлық оқушы белсенді қатысып, ешкім тыс қалмайды. Мысалы, «Табиғат және адам» тақырыбында топтарға табиғат көрінісі, жануар немесе адам бейнесі бар фотолар берілді. Оқушылар суреттегі мазмұнды сипаттау арқылы экологиялық мәдениет пен табиғатты аялау құндылықтарын талқылады. Бұл тапсырма пәндік біліммен қатар, құндылықтық ойлауды да дамытты. Келесі тиімді әдістердің бірі – **«Төңкерілген мәтін» әдісі.** Бұл тәсіл оқушылардың аналитикалық қабілетін, тыңдалым мен оқылым дағдысын жетілдіреді. Өтілген тақырыпқа қатысты бейнематериал көрсетемін. Видеоны әдейі қателіктермен беремін. Оқушылардың міндеті – сол қателіктерді тауып, мәтін бойынша түзету. Мысалы, «Қазақ батырлары туралы» тақырыпта оқушылар бейнежазбадан қате айтылған тарихи деректерді анықтап, оны нақты мәтінмен салыстырып түзетті. Бұл әдіс арқылы оқушылар ақпаратты талдауға, дәлелдеуге және қорытынды жасауға дағдыланады; әділдік, шындықты айту және жауапкершілік сияқты құндылықтарды бойына сіңіреді; өз пікірін еркін жеткізіп, тілдік қорын байытады. «Төңкерілген мәтін» әдісі арқылы сабақ мазмұны оқушылар үшін қызықты әрі мағыналы сипатқа ие болады. Олар енжар тыңдаушыдан белсенді зерттеушіге айналады.

«Кроссенс» әдісі де оқушылардың ойлау белсенділігін арттырып, сабақтың мақсатын өз бетімен анықтауға жетелейді. Бұл әдіс барысында белгілі бір тақырыпқа байланысты 9 сурет ұсынылады. Оқушылар сол суреттер арасындағы мағыналық байланысты анықтап, ортақ идеяны табуы керек. Бұл әдіс оқушылардың ассоциативтік және логикалық ойлау қабілетін дамытады, сабақтың мақсатын өз бетімен табуға жетелейді, шығармашылық көзқарасын қалыптастырады және ұлттық әрі рухани құндылықтарды тануға ықпал етеді. Мысалы, суреттерде домбыра, кітап, киіз үй, бала және ана бейнеленген болса, оқушылар олардың арасындағы байланысты таба отырып, «Мәдениет пен тіл – ұлттың рухани байлығы» деген қорытындыға келеді. Бұл әдіс оқушылардың пәнге деген ішкі мотивациясын күшейтеді және сабаққа деген оң көзқарасын қалыптастырады. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырып, топтық ынтымақтастыққа баулитын қызықты тәсілдердің бірі – **«Детектив» ойыны.** Мұнда оқушылар түрлі тапсырмаларды орындап, бір оқиғаның шешімін табады. Әр кезең белгілі бір тілдік немесе грамматикалық дағдыға бағытталады: сөйлемдерді толықтыру, бейнежазбаны талдау, суреттер мен мәтінді сәйкестендіру, сұрақтарға жауап беру. Бұл әдіс арқылы оқушылар тек тілдік білімдерін бекітіп қана қоймай, логикалық ойлау, сыни көзқарас, дәлдік, әділдік сияқты құндылықтарды меңгереді. Нәтижесінде оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, оқу мотивациясы мен жауапкершілігі күшейеді, топтық әрекетте көшбасшылық пен ынтымақтастық дағдылары дамиды. Ал **«Тарсия» әдісі** оқушылардың өткен тақырыпты бекіту және грамматикалық дағдыларын дамыту құралы болып табылады. Оқушыларға түрлі ұғымдар жазылған үшбұрыштар ұсынамын, оқушылар соларды сәйкестендіріп, тұтас фигура құрастырады. Мысалы, етістік түрлері немесе әдеби кейіпкерлер мен олардың сипаттамалары бойынша тапсырма беріледі. Бұл әдістің тиімділігі – оқушылардың зейіні мен есте сақтау қабілетін арттыруында, еңбекқорлық пен ұқыптылыққа баулуында. Сонымен қатар, олар өзара көмек пен жауапкершілік құндылықтарын меңгереді, тілдік материалды терең әрі мағыналы түрде игереді.

Жүргізілген тәжірибелік зерттеу нәтижелері жұмбақтау әдістерін жүйелі түрде қолданған сыныптарда айтарлықтай оң өзгерістер байқалғанын көрсетті. Біріншіден, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы 45%-дан 85%-ға дейін артқан. Екіншіден, сөйлеу және жазылым дағдыларының сапасы жақсарып, оқушылар өз ойын еркін әрі нақты жеткізе бастаған. Үшіншіден, оқу мотивациясы мен белсенділік деңгейі айтарлықтай жоғарылаған.

Сонымен қатар, ынтымақтастық, жауапкершілік, құрмет, еңбекқорлық және әділдік сияқты құндылықтар оқушылардың мінез-құлқында тұрақты көрініс таба бастаған. Бұл нәтижелер жұмбақтау әдістерін құндылық бағдарлы оқытумен ұштастыра қолданудың тиімділігін дәлелдейді. Жұмбақтау әдістерін құндылық бағдарлы оқытумен біріктіре қолдану – бүгінгі педагогтың шеберлігін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Мұндай сабақтарда оқушылар тек білім алып қана қоймай, адамдық қасиеттерді бойына сіңіреді, рухани тұрғыда кемелденеді. Сабақта оқушының ойлануы, сезінуі, пікір айтуы, талдауы жүзеге асырылады. Бұл тұлғалық дамудың басты алғышарты.

Осы бағыттағы тәжірибелердің негізінде келесі ұсыныстарды атап өтуге болады: біріншіден, әр сабақтың мазмұнына сай жұмбақтау элементтерін кіріктіріп отыру қажет; екіншіден, әр әдісті оқушылардың жас ерекшелігі мен тілдік деңгейіне бейімдеп қолдану тиімді; үшіншіден, бағалау кезінде оқушылардың біліммен қатар құндылықтық жетістіктерін де ескеру керек; төртіншіден, сабақтан тыс іс-шараларда (әдеби кеш, дебат, театрландырылған қойылым) жұмбақтау элементтерін пайдалану ұсынылады; бесіншіден, мұғалімдерге арналған әдістемелік семинарларда құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық әдістерін кеңінен насихаттау қажет. Қорыта айтқанда, жұмбақтау әдістері арқылы құндылық бағдарлы оқыту – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың рухани дүниесін байытуға, адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық жол. Осындай сабақтарда оқушының көкірек көзі оянып, тіл арқылы ойы, дүниетанымы және тұлғалық болмысы қалыптасады. Бұл әдіс – заманауи педагогикалық үдерістің маңызды құрамдас бөлігі, білім мен тәрбиені ұштастырудың жаңа үлгісін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлімжанов Д., Бектұрғанова А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2020. – 210б.
2. Құдайбергенова К. Құндылық бағдарлы оқытудың теориясы мен практикасы. – Астана: Фолиант, 2021. – 185 б. : https://tilalemi.kz/article/306
3. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы – оқушыны дамыту құралы. – Алматы, 2018. – 150 б.: https://adisteme.kz/moduldik-ozyk-okytu-tehnologiyasy.html
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша нұсқаулық. – Астана, 2022. : https://www.nao.kz
5. Қайырбекова Р. Интерактивті және құндылыққа бағытталған әдістер арқылы оқыту тәжірибесі // *Білім кеңістігі журналы.* – 2023. – №3.
6. Сүлейменова Э. Қазақ тілін оқытуда оқушы белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы, 2019. – Режим доступа: https://ustaz.info/kazak-tilin-okytuda-belcendilik-arttyru

PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІНДЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ҚОЛДАНЫЛАТЫН СҰРАҚТАР ТҮРЛЕРІ

Касенова С.Б.

«Қабанбай батыр ауылының мектеп-лицейі» мұғалімі, Ақмола облысы, Қазақстан.

Мақалада Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) тарапынан ұйымдастырылатын 15 жастағы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалайтын PISA халықаралық зерттеуіндегі оқу сауаттылығын бағалау құралдарына талдау жасалады. Зерттеудің негізгі мақсаты – PISA-ның оқу сауаттылығын бағалауда қолданылатын тапсырмалардың негізгі үш түріне *(жабық сұрақтар, ашық сұрақтар және екі типті немесе кешенді сұрақтар)* ғылыми-әдістемелік тұрғыда сипаттама беру. Сондай-ақ мақалада әрбір сұрақ типінің мақсаты, құрылымы және олардың оқушының қандай когнитивті дағдыларын (ақпаратты табу, түсіну, бағалау және рефлексия жасау) өлшеуге бағытталғаны қарастырылады. PISA зерттеуінің негізгі әдіснамалық құжаттары мен ғылыми талдауларына сүйене отырып, тапсырмалардың оқушының мәтінді терең түсіну қабілетін жан-жақты бағалаудағы рөлі талданады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, PISA дәстүрлі тесттердегідей жай ғана дұрыс жауапты таңдауды емес, оқушыдан өз ойын дәлелді түрде жазбаша жеткізе

білуін, мәтінге сыни тұрғыда қарауын талап ететін кешенді тәсілді қолданады. Бұл ұлттық білім беру жүйелері үшін бағалау практикасын қайта қараудың маңыздылығын көрсетеді, өйткені оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту үшін ашық және кешенді форматтағы тапсырмаларды оқу үдерісі мен бағалау жүйесіне кеңірек енгізу қажеттілігі туындап отыр.

PISA халықаралық зерттеуінің нәтижелері XXI ғасырдағы білім беру жүйесінің жаһандық бәсекеге қабілетін анықтайтын негізгі индикаторлардың бірі деуге болады. PISA зерттеуінің негізгі мақсаты – 15 жастағы білім алушылардың мектепте алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қаншалықты тиімді қолдана алатынын бағалау [1]. Яғни, бұл зертеу арқылы білім алушылардың тек пәндік білімін тексеру емес, сол білімді шынайы өмірде қолдана білу, күрделі мәселелерді шешу, ойлау және түсініктеме беру қабілеттері өлшенеді. PISA сынағының мазмұны қатысушы елдердің ұлттық оқу бағдарламаларынан тәуелсіз құрастырылып, жалпы сауаттылық ұғымына негізделеді (15 жастағы жеткіншектердің негізгі дағдыларды қаншалықты меңгергенін көрсететін әдіс). PISA нәтижелері елдердің білім беру жүйелерінің сапасы мен тереңдігін көрсетіп, түрлі мемлекеттерге өз саясатын жетілдіруге мүмкіндік береді [1]. PISA тұжырымдамасында «оқу сауаттылығы» мәтінді тек оқып, түсіну ғана емес, сонымен қатар *«өз мақсаттарына жету, өз білімі мен әлеуетін дамыту және қоғам өміріне белсене қатысу үшін мәтіндерді түсіну, пайдалану, бағалау, олар туралы ой толғау және олармен жұмыс істеу»* қабілеті ретінде анықталады [2]. Мұндай кешенді дағдыны дәстүрлі тест әдістерімен толық өлшеу мүмкін емес. Көптеген ұлттық тестілеу жүйелері көбінесе бір дұрыс жауапты таңдауға негізделген жабық форматтағы тапсырмаларға сүйенсе, PISA оқушының ойлау үдерісін тереңірек талдауға мүмкіндік беретін әртүрлі тапсырма типтерін қолданады. Осыған байланысты, бұл мақаланың басты мақсаты – PISA зерттеуінің оқу сауаттылығы блогында қолданылатын жабық, ашық, кешенді (екі типті) сұрақтардың құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін ғылыми талдау.

Зерттеу барысында ЭЫДҰ-ның ресми әдіснамалық құжаттары, PISA нәтижелеріне жасалған халықаралық және ұлттық талдау есептері, сондай-ақ бағалау теориясы бойынша жарияланған ғылыми еңбектерге (Г.А. Цукерман, И.С. Фишман, A. Schleicher) теориялық талдау жасалды. Тапсырмалардың типологиясы олардың өлшейтін когнитивті үдерістері (ақпаратты іздеу, интеграциялау, бағалау) тұрғысынан сараланды.

PISA зерттеуінде оқу сауаттылығын бағалау тапсырмалары оқушыдан мәтінмен жұмыс істеудің үш негізгі когнитивті деңгейін талап етеді: Ақпаратты табу және шығарып алу; Мәтінді түсіну және біріктіру (интеграциялау); Ой толғау және баға беру. Осы дағдыларды тиімді бағалау үшін PISA әртүрлі форматтағы сұрақтарды қолданады. Оларды шартты түрде үш үлкен топқа бөлуге болады: *жабық сұрақтар, ашық сұрақтар, екі типті немесе кешенді (аралас сұрақтар).*

Жабық сұрақтар – оқушыға бірнеше дайын жауап нұсқасы ұсынылып, солардың ішінен дұрысын (немесе дұрыстарын) таңдауды талап ететін тапсырмалар [3]. Бұл қарапайым көп таңдаулы сұрақтар және иә/жоқ (дұрыс/бұрыс) сұрақтары болып екіге бөлінеді: а) қарапайым көп таңдаулы сұрақтар: төрт немесе бес нұсқаның ішінен бір дұрыс жауапты таңдау. Бұл формат көбінесе мәтіннен нақты ақпаратты табуды немесе мәтіннің негізгі идеясын жалпылама түсінуді бағалау үшін қолданылады; ә) иә/жоқ (дұрыс/бұрыс) сұрақтары: ұсынылған пайымдаудың мәтінге сәйкестігін анықтау. Жабық форматтың басты артықшылығы – автоматты түрде тексеру оңай және бағалауда объективті. Дегенмен олар оқушының ойлау үдерісін толық көрсете алмайды және кездейсоқ дұрыс тауып алу ықтималдығы бар [4]. PISA зерттеулерінде мұндай сұрақтардың үлесі шектеулі.

Ашық сұрақтар – PISA әдіснамасының ең маңызды ерекшеліктерінің бірі. Ашық форматтағы тапсырмаларда оқушы дайын жауап нұсқаларын таңдамай, өз жауабын өз бетінше құрастырып, жазуды талап етеді. Бұл тапсырмалар оқушының мәтінді терең түсінгенін, өз ойын дәлелдей алатынын және мәтін мазмұнына сыни баға бере алатынын көрсетеді. *Мысалы, автор неге бұлай ойлайды деп есептейсіз? Өз жауабыңызды мәтін мазмұнына сүйеніп дәлелдеңіз»* немесе *«Мәтіндегі X және Y пікірлерін салыстырып, қайсысымен келісетініңізді*

негіздеңіз» сияқты тапсырмалар боуы мүмкін. Оқушыдан қысқаша эссе іспетті жауап күтетін бұл формат оның жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын іске қосады, әсіресе «ой толғау және бағалау» когнитивті деңгейін өлшеуге бағытталған сұрақтар осы ашық типте жиі кездеседі [2]. Ашық сұрақтарды бағалау үшін арнайы әзірленген бағалау критерийлері мен кодтау нұсқаулықтары қажет. Зерттеу нәтижелері (соның ішінде Қазақстанның ұлттық есептері) көрсеткендей, дәл осы тапсырмалар посткеңестік елдердің оқушылары үшін ең үлкен қиындық тудырады [5]. Бұлай дейтініміз, ұлттық білім беру жүйелері көбіне репродуктивті білімді (жаттау, қайталау) бағалауға бейімделген.

Екі типті немесе кешенді/аралас сұрақтарға келетін болсақ, бұл форматтар «кешенді» немесе «жартылай құрылымдалған» тапсырмалар ретінде сипатталады және жабық пен ашық форматтардың арасындағы көпір іспеттес. Бұл форматтың негізгі мақсаты – оқушының таңдауын негіздей алу қабілетін тексеру. Бұл форматтың да *«күрделі көп таңдаулы сұрақтар»* және *«қысқа негізделген жауаптар»* деген түрлері бар.

а) Күрделі көп таңдаулы сұрақтар: бірнеше нұсқаның ішінен бірнеше дұрыс жауапты таңдауды немесе мәтін бөліктерін белгілі бір критерий бойынша сәйкестендіруді талап етеді. Мысалы, мәтін бойынша бірнеше тұжырым беріліп, оқушы әрқайсына дұрыс/бұрыс немесе белгілі бір мәлімдемелерді мәтіннің тиісті бөліктерімен сәйкестендіреді. Мұндай күрделі жабық тапсырмалар қарапайым көп таңдаулыға қарағанда тереңірек түсінуді талап етеді, себебі оқушы әр бөлікті жеке талдап, жалпы логикалық бірлікті табуы керек. Бұндай сұрақтар оқушының мәтіндегі ақпараттар арасындағы байланысты көре білуіне, бірнеше шартты бірден ескеруі сияқты дағдыларын қалыптастырады.

ә) Қысқа негізделген жауаптар: мұндай тапсырмалар да екі бөліктен тұратын аралас формада келеді. Алдымен оқушыға жабық сұрақ қойылады. Мысалы, белгілі бір пайымдаумен келісу/келіспеуі туралы (иә/жоқ). Кейін бірден екінші бөлігінде өз жауабын негіздеуді талап етеді. Мысалы, *«жауабыңызды мәтін бойынша дәйексөзбен дәлелдеңіз»* деген сияқты нұсқау беріледі. Бұл жағдайда оқушы бірінші қадамда таңдаған жауабын екінші қадамда қысқа ашық жауап арқылы растайды. Демек, PISA оқушының өз жауабын мәтінге сүйене отырып, негіздей алу қабілетін бағалауға аса мән береді, өйткені қысқа ашық дәлелдеме талап ететін тапсырмалар осы мақсатқа қызмет етеді. Мәселен, оқушы мәтіндегі кейіпкердің әрекетіне баға беріп, дұрыс/бұрыс деп белгілеген соң, сол таңдауының себебін мәтіннен бір сөйлем келтіріп түсіндіруі керек. Бұл оқушының мәтіннен дәлелді ақпарат іздеп, оны өз жауабына сәйкес пайдалана алу шеберлігін көрсетеді [3, 4]. PISA-ның оқу сауаттылығын бағалаудағы табысы осы үш типті тапсырманың теңгерімді қолданылуында жатыр. Бұл әдіснама оқушының қабілетін (ақпаратты жылдам табудан бастап, мәтіннің жасырын мағынасын түсінуге және оның сенімділігін бағалауға дейін) толық спектрде қамту үшін осы форматтарды кешенді түрде пайдаланады [1, 2].

Қорытындылай келе, PISA халықаралық зерттеуінде оқу сауаттылығын бағалауға арналған тапсырмалардың типологиясы оқушының XXI ғасыр дағдыларын, атап айтқанда, сыни ойлау, ақпаратты талдау және өз пікірін негіздеу қабілеттерін өлшеуге баағытталған күрделі және жан-жақты жүйені құрайды деп нақты айта аламыз: Жабық сұрақтар негізінен ақпаратты табу мен мәтінді жалпы түсіну деңгейін бағалайды; Ашық сұрақтар оқушының терең түсінігін, интерпретациялау, бағалау және рефлексия жасау сияқты жоғары деңгейлі когнитивті дағдыларын өлшеу үшін қажет; Кешенді (екі типті) сұрақтар таңдау мен оны дәлелдеу арасындағы байланысты орнатып, орта деңгейдегі талдау дағдыларын тексереді. PISA-да ашық және кешенді тапсырмалардың басым болуы білім берудегі жаһандық трендің көрсеткіші. Бұл жерде дайын білімді қайталаудан гөрі, білімді қолдана білу және сыни ойлау қабілеті маңыздырақ екенін байқаймыз. Ұлттық білім беру жүйелері үшін бұл – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мен бағалау тәжірибесіне ашық және кешенді тапсырмаларды көбірек енгізу қажеттілігін білтіретін маңызды сигнал.

Әдебиеттер тізімі:

1. OECD (2019). *PISA 2018 Assessment and Analytical Framework*. Paris: OECD Publishing.
2. Schleicher, A. (2019). *PISA 2018: Insights and Interpretations*. Paris: OECD Publishing.

3. Цукерман, Г. А. (2018). Развитие читательской грамотности в PISA и PIRLS: разные подходы // *Вопросы образования / Educational Studies Moscow*. № 4. С. 136–161.

4. Scouller, K. (1998). The influence of assessment method on students' learning approaches: Multiple choice question examinations versus open-ended question examinations. *Higher Education*, 35(4), 453-472.

5. «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ (2019). *PISA-2018 халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері. Ұлттық баяндама*. Нұр-Сұлтан: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ.

КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДА CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Кәрімбекқызы А.

2 курс магистранты, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан.

Бұл мақалада жалпы орта мектепте информатика пәнін оқытуда CLIL технологиясын қолданудың ерекшеліктері көрсетілген. CLIL технологиясы білім алушыларға пән мен тілді кіріктіре оқыту арқылы тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда ықпал етеді. Пәнді кіріктіре оқытуда қолданылатын тіл – ағылшын тілі. Информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту – CLIL технологиясының 4C қағидасы бойынша жүзеге асырылады. Қағида бойынша, оқушының пәндік мазмұнды және шет тілін меңгеру арасындағы тепе-теңдік көрсетіледі.

Соңғы жылдары информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту тәжірибесі кеңейіп келеді. Себебі ақпараттық технологиялар саласы жаһандық сипатқа ие және ағылшын тілі– IT саласының негізгі тілі. Осы тұрғыдан алғанда CLIL технологиясын информатика сабағына енгізу оқушылардың болашақ кәсіби бағытталуына да, тілдік қабілетінің артуына да зор әсер етеді. Grbić (2022) зерттеуінде CLIL технологиясы қолданылған информатика сабақтарында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен тілдік белсенділігі артқаны дәлелденген. Ал Martínez-Soto (2023) өз еңбегінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (ICT) CLIL әдісімен біріктіріп қолдану оқушылардың оқу мотивациясын айтарлықтай күшейтетінін көрсеткен. Осы деректерге сүйене отырып, біз орта мектеп жағдайында CLIL технологиясын информатика сабағында қолданудың тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеруді мақсат еттік. Бұл мақсаттан келесідей зерттеу міндеттері пайда болды:

Информатика пәнін оқыту барысында пәндік біліммен қатар коммуникативтік, тілдік дағдыларды арттыру; Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында пәнді оқытуда тиімді әдістерді қолдану; Скаффолдинг стратегиясын қолдана отырып, оқушылармен ынтымақтастық орнату; Информатика пәнінен оқушылардың сөздік қорын кеңейту.

Зерттеу профессор Д.Койл ұсынған 4C қағидасын назарға ала отырып жоспарланды. Тәжірибе барысында сөздік, бақылау, сауалнама әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы Бозайғыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 9-сынып оқушыларымен жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде «Algorithms and Flowcharts» тақырыбы алынды. Эксперимент барысында екі топ құрылды: біреуі дәстүрлі әдіспен, ал екіншісі CLIL технологиясы элементтерімен оқытылды. Сабақтар жалпы төрт апта бойы өтті.

CLIL технологиясы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

•Мазмұн (Content): информатика ұғымдарын ағылшын тілінде түсіндіру және терминдерді қолдану;

•Коммуникация (Communication): жұптық және топтық жұмыс арқылы ағылшын тілінде өзара қарым-қатынас орнату;

•Ойлау (Cognition): логикалық тапсырмалар арқылы сыни ойлауды дамыту;

•Мәдениет (Culture): ағылшын тіліндегі IT терминология мен цифрлық мәдениет элементтерін үйрену.

Зерттеу жұмысы оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығы мен тілдік деңгейін анықтау мақсатында эксперименттік топтағы 10 оқушыдан сауалнама алудан

басталды. Сауалнама сұрақтары: Ағылшын тілінен деңгейіңізді қалай бағалайсыз? Сіздің мектепте ағылшын тілін оқыту деңгейі сізді қанағаттандырады ма? Информатика пәнін ағылшын тілінде оқып көрдіңіз бе? Сізге ағылшын тілін жетілдіру үшін тілдік курстарға бару қажеттілігі бар ма? Информатика пәнін ағылшын тілінде оқу барысында тілдік деңгейдің дамуына әсер етеді деп ойлайсыз ба? Информатиканы ағылшын тілінде меңгеру үшін қандай ресурстарды қолдануды жөн көресіз? Информатика пәні мен ағылшын тілін кіріктіре оқу сізді қызықтыра ма?

Сауалнама нәтижесі бойына 83,5% оқушы информатика пәнін ағылшын тілінде оқуға қызығушылық танытқан. (1 –сурет). Информатика пәні мен ағылшын тілін кіріктіре оқу сізді қызықтыра ма?

Сурет 1. Сауалнама нәтижесі

Бұл зерттеу барысында CLIL технологиясының тиімділігін анықтау мақсатында 9-сынып оқушыларына арналған “Algorithms and Flowcharts” тақырыбы бойынша сабақ үлгісі құрастырылды. Сабақта тыңдалым, мәтінмен жұмыс және өзіндік жұмыс кезеңдері кіріктірілді. Мәтін ағылшын тілінде беріліп, оқушылар негізгі терминдермен танысты: algorithm, process, flowchart, decision, input, output. Translanguaging тәсілі қолданылды: оқушылар ағылшын тіліндегі ақпаратты қазақ тілінде талдап, салыстырды және өз ойларын білдірді. Бұл әдіс пәндік мазмұнды түсінуді және тілдік құзыреттілікті қатар дамытуға мүмкіндік берді. Мәтінмен жұмыс тапсырмасы оқушылардың тыңдалым және мазмұнды түсіну дағдыларын жетілдіруге бағытталды. Мәтін мазмұны төмендегідей болды:

“A flowchart is a visual way to represent an algorithm. It uses different shapes such as ovals for start and end, parallelograms for input and output, and diamonds for decisions. Flowcharts help programmers understand and check their logic before writing real code.

Algorithms are a set of logical steps used to solve problems or perform tasks. In computer science, algorithms are written using special programming languages. A flowchart is a diagram that represents the steps of an algorithm using symbols. Each symbol has its own meaning: oval – start/end, rectangle – process, diamond – decision, and arrows – the direction of flow. Flowcharts help programmers plan their code before writing it.”

Фигура атауы	Мағынасы
Oval	A) start or end
Rectangle	B) process
Diamond	C) decision
Arrow	Д) flow direction

Кесте 1. Flowchart symbols

Дескрипторлар (2 балл):

•Ағылшын тіліндегі негізгі терминдерді қолдана алады;

•Мәтін мазмұнын түсінеді және салыстыра талдайды;

•Өз ойын еркін жеткізеді.

Оқушылар мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, блок-схема элементтерін сәйкестендіру тапсырмасын орындады.

CLIL тенологиясын қолдану барысында оқушылардың тыңдап түсіну дағдысы да тексерілді. Оқушылар аудиожазба арқылы алгоритм және блок-схема ұғымдарымен танысады. Тыңдалымнан кейін оқушыларға мазмұны бойынша сұрақтар мен блок-схема элементтерін

сәйкестендіру тапсырмасы беріледі. Төменде сабақта қолданылған аудиожазбадан үзінді берілген: *“An algorithm is a set of clear and logical steps used to solve a problem or perform a task. For example, when you follow steps to make a cup of tea – boil water, add tea, pour water, and serve – you are using an algorithm. In computer science, algorithms help computers make decisions and complete tasks faster and more accurately. Flowcharts are used in many areas of life, not only in programming. For example, they can describe the process of making tea or logging into a computer system. Understanding algorithms and flowcharts helps students think logically and develop problem-solving skills.”*

Аудиожазба мазмұны бойынша келесі сұрақтарға жауап беріп, өзара дискуссия жасайды.

1.Алгоритм дегеніміз не және ол не үшін қолданылады?

2.Алгоритмнің мысалы ретінде мәтінде не айтылған?

3.Flowchart дегеніміз не?

4.Flowchart-та қандай пішіндер қолданылады?

5.Flowchart бағдарламалаушыларға қалай көмектеседі?

Дескриптор: 3 балл. Оқушы ізденіс жасайды, ағылшын тілінде аудиожазбаның мазмұнын түсінеді, сұрақтарға толықтай, нақты дәлелдермен жауап береді.

Зерттеу барысында 9-сынып оқушылары арасында CLIL технологиясын қолдану арқылы информатика пәнін оқытудың тиімділігі тәжірибелік сабақтар негізінде тексерілді. Сабақтың тақырыбы – “Algorithms and Flowcharts” болды. Оқыту процесі барысында оқушылар алгоритм мен блок-схема ұғымдарымен ағылшын тіліндегі аудиомәтін арқылы танысып, тыңдалым, мәтінмен жұмыс және өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындады.

Тәжірибе нәтижесінде оқушылардың тыңдалым, логикалық және тілдік дағдыларында айтарлықтай оң өзгерістер байқалды. Оқушылар алгоритм мен блок-схеманың маңызын түсініп қана қоймай, ағылшын тіліндегі пәндік терминдерді еркін қолдана бастады (algorithm, process, flowchart, decision, input, output). Translanguaging тәсілі арқылы олар ағылшын және қазақ тілдеріндегі ұғымдарды салыстырып, терминдердің мағынасын нақты айыра алды.

Төмендегі кестеде сабақ барысында қолданылған тапсырмалардың нәтижелері көрсетілген: Кесте 2. Зерттеу нәтижелері.

Көрсеткіштер	Бастапқы деңгей	Сабақ соңындағы деңгей
Мәтін мазмұнын түсіну	44%	46%
Ағылшын тіліндегі терминдерді қолдану	47%	50%
Алгоритм құру және блок-схема сызу дағдысы	56%	58%
Топтық талқылауға қатысу белсенділігі	59%	62%

Зерттеу нәтижелері CLIL технологиясын информатика пәнінде қолдану оқушылардың пәндік және тілдік құзыреттеріне оң әсер еткенін көрсетті. Бір ай көлемінде жүргізілген тәжірибе барысында оқушылардың ағылшын тіліндегі терминдерді қолдану, мәтінді түсіну және қарапайым алгоритмдер құрастыру дағдылары шамалы, бірақ тұрақты өсім көрсетті.

Мысалы, мәтін мазмұнын түсіну көрсеткіші 44%-дан 46%-ға, ағылшын тіліндегі терминдерді қолдану – 47%-дан 50%-ға, ал алгоритм мен блок-схема құрастыру қабілеті – 56%-дан 58%-ға артты. Бұл CLIL технологиясының қысқа мерзім ішінде де пәндік мазмұнды меңгеруге және тілдік белсенділікті арттыруға ықпал ететінін дәлелдейді. Сонымен қатар, оқушылардың сабаққа қызығушылығы артқаны және ағылшын тіліндегі ақпаратты қабылдау қорқынышының азайғаны байқалды. Translanguaging тәсілін қолдану екі тілді салыстыра отырып түсінуді жеңілдетті, ал визуалды материалдар (мысалы, блок-схемалар) күрделі ұғымдарды қарапайым түрде түсіндіруге көмектесті.

Жалпы алғанда, қысқа мерзімді тәжірибе CLIL технологиясын информатика пәніне кіріктірудің тиімділігін көрсетті. Бұл тәсіл оқушылардың логикалық ойлауын, тілдік құзыретін және пәнге деген мотивациясын бір мезетте дамытады. Болашақта бұл бағытта ұзақ мерзімді зерттеу жүргізу және түрлі сыныптарда әдісті бейімдеп қолдану маңызды болмақ. Жүргізілген зерттеу нәтижелері CLIL технологиясының информатика пәнін ағылшын тілінде оқытуда тиімді екенін дәлелдеді. Бұл әдіс оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытып қана қоймай, олардың пәндік білімін де тереңдетеді. Сабақтардағы белсенді жұмыс түрлері, визуалды

материалдар және пәнаралық байланыс оқушылардың қызығушылығын арттырып, өз ойын ағылшын тілінде жеткізуге мүмкіндік берді. Алайда әдістің табысты болуы мұғалімнің дайындығына, оқушылардың тілдік деңгейіне және оқу уақытының тиімді ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Сондықтан болашақта CLIL технологиясын жүйелі түрде қолдану үшін мұғалімдерге арналған арнайы курстар мен әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу қажет. Сонымен бірге, зерттеу аясын кеңейтіп, басқа тақырыптар мен сыныптарда осы әдісті қолданудың нәтижелерін салыстырмалы түрде зерттеу маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Coyle D., Hood P., Marsh D. *CLIL: Content and Language Integrated Learning.* – Cambridge: Cambridge University Press, 2010. – 184 p.

2. Grbić, J. *The Effect of CLIL on Students' Motivation and Achievement in ICT Classes.* – Journal of Applied Linguistics and Interdisciplinary Studies, 2022. – Vol. 9(2). – P. 45–58.

3. Martínez-Soto, L. *Integrating ICT and CLIL: Enhancing Language and Content Learning.* – Educational Technology Review, 2023. – Vol. 12(1). – P. 33–47.

4. Satayev, B.K. *CLIL технологиясын орта мектепте қолданудың әдістемелік негіздері.* – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилеват. ЕҰУбаспасы, 2022. – 156 б.

5. Mehisto P., Marsh D., Frigols M.J. *Uncovering CLIL: Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education.* – Oxford: Macmillan Education, 2008. – 247 p.

6. МырзахметоваГ. *Информатика пәнін ағылшын тілінде оқытуда CLIL технологиясын қолдану.* – «Білім берудегі инновациялар» журналы, 2021. – №4. – Б. 58–64.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕП ОҚЫТУ

Кузембаева М.К.

Ә.Бөкейханов атындағы мектеп–лицей мұғалімі, Шахтинск, Қазақстан.

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі басты бағыт – бұл «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. Мемлекет басшысының «Адал азамат – адал еңбек- адал табыс» идеологиялық қағидасымен үндесетін бұл бағдарламаның мақсаты – оқушыларды адалдық, еңбекқорлық және патриотизм секілді жалпыұлттық құндылықтарға баулу. «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады. Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ». Бүгінгі жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу – үлкен міндет. Білім беру жүйесіндегі басты мақсаты – оқушының жан-жақты дамуы, оның ұлттық сана мен рухани құндылықтарға сүйіспеншілігін қалыптастыру. Әлемдік білім кеңістігіне ену барысында ұлт болмысын, тілін, мәдениетін сақтап қалу аса маңызды. Сол себепті тіл мен әдебиетті ұлттық құндылыққа негіздеп оқыту бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып отыр. Білім алушыны тек пәндік біліммен ғана қаруландыру емес, сонымен қатар оның бойында адамгершілік, рухани және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Осы тұрғыда тіл мен әдебиетті оқыту үдерісіне құндылық бағдарлы бағыт енгізу — заман талабы болып отыр. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері тұлғаның рухани әлемін, мәдени болмысын дамыту мен қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Тіл – халықтың рухани өмірінің айнасы, әдебиет – мәдениет пен тарихтың көрінісі. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту тек білім беру құралы емес, сонымен қатар ұлттық мәдениет пен рухани құндылықты бойға сіңірудің негізгі жолы. Ұлттық құндылықтар – бұл халықтың ғасырлар бойы жинақтаған мәдени, рухани, моральдық және этикалық нормаларының жиынтығы. Оған тіл, әдебиет, өнер, дәстүр, салт-дәстүр, моральдық-этикалық ұстанымдар кіреді. Ұлттық құндылыққа негізделген оқыту тек білім беруге ғана емес, оқушының тұлғалық дамуына бағытталған. Бұл әдіс арқылы оқушы өзінің ұлтының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін таниды және оны құрметтеуді үйренеді. Мысалы, Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесіндегі ұлттық құндылықтарды (өнер, материалдық, отбасы,

рухани құндылықтарды) айтқызу және шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға бергізуге болады.

О. Бөкейдің «Атау кере» романындағы ұлттық құндылықтарды ой-таразысынан өткізіп, талдасақ. «Бүгінгі таңда қоғамымызда – «тамырдан ажырау», «тірек-тектен іргені аулақ салу», «ата салттан безіну» секілді этикалық-моральдық қағидалардың көпшілік назарын аударып отырғаны рас...

Тағы бір мысал, Абай Құнанбайұлы өзінің қара сөздерінде адамгершілік, білімге құштарлық, еңбекқорлық және ұлттық болмысқа қатысты ойларын білдірген [Құнанбайұлы, 2018]. Әдебиетті оқытуда мұғалім әр шығарманың идеялық мазмұны арқылы адамгершілік, отансүйгіштік, жауапкершілік сияқты құндылықтарды танытуы қажет. Абайдың қара сөздерін оқыту арқылы рухани ізгілікке, өзін-өзі тануға үйретуге болады. Мұндай оқытуда басты назар оқушының өмірлік ұстанымын, мәдени-этикалық көзқарасын қалыптастыруға бағытталады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде құндылық бағдарды қалыптастырудың өзегі – тілдің тәрбиелік қуаты мен көркем шығарманың рухани әсері. Әдеби кейіпкерлердің тағдыры, тілдегі ұлттық дүниетаным, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер арқылы оқушылардың ішкі құндылықтар жүйесі дамиды. Қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтарды дарытуға арналған әдіс-тәсілдер өте көп. Олардың қатарында:

-Мәтіндік материалдарды ұлттық құндылықпен байланыстыру – мақал-мәтел, жұмбақ, нақыл сөздерді пайдалану арқылы оқушылардың ой-санасын, ұлттық тілге деген қызығушылығын дамыту;

-Коммуникативтік әдіс – оқушыларға тілдік материалды қолдана отырып пікірталас ұйымдастыру, сұрақ-жауап, ойталқы, топтық талдау. Бұл әдіс оқушылардың сөздік қорын арттырып, ұлттық болмысқа қатысты ұғымдарды меңгеруге көмектеседі.

-Жобалық жұмыстар – ұлттық тақырыпқа арналған шағын ғылыми- зерттеу жобалары. Мысалы, «Менің қаламның тілі мен дәстүрі» жобасы арқылы оқушылар өз жерінің тарихы мен мәдениетін зерттейді, сөйтіп ұлттық сана қалыптасады.

Әдебиет сабақтарында ұлттық құндылыққа баса мән берілетін әдістер:

Шығарманы талдау – классикалық және заманауи шығармаларды талдау кезінде оқушы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен шешімдерін ұлттық дәстүрмен салыстырады. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» шығармасын оқыту кезінде оқушылар қазақ қоғамының рухани келбетін түсінеді.

Рөлдік ойындар мен пікірталастар – шығарманы сахналап қою, кейіпкердің рөліне еніп ойнау арқылы оқушы шығарманың идеясы мен ұлттық құндылықты тереңірек түсінеді. [Сманова, 2022].

Интеграциялық сабақтар – әдебиет пен тарих, тіл мен музыка пәндерін біріктіріп өткізу оқушыларға шығарманы жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ұлттық тұлғаны, мәдениет пен салт-дәстүрді оқушылар санасына тереңірек сіңіреді. Ұлттық құндылыққа негізделген оқытуда мұғалімнің рөлі өте маңызды. Ол тек ақпарат беруші ғана емес, сонымен бірге бағыт-бағдар беруші, рухани тәлімгер болып табылады. Мұғалім оқушыларға ұлттық мәдениет пен әдеби мұраны танытады, шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды ұйымдастырады, пікірталас, кері байланыс, талдау әдістерін қолданады, оқушылардың рухани және адамгершілік дамуын қадағалайды.

Осылайша, мұғалім ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісінің өзегі ретінде пайдаланады, сабақтарды тиімді әрі қызықты етіп өткізеді.

Ұсыныстар:

1. Сабақ жоспарында ұлттық тақырыптарды жүйелі түрде енгізу;
2. Оқыту материалдарын ұлттық құндылыққа сәйкес таңдау;
3. Интерактивті әдістерді кеңінен қолдану;
4. Оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беру арқылы ұлттық сана қалыптастыру;
5. Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты күшейту, үйде де ұлттық құндылықтарды қолдау.

Қорыта айтқанда, тіл мен әдебиетті ұлттық құндылыққа негіздеп оқыту – оқушының рухани дамуы мен ұлттық сана қалыптастырудың тиімді құралы. Бұл бағытта мұғалімнің кәсіби шеберлігі, жаңашылдығы, шығармашылығы және әдістемелік қолдауы ерекше рөл атқарады. Ұлттық құндылыққа бағдарланған сабақтар арқылы оқушылар тек білім алмай, сонымен бірге өз ұлтын, тілін, салт-дәстүрін құрметтеуді үйренеді. Бүгінгі білім беруде рухани құндылықтар білім берудің ең негізгі темірқазығы болып табылады. Адамдық қасиеттермен қаруланған ұрпақ - еліміздің болашағы болатыны сөзсіз. Сондықтан ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықтарды дарыта берейік!

Әдебиеттер тізімі:

1.Сманова, Ж. Құндылық бағдарлы білім беру: теориясы мен тәжірибесі. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022.

2.Құнанбайұлы, А. Қара сөздер. – Алматы: 2018.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кульжанова Ш.М.

№71 мектеп-лицей, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінде қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытуда инновациялық үрдістерді қолдану – заман талабы. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқытушының басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, оқушыны білімді, шығармашыл, заманауи технологияларды игерген тұлға ретінде қалыптастыру. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері – тек тілдік дағдыларды қалыптастыру құралы ғана емес, ұлттық мәдениет пен рухани мұраның сақтаушысы. Сондықтан инновациялық әдістерді қолданудағы басты бағыт – білім алушының тілдік құзыреттілігін арттырумен қатар, ұлттық құндылықтарға баулу.

Қазақтың ауыз әдебиеті – ұрпақ тәрбиесінің сарқылмас қазынасы. Ертегілер мен аңыздар – тек қиял-ғажайып оқиға емес, халықтың дүниетанымын, рухани құндылықтарын, ұлттық мінезін бейнелейтін тәлім-тәрбиелік құрал. Бүгінгі білім беру жүйесінде оларды оқушыларға қызықты әрі тиімді жеткізу үшін заманауи технологиялар мен әдістемелерді қолдану аса маңызды. «Ертөстік» ертегісін оқытуда заманауи тәсілдер. «Ертөстік» – батырлық, достық, адалдық тақырыптарын дәріптейтін қиял-ғажайып ертегі. Оны заманауи форматта оқыту үшін: Мультимедиалық анимациялар: Ертөстіктің жер астындағы сапарын, Кенжекейге деген адалдығын қысқа анимациялық бейнеролик арқылы көрсету. Виртуалды шындық (VR): Оқушылар VR көзілдірігі арқылы жер асты патшалығына «кірігіп», ертегі әлемін сезіне алады. Сторителлинг әдісі: Оқушыларға Ертөстіктің басынан кешкендерін бүгінгі заман кейіпкері секілді қайта әңгімелеткізу. Мысалы, «Ертөстік XXI ғасырда болса, ол қандай батыр болар еді?» деген сұрақпен шығармашылық тапсырма беру.

Бұл әдістер балаларға ертегінің мазмұнын тек есте сақтап қана қоймай, құндылықтарын заманауи тұрғыда ұғынуға мүмкіндік береді. Мысалы, «Алдар Көсе» туралы аңыздарды оқытуға тоқталацйық. Алдар Көсе – әділдік пен тапқырлықтың, халық даналығының бейнесі. Оның байды алдап, кедейге жақтасуы қазіргі қоғамда әділдік, адалдық, теңдік құндылықтарын дәріптеуге арқау бола алады. Рөлдік ойындар: Оқушыларды бай, Алдар, халық кейіпкерлеріне бөліп, шағын сахналық қойылым ұйымдастыру. Бұл әдіс тілдік дағдыны дамытумен қатар, оқушыларды әділеттілік туралы ойлануға жетелейді. Комикс жасау: Оқушылар Алдар Көсе жайлы қысқа комикстер немесе инфографикалар жасайды. Заманауи визуалды құрал арқылы халықтық идеяны оқушылардың жас ерекшелігі не сай жеткізу тиімді. Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін оқытуда AI, AR / VR технологиялары арқылы мульфильм жасап көрсетіп, қысқа комикстер немесе инфографикалар жасау оқушыларға әрі қызықты , әрі түсінуге жеңіл болады.

Жасанды интеллект білім беру процесіне жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Мәтіндік талдау: ЖИ арқылы оқушылар шығармалардағы көркемдік тәсілдерді, негізгі идеяны тез анықтай алады. Онлайн-тренажерлер: Қазақ тілінің орфографиясы мен грамматикасын бекітуге арналған автоматтандырылған тапсырмалар оқушылардың дербес оқуын қолдайды. Виртуалды көмекші: ЖИ оқушылардың жеке деңгейіне сай қосымша ақпарат, әдебиетке қатысты деректер береді. Мәтіндік талдау, онлайн-тренажерлер, виртуалды көмекші құралдары арқылы оқушылардың жеке оқу траекториясын құруға болады. Мысалы, «Абай жолы» романын талдауда ЖИ көмекші ретінде көнерген сөздердің мағынасын түсіндіреді, тарихи контексті ашады. Уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Қазақтың ауыз әдебиеті – ұрпақ тәрбиесінің сарқылмас қазынасы. Ертегілер мен аңыздарды заманауи тәсілдер арқылы оқыту оқушылардың қиялы мен дүниетанымын кеңейтеді. «Ертөстік» ертегісін мультимедиялық анимациялар, VR технологиялары, сторителлинг әдістері арқылы жеткізу – баланың ұлттық кейіпкерді XXI ғасыр тұрғысынан қабылдауына жағдай жасайды. Алдар Көсе аңыздарын рөлдік ойындар, комикс жасау арқылы меңгерту оқушылардың әділдік пен тапқырлыққа деген қызығушылығын арттырады. Асан Қайғы – ел қамын жеген, жерұйықты іздеген абыз. Оның ойлары Отанға сүйіспеншілік, ел бірлігі, жер қадірі құндылықтарына тәрбиелейді. Интерактивті карта жасау: Қазақстан картасын пайдаланып, «Жерұйықты қай жерден табар едің?» деген тапсырма арқылы оқушыларды ел табиғаты мен жер байлығын бағалауға үйрету. Эссе жазу: «Менің Жерұйығым» тақырыбында шығармашылық жұмыс орындату. Бұл әдіс оқушының ел болашағына деген көзқарасын қалыптастырады. Видео-сценарий құру: Оқушылар Асан Қайғыны бүгінгі заманға әкеліп, «қазіргі Қазақстанда ол қандай ақыл-кеңес берер еді?» деген сұраққа бейнежазба арқылы жауап дайындайды. Қорқыт ата мұрасын музыка мен әдебиетті кіріктіру, подкаст пен дебат ұйымдастыру арқылы оқыту – жастардың философиялық ойлауын дамытады. Асан Қайғы аңыздарын интерактивті карта, эссе, бейнежоба арқылы меңгерту – оқушылардың елін сүюге, жер қадірін ұғынуға баулиды.

ЫБырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесі еңбекқорлық пен жауапкершілікті дәріптесе, «Бір уыс мақта» әдеби шығармасы адалдық пен ұқыптылықты насихаттайды. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқуға шақыру» өлеңі жастарды білімге ұмтылуға жетелейді. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Еңбек қылмай ер оңбас» өлеңдері білім, талап, еңбек құндылықтарын дәріптейді. ЫБырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесінде әке еңбектің қадірін, еңбекқорлықтың адам өміріндегі орнын түсіндіреді. Бұл шығарма арқылы оқушылар еңбекқорлық пен жауапкершіліктің отбасы құндылығы ғана емес, қоғамға пайдасы бар қасиет екенін ұғынады. Мысалы, оқушыларды ата-аналарына көмектесуге, бос уақытын пайдалы іске арнауға баулу осы әңгіменің негізгі тәлімдік мәнімен астасады.

Әдеби кейіпкерлер арқылы да ұлттық болмысты насихаттауға болады. Ертөстік – батырлық пен төзімділік, Алдар Көсе – әділдік пен тапқырлық, Асан Қайғы – елін сүйген, жер қадірін ұқтырған абыз. Қазақтың мақал-мәтелдері мен шешендік сөздері ұлттық дүниетанымды дамытуда ерекше рөл атқарады: «Еңбек түбі – береке» – үздік оқушылардың табысы еңбектің жемісі екенін көрсетеді; «Отан – отбасынан басталады» – туған жерді сүю отбасынан басталатынын дәлелдейді; «Білім – таусылмайтын қазына» – білімнің өмір бойы қажеттілігін айқындайды; Төле бидің «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» сөзі – достықты дәріптейді; Қазыбек бидің «Біз қазақ деген мал баққан елміз» сөзі – ұлттық болмысты айшықтайды.

Қорыта келгенде, қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту – оқушылардың ұлттық рухани байлығын меңгерумен қатар, заманауи технологияларды игеруіне ықпал етеді. Инновациялық әдістер мен ЖИ құралдарын пайдалану арқылы оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды терең түсінуге жағдай жасалады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері – тек тілдік дағдыларды қалыптастыру құралы ғана емес, ұлттық мәдениет пен рухани мұраның сақтаушысы. Сондықтан инновациялық әдістерді қолданудағы басты бағыт – білім алушының тілдік құзыреттілігін арттырумен қатар, ұлттық құндылықтарға баулу. Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту – білім

алушылардың ұлттық рухани байлығын игерумен қатар, заманауи технологияларды меңгеруіне ықпал етеді. Инновациялық әдістер мен ЖИ мүмкіндіктерін кіріктіру арқылы оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, ұлттық болмысқа деген құрметін күшейтуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-189 б.
2. Жұбанова А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.-53б.
3. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
4. Құдайбергенова К. Инновациялық педагогика. – Алматы: Дарын, 2020.-38 б.
5. AI in Education: Transforming Teaching and Learning. – Cambridge University Press, 2023. – 25 б.
6. Линовес Д. Виртуальная реальность в Unity. – Москва: ДМК Пресс, 2016. – 316 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН КРЕАТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Курманаева А.Ж.

№ 2 мектеп-лицейі мұғалімі, Көкшетау, Қазақстан.

Тілді оқыту – қашанда өзегін жоғалтпаған сүбелі мәселе. Әсіресе, мемлекеттік тілде оқытылмайтын сыныптар үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқудың маңыздылығы анағұрлым жоғары. Өйткені өзгетілді білім алушылар қазақ тілі пәнін оқу арқылы бойларына ұлттық аксиологияларымызды (құндылықтарымызды) сіңіреді. Осы орайда, мемлекеттік тілді оқыту аса жауапкершілік пен сақтықты қажет ететінін ескерген жөн. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деп халқымыз бекер айтпағандай, байқаусызда тіл оқытуда мүлт кеткен қателік – ертең үлкен келеңсіздіктерге әкелуі мүмкін. Сол себепті, тілді оқытуға либеральді (салғырт) қарауға мүлде болмайды. Оның үстіне қазіргі прагмматикалы қоғамдағы адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасу һәм байланысу құралы тіл болғандықтан, біз бұл пәнді оқытуға аса мұқияттылықпен қарауымыз қажет. Бірақ цифрлық технологияның дерті өршіп тұрған уақытында пәнді оқыту оңайға соқпас. Олай болса, бүгінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ тілі мен әдебиетін пәнін оқытудың қандай шебер жолдары, яки, әдіс-тәсілдері бар?

Ендеше, осыдан біздің зерттеу жұмысымыздың мынандай мақсаты туындайды: Оқыту орыс тілінде жүретін бастауыш сыныптарда қазақ тілі пәнін оқытудың креативті әдіс-тәсілдерін табу және методологиялық негізін құрастыру.

Ал оны шешудің міндеттері келесідей болмақ:

1. Дәстүрлі креативті технологияларды қарастыру;
2. Функциональды немесе инновациялық технологияларды зерттеу;
3. Жасанды интеллект арқылы тілді оқытудың орайлы жолдарын қарастыру;
4. Кері байланыс негізінде тіл грамматикасын меңгерудің анализін құрастыру;

Бәрінен бұрын бірінші міндетімізге тоқталайық. Дәстүрлі креативті технологияларды саралау үшін оның тарихына қысқаша шолу жасау арттық болмас.

Баланы тұлға ретінде қалыптастырудың бірнеше факторы бар сияқты, тілді де оқытудың өзіндік ықпалы болады. Тілдік факторлардың алдыңғы қатары – креативті қабілет десек, еш қателеспеспіз. Дәстүрлі ғылыми әдебиеттерде креативтілікті мұғалімнің «конструктивті қабілеті» деп түсіндіреді. Бірақ екі ұғымның семантикасы бір қазанға сыяды. Десе де, креативтілік дегеніміз, индивидтің өмірдің әртүрлі жағдайларында тапқырлық таныта білу қабілеті. Бұндай қабілет тілді оқытатын мұғалімдер үшін таптырмас азық болары анық. Өйткені бастауыш және орта буында тілдің грамматикасын меңгерту – творчестволық жолдарды талап етеді. Творчестволық әдіс-тәсілдерсіз, құр грамматиканың өзің кестемен оқыту – бос әурешілік. Көзі қарақты оқушы ондай реңсіз кестелерге пысқырып та қарамайды. Түрлі-түсті суреттердің қадір-қасиеті жайында кезінде қазақ қайраткерлері тайға таңба басқандай айтып кеткен-ді. Ұлы педагог Ахмет Байтұрсынов өзінің «Сауат ашқыш» еңбегінде:

«Тіл арқылы сауат ашуда көрнекіліктерге көп мән берілуі керек [1, 11]», деп тұшымды пікір білдірген. Ал көрнекті ақын Мағжан Жұмабаев:

«Көрнекі материалдармен жұмыс жасай білу» деп алтын әріптермен қашап, ой айтқан.

Байқағандарыңыздай, қай ағартушы болмасын, көрнекіліктің – тіл оқытудағы маңызын баса атап өткен.

Сондықтан, біз грамматиканы оқытуда барынша креативлік танытуымыз керек. Ал кревтитілікті сабақта қалай қолдануға болады? Ең алдымен біз қай креавтиті технологияны қолданатымызды айқындап алғанымыз дұрыс. Креативті технология өз ішінен дәстүрлі және инновациялық болып бөлінеді. Дәстүрлі креативті технология – мұғалімнің өзі жасаған көрнекіліктері. Бұған түрлі креавтиті семантикалық карталар жатады. Мәселен:

1. Топтық оқытудағы пицца, картофель фри, мозайка, Гарри Поттер факультет төсбелгілері;
2. Мессенджерлер төсбелгілері;
3. «Жұмыртқа жарыс», «Мен кім?» инттеллектуалдық ойындары;

Ескеретін бір мәселе: дәстүрлі креативті технология өз ішінен ауызша және жазбаша болып бөлінеді. Ауызша креавтиті технологияларға «Бұзық телефон», «Бұл қай аспап?», «Мен кім?» ойындары жатады.

Ал енді жасанды интеллектке тоқталайық. Әл-Фараби атындағы университетінің оқытушысы Б.М.Айтбаеваның сөзіне сүйенсек, жасанды интеллект ұғымы алғаш рет 1956 жылы АҚШ-тың Дармут колледжінде өткен академиялық конференцияда енгізілді. Ойлап қараңызшы, жиырмасыншы ғасырдың өзінде «жасанды инттеллект» ұғымы жан-жақты зерттеле бастаған. Қазір ше? Бүгінде «жасанды интеллект» семантикасы кең көлемде қолданады. Тіпті, оқыту саласында «жасанды интеллект» ұғымын кезіктіруге әбден болады.

Жасанды инттелект арқылы оқушылар өздері оқыған әңгімелер бойынша кейіпкерлердің бейнелерін құрастыра алады. Осыдан «оқыту орыс тілінде жүретін сыныптардағы қазақ тілі пәні негізінде қазақ әдебиеті пәнін қалай креативті оқытуға болады?» деген заңды сұрақ туындайды. Оқыту орыс тілінде жүретін сыныптардағы қазақ әдебиетін креативті оқытудың құпиясы неде?

Біріншіден, оқыған шығарма бойынша комикс салу;

Екіншіден, буктрейлер жасау;

Үшіншіден, оқыған шығармадағы кейіпкерлер мен мультфильм, фильмдердегі зұлымдарды өзара салыстыру. Мәселен, оқыту орыс тілінде жүретін үшінші сыныптардың оқулығында Ыбырай Алтынсарин әңгімесі бар. «Әке мен бала»(Ы.Алтынсарин) әңгімесіндегі бас кейіпкер бала мен «Шрек» мультфильміндегі Шрекпен; «Өрмекші адамммен», «Марвелдегі Танспен», «Гарри Поттердегі» Драко Малфоймен немесе қандай да ертегі зұлымымен өзара салыстырса қандай қызық! Бұл – оқытудың қызықты болуына, оқушының пәнге деген қызығушылығының артуына тікілей әсер етеді.

Жоғарыда атап өткен ауызша және жазбаша технологияларды біз оқыту орыс тілінде жүретін бастауыш сыныптарда қалай қолданамыз деген сұраққа тоқталып өтерлік:

Оған еш қам жемесек болады. Қазіргі таңда небір айти-шеберлері ойлап тапқан көздің жауын аларлық түрлі қосымшалар, әлеуметтік желілер баршылық. Мәселен: https://www.d-id.com/, https://www.canva.com/, https://www.airpano.com/, https://city3d.kz/, https://www.emaze.com/, https://padlet.com, https://getkahoot.com

«D-ID: Al video» қосымшасы. Аталған қосымшаның басты функциясы – жансыз суреттерге тіл бітіргізу.

Canva.com – сайты мұғалімдерге топтық оқыту, әртүрлі додалар барысында жобалар, сертификаттар, интерактивті бейне-баяндар жасауға керемет мүмкіндіктер береді. Ерекшеліктері: Инфограмма жүйесі бар. Жүйе негізінде оқушыларға демалыс уақыты кезінде мультфильм қарауға тапсырма беруге болады. Мүмкіндіктері: Әртүрлі көзқызығарлық слайд, видео, интеактивті жоба жасауға толық мүмкіндік жасайды. Air Pano – саяхат сабақ өткізгенде өте қолайлы платформа. Платформа арқылы әртүрлі жерлерге саяхат жасауға болады.

Мәселен, бастауыш сыныпта қала, мемлекеттер тақырыбын өткен тұста ыңғайлы. Тиімділігі: Саяхат сабақ жасауға өте қолайлы. Өзгешеліктері: Дыбыс, панорамалық тур түгел қамтылған.

Панорама – бұл Қазақстан жерлеріне онлайн тур ұйымдастыруға бағытталған сайт. Сайт – үйден шықпай-ақ, қашықтықтан Астана қаласының көрікті жерлеріне саяхат жасауға мүмкіндік береді. Оқушылардың таным қабілеттерін жетілдіреді әрі сабақты қызықты өткізуге қолайлы жағдай жасайды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілер (Инстаграмм, ютуб, тик-ток, телеграмм желісіне жариялауға әбден болады) өз мүмкіндіктерін айқара ашатынын ескергеніміз абзал.

Жоғарыда парақталып өткен әдіс-тәсілдер арқылы оқушылар бойларындағы танымдық, конструктивтік дағдыларды жетілдірді. Қорытындылай келе, бар айтарымыз, креативті технология – тілді оқытудағы ең негізгі әрі шешуші факторы. Анығында, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін креативті технология арқылы оқыту ешқашан маңызын жоғалтпайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф.Тілдік қатынас негіздері: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005.-147 бет.

2. Алешина А.Б. Орыс тіліндегі айтылым дағдысын дамытудың креативті жолдары (бастапқы деңгей): ФҒК дисс. автореф. – Москва, 2023. – 23 б.

3. Курманаева А. «Қазақстандағы хогвартс мектебі», – Алматы: «Үшқоңыр» халықаралық газеті, 2024 жыл.

4. Курманаева А., Байжанқызы Б. «Жаңа форматтағы мұғалім қызметінің ерекшеліктері», – Алматы: «Ұлағат» республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық журналы, 2020 жыл.

5. Курманаева А. Ұстаздықтың биігіне бойлаған // Көкшетау: «Арқа ажары» газеті, 2020 жыл.

6. Курманаева А. Қазақ фэнтезиінің поэтикасы мен кейіпкерлер типологиясы, – Алматы: «Дарын» баспасы, 2024.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ РӨЛІ

Курманова А.К.

Қауымдастырылған профессор, PhD, Ш.Уәлиханов атындағы КУ, Көкшетау, Қазақстан.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттың мәдени коды, рухани мұрасы мен дүниетанымын жеткізуші жүйе. Осыған орай қазақ тілін оқыту үдерісі тек тілдік білім берумен шектелмей, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытудың тиімді құралы болуы тиіс. Өйткені қазіргі білім беру жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ете отырып, оны құндылықтық бағдармен тәрбиелеуді көздейді.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту аясында құндылық бағдарлы және тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамасы өзекті бағыттардың біріне айналды. Мұндай ұстаным оқушының тек білімін ғана емес, сонымен қатар оның өмірлік ұстанымын, мінез-құлқын, рухани дүниесін қалыптастыруды мақсат етеді. Алайда қазіргі мектеп тәжірибесінде оқушылардың тілдік дағдылары дамығанымен, олардың тіл арқылы құндылықтарды тануы мен қолдануы әлі де жеткілікті деңгейде жүзеге аспай отыр. Бұл олқылықты жоюдың бір тиімді жолы – қатысымдық жаттығулар жүйесін құндылық мазмұнмен ұштастыру. Аталған бағыт бойынша жүргізілген зерттеулер саны шектеулі болғандықтан, қатысымдық жаттығулардың құндылықтық әлеуетін айқындау – әдістеме ғылымындағы тың, өзекті бағыттардың бірі болып саналады.

Қазақ тілін оқытудың дәстүрлі әдістемесі көбіне грамматикалық және репродуктивтік сипатта болса, қазіргі кезеңде қатысымдық-танымдық бағыт алдыңғы қатарға шығып отыр. Бұл бағыт оқушылардың белсенді қатысуын, ойлау, пікір айту, сұрақ қою және жауап табу дағдыларын дамыта отырып, оларды өмірлік жағдаяттарда тілдік құралды еркін қолдануға баулиды. Осы тұрғыдан алғанда, қатысымдық жаттығулар – тілдік қана емес, тұлғалық дамуды қамтамасыз ететін негізгі әдістемелік тетік болады. Қатысымдық жаттығулар жүйесін құндылық бағдарлы мазмұнмен кіріктіру оқушыны тек тіл үйренуші ретінде емес, рухани-

адамгершілік тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай жаттығулар арқылы оқушылар тілдік материалды меңгеріп қана қоймай, өмірлік маңызды ұстанымдарды – сыйластық, адалдық, жауапкершілік, бірлік, еңбексүйгіштік сияқты құндылықтарды тәжірибеде қолдануға дағдыланады.

Қазіргі педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, тіл сабақтарында құндылық мазмұн мен қатысымдық бағыттың үйлесуі оқушылардың қатысымдық құзыретін, ойлау мәдениетін және рухани дамуын қатар жетілдіреді. Осыған байланысты қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда қатысымдық жаттығулардың мәнін, қызметін және тиімді қолдану жолдарын айқындау – заманауи тіл әдістемесі ғылымының өзекті мәселелерінің бірі.

Зерттеудің мақсаты – қатысымдық жаттығулардың құндылық бағдарлы оқытудағы мәнін, қызметін және тиімді қолдану жолдарын анықтау.

Осы мақсатқа сәйкес зерттеудің міндеттері төмендегідей айқындалды:

Құндылық бағдарлы оқытудың мәнін сипаттау;

Қатысымдық жаттығулардың тіл үйретудегі орны мен ерекшеліктерін талдау;

Қатысымдық жаттығулар арқылы құндылықтарды дарыту жолдарын ұсыну.

Құндылық бағдарлы оқыту – білім беру мазмұнын тұлғаның рухани дамуы мен мәдени қалыптасуымен ұштастыратын заманауи педагогикалық бағыт. Бұл ұстанымда білім алушының тек когнитивтік жетістіктері емес, оның құндылықтық дүниетанымы, адамгершілік және азаматтық қасиеттері басты назарда болады. Яғни оқыту үдерісі тек білім берумен шектелмей, тәрбиелік, әлеуметтік және мәдени мақсаттарды да біріктіре отырып жүзеге асырылады.

Құндылық бағдарлы оқытудың теориялық негізі XX ғасырдағы гуманистік педагогикамен байланысты. Ш.А.Амонашвили [1], В.А.Сухомлинский [2], К.Роджерс [3] сияқты ғалымдар білім берудің басты мақсаты – тұлғаның рухани кемелденуі мен өзін-өзі танытуына жағдай жасау екенін дәлелдеді. Олар оқыту мен тәрбиені біртұтас үдеріс ретінде қарастырып, оқушының жеке тәжірибесін, сезімін және өмірлік ұстанымдарын ескерудің маңыздылығын атап көрсетті. Осы идеялар бүгінгі құндылық бағдарлы білім беру парадигмасының іргетасына айналды.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде құндылық бағдарлы оқыту ұстанымы соңғы онжылдықта ерекше мәнге ие бола бастады. Бұл ұстанымның өзектілігі тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың мәдени коды мен рухани жадын жеткізуші жүйе екендігімен түсіндіріледі. Қазақ тілін үйрету барысында тек тілдік нормаларды меңгерту емес, сонымен қатар ұлттық дүниетаным, дәстүр мен мінез-құлық үлгілерін, яғни ұлттық құндылықтарды дарыту көзделеді. Мұндай тәсіл тілдік білімді рухани тәрбиемен ұштастыра отырып, оқушының адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

А.Байтұрсынұлы тіл арқылы тұлға тәрбиелеуді оқытудың басты мақсаты деп қарастырды. Ол «Тіл – құрал» еңбегінде тілдің қоғамдағы және жеке тұлға өміріндегі тәрбиелік мәнін айқындап [4, 12], «Әдебиет танытқышта» тіл мен ой, қиял, сезім бірлігін адамдық болмыстың негізі ретінде сипаттайды [5, 7]. Оның «Тіл – құрал, тіл арқылы адам тәрбиеленеді» деген тұжырымы бүгінгі құндылық бағдарлы оқытудың мәнін дәл бейнелейді. Ғалым үшін тіл үйрету – тек грамматикалық білім беру емес, адамды ойлауға, сезінуге және мәдени тұрғыдан жетілуге баулудың құралы болды. Ол грамматиканы оқытуда тілдік құбылысты тұлғаның ойлау және сезіну әрекетімен ұштастырып, білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыра білді. Бұл ұстаным «Тіл – құрал» оқулығында айқын көрініс табады. Мұнда грамматикалық ережелер құрғақ анықтама түрінде емес, өмірлік мазмұнмен және тәрбиелік мәні бар мысалдармен берілген. Мәселен, «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» сияқты мақал-мәтелдерді талдату арқылы ғалым оқушыны тек сөйлем құрылымын меңгеруге емес, сол сөйлемнің астарындағы адамгершілік мәнді ұғынуға бағыттайды.

А. Байтұрсынұлының «Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлей білу – адамға зор өнер. Өнер алды – қызыл тіл» деген тұжырымы тілдің тұлғаны тәрбиелеудегі, ойлау мәдениеті мен мінезін қалыптастырудағы маңызын айқындайды [6, 24]. Демек, ол тіл үйрету арқылы

оқушының ойлау қабілетін, дүниетанымын, мәдениетін және рухани болмысын дамытуға ерекше мән берген. Бұл көзқарас қазіргі құндылық бағдарлы оқыту қағидаттарымен толық үндеседі.

Тілші-әдіскер Т. Шонанов оқыту барысында баланың тілдік материалды өз тәжірибесімен байланыстыра қолдануына, сөйлеу әрекеті арқылы өзін-өзі тануына және қоғамға пайдалы тұлға ретінде қалыптасуына ерекше мән берді. Ғалымның оқулықтарындағы мәтіндер мен жаттығулар мазмұны да осы идеяны жүзеге асыруға бағытталған. Олар еңбекке, ата-анаға құрметке, ұжымшылдыққа және жауапкершілікке тәрбиелеуге негізделген. Мысалы, «Бірінші басқышта ана тілі» (1929) оқулығындағы мәтіндер мен тапсырмаларда еңбек, ұжымшылдық, ата-ана еңбегін қадірлеу және азаматтық сана тақырыптары қамтылған: «*Еңбек – адамды өсіреді. Еңбек еткен ерінбейді. Еріншек адам елге пайда келтірмейді», «Ата-ана еңбегін қадірлей біл. Олардың ақылы мен еңбегі сенің бақытың үшін», «Жолдасыңа көмектес, көппен бірге бол. Көптің қамын ойлаған – ел қамын ойлаған»* [7,15-27] сияқты мәтіндер оқушыларды тілдік әрекет арқылы еңбекқорлыққа, адамгершілікке, қоғамға пайдалы болуға баулиды. Мұндай тәсіл тілдік білім мен рухани-адамгершілік тәрбиені табиғи түрде біріктіре отырып, оқыту үдерісін тұлғаның құндылықтық дамуының құралына айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, Т. Шонановтың әдістемелік мұрасы – қазіргі құндылық бағдарлы оқыту қағидаттарының тарихи және теориялық негізін құрайды. Ол тілдік жаттығуларды тек білім көзі емес, рухани және азаматтық тұлға қалыптастырудың тетігі ретінде қарастырған.

Қ. Кемеңгерұлы тіл сабақтарының тәрбиелік ықпалына ерекше назар аударып, тілді «елдіктің айнасы» деп бағалаған. Ол үшін тіл – тек қатынас құралы емес, ұлттың болмысын, мінезін және рухын бейнелейтін мәдени-философиялық феномен болған. Ғалымның әдістемелік ұстанымында тіл мен мәдениеттің сабақтастығы маңызды орын алған. Ол сабақ барысында халық ауыз әдебиеті үлгілерін, көркем мәтіндерді, ұлттық тұрмыс пен дәстүрге қатысты мазмұнды қолдануды ұсынған. Мұндай тәсіл оқушыларға тек тіл құрылымын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар сөз мәдениеті мен сөйлеу әдебін, ұлттық мінез-құлық пен эстетикалық талғамды қатар дамытуға мүмкіндік берген. Демек, Қошке Кемеңгерұлы тіл мен ұлт бірлігін оқу-тәрбие үдерісінің өзегіне айналдырып, тіл үйрету ісінің құндылықтық мазмұнын тереңдеткен. Оның көзқарастары қазіргі құндылық бағдарлы оқыту тұжырымдамасымен үндесіп, тіл арқылы ұлттық болмыс пен мәдени сәйкестікті қалыптастырудың ғылыми-теориялық негізін қалаған [8; 9].

Осылайша, құндылық бағдарлы оқыту идеясы мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ әдіскерлерінің педагогикалық ұстанымдары өзара сабақтасып, біртұтас жүйе түзеді. Егер Байтұрсынұлы мен оның замандастары тіл арқылы адамды тәрбиелеудің теориялық және әдістемелік негізін қалыптастырған болса, қазіргі әдістеме ғылымы сол идеяны заманауи құндылық бағдарлы мазмұнда жаңғыртуға бағытталған.

Құндылық бағдарлы оқыту – тек заманауи білім берудің талабы ғана емес, сонымен бірге ұлттық әдістемелік дәстүрдің заңды жалғасы. Ол тіл үйретудің мазмұнын тереңдетіп, оқушының рухани дамуы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың пәрменді құралы. Қазіргі кезеңдегі құндылық бағдарлы оқыту осы ғалымдар негізін қалаған идеяларды жаңа ғылыми-әдістемелік форматта – қатысымдық, интерактивті және құндылықтық интеграция қағидаттары негізінде дамытуды көздейді. Бұл сабақтастық қазақ тілін оқытудағы басты миссияны айқындайды: тіл арқылы тұлғаны тәрбиелеу және ұлттық рухты сақтау. Қатысымдық жаттығулар тіл үйрету үдерісінің негізгі өзегін құрайды. Себебі тілдік материалды меңгеру мен оны сөйлеу әрекетінде дұрыс қолдану дәл осы қатысымдық бағыттағы тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Мұндай жаттығулардың басты мақсаты – үйренушінің тілдік білімін өмірлік жағдаяттарда еркін қолдана алуын қамтамасыз ету [10; 11]. Қатысымдық әдістеме қағидасы бойынша, жаттығулар оқушының белсенді қатысуын, өз ойын білдіруін және нақты коммуникативтік жағдайларда тілдік құралдарды мақсатты түрде қолдануын көздейді. Яғни мұндай тапсырмалар тілдік нормаға меңгертуден гөрі, оны қарым-қатынаста пайдалануға бағытталады. Осы тұрғыда, қатысымдық жаттығулар – репродуктивтік әрекеттен өнімді (продуктивті) тілдік әрекетке өтудің негізгі тетігі болып табылады.

Қатысымдық жаттығулардың тіл үйретудегі рөлін айқындайтын негізгі ерекшеліктері төмендегідей: Коммуникативтік бағыттылығы. Әрбір жаттығу нақты сөйлеу жағдаятына негізделеді. Үйренуші тапсырманы орындау барысында шынайы қарым-қатынасқа түседі. Мысалы, сұрақ-жауап, пікір алмасу, жағдаяттық диалогтар немесе топтық талқылау түріндегі жаттығулар оқушыны тілдік құралды табиғи ортада қолдануға бейімдейді. Бұл тәсіл Е.И. Пассовтың «коммуникативтік модельдеу» принципіне сай келеді, мұнда оқыту шынайы сөйлеу жағдайына барынша жақын ұйымдастырылады [10]. Мақсат пен мазмұнның бірлігі. Қатысымдық жаттығулардың мазмұны үйренушінің коммуникативтік қажеттілігіне сай құрылады. Әр тапсырмада нақты мақсат (мысалы, ақпарат алу, келісімге келу, пікір білдіру) пен мазмұн (тақырып, құндылық, өмірлік жағдаят) өзара байланыста беріледі. Бұл қағида В.Л. Скалкин мен Н.И. Гез еңбектерінде «мағыналық мотивация» ұстанымы ретінде негізделген [11; 12]. Тілдік әрекеттің барлық түрін қамтуы. Қатысымдық жаттығулар тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын өзара байланыста дамытады. Бұл тілдік әрекеттердің бірлігін қамтамасыз етіп, оқушының қатысымдық құзыретін кешенді түрде қалыптастырады [13]. Мысалы, оқушы тыңдаған мәтін бойынша пікір білдіріп, оны жазбаша түрде қорытындылайды немесе диалог түрінде жалғастырады. Ойын және шығармашылық элементтердің болуы. Коммуникативтік әдістемеде ойын, пікірталас, рөлдік жағдаят сияқты әрекет түрлері кең қолданылады. Олар оқушылардың қызығушылығын арттырып, еркін сөйлеу қабілетін дамытады. Тұлғалық және құндылықтық бағыттылығы. Қатысымдық жаттығулар тек тілдік дағдыларды ғана емес, оқушының ойлау, өз пікірін дәлелдей алу, мәдениетаралық қатынасқа түсу қабілеттерін де дамытады. Сонымен қатар адамгершілік, сыйластық, жауапкершілік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Бұл аспект қазіргі білім беру парадигмасындағы құндылық бағдарлы оқыту талаптарымен толық үйлеседі.

Осылайша, қатысымдық жаттығулардың дәстүрлі грамматикалық әдістерден басты айырмашылығы — оқушыны дайын тілдік үлгілерді жаттауға емес, өз ойын еркін әрі мағыналы түрде жеткізуге, яғни тіл арқылы өзара әрекеттесуге үйретуінде. Мұндай тәсіл тіл үйретуді өмірлік тәжірибемен ұштастырып, оқушының тұлғалық дамуы мен құндылықтық бағдарын қатар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қатысымдық жаттығулар тек тілдік дағдыларды дамытудың құралы ғана емес, сонымен бірге оқушының құндылықтық бағдарын қалыптастырудың тиімді әдісі. Тіл арқылы қарым-қатынас жасау үдерісінде үйренуші тек лексикалық және грамматикалық бірліктерді меңгеріп қана қоймай, адамгершілік, мәдени, ұлттық және рухани құндылықтарды бойына сіңіреді. Қатысымдық жаттығулардың басты ерекшелігі – мәнге бағытталған әрекет (meaning-focused activity). Мұнда тіл құрал емес, құндылықтарды жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар құндылықтарды жеткізудің тиімді тетегі ретінде қарастырылады.

Құндылықтық мазмұн қатысымдық жаттығуларда келесідей бағыттарда жүзеге асады:

Әлеуметтік құндылықтар (ынтымақтастық, сыйластық, жауапкершілік) диалогтік және топтық тапсырмалар арқылы дамиды.

Рухани және адамгершілік құндылықтар (құрмет, қайырымдылық, шыншылдық) пікірлесім мен жағдаяттық жаттығулар барысында қалыптасады.

Ұлттық құндылықтар (ана тілін құрметтеу, дәстүрді сақтау) көркем мәтіндер мен мәдени контексті бар тапсырмалар арқылы дарытылады.

Мысалы, В.Л. Скалкин (1989) мен Е.И. Пассов (1991) қатысымдық оқытудың тәрбиелік мәнін ерекше атап өтеді. Олардың пікірінше, тілдік қарым-қатынас оқушының мінез-құлқын, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратын маңызды құрал, өйткені ол нақты әлеуметтік өзара әрекет жағдайында жүзеге асады. Құндылықтарды дарытудың әдістемелік жолдарына келсек, олар келесі жаттығу түрлері арқылы жүзеге асады:

а) Диалогтік және жағдаяттық жаттығулар

Бұл жаттығулар оқушыларды нақты өмірлік жағдаяттарға енгізу арқылы олардың құрмет, сыйластық, тыңдай білу, ынтымақтасу сияқты құндылықтарын дамытады. Мысалы:

Жағдаят: «Сенің сыныптасың сабақтан жиі кешігеді. Сен досың ретінде оған не айтар едің?». *Мақсаты:* жауапкершілік пен сыйластық құндылығын қалыптастыру. *Талдау:* Оқушы өз көзқарасын мәдени және тілдік тұрғыда дұрыс жеткізуге үйренеді. Этика нормалары сақталады, сөйлеу мәдениеті мен өз ойын жеткізу дағдысы дамиды.

ә) Рөлдік ойындар мен пікірталас жаттығулары

Рөлдік ойындар – оқушының құндылықтық тәжірибесін табиғи жолмен қалыптастырудың тиімді тәсілі. Бұл тапсырмаларда оқушы өзін түрлі әлеуметтік рөлдерде байқап көреді. Мысалы: *Тақырып:* «Қоғамға пайдалы болу деген не?» *Тапсырма:* топтар «ерікті», «мұғалім», «дәрігер», «оқушы» рөлдерін алып, қоғамға қызмет ету жолдары туралы диалог құрастырады. *Мақсаты:* еңбекқорлық, жауапкершілік және қоғамға пайда тигізу құндылығын дамыту. Талдау: Мұндай тапсырмаларда оқушылар тек тілдік құрылымдарды қолданумен шектелмей, өз өмірлік ұстанымдарын да білдіреді. Бұл – тіл мен құндылықтың табиғи бірігуі.

б) Мәтіндік-коммуникативтік жаттығулар

Мәтінмен жұмыс жасау арқылы ұлттық және мәдени құндылықтар бойға сіңіріледі. Мысалы: *Мәтін:* «Ата-анаға құрмет» (дәстүрлі тақырыптағы әңгіме). *Тапсырма:* Мәтінді оқып, ата-ананы құрметтеу туралы өз көзқарасын білдіру. *Қатысымдық міндет:* келісу/келіспеу, пікір дәлелдеу, өмірден мысал келтіру. Талдау: Жаттығу барысында оқушының ойлау, талдау, сөйлеу дағдыларын дамиды. Сонымен қатар рухани-адамгершілік құндылықтарды да бойына сіңіреді.

в) Интербелсенді жаттығулар мен топтық жұмыс

Қатысымдық бағыттағы топтық жұмыстар оқушылардың бірлескен шешім қабылдау, өзара қолдау көрсету, сындарлы пікір білдіру қабілеттерін дамытады. Мысалы: *Тапсырма:* «Мектептегі достықтың ережелерін жаса» (топтық жоба). *Мақсаты:* достық, сыйластық, сенім құндылықтарын қалыптастыру. Талдау: Пікірталас барысында оқушылар өз ойын дәлелдеуге, тыңдай білуге, бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеуге дағдыланады. Бұл – құндылықты тәжірибе арқылы меңгертудің тиімді жолы.

Қорытындылай келе, берілген әдістемелік жолдар тіл үйрету мен құндылық тәрбиесін табиғи түрде кіріктіреді. Мұндай жаттығулар арқылы оқушы тілдік қатысым мен тұлғалық дамуды қатар игереді. Демек, қатысымдық жаттығулар – рухани-адамгершілік тәрбие мен қатысымдық құзыреттілікті қатар дамытудың пәрменді құралы. Қатысымдық жаттығулардың тиімділігін арттыру мақсатында олардың тұлғалық құндылықтармен өзара байланысын жүйелеу қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы әдістемелік негіздемені төмендегі кестеден көруге болады (1-кесте).

1-кесте. Қатысымдық жаттығулар мен құндылықтардың байланысын жүйелеу

Жаттығу түрі	Дамытылатын тілдік дағдылар	Дарытылатын құндылықтар
Диалогтік жаттығулар	Айтылым, тыңдалым	Сыйластық, тыңдай білу, жауапкершілік
Рөлдік ойындар	Айтылым, жазылым	Ынтымақтастық, адалдық, еңбекқорлық
Мәтінмен жұмыс	Оқылым, айтылым	Рухани және ұлттық құндылықтар
Пікірталас тапсырмалары	Айтылым, тыңдалым	Сын тұрғысынан ойлау, төзімділік
Топтық жобалық жұмыс	Барлық дағдылар	Бірлік, өзара көмек, шығармашылық
Жаттығу түрі	Дамытылатын тілдік дағдылар	Дарытылатын құндылықтар
Диалогтік жаттығулар	Айтылым, тыңдалым	Сыйластық, тыңдай білу, жауапкершілік

Жоғарыда ұсынылған кесте қатысымдық жаттығулардың екі қырлы ықпалын – тілдік дағдыларды дамыту және тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру – біртұтас жүйеде көрсетуге бағытталған. Бұл кесте қатысымдық жаттығулардың интегративті табиғатын бірнеше қырынан ашады: Тілдік дамуға ықпалы – әр жаттығу түрі белгілі бір тілдік дағдыларды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) дамытуға бағытталады. Құндылықтық даму – жаттығулар барысында оқушылар бойында маңызды тұлғалық және әлеуметтік құндылықтар қалыптасады (мысалы, сыйластық, жауапкершілік, ынтымақтастық, сын тұрғысынан ойлау). Тәрбиелік әлеуеттің әдістемелік негізі – бұл байланыс тілді үйрету процесін тәрбиелік мақсаттармен ұштастырудың тиімді жолын көрсетеді. Мысалы, «Диалогтік жаттығулар» оқушының айтылым мен тыңдалым дағдыларын дамытумен қатар,

оның сөйлеу мәдениетін, тыңдай білу қабілетін және қарым-қатынас барысында өзгеге құрмет көрсету дағдыларын қалыптастырады. Оқушы тек өз ойын білдіріп қоймай, қарсыласының пікірін де мұқият тыңдауға, пікір алмасуда сыпайылық сақтауға үйренеді. Сол сияқты, «Рөлдік ойындар» жаттығуы арқылы оқушы белгілі бір әлеуметтік рөлге еніп, тілдік құрылымдарды шынайы жағдаятта қолдануға машықтанады. Бұл өз кезегінде ынтымақтастық, адалдық және жауапкершілік сияқты құндылықтарды тәжірибе арқылы меңгеруге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, қатысымдық бағыттағы жаттығулар тек тілдік мақсаттарды көздемей, сонымен қатар оқушылардың тұлғалық, рухани және әлеуметтік дамуына ықпал ететін маңызды әдістемелік құрал ретінде қарастырылады. Осылайша, ұсынылған кесте қатысымдық жаттығулардың қос функциясын — тілдік және құндылықтық дамуды — айқын көрсетеді. Бұл мәліметтер мұғалімдерге: сабақ жоспарын жасағанда әр жаттығудың тәрбиелік нәтижесін ескеруге; оқу үдерісінде құндылыққа бағдарланған оқытуды жүйелі түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, қатысымдық жаттығулар арқылы құндылықтарды дарыту – қазіргі тілдік білім беру әдістемесінің интегративті бағыты ретінде ерекше мәнге ие. Бұл тәсіл оқушының тілдік, қатысымдық және тұлғалық дамуын өзара байланыстырып, оқу процесінің тәрбиелік әлеуетін арттырады. Жүйелі ұйымдастырылған қатысымдық жаттығулар оқушының тілдік құзыреттілігін қалыптастырып қана қоймай, оны рухани-адамгершілік және мәдени тұрғыдан кемелденген тұлға ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сондықтан, мұндай жаттығуларды оқыту мазмұнына енгізу – сапалы, жан-жақты және құндылыққа негізделген тілдік білім берудің тиімді әдістемелік құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Амонашвили Ш.А. Как живете, дети? – М.: Педагогика, 1990.
2. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – М.: Просвещение, 1971.
3. Rogers C. Freedom to Learn. – Columbus: Charles Merrill, 1969.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Қазан: Қаржы баспасы, 1914.
5. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. –Алматы: Арыс, 2003.
6. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. III: –384 б.
7. Шонанұлы Т. Бірінші басқышта ана тілі. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1929. – Б. 15-34.
8. Кемеңгерұлы Қ. Қазақ тарихы мен әдебиеті. – Ташкент, 1923. – 84 б.
9. Кемеңгерұлы Қ. Жат сөздер туралы. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1926. – 56 б.
10. Пассов Е.И. Коммуникативное иноязычное образование. – Воронеж: Интерлингва, 1991.
11. Скалкин В.Л. Общение как цель обучения иностранному языку. – М.: Просвещение, 1989.
12. Гез Н.И. Методика обучения иностранным языкам. –М.: Академия, 2003.
13. Курманова А.К. Қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі. // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series. – 2023. – № 4. – Б. 179–190.

МЕКТЕПТЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Қаңғылбай А.Ә.

М. Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназия мұғалімі, п.ғ.м., Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты бағыты – оқушының рухани және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету. Бүгінгі мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар құндылықтар жүйесін қалыптастырушы тұлға болып табылады. Қазақ тілін оқытуда тілдің тек қатынас құралы ретіндегі емес, ұлттық болмысты сақтаушы рухани мұра ретіндегі қызметін ұғындыру

аса маңызды. Осы орайда, «Құндылықтар сөздігі: сөз, мағына, қолданым» атты авторлық бағдарламаны ұсынамын.

Ахмет Байтұрсынұлы «Тірі білім» ұғымы арқылы білімнің өмірмен байланысын, оның адам тұлғасын жетілдірудегі орнын айқындап берді. Ғалымның пікірінше, білім тек ақпараттық сипатта емес, рухани құндылыққа негізделуі тиіс. Тілді оқытуда бұл идея оқушының бойында туған тілін қадірлеу, мәдени дәстүрлерді құрметтеу, ұлттық сана мен рухани жауапкершілікті қалыптастырумен ұштасады. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, халықтың рухани қазынасы мен дүниетанымының айнасы болып табылады. Сол себепті тіл сабақтарында берілетін әрбір білім мазмұны адамгершілік, достық, еңбексүйгіштік, әділдік сияқты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қамтуы қажет.

«Құндылықтар сөздігі: сөз, мағына, қолданым» атты авторлық бағдарлама жалпы білім беретін мектептің 6-сынып оқушыларына арналған таңдау курсы болып табылады. Бағдарлама Ахмет Байтұрсынұлының білім мен құндылық бірлігін дәріптеген іліміне сүйенеді. Бағдарламаның басты мақсаты – жаңартылған білім мазмұнына сай оқушылардың тілдік дағдыларын құндылықтар негізінде дамыту арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, сөздік қоры бай, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Бағдарлама міндеттеріне сөздер мен тұрақты тіркестердің мәнін түсіну, мағынасын анықтау; құндылыққа қатысты тілдік бірліктерді танып қолдану; коммуникативтік және шығармашылық қабілетті дамыту; сөздік қорды байыту, сөз қолданым мәдениетін жетілдіру; өз бетінше білім алу мен бірлесе әрекет ету дағдыларын қалыптастыру кіреді.

Бағдарламаның жаңашылдығы – оқушылардың сөздікпен жұмыс істеу дағдысын жетілдірумен қатар, құндылықтық мәні бар тілдік бірліктерді өмірлік жағдайларда қолдануға үйретуінде. Әр сабақта оқушылар эмоционалды, жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтар негізінде тапсырмалар орындайды. Бұл тәсіл тілдің мәні мен маңызын терең ұғынуға, көпшілік алдында еркін сөйлеу мен жазу мәдениетін дамытуға бағытталған. Бағдарлама құрылымында эмоционалды, жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтар қамтылған. Мәселен, эмоционалды құндылықтар (мейірімділік, алғыс, қуаныш, кешірім) арқылы оқушылар адамгершілікті сөзбен жеткізу тәсілдерін үйренеді, ал жалпыадамзаттық құндылықтар (адалдық, достық, әділдік, ынтымақ) арқылы өз мінез-құлықтарын тілдік тұрғыдан саралап үйренеді. Ұлттық және отбасылық құндылықтар мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, тұрақты тіркестер арқылы танытылады.

Бағдарламада қолданылған тапсырмалар мен әдістер оқушылардың құндылықты сезіну мәдениетін, тіл арқылы ойлау қабілетін, шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған. Сабақтарда ойын элементтері, ассоциограмма, «Миға шабуыл», «Аяқталмаған сөйлем», жағдаяттық талдау сияқты интерактивті әдістер кеңінен қолданылады. Мұндай сабақтарда оқушылар өз ойы мен эмоциясын еркін білдіріп, тілдің табиғатын түсіне отырып, адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерін дамытады. Мұғалім бұл үдерісте бағыттаушы әрі шабыттандырушы рөл атқарады.

Мұғалімнің кәсіби рөлі мен шеберлігі – құндылық бағдарлы білімнің табысты іске асуының басты факторы. Құндылықты үйрету – дайын ақпаратты жеткізу емес, өмірлік ұстаным мен көзқарас қалыптастыру үдерісі. Сол себепті мұғалімнің кәсіби біліктілігімен қатар, рухани-адамгершілік бейнесі, мәдениеті мен сөйлеу әдебі ерекше мәнге ие. Ол оқушыға үлгі бола отырып, тіл арқылы тәрбиелеудің үлгісін көрсетеді. Құндылыққа бағытталған мұғалім өз сабағын тек пәндік мақсатқа емес, тұлғаның жан дүниесін дамытуға бағыттайды. Сабақтың мазмұны мен әдістемелік ұйымдастырылуы арқылы мұғалім оқушы жүрегіне жол таба білуі тиіс. Мұндай педагогикалық шеберлік — оқушыны еркін ойлауға, өзін-өзі тануға, тіл мен сөзге құрметпен қарауға жетелейді.

Авторлық бағдарламаны іске асырудың тәжірибелік маңызы өте жоғары. Бағдарлама мектепте апробациядан өткізіліп, 6-сынып оқушыларының тілге деген қызығушылығының артқаны, сөздік қорының кеңейгені, ойын еркін жеткізу дағдысының қалыптасқаны байқалды. Оқушылар тілдік тапсырмаларды орындау барысында өз өмірінен мысал келтіріп, құндылықтық ұғымдарды сөз арқылы бейнелей алады. Сонымен бірге, топтық және жұптық

жұмыс түрлері олардың өзара сыйластық пен ынтымақтастық сезімдерін күшейтті. Бағдарлама нәтижесі ретінде оқушылардың сөйлеу мәдениеті мен ұлттық дүниетанымының байығаны, шығармашылық қабілетінің дамығаны айқын көрінді. Бұл бағдарлама тәжірибе жүзінде оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз етудің тиімді үлгісі екенін дәлелдеді.

Жалпы алғанда, қазақ тілін құндылыққа негіздеп оқыту – заман талабы. Ол оқушыны тек сауатты сөйлеуге емес, адамгершілік тұрғыдан жетілуге бағыттайды. Құндылық бағдарлы білім тұлғаның рухани дамуы мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастырудың өзегі болып табылады. Мұғалім мен оқушының өзара әрекетінде ізгілік, сыйластық, құрмет пен жауапкершілік сияқты қасиеттер көрініс табады.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, мұғалімдерге келесі ұсыныстарды айтуға болады: тіл сабақтарында әрбір тақырыптың астарында құндылықтық мазмұн болуын ескеру; оқушылардың жеке тәжірибесін, отбасылық және ұлттық дәстүрлерін байланыстыра отырып, тілдік тапсырмалар дайындау; оқытуда проблемалық, жобалық, рефлексиялық және шығармашылық әдістерді кеңінен пайдалану; бағалау үдерісін де тек білім нәтижесіне емес, құндылықтық өсу динамикасына бағыттау.

Қазақ тілін оқытудағы құндылық бағдарлы білім – оқушыны рухани кемелденуге, тіл мәдениетін терең түсінуге баулиды. «Құндылықтар сөздігі: сөз, мағына, қолданым» атты авторлық бағдарлама осы бағыттың тиімді үлгісі болып табылады. Ол тіл үйретудің мазмұнын өмірмен ұштастырып, оқушының ұлттық сана мен рухани құндылықтарды бойына сіңіруіне жол ашады. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» деген сөзі – тіл арқылы берілетін құндылықтық білімнің басты өзегі. Тілді меңгеру – тек білім алу емес, рухани толысу, ізгілікке ұмтылу, өз ұлты мен мәдениетіне құрметпен қарау. Сондықтан әрбір мұғалім тіл сабақтарын ұйымдастыруда білімнің мәні мен әдісін тең ұстанып, оқушы жүрегіне құндылық дәнін себуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. *Баулу мектебі // Шығармаларының алты томдық жинағы: Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар.* – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т.6.

2. Байтұрсынұлы А. *Әліппелер мен мақалалар жинағы // Бес томдық шығармалар жинағы.* – Алматы: Алаш, 2006. – Т.4.

3. Дәулетбекова Ж. *Мән бере оқыту – білім сапасын арттырудың тетігі // Қазақ тілі мен әдебиеті.* – 2011. – №4. – 3–11 бб.

4. Кенжеахметова З. С. Ұлттық құндылықтарды тәрбие беру барысында қолданудағы мүмкіндіктер //Инновации в образовании: поиски и решения. – 2015. – С. 257-259.

5. Тұрғынбаева Б.А. *Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру: теория және практика.* – Алматы: Білім, 2015.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ж.С. Қуанбаева[1], Н.С.Халикова[2]

[1] докторант, [2] аға оқытушы, ф.ғ.к. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тұлға қалыптастыру. Бұл тұрғыда қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту – жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, эстетикалық талғамын, мәдени және ұлттық сәйкестігін қалыптастыратын маңызды бағыттардың бірі. XXI ғасырдың жаһандану дәуірінде цифрлық технологиялар білім беру кеңістігінің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық орта мен виртуалды шындық мүмкіндіктері қазақ тілін оқытуда жаңа педагогикалық тәсілдерді, инновациялық форматтарды қолдануға жол ашады. Мысалы, виртуалды музейлер, 3D әдеби кейіпкерлермен интерактивті сценарийлер, тарихи контекстті иммерсивті түрде танытатын цифрлық

симуляциялар – білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, көркем мәтінді терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің басты бағыты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіре отырып, тұлғаның рухани және зияткерлік әлеуетін дамыту. Осы орайда қазақ тілін оқыту үдерісі тек білім берудің құралы ғана емес, мәдени кодты сақтайтын және ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыратын рухани құндылық кеңістігі ретінде қарастырылады. Тіл – ұлттың рухани болмысының айнасы, ал әдебиет – сол болмыстың көркем бейнесі. Сондықтан қазақ тілін құндылық бағдарлы тұрғыда оқыту білім алушының ұлттық сана-сезімін қалыптастырумен қатар, оның адамгершілік, эстетикалық және азаматтық қасиеттерін жетілдіруді көздейді. Қазіргі таңда әлемдік білім беру кеңістігі цифрлық трансформация кезеңін бастан өткеріп отыр. Бұл үдеріс педагогикалық парадигмаларды өзгертуде: дәстүрлі сабақ формалары интерактивті, мультимедиялық және иммерсивті форматтармен толығып, білім алушының белсенді қатысуына бағытталған. Соның ішінде цифрлық орта мен виртуалды шындық (Virtual Reality – VR, Augmented Reality – AR) технологиялары оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашып, қазақ тілі сабақтарында оқу материалын визуалды және эмоционалды түрде қабылдауға жағдай туғызуда. Мәселен, қазақ тілін оқытуда виртуалды шындық арқылы белгілі бір тарихи кезеңді, тұлғалар өміріне қатысты деректерді иммерсивті түрде сезіндіру білім алушылардың мәтінді терең түсінуін қамтамасыз етеді.

Цифрлық орта мен виртуалды технологияларды қолдану білім алушылардың дербес зерттеу қабілетін дамытып, оқытушы мен білім алушы арасындағы коммуникацияны жаңаша деңгейге көтереді. Бұл үрдіс құндылық бағдарлы оқытудың жаңа сапалық деңгейіне өтуге мүмкіндік береді, себебі білім беру тек ақпарат берумен шектелмей, тұлғаның рухани әлеміне әсер ететін кешенді тетікке айналады. Цифрлық орта мен виртуалды шындық білім берудің жаңа парадигмасын қалыптастырып, қазақ тілі сабақтарын тек ақпараттық емес, құндылықтық және мәдени-рухани әсері зор интерактивті кеңістікке айналдырады. Мұндай тәсіл білім алушылардың тұлғалық дамуына, ұлттық мәдениетті терең түсінуіне және рухани дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді.

Қ.Ж. Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» [1] атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің дамуында цифрландыру мен инновацияның шешуші рөл атқаратынын атап өтті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысымен «Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» [2] білім беру жүйесіне жасанды интеллектті кезең-кезеңмен енгізу, оқу процесін дараландыру және педагогикалық шешімдерді интеллектуалды жүйелер арқылы қолдау міндеттерін айқындады. Н. Саясаттың «Жасанды интеллект: оң мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер» атты мақаласында «Жасанды интеллекттің дамуы қоғам үшін көптеген жақсы, оң мүмкіндіктер береді. Білім беру және оқыту жүйесінде бұл әр білім алушының қажеттіліктеріне бейімделген жеке білім беру тәсілдері болуы мүмкін. Сондай-ақ, ЖИ жаңа дағдылар мен тілдерді үйренуге көмектеседі» [3] деген пікір білдіреді. Қ.Ж. Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» [4] атты Жолдауында елдің даму бағыты ретінде жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды кеңінен енгізу міндеті қойылды. Президент Қазақстанның болашағы табиғи ресурстарға емес, интеллектуалды әлеует пен білімге негізделуі тиіс екенін ерекше атап өтті. Жолдауда Үкіметке жасанды интеллект экожүйесін қалыптастыру, ұлттық деректер инфрақұрылымын дамыту және ғылыми зерттеулерді күшейту тапсырылды. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарда ЖИ саласы бойынша кадрлар даярлау басты басымдық ретінде белгіленді. ЖИ дамуы кезінде этикалық нормалар мен деректер қауіпсіздігін қорғау мәселелері маңызды екендігі көрсетілді. «Заманауи цифрлық технологиялардың қарыштап дамуы білім беруде жаңаша оқыту әдістерін іске асырудың қажеттілігін тудырып отыр. Білім беру процесінде оқушылар мен білім алушылардың белгілі бір уақыт пен орынға тәуелді болмай, ақпараттық жүйелер мен басқа да байланыс құралдары негізінде ақпараттарды онлайн форматта алуы бүгінгі күннің негізгі

талаптарының бірі» [5, 291-б.]. Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) пен виртуалды шындық (VR/AR) технологияларын пайдалану төмендегідей мүмкіндіктерге қол жеткізеді: ЖИ арқылы адаптивті оқытуға, жеке траектория құруға мүмкіндік туғызады; ЖИ тілдік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді; білім алушылардың құндылық бағдарларын**,** рухани-адамгершілік көзқарасын қалыптастырады; танымдық белсенділігін**,** шығармашылық және аналитикалық ойлауын дамытады; мәтінді терең түсіну мен интерпретациялаудың жаңа формаларын енгізеді;

Қазақ тілін оқыту үдерісінде заманауи цифрлық технологияларды тиімді қолдану бірнеше өзекті міндеттерді айқындайды. Біріншіден, мәтінді терең түсіну мен интерпретациялауға бағытталған цифрлық тапсырмалар жүйесін әзірлеу қажет. Мұндай тапсырмалар білім алушылардың ойлау белсенділігін арттырып, көркем шығарманы көпқырлы талдауға мүмкіндік береді. Екіншіден, жасанды интеллект пен виртуалды шындық мүмкіндіктеріне негізделген интерактивті оқу ортасын құру – оқыту процесін жандандырып, білім алушылардың танымдық қызығушылығын күшейтеді. Үшіншіден, осы технологияларды пайдалану арқылы білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жөніндегі көзқарасын кеңейту, олардың рухани және мәдени дүниетанымын заманауи цифрлық форматта дамытуға жағдай жасайды.

Қазақ тілін оқытудың мазмұнын жаңарту үдерісінде заманауи цифрлық технологияларды тиімді пайдалану ерекше маңызға ие. Қазақ және әлем әдебиетінің үздік үлгілерін иммерсивті цифрлық ортада ұсыну арқылы білім алушылардың шығарманы қабылдау деңгейін арттыруға болады. Мысалы, виртуалды шындық (VR) технологияларының көмегімен білім алушылар әртүрлі тақырыптарды виртуалды саяхат түрінде зерделей алады. Бұл білім алушылардың тілдік дағдылары мен әдеби талдау дағдыларын жетілдіріп, қазақ тілі сабақтарын интерактивті және танымдық тұрғыдан байыта түседі. Құндылықтық бағыттағы тақырыптарды (адамгершілік, ар-ождан, отансүйгіштік, мейірім, жауапкершілік) жасанды интеллекттің генеративті модельдері арқылы талдау білім беру процесінің мазмұнын тереңдетеді.

№	Жасанды интеллект түрі	Қолданылу мақсаты	ЖИ мүмкіндіктері
1	Генеративті ЖИ (Generative AI)	Мәтін, сұрақ, эссе, диалог құрастыру, жоспар құру, жаңа идеяларды ұсыну.	ChatGPT, Google Gemini сияқты модельдердің мультимодальды (мәтін, сурет, дыбыс өңдеу) мүмкіндіктері. Мәтіндерді талдау, деректерді өңдеу.
2	Табиғи тіл өңдеу (NLP – Natural Language Processing)	Мәтінді автоматты талдау және түсіну	Автор стилін анықтау, түйінді сөздер мен идеяларды шығару, аударма және мәтін қысқарту
3	Сөйлеуді тану және генерация (Speech AI)	Ауызша сөйлеу дағдысын дамыту	ЖИ негізінде өлеңді, монологты оқуға дағдылану, сөйлеу интонациясын түзету, айтылымды автоматты бағалау
4	Автоматты бағалау жүйелері (AI Assessment Tools)	Білім мен дағдыны әділ бағалау	Эссе мен жазба жұмыстарды бағалау, кері байланыс беру
5	Чат-боттар және виртуалды ассистенттер	Интерактивті оқу және диалогтық қарым-қатынас	«Тіл жаттықтырушысы» рөліндегі ЖИ боттар арқылы сабақта немесе үй тапсырмасында көмек беру
6	AR/VR негізіндегі ЖИ жүйелері	Виртуалды шындықта оқыту және иммерсивті тәжірибе жасау	Тарихи орындар мен оқиғаларды визуалды түрде көрсету және мәтінді кеңістікте сезіну
7	Геймификация Kahoot! және Quizziz	Виртуалды сабақтар, тесттер мен ойындар	Виртуалды сабақтар, тесттер мен ойындар құрып, оқу үдерісін интерактивті ету

Кесте 1. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын жасанды интеллект мүмкіндіктері

Қазіргі цифрлық дәуірде білім беру үдерісі жаңа технологиялармен тығыз байланысты. Виртуалды шындық (Virtual Reality – VR) – оқу үдерісіне білім алушының толыққанды қатысуын қамтамасыз ететін иммерсивті технология. Ол оқу үдерісін сезімдік және эмоциялық деңгейде жандандырып, тілдік ортаға енуге мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқыту

үдерісінде виртуалды шындық технологиясын қолданудың басты мақсаты – білім алушылардың тілдік құзыретін жан-жақты дамыту және оларды шынайы тілдік ортаға жақындату. Виртуалды орта арқылы білім алушы өзіне таныс емес жағдайларда тілдік қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіреді. Бұл технология оқытудың коммуникативтік бағытын күшейтіп, тілдің практикалық қолданысын нақты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, виртуалды шындық оқу үдерісін эмоциялық әрі қызықты форматқа айналдырып, білім алушылардың ішкі мотивациясын арттырады. Сабақтар ойын элементтерімен, интерактивті квесттермен немесе рөлдік тапсырмалармен толықтырылады, нәтижесінде оқу үрдісі белсенді тәжірибеге айналады. VR технологиясы арқылы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, ұлттық дәстүрлері мен мәдени құндылықтарымен танысуға болады. Мысалы, білім алушы виртуалды кеңістікте қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, ұлттық салт-дәстүрлерімен және ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени құндылықтарымен жан-жақты таныса алады. Мұндай иммерсивті тәжірибе арқылы ол тек тілдік материалды меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге халықтың өмір салтын, дүниетанымын және рухани мұрасын терең түсінуге мүмкіндік алады.

Виртуалды және кеңейтілген шындық (ағылш. VR, virtual reality – «виртуалды шындық» және AR, augmented reality – «кеңейтілген шындық») – XXI ғасырдың озық технологияларының бірі, заманауи және тез дамып келе жатқан 3D үлгісіндегі модель. Виртуалды және кеңейтілген шындық (Virtual Reality және Augmented Reality) – заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызды бағыттарының бірі. Виртуалды шындық – бұл толықтай компьютер арқылы жасалған жасанды орта, яғни қолданушыны нақты әлемнен оқшаулап, арнайы құрылғылар (VR көзілдірік, қолғап, датчиктер) арқылы басқа әлемге «кіргізетін» технология. *Виртуалды және кеңейтілген шындықтың түпкі мақсаты* – адам баласының елестету мүмкін емес таңғажайып әлемнің нақты өмір сүру пайдасына қолдануы. VR және AR-дың өзара практикалық айырмашылығы – осы технологиялардың әртүрлі күрделілік деңгейлерінде. Бірақ екеуінің де болашағы зор және олар өркениетті дамытуда үлкен рөл атқара алады.

№	Виртуалды шындық	Сипаттамасы
1	Түркістан 3D виртуалды туры **https://city3d.kz/travel/shimkent/145-turkistan_3d_tour.html**	Түркістан қаласының тарихи және мәдени маңызын заманауи цифрлық технологиялар арқылы кеңінен таныстыру мақсатында әзірленген «Әзірет-Сұлтан» қорық-музейінің виртуалды 3D туры білім алушылар үшін жаңа форматтағы танымдық мүмкіндік ұсынады. Бұл тур арқылы қаладағы киелі орындарды, кесенелерді, тарихи нысандарды толық көруге болады.
2	3D виртуалды турлары және Астана панорамасы https://city3d.kz/	Бұл портал Астананың барлық көрікті жерлерін, мұражайлары мен мәдени орталықтарын виртуалды түрде тамашалауға мүмкіндік береді. Пайдаланушы елорда көшелерінде серуендеп, туристік нысандарды көріп, мейрамханалар мен қонақүйлер туралы ақпарат ала алады. Бұл тур елорданың заманауи келбеті мен мәдени атмосферасын сезінуге жағдай жасайды.
3	Ұлттық парктердің 3D виртуалды турлары https://city3d.kz/travel/national-parks-of-kazakhstan/	Қазақстанның ұлттық паркіне арналған виртуалды тур «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі Ақтау таулары, «Тарбағатай» ұлттық табиғи паркі, Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы, «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркі, «Катонқарағай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, сондай-ақ «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркін қамтиды. Бұл виртуалды турлар Қазақстанның табиғи байлығын, экожүйелердің алуан түрлілігін және экологиялық маңызын кеңінен таныстырып, оқушылар мен туристерге табиғатты қашықтан зерттеу мен бағалаудың жаңа мүмкіндігін ұсынады.
4	Ежелгі Сауран қалашығына виртуалды 3D туры https://city3d.kz/travel/shimkent/150-gorodishe_sauran.html	Ұлы Жібек жолы бойында гүлденген Сауран қаласының тарихи орындары мен архитектуралық ерекшеліктері 3D форматында ұсынылған. Бұл турда көне қаланың су құбыры жүйесін, шайқас іздері қалған қорған қабырғаларын және ерекше еңкіш минареттерін көруге болады.

5	Қазақстан 3D кеңістігінде https://city3d.kz/travel/	Бұл жоба Қазақстанның әр аймағын цифрлық форматта біріктіріп, елдің мәдени, табиғи және тарихи байлығын әлемдік аудиторияға танытуды мақсат етеді. Пайдаланушы елдің әр түкпірін 3D форматта көріп, ұлттық мұрамен қашықтан таныса алады.

Кесте 2. Қазақ тілін оқытуда тиімді 3D виртуалды шындық технологиясы.

«Қазақ тілі» пәніне аталған құндылықтарды кіріктіру үшін виртуалды орта құрудың тиімділігі айқын. Виртуалды шындық технологиясын пайдалана отырып, жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытуда оқу мақсатына «Адал азамат» бағдарламасының 6 құндылығын кіріктірудің маңызы зор. Мысалы, «Қазақстандағы көрікті жерлер» тақырыбын өту барысында жоғарыда көрсетілген виртуалды шындық технологиясын пайдалану арқылы білім алушылардың бойына тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық сияқты «Адал азамат» бағдарламасының 6 құндылығын кіріктіру арқылы білім алушылар тек тілдік дағдыларын емес, сонымен қатар әлеуметтік және моральдық құндылықтарды да меңгереді.

Технологиялардың дамуына байланысты дүниежүзінің кез келген жеріне бару, музейлері мен көрме залдарын аралау виртуалды шындық арқылы мүмкін болып отыр. Осы орайда қазақ тілін оқытуда виртуалды турларды ұйымдастыру ақпаратты терең меңгерудің ең тиімді және сенімді тәсілдерінің бірі. Олар қызықты виртуалды экскурсияларды жасауға мүмкіндік береді. Виртуалды білім беру әдісі білім аушылардың бойында әртүрлі құндылықтардың қалыптасуына тікелей әсер етеді. Қазақстанда білім беру саясатының жаңа кезеңінде құндылықтарға негізделген білім беру ұстанымы ерекше мәнге ие болып отыр. 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамада бұл тәсіл тек пәндік білім берумен шектелмей, оқушының тұлғалық дамуын, адами қасиеттерін, әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың басты тетігі ретінде қарастырылады. Құндылықтарға негізделген білім беру – бұл оқыту процесін адамгершілік, өзара құрмет, әділдік, еңбексүйгіштік, жауапкершілік сияқты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтармен ұштастыруға бағытталған жүйе. Тұжырымдамада оның орта білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде танылуы – педагогикалық парадигманың мазмұндық жаңаруын білдіреді. Мұндай бағыт білім беру сапасын арттырумен қатар, рухани жаңғыру, ұлттық бірегейлікті сақтау және тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін дамыту міндеттерімен де сабақтас. Осы тұрғыдан алғанда, құндылықтарға негізделген білім беру – тек педагогикалық әдіс емес, қоғамдық дамудың стратегиялық бағдарына айналып отыр.

Виртуалды шындық технологияларын қазақ тілін оқыту үдерісінде пайдалану – білім берудің инновациялық бағыты болып табылады. Мұндай цифрлық құралдар оқу процесін тек көрнекі және қызықты етумен шектелмей, білім алушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық ойлауын және тілдік ортаға ену мүмкіндігін арттырады. 3D виртуалды турлар арқылы білім алушылар нақты мәдени-тарихи кеңістікке еніп, мәтіндік материал мен өмірлік шынайылық арасындағы байланыс күшейеді. Бұл әдіс қазақ тілін оқытуда білім алушылардың білімін кеңейтумен қатар, құндылықтарды кіріктіруге де жағдай жасайды. Виртуалды шындық құралдары құндылыққа бағдарлап оқытудың әлеуетін арттырады. Себебі мұндай ортада білім алушы туған елдің тарихы мен мәдениетін сезіне отырып, отансүйгіштік, рухани жаңғыру, мәдени мұраға құрмет сияқты адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіреді. Демек, виртуалды шындық технологияларын қазақ тілін оқытуда қолдану – оқыту тиімділігін арттырумен қатар, тұлғаның рухани және мәдени тұрғыдан қалыптасуына ықпал ететін, заманауи педагогикалық бағыттардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. URL: https://www.akorda.kz

2 Жасанды инетллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 Қаулысы.

3 Нұрбек С. Жасанды интеллект: оң мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер URL: https://www.bilim.expert/kk/post/жасанды-интеллект-оң-мүмкіндіктер-және-ықтимал-тәуекелдер

4 Қуанбаева Ж., Байғұтова Д., Ибрагимова У. Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. № 4. – 2024. – Б. 291-303.

САБАҚ БАРЫСЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫРЛАРЫ

Қуатбек А.Е.
№66 жалпы білім беретін мектеп мұғалімі, Алматы, Қазақстан.

Қазақ халқы достықты бағалған, бауырды қадір тұқан халықпыз. Басқа да ұлт өкілдерін бауырымызға басу еліміздің қонақжай, кең жүректі екендігінің айқын көрінісі. Аталар сөзімен, аналарымыздың ақ сүтімен дарыған ұлттық тәрбиеміз өзгені құрметтеп сыйлауға, кесе көлденең өтпеуге, үлкенді ұлықтап, кішіге ізет көрсетуге шақырады. Отбасы тәрбиесінен бастап, білім беру ордаларында да өзге елдің мәдениеті мен дәстүріне құрметпен қарауға ат салысады. Сабақта әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу оқытудың ең өзекті аспектісі болып табылады. Бүгінгі жаһанданған ақпараттық-технологиялар заманында бұл мәселенің маңыздығы одан сайын арта түседі деп ойлаймын. Көпмәдениетті ортаға бейімделген бала өзге әртүрлі елдің мәдениетіне сыйластық танытары сөзсіз.

Мұғалімдер мен ата-аналар дәстүр мен мәдениеттегі айырмашылықтар басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынаста, ынтымақастық орнатуда түрлі кедергілерге тап болмас үшін балаларға өз көмегін тигізе алады. Сабақ барысында мұғалім балаларға басқа мәдениеттер мен дәстүрлердің артықшылықтары, оның қасиеті жөнінде, шығу тарихы туралы кең тұрғыда презентациялап, баяндама жасауға болады. Біздің еліміздің менталитетіне сәйкес келетін өзге елдің мәдениеті мен дәстүрін алған жөн. Бұл жерде тек баяндап қана қоймай, оқушылардың сыни тұрғыда ойлауын дамыту керек. Сын көзінен өткізіп бізге ұқсас мәдениеттерден үлгі алуға болады. Өскелең ұрпаққа өз тілімізбен қатар өзге тілдің мәдениетін зерттегісі келсе сол тілден де хабардар болуына ыңғайлы жағдай жасай білген дұрыс деп ойлаймын. Бала бұл үдерісте толеранттылыққа дағдыланады, қоршаған қоғамға ашық позицияда болуға үйренеді.

Қазіргі білім беруде оқушы бойына құндылықтарды сіңіру үшін мұғалім бірқатар негізгі кәсіби құзыреттіліктерге ие болуы және пәнді оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды, оның ішінде цифрлық технологияларды меңгеру керек. Сабақ барысында құндылыққа сай білім берудің мынадай тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

- сабақтың әдеттен тыс басталуы (эпиграф, жұмбақ, музыкалық кіріспе, романс, бейне үзінді, жұмысқа жағымды көңіл-күй тудыратын жағымды суреті бар презентация және т.б.);
- проблемалық мәселелерді ұйымдастыру және шешу, проблемалық жағдайды құру. Мысалы, шығарма авторымен, сыншылармен, оқырмандармен, әдебиеттанушы ғалымдармен диалогқа құрылған тәжірибелік сабақ;
- бейнематериалдар мен компьютердің басқа мүмкіндіктерін пайдалану (презентациялар жасау, бейнероликтерді құрастыру, ақпараттық және оқу материалдарын иллюстрациялау), хабарламалар, рефераттар;
- жаңа материалды меңгеруде жақсы көмекші болатын диаграммаларды, анықтамалық конспектілерді, кестелерді сабақтарда пайдалану;
- топтық жұмыстарды ұйымдастыру (жұптық жұмыс, топтық жұмыс тұрақты және ауыспалы персонал);
- оқытудың интерактивті формаларын немесе олардың элементтерін пайдалану: «Брейн-ринг», «Миға шабуыл», «Әртүрлі кейіпкерлермен сұхбат» қазіргі білім беруде кеңінен таралып келе жатқан жобалық әдіс [1].

Өзге мәдениет пен дәстүрлердің шығу төркіні мен себебін білу арқылы балалар әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің құндылығы болатынын, барлық адамдар құрметке лайық екендігін ұғына түседі. Бірақ балаларда өзге мәдениеттер мен дәстүрлерді құрметтеу мен бағалауды дамытудың ең бастысы – балалар өздерін жайлы және қауіпсіз сезінетін қолайлы

ортаны құру. Ата-аналар мен мұғалімдер балалардың өз ойлары мен идеяларын еркін жеткізуіне, сонымен қатар сұрақтар қойып, пікірталасқа қатысуына жағдай жасауы керек. Білім алу қазіргі қоғамдық дамудың негізгі құндылықтарының біріне айналуда. Бұл көбінесе білім берудің өзінің дамуымен және әрбір жеке адамның өміріндегі білімнің маңыздылығымен байланысты.

Тәрбие адамды әлемде басқа адамдармен бірге өмір сүруінің әмбебап формаларымен таныстыру үдерісі. Негізінен бұл адамдардың қоршаған дүниедегі әлеуметтік мәні бар идеяларды, түсініктерді, сезім мен мінез-құлық формаларын игеретінін тәрбие арқылы білдіреді. Демек, тәрбие әрқашан адамды өзінің табиғи болмысынан жоғары көтеру процесі, демек, рух (мәдени құндылықтар) саласына ену процесі, яғни адамзат өзінің бүкіл тарихында жасаған барлық нәрсені меңгеру процесі [3]. Алайда, білім беру тек әмбебапқа: басқалардың тәжірибесіне, біліміне және мінез-құлық үлгілеріне кіріспе ғана емес - ол бір уақытта жеке тұлғаның дамуын және олардың ішіндегі әмбебап өмірлік белсенділіктің белгілі бір формасын алған кезде олардың өзіндік санасын болжайды. Демек, тәрбиенің мәні адамның жеке басының, құндылығының қалыптасуы мен дамуында деп те айтуға болады.

Адам қоғам дамуының ең жоғарғы мақсаты болып саналады. Бұл процесте дамыту, қажетті жағдайлар жасалады, сайып келгенде үйлесімділікке қол жеткізеді. Бұл ретте адамның жан-жақты, жан-жақты дамуына көбірек көңіл бөлінуде. Кейбір халықтар басқалардан ерекшеленетіні сияқты, олардың құндылықтары да бір-бірінен ерекшеленеді. Әрбір халық үшін бұл құндылықтар ерекше түрде көрінеді. Құндылыққа негізделген тәсіл – бұл теориялық аспектілердің жиынтығы. педагогикалық білім берудің басты нысанасы – жеке адам ең жоғары құндылық болып табылады. Бұл антропологиялық концепция жеке адамды ең жоғары құндылық және қоғамдық дамудың мақсаты ретінде жариялайды. Тәрбиенің мақсаты – қолымызда барды бағалай білуге тәрбиелеу. Ол адамдарды іргетасы құндылықтар болып табылатын жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениетпен таныстыруға арналған. Білім адамдарды бір-бірімізді және әрқайсымыздың таңдауымызды құрметтеуге үйретуі керек, өйткені біз бір үлкен мемлекетте тұрамыз, ол әрқайсымыздың үйіміз және отбасымыз. Ең жоғары құндылықтар білімнің «өзегі» болып табылады, өйткені олар адам өміріне мән береді. Ал білімнің жалпы әрқайсымызға қаншалықты әсер ететіні біздің болашағымыз бен балаларымыздың болашағын анықтайды. Осыған байланысты білім жалпыадамзаттық құндылық және әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде танылады.

Құндылық бағдарлары адамның ойлау мен іс-әрекетін нықтай отырып, белгілі бір бағыттағы қозғалысқа бейімділігін ынталандырады. Құндылық бағдарлары құндылықтардың әрекет ету формасы ретінде идеалдарда, принциптерде, көзқарастарда, сенімдерде, қатынастарда, мақсаттарда, нормаларда, өмірлік стратегияларда және қажеттіліктер де дамып, адамдардың нақты мінез-құлқында көрінеді. Қазіргі өмірде (және білім беруде) құндылықтардың өзіндік ерекшеленетін түрлері бар. Әртүрлі оқу орындарының өзіндік «педагогикалық дүниелері», өзіндік «ойын ережелері», ұғымдардың жүйесі, құндылық бағдарының өзіндік бірлігі және т.б. Бұл «әлемдердің» (және олардың арасындағы) өзара қолайлы дамуды жеңілдететін құндылықтар принциптерін ұстануы маңызды.

Құндылықтардың бастауы мәдениетте, қоғамда және оның барлық әлеуметтік институттарында жатыр, соның ішінде (мүмкін, ең алдымен) мектепте баланың құндылықтар жүйесінің баспалдағы «құрылады». Құндылықтардың семантикалық кеңістігін оқу орындарының басшылары мен мұғалімдер жасайды. Жеке тұлға мен қоршаған ортаның өзара әрекетін білдіретін «бағдар» ұғымы әлеуметтік психологияда кеңінен қолданылатынын еске түсірсек, бағдарлау арқылы жеке тұлғаның әлеуметтік маңызы бар объектілерді таңдайтыны, олардың жеке тұлға үшін пайдалылығы мен маңыздылығына қарай «құндылық» мәртебесіне ие болатыны белгілі болады. Сондықтан қазіргі мектептердегі кез келген өзгерістер, ең алдымен, жасырын құбылыстарға: оқу үдерісі туралы негізгі түсініктерге және педагогикалық ұжым мен мұғалімдердің кәсіби құндылықтарына қатысты болуы керек екеніне сенімдіміз. Құндылықтар түсінігі соншалықты кең, олардың жиынтығы жеткілікті күрделі сатылы құрылымы бар үйлесімді жүйені құрайды. Құндылықтардың мәңгілік немесе

жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық құндылықтар, азаматтық құндылықтар, отбасылық құндылықтар және жеке құндылықтар сияқты құндылықтар топтары ретінде көрсетуге болады. Білімнің құндылығы екі жақты. Бір жағынан, білім арқылы адам бүкіл құндылықтар жүйесін меңгереді, түсінеді және қабылдайды, оны өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқын басшылыққа алатын қағидалар мен сенімдер жүйесіне айналдырады. Екінші жағынан, білімнің және ол тудыратын білімнің, дағдылардың, табысты өмір сүрудің және әлеуметтік қызмет етудің алғышарттары ретінде өзіндік бірегей ішкі құндылығы бар.

Қорыта келгенде, бүгінгі таңда мәдениетаралық қарым-қатынастар жеткілікті түрде дамуда. Мәселен, өзге елдің сабақ өту мәдениеті екінші бір елде де ұқсас болуы мүмкін, белгілі бір дәстүрлер келесі бір елде де кездесіп, болмашы бір айырмашылықтар ғана болуы мүмкін. Демек, үлгі алуға тұрарлық мәдениеттер мен дәстүрлердің шығу төркінін іздеу де бізге бай білім береді. Бай біліммен сусындап өскен бала болашақта мәдениетаралық қарым-қатынас жүргізуде, келесі бір елмен келісім-мәмілеге келуге дағдыланған тұлға болып шығары анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сластенин В.А. Психология және педагогика: Оқулық / В.А. Сластенин, В.П.Кашинин. – Мәскеу: Академия баспа орталығы, 2008. – 480 б.
2. Кирякова А.В. Құндылықтар әлеміндегі тұлғалық бағдар теориясы. - Орынбор, 2002. – 188 б.
3. Штурба В.А. Білім әлеуметтік-мәдени феномен ретінде // Тарихи-әлеуметтік тәрбиелік ой. – Мәскеу: «Мысль», 2009. – 6-18 б.
4. К.Ж.Бұзаубақова. «Инновациялық педагогика негіздері» - Алматы, 2009 ж.
5. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. - Астана, 2004. – 188 б.
6. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этно-мәдени пайымдау: оқу құралы. – Алматы, 1997. – 464 б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ӘДІСТЕР

Г. Д. Махметова[1], Г. Қ. Жусупова[2]

[1]магистрант, [2]ф.ғ.к., профессор, «Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан.

Көркем әдеби шығармалардың ерекшелігі мен құндылығы көркемдік әдіс арқылы айқындалады. Көркемдік әдіс – жазушының өмірге деген көзқарасын танытып, әдеби шығармадағы шындықты эстетикалық тұрғыдан суреттеуге қолданылатын тәсілдер жүйесі. Жазушы өмір сүріп жатқан кезеңнің оқиғаларына, адамдардың көзқарасы мен тұрмыс-салтына ден қойып, көркем шығармасына сол оқиғаларды арқау етеді. Демек, көркемдік әдіс заман ағымына сай жазушы қиялымен, ойымен ұштастырыла отырып қолданылады.

XIX және XX ғасырларда қазақ жерінде орын алған саяси оқиғалар, төңкерістер, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әл-ауқаты, көрген қиыншылықтары қазақ жазушыларының шығармаларына жаңа бағыт, жаңа дем берді. Прозада да, поэзияда да көркемдік әдістер бір-бірімен тығыз байланыста, автор қиялымен ұштастырыла қолданылды. Сол арқылы жазушының айтпақ ойы, көзқарасы, шындыққа деген ой-тұжырымдары қалың көпшілікке көркем түрде жеткізілді.

Қазақ әдебиетінде көркемдік әдіс мәселесі толық зерттелген жоқ. Әдебиеттанушылардың бір тобы көркемдік әдісті көркемдік ағыммен байланыстырып қарастырса, енді бір тобы оны жеке қарастыру керектігін айтады. З. Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде әдістің мағыналарына тоқталып, ағым мен әдіс мәселесіне қатысты пікірлерді салыстыра келе, ол екі ұғымды бірге қарастыруға болмайтындығын дәлелдеп көрсетеді. «Әдісті ағыммен алмастыруға да, стильмен шатастыруға да болмайды. Неге десеңіз, – стиль мен ағым тарихи категориялар болса, әдіс олай емес; стиль мен ағым – қайталанбайтын құбылыстар болса, әдіс – қайталанып отыратын құбылыс; стиль мен ағым құбылмалы нәрселер болса, әдіс – тұрақты нәрсе» [1, 346 б.]. Демек, ағым мен стиль уақыт талабына сай өзгеріп отыратын болса, әдіс жазушының қалауынша, қиялы мен ойына сәйкес қайталанып та, бір-бірімен ұштастырылып та қолданылады.

Көркемдік әдістердің түрлеріне: романтизм, реализм, сентиментализм, символизм жатады. Бірақ жалпы көркем әдебиетте кеңінен қолданылатын екі көркемдік әдіс бар: романтизм және реализм. Бұл екі әдіс көркем шығармада әр түрлі аспектіде де, тығыз байланыста да қолданыла береді. XX ғасырда жазушы қаламынан туған шығармаларда қиял-ғажайыпқа, асқақ арманға жету жолындағы романтика да, шынайы өмірде болған реалистік образ бен оқиға да кездеседі. Алайда, бұл әдістер бірден пайда болған жоқ. Өз заманына сай оқиғаларға сүйеніп, бір-бірін шеттестіріп немесе алмастырылып қолданылды. «Әдебиетте классицизм орта ғасырдың діни схоластикасына қарсы, романтизм классицизмнің өнерге тұсау салған шартты ережелеріне қарсы, реализм романтизмнің өмір шындығынан қол үзген бос қиялшылдығына қарсы қым-қуыт талас, тартыс тұсында шынықты» [2, 27 б.]. Олай болса, адам баласының басынан өткен қилы заман, билікке талас-тартыс, түрлі революциялық төңкерістер, билік басындағылардың әділетсіздік пен қарапайым халықты тонауы, халық мен билік арасындағы ымырасыздық, жаппай наразылық әрекеттері – көркем әдебиет өкілінің қиялында бостандыққа ұмтылу, жақсы өмірге қол жеткізу, әділетті қоғамды аңсау, билік өкілдерін сынау, қарапайым халықтың жағдайына шынайы алаңдау сезімдері көркем шығарма жүзінде романтизм әдісімен көрініс табады. Ал реализм әдісі көрініс табатын көркем шығармадағы оқиғалар – шындыққа негізделген, шынайы өмірде болған оқиғалар мен кейіпкерлер өмірінен алынады, онда автор немесе образ тарапынан артық пафос болмайды.

«Сөз өнеріндегі романтикалық (французша – romantigue, ағылшынша – romantic) туындылар суреткерлердің шындықтағы барға қанағаттанбай жоқты іздеуінен, ақиқаттан аулақтап әлдебір асыңқы, өмірде емес өнерде ғана болуға тиіс кітаби қиял-ғажайып шытырман оқиғаларды бейнелеуден пайда болған деседі. Ал, реализм (латынша realis – затты, нақты) – шындықты шынайылау әдісі. Адамның өзін-өзіне таныту, сайып келгенде одан да әрі тереңдеп барын, алдымен халықтың өзін-өзіне таныту, содан соң сол халықты өзгеге, яки әлемге – адамзатқа таныту жолы» [1, 350 б.].

Көркемдік әдісті – «творчестволық әдіс» деп, оның түрлеріне сипаттама берген академик М. Қаратаев романтизмнен реализмге өту жолындағы оқиғаларды баяндап, реализмнің «социалистік реализм» түрін барынша жан-жақты сипаттайды. Қазақ әдебиетінде «социалистік реализм» түсінігіне жан-жақты тоқталып, оның тарихы мен әдістемесіне жіті назар салып, тарих пен әдебиетте орын алған маңызды оқиғаларды егжей-тегжейлі атап көрсетеді. «Романтизм қос қыртыс болмыстың, сырт көрінісі мен ішкі мағынасының арасындағы алшақтыққа келіп тірелгенде, бірыңғай мағынасын қуамын деп, оның сырт көрінісін, нақты көзбен көріп, қолмен ұстайтын заттық бейнесін жоғалтып алды. Сырын ашамын деп, сынынан ажырап қалды. Әлгі алшақтықтың себебін ұғып, болмыстың екі жағын да қамтып, қатар ұстайтын және оларды диалектикалық бірлігімен көрсететін әдіс реализм болуға тиіс еді. Осы міндетін атқару үшін реализм болмысты (затты, адамды, фактіні, құбылысты) өзінің өмірлік кескінінде көзге елестете отырып, оның ішкі сырын, маңыз-мағынасын автордың озат идеясы тұрғысынан қорытып, арман-мүддесіне сай бейнелейді» [2, 33 б.], - деп романтизм мен реализм арасындағы айырмашылықты түсіндіреді. Романтизм арқылы туындаған образ жаңашылдыққа ұмтылуға, терең сезім мен эмоцияға берілуге, нәзіктік пен махаббатқа, көркем суреттеулерге негізделсе, ал реализм арқылы жасалған образ шынайылыққа негізделіп, оның шын мотивтері мен көзқарасы автордың ұшқыр ойларымен, ішкі түйінімен суреттеледі. Егер романтизм әдісі көбінесе сирек кездесетін ерекше жағдайларға көңіл аударса, реализм айналадағы нақтылы өмір құбылыстарын толық көрсету қажеттігін мойындайды [3, 280 б.]. «Романтизмді көркемдік әдіс ретінде сипаттайтын ерекшеліктердің бірі – оның автордың ішкі әлемімен байланысы десек, онда бұл көркемдік әдістің поэзиядағы лиризмді күшейткені өзінен-өзі түсінікті» [4, 11 б.] деген Е. Тілешов романтизм әдісін лирикалық шығармалардан іздейді. Автордың «Сөз және дәуір» еңбегінде Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы романтизм, ағартушылық реализм, сентиментализм, символизм көркемдік әдістері сөз болады.

Қазақ романтизмін Еуропа романтизмімен салыстырған Қ. Жанұзақова былай қорытынды жасайды: «Романтиктер әртүрлі тарихи дәуірлерді, экзотикалық, құпия елдер мен

жағдайларды суреттеді. Оларды шалғай елдер мен халықтардың таңғажайып тұрмыс-тіршілігі, өмірі, табиғаты шабыттандырды. Романтикалық қаһармандардың біразы «ел кезгендер, саяхатшылар» болды. Сондықтан шығарма сюжетінде саяхат айрықша орын алды. Ал қазақ романтизмінің құрылымы өз заманымен орайлас жатып, кезеңмен үндестік тауып отырды. Өз заманына көңілі толмай, қарсы болған тұлғаның жинақталған бейнесі жасалғанымен, ол өз дәуірінің, сол ортаның адамы болды. Алыс мекендер де, экзотикалық шалғай жерлер де суреттелген жоқ. Оқиға көбінесе таныс ортада, қазақ қоғамында өтеді» [5, 177 б.]. Шынында, қазақ қаламгерлері елдегі болған жағдайларды, халықтың тұрмыс-жағдайы мен рухани көрінісін, саяси оқиғаларды сөз еткен.

Ал реализм әдісі жөнінде Ж. Жарылғапов: «Реализм өмір шындығын шынайы бейнелеуге негізделген әдіс дейтін жалпылама ұғым бұл әдістің барлық табиғатын ашып бермесі түсінікті. Өйткені реализм туындысы өмірдің, ақиқат дүниесінің тура көшірмесі емес. Реалистік бейнелеу тәсілдерінде фантастикалық образдау да, мифтік-символикалық, гротескілік элементтер де т.б. қолданыла беруі мүмкін. Реализм өмір құбылыстарының себеп-салдарлық негіздерін, тарихи даму заңдылықтарын бүкіл қарама-қайшылықтарымен, адам табиғатына қатысты нәрселерді тұтас суреттеуімен өзгешеленеді. Сондықтан да реализмнің нақты ерекшеліктері сол кезеңдегі тарихи жағдаймен, адам тұлғасының ішкі эволюциясымен тікелей байланысты» [6, 138 б.], - дейді. Көркем шығармадағы реализм тек қана шындықты суреттеумен шектелмейді, сол шындыққа қатысты оқиғаның бар қырын жан-жақты сипаттайды, образдар жүйесін бір арнаға салып, реалистік бейнені жасап шығарады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларында романтизмнің де, реализмнің де белгілері бар. Ақын фольклорлық мұраны жинап, аңыз-әңгімелер, діни-сопылық сарында өлеңдер жазған. Оның шығармашылығындағы романтикалық мотивтер – жалғыздықтың мұңы, өлім мен өмірдің өткіншілігі, дүниенің жаратылуы мен құпиялары, тылсым күштері, дүниенің жалғандығы, Құдайға деген риясыз сенім. Оның осындай романтикалық дүниетанымынан болмыстың сыры мен құпиясы, айналасынан оңашалану, Құдайға жақындай түсу концепттері туындайды.

«Әуелден жаралған өлімнің сипаттары» деген өлеңінде:

«Мен өлімнен айтайын және бір сөз:

«Денесінде көп, – дейді, – қол мен(ен) көз».

Дүниедегі жаралған жан санынша,

Болса керек бас сайын және бір жүз» [7, 163 б.] шумақтарында өлімнің адам қиялынан туған образын суреттейді. Автор өлім мәселесі туралы көп жазған, сондықтан бұл өлеңде тағы бір нұсқасы ретінде көрсетілген. Өлімнің денесінде қол мен көздің көптігі, әр жан басына сондай бір өлімнен келетіндігі – қиялдан туған бейне. Жалпы өлім мәселесі романтизмде көп қозғалады, ол романтикалық трагизм, яғни автордың көңіл-күйіне, мұңына, қорқынышы мен өмірден түңілуіне байланысты туады. Әрі қарай өлімге «Ғазірейіл» деп атау қойып, оның «бір пендеге жететінін», «денесіндегі көзімен қадалып, бір қолмен пенденің жанын алатындығын» айтады. Ислам әлемінде Әзірейіл періште – адам жанын алу үшін міндеттелген періште болып саналады. Оның бейнесі еш жерде нақты көрсетілмеген. Әзірейіл періштенің түрлі кейіпте көрінуін Қ. Жолдыбайұлы осылай түсіндіреді: «Өлер алдындағы адамға Әзірейіл періштенің қорқынышты яки ұнамды болып түрлі кейіпте көрінуін қарапайым ғана айнаны мысал ете отырып түсіндіріп көрейік. Мысалы, бөлмедегі жүз айнаның біреуі шағылысқан заттарын қара-көк, ұзын-қысқа, ал енді бірін жуан-жіңішке етіп көрсететін болса, бөлмеге кірген бір ғана адам жүз айнада жүз түрлі кейіпте көрінеді. Міне, сол сияқты Әзірейіл періште де рухын алатын кісінің иман, ғибадат, мінез-құлықтарының рухани айналарындағы жағдайына қарай түрлі бейнеде көрінеді. Күнәһар адамға үрейлі, айбатты, ал тақуа адамға ұнамды кейіпте көрініп, рухын майдан қыл суырғандай оп-оңай алуы мүмкін» [8, 285 б.].

«Бұл өлім кішірейер бара-бара,

Денесінен кеткен соң барлық жара.

Ақырында қалады қошқардай боп,

Құдіретіне Құданың қара, сана» [7, 164 б.] деген өлең жолдарында өлімнің қорқынышты сипатына қарамастан, Құдайдың құдіретіне жетпейтінін, адам денесінен жан кеткен соң «қошқардай» болып қалатынын суреттейді. «Қошқардай» теңеуін қолдануының мәні:

«Мумин – көпір, екі орынға кіргеннен соң,

Сол күнде буғазланар өлім-қошқар» [7, 164 б.] деген жолдардан көрінеді. «Буғазланар» - ашу-ыза, кек деген мағынада жұмсалса, қошқардың ашуға булығуын – өлімнің де адам жанын қинап, аямайтынын, қаттылығы мен қатаңдығын көрсету мәнінде қолданады.

Жер бетінде бар пенденің басына өлім келеді, одан ешбір пенде құтылмайды, осындай ойлар жетегінде өмірдің мәңгі еместігін, тіршіліктің кез келген сәтте үзілетінін жеткізеді. Періштелердің бейнесі, адам жанымен тілдесуі, өмір мен өлім мәселесі, жан мен рух күресі сияқты мәселелер автордың «Өлімнің хикаясы», «Өлер халде пендеге дүниенің сөйлегені», «Рухтың хикаясы», «Төрт Мұқараб періштенің сипаты» деген өлеңдерінде де қозғалады. Жан мен тәннің, рух пен өлімнің, тылсым күш иелерінің образдары көркем әдебиетте романтикалық әдіспен көркем түрде суреттеледі.

Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген заманында қазақтың басына түскен қиыншылықтарға налып, билік басындағылардың әділетсіздігін сынайды. Демек, ақын поэзиясында реализм әдісінің элементтері көп кездеседі. «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген өлеңінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында халықтың басына түскен әділетсіздік, билік басындағылардың немқұрайлы әрекеттері, адамдардың «жамандыққа көңіл беруі», «сұмырай нәрсенің толып жатқанын» айтады. Қазақты қай заманда да құртатын пара мәселесін, бір-біріне деген көреалмаушылықты бетке басады. Патша үкіметінің сол кезде жүргізген саясатына іші күйеді:

«Сөйлесе жұрт пайдасын білген ерлер,

Хакімдер атып тастар көзін жойып.

Қалайша Россияның ғаділдігі

Мүшелер терімізді малша сойып?!» [9, 116 б.]. Халықтың өмірінде еркіндіктің, сөз бостандығының болмауы, «айтар сөзді тыңдар құлақ» жоқтығын айтып қынжылады. Өлеңдегі халық образы, жекелеген адамдардың бейнесі, Патша үкіметінің озбыр әрекеттері – шынайы өмірде болған оқиғалардан алынады. XX ғасырдың басында қазақ жерін отарлау саясаты жүргізіліп, орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандырды. Халықтың жерлерін тартып алып, орыс шаруаларының иелігіне берді:

«Ата менен бабадан қалған жерге,

Мұжық кеп тіл білмейтін бидай шашты» [9, 119 б.]. Озбыр әрекеттер мен әділетсіздік орын алған заманның реалистік оқиғаларын өлеңге арқау етіп, өзінің ішкі сезімін, күйініші мен өкінішін айтып, жаманшылық пен ашу-ызадан аулақ болып, халықты жақсылық жасауға, өнерге ұмтылуға шақырады:

«Жақсылық ойлаңыздар біздің халық,

Тастаңыз жамандықты толып жатқан» [9, 118 б.].

«Жатырмыз бір қараңғы ұзын түнде» деп өмір сүріп жатқан заманының ұзаққа созылған қараңғылығын, сол қараңғылықта «көрінбей жарық сәуле, бір таң атқан» деп жақсы күндердің алыстап кеткеніне көңілі түседі. Бұл көріністердің бәрі – шынайы өмірде болған оқиғалардан алынған, сондықтан реализм әдісімен, оның ішінде сыншыл реализммен суреттеледі. Себебі, автор өз заманының ащы шындығына көз жүгіртеді, билік өкілдерінің озбыр әрекеттерін сынайды, «сұмырай нәрсеге», яғни өтірік, ұрлық, өсек сияқты жағымсыз әрекеттерге сын көзбен қарайды.

Әдебиетте қолданылатын романтизм және реализм әдістерінің өздеріне тән ерекшеліктері бар. Романтизм – асқақ арман, сезім, ой-қиялдың шексіздігі, дүниеге деген өзгеше көзқараспен туындаса, реализм – айналадағы шындықты көркем түрде жеткізуге бағытталады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында романтикалық та, реалистік те сарын бар. Оның қарастырылған шығармаларындағы романтикалық кейіпкер – періштелер, олардың автор қиялынан туған түрлі кейіптегі образдары. Ал реализмге негізделген реалистік оқиғалары – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ жерінде жүргізілген

орыстандыру саясатының халыққа тигізген ауыртпашылықтары, билік өкілдерінің немқұрайлы әрекеттері мен қарапайым елді қанауы. Мәшһүр Жүсіп көркемдік әдістерді заман талабына сай тақырыптармен ұштастырып қолданады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 б.
2. Қаратаев М. Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. – Алматы, 1965. – 411 б.
3. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
4. Тілешов Е. Сөз және дәуір. – Алматы, «Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2023. – 264 б.
5. Жанұзақова Қ. Қазақ романтизмінің поэтикасы. Монография. – Алматы, 2015. – 224 б.
6. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. Монография. – Қарағанды, 2009. – 284б.
7. Қуандық М. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы / 4-том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ ЖШС, 2023. – 312 б.
8. Жолдыбайұлы Қ. Имани гүл – Алматы; 2011 – 384 б.
9. Қуандық М. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы / 3-том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ ЖШС, 2023. – 200 б.

Қ. КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Д. Ж. Мейранбек[1], С. С. Шоқабаева[2]

[1] 1-курс магистранты, [2]Ғылыми жетекші, доцент м.а., ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Қ. Кемеңгерұлы тіл үйретудің лексикалық, грамматикалық және фонетикалық бағыттарын бірізділікпен жүйелеп, оқытудағы ұғынықтылық, жүйелілік, салыстырмалылық, ғылымилық және практикалық қағидаларын ұстанды. Әсіресе, оның өзге ұлт өкілдеріне арналған оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулары қазіргі заманғы тіл үйрету әдістерімен сабақтас келеді. Ол оқыту үдерісін ана тілі мен үйренілетін тіл арасындағы байланыс негізінде ұйымдастырып, қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын ұғындыруда орыс тілімен салыстыра талдаудың тиімділігін көрсеткен. Әдіскер қазіргі кездегі оқытудың түсініктілік ұстанымын, оқу материалының ғылымилығы ұстанымын, оқыту мен тәрбиелеудің тұтастығы ұстанымын, оқытудың жүйелілігі мен реттілігі ұстанымын, оқу материалын саналы меңгерту ұстанымын, оқытудың теория мен практиканы байланыстыру ұстанымын, оқытудың халықтық қағидасы ұстанымын, оқытудың қатысымдық (коммуникативтік) ұстанымын, көрнекілік ұстанымын тіл үйретуде басшылыққа алған.

Оқытудағы түсініктілік ұстанымы. Оқу материалының ұғынықтылығы тіл үйренушінің жетістігімен тікелей байланысты болғандықтан, Қ. Кемеңгерұлы өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде ұсынылатын теориялық білімнің, жаттығулар мен тапсырма түрлерінің түсінікті әрі нақты берілуіне баса назар аударады. Ғалымның «Оқу құралында» келтірілген материалдардың барлығы оқытудағы ұғынықтылық ұстанымын басшылыққа ала отырып ұйымдастырылған.Теориялық мазмұнның өзге ұлт өкілдеріне жеңіл әрі түсінікті болуы үшін Қ.Кемеңгерұлы оны орыс тіліндегі баламаларымен салыстыра отырып түсіндіреді. Мысал ретінде, ғалым етістіктің қалау райының құрылу тәсілін тілді үйренушілерге төмендегідей сатылы түрде ұсынады: етістік негізі + «қалау» жұрнағы + ілік септікті жіктік жалғау + көмекші етістік (кел) – мысалы: «Менің жазғым келеді» – «Я хочу писать» [1, 117-б.]. Бұдан бөлек, Қ.Кемеңгерұлы өзге ұлт өкілдеріне грамматикалық ережелерді де дәл осындай түсініктілікке негіздеп жеткізеді. Ол әсіресе, қазақ тіліндегі етістіктің етіс категориясын үйретуде қос тілді салыстыру арқылы жүйелі талдаулар жасайды.

Оқытудың ғылымилық ұстанымы. Қ. Кемеңгерұлы қазақ тілін үйрету барысында оқытудың ғылыми-теориялық қағидасына сүйенеді. Ғалым лексикалық бірліктерді сұрыптауда, олардың қолданыс жиілігін, синонимдік қатарларын, тақырыпқа сәйкестігін және оқушының жас, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іріктейді. Ол оқулықтарда «тілдік материалдың ғылыми негізде сұрыпталуы» мәселесін көтеріп, сөз таңдауда бірнеше факторларға назар аударады [2, 29-б.].

Сөздерді сұрыптауда келесі аспектілерге мән берген:

1. Сөздің айту жеңілдігі мен құрылымдық қарапайымдылығы. Қ.Кемеңгерұлы оқулықта тіл үйренуге ыңғайлы, дыбысталуы жеңіл, буын саны аз сөздерден бастауды жөн көреді. Мысалы: «Сия. Бұл не? » тәрізді сөздер [3, 47-б.].

2. Синонимдік мүмкіндігі бар сөздерді қолдану. Әдіскер тіл үйренушінің сөздік қорын молайтып, сөйлеу дағдыларын дамыту үшін мағыналас сөздерді пайдалану қажет екенін атап өтеді. Ол: «Сөздің мағынасын білдіру үшін мәндес (синоним) сөз қолдану керек» – деп көрсетеді [4, 48-б.].

3. Тақырыпқа сай сөз іріктеу. Сөздер белгілі бір тақырыптың аясында ұсынылып, мағынасы мен қызметіне қарай топтастырылып берілуі тиіс. Мысалы:

а) оқу үдерісіне қатысты: қалам, кітап, дәптер, бор, тақта. Бұл сөздермен бірге: жазу, көру, алу, қою, әкелу, көрсету сияқты етістіктер беріледі;

ә) азық-түлікке қатысты: сүт, май, нан, күріш, жұмыртқа т.б. Оларға сәйкес: жеу, ішу, кесу, әкелу, қуыру, беру сияқты әрекет мәнді етістіктер қолданылады.

Сөздердің сөзжасамдық қабілеті әдісі. Қ. Кемеңгерұлының «Оқу құралында» сөзжасамдық дағдыны қалыптастыру үшін туынды сөздердің жасалу жолдары жүйелі түрде орыс тіліндегі баламалар арқылы түсіндіріледі. Мәселен, -тай, -тей, (-дай, -дей) жұрнақтарының мағынасы төмендегідей жіктеледі:

1. Кішірейткіш мән (мысалы, «кішкене» негізінен – «кішкентай»);
2. Еркелету мәні (мысалы, «аға» негізінен – «ағатай»);
3. Сапалық және көлемдік сипат (мысалы, «тау» негізінен – «таудай»);
4. Шамаластық мән (мысалы, «бес» негізінен – «бестей»).

Туынды сөздің мағынасын дұрыс түсіну үшін алдымен түбірін табу қажеттілігі де атап көрсетіледі. Осы арқылы сөзжасамның құрылымын тиімді меңгеруге жол ашылады.

Тәрбиелеу сатысындағы оқыту қағидасы. Қ. Кемеңгерұлы оқыту мен тәрбиелеудің өзара бірлігін маңызды қағида ретінде қарастырады. Оның пікірінше, тіл үйрену процесінде тәрбиелік аспект ескеріліп, білім мазмұнына тәрбиелік мәні бар мәтіндер енгізілуі тиіс. «Тазалық» тақырыбында ұсынылған шағын мәтіндер (мысалы, «Құлағың сау болсын десең», «Мұрның сау болсын десең», «Үйде қалған да сау болайын десең») оқушыны тазалыққа, ұқыптылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеуге бағытталған. *Оқыту жүйелілігі мен реттілігі ұстанымы.* Білім берудің нәтижелілігі оны жүйелі және логикалық тұрғыдан ұйымдастырумен тығыз байланысты. Оқыту мазмұнын логикалық байланысқа сүйене отырып жүйелеу – оқушылардың білімді терең әрі саналы меңгеруіне мүмкіндік береді. Зерттеушілер жүйелілік пен бірізділікті сапалы білім берудің негізгі шарты деп таниды [5, 27-б.]. Қ. Кемеңгерұлының «Оқу құралындағы» тақырыптардың өзара байланыста берілуі – оқытудың жүйелігін көрсетеді. Мысалы, фонетика саласында алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі қарастырылып, кейін дыбыстардың үндесу заңдылығы, грамматикалық ережелермен байланыста жүйелі түрде ұсынылады. Мұндай тәсіл грамматикалық білімді меңгеруді жеңілдетеді. Сонымен қатар, «Оқу құралында» септік жалғауларының жасалу жолдары нақты мысалдармен түсіндіріліп, одан әрі тәуелдік жалғау мен септеудің үлгілері беріліп, білім берудегі жүйелілік принциптері сақталады. Бұл оқытуда бірізділік пен логикалық құрылымды қамтамасыз етеді. Жеңілден күрделіге қарай оқыту қағидасы да осы жүйелілікпен үндеседі. Кемеңгерұлы қазақ тілін өзге тілді меңгерушілерге біртіндеп, құрылымдық жағынан сатылай оқыту жолын ұстанады. Қ. Кемеңгерұлының «Жазу үлгілері» бөлімінде грамматикалық ережелермен қатар, тіл үйренушілерге арналған санитарлық-гигиеналық талаптар да ұсынылған. Мұндағы мақсат – жазу дағдыларын меңгеру барысында оқушылардың денсаулығына да көңіл бөлу. Мәселен, «Көзің сау болсын десең» тақырыбы аясында 1-суретте келесі ережелер ұсынылған:

1-сурет. Көзің сау болсын десең.

Бұл талаптар жазу дағдыларын үйренушілердің денсаулығын сақтауға бағытталған педагогикалық-гигиеналық тәсілдердің бірі болып табылады.

Қатысымдық ұстанымы. Қатысымдық (коммуникативтік) оқыту ұстанымы тіл үйренушінің сөйлеу машығын дамытуды мақсат тұтып, қарым-қатынасқа негізделген жағдаяттар арқылы оқытудың кешенді тәсілдерін қолдануды көздейді. Бұл ұстаным оқу үдерісінен табиғи тілдік қатынасқа біртіндеп өту арқылы үйренушінің тұрақты ассоциативтік байланыстарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған тәсіл өзге тілді меңгерушінің қазақ тілінде еркін әрі мазмұнды сөйлей алуын қамтамасыз етуге бағытталады. Зерттеуші Ф. Оразбаева орыс тілді аудиторияда қазақ тілін қатысымдық әдіс арқылы оқытудың бірнеше негізгі қағидаларын атап көрсетеді. Атап айтқанда, оқытудың тұтастық (комплекстік) негізде ұйымдастырылуы, сөйлесімге қатысты негізгі ережелерді меңгерту, грамматикалық құрылымдарды жаттап, сауатты жазуға дағдыландыру, сөйлесімнің әртүрлі формаларын игеру, оқуға деген ынтаны арттыру, тақырыпты терең меңгерту, сөйлеу қабілетін ішкі ынтамен ұштастыру, сонымен қатар оқыту барысындағы орта мен жағдаятты ескеру қажеттілігі баса айтылады [30, 131-б.].

Көрнекілік ұстанымы. Тілді үйретуде көрнекілік принципінің маңызы ерекше. Бұл ұстаным оқушылардың байқағыштық қабілетін дамытып, ойлау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Көрнекілік тек лексикалық бірліктерді түсіндірумен шектелмей, нақты бейнелер мен визуалды құралдар арқылы жүзеге асады. Бұл тілдік ақпараттың ұзақ мерзімге есте сақталуына ықпал етеді. Көрнекіліктің басты мақсаты – нақты құбылыстар мен ұғымдардан жалпылама тұжырым жасауға үйрету. Қ. Кемеңгерұлы қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуде көрнекілік принципін басшылыққа ала отырып, «Оқу құралында» етістік категориялары – шақ, етіс сияқты күрделі грамматикалық тақырыптарды кестелер арқылы түсіндіруді ұсынған. Бұл тәсіл оқу үдерісінің тиімділігін арттырады. Қ. Кемеңгерұлының әдістемесінде тіл үйренушінің ана тіліне сүйене отырып, қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық және мағыналық ерекшеліктерін жүйелі салыстыру арқылы меңгерту ұсынылады. Бұл тәсіл қазіргі заманғы 2-суретте көрсетілгендей, цифрлық платформаларды қолдану арқылы тиімді жүзеге аса алады:

2-сурет. Цифрлық құрал.

Қ. Кемеңгерұлы еңбектерінің көбі өзге ұлттарға қазақ тілін үйретуге бағытталғандықтан, ғалым еңбектерінде әр тараудың баламасын берер кезде орыс тілінің табиғатын ескеріп

отырған. Тілдің фонетика мен грамматикасына қатысты мәселелерді түсіндіруде өзіне дейінгі орыс тіл білімінің ғалымдары Н. Ильминский, М. Тереньтев, П.Мелиоранский, И. Лаптев, В. Катаринский сынды зерттеуші ғалымдардың еңбектері негізінде жазып, өзіне дейінгі ғылыми-әдістемелік еңбектерге сын көзбен қарау арқылы оқу үдерісін өзінше танып түсіндірген. Ғалым мұрасын зерделеуде оның өзіне дейінгі кезеңде, өзі өмір сүрген дәуірде жазылған қазақ тілі бойынша, оны зерттеулерімен, сондай-ақ, қазақтың өз ішінен шыққан оқыған азаматтардың еңбегімен кең танысқандығын, алған білім, тәжірибені өте тамаша және тиімді пайдаланғаны көрінеді [6, 20-21-б.].

Қорытындылап айтқанда, Қ.Кемеңгерұлының қазақ тілін оқытуға қатысты ұстанымдары мен көзқарастарын зерттей отырып, оның әдістемелік мұрасы – ұлттық педагогиканың даму тарихында ерекше орын алатынын және қазіргі заманғы әдістеме саласында пайдалануға болатын бағалы ресурстардың бірі деуге болады. Болашақта оның еңбектерін оқу бағдарламаларына енгізу, ғылыми айналымға кеңінен тарту және әдіскер мамандар даярлау ісінде қолдану өз нәтижесін берері сөзсіз. Ғалым қазақ тілін үйретуді тек грамматикалық немесе формалды деңгейде ғана емес, ұлттық танымен, мәдениетпен, дүниетанымен сабақтастыра отырып жүйелеген. Оның әдістемелік ұстанымдары – тілді ұлттың рухани өзегіне айналдыру жолындағы үздік үлгілердің бірі. Демек, Қ.Кемеңгерұлының әдістемелік мұрасы – қазақ тілін оқытудағы тарихи сабақтастық пен ғылыми негіздің алтын көпірі ретінде бағалануы тиіс. *Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты гранттық жоба аясында әзірленді.*

Әдебиеттер тізімі:

1. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 320 б.

2. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 208 б.

3. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – 2-т. Оқу құралы. – Алматы, 2005. – 336 б.

4. Құлмағамбетова Б., Исанова А., Исинғарина М., Көккөзова М., Құрманғалиева Р., Айтжанова П. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2000. – 144 б.

5. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2005. – 272 б.

6. Шормақова А. Қошке Кемеңгерұлының әдістемелік мұрасы. – Астана, 2014. – 193 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ

Мукишева Д.А.

Тегісшілдік ауылының № 6 ЖББ мектебі мұғалімі, Қарағанды облысы, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру. Бұл бағытта қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің орны ерекше. Өйткені тіл – ұлттың рухани болмысы, мәдениеті мен дүниетанымының айнасы, ал әдебиет – халықтың тарихы мен тағдырын танытатын рухани қазына. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиетін оқыту тек білім берумен шектелмей, оқушының құндылық бағдарын айқындауға, адамгершілік қасиеттерін дамытуға қызмет етуі тиіс. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері – оқушылардың рухани әлемін байытып, ұлттық болмысын қалыптастырудың негізгі тетігі. Бұл пәндер арқылы оқушылар тек тілдік білім алып қана қоймай, ұлттың тарихы, мәдениеті мен дүниетанымымен де танысады. Сондықтан әр сабақта оқушылардың бойына адамгершілік, патриоттық, еңбекқорлық, сыйластық сияқты құндылықтарды сіңіру – менің басты мақсатым. Құндылық бағдарлы оқыту – білім алушыны тек пәндік біліммен қаруландырып қана қоймай, оның тұлғалық қасиеттерін, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйе. Бұл үдерістің негізгі ерекшеліктері:

• ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сабақ мазмұнына кіріктіру;

• оқушының рухани дамуына ықпал ету;

• пәндік білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыру;

• шығармашылық ойлау мен өзіндік көзқарас қалыптастыру.

Өз тәжірибемде сабақ барысында құндылықтарды дәріптеу үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді қолданамын. Мысалы, әдебиет сабақтарында көркем шығармаларды талдау кезінде кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы оқушыларға жақсы мен жаманды ажырата білуге, әділдік пен адалдықтың маңызын түсінуге бағыттаймын. Абайдың қара сөздерін, Ы.Алтынсарин әңгімелерін, М.Әуезов шығармаларын талдау кезінде «еңбек», «білім», «ізгілік» құндылықтарын ашып көрсетуге ерекше мән беремін. Қазақ тілі сабақтарында тілдік материалды меңгерту барысында мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді жиі қолданамын. Олардың мазмұнын талдата отырып, оқушыларға халық даналығын, өмірлік ұстанымдарын түсіндіремін. Мысалы, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» , «Отан – отбасынан басталады» сияқты мақалдар арқылы сыйластық пен отансүйгіштік құндылықтарын дамытуға болады.

Сонымен қатар, сабақтарымда оқушылардың пікірін тыңдау, өз ойын еркін, мәдениетті жеткізуге баулу – маңызды бағыттардың бірі. Эссе жазу, пікірталас өткізу, рөлдік ойындар сияқты тапсырмалар олардың ой-өрісін кеңейтіп, жауапкершілік пен өзгенің пікіріне құрметпен қарауға тәрбиелейді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы біз болашақ ұрпақтың рухы биік, саналы азамат болып қалыптасуына жол ашамыз.Бұдан шығатын қорытынды қазақ тілі пәнін құндылық бағдарлы оқыту арқылы:

1. Тіл мәдениеті мен коммуникативтік құзыреттілікті дамытамыз. Оқушыларға күнделікті өмірде кездесетін қарым-қатынас жағдайларын модельдеу, пікірталас, дебат, эссе жазу арқылы ойды еркін жеткізуге үйрету; Мұғалім оқушыларды тіл нормасын сақтап сөйлеуге, сөздің астарлы мағынасын түсінуге бағыттайды.

2. Интерактивті әдістерді қолданамыз. Рөлдік ойындар, «дөңгелек үстел», жобалық жұмыстар арқылы оқушының белсенділігі артады; Тіл үйрену тек грамматикалық жаттығуларға емес, өмірлік жағдаяттарды шешуге негізделеді.

3. Ұлттық құндылықтарды тіл сабақтарына кіріктіру арқылы: Тақырыптар мен жаттығуларды қазақ халқының дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық тағамдары, мақал-мәтелдерімен ұштастырамыз. Бұл әдіс оқушылардың отансүйгіштік сезімін оятып, ұлттық рухты қалыптастырады.

Ал әдебиетті құндылық бағдарлы оқытуда: Көркем мәтінді құндылық тұрғысынан талдау жүргіземіз. Әдеби кейіпкерлердің іс-әрекетін адамгершілік тұрғысынан бағалау; Әдеби шығармаларды оқушылардың жеке өмірлік тәжірибесімен байланыстыру;

2. Шығармашылық тапсырмалар. Кейіпкерге хат жазу, күнделік жүргізу, сахналық қойылым әзірлеу арқылы оқушыны мәтінге етене араластыру. Бұл тәсіл оқушылардың эмоциялық сезімін оятып, әдебиеттің өмірмен сабақтастығын көрсетеді.

3. Әдеби мұра арқылы ұлттық сана қалыптастыру. Абай, Жамбыл, Мағжан, Мұқағали шығармаларындағы ізгілік, адалдық, еңбексүйгіштік идеяларын талдау. «Адал азамат» бәртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Оқушылардың бойына құндылықтарды дарытқанда, біз мынандай нәтижелерге жетеміз: Оқушылардың туған тіліне, әдебиетіне деген сүйіспеншілігі артады. Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге құрметпен қарау қалыптасады. Шығармашылық ойлау, сыни тұрғыдан талдау дағдылары дамиды. Жеке тұлғаның өзіндік көзқарасы, өмірлік ұстанымы айқындалады.

Қорыта келгенде, тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – болашақ ұрпақты жан-жақты дамытудың, ұлттық болмысын сақтай отырып, әлемдік өркениетке бейімдеудің тиімді жолы. Мұғалімнің міндеті – пәнді тек білім көзі ретінде емес, құндылықтар мен өмірлік тәжірибенің тоғысқан ортасы ретінде ұйымдастыру. Озық тәжірибелерді қолдану арқылы әрбір оқушы ана тілінің қадір-қасиетін түсініп, әдеби мұрадан тәлім алады. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында құндылықтарды дәріптеу – тек оқу мазмұнын меңгерту емес, оқушының тұлғалық дамуына, рухани дүниесінің байуына ықпал ететін маңызды үрдіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2021.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы. – Астана, 2022.
3. Жұмабекова Ф. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
4. Қалиев С., Оразбекова К. Тәрбиенің теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2016.
5. Әбдіғалиева Қ. Қазақ әдебиетін оқытудағы құндылық бағдар мәселелері // «Қазақстан мектебі» журналы. – 2020, №5.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУ

Мурзабулатова М.У.
№28 мектеп-лицей мұғалімі, Орал, Қазақстан.

Қазіргі заманғы қоғамның дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Жаһандану және ақпараттандыру дәуірінде цифрлық технологиялар білім берудің барлық салаларына белсенді енуде. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді дамыту мен оқытуды жетілдіру басым бағыттардың бірі болып табылады. Әсіресе, орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту мәселесі үнемі назарда ұсталып, жаңа тиімді әдістер мен тәсілдерді іздестіру қажеттілігі туындайды.

Қазақ тілін оқытудың ерекшелігі – оқушылар тілді екінші немесе шет тілі ретінде меңгереді. Бұл жағдайда коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру басты міндет болып саналады. Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз – оқушының қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасай алу қабілеті, тілдің төрт түрлі дағдысын (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) тиімді қолдана білуі. Дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе грамматикалық ережелерді жаттауға және жазбаша жұмыстарға бағытталған. Алайда мұндай тәсіл оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға жеткіліксіз келдеі. Цифрлық технологиялар осы мәселені шешудің тиімді құралы бола алады. Интерактивті платформалар, мультимедиялық ресурстар, виртуалды тілдік орта оқушыларға қазақ тілін тәжірибеде қолдануға көбірек мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мен білім беру жүйесін жаңғыртудың қажеттілігімен айқындалады. COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтықтан оқыту тәжірибесі цифрлық құралдардың маңыздылығын одан әрі көрсетті. Қазір мектептерде гибридті оқыту форматы кеңінен қолданылуда, бұл цифрлық құралдарды тиімді пайдаланудың қажеттілігін арттырады. Коммуникативтік құзыреттілік ұғымы 1960-жылдары американдық лингвист Ноам Хомскийдің «Тілдік құзыреттілік» теориясын дамыту нәтижесінде пайда болды. Делл Хаймс коммуникативтік құзыреттілік тек грамматикалық білімді ғана емес, сонымен қатар тілді әлеуметтік контекстте дұрыс қолдана білуді де қамтитынын көрсетті.

Коммуникативтік құзыреттілік бірнеше компоненттерден тұрады: *Тілдік (лингвистикалық) құзыреттілік* – фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және орфографиялық нормаларды меңгеру. Бұл компонент тілдің жүйесін білуді, сөздік қорды, грамматикалық құрылымдарды түсінуді қамтиды. *Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік* – тілді әртүрлі әлеуметтік жағдаяттарда дұрыс қолдану қабілеті. Оқушы ресми және бейресми сөйлеу стильдерін ажырата білуі, қарым-қатынас жасап отырған адамның әлеуметтік мәртебесін ескеруі керек. *Дискурстық құзыреттілік* – байланысты мәтін құрастыру, ойды логикалық тұрғыда дұрыс баяндау дағдысы. Бұл монолог және диалог түрінде сөйлеу, мәтіннің түрлі жанрларын (хат, мақала, әңгіме) құрастыру қабілетін қамтиды. *Стратегиялық құзыреттілік* – қарым-қатынас барысында туындайтын қиындықтарды жеңу стратегияларын

қолдану. Мысалы, білмейтін сөзді басқа сөздермен түсіндіру, қайталап сұрау, мимика мен қимыл-қозғалысты пайдалану.

Қазақ тілін оқытуда осы барлық компоненттерді дамыту қажет. Алайда, практикада грамматикаға көп көңіл бөлініп, нақты қарым-қатынас дағдылары жеткіліксіз дамиды. Цифрлық технологиялар осы теңгерімсіздікті жоюға көмектеседі. Қазіргі уақытта қазақ тілін оқытуда қолдануға болатын цифрлық құралдар өте көп. Оларды бірнеше топқа бөлуге болады, мысалы, *интерактивті оқыту платформалары:* Bilimland.kz – қазақстандық білім беру платформасы, онда қазақ тілі бойынша интерактивті сабақтар, тесттер, видеоматериалдар бар. Платформа мультимедиялық контентті ұсынады және оқушылардың прогресін қадағалауға мүмкіндік береді. Soyle.kz – қазақ тілін үйретуге арналған арнайы платформа. Онда фонетика, грамматика, лексика бөлімдері бар. Аудио және видео материалдар арқылы дұрыс айту дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Google Classroom – сабақтарды ұйымдастыру, тапсырмалар беру және бағалау үшін ыңғайлы құрал. Мұғалім материалдарды жүктей алады, оқушылармен онлайн байланысады. Мобильді қосымшалар: Qazaq – смартфонға арналған қазақ тілін үйрену қосымшасы. Ойын форматында сөздерді жаттауға, диалогтарды тыңдауға мүмкіндік береді. Anki – флэш-карталар арқылы сөздерді есте сақтауға арналған қосымша. Мұғалім өзінің сөздік қорын жасап, оқушылармен бөлісе алады. Memrise – геймификация элементтері бар тіл үйрену қосымшасы. Оқушылар ойын арқылы қазақ тілін үйренеді.

Мультимедиалық ресурстар: YouTube арналары – “Qazaq tili”, “Тілашар” сияқты арналарда қазақ тілін үйретуге арналған видеосабақтар, әндер, мультфильмдер бар. Подкасттар – қазақ тілінде әңгімелер, әзілдер, оқиғалар тыңдау арқылы аудирование дағдысын дамытуға болады. Электрондық кітапхана – Kitap.kz, e-history.kz сайттарында қазақ тіліндегі көркем әдебиет, оқулықтар электронды форматта қолжетімді. *Виртуалды коммуникация құралдары:* Zoom, Microsoft Teams – видеоконференция платформа лары арқылы түрлі жобалар, презентациялар, пікірталастар ұйымдастыруға болады. Padlet, Jamboard – виртуалды тақта, онда оқушылар бірлесіп жұмыс жасай алады, идеяларын бөліседі. Quizlet, Kahoot – интерактивті викториналар мен ойындар арқылы білімді тексеру және бекіту. *Онлайн сөздіктер мен аударма құралдары:* Sozdik.kz – қазақша-орысша, орысша-қазақша онлайн сөздік. Сөздердің дұрыс айтылуын аудио арқылы тыңдауға болады. Google Translate – тез аударма жасау үшін қолданылады, бірақ грамматикалық қателері бар екенін ескеру керек. Lugat.kz – қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, синонимдер мен антонимдер сөздігі.

Цифрлық құралдардың тілдік дағдыларды дамытудағы рөліне тоқталайық. *Тыңдалым дағдысын дамыту: Тыңдалым* – тілді меңгерудің негізгі дағдыларының бірі. Орыс мектебінде оқитын балалар қазақ тілінде сөйлеуді жиі естімейді, сондықтан аудирование дағдысын дамыту өте маңызды. *Цифрлық құралдар тыңдалым дағдысын дамытуда үлкен мүмкіндіктер береді. Аутентті материалдар*. YouTube, подкасттар арқылы оқушылар қазақ тілінің нақты сөйлеу үлгілерін естиді. Бұл оқулықтағы жасанды диалогтардан әлдеқайда тиімді. *Деңгей бойынша саралау*. Мультфильмдер мен балалар әндері бастауыш сынып оқушыларына жарайды, ал ересек оқушылар новостілар, интервью, фильмдер көре алады. *Қайталап тыңдау мүмкіндігі*. Дәстүрлі сабақта аудио тек бір-екі рет ойнатылады. Цифрлық форматта оқушы материалды қанша қажет болса сонша рет тыңдай алады, қажет жерінде кідірте алады. *Субтитрлер.* Видеоматериалдарға субтитрлер қосу арқылы оқушылар бір мезгілде тыңдап та, оқи да алады. Бұл жаңа сөздерді есте сақтауға көмектеседі.

Оқылым дағдысын дамыту: Оқылым дағдысы лексикалық қорды байытады және грамматикалық құрылымдарды игеруге көмектеседі. *Электрондық кітаптар мен мақалалар*. Интернетте қазақ тіліндегі көптеген материалдар бар – балалар әдебиеті, газет-журналдар, блогтар. Оқушы өзіне қызықты тақырыпты таңдап оқи алады. *Интерактивті мәтіндер*. Кейбір платформаларда мәтіндегі белгісіз сөзді басқанда оның аудармасы шығады. Бұл сөздікпен жұмыс жасаудың уақытын үнемдейді. *Оқу жылдамдығын дамыту бағдарламалары*. Spritz сияқты қосымшалар оқу жылдамдығын арттыруға көмектеседі. *Деңгей бойынша мәтіндер*. Интернетте A1 деңгейінен C1 деңгейіне дейінгі мәтіндер табуға болады.

Айтылым дағдысын дамыту: Айтылым дағдысы – орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың ең проблемалық аспектісі. Оқушылар сабақтан тыс қазақ тілінде сөйлесуге мүмкіндік таппайды. *Дыбыс жазып жіберу*. WhatsApp, Telegram арқылы оқушылар дауыстық хабарламалар жібере алады. Мұғалім қателерді түзетіп, кері байланыс береді. *Видеожобалар*. Оқушылар өздері туралы, отбасы туралы, хоббитері туралы қысқа видеороликтер түсіріп, сыныпта көрсетеді. *Виртуалды пікірталастар*. Zoom арқылы кішкене топтарға бөлініп, белгілі бір тақырып бойынша талқылау өткізуге болады. *Дауысты тану технологиялары.* Google Assistant қазақ тілін түсінеді. Оқушы сөздерді дұрыс айтуды жаттығады. *Караоке.* Қазақша әндерге караоке арқылы дұрыс айту мен интонацияны жаттығуға болады.

Жазылым дағдысын дамыту: Жазылым дағдысы ойды логикалық тізбекпен баяндауды, грамматикалық ережелерді қолдануды үйретеді. *Блог жазу*. Оқушылар жеке блог немесе Instagram парақшасында қазақша жазбалар жариялай алады. Бұл жазуға деген мотивацияны арттырады. *Форумдар мен чаттар*. Қазақ тілін үйренушілер үшін арнайы Telegram топтары, форумдар бар. Онда оқушылар бір-бірімен қазақша хат алмасады. *Онлайн тесттер мен жаттығулар*. Bilimland, Kundelik платформаларында грамматикалық жаттығулар бар. Жүйе автоматты түрде қателерді көрсетеді. *Цифрлық портфолио.* Оқушы өзінің барлық жұмыстарын – эсселер, презентациялар, жобалар – электронды портфолиода сақтайды және өз прогресін көреді.

Қазіргі балалар digital native, яғни цифрлық технологиялармен өсіп келеді. Оларға смартфон мен компьютермен жұмыс жасау қызықты. Сабақта цифрлық құралдарды қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады. *Геймификация*. Kahoot, Quizizz сияқты платформалар оқуды ойынға айналдырады. Оқушылар ұпай жинайды, рейтингте көтеріледі, бұл бәсекелестік рухын оятады. *Визуализация.* Видео, анимация, инфографика материалды қызықты етеді. Көрнекілік ақпаратты есте сақтауға көмектеседі. *Дараландыру*. Әрбір оқушы өз деңгейі мен қызығушылығына сай материал таба алады. Күшті оқушылар қосымша тапсырмалар орындайды, әлсіз оқушылар базалық деңгейде жұмыс жасайды.

Мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар:

Сабақты жоспарлау

1. Мақсатты нақты қою. Цифрлық құралды қолданудың нақты мақсаты болуы керек – мотивацияны арттыру, дағды дамыту, білімді тексеру.

2. Тепе-теңдікті сақтау. Дәстүрлі және цифрлық әдістерді ұтымды үйлестіру. Әрбір сабақ толық цифрлық болмауы керек.

4 .Интерактивті тапсырмаларды жоспарлау. Әр сабақта бір цифрлық элемент (викторина, бейне, подкаст, презентация) енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығын сақтау маңызды. Мысалы, жаңа тақырыпты *Kahoot* арқылы қайталау немесе *Padlet* тақтасында сөздік диктант жасау.

5.Кері байланыс жүйесін ұйымдастыру. Оқушылардың онлайн тапсырмаларына жедел жауап беру, түсіндірме пікір жазу, дауыстық кері байланыс ұсыну – коммуникативтік өзара әрекеттестікті арттырады [1].

*6.*Топтық және жұптық жұмысқа көңіл бөлу. Виртуалды ортада да оқушыларды өзара сөйлету керек. *Zoom breakout rooms, Jamboard* сияқты құралдар топтық диалог пен пікірталас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [2].

7.Оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру. Цифрлық портфолио немесе электрондық күнделік арқылы оқушылар өз жетістігін, әлсіз тұстарын көріп, өз бетінше даму жоспарын құра алады [3].

8.Мұғалімнің үздіксіз цифрлық құзыреттілігін арттыру. Педагогтар EdCrunch, Coursera, Stepik сияқты платформаларда онлайн курстардан өту арқылы өз кәсіби дағдыларын жетілдіруі қажет. Бұл жаңа әдістерді тәжірибеге енгізуге көмектеседі

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуда цифрлық білім беру құралдарын қолдану оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін айтарлықтай арттырады. Интерактивті платформалар мен мультимедиялық материалдар оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде дамытады. Сонымен

қатар, цифрлық технологиялар оқыту процесін дараландыруға, оқушылардың мотивациясын араттыруға және шығармашылық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Дегенмен, техникалық, әдістемелік және психологиялық кедергілерді ескеріп, дәстүрлі және цифрлық әдістердің үйлесімді балансын сақтау қажет. Осыған байланысты мұғалімдерге цифрлық құралдарды мақсатты және педагогикалық тұрғыдан негізделген түрде қолдану ұсынылады. Цифрландыру тек технологияны пайдалану емес, ол – оқыту мәдениетін жаңарту, оқушының белсенді қатысуына бағытталған жаңа парадигма қалыптастыру. Зерттеу нәтижелері орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге, тілдік білім сапасын арттыруға және мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сәрсенова Г. (2022). Қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі.- Білім берудегі инновациялар, №3, 45-50 б.

2. Мұқанова Л. (2021). Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы цифрлық құралдардың рөлі. – Педагогика және психология, №2, 87-92 б.

3. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. (2023). State Program for Digitalization in Education 2023-2027. – Astana: MES RK.

4. Hymes D. (1972). On Communicative Competence. In Sociolinguistics:Selected Readings (pp.269-293). Penguin.

5. Canale,M., & Swain, M. (1980). Theoretical Bases of Communicative Approaches to Second Language Teaching and Testing. – Applied Linguistics, 1 (1), 1-47.

6. Bilimland.kz. 2024. Интерактивті сабақтар мен тесттер жинағы. Қолжетімді: https://bilimland.kz

ҰСТАЗ – ҚҰНДЫЛЫҚ ТАСУШЫ ТҰЛҒА

Ниязбек А.А

4-курс студенті. Ғылыми жетекшісі: Ш. Қапантайқызы, Астана, Қазақстан.

«Ұстаз талантты болса, шәкірт талапты болады» дейді халық даналығы. Ұстаз болып ұлтқа қызмет ету кез келген жанның қолынан келер оңай шаруа емес. Себебі ұстаздық ету – шәкірттің алдағы өміріне жауапкершілік алу. Қазақ қоғамы ежелден-ақ ұстазды құрметтеп, қадір тұтқан. Алаш зиялысы Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдікі», – дейді [2]. Себебі балаға тәрбие мен тәлімді қатар үйретіп, шәкіртінің алдына түсіп, шам ұстар бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. Бұл орайда Жүсіпбек Аймауытов та ұстаздың тұлғалық қалыптасу жолындағы рөлін айрықша атап өтеді: «Адамның өзін тану, өз жолын табуы өте қиын. Бұл қиындық әсіресе, жастардың басында: олар тәжірибесіз, көңілді, ойы құбылмалы, толқымалы, сондықтан өзін сынай алмайды. Өмір жолдары сан тарау. Жастар тоқсан жолдың торабында, қай жолға түсерін білмей, дағдарды. Егер жазатайым теріс жолға түсіп кетсе, өмірі өкініші кетпейді» [3]. «Ұстаз – болашақтың ұстасы» деген сөз осыдан шығады.

Кейінгі кезде білім беру саласында басты тақырып болып, көтеріліп жүрген тағы бір мәселе – құндылыққа негізделген оқыту жүйесі. Әрбір мұғалім өз сабағында оқушыларға қай құндылықты үлгі ететінін, тақырыппен қалай байланыстыратынын ойланатыны белгілі. Ұлттық құндылықтарымыз ұмытылып, жаһандану жолында жұтылып бара жатқан шағымызда бұл сұрақтардың мәні терең, салмағы ауыр. «Әрбір адам, әрбір ұлт, әрбір мемлекет үшін мәдени әлемінің мазмұнын құраушы құндылықтар болмаса, біз хаоста тіршілік етер едік. Ал дағдылар бізді өз ісіміздің майталман маманы болуға жетелейді» [4]. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Сөзіңді түзе – әдетіңе айналады, әдетің – мінезіңе айналады, мінезің – сенің тағдырың», – деп жазады. Расымен, біздің бүтін бір тағдырымыз – кішкентай ойымыздың жемісі. Ойдан – сөз, сөзден – іс, одан әдет қалыптасатынына сіз бен біздің тараптан еш күдік жоқ. Сол үшін бүгінгі ұстаз ең алдымен баланы дұрыс ойлауға, әдемі сөйлеуге, қоршаған орта мен бүкіл адамзатты құрметтеуге үйретуі, үйретіп қана қоймай, үлгі

көрсетуі лазым. Себебі, білімнен бұрын шәкірттің жан әлеміне үңіліп, тәрбие үйретпесе, бүгінгі білім – ертеңгі қасірет болуы ғажап емес. Бұл хақында «Екінші ұстаз» атанған Әл-Фараби: «...Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деп сөз қозғайды. Демек, ақылды ұстаз баламен дос бола отырып, дұрыс әрекетке, одан кейін білімге баулиды. Сонда ғана халқы қалап, елі де елейтін азаматтар көбейеді.

«Адам баласын жақсы тәрбиелеу керек дейміз. Жақсы тәрбиенің мақсаты не болмақ? Әр нәрсенің бір көздеген мақсаты болу керек. Мақсатсыз іс қылуға болмайды. Жолаушы жолға шыққанда бір мақсатты ойлап шығады; шығып алған соң ойланбайды. Сол сықылды тәрбиенің мақсаты болуға тиіс» [6]. Ж.Аймауытұлының бұл пікірі тәрбиенің түпкі мәнін айқындайды. Расымен, тәрбие беру жолында мақсат қойылмаса, бұл кемедегі оқушыны да, бүгінгі қоғамды да белгісіздікке қарай жетелейді. Сондықтан ұстаз үшін әр тәрбиелік ықпал, әрекеттің түпкі мақсатының айқын болуы маңызды. Ұстаздық жолында жүрген әрбір маманның негізгі түпкі мақсаты біреу-ақ. Ол – жеке тұлғаның адамдық болмысын қалыптастыру, оның рухани және морльдық қасиетін ояту. Бүгінгі құндылыққа негізделген оқыту жүйесінің мәні де осында: әрбір сабақ пен әрекетті өмірмен сабақтастыра отырып, адамдық пен ізгілікке баулу. Сонда ғана білім тек ақпарат беру құралы емес, тұлғаның өзін тану, өз жолын табудағы басты күшке айналады.

Оқушының тұлға болып қалыптасу жолында мектеп қабырғасындағы әрбір ұстаздың еңбегі зор. Десе де, ұлттық құндылықты қалыптастыру мен тәрбие жөнінде басты орын алып, бір саты жоғары шығатындар – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері. Себебі тұлға тәрбиесі ана тілінен басталады. Ана тілі арқылы бала өз халқының мәдениетін, рухани әлемі мен тарихын танып, ұлттық болмысты өне бойына сіңіреді. Көркем шығарманы оқыту да оқушының сана-сезіміне, руханиятына айрықша әсер етеді. Мұндай мәтіндер баланың ішкі әлемін байытып қана қоймай, оның дүниетанымын қалыптастырады, жақсы мен жаманды, қатыгездік пен мейірімділікті айыра білуге үйретеді. Демек көркем әдебиет – тәрбиенің ең қуатты, бірегей құралдарының бірі. Бұған Қанипа Бітібаеваның: «Әдебиет – адамтану құралы» болса, әдебиет пәні – «адам тәрбиелеу құралы», - деген пікірі дәлел бола алады [7].

«Тіл – тіршілік құралы. Тіл үйрету (оқу, жазу, сөйлеу үйрету мағанада) сол тіршілік құралын жұмсауды үйрету. Олай болса, тіл үйрету өнері тұрмыс өнері болмақ. Тұрмыс өнері өзінің тұрмыстағы байласқан нәрсесінің түріне қарай тұрмыспен бірге өзгермек», - деген Ахмет Байтұрсынұлы қағидасы бүгінгі ұстаздар үшін де өзекті [1]. Себебі тіл арқылы бала тек сөз үйренбейді, ойлау, сезіну, бағалау мәдениетін қалыптастырады. Бұл тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері білім берумен қатар, ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды дарытушы тұлғалар болып табылады.

Қазіргі құндылықты бағдар еткен білім беру жүйесінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мүмкіндігі өте зор. Әрбір мәтін, әрбір көркем шығарма – адамгершілік, ұлтжандылық, мейірімділік, жауапкершілік сияқты қасиеттердің кілті. Мұғалім сол құндылықтарды аша білу арқылы баланың ішкі дүниесіне жол табады.

Мәселен, бәрімізге таныс «Абай жолы» романын оқыту барысында оқушыларға әке мен бала арасындағы байланыс, ұлттық болмыс пен танымның терең мәнін жеткізуге мүмкіндік бар. Мұндай сабақтар арқылы ұстаз шәкіртке көркем туындыны түсіндіріп қана қоймай, өмірлік ұстаным мен адамдық құндылықтарға бағыт береді. Әдеби кейіпкерлер тағдыры арқылы бала өз мінезін, өз ортасын, тіпті, болашақ өмір жолын да ой елегінен өткізеді.

Педагогикалық практика барысында байқағаным – қазіргі оқушыларға ұлттық болмыс пен құндылықтар туралы ақпаратты құр сөзбен емес, өмірмен байланыстырып, көркем шығармадан алынған мысалдар арқылы жеткізген әлдеқайда тиімді. Мәселен, шығарманы жай мазмұндап шығудан гөрі, оның астарлы мәнін ашу, оқиға себептерін салыстыру, кейіпкер әрекеттерін қазіргі өмірмен байланыстыра талдау оқушылардың қызығушылығын арттырып, есте сақтау қабілетін күшейтеді.

Мұндай әдіс оқушыны жаң ғана білім алушы деңгейінен жоғары көтеріп, ойланушы, талдаушы, сезінуші тұлғаға айналдырады. Тілді үйретудің мәні – баланың рухани әлемін тіл арқылы байыту. Демек ұстаздың құндылыққа негізделген әр сабағы – шәкірттің өмірге деген

көзқарасын қалыптастыратын маңызды мектеп. Мінезі де, болмысы мен жаратылысы да әр басқа, бір емес бірнеше балаға қатар білім беріп, әріп үйреткен, өмірді танытқан ұстаздардың әр күні ерлікпен тең. Ұлт ұстазы атанған А. Байтұрсынұлы бала оқытуды өнерге теңеп: «Үйрету деген өнер. Өнердің шені-шетіне ешкім жете алмайды: Өнер артыла береді, жетіле береді. Оны осы күнгі Өнерлі жұрттардың істері көрсетіп отыр... Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету бұ да өнер»,– деп өз бағасын береді [1]. Ойланып қарасақ, бұл сөздің жаны бар. Ұстаз бір әріпті үйретпек үшін әр баланың қабылдау ерекшелігіне сай етіп әртүрлі әдіс-тәсілді қолданады. Бір тақырыпты меңгерту үшін 5-6 әдіс-тәсіл қолданып, тәжірибе жасайды, сараптама жүргізеді, баланың ішкі әлемін зерттейді. Сондықтан, бұл – жай ғана сабақ өту емес, баланың психологиялық және танымдық қабілеттерін ашу, олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін терең ұғыну арқылы соған бейімделе отырып оқыту үдерісі.

Нағыз ұстаз – бала мен ата-ана, мектеп пен қоғам арасындағы алтын көпір. Ол тек пән мазмұнын ғана оқытып қоймай, бала бойына адами қасиеттер дәнін егеді. Оны күтіп, баптап өмірлік бағдар береді. Сондықтан да, ұстаз еңбегінің өзегі – тәрбие мен білімнің бірлігінде, ал оның шынайылығы шәкірт жадында қалдырған ізімен өлшенеді.

«Ал сенің еңбек жемісің
Өзгеше тіпті басқадан:
Ол өзін арнап ел үшін
Осынау жүрген жақсы адам», – деп жырлайды Фариза Оңғарсынова. Бұл өлең жолдары – ұстаз еңбегінің ең көркем жемісі. Бәлкім, күллі шәкірт өлең құрау қасиетіне ие болса, ұстазы жайлы жарыса қалам тартар ма еді, кім білсін?! Оқығанда жүрек тербетер осынау ғажап шумақтардың тууына сеп болған ұстаз – өз шәкіртінің жан әлеміне кілт тапқан, оған терең бойлап, ыстық орынға жайғасқан асыл да ардақты жан. Ән бойынан нәзіктік пен тазалық, елге деген сүйіспеншілік жыр болып төгілген Фариза апамызды бүгін біз шәкіртке үлгі ете дәріптейміз. Өмірін оқытып, өлеңін жаттатамыз. Бұл – ұстаз еңбегінің ақталғанының, ұстанымының жүзеге асқанының айнымас белгісі.

Ж. Аймауытовтың: «Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғамыз...» – деген сөзі ұстаздық борыштың мәнін терең ұғындырады [5]. Ұстаз еңбегінің түпкі мұраты – жеке бастың емес, ұлттың болашағына қызмет ету. Сондықтан да, құндылыққа негізделген оқыту жүйесінде ұстаздың басты миссиясы – шәкірт бойында адамгершілік, еңбексүйгіштік және отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырып, қоғамның өркендеуіне үлес қосатын саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сондықтан қазіргі заманда ұстаз тұлғасы тек білім беруші емес, қоғамның рухани және адамгершілік бейнесін қалыптастырушы жетекші күшке айналып отыр. Ұстанымы берік ұстаз – өз ісіне адал, шәкірттің ішкі жан дүниесіне үңіле алатын, оның өмір жолына бағыт-бағдар беретін тұлға. Мұндай ұстаз шәкіртті тек ақпарат алушы емес, ойлай білетін, әрекетке қабілетті, адамдық құндылықтарды бойына сіңірген азамат ретінде қалыптастырады.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақымет. Ана тілінің әдісі 1927. №9 (24). 23-31-б. Мақаланы араб жазуынан орыс графикасына түсіріп, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» атты журналында (Алматы, 2000) жариялаған – О.Жұбаева.
2. Жумабаев М. Педагогика. - Алматы: «Marfu Press» баспасы. - 2023. 184 бет.
3. Аймауытов Ж. Психология. Жан жүйесі және өнер таңдау. Алматы. Рауан. -1995. -311 б.
4. Смағұлова Г., Өтеген Б. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқыту.
5. Жүсіпбек Аймуытұлы нақыл сөздері. Әдеби-танымдық басылым. Құрастырған, алғы сөзін жазған С.Б. Жұмағұл. – Қарағанды: ЖШС «TENGRI Ltd», 2021. – 28 б.
6. Жүсіпбек Аймауытұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1999.- 5-т.-131-138 б.
7. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 285 б.

ОҚЫЛЫМ ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Нургазина А.С.
№97 мектеп-гимназия, Астана, Қазақстан.

Бүгінгі таңда мектептің басты міндеті – жан-жақты дамыған, өз ұлтының рухани байлығын бойына сіңірген, ізгілікті, мәдениетті тұлға қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда оқылым әрекетінің маңызы ерекше. Себебі оқылым – оқушының дүниетанымын кеңейтіп, ойлау мәдениетін, құндылық бағдарын қалыптастыратын жетекші әрекет түрі.

Оқылым тек техникалық дағды емес, ол — тұлғаның ішкі дүниесіне әсер ететін, ой-сезімін тәрбиелейтін, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіретін рухани үдеріс. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді инновацияландыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» , – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Осындай міндеттердің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Оқылым әрекеті – оқушының мәтінді қабылдап, түсініп, талдап, өз көзқарасын қалыптастыру процесі. Бұл әрекет барысында бала: логикалық ойлау қабілетін дамытады; оқығанын өз өмір тәжірибесімен байланыстырады; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге үйренеді. Құндылық бағдар – адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін бағыттайтын рухани және мәдени өлшемдер жиынтығы. Оқушы бойындағы басты құндылықтар: адамгершілік, еңбекқорлық, патриотизм, құрмет пен жауапкершілік, адалдық пен мейірімділік. Бұл құндылықтарды қалыптастыруда оқылатын мәтіннің мазмұны мен оны түсінуге бағытталған әдіс-тәсілдердің рөлі зор.

Бүгінгі таңда функционалды сауатты оқушы – білім сапасының көрінісі. Себебі заман талабына сәйкес тек академиялық сауаттылық өмірде жеткіліксіз. Қазіргі білім беру бағдарламасы алған теориялық білімді тәжірибеде, өмірде қолдана алу дағдысына баса көңіл бөледі. Олай дегеніміз, функционалдық сауаттылығы дамыған оқушы мынадай ерекше қабілеттерге ие болады:

- Түрлі тұрмыстық мәселелерді табысты шешеді;
- Түрлі әлеуметтік жағдайларда қарым-қатынас құра алады және шешім таба алады;
- Адамдармен қарым-қатынас құру үшін оқу мен жазу дағдысын қолдана алады;
- Бір оқиға не құбылыс жан-жақты зерттеліп, бағаланатын кезде пәнаралық байланыс құра алады.

Оқушы бойында осындай қабілеттерді қалыптастыратын функционалдық сауаттылықтың бір қыры – оқу сауаттылығы. «Оқу сауаттылығы дегеніміз – оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі» а. Басқаша айтқанда, ана тілі, әдебиет пәндерінде оқу сауаттылығын дамыту – мәтінмен жұмысты толық игеру, тыңдалым, айтылым, оқылым, сөйлесім, жазылым дағдыларын меңгеру. Демек, тілді игерудегі барлық дағдыларды меңгерген оқушы оқу сауаттылығын дамытты деуге толық негіз бар. Оқушының оқу сауаттылығын арттыру мәселесі бастауыш сыныптан өзекті болып саналады. Бастауыш сыныптағы ана тілі мен әліппе пәндерін оқыту барысынан-ақ мұғалімнің алдында оқушылардың бойында оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесі тұрады. Алайда бастауыш сыныпта оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудан бұрын олардың оқылым әрекетін белсендіру мәселесі талқылануы керек.

Оқушылардың оқылым белсенділігін арттырудың алғышарты оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудан тұрады. Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру үшін білім беру процесі балалардың ерекшеліктеріне байланысты құрылуы керек: сабақтың материалы балаларға қызықты болуы керек; сабақ қарқынын оқушылардың жұмыс

жылдамдығымен үйлестіру. Оқушылардың оқылым белсенділіктерін қалыптастыру үшін келесі жағдайларды қамтамасыз ету маңызды: оқу бағдарламасына оқушылардың жеке тәжірибесіне жақын материалды қосу; балалардың танымдық сұраныстарын қанағаттандыру; балалардың өзара диалогына ықпал ету; қиын тапсырмаларды орындауды марапаттау; оқушылар арасындағы қарым-қатынастың біркелкі сипатына ықпал ету; өз мүмкіндіктерін белсенді өзін-өзі бағалауды дамыту; өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге ықпал ету; оқуға деген жауапкершілікті ояту.

Педагогикалық практикада оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдері, оқушылардың оқылым белсенділігі дәрежесін арттыратын осындай комбинацияларды таңдау қажет.

Оқылым әрекетін белсендіру әдістеріне төмендегі әдістерді жатқызуға болады: «Дидактикалық ойындар» әдісі – оқушыларға нақты жағдайларға ұқсас жағдайлар ұсынылады, олардан шығудың жолын табу керек. «Сәттілік жағдайы» әдісі – берілген жағдаятты шешу қызметте айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Жарыс» әдісі – тапсырмалардың бәсекелестік сипаты қажетті қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Бәсекелестік әлеуметтік тәжірибені дамытуға, мінез-құлық ерекшеліктерін дамытуға әкеледі. «Жоба» әдісі – өз білімін өз бетінше құру, ақпараттық кеңістікте бағдарлау, шығармашылық ойлауды дамыту дағдыларын дамытатын жобалық іс-әрекеттің оқу белсенділігін арттыруда маңызы зор. Проблемалық жағдайды құру әдісі – проблемалық сұрақтарды, тапсырмаларды, іздеу сипатындағы тапсырмаларды тұжырымдау арқылы іздеу жағдайын құруды қамтиды. Оқушылардың оқылым белсенділігін арттыру оқу материалына қызығушылықты арттырудан тұрады. Сабақтың әр кезеңінде оқушылардың белсенділіктерін есте ұстаған жөн. Баланы ең басында қызықтыру үшін сіз жаңа тақырыпты ерекше түрде бастауыңыз керек. Бұл үшін «тартымды мақсат» әдісі қолайлы. Оқушыларға қарапайым және түсінікті мақсат ұсынылады, оған қол жеткізген кезде мұғалім жоспарлаған оқу әрекеттерін орындайды. Мысалы, «Судың қасиеттері» тақырыбын бастар алдында аязды қыста су құбырларының жарылып жатқан бейнематериалды көрсету арқылы оның неліктен жарылып жатқанын оқушылардан сұрауға болады. Көбінесе осындай әдеттен тыс тұжырым тек тартымды ғана болмайды, ол сабақтың соңына дейін оқушының есінде тұрады.

Сабақтың тақырыбын болжау арқылы тапқызуға болады. Одан әрі оқушылардың оқуға деген белсенділігі артуы үшін бұл тақырыптың не себептен маңызды екенін түсіндіру керек. Ол үшін мынадай әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады: «Оратор» тәсілі. 1 минут ішінде парталас досына осы тақырыпты үйрену не үшін қажет екенін түсіндіру. «Автор» тәсілі. Оқушыға өзің оқулықтың авторы ретінде елестетіп көру, оқушыларға осы тақырыпты үйрену қажеттілігін түсіндіру ұсынылады. «Қиялшыл» тәсілі. Болашақ өмірде осы тақырыпты қай уақытта қолдануы мүмкін екенін сипаттау ұсынылады. «Дұрыс – бұрыс» тәсілі. Сабақ тақырыбына қатысты дұрыс/бұрыс мәліметтер айтылады. Осы арқылы оқушының сабақ тақырыбын қаншалықты түсінгенін байқаймыз. «Қатені ұстау» тәсілі. Мұғалім оқу материалын ұсыну кезінде дәлсіздіктерге жол береді. Оқушы сол қателікті дер кезінде тауып, түзетуі керек. Бұл оқушының сабақтың барлық кезеңінде белсенді болуына ықпал етеді. «Әлемге басқа біреудің көзімен қара» тәсілі. Мәселен, табиғаттағы су айналымы» Ойын техникасы. Егер сіз көптеген бірдей тапсырмаларды орындауыңыз керек болса, ойынды қолданған жөн.

Оқушылардың сабақ үстіндегі оқылым белсенділіктерін арттырудың осындай тәсілдері арқылы біз олардың оқу сауаттылығын дамытамыз. Оқу сауаттылығы – оқудан, қандай да бір мәліметпен танысудан тұрады. «Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бөлігі» болғандықтан, мәтінге талдау жасамас бұрын оқудың тиімді жолдарын анықтау маңызды. Солардың ішінде оқылым стратегияларын қолдана оқу – оқу сапасын арттыратын тәсіл. Осылайша, бастауыш сыныпта оқу сауаттылығын қалыптастыру барысында балаларда әр сыныпта олардың жасына сай арнайы оқу дағдылары қалыптасуы керек деген қорытынды жасауға болады. Бастауыш мектепте мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырудың келесі кезеңдерін ажыратуға болады: 1-сынып: мұғалім балаларды мәтінді оқуға және оның мағынасын түсінуге үйретеді; 2-сынып: мұғалім балаларды мәтінге ат қою,

оны мазмұндау, құрылымдық бөліктерге бөлу, жоспар құру, тірек сөздерді табу, кейіпкерлерді ажырату, оларға сипаттама беру сияқты мәтінмен жасалатын жұмыстарға баулиды; 3-4 сыныптар: мұғалім балаларды ақпаратты табуға, оқығанына өз бағасын беруге, мәтіндегі негізгі және қосымша ойды бөліп көрсетуге, өз сенімдерін кейіпкерлердің өмірлік ұстанымдарымен салыстыруға, мазмұнды болжауға, сұрақтарды өз бетінше тұжырымдауға, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді ұқсас мазмұнмен салыстыруға үйретеді. Оқу сауаттылығы оқушының функционалдық сауаттылығының маңызды бөлігі болып табылады. Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру олардың оқу белсенділіктеріне байланысты. Сабақ барысында оқушылардың оқылым әрекетін белсендіру олардың оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтайды. Басқаша айтсақ, оқылым әрекетін белсендіру мен оқу сауаттылығын біртұтас ұғым бола алады.

Қорыта айтқанда, оқылым әрекетін белсендіру – оқушының құндылықтық әлемін қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі. Әрбір оқыған мәтін оқушыны ойландырып, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға, адамдық қасиеттерді бағалауға жетелеуі тиіс. Мұғалімнің шеберлігі – осы оқылым үдерісін тұлғалық дамуға бағыттай білуінде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы», 27 шілде 2007 жыл.
2. Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ, "Педагогикалық өлшеулер орталығы".
3. Шабажанова С. «Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі», Павлодар, 2015.
4. Пранцова Г.В., Романичева Е.С. «Современные стратегии чтения: теория и практика», Мәскеу, 2016.
5. Жумабаев М. Педагогика. - Алматы: «Marfu Press» баспасы. - 2023. 184 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУ КОНТЕКСІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫ

Нұрғазы Г.А.

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-нің 2-курс магистранты, Ақтөбе, Қазақстан.

Қазіргі таңда тілдік білім берудің стратегиялық бағыты тұлғаның функционалдық сауаттылығын, мәдени және құндылық бағдарларын қалыптастыруға бағытталып отыр. Жаһандану жағдайында тіл тек коммуникация құралы ғана емес, ұлттық сана мен мәдени кодтың репрезентанты ретінде де қарастырылады. Сондықтан білім беру жүйесінде құндылық бағдарлы оқыту парадигмасының орны ерекше мәнге ие. Бұл парадигма оқытуды білім, дағды, құзыреттілік шеңберінен шығарып, тұлғаның рухани, аксиологиялық және мәдени дамуын қамтамасыз етуді көздейді.

Тілдік білім берудің осындай жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз етудің маңызды тетігі - деңгейлік оқыту технологиясы, ол Еуропалық тілдік портфолио қағидаттарына сәйкес, тіл меңгеру нәтижесін нақты деңгейлер A1(бастапқы деңгей) - C2(жетік білу деңгейі) арқылы сипаттайды. CEFR(Еуропалық тілдік портфолио жүйесі, тіл үйренушінің дағдыларын бағалау және дамытуға арналған халықаралық стандарт) моделі оқушының тілдік қабілеттерін біріздендіріп, коммуникативтік құзыреттілікті жүйелі қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл бағыт Қазақстан Республикасының жаңартылған білім мазмұнында, соның ішінде қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негізінде көрініс тапқан. Қазақ тілін деңгейлік оқыту контексінде құндылық бағдарлы білім беру парадигмасын іске асыру - қазіргі білім берудің басты ғылыми және тәжірибелік мәселелерінің бірі. Бұл бағыт оқытудың аксиологиялық сипатын күшейтеді, себебі тіл үйрету үдерісі арқылы білім алушы өз халқының мәдениетін, дүниетанымын, этикалық нормаларын меңгереді. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева сөз еткендей, тіл үйрену - бұл «тұлғаның танымдық және құндылық әлемін кеңейту процесі» [1].

Деңгейлік оқыту әдіснамасы өзінің теориялық негізін әлемдік психолингвистикалық және педагогикалық зерттеулерден алады. Л.С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» тұжырымдамасы оқушының тілдік даму динамикасын түсіндіруге мүмкіндік берсе, Дж. Брунердің конструктивистік теориясы білім алушыны оқу процесінің белсенді субъектісі ретінде қарастырады [2, 95]. Дж. Камминстің BICS (ауызекі сөйлеу түрі) және CALP(академиялық және когнитивтік тілдік дағдылар) үлгісі тілдік құзыреттіліктің когнитивтік және академиялық қырларын айқындайды. Осы бағыттағы зерттеулердің барлығы оқытудың деңгейлік сипатын әдіснамалық тұрғыдан негіздейді. Сонымен қатар, Б. Блумның таксономиясы оқыту мақсаттарын иерархиялық деңгейлерде қарастырып, білім, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау сатылары арқылы тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл қазақ тілін оқытуда тапсырмаларды сатыландыру мен күрделендіруде тиімді қолданылады. Жаңартылған білім мазмұнында осы ұстанымдардың ықпалы айқын байқалады.

Қазақ тілін оқытудағы әдіснамалық ізденістерде Ж.Аймауытовтың, Қ.Жұбановтың, С.Қалиевтің, Ф.Оразбаеваның еңбектері ерекше орын алады. Аймауытов тілдік дағдыларды сатылап дамыту идеясын ұсынса, Қ.Жұбанов тіл үйретудің психологиялық негіздерін жүйеледі. Ал Ф.Оразбаева коммуникативтік бағыттағы тіл үйрету теориясын ұлттық әдістемелік мектеп ретінде қалыптастырды. Бұл бағыттар деңгейлік оқытудың мазмұндық және құндылық негізін толықтырады. Қазақ тілін деңгейлік оқыту парадигмасы әлемдік тілдік білім беру кеңістігіндегі теориялық және әдіснамалық эволюцияның заңды жалғасы болып табылады. Деңгейлік оқыту тұжырымдамасының теориялық бастауы қолданбалы лингвистика саласында бекіген CEFR (Common European Framework of Reference for Languages) жүйесімен байланысты. CEFR тіл меңгеруді A1-C2 аралығындағы сатыларға жіктеп, әр деңгей бойынша дескрипторлар, тілдік дағдылар, коммуникативтік мақсаттар, бағалау өлшемдері мен тілдік әрекеттердінақтылап береді. Бұл жүйе тіл үйренушінің жеке прогрессиясын бақылауға, оқу үдерісін дараландыруға, оқу мақсатын айқын қоюға және оқыту нәтижесін өлшенетін критерийлер арқылы бағалауға мүмкіндік береді.

Шетелдік ғылыми мектептер деңгейлік оқытудың теориялық іргетасын қалыптастырды. С. Крашеннің Input Hypothesis теориясы бойынша тіл үйренушіге ұсынылатын тілдік орта оның қазіргі деңгейінен сәл жоғары болғанда ғана меңгеру табиғи жолмен жүреді. Бұл ұстаным CEFR-дегі «сатылы ілгерілеу» және «спиральді дамытушы нәтижелік модель» принциптерімен сәйкес келеді. Д. Камминстің BICS/CALP концепциясы деңгейлік оқытуда тұрмыстық және академиялық тілдің заңдылықтарын ажыратудың маңызын айқындайды [3, 406]. М. Хэллидей негізін қалаған жүйелік-функционалдық лингвистика тілді «мағына тудырушы әлеуметтік әрекет» деп танып, деңгейлік оқытуда грамматикалық құрылымды жеке мақсат емес, коммуникативтік мағына құраудың құралы ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді. Ал Д. Хаймстың «communicative competence» тұжырымы деңгейлік оқытудың түпкі нәтижесі тілдік білім жиынтығы емес, нақты жағдаятта тілдік әрекет жасай алу қабілеті болуы тиіс деген методологиялық бағдар береді [4, 283]. Орыс тіл біліміндегі тұғырлар да деңгейлік оқыту теориясын бекіте түсті. Л.С. Выготскийдің «Жақын арадағы даму аймағы» идеясы оқыту үдерісінің сатылы дамытушылық табиғатын түсіндіреді: білім «дайын күйде берілмейді», ол бір деңгейден екінші деңгейге жетекшілік пен қолдау арқылы қалыптасады. Е.И. Зимняя мен Е.И. Пассовтың еңбектерінде коммуникативтік тілдік тұлғаны дамыту, құзыреттілікке негізделген тілдік білім беру және оқу әрекетінің деңгейлі ұйымдастырылуы негізгі әдіснамалық ұстанымдар ретінде айқындалады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі деңгейлеп оқытудың ұлттық негіздері терең тарихи-ғылыми тамырға ие. Ахмет Байтұрсынұлы тілдік білім беруді «сатылап меңгерту», «тыңдау-айту-оқу-жазу әрекеттерінің табиғи бірізділігі», «қолдану арқылы үйрету» принциптерімен байланысты қарастырып, деңгейлік оқытудың бастауын қалыптастырды. Тәуелсіздік кезеңінде қазақ тілін жүйелі меңгертудің сатылы моделін Ә.Жүнісбек, Қ. Қадашев, Ж. Жексенбай, Ә. Бұхарбай сынды әдіскер-ғалымдар функционалды, қатысымдық және фонологиялық тұрғыдан дамытты. Ал Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы оқушының мүмкіндігі мен таным динамикасына сай репродуктивтік-алгоритмдік-

шығармашылық сатылар арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруды ұсынды [5, 204]. Бұл модель деңгейлік оқытудың психологиялық, дидактикалық және технологиялық негіздерін нақты формула түрінде бекітті. Осы ғылыми мектептердің тоғысуы деңгейлік оқытуды тек бағалау жүйесі немесе тілдік классификация емес, тұлғалық, құзыреттілік, құндылық және коммуникативтік бағыттағы тұтас әдіснамалық жүйе ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Демек, деңгейлік оқыту - тіл үйренушіні нақты нәтижеге жетелейтін өлшенетін, сатылы, тұлғаға бағдарланған және құндылықты дарытатын тілдік білім беру моделі.

Құндылық бағдарлы білім беру - бұл оқушының тұлғалық дамуына, ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға, мәдени кодын және рухани болмысын сақтауға бағытталған педагогикалық модель. Бұл парадигма тек тілдік дағдыларды дамытуға емес, сонымен қатар оқушының адамгершілік, отаншылдық, мәдени жауапкершілік сияқты құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған. Қазақ тілін оқытуда құндылықтарды іске асырудың негізгі тетіктері ұлттық мазмұнды интеграциялау, коммуникативтік жағдаяттар арқылы құндылық беру және мәдени-тілдік бірегейлікті қалыптастыру болып табылады. Ұлттық мазмұнды интеграциялау мәтіндер, тапсырмалар және тілдік мысалдар арқылы оқушыны ұлттық дәстүрлер мен мәдениет элементтерімен таныстырады, осылайша тіл үйрену нақты әлеуметтік және мәдени контекстке байланысады. Мәтіндік тапсырмаларда қазақ дәстүрлері, мақал-мәтелдер, тарихи тұлғалар немесе ұлттық мерекелерді енгізу оқушының мәдени идентификациясын нығайтады [1, 11].

Коммуникативтік жағдаяттар арқылы құндылық беру тілдік материалды практикалық, өмірлік контексте қолдану арқылы жүзеге асады, бұл оқушыда әлеуметтік құндылықтар мен мәдени нормаларды қалыптастыруға ықпал етеді.Бұл тәсіл оқушыны белсенді субъект ретінде тартуға мүмкіндік береді және тілдік дағдыларын дамыту мен мәдени құндылықтарды интеграциялауды қатар жүзеге асырады. Мәдени-тілдік бірегейлікті қалыптастыру оқушылардың тілдік бірліктерді меңгеруін олардың ұлттық болмысы, мәдени ерекшелігі және коммуникативтік мәдениетін сақтау мақсатымен байланыстырады. Бұл тәсіл білім беруді тек когнитивтік емес, мәдени-социальды құндылықтарды қамтитын процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Құндылық бағдарлы парадигмада оқушы білім алу процесінде белсенді субъект ретінде қарастырылады. В.С. Выготскийдің теориясына сәйкес, оқушының когнитивтік дамуы әлеуметтік және мәдени контекстке тығыз байланысты. Дж.Брунер идеясына сәйкес, білім беру процесінде құндылықтар мен мәдени контекстті интеграциялау оқушының ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуда шешуші рөл атқарады

Деңгейлік оқыту тілдік бірліктерді сатыландыру арқылы жүзеге асады, бұл тәсіл когнитивтік, дағдылық және құндылықтық аспектілерді интеграциялауға мүмкіндік береді. Мысал ретінде қазақ тілінде үстеулерді А1-В1 деңгейінде оқыту үлгісі қарастырылуы мүмкін. Бұл әдісте тапсырмалар Блум таксономиясының когнитивтік сатыларына сәйкес беріледі: білу, түсіну, қолдану және талдау [6, 45]. Деңгейлік тәсіл тек грамматикалық бірліктерді меңгеруге ғана емес, оқушының коммуникативтік дағдыларын, мәдени және құндылықтық тұрғыдан өзіндік бағалау қабілетін дамытуға қызмет етеді [7, 70].

Мысалы, қазақ тілінде үстеулерді деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытуды алуға болады. «Білу» деңгейінде оқушылар үстеулердің негізгі түрлерін, грамматикалық формаларын таниды және жаттап алады. «Түсіну» деңгейінде үстеулердің семантикасы мен сөйлемдегі қызметін түсінеді, мәтіннен мысалдар таба алады. «Қолдану» деңгейінде жаңа контексте үстеулерді қолдана отырып сөйлемдер құрастырады, коммуникативтік жағдаяттарды шешеді. «Талдау» деңгейінде мәтіндік контексте үстеулердің қолданылу ерекшеліктерін салыстырады, сөйлем құрылымындағы рөлін талдайды, олардың мәнін мәдени және әлеуметтік контекстпен байланыстырады. Деңгейлік оқытуда А-В-С немесе жеңілден күрделіге қарай сатыланған тапсырмалар оқушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес беріледі. Бұл тәсіл ұлттық мазмұн, коммуникативтік жағдайлар және мәдени бірегейлікті сақтау арқылы құндылық бағдарлы білім беру парадигмасын жүзеге асырудың тиімді әдісі болып табылады.

Аталмыш тәжірибеде талдауды қажет ететін аспектілерге деңгейлік тапсырмалардың оқушының когнитивтік деңгейіне сәйкестігі, ұлттық мазмұн мен коммуникативтік жағдаяттар

арқылы берілген құндылықтардың тұрақтылығы, үстеулерді деңгейлік оқыту тәжірибесінің тілдік және құндылықтық дамуға әсері, Блум таксономиясын қазақ тілін оқыту контексінде тиімді пайдалану және құндылық бағдарлы білім беру парадигмасын деңгейлік оқыту арқылы жүзеге асыру әдістемелік шарттары жатады. Қазіргі тілдік білім берудің стратегиялық бағыты тұлғаның функционалдық, мәдени және құндылықтық дамуына бағытталған. Тіл енді тек коммуникация құралы ғана емес, ұлттық сана мен мәдени кодты жеткізетін маңызды құрал болып табылады. Сондықтан құндылық бағдарлы білім беру парадигмасы қазіргі білім беру жүйесінде ерекше мәнге ие болып отыр. Бұл парадигма оқытуды тек білім мен дағдыға шектемей, тұлғаның рухани, мәдени және аксиологиялық дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін деңгейлік оқыту технологиясы (CEFR моделі негізінде) тілдік құзыреттілікті жүйелі қалыптастыруға, оқу үдерісін даралауға және оқушының жеке прогрессиясын бақылауға мүмкіндік береді. Деңгейлік оқыту әдіснамасы психолингвистикалық (Выготский, Брунер), когнитивтік (Блум таксономиясы) және коммуникативтік (Камминс, Хаймс, Хэллидей) теорияларға сүйенеді. Бұл тәсіл тек грамматикалық немесе лексикалық дағдыларды үйретумен шектелмей, оқушының мәдени, әлеуметтік және құндылықтық тұрғыдан дамуына ықпал етеді. Қазақ тілін оқытуда ұлттық әдістемелік мектептердің еңбектері деңгейлік оқытудың мазмұндық және құндылықтық негізін бекітеді. Ахмет Байтұрсынұлы мен тәуелсіздік кезеңіндегі әдіскер-ғалымдардың тәжірибесі тілдік дағдыларды сатылап меңгерту, ұлттық мазмұнды интеграциялау, коммуникативтік жағдаяттар арқылы құндылық беру әдістерін дамытты.

Деңгейлік оқыту мен құндылық бағдарлы парадигманың интеграциясы оқушының когнитивтік, коммуникативтік, мәдени және тұлғалық дамуын бір жүйеде қамтамасыз етеді. Мысалы, қазақ тілінде үстеулерді деңгейлік оқыту арқылы оқушылар тек грамматикалық формаларды үйреніп қана қоймай, оларды нақты контекстте қолдана отырып, ұлттық мәдениеттің элементтерімен танысады және өз бағалауын қалыптастырады. Құндылық бағдарлы білім беру бойынша оқыту барысында оқушылардың тұлғалық, мәдени және коммуникативтік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған түрлі жұмыстар жасалады. Соның нәтижесінде білім алушылар өздерінің тілдік құзыреттілігін дамытып, ұлттық мәдениеттің элементтерін меңгереді, коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді және тұлғалық бағалау қабілеттерін қалыптастырады. Деңгейлік білім беру арқылы оқушылар грамматикалық, лексикалық және коммуникативтік дағдыларын сатылы түрде меңгереді, когнитивтік қабілеттерін дамытады және академиялық тілдік тапсырмаларды орындауда жетістікке жетеді. Қазақ тілін көп деңгейлік технологиямен оқыту мәселесі ғалым Оразақынова Нұршаның зерттеулерінде жан-жақты қарастырылды.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін деңгейлік оқыту құндылық бағдарлы білім беру парадигмасын іске асырудың тиімді әдісі болып табылады. Бұл тәсіл білім алушыны белсенді субъект ретінде қарастырады, оның тілдік, мәдени және құндылықтық әлеуетін кешенді түрде дамытады, әрі жаңартылған білім мазмұнындағы ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері. — Алматы: Print-S, 2005, -147 б.

2.Bruner J. The Culture of education, 1996. Rus. edition: Kultura obrazovaniya. Tr. from English by L.V. Tru-bitsina and A.V. Solovyova . Moscow: Prosveshcheniye Publ., 2006. 223 p.

3. Cummins J. Language, Power and Pedagogy: Bilingual Children in the Crossfire. — Clevedon: Multilingual Matters, 2000.

4.Hymes D.H. (1972) On Communicative Competence In: J.B. Pride and J. Holmes (eds) Sociolinguistics. Selected Readings. Harmondsworth: Penguin, pp. 269-293

5.Караев Ж., Кобдикова Ж. Технология трехмерной методической системы обучение: сущность и применение, Алматы, 2018. - 480 с.

6. Bloom B. S. Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals. — New York: Longmans, 1956.

7. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии, Москва: Педагогика, 1989. - 192 с.

КҮНДЕЛІКТІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ АУЫЗША ТІЛДІҢ ТАРАЛЫМЫ

Оңалбек А.А.
«ZIYATKER TURAN» мектебінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан.

Біздің халықтың ұрпақ тәрбиелеуде сан ғасырлар бойы жинақтаған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылары ұшан-теңіз. Олар бүкіл ұлттық болмысымызды жан-жақты бейнелейтін, басқа ұлттардан ерекшелігімізді даралап тұратын халқымыздың даналық тұжырымдары, әдеп әлемінің айнасы. Уақыт сүзгісінен сүрінбей өткен, сан ғасырлар бойы санамызға ұялаған жазылмаған заңдар жазылған заңдардан да өміршең екенін дәлелдейді. Бірақ тарих сахнасынан өткен кешегі Кеңес дәуірінде сол асыл мұра, алтын қазынамызды жабық күйінде қалдырып, санамыздан сызып тастауға күш салынғаны жасырын емес. Ендеше, оны заманауи тұрғыдан терең талдап, саралап, өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді қайта жаңғыртып, ұрпақ тәрбиесінде кәдеге жаратуға тиіспіз. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы халықтық педагогикада жинақталған. Осыдан келіп ұрпақ тәрбиесінің түзу жолы қалыптасады. Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазір де солай. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, халқына адал еңбек етуге шақырған. Солардың ішінде бірегей тұлға А. Байтұрсынұлының көш басында тұрғаны белгілі. Ғалымның оқудың негізі – білімді өз бетінше алу екенін айтқан пікірлері әлі күнге дейін санамыздан өшкен емес. Көптеген әдістемелік еңбектерінде баланың білімді өздігінен алу жолдарын анықтау –әдістеменің басты қызметі мен міндеті екенін меңзейді. Сонымен қатар, бала оқытудың амал-жолдарын газет, журнал беттерінде де нақтылы сөз етеді. Оқушылардың дұрыс жаза білуімен қоса, дұрыс сөйлей алуының да маңызы зор екенін баса айтады. Баланың ең алдымен өз тілін, тарихын, ұлттық дәстүрі мен ата салтын құрметтей білу керектігін де сөз етеді.Қазіргі кезде өз баласын мұғалім қолына сенімділікпен тапсырған ата-аналардың сенімі қаншалықты ақталуда? Балаға сапалы білім, саналы тәрбие беруде қандай әдістер қарастырылады? Ол әдістердің баланың оқуға деген ынтасын арттыруға қаншалықты септігін тигізуде? Осы заманғы мұғалім тұлғасын қалай елестетеміз? Оқушының өз ортасында дұрыс сөйлей алуына, ойын таза әрі жинақы жеткізуіне, бір сөзбен айтқанда ауызша тілінің дамуына мұғалімнің ықпалы бар ма? Міне, осы тәрізді толып жатқан сұрақтар зерттеу объектісінің өзектілігін көрсетеді. Мектеп қабырғасында, көбінесе жасөспірімдер арасында таза, әдеби тілмен сөйлейтін балалар өте аз. Себебі, заман ағымына қарай жастардың өздері құрастырып алған өз лексикондары бар. Тілдің шұбарлануы, «қысыр» сөздердің қосақталуы аса маңызды мәселе болып көрінбеуі мүмкін. Алайда, тереңіне үңілер болсақ біз осылайша әдемі, айшықты тілімізге қиянат жасап жатқандаймыз. Сондықтан да оқушылардың дұрыс сөйлеп, ойын анық әрі таза жеткізуі үшін үлкен жұмыстар атқарылуы керек. Ол үшін ең алдымен мұғалім өзін тәрбиелеп алуы тиіс. Егер білім беруші ұстаздың өзі әдеби тілдің нормаларына бағынбаса, диалект сөздерді жиі қолданса, тіл жанашыры Ә.Жүнісбек айтпақшы, «жаңағы» тәрізді «қысыр сөздерден» арылмаса оқушыға дұрыс сөйлеуді меңгертемін дегені бекершілік.Дұрыс сөйлей білу ережесі тек қана аудитория ішінде ғана қолданылмай, баланың бойына судай сіңуі керек. Сонда ғана нағыз тіл жанашыры қалыптасады.

Белгілі ғалым А.Байтұрсынұлы мектеп мұғалімінің баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам бола білу керектігін айтады. Яғни ол оқушы жан-дүниесін, мінез-құлқын жан-жақты зерттей алатын психолог бола білген жөн. Баланың қуануы, шаттануы, қиялдануы, ренжуі, ашулануы, жылауы, сөйлеуі – осылардың бәрі оның әлеуметтік өмір тіршілігіне байланысты ішкі жан-дүниесі мен мінез-құлқын сипаттайды. Баланың нәзік, өскелең табиғатына жарасымды әдептілік, адамгершілік қасиеттер, оның өскен ортасындағы тәлім-тәрбиенің арқасында қалыптасады. Сондықтан, балаға қойылатын талап пен сол талапты орындай алу мүмкіншілігі арасында да көптеген қиындықтар, кедергілер мен

қайшылықтар кездесетіні белгілі. Ондағы әлеуметтік орта баладан мәдениетті, әдепті, сыпайы мінез-құлықты талап етеді. Ал олар әлі де мұндай мінез-құлыққа жете қоймаған. Осы қайшылықтарды жеңу жолында да оған көптеген қиындықтар кездесетіні анық. Міне, осы қиындықтарды жеңуге көмектесетін мұғалім тұлғасы екендігін ғалым нақты айтады. Қазіргі қоғамда жастарымыз жоғарыда айтып кеткендей, дұрыс сөйлеу ережелерін сақтай бермейді. Оған себеп – әлеуметтік желілер, еліктеушілік, тілдері шұбарланған орта. Міне, осы мәселелер бірігіп келіп баланың өз ойын анық жеткізіп, таза сөйлей білуіне кедергісін тигізеді. Байқап қарасақ, енді ғана үлкен өмірге қадам басқалы отырған, оң-солын әлі де толық ажырата білмейтін жасөспірімдер әлеуметтік желіге тәуелді болып келеді. Осының салдарынан кітап оқымайтын орта қалыптасады. Көпке топырақ шашудан аулақпын, дегенмен қазіргі кезде кітап оқитын жастарды кездестіру өте қиын. Мұның нәтижесі айтпаса да түсінікті. Жаргон сөздер, ойын нақты жеткізе алмау, халқымыздың ең қастерлі асыл мұраларының қадірін білмеу... Өкінішке орай қазіргі жастарымыздың бойынан осы қасиеттерді көреміз. Бұл мәселемен қалай күресеміз? Құлаққа түрпідей тиетін «заманауи» сөздерден қалай арылуға болады? Мұның шешімі біреу-ақ: мұғалім тиімді әдістер қолдана білуі керек. Атақты ғалым П.Ф.Каптерев мұғалім өзінің кәсіптік білімі мен шеберлігін ұдайы дамытып, жетілдіріп отыру керектігін айтқан болатын. «Мұғалім өзі де оқуы керек,– деп жазады ол, – Өзін жеткілікті дәрежеде білімдімін, маған енді оқудың қажеті жоқ деп ойлайтын мұғалімнен асқан жаман адам жоқ. Алдымен өзі ізденбейтін болса, білім алу мен өздігінен дамуға деген ұмтылыс оты оның өз ішінде әлдеқашан өшіп қалған болса, онда ол басқаны қайтып оятар? Әдетте өздерін дамытпайтын мұғалімдер басқаларды да оқытып жарытпайды, олар тек қана белгілі формулалар мен білімдерді хабарлаумен, өзі білетіндерін өлі, механикалық тәсілмен басқаларға үйретумен ғана шектеледі» [1, 94].

Қазір қоғамға өзінің жеке тұлғасы мен іс-әрекетін ұдайы жетілдіріп отыруға қабілетті бастамшыл және дербес мамандар қажет. Өздерінің жоғары қабылдағыштығымен, әлеуметтік-кәсіби ұтқырлығымен, білім деңгейін жедел жаңартып отыруға дайындығымен, дағдылары мен біліктіліктерінің ауқымын кеңейтіп, жаңа іс-әрекет салаларын меңгеруімен ерекшелене отырып, олар өз міндеттерін соған сәйкес орындай алады.

Ал мұндай дәрежеге жету үшін ауызша тілдің өзіне сәйкес заңдылықтарына бағынуға тиіспіз. Өйткені біздің тұлға болып қалыптасуымызға күнделікті қолданыстағы сөздеріміздің де ықпалы бар. Сөз мәдениетін дұрыс жолға қоя білсек, халқымыздың әдемі де бейнелі сөз қолданыстарын, мақал-мәтелдер мен шешендік сөздерді, афоризмдерді кірістіре отырып сөйлесек, бұл өзімізге де өзгеге де сүйкімді көрінетін іс болмақ. Мәселен, бәріміз күнделікті өмірде «рет» деп айтып жатамыз. Бір рет, екі рет, үш рет, я болмаса бір рез, екі рез, үш рез... Осы екі нұсқаның қайсысы дұрыс, ол жағына мән беріп жатпаймыз. «Рез» деген қолданыс – диалектілік қолданыс. Сондықтан да бұл жерде «рет» деген өзі әдеби тілде бекітілген қазақтың сөзі бар. Осыны қолданған абзал. Әрине, диалектілік қолданыстар адамның қай жергілікті өлкеден екенінен хабар береді, оның тіліне ерекше калорит беріп тұрады. Дегенмен де ресми қарым-қатынастағы ауызша формада әдеби норманы ұстанған абзал. Сондықтан «рет» деген қолданыс дұрыс болып табылады. Осы жерде ескерте кететін жайт бар. Соңғы кезде жастардың ғана емес, енді зиялы қауымның, оқыған кісілердің де тілінде осындай қате қолданыстар көптеп кездесіп жатады. Бұған себепші болатын факторларды айту қиын, дегенмен де бұқаралық ақпарат құралдарында, жазба мәтіндердің өзінде орфоэпиялық нормаға сай емес сөздер көптеп кездеседі. Соның салдары болар, ауызша тілде де көбісолай сөйлеп жатады. «Көбі» деген сөзді «көбісі» деп те айтып жатамыз. Бұл қате қолданыс, өйткені «көбі» дегендегі соңғы «-і»-нің өзі тәуелдіктің үшінші жағының жалғауы: көп – көбі. Ал енді оған апарып қайтадан тәуелдіктің үшінші жалғауын жалғаудың өзі басы артық дүние. Мұны тілдегі артықшылық дейді. Сондықтан сақ болып, әрбір сөзіміз нормаға сай болуын қадағалауымыз керек.

Қазақ әдеби тілінің барша заңдылықтарын, оның ішінде ауызша сөйлеу, әсіресе шаршы топ алдында сөз айту нормаларын бұзбай, дұрыс пайдалануда, тек пайдалану ғана емес, ол нормаларды көпшілікке үйретіп, таратуда, орнықтырып, бекітуде балабақша тәрбиешілерінен

бастап, мектеп мұғалімдерінің, институт, университет оқытушыларымен қатар, қазақ сахна қайраткерлерінің, радио, теледидар дикторлары мен хабар жүргізушілерінің, әншілер мен эстрада шеберлерінің міндеттері мен қызметтері орасан зор екенін айту керек. Әрине, ана тілін игеру, оны дұрыс жұмсай білу отбасынан, баланың ата-анасы мен айналасындағы үлкендерден басталуы керек екендігі даусыз ақиқат. Сондықтан да бала тәрбиесін бесіктен бастауға тиіспіз. Отбасынан, жақсы ұстаздан тәрбие алған бала болашақта өз ұлтының нағыз патриоты болмақ. Өз ана тілін өз анасындай қастерлеген, ауызша да жазбаша да сауатты оқушы болашақта қандай қызмет істесе де өз ісінің нағыз шебері болары сөзсіз. Халық перзенті Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін!..» - деген бір ауыз сөзі бізді қанаттандырады. Мен де біздің жастарымыз өз тілінің нағыз жанашырлары боларына сенемін. Сенім мен үміт алдамайды!..

Әдебиеттер тізімі:

1. Аманова Ғ. «Халықтық педагогика – даналық мектебі» (зерттеу мақалалар, ой-толғамдар). – Алматы:Сарыжайлау, 2012. – 264 б.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Назарбаев Зияткерлік мектебі ДББҰ, 2015ж.
3. Оспанова А. «А. Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік өмірбаянындағы ағартушылық мұраттар». –Алматы: ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 1 (153). 2015.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

А.Н. Ораз[1], Қ.Т. Маликов[2]

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ,Шымкент, [1,] Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан[2]

Қазіргі білім беру жүйесінде тіл үйрету тек коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырумен ғана шектелмейді, сонымен қатар білім алушылардың мәдени және танымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ерекше назар аударылып отыр. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда сөздік қорды меңгеру – тілдік тұлғаның мәдени дүниетанымын қалыптастырудың басты тетігі. Осы ретте тілді үйрету барысында сөздің жеке тұрғандағы мағынасынан бөлек, оның ұлттық-мәдени мазмұнын меңгерту – мәдени-танымдық негізі. Сол себепті де лексикалық дағдыларды мәдени-танымдық тұрғыдан қалыптастыру мәселесі қазақ тілін оқыту әдістемесінің маңызды аспектілерінің бірі.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы лексикалық дағдылардың қалыптасуы – соңғы жылдары әдістеме ғылымында ерекше назарға алынған бағыттардың бірі. Бұл мәселені мәдени-танымдық тұрғыдан зерделеу тіл үйретудің мазмұнын тек тілдік бірліктерді меңгертумен шектемей, сол тілде сөйлеуші халықтың дүниетанымын, құндылықтар жүйесін және ұлттық-мәдени болмысын танытуға бағыттайды. Мәдени-танымдық бағыттың теориялық негізі В. фон Гумбольдт пен Э. Сепир, Б.Уорфтың тіл мен мәдениеттің өзара байланысы жөніндегі тұжырымдарынан бастау алады. Ғалымдар оны келесідей тұжырымдайды: тіл – халық рухының айнасы, ал лексика – сол рухани мәдениеттің бейнесін жеткізетін басты арна [1], [2]. Бұл идея қазіргі тіл үйрету әдістемесінде мәдениетаралық коммуникация мен лингвомәдениеттану теорияларымен сабақтасып дамуда [3] , [4].

Қазақ тілін оқыту саласында мәдени-танымдық бағытты ғылыми тұрғыда негіздеуге елеулі үлес қосқан зерттеушілер қатарында Ф.Ш.Оразбаева [5], Н.Ж. Уәли [6] сынды ғалымдарды атауға болады. Ф.Ш. Оразбаева өз еңбектерінде тілдік қатынас пен коммуникативтік құзыреттілік ұғымдарын мәдени контексте қарастырып, тілді үйрету барысында ұлттық болмысты танытудың маңызын ерекше көрсетеді. Ғалымның пікірінше, тілдік бірліктердің мәдени-танымдық мазмұнын ашу оқушының дүниетанымдық көкжиегін кеңейтіп, тілдік материалды мағыналы қабылдауына ықпал етеді. Н. Уәли мен Р. Сыздық еңбектерінде қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің ұлттық-мәдени семантикасы,

этномәдени сипаты мен танымдық жүктемесі кеңінен сипатталған. Мұндай еңбектер лексикалық қорды оқытуда сөздің мәдени астарын ашуға әдістемелік тірек бола алады. Қазіргі кезеңде зерттеу еңбектерінде цифрлық және корпустық ресурстар арқылы мәдени-танымдық бағыттағы лексикалық материалды іріктеудің әдістемесі қарастырылуда. Бұл бағыт лексикалық дағдыны дамытуда деректердің жиілігі мен мәдени контекстті қатар ескеруге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, ғылыми еңбектерді талдау нәтижесінде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда лексикалық дағдыларды мәдени-танымдық тұрғыдан қалыптастырудың келесідей теориялық негіздерін атап айтуға болады:

Лингвомәдениеттанулық негіз – сөздің мәдени мазмұнын, ұлттық дүниетанымдағы орнын түсіндіру;

Танымдық-психологиялық негіз – оқушының мәдени құндылықтар арқылы жаңа ұғымдарды қабылдау және есте сақтау процесін белсендіру;

Коммуникативтік негіз – тілдік бірліктерді мәдени контексте қарым-қатынас жағдайында қолдану.

Осылайша, лексикалық дағдыларды мәдени-танымдық тұрғыдан қалыптастыру мәселесі – тіл үйретудің дәстүрлі әдістерін жаңаша пайымдауға мүмкіндік беретін, әрі ұлттық мәдениетті сақтап, оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін тиімді бағыттардың бірі.

Мәдени-танымдық бағыттағы оқыту – білім алушының лексикалық қорын ұлттық құндылықтар негізінде байытуға бағытталған жүйелі үдеріс. Бұл үдеріс бірнеше өзара байланысты қағидаларға сүйенеді. Біріншіден, лингвомәдениеттанулық қағида тілдегі лексикалық бірліктердің мәдени таңба ретіндегі қызметін танытады. Екіншіден, когнитивтік қағида оқушының мәдени ақпаратты тілдік таңбалар арқылы қабылдау, өңдеу және есте сақтау механизмін ескереді. Үшіншіден, коммуникативтік қағида тіл үйренушіні тілдік материалды өмірлік жағдаяттарда еркін қолдануға бағыттайды. Бұл үш бағыттың тоғысуы лексикалық дағдының мәдени-танымдық сипатын ашады.

Қазақ тілін оқыту тәжірибесінде мәдени-танымдық бағытты жүзеге асырудың тиімді жолдарының бірі – мәтіндер мен жаттығуларды мәдени мазмұн негізінде іріктеу. Мәселен, салт-дәстүр, ұлттық тағам, тұрмыс, киім, музыка, халық ауыз әдебиеті элементтерін қамтитын мәтіндер білім алушыға қазақ халқының мәдени өмірінен нақты көрініс береді. Мұндай мәтіндер лексикалық материалды өмірмен байланыстыруға, тіл үйренушілердің тілдік қолданысын табиғиландыруға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар тіл үйретуде фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, ұлттық реалийлер арқылы мәдени коннотацияны таныту ерекше нәтиже береді. Мәдени мазмұндағы жаттығулар жүйесін қолдану лексикалық материалдың есте сақталуын және белсенді қолданылуын арттырады. Мұндай тапсырмалар көбіне жағдаяттық диалог, мәдени сұхбат, бейнелі салыстыру, этнографиялық мәтіндермен жұмыс түрінде ұйымдастырылады. Мысалы, *«Қазақ ұлтының қонақжайлық дәстүрі»* тақырыбына байланысты сөздік жұмыс жүргізу арқылы оқушы *«қонақ», «дәм», «сый», «жоралғы»* сияқты сөздердің тек лексикалық емес, мәдени астарын да ұғынады.

Мысалы, ғалым Е.Жанпейісовтің *«ерулік»* сөзін талдауынан мәдени семантиканың интерпретациялануын байқаймыз. Бұл ұғымның тек «*жаңа көршіге деген дастархан жаюы»* деген ұғымынан бөлек, қазақтың өзіне ғана тән қонақжайлылық, көршілік, ізет көрсету дәстүрінің жиынтық көрінісі екенін дәлелдейді. Өйткені мұндай сөздер әр сөйлемнің құрамында әртүрлі аударылып, тіл үйренушінің ұғымында нақты түсінікті қалыптастыру алмауы мүмкін. Ғалым Е.Жанпейісов бұл сөзді рухани-мәдени лексикалардың ішінде қарастырып, сөздің этнографиялық лексикасының элементтері тікелей түрік тілдеріне байланысты екендігін айтады. Бұл сөздің этимологиялық зерттелу тарихына тоқталсақ, оның семантикасы біршама өзгерістерге ұшыраған. А.К.Боровковтың «Лексика среднеазиатского тефсира XII-XIII вв» еңбегінде «ерулік» сөзі «*мекен, жайлы мекен, еркіндік»* секілді мағынаны береді [7, 56-б.]. *«Ерулік-еруудік»* көршінің көшіп келген ауылға беруге тиісті нан-тұзы, *«өрулүк»* жаңадан қоныстанғандар үшін осы мекенде бұрыннан жайғасқандардың сый көрсетуі. М.Әуезовтің еңбегінде осы соңғы мағынамен байланысты қолданылған: *Алғаш үлкен ауылдың ерулігі деген табақ-табақ еттер, саба-саба қымыздар, көп-көп қыдырушы*

қатындармен ілесе келіп-келіп қалды. Орысша аудармасы: *В первый же день им со всех сторон стали приносить мясо и кумыс – полагающееся по обычаю приношение Зере и большому аулу [*8, 48-б.*].* Мұнда «ерулік» сөзін тура баламамен бермей, оның мәдени және тұрмыстық мәнін сипаттау арқылы жеткізген. Сөздің концептуалдық мазмұнын (дәстүр, салт, жоралғы) «полагащееся по обычаю приношение» тіркесі арқылы түсіндіріп отыр. Қазақ ұлтының ұғымында «ерулік» – жақсылық тілеу, бейбіт көршілік, ынтымақ белгісі болса, ал аударма ішіндегі мәнмәтінде тек әдептік әдет, *customary offering* ретінде ғана көрініс тауып тұр. «Ерулік» ұғымы тек зат есім емес, толық мәдени ұғымға ие: жаңа үйге немесе көршіге алғаш барған кезде тағам апару; қоғамдық қатынасты нығайту, өзара қолдау көрсету; тілектестік пен ізеттілік белгісі.

Е. Жанпейісов, «Этнокультурная лексика казахского языка» еңбегінде бұл сөздің семантикасын *«социально-бытовая традиция, выражающая идею добрососедства и коллективного единства»* деп анықтайды [8, 49-б.]. Жоғарыда келтірген мысалдағы секілді сөздің аудармасын тек контекстің мағынасы арқылы берген Параллель корпустан алынған екі тілдегі мысалдарды 1-кестеде бердік.

Қазақ тілінде	*Орыс тілінде (аударма)*
Құнанбайға жұрттың көңілі әралуан болғанмен, ежелгі салт-машық бойынша бұл өңірдегі ағайын Зере отырған үйді жатсынған жоқ. Бірақ сыбаға мен ерулік әкелушілер көп болса да, бұл келгендердің ішінде Бөжей, Байдалыдан немесе Сүгір, Сүйіндіктен келген белгі болмады. Келіп жатқанның барлығы момын ағайын. Араз-құразға ынтасы мен бейілі жоқ, жай шаруаның ауылдары еді. Үй іші келушінің барлығына ырза болды да, келмегенді санаған жоқ.	Старую Зере не обошел никто. Несмотря на рамолвку с Кунанбаем родичи, жившие в этих местах, все побывали у нее, кроме Божея, Байдалы, Сугира и вспоминали, будто и не замечали их отсутсвия.
Қаражанды Мәніке арқылы, үстіне қатын алдыртуға көндіртті. Ысқақ аулын жақсы күтіп, төбеге көтеріп сыйлауды да үндемей жүріп Әзімбай өзі басқарған. Дәл қазір екі абысынды оңаша қалдыртып, ендігі тың сөзді емін-еркін сөйлеттіруге де сырттан үйшік құрып жүрген Әзімбайдың өзі. Мәніке мен Қаражан оңаша қалысымен Әзімбай үй сыртында, есік алдында, бір құрық жонған боп отырып алды. Және өзінің әйелі қалың қара келіншек Мәтішті шақыртып алып: Мынау үйге, апамның үстіне жан кіргізбе. Анау ұраңқайда ағамдар отыр, оларға да біреу кіріп, сөздерін бөлмесін. Өзің бақ! – деп салқын қабақпен ақырын бүлк етіп тапсырған-ды. Осылайша ендігі Құнанбай ауылында жаңа басталатын тартыстың ішкі арқауын өз қолына қымтып ұстап алған Әзімбай еді.	И сын Такежана задумал настроить самонадеянную Манике, которая недолюбливала Абая, чтобы она уговорила Каражан разрешить отцу взять токал. И это Азимбай устроил, чтобы Манике пришла к его матери и осталась с нею наедине. Сам он сел снаружи юрты перед входом, начал строгать ножом длинный шест под арканный курук. Кликнул свою жену, толстую смуглую Матиш, и приказал ей никого в этом дом, к нашей апа, не пускать! Пусть ни одна душа не пройдет к ней, не помешает разговору, поняла?

1-кесте. «Ерулік» сөзіне Параллель ішкорпус бойынша алынған мәтін үзінділері.

Кестеде берілген алғашқы мәтін ішіндегі «ерулік» сөзі әлеуметтік қатынастың көрсеткіші ретінде көрінеді. Жаңа қоныстанған көршілеріне кімнің ерулікті әкеліп, кімнің әкелмегені арқылы қоғамдағы қарым-қатынастың, туыстық сыйластықтың деңгейін бағамдайды. Алайда орысша нұсқада *«ерулік»* мүлде аударылмаған, тек жалпы мазмұны (*все побывали у нее*) арқылы беріледі [9]. Мұнда лексикалық бірлік контекстік мағына арқылы жұтылып кеткен. Бұл мәтіндегі «ерулік» сөзінің семантикалық реңкі: қарым-қатынас мәдениеті, туыстық сыйластық, дәстүр нормасы. Кестедегі екінші мәтінде «ерулік» сөзі дәстүрдің іс-әрекетпен, әлеуметтік жағдаймен байланысқан түрін білдіреді: үлкен ауылдың жаңа көршісіне дастарқан жаюы арқылы өз беделін көрсету, «ерулік үстінде» — қоғамдық ортадағы саяси-әлеуметтік ахуалды сипаттайтын контекст. Аудармашы мұнда *ерулік үстінде* тіркесін мүлде алып тастаған, себебі оны орыс тіліне тура аудару реалийдің табиғи емес қабылдануына әкелер еді. Сөздің мәдени мәні түгел жоғалған, тек жағдаяттық әрекет арқылы келтіріп отыр. Мұндағы семантикалық реңк: ерулік беру арқылы бедел көрсету секілді мағынаны береді. Осы берілген мәтіндер бойынша 2-кестедегідей талдау түрін ұсынуға болады.

Қазақша контекст	**Аудармасы**	**Аударма тәсілі**	**Мағыналық реңк**	**Мәдени реңк**

«ерулігі деген табақ-табақ еттер…»	«полагающееся по обычаю приношение»	Сипаттамалық аударма	Қонақжайлық, дәстүр	Жартылай сақталған
«сыбаға мен ерулік әкелушілер көп болса да…»	(ерулік аударылмаған)	Мағынаны түсіндіру арқылы	Қарым-қатынас мәдениеті	Аудармада көрсетілмеген
«ерулік үстінде Ысқақ аулын жақсы күтіп…»	Баламасы жоқ	Омиссиялық аударма	Дәстүр аясындағы әрекет	Аудармада баламасы берілмеген

2-кесте. Мәтіндердегі «ерулік» сөзін талдау үлгісінде мәдени реңктің берілуі.

Лексикалық дағды – бұл тіл үйренушінің сөзді тани алу, мағынасын түсіну, контекске сай қолдана алу, коммуникативтік жағдайға сәйкес таңдай алу қабілеті. Ол үш деңгейде қалыптасады: *Танымдық деңгей* – сөзді қабылдау, мағынасын түсіну. *Қолданымдық деңгей* – контексте дұрыс қолдану. *Коммуникативтік деңгей* – сөзді мәдени және әлеуметтік жағдаятта орынды пайдалану.

Тіл үйренуші «ерулік» сөзін алғаш естігенде, оның тура баламасы басқа тілде жоқ екенін байқай алады. Мұнда мұғалім сөздің мәдени контекстін ашу арқылы семантикалық өрісін түсіндіреді: *Ерулік – жаңа көшіп келген көршіге ескі ауылдың сыйлық әкелу дәстүрі; қазақтың қонақжайлығының көрінісі.* Бұл кезеңде лексикалық тану және мағынаны мәдени контексте түсіну жүреді. Келесі қадам контексте қолдану дағдысы. Білім алушыларға «ерулік» сөзі қолданылған көркем мәтіндерді ұсынуға болады. Осы арқылы сөздің контекстке қарай әртүрлі реңк алатынын байқау қажет: *ерулік әкелу* – әрекет мағынасында, дәстүр белгісі; *ерулік үстінде* – уақыт немесе оқиға фонын білдіреді. Осы арқылы тіл үйренуші сөздің семантикалық икемін, қолданыс шегін түсінеді. Бұл әлемдік білім беру тәжірибесінде лексикалық икемділік (flexibility) дағды деп аталады.

Сонымен, тіл үйренуші мәдени ұғымды білдіретін лексикаларды меңгеру арқылы: сөздің когнитивтік бейнесін қалыптастырады (оның артындағы өмірлік жағдайды түсінеді); ұлттық мәдени кодты тани бастайды; тілдік бірлікті дұрыс прагматикалық контексте қолдануға үйренеді. Мұндай сөздер лексикалық дағдыны тек лингвистикалық емес, мәдени-танымдық тұрғыдан байытады. Осы негізде тіл үйренушінің бірнеше дағдылары қатар дамиды

3-кесте. Рухани-мәдени лексикалық бірліктерді меңгерту негізінде қалыптасатын дағды түрлері.

Дағды түрі	Рухани-мәдени лексикалар
Тану дағдысы	Сөздің мағынасын, шығу төркінін түсінеді.
Қолдану дағдысы	Сөзді сөйлемде, көркем мәтінде орынды қолданады.
Коммуникативтік дағды	Сөздің мәдени астарын қатысым жағдайына сай пайдаланады.
Мәдени құзырет	Қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшелігін, әлеуметтік қатынас нормаларын меңгереді.

«Ерулік» секілді мәдени жүктемесі бар лексемаларды оқыту – лексикалық дағдыларды табиғи коммуникативтік ортада қалыптастырудың тиімді жолы. Оқушы сөздің тілдік мағынасы мен мәдени мазмұнының өзара байланысын түсінгенде ғана, ол лексикалық бірлікті саналы, функционалды түрде қолдана алады. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда лексикалық дағдыларды қалыптастыру мәселесі тіл үйретудің тек тілдік қырын ғана емес, мәдени-танымдық аспектісін де қамтитын күрделі үдеріс. Лексикалық бірліктерді мәдени мазмұнмен байланыстыра меңгерту – тіл үйренушінің таным көкжиегін кеңейтіп, ұлттық дүниетаным элементтерін түсінуіне мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл білім алушының сөзді тек семантикалық тұрғыдан емес, мәдени контексте тануына, яғни сөздің қолданылу аясы мен прагматикалық реңкін айқындауға бағыттайды.

Мақалада қарастырылған «ерулік» сияқты мәдени семантикасы терең лексемалар тіл үйренушінің сөздік қорын байытумен қатар, ұлттық мәдениетті тану дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны анықталды. Осындай тілдік бірліктер арқылы оқушы тек жаңа сөзді үйреніп қана қоймай, сол сөздің артындағы әлеуметтік, этикалық, тұрмыстық дәстүрлермен танысады. Нәтижесінде оның тілдік құзыретімен

қатар мәдени-танымдық құзыреті де дамиды. Сондықтан лексикалық дағдыларды қалыптастыру үдерісінде мәдени мазмұнды мәтіндер, этнолингвистикалық материалдар, ұлттық ұғымдарды қамтитын жағдаяттық тапсырмалар кеңінен қолданылуы тиіс. Бұл тәсіл оқушылардың тілді шынайы коммуникациялық ортада қолдану қабілетін жетілдіріп, олардың мәдениетаралық қарым-қатынасқа бейім тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Қорыта айтқанда, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда лексикалық дағдыларды мәдени-танымдық тұрғыдан қалыптастыру – заманауи тіл білімінің антропоцентристік бағыттарымен үндес, тіл мен мәдениетті тұтастықта қарастыруға негізделген тиімді әдістемелік бағдар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Von Humboldt W. Humboldt: On language: On the diversity of human language construction and its influence on the mental development of the human species. – Cambridge University Press, 1999.
2. Sapir E. Culture, language and personality. – Univ of California Press, 1949.
3. Воробьев В. В. Лингвокультурология. – Российский университет дружбы народов, 2008.
4. Тер-Минасова С. Г. и др. Межкультурная коммуникация //М.: изд-во МГУ. – 2000. – С. 14-15.
5. Оразбаева Ф. Ш. Научно-теоретические основы языковой коммуникации и коммуникативного метода: АДД: 13.00.02. - Алматы, 1996.- 57 с.
6. Уәли Н. М. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. – Алматы, 2007 ж. – 326 б.
7. Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тефсира XII-XIII вв. – М., 1963. С. 84
8. Жанпейісов Е. – М. Этнокультурная лексика казахского языка (на материале произведений М. Ауэзова). – Алматы : Наука, 1989. — 283 с.
9. https://qazcorpus.kz/_paralel-ishkorpus/index.php?soz=ерулік

АЛАШ КЕЗЕҢІ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН САНДЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

А. А. Орманова[1], Т .Е. Алексеева-Нилова[2]

[1] 2-курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

[2]ф.ғ.к., доцент, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург, РФ.

Мақалада қазақ тілін екінші тіл (Т2) ретінде оқыту әдістемесін жаңғырту және жасанды интеллект (ЖИ) сияқты цифрлық технологияларды енгізу мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – XX ғасырдың басындағы Алаш ағартушылары А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, Қ. Кемеңгерұлы және Т. Шонанұлының ана тілі әдістемесі мен жалпы педагогикаға қатысты психо-когнитивтік тұжырымдарын талдау және олардың қазіргі ЖИ-ге негізделген оқыту модельдеріндегі көрінісін анықтау. Талдау нәтижесінде Алаш зиялыларының оқытуды өмірмен байланыстыруға («баулу мектебі»), бала психологиясын ескеруге («тұтас нәрседен бастау»), барлық сезім мүшелерін жұмылдыруға («көпсезімдік қабылдау») және зерттеу әдісін қолдануға бағытталған идеялары бүгінгі психо-когнитивтік теорияларының негізі екені анықталды. Бұл озық идеяларды әрбір оқушы үшін жеке жүзеге асырудағы тарихи шектеулерді бүгінгі күні жасанды интеллект көмегімен толық шеше алатыны байқалып отыр. Жалпы ЖИ – Алаш ағартушыларының педагогикалық мұрасын жаңа технологияға бейімдеуге мүмкіндік беретін бірегей құрал. Бұл ұлттық педагогикалық мұра мен заманауи инновацияның бірігуі арқылы қазақ тілін меңгертудің тиімділігін арттырады.

Қазақ тілін екніші тіл ретінде оқыту әдістемесін жаңғырту – бүгінгі күнінң кезек күттірмейтін ғылыми-педагогикалық міндеті. Сандық технологияның, әсересе жасанды интеллектінің (ЖИ) білім беру саласына енуі тіл меңгертудің жаңа мүмкіндіктерін ашуда. Дегенмен кез келген инновациялық әдістеме тарихи негіздер мен ұлттық ой-пікірлерге негізделгенде ғана толыққанды және тиімді болады. Осы орайда, XX ғасыр басындағы Алаш ағартушыларының әдістемелік ізденістерін қайта саралап, олардың озық идеяларын қазіргі

ЖИ технологияларының мүмкіндіктерімен ұштастырудың теориялық және практикалық маңызы зор.

ХХ ғасырдың басы – қазақ білім беру жүйесі үшін түбегейлі реформалар мен жаңашыл идеяларға толы жыл болды. Сондай-ақ қазіргі ғылым-білім саласының қайнар көзі десек артық айтқандық емес. Бұл кезеңдегі қазақ зиялыларының еңбектері тек тіл білімі мен әдебиеттануды ғана емес, сонымен қатар педагогика мен оқыту әдістемесін де жңа жүйеге көтерді. Олардың ізденістері ЖИ-негізделген оқытудың негізгі принциптеріне үндесіп жатқанын айтпасқа болмайды.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік көзқарастарының өзегі – оқытудың өмірмен, нақты іс-әрекетпен тығыз байланыста болуы. Бұған дәлел – Байтұрсынұлы «баулу» ұғымын жай ғана теориялық білім беру емес, нақты іс-әрекет арқылы дағдыландыру деп түсіндіруі. Ол өзінің «Баулу мектебі» атты мақаласында «қасқыр күшігін жеуге баулығанда, қорадан қозы ұрлап отырып баулиды. Мысық баласын тышқан ұстауға баулығанда, тышқанды тірілей әкеп беріп баулиды» деп жазады [1]. Бұл қазіргі педагогикадағы іс-әрекет арқылы оқу немесе функционалдық сауаттылық прициптерінің нақты көрінісі.

Ал ЖИ-негізделген платформалар дәл осы «баулу» ортасын жасай алады. Мысалы, үлкен тілдік модельдер арқылы тіл үйренуші дүкенде сатушымен немесе әуежайда қызметкермен сөйлесу сияқты нақты өмірлік жағдаяттарды іске асыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Ұлт ұстазы тіл оқытуда екі негізгі танымдық (когнитивтік) жолды саралайды. Ескі «дыбыс әдісі» - «жалпылау» (синтез), яғни ұсақтан іріге қарай жүру (дыбыс-буын-сөз) және «Жалқылау» (анализ) әдісін жаңа «Әміркән (тұтас сөз» әдісі деп беріп, іріден ұсаққа (тұтас сөз – буын – дыбыс) қарай талдау дейді [2].

Бұл екі әдісті (анализ, синтез) ЖИ-ге бейімдеп қарастыратын болсақ, тілді меңгеруші алдымен тұтас мағыналы мәнмәтінді жалпылама түсінеді (анализ), содан кейі ЖИ жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды жеке-жеке түсіндіріп, жаттығулар береді (синтез).

Алаш ағартушыларының тағы бір көрнекті өкілі, қазақ топырағында бала психологиясы мен оқыту әдістемесін ұштастырған алғашқы ғалымдардың бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Ол өз заманында сол кезеңдегі оқу әдістерін сынап, бала қабылдауының ерекшеліктеріне сай жаңашыл ұсыныстар енгізді. Аймауытов тіл үйретуді бала психологиясымен тығыз байланыстырады және оқу үдерісінде барлық сезім мүшелерін жұмылдырудың маңызын атап өтеді. Ол дыбыс әдісі баланың табиғатына жат: «баланың табиғаты қолма-қол, айқын, бүтін, тұтас нәрседен бастағанды қалайды». Оның пікірінше, абстрактілі дыбыс пен әріптен бастау бала үшін ұғымсыз [3]. Ж. Аймауытовтың әдістемесін ЖИ-ге негіздейтін болсақ, бұл қазіргі ЖИ-әдістемесінің негізгі принципі екенін байқауға болады. ЖИ алдымен үйренушіге тұтас, мағыналы контекст ұсынады (мысалы, видео немесе интерактивті ойын), содан кейін ғана жеке сөздер мен грамматиканы түсіндіруге көшеді. Сондай-ақ Ж. Аймауытов бала ақпаратты тиімді меңгеруі үшін барлық сезім мүшелерін жұмылдыру керектігін айтады. Балаға сөйлеңіз (тыңдасын!), жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз (тілмен қызмет етсін!), жазыдырыңыз (қолымен, денесімен істесін!» дейді [4]. Мысалы, Duolingo сияқты тіл үйрету қолданбалары жаңа сөзді суретімен көрсетіп, дыбысталуын тыңдатып, кейін сол сөзбен сөйлем құрғызып, жаздырып жаттықтырады.

Алаш ағартушыларының тағы бір буыны – Қошке Кемеңгерұлы мен Телжан Шонанұлы. Олар оқытудың практикалық және когнитивтік белсенділікке негізделуі керектігін айтады.

Қ.Кемеңгерұлы 1920 жылдары «Жат тілді оқытуә атты еңбегінде жат тілді оқытуда екі негізгі бағыт бар екенін алға тартып, үйлестіру (синтез) және талдау (анализ) әдістерін салыстырды. Үйлестіру (синтетикалық) әдісте грамматиканы жүйелі үйрету, ережелерді жаттату басым болса, талдау (аналитикалық, кейде әңгіме әдісі деп те аталады) тіл меңгеруді дайын байланысты мәтіндер мен сөйлемдерден бастау тиімділін мойындайды [5]. Қазір ЖИ жүйелері Қ. Кемеңгерұлы қарастырған кешенділкті толығымен жүзеге асыра алады. ЖИ коммуникативтік тапсырмалар арқылы талдау әдісін жүзеге асырады және интеллектуалды тьюторлық жүйелер арқылы жекелендірілген жаттығулар беру арқылы синтез әдісінің мінттерін орындайды. Телжан Шонанұлының зерттеу әдісі – қазіргі педагогикадағы зерттеуге

негізделген оқыту тұжырымдамасының ертедегі көрінісі. Ғалым балаларға дайын білім бермей, өздері бақылап, қорытынды шығаруға үйретуді ұсынады. Мәселен, табиғаттану сабағында мұздың тас жаруы туралы мәліметті кітаптан оқыта салу орнына, оқушыларға тәжірибе жасатуды жөн көрді. Яғни балалар тасты суға салып қатырып, оның жарылғанын өз көзімен көрсе бұл білім әлдеқайда мәнді әрі есте қаларлық болады деп жазды [6]. Ал бұл зерттеу бойынша ЖИ тілдік «зертхана» бола алады. Тілді меңгеруші ЖИ-ден грамматикалық ерекшеліктерді сұрап, түрлі формаларды қолданып, өз болжамдарының дұрыс-бұрыстығын анықтай алады. Бұл тілдік құбылыстарды белсенді зерттеу арқылы меңгерудің заманауи жолы.

Алаш қайраткерлері көтерген көптеген әдістемелік мәселелер сол кезеңдегі әлемдік педагогикадағы трендтермен үндес болды. Мысалы, Қ.Кемеңгерұлы өз еңбегінде «көрнекі оқу әдісі» мен «табиғи әдіс» туралы айтса, бұл сол уақыттағы Еуропада кең тараған Тікелей әдіс пен Табиғи әдістің баламасы еді. Тікелей әдіс – XIX ғасырдың соңында грамматикалық-аударма әдіске қарсы пайда болған еді. Бұл әдістің негізгі принципі – аудармадан мүлде бас тарту, шет тіліндегі сөзді оқушының ана тіліне аударып әре болмай, тікелей сол заттың өзі немесе суреті арқылы түсіндіру. Мысалы, шет тілінде *«apple»* деген сөзді үйрету үшін мұғалім қолына алма алып көрсетеді немесе суретін көрсетіп, сол тілде *«This is an apple»* деп атайды. Бұл әдістің ең танымал өкілі – Максимилиан Берлиц [7]. Тікелей әдіс бойынша оқулықтарда аудармасы жоқ суреттер, диалогтар беріледі. Уақыт өте келе бұл әдіс «табиғи әдіс» деп те аталды, өйткені бала ана тілін қалай табиғи жолмен меңгерсе, шет тілі де солай меңгерілуі тиіс. Бүгінгі ЖИ дәуірінде тікелей әдіс жаңа мүмкіндіктерге ие болды. Мысалы, Duolingo сияқты танымал тіл үйрету қосымшалары осы принципке сүйенген.

Қорытындылай келе, бұл мақалада XX ғасыр басындағы қазақ ағартушыларының педагогикалық ой-пікірлерінің өз заманынан озық болғанын және қазіргі заманғы ең озық әдістемелердің негізгі принциптеріне толық сәйкес келетінін көрсетті. Алаш зиялыларының басты шектеуі – осы озық идеяларды әрбір оқушы үшін жеке-жеке жүзеге асыратын технологиялық құралдың болмауы еді. Бір мұғалімнің 30 оқушының әрқайсысына жеке «баулу» ортасын құрып, олардың жеке «жақын арадағы даму аймағын» анықтап, үнемі қолдау мүмкін емес еді. Ал бүгінгі жасанды интеллект – осы мәселенің шешімі. Ол Алаш ағартушыларының педагогикалық мұрасын жаңа технологиялық деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірегей құрал. Сондықтан ЖИ-ді қазақ тілін меңгертуге енгізуді жай ғана жаңа технологияны қолдану ретінде емес, қазақ әдістемесінің негізін қалаған ұлы ойшылдардың идеяларын жүзеге асыратын, олардың ісінің заңды жалғасы ретінде қарастыру қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы, А. (1925). Баулу мектебі. Жаңа мектеп, (1), 24-27.
2. Байтұрсынұлы, А. (1927). Ана тілінің әдісі. Жаңа мектеп, (9), 23-31.
3. Аймауытов, Ж. (б.ж.). Қазақша қат таныту әдістері. Жаңа мектеп.
4. Аймауытов, Ж. (б.ж.). Ана тілін қалай оқыту керек?
5. Кемеңгерұлы, Қ. (б.ж.). Жат тіл оқыту әдісі
6. Шонанұлы, Т. (1926). Зерттеу әдісі. Жаңа мектеп (4)
7. Кашина, Е. Г., & Гринштейн, А. С. (2006). Традиции и инновации в методике преподавания иностранного языка.

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

Рустемова Ж.Ж., Кунева Қ.Е.

НЗМ ДББҰ, Педагогикалық өлшеулер орталығының сарапшылары, Астана, Қазақстан.

Әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сәйкес, оқыту үдерісінің орталық тұлғасы – білім алушы субъект, ал оның алған білімінің түпкі нәтижесі – құзыреттіліктер болып белгіленгендіктен, «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру

мәселесінің өзектілігі артып отыр. Осыған байланысты «сауаттылық» ұғымының мәні мен мағынасы жаңа қырынан қарастырылуда. Сауаттылық бұрынғыдай тек оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі, белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім, білік және дағдылардың жиынтығын меңгеру, яғни функционалдық сауаттылыққа қол жеткізу деген сипатта қабылданады. Осы себептерге байланысты білім берудегі функционалдық сауаттылық мәселесі барлық деңгейдегі талқыланатын негізгі тақырыптардың біріне айналды.

Функционалдық сауаттылық ұғымы зерттеушілер арасында кеңінен талқыланады, оны алғаш рет 1957 жылы ЮНЕСКО енгізген деп есептеледі. Алпысыншы жылдардың соңы мен жетпісінші жылдардың басында білім беру нәтижелерінің өмірлік маңызды құзыреттіліктерді қамтымайтыны және қоғам талаптарына сай келмейтіні туралы пікірлер белсенді түрде қалыптаса бастады. Осы кезеңде білім берудегі құзыреттілік тәсілінің жаңа идеяларының бірі ретінде функционалдық сауаттылықты дамыту қажеттілігіне басты назар аударылды. Ал PISA бойынша функционалдық сауаттылық – бұл анықталған құзыреттер жиынтығы, мұнда құзыреттілік оқушылардың мектепте алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін білдіреді [1, 5-б.]. Жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыру тек білім беру жүйесі шеңберіндегі пәндік салалар бойынша академиялық білім жетістіктерінің негізі ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірдің көптеген салаларына сәтті қатысудың міндетті шарты болып табылады.

Қазіргі уақытта білім алушылардың базалық білімі мен оқу жетістігі екі түрлі бағалау арқылы өлшенеді: ішкі бағалау және сыртқы бағалау. Ішкі бағалау оқу пәні бойынша меңгерген білім деңгейін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты өлшеміне сәйкес жүзеге асырса, сыртқы бағалау әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелеріне сәйкес (ҰБТ, ОЖСБ), сондай-ақ жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын бағалайтын халықаралық зерттеулерге TIMSS, PISA және PIRLS қатысуы арқылы жүзеге асырылады [2, 12-б.]. Осыған орай, Қазақстан білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау мақсатында үш жыл сайын PISA халықаралық зерттеуіне қатысып келеді. PISA зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15 жастағы оқушылардың математикалық, жаратылыстану және оқу сауаттылықтары бойынша білім жетістіктерін, сондай-ақ оқу барысында меңгерген білімдері мен біліктерін өмірлік жағдайларда қолдана білу дағдыларын бағалауды мақсат етеді. Қазіргі әлемдік контексте оқытудың табыстылығын тек пәндік академиялық білім деңгейін анықтайтын бағалау түрлерімен өлшеу жеткіліксіз, себебі функционалдық сауаттылықтың қалыптасу деңгейі оқушының қазіргі қоғамдағы өмірге дайындығының көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар оқытудың нәтижелігі мен оқушылардың білім жетістіктерінің деңгейін көрсететін негізгі параметрлердің бірі болып саналады.

Жоғары ойлау дағдыларының біртұтас бірлігі ретіндегі оқу сауаттылығының мәнін, рөлін айқындау мен қалыптасу деңгейін бағалау бағытында Қазақстанда айтарлықтай тәжірибе жинақталды. Олардың ішінде 2020 жылдан бері өткізіліп, сенімді бағалау құралы қатарында жоғары маңыздылығы уақытпен дәлелденген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 14 жастағы оқушыларының функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалау тестін атауға болады. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалы «Педагогикалық өлшеулер орталығы» әзірлеген бұл тест – қажетті ақпаратты алу, оны түсіндіру және пайдалану, сыни талдау және өмірлік жағдайларда қолдану сияқты функционалдық дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтауға және оларды меңгерудегі проблемалық сәттерді айқындауға ықпал ететін зерттеу болып табылады. Аталған зерттеудің нысаны – Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 14 жастағы оқушыларының білім жетістіктері. Бұл жас кезеңі оқушыларға болашақта қажет болуы мүмкін білім мен дағдыларды анықтау, сондай-ақ олардың қазіргі әлемге табысты бейімделуі үшін қажетті білім алу қабілетін бағалау үшін маңызды. Тест үшін әдістемелік негіз ретінде PISA халықаралық бағдарламасының тұжырымдамасы таңдалды.

Осы еңбекте Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 14 жастағы оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін бағалау тестінің құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктеріне, нәтижелер мен қорытындыларға талдау жасау және аталған тест түрінің

PISA зерттеуіне сәйкестігін анықтау мақсаты көзделді. Егер аталған бағалау құралы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында оң динамика көрсетсе, PISA халықаралық зерттеуіне дайындық мақсатында маңызды құрал болары сөзсіз.

Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ) оқушыларының функционалдық сауаттылығын анықтайтын тест оқушының күнделікті өмірде маңызды шешімдер қабылдауына қажетті келесідей негізгі дағдылар жиынтығын дамытуға бағытталған [3, 10-б.]:

Әртүрлі мәтін типтерін (ақпараттық, қолданбалы, әдеби) оқу немесе тыңдау арқылы ақпаратты түсіну және дұрыс қабылдау;

Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты ала білу;

Дереккөздерге сүйене отырып шешім қабылдау және ақпаратты сілтеме ретінде қолдану;

Кесте, диаграмма, сурет, сызба, шартты белгілер түрінде берілген мәтіндерді түсініп оқып, өз мәтіндерін құрастыруда қолдана білу;

Мәтінмен жұмыс істеуде түрлі оқу стратегияларын меңгеру.

Мәтін – тіл жүйесіндегі өзіндік мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық құрылымдық күрделі тұлға. Ол логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынас бірлігі болып табылады [4, 102-б.]. Бұл түсінік мәтінді қарапайым сөздердің жинағынан гөрі, оның ішіндегі мағыналық және құрылымдық жүйенің күрделілігін көрсетеді. Яғни, мәтін оқу үдерісінде тек ақпарат беруші құрал емес, сонымен бірге оқушының түсінігін, ойлау қабілетін және талдау дағдыларын дамытатын маңызды құрылым болып табылады.

Бұл көзқарас оқу сауаттылығын анықтауда жүргізілген зерттеулерде нақты көрініс тапқан. Мысалы, PISA зерттеуінде оқу сауаттылығын анықтауда ақпараттың мағынасын ашу және түсінік берудің үш негізгі параметріне – мәтін, жағдай және сұраққа негізделген. Ал НЗМ-нің функционалдық сауаттылықтың қалыптасу деңгейін бағалау тесті (ОФСҚДБТ) тапсырмаларын құрастыруда осы параметрлер одан әрі егжей-тегжейлі қарастырылып, алты маңызды параметрге бөлінді: мәтін, оқу дағдысы (когнитивті дағдылар), контекст, тапсырма түрі, оқылым түрлері және оқу сауаттылығының деңгейлері. Бұл параметрлер оқу процесінде мәтіннің мағынасын толық түсіну үшін қажетті түрлі аспектілерді қамтиды. Мәтіннің өзі ғана емес, оны қабылдау жағдайы, сұрақтардың мазмұны, оқушының когнитивті қабілеттері, мәтінді оқу түрлері және тапсырмалардың ерекшеліктері оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейіне әсер етеді. Зерттеу барысында осы факторларға ерекше назар аударылып, олардың оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіру мен ақпаратты дұрыс қабылдауына ықпал ететіні анықталды.

Осылайша, ғалымның мәтіннің күрделі, мағыналық және құрылымдық тұтастығы туралы анықтамасы мен PISA мен НЗМ зерттеулеріндегі параметрлер жүйесі оқу сауаттылығын жан-жақты және кешенді бағалауға негіз болады. Бұл екі көзқарас бір-бірін толықтырады және оқу процесінде мәтінді тек қарапайым сөздер тізбегі ретінде емес, оның ішіндегі мағынаны, құрылым мен контексті ескеретін күрделі, көпқырлы жүйе ретінде қарастыру қажеттілігін айқындайды. Нәтижесінде, оқу сауаттылығын дамытудың тиімді жолдары мен әдістемелері осы параметрлердің өзара байланысын ескере отырып құрылады.

Оқу процесі мен оқу сауаттылығына әсер ететін мәтіндердің сипаттамаларын қарастыра келе, бірқатар ерекшеліктер анықталды:

Мәтіндердің саны мен құрылымы:

Тест құрылымына жеке бір мәтінге және мәтіндер жиынтығына негізделген тапсырмалар енгізілді.

Статистикалық өңдеу нәтижесінде, бір мәтінді когнитивті өңдеу нәтижесі (64%) мәтіндер жиынтығымен (бірнеше үзінді, жұп мәтіндер) жұмыс жасаған нәтижеден (78%) төмен екені анықталды. Бұл қарама-қайшылық жасөспірімдердің интернет көздерінен ақпаратты жедел іздеу қажеттілігіне байланысты көп мәтінмен жұмыс істеу дағдысының жақсы дамуымен байланысты болуы мүмкін.

Бұл нәтижелер оқу сауаттылығын дамытуда мәтіндердің көлемі мен құрылымының маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Мәтін форматы (тұтас, тұтас емес, аралас, құрама мәтіндер):

Тұтас мәтіндер мағыналық байланысына қарай бөлімдерге, тарауларға топтастырылған өзара байланысты сөйлемдерден тұрады.

Тұтас емес мәтіндер тізімдер, кестелер, диаграммалар, суреттер сияқты графикалық формалардың үйлесімінен құралады және басқа оқу дағдыларын қажет етеді (графикалық ақпаратты ажырату, сандық және мәтіндік ақпаратты салыстыру).

Аралас мәтіндер (мысалы, мәтін + кесте/сурет) тұтас және тұтас емес мәтіндердің сипаттамаларын біріктіреді. Зерттеу барысында аралас мәтіндердегі визуалды ақпараттардың қабылдауды 55%-ға жеңілдететіні (тек мәтіндік форма – 7%, дыбыстау – 38%) анықталды. Бұл аралас мәтіндерді қолданудың оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға ықпалы зор екенін көрсетеді.

Құрама мәтіндер мағынасы мен форматы әртүрлі, бірақ біртұтас мағына беретін бірнеше тәуелсіз мәтіндерден құрастырылады.

Мәтін түрлері:

Оқу сауаттылығын анықтау тестінде сипаттау, баяндау, түсіндіру (талдау), негіздеу (дәлелдеу), нұсқаулық, интеракция, транзакция сияқты мәтін түрлері қолданылды.

Талдау нәтижесі оқушылардың когнитивтік дағдыларымен қатар, мәтіндегі ақпараттың берілу формасына қатысты мәтін түрлерімен жұмыс жасау тәжірибесінің болуы да функционалдық дағдыларын дамытуға ықпал ететіндігін айқындады.

Оқу сауаттылығын бағалаудың когнитивті процестері

PISA моделіне сәйкес, оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау тапсырмаларында мәтінді өңдеп қолданудың келесі когнитивті процестері негізгі оқу дағдылары болып белгіленді. Ақпаратты іздеу және алу: Бұл процесс мәтіндегі ақпаратты анықтау және таңдау (сөзбе-сөз берілген ақпаратты табу) және қажетті мәтін бөлігін іздеу және таңдау (бірнеше үзіндімен жұмыс істеу) сияқты ішкі процестерге бөлінеді. Тапсырманың күрделілігі мәтіннің көлеміне байланысты емес, сонымен қатар бірнеше дереккөзді когнитивті өңдеуге арналған қарапайым тапсырмалар да енгізілді. Мағынаны түсіну арқылы түсіндіру (интерпретация) және интеграция: Бұл процесс оқырманның мәтіннің мазмұны мен мағынасын ойша талдауын қамтиды. Ол сөзбе-сөз/негізгі мағынаны беру және қорытындыларды жалпылау, түсіндіре тұжырымдау және жинақтау (мәтіннің әртүрлі фрагменттеріндегі ақпаратты байланыстыру) ішкі процестерінен тұрады.

Түсіну және бағалау: Оқырмандар ақпараттың сапасы мен сенімділігін бағалау үшін мәтіннің мағынасын түсінуден асып түсуі керек. Бұл процесс мәтін мазмұны мен ақпараттарын бағалау (сенімділік, дәлдік), мазмұны мен формасын түсіну (сапасы мен стилін бағалау), және мәтіндер арасындағы қарама-қайшылықтарды анықтау және шешу (бірнеше дереккөзді салыстыру, логиканы бағалау) ішкі процестерін қамтиды.

Тапсырма контекстеріне талдау: Оқушылардың оқу сауаттылығын анықтау мақсатында тапсырманың түрлі коммуникативтік жағдайларға сәйкес болуы маңызды талап ретінде ескерілді. Мұнда Еуропа Кеңесі (Council of Europe, 1996) үшін CEFR ұсынған оқудың коммуникативтік жағдайларының классификациясы басшылыққа алынды. Алғашында бұл классификация шет тілдерін үйретуге арналған болса да, ол туған тіл үшін де жарамды болып, диагностикалық құралдарды әзірлеудің негізі ретінде қолданылады [5, 9-б.]. CEFR оқудың келесі негізгі жағдайлары мен мақсаттарын ажыратады: жеке, қоғамдық, іскерлік және оқу. Осы жіктеме негізінде тест тапсырмалары төрт түрлі контекст бойынша таңдалды:

1-кесте. Контекст түрлері бойынша оқу сауаттылығы сипатттамасы мен нәтижелері.

Контекст	**Сипаттамасы**	**Орындалу нәтижесі**
Кәсіби	Кәсіпке немесе істің орындалуына байланысты мәтіндер (нұсқаулықтар, жұмыс іздеу).	Ең сәтті орындалған (68,62%). Жасөспірімдердің ересек өмірге дайындығын көрсетеді.
Жеке	Адамның жеке мүдделеріне қызмет ететін мәтіндер (жеке хаттар, көркем әдебиет).	Жоғары нәтижелердің бірі (64,60%).

Ғылыми	Білім беру мәселелерін шешуге қажетті ақпаратты жеткізуге арналған мәтіндер (анықтамалық әдебиеттер).	Жоғары нәтижелердің бірі (59,68%).
Әлеуметтік	Қоғамдық ұйымдардағы іс-әрекеттер мен оқиғаларды сипаттайтын мәтіндер (ресми құжаттар, газет жаңалықтары).	Ең қиын орындалған (57,05%). Өмірлік тәжірибені талап етеді.

Бұл нәтижелер НЗМ оқушыларының оқуды жеке және ғылыми мақсаттарда пайдалану қабілетінің жоғары екенін көрсетеді, алайда әлеуметтік-қоғамдық мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қажет етеді.

Қорытынды және ұсыныстар

Оқу сауаттылығының деңгейін анықтауға арналған тест жабық тапсырмалар (бір немесе бірнеше жауапты таңдау, сәйкестікті анықтау, пікір мен фактіні ажырату) негізінде жүзеге асырылады. Зерттеулер оқушылардың білу мен түсіну деңгейінде ғана қалып қоймауы үшін, тапсырмалар оқушының білімін қолдануына, ақпараттарды талдап, іріктей алуына, мәтіндегі ақпаратты өз көзқарасымен бағалау деңгейіне жетуіне мүмкіндік беруі қажет екенін көрсетеді. Сәйкесінше, тапсырмаларды құрастыруда тексерілетін элемент пен тапсырма деңгейін дұрыс анықтап алу – оқу сауаттылығын тиісті деңгейге жеткізудің және оқушы жетістігін дұрыс бағалаудың маңызды жолы болып табылады.

Оқу сауаттылығын дамыту бойынша ұсыныстар:

Мәтінмен жұмыс істеу әдетін қалыптастыру: Оқушыны ақпаратты бір рет оқуға сенбей, үнемі мәтінге жүгінуге, өзін екі рет тексеруге үйрету. Бұл ақпаратты іздеу және алу дағдыларының сәтті орындалуына кепілдік береді.

Терең саралау және қолдау: Сыныптағы өзара әрекеттесу кеңістігін ұйымдастырып, әр оқушыға мақсатты қолдау көрсетуді жоспарлау.

Төмен деңгейдегі оқушыларға қолдау: Оқу мотивациясын арттыру үшін табысқа жету жағдайларын жасау, нақты ақпаратты іздеуге арналған тапсырмалар беру және топтық жұмысқа қосу арқылы өзін-өзі бағалауын көтеру.

Жеткілікті деңгейдегі оқушыларға көмек: Логика мен мағынаны түсінуге бағытталған, себеп-салдар байланысын қалпына келтіретін сұрақтар ұсыну. Оқушылардың назарын мақсат қою, іс-әрекетті жоспарлау және өзін-өзі бақылау дағдыларына аудару.

Орташа және жоғары деңгейдегі оқушыларды дағдыландыру: Ақпаратты іздеуге арналған тапсырмалар санын қысқартып, астарлы мағынадағы немесе мәтіннен тыс ақпаратты талдауды, тұжырымдауды, кестедегі ақпаратты пайдалануды қажет ететін сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.

Жоғары деңгейдегі оқушыларға мақсатты қолдау: Жобалау-зерттеу типіндегі рефлексияны, сыни бағалауды, гипотезаларды тұжырымдауды және проблемалық мәселелерді шешудегі вариативтілікті қамтитын тапсырмаларды ұсыну.

Қорыта келе, оқылым дағдысын тиімді ұйымдастыру арқылы біз сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытa білетін, оқу сауаттылығы жоғары тұлға тәрбиелей аламыз. Оқушының оқу сауаттылығын дұрыс бағытта дамытып, оның алдағы өміріне бағдар беру – мұғалім алдында тұрған маңызды міндет.

Әдебиеттер тізімі:

1. OECD (2009). PISA 2009 Framework: Key Competencies in Reading, Mathematics and Science. OECD Publishing: Paris. – 5 б.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 12 б.
3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау саясаты. 2022ж. № 11 хаттама. – 10 б.
4. Шалабай Б. Мәтінді зерттеудің ғылыми негіздері // Ұлағат. – 2007. – № 10. – 102 б.
5. Цукерман Г.А.Оценка читательской грамотности. Москва 2010. – 9 б.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Садыкова Д.П.
№28 жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімі, Семей, Қазақстан.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны тек біліммен қаруландырып қана қоймай, оның бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру. Әлемдік педагогика тәжірибесінде тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы басты назарда тұр. Осы тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті пәндері ерекше орын алады, себебі бұл пәндер арқылы оқушының ішкі жан дүниесіне әсер етуге, оның мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік бар.

Құндылық – тұлғаның өмірлік ұстанымдарын айқындайтын рухани бағдар. Ол адамның адамгершілік қасиеттерін, дүниетанымын, мінез-құлқын реттейді. Қазіргі қоғамдағы басты құндылықтарға отансүйгіштік, сыйластық, әділдік, мейірімділік, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, ынтымақ жатады. Білім беру саласында құндылықтар жүйесін қалыптастыру – оқу мазмұнынан, оқыту әдістерінен және мұғалімнің тұлғалық моделінен тікелей көрініс табады. Сол себепті әрбір сабақта оқушыларға тек білім емес, сонымен қатар өмірлік бағыт беретін рухани тәрбие берілуі тиіс.

Мәтінмен жұмыс – білім беру процесіндегі негізгі әрекет түрлерінің бірі. Ол тек тілдік дағдыларды дамытумен шектелмей, оқушының ойлау, сезіну, талдау және бағалау қабілеттерін жетілдіреді. Сондықтан мәтін арқылы құндылықтарды дарытудың интеграциялық тәсілдерін қолдану – заман талабына сай оқытудың тиімді бағыты. Мәтін – тіл үйретудің, ой қалыптастырудың және құндылықты жеткізудің негізгі құралы. Әдеби немесе публицистикалық мәтіндерде адамгершілік, ерлік, адалдық, әділеттілік сияқты құндылықтар көркем бейнелер арқылы ашылады. Мысалы:

М.Әуезовтің *«Абай жолы»* романындағы Абай бейнесі арқылы әділет, білімге құштарлық, еңбекқорлық сынды қасиеттер дәріптеледі. Б.Майлиннің *«Шұғаның белгісі»* шығармасы – адалдық пен сүйіспеншіліктің символы. М.Әуезовтің *«Көксерек»* әңгімесі арқылы оқушылар табиғатты қорғау, жанашырлық, адам мен табиғат арасындағы үйлесім туралы түсінік алады. Мәтінмен жүйелі жұмыс жүргізу барысында оқушылар: кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді; өмірлік ұстанымын салыстырады; өз көзқарасын дәлелдеуге үйренеді. Бұл үрдіс тұлғаның құндылықтық бағдарын қалыптастырып, рухани дамуына ықпал етеді. Қазіргі білім беру интеграцияға – яғни пәндердің өзара байланысын күшейтуге негізделген. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында құндылықтарды дарытуда келесі интеграциялық бағыттарды қолдануға болады:

Мәтін мазмұнын тарих, өнер, география, этика пәндерімен байланыстыру оқушы дүниетанымын кеңейтеді. Мысалы: Абай шығармаларын талдау кезінде тарих пәнімен біріктіріп, XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайын талқылау. «Көксерек» әңгімесін экология сабағымен байланыстырып, табиғатты қорғау мәселесін қозғау. «Қобыланды батыр» жырын музыка немесе бейнелеу өнері пәнімен ұштастыра отырып, ұлттық мәдениет пен ерлік идеясын көрсету. Мәтінді оқушының өмірлік тәжірибесімен байланыстыру – құндылықты терең сезіндіреді. Мысалы, кейіпкердің мінезі мен әрекеті туралы «сен оның орнында болсаң не істер едің?» деген сұрақтар арқылы оқушы өзін кейіпкермен салыстырып, өз мінезін саралайды.

Қазіргі заман оқушысы – цифрлық ортада өсіп келе жатқан тұлға. Сондықтан құндылықтық бағыттағы мәтіндік тапсырмаларда Padlet, Mentimeter, Google Jamboard, Quizizz, Wordwall секілді платформаларды қолдану тиімді. Мысалы: Padlet-та «Абайдың қасиеттері» тақырыбында оқушылар онлайн қабырға жасап, өз ойларын жазады; Mentimeter арқылы «Қай кейіпкердің ісі әділ болды?» деген сұраққа жауап беріп, ұжымдық талдау жасайды. Оқушыларға мәтін бойынша зерттеу жобаларын орындау ұсынылады. Мысалы: «Абайдың

қара сөздеріндегі адамгершілік идеялары» тақырыбында шағын зерттеу; «Әдеби кейіпкерлердегі еңбек құндылығы» атты шығармашылық жоба.

Мұндай жұмыстар оқушылардың сыни ойлауын дамытып, өз бетінше ізденуге, ақпаратты талдауға және тұжырым жасауға үйретеді. Құндылықтарды дарытудың табыстылығы ең алдымен мұғалімнің кәсіби және рухани дайындығына байланысты. Мұғалім сабақта: құндылықтық мазмұнды мәтіндер таңдай білуі керек; оқушыны пікір білдіруге, салыстыруға, дәлелдеуге бағыттауы қажет; интеграциялық тапсырмалар арқылы пәннің тәрбиелік әлеуетін күшейтуі тиіс.

Әдістемелік ұсыныстар: Сабақтың әр кезеңінде «құндылықтық мақсат» қою (мысалы, адалдық, жауапкершілік, мейірімділік). Мәтінді талдау кезінде пәнаралық және тұлғалық байланыстарды анықтау. Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстыратын рефлексиялық сұрақтар қолдану. IT платформаларды жүйелі пайдалану. Оқушылардың пікірін еркін айтуға мүмкіндік беру. Мәтінмен жұмыс барысында интеграциялық тәсілдерді қолдану арқылы: оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері дамиды; тілдік және коммуникативтік дағдылары жетіледі; функционалдық сауаттылығы артады; сын тұрғысынан ойлау және өз пікірін қорғау қабілеттері қалыптасады. Мәтінмен жұмыс – оқушының тілдік дағдыларын дамытумен қатар, оның рухани жан-дүниесін байытатын ең тиімді құрал. Интеграциялық тәсілдер арқылы жүргізілген жұмыс оқушыға тек білім беріп қана қоймай, өмірлік құндылықтарды дарытады. Мұғалім – құндылықты жеткізуші тұлға, ал мәтін – сол құндылықтың айнасы. Осы бағыттағы жұмыс білім беру сапасын арттырып қана қоймай, болашақ ұрпақтың рухани тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2023.
2. Смагулова Н.К., Курманова А.К., Жюкенова С.К. Интерактивті оқыту әдістері арқылы функционалдық сауаттылық қалыптастыру жолдары. – Евразиялық ғылым журналы, №2, 2024.
3. Құдайбергенова К.С. Тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру жолдары. – Алматы, 2019.

ӨТКЕН ШАҚТЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ ЖӘНЕ АСПЕКТУАЛДЫ СИПАТТАМАСЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

А. Н. Сарбасова[1], А. Әбіш[2]
[1]PhD, аға лектор, [2]PhD, ассоциативті профессор,КИМЭП университеті, Алматы, Қазақстан.

Грамматика – тілдегі барлық материалдың өзегі. Белгілі бір тілде сөйлей білу үшін, грамматика жеке бөлінбей, сөйлеудің барлық алғышарттарымен тұтас жүйе түрінде оқытылады. Екінші тілді үйрену барысында грамматикалық жүйені білу сол тілді меңгеру болып табылмайды. Тіл үйренушінің коммуникациялық біліктілігі функционалды грамматикамен жүзеге асады. Функционалдық тәсіл ең алдымен тілді меңгерудің мағынадан форма мен функцияға дейінгі бағытымен байланысты. Функционалдық грамматика – тілдің грамматикалық құрылымдарының нақты коммуникативті функцияларды білдіру үшін қалай қызмет ететінін көрсететін тіл біліміндегі теориялық көзқарас. Функционалды грамматика сөйлем құрылымы мен формальді ережелерге бағытталған дәстүрлі грамматикалық үлгілерден ерекшеленеді. Мұндай ерекшеліктер тіл үйренушінің тәжірибесінде жиі кездеседі. Өткен шақтың семантикалық мағынасын тіл үйренушілерге оқыту мәселесінде біршама түсіндіруді қажет ететін проблемалардың бар екендігі байқалады.

Қазақ тіліндегі өткен шақ формалары тілдің грамматикалық жүйесіндегі ең маңызды категориялардың бірі болып табылады. Өткен шақ тек әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен бұрын болғанын білдіріп қана қоймай, сонымен қатар сөйлеушінің көзқарасын, бағалауын және баяндаудың уақыттық құрылымын да қамтиды. Дәстүрлі грамматика өткен шақ формаларын жедел, бұрынғы және ауыспалы түрлерге бөлсе, қазіргі тіл білімінде бұл категория

функционалды-коммуникативтік және аспектуалды (viewpoint) бағыттар тұрғысынан зерттелуде. Әрекеттің уақытқа қатысты семантикасы мен модальдық семантикасы шақ категориясының функциясын кеңейте түседі. Ана тілін меңгерген тіл тасымалдаушы тілдің мұндай ішкі өзгерісін түсінеді, бірақ тіл үйренушіге бұл құбылыстарды сезу қиындық тудырады, сондықтан олардың ара-жігін ашатын теориялық-практикалық шекті анықтап көрсету қажет.

Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ тіліндегі өткен шақ формаларының функционалды-коммуникативтік және аспектуалды көзқарас тұрғысынан мағыналық және когнитивтік ерекшеліктерін айқындау және тіл үйренушілерге оқыту. Бұл мақсатқа жету үшін: 1. Өткен шақ формаларының дәстүрлі және қазіргі зерттеу деңгейін салыстыру; 2. Өткен шақтың функционалды қолданысын және аспектуалдық мәнін талдау; 3. Тілдік материалды оқытуда қолданудың тиімді жолдарын анықтау.

Етістіктің өткен шақ категориясы А.Байтұрсынұлының еңбегінен бастау алады. Өткен шақты ашық раймен байланысты қарастырып, болымды, болымсыз түрлерін жіктеген [1, 238-б.]. Өткен шақтың модальдық мағынасын тоғыз түрге бөліп қарастырған Қ.Жұбановтың еңбегінде семантикалық функция айқындалған [2, 353-б.]. А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында өткен шақ анық, танық, нейғайбыл болып жіктеледі. Ал 2002 жылғы академиялық грамматикада жедел өткен шақ (-ды,-ді,-ты, -ті), бұрынғы өткен шақ (-ған, -ген, -қан, -кен, -ып, -іп, -п), ауыспалы өткен шақ (-атын, -етін, -итін) түрлері көрсетілген. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын оқулықтарда осы ақпаратқа негіздеп тапсырмаларды береді. Бірақ тілдің функционалдық қолданысы, еркін коммуникация өткен шақтың мұндай түрлерімен шектелмейді. Қ. Жұбанов атап көрсеткен айғақты өткен шақ (оқымапсың), күмәнді өткен шағы (айтқан шығар) [3. 233-б.] немесе Ы.Мамановтың дағдылы өткен шағы (айтатын) т.б. модальдық қолданыстардың ішінара айырмашылықтарын түсіндіріп, коммуникациялық ерекшелігін анықтауды қажет етеді [4,-135 б.]. Сондықтан шынайы коммуникацияда кездесетін бұл формаларды тіл үйренушіге түсіндіру біздің міндетіміз.

Аспектуалдылық теориясы әрекеттің уақыттық-фазалық құрылымын және сөйлеушінің оны қабылдау нүктесін қарастырады. Ларс Йохансонның көзқарастық аспект (viewpoint aspect) тұжырымдамасына сәйкес, әрекет үш түрлі позициядан қарастырылуы мүмкін: интратерминалдылық (+INTRA) – әрекеттің өту барысы; бейинтратерминалдылық (−INTRA) – әрекеттің тұтастай аяқталуы; және посттерминалдылық (+POST) – әрекеттің аяқталғаннан кейінгі нәтижелі күйі [5,27-б.]. Қазақ тіліндегі етістік формалары осы үш көзқарасқа дәл келеді. –а/–е/–й тұлғалы көсемшелер мен –атын/–йтын тұлғалы есімшелер интратерминалдық сипатта, яғни әрекеттің өту үстіндегі фазасын бейнелейді: «Ол кітап оқып отыр», «Ол ерте тұратын». Ал –ған/–ген/–қан/–кен тұлғалы есімшелер мен –ып/–іп тұлғалы көсемшелер посттерминалдық мағынада қолданылады, өйткені олар қимылдың нәтижесін көрсетеді: «Ол хат жазып қойған», «Біз жұмысты бітіріп қойғанбыз». Бұл айырмашылық сөйлеушінің көзқарас нүктесінің әрекетке қатысты орнын (алды, іші немесе кейінгі кезеңін) айқындайды.

Посттерминалдық (+POST) формалар қазақ тілінде жиі кездеседі және көбіне –ып/–іп + көмекші етістік арқылы жасалады: «Кітапты оқып қойған», «Үйге кетіп қалған», «Тамақ пісіріп қойған». Мұнда әрекет өткенмен, оның салдары әлі де маңызды. Бұл категория әрекеттің нәтижелі күйін сипаттай отырып, қазіргі жағдаятпен семантикалық байланыс орнатады. Интратерминалдық пен посттерминалдық формалар арасындағы айырмашылық – сөйлеушінің әрекетті қай фазадан көріп тұрғанына байланысты. Функционалды-коммуникативтік және аспектуалды-көзқарастық бағыттар өткен шақ формаларын талдауда бірін-бірі толықтырады. Функционалды тұрғыдан форма сөйлеушінің эмоциясы мен дәлелін көрсетсе, аспектуалды тұрғыдан ол әрекеттің уақыттық құрылымын анықтайды. Мысалы: 1. Интратерминалдық (+INTRA): «Ол жазып отыр» – әрекет әлі жүріп жатыр; 2. Посттерминалдық (+POST): «Ол жазып қойған» – әрекет аяқталған, бірақ нәтижесі маңызды; 3. Бейинтратерминалдық (−INTRA): «Ол жазды» – әрекет біткен, нәтиже контекстке қатысы жоқ [6, 61р.]. Бұл айырмашылықтар сөйлеушінің прагматикалық ниетін және баяндаудың ақпараттық құрылымын нақты көрсетеді. Қазақ тілінің аспектуалдық жүйесі еуропалық

тілдермен типологиялық тұрғыда ұқсас. Интратерминалдық және посттерминалдық категориялар қимылдың ішкі және сыртқы шектерін анықтай отырып, тілдің семантикалық икемділігін көрсетеді. Функционалды тұрғыдан бұл айырмашылық сөйлеушінің ақпаратқа қатынасымен байланысты, ал аспектуалды тұрғыдан ол әрекеттің когнитивтік бейнесін айқындайды [7, 25р.].

Көсемше арқылы берілетін үстеме мағына арқылы біз әрекеттің нақты болғанын, оған дәлел, айғақтың болғаны, ешбір дәлелдеуді қажет етпейтіндігін түсінуге болады және бұл ақпаратты айтушы жақында ғана естігенін білдіреді. Мысалы, *Балам, сен кеше сабаққа бармапсың* деген сөйлемді алсақ, сабаққа барғананың дәлелдейтін фактінің болғаны белгілі, мүмкін онлайн журналдан көрді немесе оқытушы хабарласты. Көсемшенің өткен шақтағы жіктік формасының бірнші жағын коммуникацияда жиі қолдана алмаймыз. Адам көрген түсін айтқанда немесе есін білмей бір әрекетті орындағанда және ақпаратты ұмытып қалғанда ғана қолданады. Мысалы, *Түсімде сөмкемді жоғалтыппын* немесе *ауруханада жатқанда кім келгенін білмеппін*. *Көп қонақтың арасынан сені танымаппын.* Ал екінші, үшінші жақтағы қолданысын әрекеттің айғақты түрде болғанын білдіретіндіктен Қ. Жұбановтың терминімен *айғақты өткен шақ* деп атауды дұрыс көрдік. Аталмыш өткен шақтың түрін эксперимент жасап, студенттерге түсіндіріп, тапсырма, тест түрімен бергенде олардың басқа өткен шақтан мағыналық айырмашылығын жақсы меңгергендігі байқалды.

-ып жатты формасы арқылы өткен шақтың созылыңқы мағынасын түсінеміз. Мысалы, *Жер сілкінісі кезінде шам қозғалып жатты.* Көсемшенің -атын\етін\итін формасы әрекеттің бұрынғы өткен шақта қолданысымен қатар әрекеттің бірнеше рет қайталанғанын білдіреді. Мұны дағдылы өткен шақ деп қалдырған дұрыс. Мысалы, *Қонақ келсе – құт, - деп әжем айтатын. Ол бала бақшаға барғанда, қалмаймын деп жылайтын. Шығар* модаль сөзінің өткен шақтағы қолданысы да қосымша семантикалық мағынаны береді. Тіл үйренушіге бұл форманы түсіндіргенде оның болжау мағынасымен қатар күмәнді айғақсыз мағынасы бар екенін ескеру керек. Мысалы, *Ол ешқашан кешікпеуші еді, бір нәрсе болған шығар. Екен* көмекші етістігі де күмән мағыналы формада, айтушы істің басы-қасында болмай ақпаратты жеткізерде қолданады. Мысалы, *ол да емтихан тапсыруға барған екен. Ған ба екен* өткен шақтың сұраулы формасы сұраумен қатар таң қалу мағынаны үстейді. Мысалы*, Ол тұрмысқа шыққан ба екен?* Функционалды коммуникативті грамматиканы екінші тіл ретінде оқыту туралы оқу құралдары аз. Лексика грамматикалық минимумға негіздеп оқулықтар жазылғанымен, сол грамматиканың функционалды, аспектуалды бағыты оқулықтарда қамтылмай жатады. Сондықтан болашақта оқулық, оқу құралдарын жазарда зерттеуші авторлар функционалды және аспектуалды коммуникативтік грамматиканы белсенді қолданса, тіл үйренушілерге пайдалы болады.

Қазақ тілін үйренушілер үшін өткен шақ формаларының реңктерін түсіну — сөйлеу дәлдігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі. Мысалы, «ол келді» мен «ол келіпті» формаларының айырмашылығын түсінбеген тіл үйренуші кейде прагматикалық қателіктер жіберуі мүмкін. Сабақ барысында: «Ол не істеді?» → «Ол тамақ пісірді / пісіріпті / пісірген шығар, пісірген сияқты, пісірген екен, пісіріп жатты, пісірген бе екен?» сияқты жағдаяттық тапсырманың маңызы бар. Сондықтан: Өткен шақтың әр формасын нақты жағдаяттармен байланыстырып, тапсырмалар беру қажет; Әр жағдаят диалогтық контекспен бекітілу керек; Оқылым, тыңдалым тапсырмалары грамматикалық тұрғыда бейімделіп, бірнеше рет қайталануы қажет; Өткен шақтың формаларын қажет ететін тақырыпқа жазылым жұмысын ұсыну қажет. Осылай сөйлесім әрекетінің барлық түрін қамтыған тапсырмалар тіл үйренушіге өткен шақтың мағыналық айырмашылығын түсінуге көмектеседі. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда тек грамматикалық формаларды меңгерту жеткіліксіз. Өткен шақ формаларының функционалды-мағыналық және аспектуалды реңктерін қатар түсіндіру арқылы тіл үйренушіге іс-әрекеттің уақыттық сипатын, аяқталу дәрежесін және салдарын терең түсіндіру, практикалық тапсырмалар орындату маңызды. Бұл тәсіл тілдің прагматикалық және мәдени деңгейін меңгеруге көмектеседі.

Қорытындылай келе, өткен шақ формаларының функционалды және аспектуалды айырмашылығын қатар түсіндіру қазақ тілін шетелдік немесе екінші тіл ретінде үйретуде үлкен пайда әкеледі. Тіл үйренуші тек форманы емес, оның контекстік және мағыналық реңктерін түсінеді. Бұл айырмашылықты меңгеру сөйлеу мәдениетінде дәл және прагматикалық тұрғыдан орынды тіл қолдануға үйретеді. Сондықтан функционалды-коммуникативтік және аспектуалды-көзқарастық тәсілдерді біріктіру қазақ тілін оқытудың жаңа сапалы бағыты болып табылады. Өткен шақтың формалары аталған мысалдармен шектелмейді, мысалы, *барып қойды, барушы еді* сияқты аналитикалық форманттар арқылы жасалған функционалық мағынасы әртүрлі болып келетін түрлері көп. Сондықтан қазақ тілін екінші тіл ретінде үйретуде өткен шақты күрделілігіне қарай деңгейге бөліп, кезеңмен үйрету маңызды. Қазақ тіліндегі өткен шақ формаларының функционалды және аспектуалды сипаттамасы олардың мағыналық байлығын, когнитивтік тереңдігін дәлелдейді. Функционалды талдау сөйлеушінің ниеті мен модальдық қатынасын көрсетсе, аспектуалды талдау әрекеттің уақыттық-фазалық құрылымын ашады. Бұл екі тәсілдің тоғысуы қазақ тілінің грамматикалық жүйесін заманауи лингвистикалық теория тұрғысынан кешенді түсіндіруге жол ашады. Сонымен қатар, осы біріктірілген әдіс қазақ тілін үйретудің сапасын арттырып, оқушылардың тілдік құзыретін, сөйлеу мәдениетін және прагматикалық дәлдігін дамытуда маңызды әдіснамалық негіз қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы:Ана тілі ,1992. – 444 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1996, – 362 б.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.
4. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес. – Алматы, 2014. – 640 бет.
5. Johanson, Lars. Viewpoint operators in European languages. In Östen Dahl (ed.), Tense and Aspect in the Languages of Europe, pp. 27–187. Berlin: Mouton de Gruyter, 1990. – 187 p.
6. Johanson, Lars. Viewpoint operators in Turkic: Aspectual and modal categories. In Johanson & Utas (eds.), Berlin: Mouton de Gruyter, 2000. – 287 p.
7. Johanson, Lars. Aspects of Aspectuality. Berlin: De Gruyter Mouton, 2013. –190 p.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ – ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ТІРЕГІ: ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК БАҒЫТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ӨЗЕГІ

Сейтбекова Г.С.

Қ.Сыпатаев атындағы № 7 ІТ мектеп-лицей мұғалімі, Шымкент, Қазақстан.

Қазіргі таңда қоғамның қарқынды дамуы, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, жаһандану үдерісі ұлттық тіл мен әдебиетті оқытуға жаңа көзқарас қалыптастыруды талап етеді. Тіл мен әдебиет – ұлттың рухани болмысы мен мәдени жадының тірегі. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің білім беру жүйесіндегі орны тек тілдік біліммен шектелмей, ұлттық сана мен мәдени құндылықтарды қалыптастыру миссиясымен ұштасады.

Қазақ тілін меңгеру – ұлттың рухани әлемін танудың, ұлттық мәдениет пен дүниетанымды игерудің кілті. Ал әдебиет – сол рухтың көрінісі, халықтың тарихын, мінезін, өмір философиясын бейнелейтін мәңгілік қазына. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері тұлғаның рухани және адамгершілік тұрғыдан жетілуіне, отансүйгіштік сезімнің дамуына тікелей ықпал етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті – халқымыздың рухани болмысының, мәдениетінің және тарихының айнасы. Бұл пән тек тілдік білім берудің құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның дүниетанымын қалыптастыратын, адамгершілік қасиеттерін дамытатын, ұлттық сана мен рухани құндылықтарды бойға сіңіретін маңызды пәндердің бірі. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттың өзіндік болмысын сақтау мен дамытуда қазақ тілі мен әдебиетінің рөлі ерекше. Себебі тіл – ұлттың жаны, ал әдебиет – сол жанның айнасы. Қазіргі білім беру парадигмасы оқушыны тек білім алушы емес, өзін-өзі дамытуға қабілетті, ұлттық құндылықтарға сүйенетін жеке тұлға ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан қазақ тілі мен

әдебиеті пәндерінің тәрбиелік әлеуеті ерекше мәнге ие. Ұлттық құндылықтарсыз білім беру үдерісі толыққанды бола алмайды, себебі адамгершілік пен рухани байлық – тұлға дамуының негізгі өлшемі. Әдебиетті оқыту барысында оқушы тек көркем мәтінді талдап қана қоймай, кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы адамгершілік ұстанымдарды меңгереді, өмірдің мәнін, жақсылық пен жамандықтың ара-жігін түсінуге үйренеді.

Қазақ тілі пәні – коммуникативтік құзыреттілікті дамыту құралы. Бірақ бұл пәннің маңызы тек тілдік дағдыларды қалыптастырумен шектелмейді. Тіл арқылы оқушы ұлттың дүниетанымын, ойлау мәдениетін, мінез-құлық нормаларын меңгереді. Қазақ тілі пәні – оқушыларға мемлекеттік тілді меңгертумен қатар, ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін, шығармашылық әлеуетін дамытады. Тіл арқылы адам қоршаған ортаны таниды, өз ойын еркін жеткізуді үйренеді, мәдени қарым-қатынас нормаларын бойына сіңіреді. Оқушы тілдік біліммен бірге ұлттық дүниетаным мен моральдық ұстанымдарды да меңгереді. Ал қазақ әдебиеті пәні – көркем сөз арқылы адам бойына ізгілік, мейірім, Отансүйгіштік, еңбексүйгіштік сияқты асыл қасиеттерді дарытатын рухани байлықтың қайнар көзі. Мысалы, Абайдың қара сөздері мен поэзиясы, Ыбырайдың әңгімелері, Махамбеттің ерлік рухы немесе Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы – жас ұрпаққа өмірлік бағыт беретін баға жетпес мұра. Әдеби шығармаларды оқу арқылы оқушы ұлттық тарихпен, салт-дәстүрмен, елдік рухпен танысады. Бұл олардың елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, азаматтық позициясын қалыптастырады.

Сонымен бірге, қазақ әдебиеті адамгершілік пен ізгіліктің мектебі іспетті. Әдеби кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы оқушы жақсылық пен жамандықты, адалдық пен әділеттілікті, еңбектің қадірін түсінеді. Мұндай тәрбиелік мазмұн адамды рухани тұрғыдан байытып, қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің басты құндылықтарының бірі – ұлттық бірегейлікті сақтау. Ана тілін құрметтеу – ұлтқа деген сүйіспеншіліктің белгісі. Тілді ұмытқан ұлт өз болмысынан айырылады. Сондықтан мұғалімнің басты міндеті – оқушы бойында туған тілге деген құрмет пен мақтаныш сезімін ояту. Тіл үйрету барысында ұлттық мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, тұрақты тіркестер, көркем сөз үлгілері – барлығы оқушы бойында ұлттық мінезді, әдептілік пен сыйластық сезімін қалыптастырады. Тілдің тәрбиелік қызметін М.Жұмабаев өз еңбектерінде айрықша атап өткен: «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт – жойылған ұлт». Демек, тіл тағдыры – ұлт тағдыры. Сондықтан әрбір сабақтың өзегінде тілге деген сүйіспеншілік пен құрмет жатуы тиіс. Қазақ әдебиеті пәні – оқушыны рухани жағынан тәрбиелейтін, адамдық пен ізгіліктің, ел мен жерге сүйіспеншіліктің мектебі. Әдебиет арқылы ұрпақ ел тарихын, салт-дәстүрін, ұлттық болмысын терең түсінеді. Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Мағжан сияқты тұлғалардың шығармалары жастарға ойлы болу, ізгілікке ұмтылу, еңбекті қадірлеу, ар-намыс пен әділеттілік ұстанымдарын үйретеді. Мысалы, Абайдың қара сөздері адамдық борыш, нәпсімен күрес, білім мен еңбек құндылығын насихаттайды. Шәкәрімнің шығармаларында ар-ождан философиясы басым болса, Б.Майлин мен С.Мұқанов туындыларында қарапайым еңбек адамының бейнесі арқылы қоғам алдындағы жауапкершілік идеясы көрініс табады.

Әдебиетті оқытуда тәрбиелік бағыттағы талдаудың маңызы зор. Оқушылар кейіпкерлер әрекетін бағалау, өмірмен байланыстыру, өз ойын дәлелмен айту арқылы моральдық ұстанымдарын қалыптастырады. Бұл – қазіргі құндылыққа негізделген білім берудің басты бағыты. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында рухани құндылықтарды оқыту мазмұндық, тұлғалық және әрекеттік тұрғыда жүзеге асады. Мазмұндық деңгейде – ұлттық дүниетаным, дәстүр, салт, фольклор элементтері қамтылады; Тұлғалық деңгейде – оқушының ішкі мәдениеті, адамгершілік көзқарасы, ұлттық сана-сезімі дамиды; Әрекеттік деңгейде – оқушы тілдік қарым-қатынас арқылы өз ойын жеткізіп, өмірде қолдану дағдыларын қалыптастырады. Білім беру процесінде «құндылыққа негізделген оқыту» ұстанымдарын пайдалану – тәрбиенің нәтижелілігін арттырады. Бұл тәсіл оқушылардың тек білім емес, мінез-құлық мәдениетін де дамытуға бағытталған.

Талдау және пікір. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тәрбиелік компонентті күшейту үшін келесі әдістер тиімді: Көркем мәтінге

құндылықтық талдау (мысалы, кейіпкер әрекетін рухани өлшеммен бағалау); Жобалық жұмыс (туған жер, отбасы, тіл тақырыптарына арналған шағын зерттеу жобалары); Дискуссия және эссе жазу (өз көзқарасын дәлелдеу арқылы моральдық ойлауды дамыту); Интербелсенді әдістер (рөлдік ойын, пікірталас, әдеби сот, сахналық көрініс). Мұндай тәсілдер оқушының эмоциялық қатысуын арттырып, алған білімін өмірлік тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері – ұлттық руханияттың тірегі әрі адам тәрбиесінің қайнар көзі. Бұл пәндер арқылы жас ұрпақ тек тіл мен әдебиет әлемін танып қана қоймай, өз халқының тарихын, мәдениетін, дәстүрін бойына сіңіреді. Тіл мен әдебиетті оқыту – ұлттық рухты жаңғыртудың, ел болашағын тәрбиелеудің ең пәрменді жолы. Осы тұрғыда мұғалімнің кәсіби шеберлігі, әдістемелік мәдениеті және рухани дүниесі шешуші рөл атқарады. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда тәрбиелік мазмұн әрдайым алдыңғы орында болуы тиіс – өйткені ол ұлттың мәңгілігі мен рухының кепілі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Санат, 1997.
3. Құдайбергенова Г.А. Білім беру жүйесіндегі ұлттық құндылықтар. – Алматы, 2015.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1994.
5. Беспалько В.П. Педагогика және адамгершілік тәрбие негіздері. – Мәскеу, 1990.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ – ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕГІ

Серікхан А.С.

г.ғ.м., Би Боранбай атындағы орта мектебі мұғалімі, Абай облысы, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – тұлғаны жан-жақты дамытумен қатар, рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелденген, өз мәдениеті мен ұлттық болмысын терең сезінетін ұрпақ тәрбиелеу. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен әдебиет пәндері ерекше рөл атқарады. Себебі тіл – ұлттың рухани коды, ал әдебиет – сол рухани әлемнің көрінісі. Демек, құндылықтар жүйесіне сүйенген тіл мен әдебиет оқыту – тілдік тұлғаны қалыптастырудың ең басты тетігі болып табылады.

Құндылықтар жүйесінің мәні – адамның ішкі сенімдері мен өмірлік ұстанымдарын, мінез-құлқын, қарым-қатынас мәдениетін айқындайтын рухани бағдарлар жиынтығы. Бұл жүйе арқылы тұлға өз әрекетіне жауапкершілікпен қарап, қоғамдағы орнын анықтайды. Тіл үйрету үдерісінде құндылықтар тек мазмұндық деңгейде емес, тілдік құралдар арқылы да беріледі. Мысалы, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, көркем мәтіндер мен шешендік сөздер ұлттық ойлау мен дүниетанымның құндылықтық бейнесін көрсетеді. Тілдік тұлғаның қалыптасуы – тек тіл нормаларын меңгерумен шектелмейді. Ол – тұлғаның тіл арқылы өз ойын мәдениетті жеткізе алу, өзгеге құрметпен қарау, сөздің әлеуметтік және этикалық рөлін сезіну қабілетімен тікелей байланысты. Бұл қасиеттердің негізінде құндылықтар жүйесі жатады. Сондықтан да мұғалімнің міндеті – оқушыларға тек тілдік білім беру емес, сол тілдік білім арқылы адамгершілік, ұлттық, рухани, мәдени құндылықтарды дарыту.

Қазақ тілінде жүргізілетін жазба жұмыстарының мақсатын А.Жапбаров төмендегіше көрсеткен: «Жазу жұмыстарын жүргізудегі басты міндет – шәкірттерді кітаппен жұмыс істей алуға, өздігінен іздене білуге, өмірден көрген, тұшынған мәселелерге байланысты пікірін дұрыс жеткізіп, ой-түсінігін, сезімдік әсерлерін нақты тұжырымдап жаза алуға үйрету болуға тиіс»[2]. Соның бірі ретінде 5-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін сабақтарда М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан жас ерекшеліктеріне және тақырыпқа сай мәтіндер алынып, талдау жасатамын. Мысалы, 5-сыныпта «Киім. Сән.Талғам» деген тарау бар, осы сабақтарда М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған шағын мәтіндер беремін. Картотекадан киімдердің суретін мәтіннің ішіндегі киім атауларымен сәйкестендіреді. Толық дөңгелек денелі, қызыл жүз, ақ сақалды Алшынбай, тірсек жең қара камзолдың сыртынан пұшпақ ішігін желбегей жамылып отыр екен [1. 9б.].

Енді Тоғжан есіктен шығар жерде бір сәтке көз қиығын тастағанда Абайдың тапжылмай сілейіп тұрып қалғанын көрді. Бешпенті екі иығынан түсіңкірепті де, аппақ көйлегі ашылып тұр. Ат үсті мал қарайтын, сөз бағатын еркектер де бір жаңалық табысты. Суық түн, лайсаң күнге арнап саптама, қалың шекпен,елтірі ішіктер киюмен бірге, меншікті, мінгіш аттарын да ауыстырып келе жатқан [1.152б.].

Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Ол ғана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп,елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын.

Синонимдерді өткенде мәтіннен синонимдерді табады. Мысалы: «Қайтқанда» тарауы бала шәкірт Абайдың өзінің туған ауылына ерекше алабұртып, асығып келе жатқан қалпын суреттеуден басталады. Оның бұл сәтін бейнелеуде жазушы барын салды, асықты деген сөздерді қолданады. «Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асық-қанды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпастан өзі оятып тұрғызып еді». Осындағы күн шыға, таң атар-атпастан деген сөздер де оның туған өлкеге ынтыққан бейнесін аша түскен. Эпопеядағы Әбіштің дүниеден өтетін кезінде ақын біршама контекстік синонимдерді пайдаланады. «Таң жаңа сызат беріп ата берген шақта, Әбіш үзілді. Көптен бері барлық пен жоқтық арасында жатқан аяулы жан, өмір шегінен баяу ғана, ақырын ғана жылжып өтіп кеткендей». Эпопеяда үзілді дегеннен басқа Мағауияның, Бөжейдің өліміне қатысты өлді, дүниеден озды, қайтыс болды, жантәсілім етті тәрізді синонимдерді пайдаланады. Ал Абайдың өзі дүниеден озған сәтті жазушы былай бейнелеген: «Ұлы жан дүниеден көшті. Мағаштың қырқын беріп болған күннің ертеңінде Абай қаза тапты.Ұлы кеуденің ыстық демі тоқталды. Шөл дарияны жарып аққан дариядай, игілік өмір үзілді, алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті» [1.430.].

Ал «Өсімдіктер әлемі» деген тақырыпқа келгенде мәтіннен өсімдік атауларын табады. Қарашоқы Қодар қыстауынан алыс емес. Шыңғыстың үлкен биігінің бірі. Соның бауыры әдемі, тоғайлы өзен болатын. Тал-тірегі болсын және тау қайыңы-қисықша қызыл қайың болсын, барлығы да көктеп, жайнап тұр [1, 28б.]. Аттарын тұсап-тұсап тастаған балалар бүлдіргеннің қызығына әлі қанған жоқ.Алғаш кеп түскен бір беттен жылжымаса да, сол алаңның өзінің жемісін де мойыта алған жоқ.Жегеннен асқанды тақия, тымақ, дорба, қалталарға да сықап жатыр [1, 140б.]. Шөп атаулыдан да, қой оты – мық жусан мен ұсақ, тырбықай бетеге болмаса, өңге бойшаң, тамыры босаң шөптерді жұлып, ұшырып әкететін әдеті бар [1, 62 б.]. Абайдың мінгені ақ жал, сары жорға ат. Ерболдікі ақ сұр. Екеуінің шапаны, тымақтары да сұрғылт түсті. Жерқылаң мінген қылаңнан киген екі жігіт кешкі салқынмен есіп жүріп кеткенде, бетеге,боз көденің арасынан зоға көрінгендей [1, 208 б.]. Ұзарып өскен сар селеу, оңнан соққан баяу жел астында тынымсыз қозғалады. Көктемде жасыл желек, көк шашақ атқан сасыр, қурай да қазір қызара сарғайған [1, 432].

6-сыныпта «Ұлттық құндылықтар – ел қазынасы» деген тақырыпта оқушыларға мәтін ішінен негізгі ақпаратты жазу беріледі. Тыстағы ойын: ат шабыс,көкпар, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру – баршасы да осы күні болды.Ойын бітіп, күн бата, тарқар кезде, Алшынбайдың тойынан қайтқан кәрілер:

-Тойы – той-ақ болды!

- Әкелген қалыңмалына сай Алшынбай да көл-көсір қылды!

- Күйеу келген той дәл бір астай болды, не қыл дейсің? – десіп, мақтасып қайтқан [1, 184б.]. Әйелдердің ер-тұрманы, тоқым, құйысқан,өмірдірік, жүгендері тегіс жалпақ күміске малынған. Жарық күнге шағылысып, жарқ-жұрқ етіседі. Сол топтан әнтек кейін үлкен көштің алдын бастап келе жатқан сүп-сұр жүдеу бәйбіше екен. Басына жұқа қара желек жамылыпты. Бұл бастаған он бес түйелі көштің сәні өзгеше көрінді. Бар түйенің үстіне артылған жүктерді жапқан өңшең қара кілем, қоңыр алаша, қара ала текемет көрінеді. Жүкті түйелердің екі жағы сол үлкен қара ала жамылшылармен баяу ғана желпіне түсіп, өзгеше бір ауыр тыныс алып келе жатқан тәрізді [1, 144 б.].

7-сыныпта «Ас – адамның арқауы»деген тақырыпты өткенде «Абай жолындағы» ұлттық тағам атауларын Абайдың Қарқаралыдағы Бөжеймен татуласу жиынында суреттелген тұстан, яғни «Жолда» тарауынан ғана алдық. Осы бір тараудың өзінде ұлттық тағам атаулары мейлінше молынан пайдаланылған. Қазақтың ұлттық тағамдары аталған жерде ыдыс-аяқ атауларының қоса аталуы заңды. «Абай жолында» жиі кездесетін ыдыс атаулары әдеттегі қазақ тұрмысында жиі пайдаланылатын қазан, саба, тегене, тостаған, ожау, табақ, күбі, кебеже т.б. Жазушы бұл ыдыстардың атын жекелей атап, нақтылай түседі. Оған мына бір үзіндідегі сөз қолданыстары айғақ болады:

«Алшынбай әңгімесінің тұсында Қарабас ауыз үйден қамыс тегенеге толтырып қымыз әкеп еді. Шүңет келген сырлы сары тегене. Қазірде Майбасар, Абайлар дыбыссыз ғана қозғалып, үстел үстіне асжаулық жайып, үлкендердің алдарына жылтыр сары тостағандарды толтырып қымыз қойған. Бетінде азғантай ғана құрым белгісі бар сап-сары қымыз, арқар мүйізінен істелген үйрек ожаумен Майбасар сапырғанда, көпіршімей, шып-шып етіп шымырлап қана толқиды... Дастарқан үстіне үш табаққа сап ашыған бауырсақ қойысты... Жаңағы Алшынбай сөзі аяқтала берген кезде Қарабас ауыз үйден үлкен табақ ыстық ас әкелді. Бұл дағдылы ет, қуырдақ емес, Құнанбайдың қымызбен қоса жейтін жаубүйрек деген тамағы еді...[1, 200]. ...Үлкен сары самауырды жаңа ортаға алысыпты... Шайды «сорап-сорап» тартысып жатыр...».

Берілген үзіндіде қолданылған тағам атаулары – бетінде азғантай ғана құрым белгісі бар сапсары қымыз, ашыған бауырсақ, дағдылы ет, қуырдақ, жаубүйрек. Бұлар – қазақ халқының еттен, сүттен, ұннан жасайтын дәстүрлі тағамдары.

8-сыныпта ««Қызыл кітаптағы» өсімдіктер әлемі» деген тақырыпта әр топқа мәтін беріледі. Сол мәтін ішінен кездесетін өсімдіктер туралы айтады. Роман-эпопеяда қолданылатын биологиялық атауларды, оның ішінде гүл атауларын бөліп атауға болады. Қаладан оқудан келген Абай ауылына келгенде кәрі әжесінің дұрыс естімей отырғанын байқап, оған ұшықтау ырымын жасайды. Сол сәтте оқыған өлеңі мынадай жолдармен басталады:

Юзі раушан, көзі гауһар,
Лағылдек бет ұшы ахмар,
Тамағы қардан әм биһтар,
Қашың, құдрәт, қоли шига, -

Бұнда қолданылған раушан гүлінің гүлдердің арасында өте жоғары бағаланатындығы белгілі. Шығармада Қодар мен Қамқаның бейіт басына барған сәттерін суреттеуде табиғат қоса суреттеледі. «Айналадағы жазық пен төбешіктің бәрі де алқара көк. Аласа, тықыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған. Қызғалдақ, сарғалдақ, жауқазын, бәйшешек дегендер қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды. Гулеп ұшқан көбелектей көп бояулы, неше алуан... [1 том, 23 бет]. Бір ғана сөйлемнің ішінде қызғалдақ, сарғалдақ, жауқазын, бәйшешек тәрізді гүлдердің аты аталған. Бұл аталған гүлдердің барлығы да жазушының туған жерінде шынымен де өседі. Бірақ, қанша дегенмен бұл жерде көркемдік шындықтың үлесі жоғары сияқты. Өйткені бұл аталған гүлдердің барлығы жылдың бір мезгілінде шыға бермейтіні белгілі.

Міне, оқушыларға осындай тапсырмалар беру арқылы олардың мәтін ішінен негізгі ақпартты таба білуге, мәтінмен жұмыс жасай алуға дағдыланады. Сонымен қоса, олардың ізденушілік және зерттеушілік дағдылары дамиды. Оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын тудырады.

Қорытындылай келе, құндылықтар жүйесі – тілдік тұлға қалыптастырудың өзегі ғана емес, ұлттың рухани тірегі. Тіл мен әдебиет сабақтары арқылы берілетін әрбір құндылық – оқушының дүниетанымын кеңейтіп, оның болашақ азаматтық ұстанымын айқындайды. Сондықтан мұғалім үшін тіл мен құндылық – біртұтас ұғым. Мұндай тәсіл білім беруді тек ақпараттық деңгейден рухани-адамгершілік деңгейге көтереді. Яғни, құндылыққа негізделген оқыту – оқушыны білімді ғана емес, саналы, мәдениетті және рухани бай тұлға етіп қалыптастыратын жүйе.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Абай жолы.- Алматы: Жазушы,1989.
2. Жабпаров А. Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы, 2007.

ТӨҢКЕРІЛГЕН САБАҚТЫ ҚҰРЫЛЫМДАУ: ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Симбаева С.
Teaching Professor, MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY, Астана, Қазақстан.

Ұрпақтар арасындағы айырмашылықтың болатыны - ғылыми деңгейде дәлелденген мәселе. Ұрпақтардың уақыт кеңістігінде өзгеріп отыратыны, өмірді қабылдауы, оған деген философиялық пайымы мен тәжірибелік дағдылары түрліше болып келетіні туралы алғаш «Problem of Generations» деген еңбегінде Карл Маннгейм 1952 жылы сөз еткен екен [1,1]. Ұрпақтар теориясы білім беру процесін жетілдіру бағыттарын анықтауды қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта оқу орнындарындағы білім алушыларды шартты түрде Z буынына жатқызуға болады, олар - 1995-2010 жылдары туған ұрпақтар (шамамен 10-25 жас). Осыдан қазіргі ұрпақтың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін өзгерту қажеттілігі анықталады. Өйткені қазіргі «зумерлер» деп аталатын Z ұрпақтың сұранысы мен мүдделері алдыңғы X және Y ұрпақтарға қарағанда мүлде бөлек. Олар компьютерлік технологияның қарқынды дамуы кезінде өмір сүргендіктен, шынайы өмірден гөрі виртуалды әлемді ұнатады, танымдық процестерді сол арқылы жүзеге асырады.

Сондай-ақ олардың көпшілігінің көлемді ақпаратты толық қабылдап, оны талдап, өзіндік пікір қалыптастыруға шыдамы жете бермейді. Осыған орай, «клиптік пайым» ұғымы да жиі қолданылып

жүр, себебі «зумерлер» комикстер мен ғаламтордағы қысқа мәтіндерді оқу арқылы ақпарат алады, әлемнің түкпір-түкпіріндегі болып жатқан оқиғалардан хабардар. Бұл - олар ақпаратты терең ой елегінен өткізіп, талдау жасап, ақ пен қараны ажыратуға көп мән бере бермейді деген сөз. Сондықтан да көзсіз еліктеу, трендегі кез келген құбылысты бойына сіңіре беру сияқты үрдістің етек алуына әкелді.

М. Сандомирскийдің пікірінше, [2,15] уақыт өткен сайын жастар арасында мәдени-интеллектуалдық стратификация соғұрлым айқын байқала бермек. Таразының бір жағында білім мен ғылымға деген қызығушылығы басым, жаңалық ашуға бейім жастар тұрса, әрине, олардың саны көп емес, екінші жағында құндылықты басқаша түсінетіндер тұрмақ. Олардың ойларынша, терең зерттеу, танымдық қабілетті арттыру маңызды емес, алайда адамзат қол жеткізген жетістіктерге оңай жолмен ие болса, болғаны. Бұның барлығы ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруді басқа қырынан саралау қажеттігін туындатып отыр.

Аталған уақыт кеңістігіндегі ұрпаққа мектепте білім берудің ұтымды шешімі ретінде қысқа бейне, аудио ақпараттарды ұсыну, тестік тапсырмалар мен қысқа сұрақтарға интерактивті құралдар арқылы жауап беру сияқты тапсырмалар ұсынылып жүр. Сол себепті де оларға ЖОО білім беру форматына бірден бейімделіп кету қиындық туғызады. Ал оқу орындарының оқытушылары мен профессорларына бұрынғыдай дәрістер оқып, оны семинар сабақтарында талдау әдістемесін қайта қарау да кезек күттірмейтін маңызды мәселе екенін бүгінде бәрі түсінеді. Соның ұтымды шешімдерінің бірі – төңкерілген сбақ әдістемесі. Оны 2007 жылы американдық химия пәнінің оқытушылары: Джонатан Бергман мен Аарон Сэмс ойлап тапқан. Әдістеменің дүниеге келуіне қандай да бір себептермен сабаққа келе алмай қалған білім алушыларға оқу материалын өз беттерінше меңгеруге мүмкіндік беру үшін бейне сабақтар жаза бастаған. Көп ұзамай бұл формат барлық оқушылар үшін де пайдалануға ыңғайлы екендігіне көз жеткізілді. Кейінірек оны басқа мұғалімдер де қолдана бастады. Бұл әдістеменің негізінде білім алушының академиялық еріктілігі жатыр, себебі дәстүрлі сабақ құрылымымен салыстыратын болсақ, субъектілердің орындары ауысады деуге болады. Білім алушы оқытушы нұсқаулығы бойынша немесе өз бетінше ізденіп, жаңа білімді меңгереді, дәріс кезінде оны талқылауға қатысады. Оқытушы дәріс оқудың орнына студенттің дайындығына қарай негізгі мәселені талқылауды ұйымдастырады, сөйтіп әркімнің жеке өсу траекториясын анықтап беруге көмектеседі, яғни білім алушы сабақ барысында әлі де қандай теориялық немесе тәжірибелік дағдыны жетілдіру керектігін түсінеді. Жалпы бұл формат білім кеңістігінің қай сатысындағы болмасын білім алушы үшін таныс. Себебі дербестікке, көшбасшылыққа ұмтылатын және өзінің бірегейлігін мойындатқысы келетін XXI ғасыр жастары ғаламтор көмегімен түрлі курстарды меңгеріп, өздерінің Soft skills және Hard skills-терін дамытуға ұмтылуда.

Сонымен қатар оқытушы дайындап әкелген оқу материалын олар білуі де мүмкін және өздері ізденіп таппаған, еңбектенбегендіктен, ұсынылып отырған ақпараттың маңыздылығын бағаламауы да ықтимал. Ал өз ізденісі арқылы қол жеткізген нәтиже әрқашан құнды болары сөзсіз. Сондай-ақ О. Н. Григорьева пікірінше, оқу мен оқыту процесінде көбірек коммуникацияға түскен, талқылауға немесе жоба жұмыстарына қатысқан студенттер маман болып қалыптасқан кезде өз саласында көбірек табысқа жетеді екен [3, 18]. Ал төңкерілген сабақ форматы осы айтылғандардың барлығына жауап береді.

Соңғы кездері сабақтың осы форматы туралы жазылған еңбектердің бірқатары инновациялық: қашықтан, электронды, интербелсенді оқытудың кіріктірілген түрі ретінде де қарастыруда. Әрине, пандемиядан кейін білім беру кеңістігі артып, форматы да үлкен өзгеріске ұшырады, бірақ оған қазіргі электронды құрылғылар арқылы қоғам тез бейімделгендіктен, бұл мәселені осыдан 10-20 жыл бұрынғы жай-күйімен салыстырудың өзі артықтық ететініне көзіміз жетті. Білім берудің форматының саны әлі де арта түсері сөзсіз және оның сапасы мен мазмұны да үздіксіз жаңартуды талап етіп отырады. Төңкерілген сабақты білім беру форматы ретінде де, технологиясы ретінде де, жүйе ретінде де қарастырушылар бар. Жалпы білім беру технологиясы деп қараушылар басымырақ, өйткені онда білім берудің әдіс-тәсілдері, мазмұны, үдерісті басқару, тиімділігі тұтастай кіріктіріле беріледі. Жаңа оқу материалын білім алушы сабаққа дейін меңгеріп келіп, талқылау барысында өз түсінігін, дайындығын, қандай дәрежеде меңгергенін көрсетеді, бірақ бұл оқытушы жүгі мен жауапкершілігін жеңілдетеді деген сөз емес. Оқытушы жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түседі. Үйге өз беттерінше меңгеруге берілген тапсырмаларды құрылымдайды, оның тартымдылығын арттыру үшін платформаларды таңдайды, оқу материалын орналастырады, өз білімдерін тексеруге тестік, сұрақ-жауап тапсырмаларын әзірлейді. Қажет болған жағдайда аудио, видео материалдар ұсынылады, студияларда немесе арнайы құрылғылар арқылы дәрістерді жазып та салып отырады, бір сөзбен айтқанда, білім

алушыларға өз беттерімен меңгеретін ақпараттық, талдау материалдарын іріктейді. Сабақ тақырыбына сай әзірленетін оқу материалдары белгілі бір мақсатты көздеуі, білім алушының қандай да бір дағдысын қалыптастыруға, дамытуға негізделе құрылуы тиіс. Берілген тақырыпты түсінгенін тексеру үшін әзірленетін бақылау тапсырмалары да жан-жақты саралауды, ізденісті талап етеді. Тапсырмаларды ұсынудың жолдары әрқилы. Міне, осы мәселелердің барлығы да оқытушыдан терең білімді, жетік әдістемені талап етері сөзсіз. Сабақ кезінде талқылау сұрақтары мен тапсырмаларын алдын ала әзірлеп алып келеді және талқылау процесіне толықтай басшылық жасайды, білім алушының дайындық деңгейін анықтайды, тапсырмалар бойынша критерийлер дайындайды.

Білім алушылардың өзін-өзі бақылау және білімдерін өзара тексеру өте маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Өзін-өзі бақылау студенттің танымдық іс-әрекетін жандандырады, саналы көзқарасты тәрбиелейді, қателерді табу және түзету дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Осылайша, өзара тексеру де жүзеге асырылады, оның барысында студенттер бір-бірінен тапсырмалардың орындалуын тексереді.

Студенттердің өз бетінше іздену әрекеттерін ынталандыру үшін сұрақтар сыни ойлауға итермелейтіндей, ашық сипатта болуы тиіс. Мысалы, мынадай тапсырмаларды алуға болады:

әрекеттің, процестің, оқиғаның реттілігін анықтау тұрғысындағы («... қалай басталды?», («... қалай дамыды?», («... қалай аяқталды?», т.б.);

салыстыру мақсатындағы («... ұқсастық пен айырмашылығы неде?»);

себебін түсіндіру негізіндегі («... неге?», «... не үшін солай болды деп ойлайсыз?», «...себебін қалай түсіндіресіз?»,);

заттардың, құбылыстардың негізгі сипаттамаларын, белгілерін немесе қасиеттерін анықтау үшін («...маңызды қасиеттерін көрсетіңіз», «...мұндай жағдайлардың орын алу себебін түсіндіріңіз»);

белгілі бір құбылыстың, процестердің мәнін анықтауға бағытталған («..қандай маңызға ие?», «...қалай әсер етеді...? »);

негіздеу үшін («... пікірге сүйенсек», «... негізге алсақ»), т.б.

Өз бетімен меңгеруге берілген оқу материалын түсіну деңгейін анықтауға қатысты тапсырмалар:

сұраққа мұқият, дәйекті жауап беруге дағдыландырады;

есте сақтау қабілетін дамытады;

ойын дәлелді жеткізуге ықпал етеді. Сондықтан да білімдерін тексеруге арналған тапсырмалар неғұрлым кеңейтілген жауапты қажет ететін сұрақтар түрінде болғаны абзал.

Берілетін тапсырмалар мен сұрақтар, анық, нақты, уақыт шеңберіндегі сыйымдылығы ескеріліп, қолданбалы сипатта болуы, бағдарламаға негізделген, өткен тақырыптарды еске түсіру арқылы оны бекітіп отыру сияқты маңызды мәселелерді қамтуы тиіс. Олардың мазмұны студенттерді логикалық ойлауға, салыстыруға, талдауға, дәлелдеуге, сенімді мысалдарды таңдауға, тұжырымдар жасауға бағытталуы және білімді саналы, шынайы меңгеруге ықпал етуі керек. Кәсіби тәжірибеге бағытталған тапсырмалар теорияны меңгеру деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, яғни дағдыларды тексерумен қатар білімді тексеру жүзеге асырылады. Тест тапсырмалары, сауалнама, сұрақ-жауап, рефлексия, т.б. оқытушы үшін кері байланыс алудың құралдары болып табылады. Оларды технологиялық тұрғыдан ұтымды ұйымдастырып, дизайнын тартымды ету мақсатында бірнеше онлайн платформаларды пайдалануға болады, солардың қатарына: Quizlet; Quizizz; Google Forms; Madtest, Socrative; Learning Apps; Online Test Pad; пандарина, т.б. жатқызуға болады.

Ортақ қолданылатын онлайн тақталарға өз беттерінше орындайтын тапсырманы жүктеу немесе бірден жазудың оқытушы үшін тиімділігі жоғары, бірнеше студенттің жұмысын қарап, сабақ барысында талдау жасап, кері байланыс бере алады. Студенттер де бір-бірімен пікір алмасып, бір-бірінен үйренеді. Алайда кейбір ескеретін мәселелерді де естен шығармаған жөн. Мысалы, өздерінің шекараларына ешкімді өткізгісі келмейтін немесе қателігін өзгелердің көруін қаламайтын студенттер де болады. Сол себепті тапсырманы ортақ онлайн кеңістікте орындау барысында бұл мәселені жан-жақты талқылап, ортақ шешімге келген жөн. Ол үшін әр білім алушыға оқытушы жасырын код немесе шартты белгі ұсынғаны абзал. Сол кезде жұмыстың авторын білім алушы мен оқытушы ғана біледі. Ортақ талдау кезінде ешкімнің аты аталмайды, тек назар жұмысқа ғана шоғырланады. Ал студент өз жетістігі мен қателігі туралы іштей біліп отырады. Сонымен қатар академиялық адалдықтың да сақталмау ықтималдығы бар, өйткені тапсырманы орындау барысында бір-бірінікін көріп отырады да, дұрыс орындалған немесе бұрын біткен жұмысты көшіріп алуы, не болмаса өзгенің идеясы мен ойын өзгертіп, өз атынан беруі де ықтимал. Сол себепті академиялық адалдықтың сақталу жағына да көңіл бөліп отыру керек. Осындай кейбір қиындықтардың амалын тапқан жағдайда ортақ қолданыстағы платформалардың мүмкіндіктерін сабақ мақсатына қолдану тиімді, ал төңкерілген сабақ білім алушыға

біілмді өз бетінше меңгеріп, оны жетілдіруге, ал сабақта түсінбеген сұрақтарды талдау үшін қолайлы. Дәстүрлі сабақтағыдай оқытушы жаңа сабақ түсіндіруге уақытының көп бөлігін жібермейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Образовательный процесс и обучение студентов поколения Z: особенности организации и трансформации Ручкина Гульнара Флюровна, Шайдуллина Венера Камилевна [Электронды ресурс]/ https://old.lawinfo.ru/assets/files/full/Jurobraz/2020/Jurobraz_10_2020.pdf#page=3.

2. Лумпиева Т. П., Волков А. Ф. Поколение Z: психологические особенности современных студентов. –Москва, 2013.- 105.

3. Григорьева О. Н. Перевернутое обучение в образовательном процессе: сущность, преимущества, ограничения. – 2018.

Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Сулейменова Ж.К.

Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан.

Түйін: мақалада Ыбырай Алтынсариннің өз заманында оқу-ағарту ісіндегі жаңалығы, қазақ жастарына кәсіби мамандық беру мәселесі, оның кәсіптік білім беру саласындағы жасалған еңбектері, қазақ жастарына білім беріп, оларды белгілі бір кәсіппен айналысуына атсалысқандығы туралы айтылады. Ы.Алтынсарин жастардың ізгі жүректі, инабатты, талапты, ел-жұртына пайдалы азамат болуын көздегені туралы айтылады. Кәсіптік оқу орындарында еңбекке тәрбиелеу жүйесі және дуальді оқыту жүйесінің ұқсастығы өзара байланыста қаралады.

«Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық ешнәрсе жоқ» [1]. Шәкіртті тәрбиелеу, оқыту барысында ақыл-ойын дамыту бүгінгі педагогиканың ең өзекті мәселелерінің бірі. Халқымыз жас ұрпақты өмірге дайындап, «сегіз қырлы, бір сырлы», жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу үшін бар күшін, мүмкіндігін сарп еткен. Тәрбие ісінің туғаннан өмір бойы үздіксіз жүргізілуін халық педагогикасы да, ғылыми педагогика да құптайды. Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Ы.Алтынсарин «адам мінезін түзеп болмайды, сүйекке біткен мінез, сүйекпен бірге кетеді», -деген қате пікірге «адамның жақсы, не жаман болуы тәрбиеге, өскен ориелеу ісіне ең басты мәселе деп қарады [2]. Ауыл-ауылдарды аралап, халықтан қаржы жинап, Торғайда, Ырғызда, Тобылда, Қостанайда, Красно-Уфимскіде орыс-қазақ бастауыш мектептерін ашады, бар күшқайратын, ақыл-парасатын халық ағарту ісіне жұмсайды.

Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Ы.Алтынсарин өз ойын іске асыруда екі бірдей кертартпа күшпен алысып бақты. Оның бірі қазақ даласындағы Ислам дініне негізделген татарша оқу болса, екіншісі патша үкіметінің отарлау саясатына негізделген қазақ балаларына христиан дінінің заңдарын оқытуды көздеген миссионерлік саясат еді. Миссионерлік саясатты қолдаушылар мүмкін болғанша қазақ жастарын орысша оқыта отырып, өз ұлтының тілінен, дінінен, салт-дәстүрінен мүлде бездіріп, орыстандыруды-шоқындыруды көздейді. Ұлы педагог осы келеңсіз жайттар мен қиындықтарға, педагогке жабылған жала, молдалардың таратқан өсектеріне қарамастан өзі ашқан орыс-қазақ мектептерін миссионерлік бағыттағы жат пікірден де, шығыстың жаттамалы діни оқуынан да қорғап бақты. Жастарға шынайы білім беретін дүнияуи пәндерді оқытуды іске асырды. Ол алдыңғы қатарлы орыс педагогтерінің оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген екі төл оқу құралын «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» 1879 жылы жазып бастырып шығарды. Ол өзінің хрестоматияға енгізілген әдеби шығармаларының бәрін негізгі педагогтік ісімен тығыз байланыстыра білген. Шығармаларды енгізудегі мақсаты: біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салтдәстүрлерінен хабар беру принципі көзделсе, екіншіден, оқушыларды адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту көзделді, үшіншіден , жастардың, әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруге тырысты. Ол өзі аударып, хрестоматияға енгізілген Пауэльсонның, Ушинскийдің, Толстойдың әңгімелерінде қайырымдылық, кішіпейілділік, талаптылық, еңбек сүйгіштік сияқты зор адамгершілік қасиеттер дәріптеліп, оған қарама-қарсы жауыздық, екі жүзділік, дүниеқорлық, т.б.

жексұрын мінез-құлықтарды әшкерелеу өзекті орын алады. Ыбырай Алтынсарин осы арқылы жастардың ізгі жүректі, инабатты, талапты, ел-жұртына пайдалы азамат болуын көздейді.

Ыбырай Алтынсарин бұл еңбегінде көркем шығармалары арқылы өзінің ағартушылық және педагогикалық идеяларын толық көрсетіп насихаттады. Ыбырайдың оқу-ағарту ісіндегі тағы бір жаңалығы қазақ жастарына кәсіби мамандық беру мәселесін қолға алуы болды. Ол Торғайда, Қарабұтақта қолөнер училищесін, Қостанайда ауыл шаруашылығы училищесін ашып, қазақ жастарына қажетті мамандар даярлау ісіне зер салды. Ыбырай Алтынсариннің ұсынысымен және Орынбор оқу округінің белгілі қайраткері В.В.Катаринскийдің қолдауымен қолөнер мектебі 1883 жылы Торғайда да ашылды. Мұнда негізгі оқу пәндерінен басқа оқушыларды ұсталық өнерге баулыды. Бұл мектеп Орскіде де ашылды. Қазақ қыздары үшін ашылған пансионаты қыздар училищелерінің маңызы зор еді. Қазақ қыздарына тұңғыш білім беру ісіне жол ашқан да Ы.Алтынсарин болды. Ол Ырғызда қазақ қыздарына арнап интернаты бар мектеп аштырды. Мұнда негізгі оқу пәндері-тігіншілік өнері болды, онымен бірге қазақ қыздары орыс тілін (жазу,оқу) және арифметиканы оқыды.

Ы. Алтынсарин жан-жақты білімді адам болды. Білімді адам ретінде ол прогреске, білімге ұмтылудың қазақ халқы үшін қаншалықты зор маңызы бар екенін айқын көре білді. Ол қазақтардың арасында ағартушылық жұмыстарын жүргізіп, темір жолдар мен электр қуатының, егіншілік кәсібінің, телеграфтың және әр түрлі қолөнердің пайдасы туралы айтып берумен болды. Қазақстанның экономикалық дамуы үшін қажетті мамандар даярлауға ерекше мән берді. Қолөнер және ауыл шаруашылық училищелерін ашуға да көп күш-жігер жұмсады. Алдыңғы қатарлы орыс зиялы қауымының өкілдерімен кездесу кезінде қолөнер кәсібі, бау-бақша егу, мал өсіру және диқаншылық жөнінде жазылған оқу құралдарын табуға көмектесулерін өтінді. Ол қазақ жастарына тері илеу, сабын қайнату, май шайқау және кірпіш күйдіру, көзе жасауды үйретуге тырысты. Сондай-ақ ағаш ұсталығы, темір жону, слесарлық кәсіпке баулуды да армандады. Ол жастарға жаңа машиналарды қалай пайдалану, ауру малдарды қалай емдеудің және зиянды жәндіктерге қарсы қалай күресудің тәсілдерін үйретуге тікелей өзі де қатысып жүрді. Өзінің очерктер мен ауызекі әңгімелерінде қазақтарды диқаншылықпен айналысуға шақырды. Ы. Алтынсарин жастарды еңбек сүйгіштікке баулыды, уақытты босқа өткізуден және жалқаулыққа салынудан сақтануға шақырды.

Ұлы кемеңгер педагогтың ойлары мен аталы сөздерінің айтылғанына көп уақыт өтсе де жаңа ғасырдың білімді де, бәсекеге қабілетті, білікті жастар қоғамы болып отыр, сондықтан Ыбырай тәлімінің күннен-күнге арта, мәртебесі биіктей түседі. Біздің мақсат ұлы ұстаздың ой-пікірін түсіндіріп қою емес, оны өнегелі тұлға тәрбиелеу ісінде әрекет арқылы өмірмен байланыста пайдалану, оқыту үрдісінде басшылыққа алу.

«Тәрбие-тал бесіктен», «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген даналық сөздер бекерге айтылмаса керек. Ыбырайдың еңбектері тек білім, ғылым жайында емес, тәрбиелік мәні зор.

Қазақстанның индустриалдық-инновациялық даму жағдайында кадрлық әлеуетті сапалы даярлау көкейкесті болып табылады. Техникалық кәсіптік білім берудің басты мақсаты білім алушылардың болашақ мамандықтарына қажетті білім мен практикалық білік жүйесін қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар шығармашыл белсенді және әлеуметтік бейімделген тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Дуальдік оқытуды енгізу –бұл мемлекетіміздің бастамасымен жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарлама.

Дуальдік оқытудың басты артықшылығы–түлектердің жұмысқа орналасуы жоғары пайызға жетеді, себебі оқу барысы максималды түрде өндіріс жағдайына жақын болғандықтан, олар жұмыс берушілердің барлық талаптарына жауап береді.

2012 ж. қыркүйек айында Қарағанды жоғары политехникалық колледжі «Дуальдік оқыту жүйесін енгізу» республикалық пилоттық жобаға кірді. «KEGOC» АҚ, Қарағанды облысы Білім

басқармасы, «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» ҚМКМ арасында 3жақты келісім-шарт жасалды.

Кәсіпорын өкілдерімен бірлесе 0901000 «Электрстансалары мен қосалқы стансаларының электр жабдықтары» мамандығы бойынша эксперименттік оқу жұмыс жоспары және практика жоспары жасалды.



«KEGOC» АҚ ремонттық базасында оқу практикасы

Сонымен қатар кәсіпорын өкілдері оқу үдерісіне белсене қатысады:

кәсіпорынның жетекші мамандары арнайы пәндерді оқыту үшін шақыртылады;

Қорытынды аттестациялау бойынша Мемлекеттік комиссия, біліктілік комиссиясы отырыстарына қатысады, дипломдық жобалар рецензенттері және кәсіптік шеберлік байқауларынада кеңесші болып табылады.

Өндірістік оқыту оқытушылары мен шеберлерінің біліктілігін арттыру мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Ол көптеген факторлармен белгіленеді:

-техника мен технология саласындағы жетістіктер;

білім, ғылым және өндірістің интеграциясы;

Қазіргі кезде колледжде «Энергопарк» құрылды, онда энергетикалық саласының бірнеше жұмысшы мамандықтары бойынша мамандарды даярлау және қайта даярлау жұмыстары жүргізілуде.

Оқытудың дуальдік жүйесін пайдалану оқытудың дәстүрлі түріне қарағанда келесі артықшылықтарға ие: Теория мен практика арасындағы алшақтықты жою; дуальдік жүйе механизмінде жұмысшы тұлғасына ықпал ету, болашақ жұмысшының жаңашыл психологиясын құру болып табылады; тиісті кәсіпорын басшыларының өзінің болашақ жұмысшысының кәсіпорында тәжірибе алуына қызығушылығы; кәсіптік-техникалық оқу орны әлеуметтік серіктестерімен тығыз қарымқатынаста жұмыс жасайды және оның жетекші мамандарын тиісті мамандықтар бойынша оқу мен практикадан өту оқу жұмыс жоспарын жасауға тартады; өндіріс жағдайында өндірістік технологиялар жылдам жаңартылады, заманауи құрал-жабдықтар қолданылады; тәжірибесі мол өндіріс жұмысшыларының студенттерге ықпал етуі және өндірістік орта психологиясының жас жұмысшының қалыптасуына, оның нақты өндіріске бағытталуына оңтайлы әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ы. Алтынсарин тағлымы // Жазушы, 1991.
2. ЫАлтынсарин. Екі томдық шығармалар жинағы // Алматы, 2003ж. 18-21 б.
3. С.Қалиев Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен мен тарихы // Білім, 2003.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШАРТТАРЫ МЕН ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

Шахим А.С.
№6 мектеп-лицей, Көкшетау, Қазақстан.

XXI ғасыр – білім беруді ізгілендіру ғасыры. Жаңа гуманистік парадигманың көрінісі ретінде ғалымдар құндылық көзқарасты бөліп көрсетеді. Адамның өмірдегі, қоғамдағы орнын анықтау, өзінің азаматтық, ұлттық, әлеуметтік және кәсіби мүдделерін жүзеге асыру мүмкіндігі ретінде өзін-өзі анықтау құндылықтары, дүниетанымдық, әлеуметтік және мәдени әрекет оқушы тұлғасының даму аспектілері. Ең дұрысы, құндылықтар балаларды, ата-аналарды және мұғалімдерді біріктіруі керек[1,12]. Мектеп оқушыларының құндылық бағдарларын қалыптастырудың үш маңызды аспектілері бар: қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі кезеңіне сәйкес келетін көпжақты құндылық бағдарын қалыптастыру; мектеп оқушыларының бойында қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоғамның идеалдарына, әлеуметтік құндылықтарына бағытталған басым құндылық бағдарын қалыптастыру; мектеп оқушыларының оқу процесінде қоғамның әлеуметтік құндылықтарын меңгеруге бағытталған әлеуметтік құнды дағдыларды қалыптастыру және мектеп жүргізетін әртүрлі іс-әрекеттер.

Ғалым, ұстаз Н.А.Асташовтың пікірінше, мектеп оқушыларының құндылық бағдарларын қалыптастырудың егжей-тегжейлі циклдік процесі келесі кезеңдерді қамтиды:

оқушыға құндылықтарды түсіндіру;

тұлғаның құндылық бағдарларын білуі;

құндылық бағдарын білу;

қызмет пен мінез-құлықтағы құндылық бағдарларды қолдану;

құндылық бағдарды тұлға бағытына бекіту және оны тұлғалық сапа дәрежесіне, яғни әлеуетті күй түріне көшіру;

мұғалімнің немесе ата-ананың тұлғалық қасиеттерінен тұратын потенциалды құндылық бағдарды өзектендіру[2,40].

Сонымен, оқушыға құндылықтарды түсіндіру арнайы жасалған өзара әрекеттесу жағдайында да, күнделікті қарым-қатынаста да жүзеге асырылуы мүмкін. Құндылықтарды енгізетін басты тұлғалар ішкі дүниесі, кәсіби мәдениеті, құзыреттілігі құндылық рухымен сусындаған ұстаздар мен ата-аналар болуы керек. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бұл үдеріс тілді меңгерту мен көркем мәтінді талдаудан бөлек, шығармалардағы тәрбиелік идеяларды ашу, ұлттық құндылықтарды түсіндіру және солар арқылы өмірлік ұстаным қалыптастыру түрінде жүзеге асады.

Бастауыш мектепте негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың келесі принциптерін бөліп көрсетуге болады:

мұғалімнің өнегелі үлгісі;

жеке – тұлғалық даму;

рухани-адамгершілік білім беру бағдарламаларының интеграциялығы;

білімге деген әлеуметтік сұраныс.

Бүгінгі таңда құндылық бағдарлы оқытудың өзекті бағыттарына мыналар жатады:

Ұлттық құндылықтарды сабақ мазмұнына кіріктіру: мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, фольклор арқылы тәрбиелік мазмұнды күшейту.

Интеграциялық тәсіл: тілді үйрету мен құндылықты қалыптастыруды бірге жүргізу

Цифрлық платформалардағы құндылық: заманауи технологияларды пайдаланып, интерактивті тапсырмалар мен онлайн талдаулар арқылы оқушының құндылықтық көзқарасын дамыту.

Пәнаралық байланыс: тарих, мәдениет, этика сабақтарымен бірлестікте ұлттық дүниетанымды кеңінен ашу[3,56].

Тұлғалық бағдарлы бағыт. Нақты өмірлік жағдайларды талдау, құндылыққа байланысты шешім қабылдату тапсырмалары маңызды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында құндылық бағдарлы оқытудың тиімді жүзеге асуы бірқатар әдістемелік шарттарды сақтауды талап етеді:

Сабақ мақсатын құндылыққа бағыттау. Әр сабақтың білімдік мақсатына қосымша тұлғалық-дамытушылық, тәрбиелік мақсат қойылуы тиіс. Мысалы, «кейіпкердің іс-әрекеті арқылы әділдік пен адалдық ұғымын түсіндіру», «мәтін мазмұны арқылы отансүйгіштік сезімін қалыптастыру» сияқты.

Мәтінді құндылықтық тұрғыдан іріктеу. Оқу материалы оқушылардың ұлттық болмысын, мәдени мұрасын танытатын және адамгершілік қасиеттерді насихаттайтын мәтіндерге негізделуі қажет. Мысалы, Абайдың қара сөздері, Шәкәрімнің философиялық ойлары, тарихи жырлар мен шешендік сөздер.

Мәтінді құндылық тұрғысынан талқылау. Мәтінді талдау барысында оқушылар тек сюжеттік желіні емес, кейіпкердің таңдауы, моральдық ұстанымы, өмірлік құндылықтары туралы пікір айтуға үйренеді[4,17].

Шығармашылық тапсырма. Эссе жазу, постер қорғау, кейіпкерге хат жазу, рөлдік ойындар сияқты шығармашылық тапсырмалар оқушының құндылықты тәжірибе арқылы түсінуіне ықпал етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде құндылықтарды қалыптастыру барысында мынадай әдістерді қолдануға болады:

«Құндылық талдау әдісі» - бір нәрсені құндылық мәнділік тұрғысынан қарастыру тәсілі. Заттар мен құбылыстарды адамгершілік, эстетикалық, экологиялық позициялардан бағалап, саралай білуге үйрету керек. Табиғи және мәдени объектілердің құндылығын білдіру әртүрлі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: ауызша құндылық пікірлерін тұжырымдау, әртүрлі авторлардың құндылық пікірлерін түсіндіру және өзіндік бағалауларды модельдеу.

«Сәйкестендіру әдісі» – адамның өзін «басқаның» орнына ойша қою қабілетін білдіретін «басқаны» түсіну әдісі. Бұл жағдайда логикалық амалдар қолданылады: салыстыру, талдау, жалпылау және т.б. Өздерін қандай да бір табиғи объектімен сәйкестендіру арқылы, сипаттап айырмашылығын білу арқылы сөздік қоры арта түседі.

«Құндылық рефлексия әдісі» - адамның өз тәжірибесі мен іс-әрекетін талдау қабілетін білдіретін өзінің ішкі әлемін түсіну әдісі. Әдіс арқылы өзінің мінез-құлқын және белсенді іс-әрекетін білуге мүмкіндік береді.

«Диалог әдісі» - субъектілік-семантикалық қатынас тұрғысынан өзін және қоршаған шындықты тану тәсілі.Әр түрлі шығармаларды оқу арқылы, кейіпкерлермен диалогқа түсе алады. Диалогтар әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады: ауызша – көңілді, қайғылы түрде; жазбаша – эссе, шығарма, ой толғау түрінде; бейнелеу өнерінің көмегімен әңгіме құрастыруға болады.

Сондай-ақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда мынадай ойындарды ойнау арқылы оқушының құндылық бағдарын қалыптастыра аламыз.

1. «Жетіген» әдісі.

№1 Ойынның шарты: Оқушыларға жеті түрлі тапсырма беріледі. Әр тапсырманы аяқтағанда халықтың өнегелі сөзін табады. Оқушылар тапсырманы орындау барысында 7 сөйлемнен тұратын тәрбиелік сөздерді табады. Бұл ұлттық тәрбиені оқушы бойында дарытудың тамаша әдісі.

№2 Ойын шарты: «Жетіген» әдісін қолдана отырып, оқушылардың жаңа тақырыпқа қатысты көрсетілген слайдтан түйгендерін және ресурстан пайдалана отырып, жеті сұрақ жауаптарымен бірге құрастыруға нұсқаулық беремін. Тапсырманы орындау барысында оқушы 7 сұрақ дайындай отырып, тақырыпты жан-жақты қамтиды. Оқушының зерттеушілік, ізденімпаздылық, зейінін дамыта түседі[5,25].

2. «Ақсүйек» әдісі. Сабақ барысында оқушылардың айтылым дағдысын дамыту мақсатында 10 оқушы тақтаға шығарылады. Олардың әрқайсысына жасырын конвертті табу тапсырмасы беріледі. Оқушылар конвертті іздеп тауып, ішіндегі сөздің атауын атамай, сыныптағы оқушыларға атау туралы мәліметтерді айтады. Сабақты қайталау, еске түсіру, бекіту мақсатында қолданылады. Бұл әдіс арқылы ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықты оятуға болады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде құндылық бағдарлы оқыту барысына мынадай ұсыныстар келтіремін:

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру үшін сабақ құрылымына тәрбиелік компоненттерді жүйелі түрде енгізу қажет.

Құндылық бағдарлы оқытуды жүзеге асыруда пәнаралық байланысты күшейтіп, әдеби шығармаларды тарихи-мәдени контексте талдау тиімді нәтиже береді.

Мұғалімдерге құндылыққа бағытталған заманауи әдістемелер мен технологияларды меңгерту мақсатында біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру ұсынылады.

Оқушылардың өмірлік тәжірибесіне жақын жағдаяттар мен жобалық тапсырмаларды сабақта қолдану құндылықтарды саналы түрде қабылдауға ықпал етеді.

Қазақ әдебиетінің көркем туындыларын құндылық тұрғысынан талдауға арналған әдістемелік құралдар мен оқу-әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу қажет.

Қорыта келе, халқымыздың ««Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген сөздерін басшылыққа ала отырып, білімді де білікті, талабы мен талпынысы таудай, өз заманының жүйрегі болуы үшін оқушының бойына ұлттық құндылықтарымызды танытып, тәрбиелегеніміз абзал. Әл – Фарабидің «Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту», Міржақып Дулатұлының «Жалғыз білім үйретуге емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру керек» деген сөздерін әр мұғалім ұғына білім берсе, елінің ертеңіне алаңдар, патриот, білімді шәкірттер тәрбиелейді[6,100]. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында құндылық бағдарлы оқытуды жүзеге асыру – тек білім беру емес, тұлға тәрбиелеу миссиясын атқаратын маңызды педагогикалық процесс. Бұл бағыттағы жұмыстың тиімділігі мұғалімнің әдістемелік шеберлігіне, сабақ мазмұнының құндылықтық мәніне және оқушыны белсенді тұлға ретінде қарастыруға байланысты. Тіл мен әдебиет пәндері арқылы берілетін ұлттық және адамзаттық құндылықтар жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуына, жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасуына негіз қалайды.

Оқушылардың оқу іс-әрекетінің негізін құрайтын білім, білік және дағды жүйесін меңгеру процесі тұлғаны дамыту, рухани-адамгершілік, әлеуметтік, отбасылық және басқа да құндылықтарды дамыту процесінсіз нәтижелі болмайды. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының, тәрбиесі мен әлеуметтенуінің негізі тек білім беру үшін ғана емес, сонымен бірге біздің еліміздің өркендеуі үшін де шешуші маңызы бар негізгі ұлттық құндылықтар жүйесі ретінде айқындалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8
2. Әдеп және жантану/ хрестоматия/ Атамұра Алматы, 1996.
3. Бибикова С.Ю. Базовые национальные ценности и условия их формирования у детей младшего школьного возраста // Сборник статей МНПК. - 2017. - С. 129- 132.
4. Ахметова, А. Құндылық бағдарлы білім берудің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 214 б.
5. Жұмабаева, Ш. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әдістемесі // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – 2022. – №4. – 35–42 б.
6. Сарыбаева, Л. Тіл және құндылық: Оқыту процесіндегі интеграцияланған тәсіл. – Алматы: Білім, 2020. – 156 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ КӨРКЕМ МӘТІНДІ БЕЙІМДЕУ ПРИНЦИПТЕРІ: ТІЛДІК, МАЗМҰНДЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕР

Г.Ш.Шахманова[1], Г.Ж.Искакова*[2], Ә.Қ.Таңсықбай[3]

[1,] Сеньор-лектор, [2] қауымдастырылған профессор, PhD, *[3] сеньор-лектор,* PhD, *Ш.Уәлиханов атындағы КУ, Көкшетау, Қазақстан.*

Қазақ тілін үйрету үдерісінде көркем мәтіндерді пайдалану оқушылардың тілдік дағдыларын дамытып қана қоймай, ұлттық мәдениет пен құндылықтарымызбен танысуға да кең мүмкіндік береді. Дегенмен, түпнұсқа мәтіндердің тілдік және мәдени күрделілігі, күрделі синтаксистік құрылымдар мен тілдік оралымдар, ұзақ баяндаулары немесе көнерген сөздердің молдығы білім алушыларға белгілі бір қиындықтар туғызатыны анық. Қазіргі таңда қазақ тілін оқытудың жаңа тенденциялары қалыптасып, дәстүрлі грамматикалық әдістердің орнын коммуникативтік, когнитивтік және цифрлық технологияларға негізделген заманауи тәсілдер алмастыруда. Осы тұрғыдан көркем мәтіндерді тіл меңгерту процесінде оқыту материалы ретінде қолдану өзекті бағыттардың біріне айналып отыр. Себебі көркем мәтіндер тек тілдік білім беріп қана қоймай, тіл үйренушілерді қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымдық ерекшеліктерін тануға жетелейді, тіл үйренушінің тілдік дағдыларды дамытады, сөздік қорын байытады, коммуникативтік құзыреттілігін арттырады.

Алайда көркем әдеби шығармалардың күрделі құрылымы мен ұлттық лексемаларға бай мазмұны тіл үйренушілердің оларды тікелей қабылдауына қиындық туғызатыны сөзсіз. Осыған байланысты көркем мәтіндерді тілдік, мазмұндық және мәдени тұрғыдан бейімдеу қазақ тілін үйрету әдістемесінің маңызды міндеттерінің бірі болып отыр.

Ең алдымен мәтін ұғымына тоқталып өтейік, қазақ тіл білімінде «мәтін» ұғымының бірізді, дәл анықтамасы қалыптаспаған. Бұл оның күрделі табиғатымен және басқа тілдік бірліктерден айырмашылығының айқын болуымен түсіндіріледі. Бірқатар ғалымдар мәтінді сөйлемнің жалғасы немесе сөйлемнен жоғары тұрған құрылымдық тілдік бірлік ретінде қарастырса, енді бір зерттеулерде мәтін күрделі семантикалық, прагматикалық және мәдени ақпаратты жеткізетін тұтас коммуникативтік жүйе ретінде сипатталады.

Қазақ тіл білімінде бүгінгі таңда мәтін мәселесі кеңінен қарастырылып, әртүрлі қырынан зерттеліп келеді. Мәселен, М.Серғалиев, Г.Смағұлова, Б.Шалабай, С.Жусанбаева, Г.Кәріпжанова, Г.Әбікенова және басқа да ғалымдар өз еңбектерінде мәтінді көркем мәтін тұрғысынан талдап, оның лингвистикалық табиғатын ашуға, көркем мәтін семантикасы мен мәнмәтін мәселелерін айқындауға үлес қосты. Зерттеулерде көркем мәтінді тілдік және стилистикалық тұрғыдан талдау, оның мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін анықтау бағыттары басым болды. Профессор Ф.Ш. Оразбаеваның пікірінше, мәтін – адамдар арасындағы тілдік қатынастың жүзеге асуына негіз болатын жүйелі қатысымдық құрылым. Ол мәтінді тілдік нормаларға сай арнайы өңделіп, белгілі бір мақсатқа бағытталған тілдік әрекеттің нәтижесі [1]. Мәтін – коммуникативтік міндеттерді шешуде таптырмас құрал. Тіл үйренуші мәтіндегі тілдік құралдар арқылы тілді интуитивті меңгеруден бастап, саналы, дұрыс, шебер қолдануға дейінгі жаңа бір деңгейге көтеріледі [2].

Қазіргі деңгейленген оқу саласы оқыту мен технологиялар тұрғысынан айтарлықтай ілгерілеуді көрсетеді. Сандық платформалар тіл үйренушілердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқыту материалдарын бейімдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазіргі заманғы деңгейленген оқу бағдарламалары жиі мультимедиялық компоненттерді қамтиды, бұл тіл үйреншілердің қызығушылығын арттырып, әртүрлі оқу стильдеріне бейімделуге мүмкіндік береді. Бұл жетілдірулер алғашқы практиктер енгізген негізгі ұғымдарға негізделе отырып, қазіргі тіл үйренушілердің өзгермелі талаптарын ескереді. Бұл әдіс ағылшын тілін оқыту әдістемесінде өте кең қолданылады және ағылшын тілінде шығатын бірқатар классикалық әдеби шығармалар деңгей-деңгей бойынша бейімделеді. Алайда, қазақ тілі сияқты сөйлеушісі аз тілдерде бұл әдіс дамымай тұр [3].

«Бейімделген мәтін» термині (лат. adaptare – бейімделу): 1. Жас ерекшелігі, мамандығы және тілдік дайындығы бар белгілі бір оқырманға арналған жазба мәтін. 2. Оқушының тілдік құзіреттілік деңгейіне сай жеңілдетілген, оңайлатылған немесе қиындатылған мәтін [4]. Бейімдеу ұғымы тіл үйрету әдістемесінде мәтіндерді оқушылардың деңгейіне, жас ерекшелігіне және оқу мақсатына сәйкес өңдеу үдерісі ретінде қарастырылады. Шетелдік тіл үйрету тәжірибесінде «graded readers» ұғымы кеңінен таралған. Бейімделген мәтін оқушыны тілдік ортаға біртіндеп енгізіп, тілдік және мәдени кедергілерді азайтады. Бейімделген көркем мәтін – түпнұсқа мәтінінен алынған нұсқа, оның түпнұсқа мәтіннен бірнеше ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Бейімделген көркем мәтін және түпнұсқалық көркем мәтіннің ұқсастығы, негізінен тақырыптың, сюжеттік негіздің, мазмұнның бірлігімен анықталады, ал айырмашылықтары мәтін көлемі мен тілдік ресімдеу тәсілдеріне қатысты болады. Бейімделген көркем мәтін оқу процесінде ғана емес, басқа да әр түрлі мақсаттарға арналуы мүмкін [5].

Бейімдеу – бұл тілдік материалды қысқарту және жеңілдету ғана емес, сонымен бірге белгілі бір шартты ескеру, яғни көркем мәтіндегі ақпаратты тіл үйренушінің тілдік дағы мен білімімен салыстыру. Ғалым О.Н.Кулиева бейімделуге мынадай анықтама береді: «бұл түпнұсқа мәтінді өңдеу тәсілдерінің жиынтығы. Оның мақсаты – мәтіннің көлемін азайту және оның тілін білім алушының нақты мүмкіндіктеріне, білім, білік, дағды деңгейіне жақындату» [6,185]. Көркем мәтінді бейімдеу процесі бірнеше деңгейде жүзеге асады. Мәселен, зерттеуші А.Д. Швейцер [7] мақсатты аудиторияға бейімделіп, түпнұсқадан белгілі дәрежеде өзгеріске ұшыраған аударма мәтінді бейімделген мәтін қатарына жатқызып, бейімдеуді көпдеңгейлі құбылыс ретінде қарастырады. Ғалым мәтінді бейімдеу барысында лингвистикалық, мазмұндық және мәдени аспектілер тұрғысынан талдауды ұсынады. Оның пайымдауынша, аудармашының міндеті тек тілдік бірліктерді дәл беру емес, сонымен бірге түпнұсқаның мазмұнын және мәдени контекстін мақсатты аудиторияға түсінікті формада жеткізу болып табылады. Демек, көркем мәтінді бейімдеу процесі үш негізгі аспектіні қамтиды: *лингвистикалық, мазмұндық және мәдени.*

1.Лингвистикалық (тілдік) бейімдеу принциптері – мәтіннің лексикалық, грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктерін тіл үйренушінің деңгейіне сай жеңілдету үдерісі. Лингвистикалық бейімделу деп лексикалық алмастыру немесе грамматикалық трансформация арқылы мәтінді жеңілдету деп түсініледі. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан алынған үзінділерді В1 деңгейіне сай лингвитискалық принципке негіздеп бейімдейік:

«Құнанбай өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулер мен әмір, билік иесі. Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен әкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан әлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті, өкпеназы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. Ал, бірақ Құнанбай сойыл соғарды, қол қимылды, тізе мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиын – мықты топ. Жер алуда, ел алуда, оңайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт еткізбей түсінеді» [8].

Лингвистикалық бейімдеу процесінде төмендегі мәселелер ескерілуі тиіс:

• Лексикалық бейімдеу: сирек кездесетін, көнерген немесе кәсіби сөздерді жиі қолданылатын синонимдермен алмастыру. Мысалы: «*қара шаңырақ иесі» тіркесін «үйдің иесі болу» деп беру, сойыл соғар – қолдаушы, көмекші.*

• Грамматикалық бейімдеу: күрделі құрмалас сөйлемдерді қысқа, қарапайым жай сөйлемдерге бөлу.

• Стильдік бейімдеу: мәтіннің көркемдік реңкін сақтай отырып, бейнелі сөздер мен күрделі теңеулер мен метфораларды қысқарту. Мысалы: *бәйбішенің жалғызы, билік иесі, көлденең шығу, қабағын қал еткізбеу.*

Ұсынылатын бейімделген нұсқа: *«Құнанбай – шешесінен жалғыз туған бала. Ол – әкеден қалған үлкен үйдің иесі. Оның қолында көп мал, үлкен билік бар. Құнанбай ағайындының ішінде үлкені, беделі де жоғары. Сол себепті үлкен атасы Ырғызбайдан тараған жиырма ауылдың бірде-бір адамы Құнанбайға қарсы келмейді. Біреу ренжісе де, ашық айтпайды. Бірақ Құнанбай бір іске көмек сұраса, бәрі бірден қолдайды. Бұл ауылдар Құнанбайдың айтқанын екі етпейді. Жер алуда да, мал табуда да оның көңіліне қарап, айтқанын орындайды».*

2. Мазмұндық бейімдеу принциптері – көркем мәтінді тіл үйрету процесіне ыңғайлау кезінде оның негізгі ойы мен тәрбиелік, танымдық құндылығын сақтап, бірақ тіл үйренушіге жеңіл, түсінікті етіп ұсыну тәсілдері. Бұл принцип төмендегідей бағыттардан тұрады: *Сюжетті жеңілдету:* Ұзақ әңгімелер мен хикаяттардың негізгі сюжеттік желісін ғана қалдырып, мазмұнға нұқсан келтірмейтін детальдарды қысқарту. Оқиға желісін логикалық және түсінікті етіп құру. *Мәтіннің көлемін қысқарту:* білім алушыныңң назарын ұзақ уақыт бойы бір оқиғаға шоғырландыру қиын болғандықтан, мәтінді оқуға ыңғайлы көлемге келтіру. *Түсініктілікті арттыру:* Белгілі бір тарихи немесе әлеуметтік контексті талап ететін тұстарды қысқаша түсініктемелермен немесе анықтамалармен толықтыру.

«Абай ауыл сыртындағы дөңнің үстіне шығып, ауылға көз салды. Көкірегін толықтырған оның тынысы жаңа ауамен толды. Жазғы қоныс, ұзын көштің алдыңғы легі болып, әлі-ақ сарылатын ауылдың үйлері тізілген. Көштің артындағы екі-үш ауылдың ілбіп келе жатқан белгісі таянып, шаң бұрқырайды. Оның көзіне ауылдың ортасындағы әкесі Құнанбайдың ақ үйі, үйдің алдындағы қараша үйлер, Қоңыркөк ала жіпті желіні, қозы-бұзау, жас төлдердің тірішілігі көрінді. Абай осының бәріне қарап тұрды. Оның жанындағы Ербол оған қарап тұрып, Абайдың көңіліндегі сырды ұққандай болды» [7].

Ұсынылатын бейімделген нұсқа: *«Абай төбеге шығып, ауылға қарады. Ол терең тыныс алып, таза ауаны жұтты. Жазғы қонысқа ауыл көшіп келе жатты. Алдыңғы ауылдардың үйлері көрінеді, ал артындағы ауылдардан шаң көтеріліп жатты. Абай үйінің ортасында тұрған әкесі Құнанбайдың ақ үйін көрді. Үйдің алдында қара үйлер тұр, қозылар мен бұзаулар жатыр. Абай бәріне қарап тұрды. Оның досы Ербол Абайдың жанында тұрып, досының не ойлап тұрғанын түсінгендей болды»*

Мазмұндық аспектідегі өзгерістер ретінде қысқарту әдісі қолданылды. Яғни, түпнұсқадағы "көкірегін толықтырған оның тынысы жаңа ауамен толды", "ұзын көштің алдыңғы легі болып, әлі-ақ сарылатын" сияқты күрделі әрі сипаттамалық сөйлемдер алынып тасталды. Оның орнына "Ол терең тыныс алып, таза ауаны жұтты" және "Жазғы қонысқа ауыл көшіп келе жатты" деген қарапайым сөйлемдермен алмастырылды. Оқиға желісі тікелей әрі жеңіл баяндалады. Мәтіннің негізгі ой, мазмұн сақталды.

3. Мәдени бейімдеу принциптері. Бейімдеу – бұл тек еркін аударма немесе көлемді азайту ғана емес, ол мәтіннің мәдени және коммуникативтік қызметін сақтап, жаңа ортаға үйлестіру. Мәдени бейімделу лингвомәдениеттану ақпаратының экспликациясына бағытталған, ол әлеуетті оқырманға беймәлім болуы мүмкін. Түсіндіру барысында интерпретатор күрделі мәселені шешеді: бір жағынан ол мәтінді бейімдеу қажет, ал екінші жағынан ол бастапқы мәтіннің мағынасын барынша сақтау керек. Ғалымдардың пікірінше, шет тіліндегі мәтінді бейімдеуде мәтіннің көлемін, синтаксистік құрылымдарды, лексика мен белгілі бір елдің мәдени ақпаратын дұрыс бере алу қиынға соғады. Сол себепті, интерпретатор мәтінді бейімдеу амалдарын жетік білуі тиіс [5]. Көркем мәтінде ұлттық

дүниетанымға тән көптеген реалийлер көп кездеседі. Сондықтан бейімдеу барысында мәтіннің көркемдігімен қатар оның мәдени-тарихи мәнін де сақтауды көздеу қажет. Одан бөлек, көркем мәтінді бейімдеу барысында бірнеше маңызды аспектіні ескеру қажет, өйткені бейімдеу – тек тіл ауыстыру емес, мәтіннің мәдени, эмоциялық және эстетикалық мәнін толық жеткізу процесі. Мәселен, *1. Негізгі идея мен мазмұнды сақтау.* Шығарманың негізгі ойы, идеясы мен оқиғалар желісі өзгермеуі керек. Автордың стилін, ой тереңдігін, эмоциялық реңкін жоғалтпау – басты шарт; *2. Мәдени контексті ескеру.* Мәтіндегі дәстүр, салт, тарихи деректер, символдар сияқты элементтерді бұрмаламай жеткізу. Мысалы, қазақ эпосындағы «құда түсу», «жар-жар айту» секілді мәдени элементтерді сақтап, қажет болған жағдайда түсініктеме қосу; *3. Оқырманға түсініктілік.* Мәтінді мақсатты аудиторияға түсінікті қылып бейімдеу: күрделі немесе көнерген сөздерді түсініктемемен беру;мәтіннің құрылымын жеңілдету, бірақ мағынасын жоғалтпау; *4. Эмоциялық-эстетикалық әсерді сақтау.* Түпнұсқаның эмоционалды әсері мен көркемдік құндылығы сақталуы тиіс. Мысалы, поэтикалық мәтінде ырғақ, метафоралар мен дыбыстық үйлесімдер ескеріліп берілуі керек; *5. Символдар мен метафораларды дұрыс жеткізу.* Автор қолданған символдар мен метафораларды мүмкіндігінше дәл бейнелеу немесе эквивалентін табу; *6. Аудитория ерекшелігін ескеру*. Мәтінді кім оқитыны маңызды: балалар, жасөспірімдер, ересектер немесе шетелдік оқырмандар.

Мысал үшін «Абай» жолы романының бір үзіндісін қарастырайық:

«Абай атының басын өзгелерден оздырыңқырап кеп, қос молаға көз жіберіп, үнсіз тұрып қалды. Көз ашылар бар ма, сірә, бұл дерттен!?-деп қайнай сөйлегенде, кесек жүзіне діріл кіріп, көздері да намыскер ызадан жасаурап кетті. Салған жерден ауызға алып, қиянаттап, айыптап сөйлегені жалғыз Абай болды. Аяғы, «ауыл итінің құйрығы қайқы» дейсің де, түңілесің де тоқтайсың. Жуан ауылдың сотқар малайы, өзі ожар, доғал жас, тегінде, Оспан «шаш ал десе, бас алғандай» іс ететін. Өзге Құнанбай атаулының бұл сағаттардағы «сағым сынды», «бағыма нұсқан келді» деген беймаза байбаламын Абай түсінсе де, өз бойына дарыптаған. «Мұқаттым» деп, «қара жерге отырттым» деп қара борандатып Оразбай, Жиреншелер кеткенмен де, өзінің бұл күндегі ісіне, еңбегіне ойы берік, бойы бекем Абай селт етіп, шімірікken жоқ. Нұрғанымды білетін, Құнанбайға өші-кегі бардың бәрі де дәл осы арада бүркіті түлкі алғандай мәз болысып, жымың қағысты. Мен саған жағынушы емеспін, қытығыма тиіп кетсең, қауып алатын аузым да бар дегендей бір қыр да көрсетті. Бұл кезде Базаралыға еті үйреніп айтқан сөздер Мағаштан, Шұбардан, Ақылбайдан да кезек шығып отырған. Базаралыға да сезімтал Абай қауымы ем тауып, сығын сылап тұрғандай. Сондай есептен тыс көмек-достық көрген сайын қанатым жетіліп отырғандай болады, - деді. Дауылды күні лайланған суық жайқын көбік атып толқын ұрса, ортасында кішкентай көк жасыл арал қандай көз тартар еді. Бұл да сол ессіз көл ішінде көздей ғана бір мекен екен» [2].

Ұсынылатын бейімделген нұсқа: *Абай атының басын алға оздырып, қос молаға ұзақ қарап, үнсіз тұрды. Ішіндегі ыза мен өкініш жанын кернеп: Көз ашылар бар ма бұл дерттен?! – деп күйініп сөйледі. Жүзі дірілдеп, намыс пен ашудан көзі жасаурап кетті. Осы сәтте ашық айтып, әділетсіздікті бетке басқан жалғыз Абай еді. Басқалар үнсіз қалған. «Ауыл итінің құйрығы қайқы» дегендей, әділетсіздікке қарсы шығу қиын екенін түсініп, ол да іштей түңілді. Жуан ауылдың бұзық баласы Оспан – дөрекі де ойсыз жас, «шаш ал десе, бас алатын» бірбеткей мінезді еді. Құнанбай әулетінің «сағым сынды» деген байбаламын Абай түсінсе де, оған берілмеді. Оразбай мен Жиреншелер жеңістің буымен мақтанса да, Абай өз ісінің дұрыстығына сенімді, ойы берік, бойы бекем болды. Құнанбайға өші барлар бұл жағдайға мәз болып, бүркіті түлкі алғандай қуанып жатты. Абай болса, «жағынушы емеспін, қытығыма тисең, қарсы тұрамын» дегендей мінез көрсетті.*

Базаралыға да, оның маңындағы Абайдың жақындарына да өзара сенім мен достық пайда болған. Олардың шынайы қолдауы Абайға күш беріп, үмітін арттыра түсті. Сол сәттегі көңіл-күйін ол дауыл көтерген лайлы көл ортасындағы жасыл аралға теңеді: кең дүниеде жалғыз сүйенер мекен табылғандай әсер етті.

**«Ауыл итінің құйрығы қайқы»* – мақал-мәтел, әр адамның кемшілігі болады, ешкім мінсіз емес, әркімнің бір «ақсағы» табылады деген ойды білдіреді.

**Шаш ал десе, бас алу* – тұрақты сөз тіркесі, тым асыра сілтеу, артық кету, артығымен істеу деген мағынаны береді.

**байбалам* – қатты абыржу, үрейлену, уайымдап дауыстап айқайлау дегенді білдіреді.

Мәтін мазмұндық бейімдеу принципіне сай орындалды:

Оқиға желісі мен негізгі идеясы сақталды.

Күрделі сөйлемдер ықшамдалды, ауыр сөздер жеңілдетілді.

Эмоциялық әсер жоғалмады.

Оқырманға түсінікті әрі жеңіл қабылданатын мәтін пайда болды.

Көркем мәтінді бейімдеу – қазақ тілін үйретудің маңызды әдістемелік құралы. Ол оқушының тілді меңгеруін жеңілдетіп қана қоймай, қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымын дұрыс түсінуге жол ашады. Бейімдеудің тілдік, мазмұндық және мәдени принциптерін үйлестіре қолдану оқу үдерісінің сапасын арттырып, тіл үйренушілердің ынтасын күшейтеді.

Қазақ тілін үйретуде көркем мәтіндерді тиімді қолданудың маңыздылығы бұл зерттеудің негізгі өзегі болды. Зерттеу барысында көркем мәтіндердің күрделілігіне қарамастан, оларды тілдік, мазмұндық және мәдени тұрғыдан бейімдеу арқылы оқыту процесін айтарлықтай жеңілдетуге және қызықтыруға болатыны дәлелденді. Бейімдеудің әр аспектісіне толық талдау жасалып, М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан алынған үзінділер арқылы олардың практикалық жүзеге асырылуы көрсетілді.

Тілдік бейімдеу арқылы күрделі грамматикалық құрылымдар мен архаикалық лексиканы оқушының деңгейіне сай қарапайым етіп өзгертуге болады. Мазмұндық бейімдеу арқылы мәтіннің негізгі сюжетін, идеясын және тәрбиелік мәнін сақтай отырып, оның көлемін ықшамдауға және оқушыға түсінікті етуге мүмкіндік бар. Мәдени бейімдеу арқылы ұлттық дәстүрлер, салт-дәстүрлер мен символдық ұғымдарды толықтырмалар мен түсініктемелер арқылы оқырманға дұрыс жеткізудің маңыздылығы айқындалды.

Бұл зерттеу қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі жаңа бағыттарды дамытуға үлес қосады. Көркем мәтіндерді бейімдеу принциптерін қолдану арқылы қазіргі заманғы оқу-әдістемелік құралдарды (мысалы, комикстер, бейімделген кітаптар) жасауға болады. Бұл тіл үйренушілердің оқуға деген ынтасын арттырып, олардың қазақ тілі мен мәдениетіне деген қызығушылығын тереңдетеді.

Болашақта бұл әдістемені оқу бағдарламаларына енгізу және оқушының деңгейіне қарай бейімделген көркем шығармалардың тұтас сериясын құру қажет. Бұл қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Мақала AP 27511079 «Қазақ тілін оқытудың жаңа тенденциялары: көркем мәтіндерді бейімдеу қағидаттары және танымдық комикстер құрастыру әдіснамасын зерттеу» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000.
2. С.М. Иманқұлова, Н.Ж. Егізбаева Тыңдалым мәтіндерін іріктеу және оларды бейімдеу түрлері.
3. Игенова А.А., ТөлеубаеваК.А. Бейімделген көркем әдебиеттің қалыптасуы мен дамуы: әдебиетке шолу// Ясауи университетінің хабаршысы.–2025.–No1(135). –Б. 213–222.
4. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: Издательство ИКАР, 2009. Бим-Бад Б.М. Педагогически.
5. Г.Ж. Искакова, А.М. Жиеналина. Бейімделген көркем мәтін: мәтінді интерпретациялау тәсілдері // https://ulagat.com/2020/12/02/бейімделген-көркем-мәтін-мәтінді-инт/
6. Кулиева О.Н. К проблеме отбора учебных текстов по специальности для неязыковых вузов / отв. ред. Н.П. Баранова // Непрерывное обучение иностранным языкам: опыт и перспективы: матер. докл. Междунар. науч.-практ. конф. - Мн.: МГЛУ, 2004. – С. 184-187.
7. Швейцер А. Д. Теория перевода: статус, проблемы, аспекты. – М.: Наука, 1988
8. Әуезов М., Абай жолы романы, 1 том, – Алматы: Жазушы, 2002.
9. Әуезов М., Абай жолы романы, 2 том, – Алматы: Жазушы, 2002.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шолпанбаева Г.А.

П.ғ.м., аға оқытушы, А. Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қостанай, Қазақстан.

Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты бағыты – жеке тұлғаның рухани, мәдени және адамгершілік тұрғыдан дамуына жағдай жасау. Білім беру тек ақпарат пен дағды қалыптастырумен шектелмей, тұлғаның ішкі құндылық әлемін қалыптастыруға, ұлттық сана мен мәдени бірегейлікті сақтауға бағытталуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен әдебиетті оқытудың мәні ерекше. Өйткені тіл – ұлттың рухани тірегі, мәдениет пен өркениеттің айнасы, ал әдебиет – халықтың рухани-адамгершілік тәжірибесін жинақтаған көркем шежіре. [1, 15-б.]. Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы

оқыту – білім алушының тек білім мен білік иесі емес, сонымен қатар ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз ететін заманауи педагогикалық бағыт. Бұл тәсілдің басты мақсаты – оқушылардың тілдік қабілеттерін дамыту барысында рухани-адамгершілік тәрбиені жүзеге асыру, яғни оқу мен тәрбие бірлігін қамтамасыз ету.

Құндылық бағдарлы оқыту ұғымы педагогика ғылымында XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңінен қарастырыла бастады. Бұл бағыттың негізінде тұлғаның білім алу процесіндегі құндылықтық қатынастарын дамыту идеясы жатыр. Оқушының оқу іс-әрекеті тек танымдық мақсатта емес, рухани және әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне бағытталуы тиіс. Ғалымдардың пікірінше (Б.Әбдіғалиева, Н.Мұхаметжанова, С.Қалиев және т.б.), құндылық бағдарлы оқыту – білім алушылардың рухани әлемін байытып, олардың мінез-құлық, мәдениет, өмірлік ұстаным жүйесін қалыптастыратын кешенді педагогикалық процесс. Мұндай оқытуда басты назар «не үйренді?» деген сұрақтан гөрі, «нені сезінді, қандай құндылықты қабылдады?» деген сауалға аударылады.Осы тұрғыдан тіл мен әдебиет пәндері – құндылықтық білім берудің табиғи алаңы. Тіл арқылы ұлттың дүниетанымы, мәдениеті мен салт-дәстүрі танылады, ал әдебиет арқылы адам болмысының терең иірімдері ашылады. Сондықтан бұл пәндерді құндылық бағдарда оқыту тұлғаға рухани әсер ету құралы ретінде маңызды рөл атқарады. [2, 117-б.].

Құндылық бағдарлы оқыту жүйесінде тіл мен әдебиет пәндерінің мазмұны оқушының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін меңгеруіне бағытталады. Ұлттық құндылықтар – туған тілге құрмет, елжандылық, дәстүр мен мәдени мұраға адалдық. Жалпыадамзаттық құндылықтар – ізгілік, әділдік, мейірім, еңбексүйгіштік, толеранттылық. Мысалы, әдеби шығармаларды талдау барысында оқушылар кейіпкерлердің моральдық таңдауы арқылы адамгершілік нормаларын ұғынады, өмірлік жағдайларды саралау арқылы өзіндік көзқарас қалыптастырады. Ал тіл сабағында мақал-мәтел, тұрақты тіркестер, көркем сөздер арқылы халық даналығын меңгереді, ұлттық дүниетаным негіздерімен танысады. Құндылық бағдарлы оқытуда оқу материалы тек ақпарат көзі емес, рухани-мәдени тәжірибе көзі ретінде қарастырылады. Мұғалімнің міндеті – сол тәжірибені оқушының санасында жаңғыртып, оны өзінің өмірлік ұстанымына айналдыруға ықпал ету.

Тіл мен әдебиет сабақтарында құндылық бағдарды жүзеге асыру үшін дәстүрлі және инновациялық әдістердің үйлесімі қажет [3, 94-б.].Төменде ең тиімді әдістемелік тәсілдер көрсетілген: Мәтіндік талдау әдісі. Әдеби шығармалар мен көркем мәтіндерді талдау арқылы оқушы мәтіндегі идеяны, кейіпкерлердің мінез-құлқын, автордың дүниетанымын түсінеді. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау, салыстыру, бағалау қабілетін дамытады және адамгершілік категорияларды пайымдауға мүмкіндік береді. Жобалық әдіс. Тілді үйрену мен әдеби мұраларды зерттеу мақсатында оқушылар шағын ғылыми-зерттеу, шығармашылық жобалар орындайды (мысалы, «Қазақ мақал-мәтелдеріндегі құндылықтар», «М.Әуезов шығармаларындағы рухани мұра»). Пікірталас және эссе жазу. Әдебиет сабақтарында пікірталас ұйымдастыру – оқушыларды өз ойын дәлелдеп айтуға, өзгелердің пікірін құрметтеуге үйретеді. Эссе жазу арқылы олар жеке көзқарасын білдіріп, құндылықтық ойлау қабілетін дамытады. Интеграциялық тәсіл. Тіл мен әдебиетті тарих, мәдениеттану, этика, өнер пәндерімен байланыстыра оқыту оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді. Мысалы, әдеби шығарманы тарихи контексте талдау – ұлттық сана қалыптастырудың тиімді жолы. АКТ мүмкіндіктерін пайдалану. Құндылықтық мазмұнды меңгерту үшін мультимедиялық ресурстар, бейнефильмдер, цифрлық мәтіндер қолдану оқушылардың эмоционалдық қабылдауын арттырады.

Құндылық бағдарлы оқытуды жүзеге асыруда мұғалімнің рөлі айрықша. Ол тек пәнді үйретуші емес, сонымен қатар рухани тәрбие беруші, құндылық бағыттаушы тұлға. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен дүниетанымы, мәдениеті мен тұлғалық үлгісі – оқушылардың рухани дамуына тікелей әсер етеді [4, 125-б.]. Сондықтан қазіргі педагог: рухани-адамгершілік білім берудің мәнін түсінетін; ұлттық мәдениет пен әдебиетті терең меңгерген; инновациялық технологияларды құндылықтық бағытта қолдана білетін; оқушылармен тұлғалық қарым-қатынас орната алатын кәсіби маман болуы тиіс. Құндылық бағдарлы оқытудың тиімділігін арттыру үшін бірқатар әдістемелік мәселелер шешілуі қажет: [5, 1-б.]. Оқу бағдарламаларының мазмұны кейде формалды білімге басымдық беріп, рухани-адамгершілік компоненттерді елемейді. Мұғалімдердің даярлығы жеткіліксіз, әсіресе жаңа педагогикалық парадигма бойынша оқыту әдістерін қолдану тәжірибесі әлсіз. Бағалау жүйесі көбіне оқушының білімін ғана өлшейді, ал оның құндылықтық дамуын елемейді. Бұл қиындықтарды еңсеру үшін: мұғалімдерді құндылық бағдарлы білім беру курстарында қайта даярлау; әдістемелік құралдар мен электрондық ресурстар әзірлеу; оқыту нәтижесін бағалауда тұлғалық және рухани даму көрсеткіштерін енгізу қажет. Қорытынды: тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – бүгінгі

педагогика ғылымының жаңа сапалық деңгейі. Ол білімнің мазмұнын адамгершілік, рухани және мәдени өлшемдермен байыта отырып, тұлғаның тұтас дамуына бағытталады.

Бұл бағыттағы табысты тәжірибе – оқу процесінде ұлттық рухани мұраны жүйелі пайдалану, әдеби шығармаларды өмірмен байланыстыра талдау, оқушылардың ішкі дүниесін ашуға мүмкіндік беретін әдістерді қолдану. Құндылық бағдарлы оқыту нәтижесінде оқушы тек сауатты, білімді ғана емес, сонымен бірге рухани бай, мәдениетті, елін сүйетін азамат болып қалыптасады. Сондықтан тіл мен әдебиет пәндерін құндылық бағдарда оқыту – ұлттық тәрбиенің негізі, рухани жаңғырудың өзегі, білім берудің басты мақсаты болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіғалиева Б. Құндылық бағдарлы білім беру теориясы мен практикасы. – Алматы, 2020.
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 1998.
3. Мұхаметжанова Н. Тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы. – Астана, 2015.
4. Жұбанова Ә. Қазіргі қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері. – Алматы, 2019.
5. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – Егемен Қазақстан, 2017

DEVELOPING STUDENTS' CRITICAL THINKING THROUGH VALUE-BASED ANALYSIS OF LITERARY TEXTS

Nygmetova M.O., Murat R.

The teachers of Astana International University, Astana, Kazakhstan.

There are many definitions of the term «critical thinking» in the literature, but not all of them agree with each other. According to the definition by N.A. Shukri and J. Mukundan, critical thinking means developing a point of view on a particular issue and the ability to defend that point of view with logical arguments [1]. Critical thinking involves paying attention to the opponent's arguments and understanding them logically. In turn, according to a study by R. Winata, S. Dwipantari, and A. Prajadiningrat, critical thinking is part of the cognitive process that has the right to question the reliability or authority of the information received [2]. Z. Tabačková considers critical thinking to be independent, social thinking that begins with asking questions and clarifying problems that need to be solved [3].

Thus, thinking critically means being curious, using research methods, formulating questions, and systematically searching for answers to them. Taking responsibility for one's own learning. This means that students do not simply passively absorb the information provided by the teacher, but use special research methods in reading, writing, and discussion that promote independent learning, are able to find the necessary materials, and apply the skills to study them. Teachers who work to develop critical thinking skills pay a lot of attention to building the qualities needed for productive exchanges of ideas: tolerance, listening to others, and taking responsibility for your own point of view. This helps bring the learning process a lot closer to real life outside the university. As is clear from the above, critical thinking is an essential quality in its own right that cannot be compensated for by any combination of other personal qualities and is, at the same time, a necessary condition for effective social and professional functioning. In this regard, it is important to develop technologies for the development of critical thinking among various subjects of higher professional education.

The main pedagogical possibilities for applying critical thinking development technology through value analysis of literary texts in practical classes should be considered. The methodology for developing critical thinking is an interconnected set of teaching methods that promote the development of thinking skills necessary not only in education but also in everyday life. A variety of techniques help to increase students' interest, stimulate their research and creative activity, and then provide conditions for understanding the material and helping them to make generalizations. These techniques include contextual thinking (identifying the most important information from a stream of information), communication, emotional intelligence, and critical thinking. Gradually, techniques such as «think - split into pairs – discuss», «I know - I want to know - I learned something new», arguments on cards, ten-minute essays, etc. began to be introduced. At the recall stage, for example, we used the «cluster» method as «a way of graphically organizing material, allowing us to visualize the thought processes that occur when immersing ourselves in a particular topic». At the beginning of the lesson, students recall everything they know about a given problem. This exercise is from the series «think - break into pairs - share opinions», then a so-called «intellectual field» is drawn up on the board, reflecting the opinion of the group.

Thus, breaking down into «clusters» is a flexible strategy. In group activities, this technique serves as a framework for the group's ideas, and in individual work, it is a pleasant break after brainstorming. The

challenge stage allows students to assess their own knowledge, make an informational forecast in pairs or groups, and record information. At the comprehension stage, the «insert» technique can be used - an interactive recording system for effective reading and reflection. This technique promotes the development of analytical thinking and is a means of tracking understanding of the material. At this stage, students work with scientific articles, primary sources, the media, etc. To systematize the information in the table, the following text markings are suggested:

«√» - already knew the information; «+» - learned something new; «–« - thought differently; «?» - want to know more. Upon encountering new information, students form an opinion, independently monitor the process of understanding the information, and correlate it with their established ideas. Thus, critical thinking, or lessons in which this type of thinking is applied, are based, according to M. Khatib, I. Alizadeh, «on three stages: evocation (invocation, appeal), awareness of meaning, and reflection» [4]. Below is a basic interpretation of all three stages with some recommendations:

1. Evocation (invocation, appeal), as the first stage, is aimed at getting students interested in new learning material. There are other ways to achieve this, such as thinking through the curriculum, searching for resources on the topic, reading texts, etc. At this stage, it is recommended to use various methods, including brainstorming, concept maps, and games. N.M. Daud and Z. Husin describe the stimulating method I.N.S.E.R.T. and give the following interpretation: it is «an interactive system of signs (markers) for effective reading and thinking» [5]. Thus, traditional teaching of preconceptions does not give it the proper importance, and sometimes almost no importance at all. Nowadays, few of us are interested in what students know about the subject matter, we rarely draw new conclusions from students' knowledge, etc.

2. Awareness of meaning. The second stage involves realizing what the student wants to learn. They seek connections between what they know and what they do not know, identifying links between the known and the unknown. At this stage, the teacher plays an important role in selecting material and guiding students' activities in such a way that they are active and at the same time acquire new knowledge. However, the essence of the activity lies with the student, who acquires not only new knowledge but also the skills for self-education. In this system, emphasis is also placed on the procedural side, in which the student is extremely active.

3. Reflection is the final stage, in which the student realizes what they have learned, reflects on what they knew and what they know, how they have grown, and what still needs to be done. The teacher teaches them to express their thoughts and opinions. Such informal views contribute to the continuous development of knowledge. The teacher's ability to prepare and organize discussions is also valued. During the discussion, students continue to learn, deepen their knowledge, accept the opinions of their classmates, etc.

During the reflection stage, the knowledge gained is consolidated, new concepts and images are incorporated, and one's own thought processes are analyzed. One of the methodological techniques proposed by the authors is a poem consisting of five lines:

Line 1 - topic;

Line 2 - description of the topic in two words, usually adjectives;

Line 3 - description of an action within this theme in three words, usually verbs;

Line 4 - a phrase of four words expressing the author's attitude to the theme;

Line 5 - one word - a synonym for the first, repeating the essence of the theme.

This technique is a quick but powerful tool for synthesizing and summarizing concepts and information, as well as a means of developing creative expression. According to F.I. Abida, reflection involves examining activities that have already been carried out in order to record the results and improve the effectiveness of future activities [6]. It should be noted that the reflection phase is often overlooked, although it is no less important in the basic model of a training session. The application of critical thinking development technology is determined primarily by its theoretical and methodological foundations. After all, critical thinking is characterized by controllability, soundness, and purposefulness. Critical thinking is closely related to logical thinking, as it involves drawing conclusions, creating consistent logical models, and making informed decisions. Critical thinking involves evaluation, which can and should be a constructive expression of positive and negative attitudes. When thinking critically, we evaluate not only the result, but also the thought process itself - the course of reasoning that led to new conclusions. Critical thinking is aimed at achieving a result, which is why it is sometimes called directed thinking. Reflection is an integral part of critical thinking. During the process of reflection, information becomes internalized, that is, it is transformed into personal knowledge. Thus, we can highlight the following examples of the development of critical thinking in students through the value analysis of literary texts:

1. Analysis of a text from different points of view. One of the most important elements of critical thinking is the ability to look at a problem from different angles. In literature classes, I suggest that students

analyze a literary work through different prisms: philosophical, historical, psychological. For example, when analyzing Shakespeare's Romeo and Juliet, I ask students to consider the motivations behind the main characters' actions from the perspective of morality, social belonging, or psychology. This helps develop the ability to see the multi-layered nature of the text and avoid superficial conclusions.

2. Debates and discussions about the work. An important part of critical thinking is the ability to listen to different points of view and justify your own. I suggest that students hold debates on the moral issues raised in the work. For example, in literature classes on Shakespeare's Hamlet, I hold a discussion: «Hamlet: a thoughtful hero or a traitor?» Students present their arguments and counterarguments, as well as discuss various philosophical concepts related to this issue.

3. Use of the Socratic dialogue method. The Socratic method helps develop critical thinking through questions and answers, guiding students toward an independent search for truth. Teachers working in the field of critical thinking development pay great attention to developing the qualities necessary for a productive exchange of opinions: tolerance, the ability to listen to others, and responsibility for one's own point of view. In this way, it is possible to bring the learning process much closer to real life outside the university walls. Based on the above provisions, we formulate a hypothesis of critical thinking, seeing in it:

- a global idea that ensures preparation and transition to a new trajectory of education development;
- a factor in solving interrelated and interdependent problems of internationalization, diversification, and integrity of education;
- a fundamental basis for achieving a balance between cognitive mastery of academic disciplines and the acquisition of skills in communication, creative and critical analysis, and collective work in a multicultural context;
- a possible approach to solving the problems of individuals and society that have arisen at the current stage of development.

4. Comparative analysis of literary characters and their conflicts. Comparative analysis of characters from different works helps students build logical connections and analyze their actions. For example, in a literature lesson on The Great Gatsby, I compare the characters with heroes from other works. Questions for discussion might include: «Why can't Gatsby let go of the past and try to get Daisy back? What are their similarities and differences?». This approach allows students to develop not only critical but also synthetic thinking by drawing parallels between different characters.

5. Using the «Decision Tree» method. Literary works are often built on internal or external contradictions, which helps develop the ability to detect logical inconsistencies or hidden motives. Students can discuss how these contradictions affect their perception of the characters, which in turn develops their ability to notice contradictions and assess their impact on the plot.

6. «The Six Thinking Hats» method (according to Edward de Bono). This method helps to look at a situation from different angles, developing flexibility of thinking. The six hats are metaphors representing different approaches to analysis: white hat (facts), red hat (emotions), black hat (criticism), yellow hat (optimism), green hat (creativity), blue hat (process management). This approach helps students see a variety of perspectives and helps develop critical thinking.

The methodology for developing critical thinking is based on the application of philosophical, pedagogical, and psychological techniques. The essence of these techniques lies in working with information, both in groups and individually («cluster system», «jumbled logical chains», «key words», «graphic methods of organizing material», etc.). The use of special technologies helps to increase young people's motivation for cognitive activity. In pedagogical practice, certain technologies for the formation of critical thinking are used, which involve answering the following questions:

1. What is the goal of cognitive activity? (e.g., summarizing available information, assessing the reliability of arguments, etc.).
2. What is known? (evaluate the available information and find the missing information).
3. What should be done? (how to achieve the set goal).
4. Was the set goal achieved?

It is important to note the difference between productive and receptive types of speech activity and, accordingly, the development of different intellectual skills when teaching a particular type of speech activity. When reading and listening, we must perceive and evaluate the author's thoughts and position, compare them with our own, and choose what we consider important and necessary for us. This will require us to analyze and evaluate someone else's arguments and will differ in structure from how we argue our point of view or position when speaking or writing. It is important to take this into account when organizing the learning process. When teaching a language, the development of critical thinking can be considered one of the factors

in the formation of communicative competence. The formation of critical thinking is the basis for working with information in the broadest sense, i.e., in the acquisition and practical use of various types of speech activity. A complete understanding of information, i.e., the extraction of in-depth information, requires more than just factual knowledge. In order to see the relationships and dependencies between the phenomena or events being described and to express them verbally, a good level of linguistic competence is required: mastery of vocabulary, concepts, realities, idiomatic expressions, and professional terms. The ability to evaluate the linguistic means used by the author to achieve their goal and the ability to use these means to formulate one's own thoughts also belong to critical thinking skills.

Despite existing research on this issue, teaching experience shows that students often lack the ability to argue their point of view consistently and convincingly, replacing logical reasoning with unsubstantiated statements and emotional expressions. This fact leads to the conclusion that argumentation skills reflect the degree of development of logical thinking and require painstaking training. Argumentation is undoubtedly a high-level skill, a kind of art in which manner of behavior, ability to communicate with the audience, diction, and correct speech structure are all important. At the same time, the basis of argumentation is logic, and no matter how well-structured our speech is, no matter how emotional and expressive it is, form cannot replace content, namely, a well-constructed argument. Thus, teachers face a dual task: on the one hand, to teach students the skills of correctly formulating their thoughts in a foreign language, and on the other, to develop their logical thinking and ability to prove their point of view consistently and convincingly.

When planning their activities, teachers should consider how these activities fit into the «challenge – comprehension – reflection» framework. In this regard, the key point in planning teaching activities is to link a specific technique to a specific stage. Recognizing the importance of using these techniques to create a learning environment for collaborative learning, where students work together, make decisions, formulate opinions, and creatively integrate ideas and information, will allow teachers to rethink their methodological priorities and approaches to teaching. After all, the development of critical thinking is the mechanism by which a course of study becomes meaningful and purposeful. In our opinion, it is necessary to choose topics and assignments that lead students to analytical thinking and support it. Analysis leads to reasoning, comparisons, reevaluations, etc., which is the essence of critical thinking. These discussions motivate students, and the exchange of opinions leads to a deeper understanding of what has been read and heard, thereby contributing to a more comprehensive perception of what is known. Each student in the group has their own role, for example:

- «summarizer» - selects texts, prepares reading material, comments, etc.;
- «questioner» (question generator) - prepares questions for other group members;
- «interpreter» - answers questions, explains to others;
- «predictor» - expresses their point of view on what has been said, evaluates, suggests topics for the next stages.

In other words, critical analysis of a text involves providing consistent answers to the following questions about the text:

1. Determine the author's purpose in writing the article. What issue does the author raise? Does the author take an independent position?
2. Identify the structure of the article, its components, and determine how the text relates to the content of the subject being studied.
3. Determine how (by genus-species characteristics, etc.) the definitions of concepts are formulated and how accurately their essence is revealed.
4. Are there any distortions of the meanings of concepts, propositions, or theses in the course of the text's development or presentation of information?
5. Are there any logical errors in the text: substitution of the connection «problem – conclusion» with the connection «conclusion – problem», substitution of one concept or thesis with another, use of homonymous words in the text?
6. Are there any illogical, ambiguous, contradictory, or inconsistent judgments in the content of the text?
7. Indicate your attitude towards the problem under consideration and its solution.
8. In the context of what values does the author analyze and solve the problem in the text? Ask the author questions about the problem under consideration and its solution.

The roles of students in the group change so that everyone can experience a different position. This method can have several variations, for example, depending on the number of students. In addition, groups as a whole can perform specific tasks - summarizing, questioning, interpreting, or predicting. In our opinion, practice-oriented pedagogical technologies that promote deep assimilation of content, increased independence

in cognitive activity, and the development of critical thinking are effective. Thus, the technology for developing critical thinking in students forms general academic skills related to the ability to:

- participate in collective work;
- select information units according to their degree of novelty and significance;
- focus on the key words of the presented text;
- focus attention on identifying significant information units in the text for its interpretation;
- choose the correct answer to the question asked;
- prepare one of the types of plans for the material being studied;
- identify errors and correct them;
- identify the main information and include it in the questions asked;
- analyze and systematize the knowledge acquired.

Let us analyze the laws of logic, since critical thinking includes logical thinking. Thinking is based on the laws of logic, including the laws of dialectical logic and formal logic. If dialectical logic determines the cognition of truth and its revelation, then formal logic is responsible for proving its validity. In order to carry out a critical analysis of a text, it is necessary to identify the truths it contains and analyze them in the context of the laws of formal logic. Thus, the design of tasks for critical analysis of a text by teachers requires the definition of criteria for the selection of educational content. The criteria for selecting educational content that promotes the development of critical thinking in students include the following:

- the criterion of reliability, which assumes that the websites from which articles and information for student assignments are taken have been certified;
- the selection of materials from websites helps students develop the ability to find reliable information on the internet and understand the criteria for its reliability;
- the criterion of logical errors, which requires the presence of logical errors in the text - the replacement of one thesis with another - allowing students to develop the ability to find logical errors, distinguish between concepts, identify the essential features of a concept, correctly prove a thesis, etc.;
- the criterion of alternativeness, implying the presence in the text of alternative solutions to the problem under study, providing students with the opportunity to develop the ability to think alternatively, non-standardly, find unusual approaches to solving problems, as well as those that will ensure maximum achievement of the goal;
- the criterion of criticality, requiring the presence in the text of the author's critical attitude to the problem under consideration, which determines the formation of students' skills to critically relate to another person's position, evaluate different points of view and positions;
- the criterion of moral choice, which requires the text to contain moral problems and dilemmas that determine the formation of students' ability to make moral choices as they take a moral position, etc.;
- the criterion of reasonableness, which requires the presence of arguments and counterarguments in the text, determines the ability of students to determine the strength of arguments and counterarguments to prove or refute a thesis, and allows students to develop the ability to put forward a reasonable, legitimate, reasoned, and evidence-based decision on any judgment, position, thesis, problem.

It is worth noting that heuristic conversation is important for the development of critical thinking. During the conversation, there is an active exchange of opinions, and students learn to answer different types of questions at different levels. Questions of a problematic nature ensure the high effectiveness of heuristic conversation. Problem-based questions encourage students to think and reason. Students can only find answers to these questions through analytical work. Students must study new material in detail, using comparisons and contrasts where necessary. They learn to generalize and graphically represent the results of their experimental, exploratory, and creative work. Work on a problem question can be organized as a process of proposing and testing hypotheses. This will stimulate students' cognitive activity, since in order to confirm or refute hypotheses, students must work with information and offer their own thoughts and ideas. At the first stage of students' work with hypotheses, the teacher helps them to construct hypotheses and prove them, shows them the stages of the work, and suggests possible ways of solving the problem. Gradually, this assistance from the teacher should decrease.

In conclusion, we note that literary text as a concept is multifaceted and multi-component. Deepening knowledge of the text and approaching it from different points of view leads to the emergence of new aspects of study, which is why the text has been and remains the subject of much research. It is of particular interest as a unit of language teaching, as a basis for the development of critical thinking, and as a basic communicative unit that ensures communication between subjects on the basis of textual activity. Critically thinking students are able to qualitatively analyze the information they receive, evaluate its reliability, and make informed

decisions. They can also actively participate in professional life and contribute to its development. In addition, such students are better able to cope with unexpected situations and problems, which helps them achieve success in both academic and professional spheres.

The presented methods for developing critical thinking are based on a systemic-functional approach and linguistic-conceptual tactics and are aimed at deep and conscious immersion of students in a text or any other work of art, which will enable linguistic, spiritual, and personal development and form the value foundation necessary for the revival of interpersonal relationships based on the principles of morality and ethics. Summarizing the above, we can draw the following conclusions:

- text is the basic unit of language learning and the foundation for the formation of critical thinking;
- critical thinking is the ability to analyze information from a logical standpoint, the ability to make informed judgments and decisions, and to apply the results obtained in both standard and non-standard situations, questions, and problems;
- methods of developing critical thinking based on linguistic-conceptual tactics and a systemic-functional approach are aimed at immersing students deeply in texts and performing all types of test activities, which forms the ability to critically evaluate both works of art and reality, develops social activity and an understanding of the value of other people's actions and one's own behavior.

We see prospects for further scientific research in the development of updated methods for working on text activities in the process of developing students' critical thinking in class and in extracurricular activities.

References:

1. Shukri N.A., Mukundan J. A Review on Developing Critical Thinking Skills through Literary Texts // Advances in Language and Literary studies. – 2015. – 6(2). – 4-9.

2. Winata R., Dwipantari S., Prajadiningrat A. A Study of Critical Thinking Development Through Literary Analysis in Language Education // TEKILA: Journal of Language Teaching and Literature. – 2022. – 1(1). – 25-31.

3. Tabačková Z. Outside the classroom thinking inside the classroom walls: Enhancing students' critical thinking through reading literary texts // Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2015. – 186. – 726-731.

4. Khatib M., Alizadeh I. Critical thinking skills through literary and non-literary texts in English classes // International Journal of Linguistics. – 2022. – 4(4). – 563-568.

5. Daud N.M., Husin Z. Developing critical thinking skills in computer-aided extended reading classes // British Journal of Educational Technology. – 2014. – 35(4). – 477-487.

6. Abida F.I. Critical thinking skills to literary works: A method of teaching language through literature // JEES (Journal of English Educators Society). – 2016. – 1(1). – 148-163.

3-секция.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕГІ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Абдрахманова Қ.К.

№12 жалпы орта білім беретін мектебі мұғалімі, Көкшетау, Қазақстан.

Бүгінгі жас буын-ертеңгі ел болашағы, ел ертеңі. Ел тұтқасын ұстар рухы биік азаматты тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ұрпақ тәрбиесі селқос, немқұрайлы қарауды көтермейді. Тектілігі тегінен тараған қазақ ұлты бала тәрбиесіне ықылым заманнан ерекше көңіл бөлген. Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толды. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып, атқарылып жатыр. Екі ғасырға жуық уақыт өтсе де, ұлы Абайды толғандырған ұрпақ тәрбиесі әлі де күн тәртібінен түсе қойған жоқ. Сондықтан, тарқататын мәселеміз Абай шығармашылығындағы бала тәрбиесі туралы болмақ. Осыған орай, өз іс-тәжірибеммен де бөлісетін боламын. «Адамның бір қызығы – бала деген» деп хакім Абай

айтқандай, бала – өмірдің жалғасы һәм ата-ананың көз қуанышы. Дана Абай бала тәрбиесіне адамзат тәрбиесі деп үлкен мән берген. «Балаларымызды қалай тәрбиелесек, болашағымыз солай болмақ. Балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда» [1].

Қ.К.Тоқаев: «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет» [2]. Қазіргі уақытта білім беретін мектептерде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқушы өздігінен білім алуға икемделуі тиіс. Абай айтқан «Толық адам» ұғымындағы жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып білім беруді басшылыққа алуымыз керек.

Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы мектептегі әр буынға арналған оқу бағдарламасында қарастырылған. Абай атамыздың шығармаларын мұғалім оқыту мен игертуде тәрбиелік мәні, тәрбиелік құндылықтарына басымдық беру керек. Қазір оны меңгертуде мұғалімнің түсіндіруі мен оқушының өзінің оқуынан басқа АКТ мен ЖИ/жасанды интеллект/ мүмкіндіктері зор. Абай «білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» дегенде «көкірегінде көзі бар», «жүрегі - айна, көңілі - ояу» жастарға арнайды, яғни тәрбие мен оқуды бірінен-бірін бөліп жармайды, олардың тиімділігі ұстаздарға да, шәкірттерге де ортақ екендігін көрсетеді. Оқушылар Абай атамыздың өлеңдерін жаттап қана қоймай, оған композициялық және сатылай кешенді талдау жасайды, «Абайша айтқанда» әдісі бойынша өлеңді өз көзқарасы тұрғысынан, заманауи түйсік тұрғысынан қайта өңдеп жазады. Бұл әдіс оқушыларды өлең жазу «еріккенің ермегі емес» екендігін ұғындырса, сонымен қатар өлеңнің айтары өте терең екендігі, өлеңнің айтар ойы да оларды ойландыра түседі.

10 –сыныпта Абай атамыздың «Қара сөздерін» оқығаннан кейін оқушыларға «Авторға хат жазу» және «Қара сөздерді оқығаннан кейінгі алған әсерім мен түйген ойым» тақырыбында шығармашылық жұмыс жасауға үйге тапсырма бердім. Шынын айтсам, шәкірттерімнің ойы мен күткеннен де әлдеқайда жақсы шыққан. Бір «әттеген-айы» оқушылардың кейбіреуі өз қарабасының ғана жайын ойлайды, десе де елінің болашағы үшін жүрегі ауыратын ұрпақ бары жаныңа медеу.

Бүгінгі күндегі мектеп түлегі, мектеп мақтанышы, екі бірдей мемлекеттік грант иегері Амандық Нуриданың шығармашылық жұмысы еліміздің болашағына алаңдайтын жастардың баршылығына менің көзімді жеткізіп, жүрегімді елжіретті. Осы жұмысты кейін қалалық байқауға жіберіп «Үздік жұмыс» номинациясын иеленді.



1-сурет. Оқушының шығармашылық жұмысы.

Абайдың ағартушылық ойларының ішінде білімді өмір бойы үйрену, оны кітаптан ғана іздеу, өздігінен оқу, естіген, білгенді есте сақтау мәселелері анық берілген. Өзінің өмірлік тәжірибесінен түйгенін Абай әр баланың өзін-өзі ғылым мен білімге, білсем-үйренсем деген ойға жетелейтін бағыттарын ұдайы сөз етеді. Білім алудың негізгі үш сатысын – кез келген жаңалықты алғашқы қабылдаудан-естуден басталатынын, оны түсіну үшін әр бала сөздің мағынасын түсініп, оқып-біліп, қолмен жасау не көру керек екенін, ал одан соң барып керек жерде дұрыс пайдалануды үйретететінін айқындап айтады. Әрі бұл білімнің, оқудың сапасын анықтайтын әдіс-тәсіл, біліктілік, дағдымен де орайлас келеді. Ағартушы ретінде білім алудың жолын меңзейді, нені оқу керек, қалай оқу керек,

оқығанды қалай меңгеру керек, ал меңгерген білімді қалай өмірде қолдануға, жүзеге асыруға болатындығы туралы ойлары заманауи педагогика тұрғысынан өте орынды. Бала ең бірінші сөйлеу дағдысын қалай меңгерсе, керек білімді де сөз арқылы алады, сондықтан ақын ретінде Абай көбінесе сөз құдіретіне жүгінеді.

Өзінің отыз сегізінші қара сөзінде айтқандай, адамның өсіп-жетілуіне сыртқы және ішкі себептердің әсері болады. Сыртқы себептер екеу: біріншісі – отбасының, яғни ата-ананың әсері, екіншісі – қоршаған ортасының, яғни өмірдегі алған тәжірибесінің әсері. Ал ішкі себептерге адамның жан дүниесінің сезімі жатқызады. Баланың тәрбиесіне өскен ортасы, қоғам ықпал жасайтыны белгілі. Абай Құнанбаевтың өскен ортасы, қоршаған табиғат, туған-туысқандары, құрбы-құрдастары, оқыған, білім-тәрбие алған мектебі, тағы сол сияқты оның дүниесінен бөлек жағдайлар келешек өміріне үлкен әсер етті. Абай адам боп дүниеге келген соң , әркімнің бұл өмірде өзіндік орны бар, сондықтан адам баласының адамзат үшін игі дүние қалдыру керектігін жіті түсінген. «Атымды адам қойған соң, Қайтып жаман болайын?» десе [3], енді бірде «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдағы есеп алғанан бері өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не дүниеге жарамды күніңде өзің өкінбестей не қылықпен өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыпсың!» [4]. Бұл бүгінгі күнгі «рефлексия», адамның өз-өзіне есеп бергені де дұрыс шығар. Есеп бермеген соң «өзімдікі дұрыс» болып қала береді. Абай әлемі, ақын рухымен іштей шүйіркелесу сияқты, тәрбиелеу үрдісіндегі іс-шараларда, эссе жазу барысында қолданатын кейбір түйінді сөздері мен афоризм болып кеткен кесек ойларына тоқталып кетсем:

1.Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең оқыт.

2.Дарынды дамылсыз ұштай білу керек.

3. Қажырыңды түгеспей алып шығатын жақсылық – негіз. Ол негіз екі нәрседен бас құрайды: бірі тек, екіншісі тәрбие.

4.Тегінде жас күнінен қолға алынған, қатал тәрбиеден өткен баланың келешегі баянды.

5. Қолыңнан келсе, балаңа ғылым үйрет.

6. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз алмайсың

7. Досыңды ұзақ сақтағың келсе – өзіңнің бір саты төмен екендігіңді сездіре жүрген мәлім.

8. Адамды кедей ғып қойған нәрсе кесір, кері кеткен мінезі.

9. Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды.

10. Білімсіздік хайуандық болады.

11. Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады.

12. Залымдық - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады.

13.Пайда, залалдыайыратұғынқуаттыңаты — ақыл

14.Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

15.Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

16.Адамзатқа не керек: сүймек, сезбек, кейімек. Харкет қылмақ, жүгірмек, ақылмен ойлап сөйлемек.

17.Атымды адам қойған соң, қайтып надан болайын.

18.Бес нәрсеге асық бол Талапеңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлапқой — бес асыліскөнесеңіз.

19.Адам баласыадамбаласынанақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.

20.Жастықтың оты жалындап, жас жүректе жанған шақ. Талаптың аты арындап, әр қиянға салған шақ.

Жоғарыда айтылған аталы сөздер мен айшықты ойларды күнбе-күн айтып отырсақ, не сабақ басында 2-3 –еуін айтуды дағды етсек, бала жадында мықтап қалары сөзсіз. Менің ойымша, жалпы мектептегі оқу-тәрбие үрдісі ұлттық құндылықтар және Абай Құнанбаев мұрасындағы педагогикалық ойлар мен дидактикалық тұжырымдарға негізделуі керек. Егер ақын, ғалым, ұстаз Абай Құнанбаевтың шығармаларындағы тәлім -тәрбиелік ойлары педагогикалық тұрғыдан талданып, жүйеленіп оқу үрдісіне енгізілсе, біздің болмысымызға сай білім беру жүйесіне ұлттық сипат әкеліп, «ұлттық кодымызды» [5] сақтап қалуға септігін тигізер еді деген ойдамын. «Абайды мұқият оқыған адам оның көзкарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып

кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда, біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің атымен зауқы жоқ [6]. Абай мұрасын қазақстандық әр азамат пен азаматша азаматтық жарғы ретінде тұтса, әрі насихаттаса - абзалы сол.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, «Адамды нағыз адам қылатыны - сезім, ой, рух, білім, өнер, адамгершілік, сана, әрекет» деген Абай атамыздың ойы, бүгінгі күнгі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы іс-шаралар, жобалардан да ұдайы көрініс тапса игі. Олай болса, мазмұны жаңартылған бағдарлама бойынша білім мен тәрбие беру жағдайында ұлт мұрасына айналған ақын, күйші, сазгер, пәлсапашы тағылымын оқушы бойына сіңіру – әр мұғалімнің міндеті, парызы. Абайын таныған халық, Абайды білген адам ана тілінен айрылмайды, ана тілін білсе ата жолынан адаспайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.Маханбетова. «Рухани жаңғырудың тәрбиелік тағылымы». Жинақ 2018 б.

2. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасыр» атты мақаласы. 9 қаңтар 2020 ж. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты

3. https://bilim-all.kz/olen/507

4. https://abai.institute/qara-sozder/on-besinsi-soz.

5. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

6. https://abaialemi.kz/post/view?id=104

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАР ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Айтбаева Н.Қ.

Қарағанды техника-құрылыс колледжінің оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан.

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында білім алушылардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдер қарастырылады. Негізгі назар оқу үдерісіне адамгершілік, мәдени және азаматтық құндылықтарды интеграциялауға, сондай-ақ мұғалім-филологтің білім алушы тұлғасын тәрбиелеудегі рөліне аударылған. Мақалада білім алушылардың ана тіліне, Қазақ елінің дәстүрлеріне деген құрметін қалыптастыруға, толеранттылық, патриотизм және жеке жауапкершілік сезімін дамытуға ықпал ететін әдістемелік тәсілдер мен педагогикалық технологиялар баяндалған. Әдеби мәтіндерді рухани-адамгершілік тәрбие құралы ретінде қолданудың маңыздылығын атап өтіп, көркем материалмен жұмыс жасау бойынша мұғалімдерге арналған практикалық ұсыныстар беріліп отыр.

Қазіргі уақытта балаларды адамгершілікке тәрбиелеу барған сайын өзекті бола түсуде. Білім алушылардың құндылықтық бағдарларын, адамгершілік ұғымдарын, түсініктерін, бағалауларын және ұстанымдарын қалыптастыру — адамгершілік тәрбиесінің негізі болып табылады. Колледждегі құндылықтық бағдарларды қалыптастыру ғылым негіздерін оқыту барысында және аудиториядан тыс жұмыстар кезінде басталады.

Сонымен «адамгершілік құндылық» деген сөз нені білдіреді? Бұл ұғымға қатысты түрлі анықтамалар бар, солардың бірі былай дейді: адамгершілік (моральдік) құндылықтар — бұл адам өміріндегі ең жоғарғы этикалық идеалдар мен қағидалар. Мұндай құндылықтарға адамның аса маңызды қасиеттері жатады: адалдық, адалдыққа берік болу, үлкенге құрмет, отансүйгіштік, еңбекқорлық. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары — бұл әрқашан жақсылық, адамгершілік және сұлулық сабақтары, өйткені тілді оқыту барысында адамгершілік реңкке ие бай тілдік материал қолданылады. Кәсіби білім беру колледждерінде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын құндылықтық бағдарлар негізінде құрастыру — мәдени орта, көптілділік, сондай-ақ тарихи және әлеуметтік аспектілерді ескере отырып, ерекше көзқарасты талап етеді. Мұндай сабақтар тек тілдік дамуға немесе көркем шығармаларды түсінуге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың моральдік, этикалық және азаматтық құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етуі тиіс. Олар — дәстүрге құрмет, ұлттық сана-сезім, Отанға деген сүйіспеншілік және болашаққа деген жауапкершілік сияқты қасиеттер. Сабақтарды құрастыру барысында қазақ мәдениеті мен дәстүрлерінің ерекшеліктерін ескеру маңызды. Бұл білімалушыларға әдебиет пен тілдің өз халқы үшін маңызды құндылықтарды қалай бейнелейтінін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Мысалы, «Отан мен халық – қазақ әдебиетінде» атты тақырыптағы сабақта Отанға деген махаббат, ар-намыс, абырой, үлкенге құрмет пен мәдениетке құрмет сияқты маңызды құндылықтарды көтеретін қазақ жазушыларының шығармаларын қамтуға болады. Оқу үдерісі дәстүрлі қазақ құндылықтарын жаһандық құндылықтармен ұштастыруға бағытталуы тиіс. Бұл білімалушыларға ұлттық бірегейліктің әлемдік үрдістермен қалай үндесетінін тереңірек түсінуге көмектеседі. Сабақ барысында қазақ және шетел мәдениеттері арасындағы көпір бола алатын шығармаларға назар аудару маңызды. Мысалы, А.С. Пушкин, Л.Н. Толстой сияқты орыс жазушыларының, сондай-ақ Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезов сынды қазақ қаламгерлерінің адамдар арасындағы қарым-қатынас, адалдық, әділдік тақырыптарын қозғайтын шығармаларын оқыту — білімалушылардың рухани-адамгершілік әлемін байытады.

Құндылық бағдарды қалыптастыру мәселесі ең өзекті болып табылады, себебі дәл осы құндылықтық бағдарлы тұлға жүйесі мектеп кезеңі бойы қалыптасып, білімалушылардың қоғамдағы басқа мәдениеттерге және туған елдің мәдениетіне құрметке негізделген толерантты мінез-құлқын айқындайды. Бұл тұлғаның белсенді әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етіп, шығармашылық қызметінің мүмкіндіктерін анықтайды. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде білімалушылардың құндылықтық бағдар жүйесін қалыптастыру мәселесі мәдениеттану тұжырымдамасы шеңберінде қарастырылады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, тіл — халықтың дүниетанымын бейнелеу құралы, халық мәдениеті мен рухани құндылықтарын сақтау құралы ретінде оқытылады. Сабақтың мақсаты тілдік дағдыларды дамыту ғана емес, сонымен қатар құндылықтық бағдарларды қалыптастыруды да қамтуы керек. Сабақтар білімалушыларды моральдік таңдаулар, адамгершілік дилеммалар туралы ойлануға және маңызды әлеуметтік әрі мәдени ұғымдарды түсінуге бағыттауы маңызды. Мысалы, білімалушыларды шығармаларды адамгершілік құндылықтар мен адамдар арасындағы қатынастар тұрғысынан талдауға, сондай-ақ әдеби кейіпкерлерді ұлттық және жалпыадамзаттық моральдік бағдарлар арқылы бағалауға үйрету.

Құндылық бағдарды дамыту үшін білімалушыларды өз бетімен құндылықтарды түсінуге ынталандыратын жобалар мен интерактивті жұмыс түрлері тиімді болуы мүмкін.

-Жобалық жұмыс: мысалы, қазақ әдебиетіндегі адамгершілік құндылықтар туралы жобалар жасау, патриоттық шығармаларды талдау, сондай-ақ бұл құндылықтардың күнделікті өмірде қалай көрініс табатыны туралы талқылау.

-Рөлдік ойындар: білімалушылар әдебиеттегі кейіпкерлердің қиын моральдік таңдау жасайтын жағдайларын сахналап, олардың әрекеттерін этикалық нормалар тұрғысынан талқылай алады.

-Талқылаулар мен пікірталастар: шығармаларда көтерілген өзекті моральдік мәселелер бойынша талқылаулар білімалушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытып, түрлі құндылықтар тұрғысынан жағдайларды талдау қабілетін қалыптастырады. Мысалы, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында Отанға, мәдениет пен дәстүрге қатынас және моральдік таңдау мәселелерін талқылауға болады.

-Рөлдік ойындар: рөлдік ойындар білімалушыларға әдеби кейіпкерлердің рөлін сезініп, саналы моральдік таңдау жасауға көмектеседі. Бұл әдіс эмпатияны дамытып, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін олардың этикалық нормалары тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, Абай Құнанбайұлының шығармасынан дәстүр мен жеке еркіндік арасындағы моральдік дилеммаға тап болған кейіпкердің жағдайын көрсетуге болады.

-Ми шабуылы: Бұл әдіс шығармада ашылатын құндылықтарға әртүрлі көзқарастарды анықтауға және білімалушыларда маңызды моральдік мәселелер бойынша өз пікірін қалыптастыруға көмектеседі. Мысалы, Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар.» романын оқығаннан кейін *«Не маңыздырақ: адалдық пен махаббат немесе қоғам алдындағы борыш?»* тақырыбында ми шабуылын өткізуге болады.

-Әдеби квесттер: Білімалушылардың әртүрлі әдеби шығармалардағы құндылықтық бағдарларды зерттейтін жобасы квест түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Білімалушылар әдеби шығармаларды талдап, құндылықтар мен моральдық сабақтарды анықтайтын бірнеше тапсырманы орындауы қажет. Мысалы, Бейбіт Сарыбайдың «Ақтабан» шығармасы бойынша квест құру, онда қатысушылар кейіпкерлердің әртүрлі жағдайларда көрсететін құндылықтарын (адалдық, батылдық, сенімділік, достық) анықтауы керек.

-«Менің адамгершілік таңдауым» тақырыбында эссе немесе реферат жазу: Әдеби шығарма кейіпкерінің моральдік таңдауы тақырыбындағы эссе немесе реферат жазу тапсырмалары білімалушыларға адамгершілік пен мораль мәселелері бойынша өз ұстанымдарын қалыптастыруға және оны білдіруге көмектеседі. Мысалы: «Егер мен кейіпкердің орнында болсам, не істер едім?» - Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» шығармасын талдау негізінде жазылған эссе.

Мысал ретінде өзіміз жүргізетін бір сабақтың үлгісін берейік. Тақырыбы: Отанға деген махаббат — қазақ әдебиетіндегі көрінісі

Мақсаты: Қазақ әдебиетіндегі Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм және мәдениетке құрмет сияқты құндылықтардың қалай берілетінін қарастыру.

-Кіріспе: Қазақ мәдениеті аясында «Отан» және «патриотизм» ұғымдарын талқылау.

-Оқу және талдау:

-Қазақ әдебиеті: Сәкен Жүнісов («Ақан сері») немесе Шыңғыс Айтматов («Боранды бекет») шығармаларынан үзінді оқу және талдау.

-Талқылау: Кейіпкерлер Отанға деген сүйіспеншілікті қалай көрсетеді? Олар үшін қандай құндылықтар маңызды? Қандай моральдік дилеммалармен бетпе-бет келеді? Осы құндылықтарды өз өмірімізде қалай қолдана аламыз?

-Жоба жұмысы: «Мен үшін Отан деген не?» тақырыбында әдеби шығармалардан дәлелдер келтіре отырып, презентация немесе эссе дайындау.

Қазақ мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын құндылық бағдар негізінде құрастыру – білімалушыларға өздерінің мәдени дәстүрлерін ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтарды да терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын құндылық бағдар негізінде құрастыру үшін қазақ әдебиетінің кең ауқымды шығармаларын қолдануға болады. Маңыздысы — адамгершілік, моральдік және азаматтық сана қалыптастыратын, негізгі құндылықтарды қозғайтын шығармаларды таңдай білу.

Міне, осындай сабақтарда қолдануға болатын әдебиеттер мысалдары:

Абай Құнанбайұлы

-Қара сөздері – адамгершілік пен моральдық құндылықтар, білімнің маңызы, руханият пен қоғам алдындағы жауапкершілік туралы философиялық толғамдар.

-Поэмалары мен өлеңдері – өмірдің мәні, ар-намыс, махаббат, достық, еркіндік пен шындық туралы терең ой-толғамдар.

Сәкен Сейфуллин

-«Тар жол, тайғақ кешу» – өмірлік қиындықтар, жауапкершілік, отансүйгіштік пен адалдықтың маңыздылығы жайлы баяндайтын автобиографиялық поэма.

Қасым Аманжолов

-Поэзиясы – ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік, ұлттық батырлар мен олардың ерлік істерін жырлау тақырыптарын қамтиды.

Шыңғыс Айтматов

-«Ғасырдан да ұзақ күн» – достық, адалдық, адамгершілік парыз, ар-ождан мен идеялар жолындағы күрес тақырыптары қозғалады.

-«Жанпида» – адам тағдыры, әділеттілік пен қоғамдағы рухани құндылықтар туралы философиялық толғамдар.

Ілияс Есенберлин

- «Алтын Орда» трилогиясы - мемлекеттік және ұлттық тұтастықтың өміршеңдігі мен оны сақтап қалу үшін болған күрес туралы шынайы тарихы.

Қосымша материалдар:

Мифтер, аңыздар, мақал-мәтелдер. Қазақ және орыс халықтарының мифтері мен мақал-мәтелдерін қолдану оқушылардың адамгершілік құндылықтары туралы түсінігін кеңейтіп, өмірге деген дәстүрлі көзқарастарын нығайтуға ықпал етеді.

Тарих пен мәдениетке байланысты талдау мәтіндері. Мысалы, «Қазақстан тарихы» сияқты тарихи еңбектерден үзінділер патриотизм, ұлттық мақтаныш пен тарихи жауапкершілік мәселелерін талқылауға негіз бола алады.

Оқу және әдістемелік құралдар:

Құндылықтық бағдарларды ескере отырып әзірленген қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған жұмыс дәптерлері мен оқулықтар. Мысалы, әдеби талдау бойынша оқу құралдары, онда басты назар адамгершілік және этикалық мәселелерге аударылады.

Құндылыққа бағытталған оқытуға арналған әдістемелік материалдар — білімалушылардың әдебиет пен тіл арқылы құндылықтар жөнінде жүйелі білім қалыптастыруына бағыт беретін мұғалімдерге арналған нұсқаулықтар.

Осы көздерді пайдалану білімалушылардың мәтіндерді талдау және қабылдау дағдыларын дамытуға ғана емес, сонымен қатар оларға Отанға деген сүйіспеншілік, адалдық, әділдік,

жауапкершілік және басқаларға құрмет, бастамашылдығы мен тәуелсіздігі, төзімділігі, қоғамда табысты әлеуметтену қабілеті және еңбек нарығына белсенді бейімделуі сияқты маңызды құндылықтық бағдарларды қалыптастыруға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тайжанов А. Мировоззрение Мухтара Ауэзова. – 1997.

2. Рахимова М. С. Национальные и мировые ценностные ориентиры в обучении и воспитании на уроках языка и литературы. - 2018.

3. Есаулкова Н. Е. Использование технологии критического мышления на уроках литературы. - 2024.

ЭТНОФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Арынбаева Д.Ж.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ докторанты, Шымкент, Қазақстан.

Қазіргі білім беру кеңістігінде тіл мен мәдениетті өзара сабақтастыра оқытуға бағытталған құндылық бағдарлы парадигма ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл бағыттың негізгі мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптей отырып, студенттің тұлғалық дамуын, мәдени танымын және рухани әлеуетін қалыптастыру. Тілдік білім беру жүйесінде фразеологизмдер мен этнофразеологизмдерді оқыту сол құндылықтық мазмұнды жеткізудің ең тиімді тетіктерінің бірі болып саналады. Себебі фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, өмір салтын, ұлттық мінез-құлқын, тарихи жадын айқын бейнелейтін ерекше тілдік бірліктер қатарына жатады.

Алдымен «құндылық» сөзіне анықтама бергеніміз жөн болар. Құндылық – адамның қоршаған болмысқа, әлеуметтік ортаға және рухани дүниеге қатынасын айқындайтын философиялық әрі әлеуметтік ұғым. Ол заттың, құбылыстың немесе іс-әрекеттің адам үшін маңызын білдіреді. Құндылық туралы түсінік алғаш рет XIX ғасырдың ортасында қалыптасып, оны философтар Р. Ротце мен Г. Коген жүйелі түрде талдаған екен. Құндылықтар тұлғаның дүниетанымын қалыптастырады, оның іс-әрекетін бағыттайды және әлеуметтік мінез-құлықты реттейді. Олар тұрақтандырушы, бағыттаушы және реттеуші қызмет атқарып, қоғамның мәдени және моральдық негізін құрайды. Құндылықтар жүйесіне өмірлік (өмір, денсаулық), рухани (білім, өнер, ғылым), әлеуметтік-саяси (әділдік, бейбітшілік, қауіпсіздік) және материалдық (тұрмыс, еңбек, игілік) түрлері жатады.

Педагогикада құндылық тұлғаның рухани дамуы мен тәрбиесінің негізі ретінде қарастырылады. Білімге құндылықтық қатынас – оқушының танымдық қызығушылығы мен тұлғалық бағыттылығын айқындайтын маңызды көрсеткіш. Қазақ педагогикасы тарихында да ізгілікті, адамгершілік құндылықтарды білім мен тәрбие үдерісінің өзегі ретінде қарастыру дәстүрі қалыптасқан. Әл-Фараби білім мен тәрбиенің ажырамас бірлігін ерекше атап өтіп, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп тұжырымдайды [1, 67-б.]. Бұл ой білімнің шынайы құндылығы адамның рухани және адамгершілік жетілуімен өлшенетінін көрсетеді. Ғұлама ілім мен тәрбиенің мақсаты – ізгі қоғам мен кемел тұлға қалыптастыру деп есептейді.

М. Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде баланың жан тәрбиесін бірінші орынға қойып, рухани құндылықтарды – ар, ұят, қайырым, мейірім сияқты қасиеттерді тәрбиенің басты мазмұны деп санайды. Ол «тәрбиешінің міндеті – баланың жанын ізгілікке баулу» деп, адамгершілік құндылықтардың тұлға дамуы үшін шешуші маңызын айқындайды [2, 45–46-бб.]. Ұлт ұстазы, ғалым А. Байтұрсынұлы да білім мен руханиятты ұштастыра отырып, ұлттық тәрбиенің негізі ретінде адамдық қасиет, елдік сана және имандылық ұғымдарын қарастырады. Оның пайымдауынша, нағыз білім – адам бойындағы ізгі қасиеттермен үйлескенде ғана шынайы нәтиже береді [3,122б.]. Ж. Аймауытов «Тәрбиеге жетекші» еңбегінде адамды қоғамның рухани тірегі ретінде сипаттап, тәрбиенің мақсатын «жақсы адам мен жақсы азамат қалыптастыру» деп анықтайды. Ғалым тұлғаның мінез-құлқы мен дүниетанымының негізінде құндылық бағдардың шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді [4,58-60 бб.]. Осылайша, қазақ ағартушы-педагогтарының еңбектері ұлттық педагогикадағы құндылықтар жүйесінің теориялық іргетасын қалады. Олар тұлғаның рухани, адамгершілік және мәдени дамуын тәрбиенің басты мақсаты ретінде белгілеп, құндылықты білім беру мазмұнының өзегіне айналдырды.

Құндылық бағдарлы оқыту ұғымына Қ. Қожахметова бойынша оқу-тәрбие процесін адамгершілік, рухани және мәдени құндылықтар жүйесіне негіздей отырып, тұлғаның дүниетанымын, өмірлік бағдарын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жүйе ретінде қарастырады. Ал Halstead пен Taylor еңбектерінде бұл тұжырым білім беру философиясының өзегі ретінде қарастырылып, адамның мәдени және моральдық құндылықтарды саналы меңгеруін қамтамасыз ететін үдеріс ретінде сипатталады [5]. Осыған ұқсас тағы бір тұжырымда зерттеушілер А.Архыматаева, М.Алпысбес және М.Гөкче (2023) «құндылыққа бағытталған тәсіл жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адамның өмірі мен денсаулығын, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбекқорлықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді» деп атап өтеді [6]. Бұл көзқарас құндылық бағдарлы оқытудың қазіргі заманғы мәнін терең түсіндіреді және фразеологизмдерді оқытуда ұлттық рухани мазмұнды жеткізудің теориялық негізін айқындайды.

Тіл мен мәдениетті сабақтастыра оқытудың осы бағыты фразеологизмдерді этнолингвистикалық аспектіде меңгертудің де теориялық және әдістемелік тірегін құрайды. Себебі фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, ұлттық мінез-құлқын, тарихи жадын және рухани құндылықтарын бейнелейтін тілдік бірліктер болып табылады. Сондықтан оларды жаңа технологиялар арқылы меңгерту студенттің мәдени танымын, тілдік түйсігін және құндылықтық бағдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі этнофразеологизмдерді оқыту мәселесі соңғы жылдары лингвомәдениеттану, этнолингвистика және психолингвистика ғылымдарының дамуымен тығыз байланыста қарастырылып келеді. Алайда бұл бағытта жаңа технологиялардың әлеуетін толық пайдалану мәселесі әлі де өзекті болып табылады. Құндылық бағдарлы оқытудың заманауи үлгілерін цифрлық білім беру ресурстарымен ұштастыру фразеологизмдердің мәдени-танымдық мәнін тиімді меңгеруге, студенттің ұлттық болмысқа деген көзқарасын тереңдетуге мүмкіндік береді. Осылайша этнофразеологизмдерді құндылық бағдарлы оқытуда жаңа технологияларды қолданудың мүмкіндіктерін айқындау қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі маңызды ғылыми-тәжірибелік бағыттардың бірі ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда білім беру процесінде ұлттық құндылықтарға негізделген мазмұнды цифрлық форматта ұсыну қажеттілігі артып отыр. Осы жөнінде зерттеуші Қ.Бисенов өзінің еңбегінде қазіргі қоғамның инновациялық дамуы туралы айта отырып, «инновацияларды цифрландыру мен енгізудің маңыздылығы атап өтілді. Елді IT мемлекетке айналдыруға деген ұмтылыс мемлекетіміз бен қоғамымыздың дамуындағы басым бағыт болып саналады» деп жазады [7]. Цифрлық орта мен құндылық бағдарлы оқытудың интеграциясы студенттің мәдени кодын, ұлттық дүниетанымын және тілдік сезімін қалыптастырудың тиімді жолы ретінде бағаланады. Сондықтан этнофразеологизмдерді жаңа технологиялар арқылы меңгерту – дәстүрлі оқытудан инновациялық бағытқа көшу үдерісіндегі өзекті мәселе болып саналады. Осы бағыттағы зерттеу жұмысы этнофразеологизмдерді құндылық бағдарлы оқыту үдерісінде жаңа технологияларды тиімді қолданудың мүмкіндіктерін айқындауға және олардың оқу процесіндегі әдістемелік маңызын көрсетуге бағытталды.

Фразеологизмдер – тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығын айқын бейнелейтін, ұлттың рухани болмысын танытатын тілдік бірліктер. Оларды этнолингвистикалық және құндылық бағдарлы тұрғыда оқыту студенттің ұлттық дүниетанымын кеңейтуге, мәдени кодты түсіну қабілетін дамытуға бағытталады. Мұндай тәсіл тек тілдік білім берумен шектелмей, тұлғаның мәдени, когнитивтік және коммуникативтік құзыреттерін қалыптастыруды көздейді.

Этнофразеологизмдер – халықтың салт-дәстүрі, наным-сенімі, өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымының айнасы. Мысалы, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Ақ түйенің қарны жарылды», «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» деген сияқты тұрақты тіркестердің әрқайсысы ұлттық болмыстың терең қабаттарынан хабар береді. Мұндай фразеологизмдерді оқыту тек тіл үйрету емес, сонымен бірге ұлттық мәдени кодты ашу, студенттің құндылықтық ойлауын қалыптастыру болып табылады.

Құндылық бағдарлы тәсілдің басты мақсаты – тілдік материалды оқыту арқылы студенттің рухани және мәдени кеңістігін кеңейту. Бұл тұрғыда фразеологизмдерді оқыту үш деңгейде жүзеге асырылады:

Танымдық деңгей – фразеологизмнің мағынасын, шығу тегін, қолдану контексін түсіну;

Құндылықтық деңгей – фразеологизм арқылы бейнеленген ұлттық дүниетаным мен моральдық ұстанымды тану;

Коммуникативтік деңгей – фразеологизмді дұрыс контексте қолданып, мәдени-тілдік нормаларды сақтай білу.

Бұл үш деңгей өзара сабақтаса отырып, тіл үйренушінің мәдени және рухани дамуын қамтамасыз етеді.

Осы негізде білім алушыларға бірнеше тапсырмалар беріп, білімін тереңдетуге болады. Құндылықтарды тақырыптарға бөлу арқылы жүйелеп, сол тақырыптарға сәйкес фразеологизмдерді табу. Көркем мәтіннен, сөздіктерден, ауыз әдебиеті үлгілерінен алынған, күнделікті ауыз екі тілде айтылып жүрген фразеологизмдердің қандай құндылықтармен сәйкес келетінін анықтау арқылы да білім алушылардың білім көкжиегін кеңітіп, танымын арттырар еді. Төмендегі кестеде бірнеше мысалдар үлгі ретінде келтірілді.

1-кесте. *Ізгілік пен адамгершілік құндылықтары*.

Дәл жоғарыдағы кесте сияқты білім алушыларға тақырыпшаларға бөлінген кестелі карточкалар үлестіріледі. 2. *Еңбек пен жауапкершілік құндылықтары*: тер төгу – еңбектену, құш салу – Еңбекқорлыққа тәрбиелеу құндылығы; Екі қолға бір күрек – өз еңбегімен күн көру – өзін-өзі қамтамасыз ету, еңбек сүйгіштік; т.б. 3. *Әсемдік пен ұқыптылық (эстетикалық құндылықтар*):Қыздың жиған жүгіндей – тазалық, ұқыптылық, көркемдік – эстетикалық талғам, ұқыптылық; Кестелі сөз – сөздің көркемдігі – сөйлеу мәдениеті; 4.*Отбасы мен сыйластық құндылықтары:*Төрт құбыласы тең – отбасы аман, жағдайы жақсы –отбасы берекесі; Жолдасын жерге қаратпау – сыйластық, серіктік – достыққа адалдық; 5. *Ақыл-парасат, білім құндылықтары:* Көзінің қарашығындай сақтау – қадірлеу, қорғау – құндылықты тану, сақтау мәдениеті; Ойы ұшқыр – ақылды, зерек адам – ойлау қабілетін дамыту; Жеті рет өлшеп, бір рет кес – оймен іс қылу – сабырлылық, парасаттылық;

6.Табиғат пен отаншылдық құндылықтары: Ат жалын тартып міну – ер жету, азамат болу – елге қызмет етуге дайындық; Елдің туын көтеру – халық намысын қорғау – патриотизм, жауапкершілік; т.б. мысалдармен толықтырып, өз ойларын жеткізеді.

Этнофразеологизмдерді оқытудағы тиімділікті арттыру мақсатында жүргізілген зерттеу

Фразеологизм	Мағынасы	Құндылық, тәрбиелік бағыт
Ақ жүрек, адал ниет	Таза, риясыз адам	Адалдық, әділдікке тәрбиелеу
Жаны жомарт	Көмекшіл, кең пейілді	Мейірімділік, қайырымдылық
Жан баласын ауыртпау	Ешкімге зиян келтірмеу	Ізгілік, адамгершілік сезімі

барысында эмпирикалық деректер жиналып, студенттердің көзқарасын анықтау үшін сауалнама әдісі қолданылды. Сауалнама «Фразеологизмдердің этнолингвистикалық ерекшеліктерін оқытуда жаңа технологияны қолданудың тиімділігі» тақырыбында әзірленіп, оқыту процесінде цифрлық құралдардың ықпалы мен құндылық бағдарлы тәсілдің әсерін бағалауға бағытталды. Зерттеу жұмысына Шымкент қаласындағы Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» және 6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламаларында оқитын 99 студент қатысты. Лайкерт шкаласы арқылы алынған сауалнама нәтижелері студенттердің басым көпшілігі фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыда оқыту тілдің мәдени табиғатын терең түсінуге және ұлттық дүниетанымды тануға мүмкіндік береді деп есептейтінін көрсетті. Сонымен қатар, қатысушылардың 59%ы- интерактивті тапсырмалар мен цифрлық ресурстарды пайдалану сабақтың қызықтылығын арттырып, фразеологизмдердің мағынасын меңгеруді жеңілдететінін атап өтті. Ал 72%-ы мұндай тәсілдің танымдық белсенділік пен шығармашылық қабілетті дамытуға ықпал ететінін мойындады.

Бұл деректер фразеологизмдерді оқытуда құндылық бағдарлы тәсіл мен жаңа технологиялардың өзара ұштасуы оқу процесінің тиімділігін арттырып, студенттердің мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға елеулі әсер ететінін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелерінің сандық көрінісі төмендегі диаграммада бейнеленген.



1-Диаграмма. «Фразеологизмдердің этнолингвистикалық ерекшеліктерін оқытуда жаңа технологияны қолданудың тиімділігі.

Қазіргі білім беру үдерісінде цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуына байланысты жаңа әдістемелік тәсілдерді талап етеді. Осы тұрғыда фразеологизмдерді оқытуда инновациялық әдістер мен заманауи цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану – уақыт талабы. Фразеологизмдер - тек тілдік бірлік қана емес, халықтың дүниетанымын, рухани құндылықтарын және мәдени кодын бейнелейтін маңызды ұлттық-мәдени категория. Сондықтан олардың табиғатын меңгерту үдерісінде студенттің танымдық белсенділігін арттырумен қатар, ұлттық мәдениетке құндылықтық қатынасын қалыптастыру ерекше мәнге ие. Инновациялық тәсілдердің бірі – интерактивті платформаларды (Kahoot, Quizizz, Padlet және т.б.) қолдану арқылы фразеологизмдердің мағынасы мен қолданылуын меңгертетін онлайн-викториналар мен ойын түріндегі тапсырмалар ұйымдастыру. Мұндай интерактивті орта студенттердің қызығушылығын арттырып, тілдік материалды жарыс, ойын және бірлескен әрекет түрінде игеруге мүмкіндік береді. Мультимедиалық тапсырмаларды пайдалану (бейнеролик, подкаст, инфографика жасау) студенттің бейнелік және сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, белгілі бір фразеологизмнің мағынасы мен шығу тегі туралы қысқа бейнеролик түсіру немесе оның мазмұнын инфографика арқылы бейнелеу студенттің шығармашылық дағдысын жетілдіреді және тілдік материалды визуалды деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект (AI) құралдарын – ChatGPT, Perplexity AI, Bing Copilot сияқты жүйелерді – қолдану арқылы студенттер фразеологизмдердің этимологиясын салыстырып, олардың әртүрлі мәтіндік контекстердегі қолданысын талдай алады. Бұл тәсіл студенттің зерттеушілік қабілетін дамытып, фразеологиялық бірліктерді функционалды және мәдени тұрғыдан түсінуге бағыттайды.

Бұдан бөлек, AR/VR технологияларын (қосымша және виртуалды шындық) пайдалану фразеологизмдердің мәдени мазмұнын визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, «жүрегі тас болды», «аттың жалында, түйенің қомында» сияқты фразеологизмдерді 3D форматта бейнелеу арқылы олардың мәдени және символдық мәнін оқушылар нақтырақ қабылдай алады. Мұндай визуалды құралдар тіл мен мәдениет арасындағы байланысты тереңірек ұғындыруға ықпал етеді.

Инновациялық және цифрлық әдістер фразеологизмдерді оқыту процесін жандандырып, білім алушылардың коммуникативтік, мәдени және цифрлық құзыреттіліктерін бір мезетте дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, этнофразеологизмдерді құндылық бағдарлы тұрғыда оқытуға арналған авторлық әдістемелік модель жасалды. Модель құрылымы үш кезеңнен тұрады: Мотивациялық кезең – фразеологизмдердің мәдени мәнін ашуға ынталандыру; Операциялық кезең – интерактивті тапсырмалар мен цифрлық құралдарды пайдаланып, фразеологизмдердің қолданылу ерекшелігін меңгерту; Рефлексиялық кезең – студенттің өз мәдениетіне деген көзқарасын саралап, фразеологиялық білімді құндылықтық деңгейде бекіту. Зерттеу нәтижелері этнофразеологизмдерді құндылық бағдарлы тұрғыда оқытудың заманауи әдістемесін қалыптастырудың өзектілігін дәлелдеді. Фразеологизмдер – тіл мен мәдениеттің тұтастығын бейнелейтін, халықтың рухани әлемі мен дүниетанымын танытатын ерекше тілдік бірліктер.

Этнофразеологизмдерді оқытуда жаңа технологияларды қолдану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, ұлттық құндылықтарды саналы түрде игеруіне жағдай жасайды. Цифрлық білім беру құралдарын этнолингвистикалық мазмұнмен ұштастыру оқу процесін жаңғыртып, құндылық бағдарлы оқытудың тиімділігін арттырады.

Жалпы алғанда, этнофразеологизмдерді құндылық бағдарлы тұрғыда оқытуда жаңа технологияларды пайдалану – қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесінің инновациялық бағытын айқындайтын маңызды қадам. Бұл тәсіл оқу процесін заманауи білім беру талаптарына сәйкестендіріп қана қоймай, ұлттық мәдениетті тіл арқылы тануға, рухани құндылықтарды терең меңгеруге бағыттайды. Этнофразеологизмдерді құндылық тұрғысынан оқыту болашақ мұғалімдердің кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін, мәдени-танымдық көкжиегін кеңейтеді және олардың тілдік-мәдени бірліктерді интерпретациялау қабілетін дамытады. Сонымен қатар, бұл модель қазақ тілін оқытудың мазмұнын жаңғыртып, ұлттық бірегейлік пен мәдени сабақтастықты сақтау ісіне үлес қосады. Демек, этнофразеологизмдерді құндылық бағдарлы тұрғыда оқыту – тұлғаның рухани-адамгершілік әлеуетін арттыруға және ұлттық тілдің тәрбиелік мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға бағытталған өзекті ғылыми-әдістемелік бағдар болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. – Алматы: Ғылым, 1975. – 304 б.
2. Жұмабаев, М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 160 б.
3. Байтұрсынұлы, А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 224 б.
4. Аймауытов, Ж. Тәрбиеге жетекші. – Алматы: Рауан, 1990. – 176 б.
5. Halstead, J. M., & Taylor, M. J. “Learning and teaching about values: A review of recent research” // Cambridge Journal of Education, 2000. 30(2), P.169–202.
6. Архыматаева А., Алпысбес М., Гөкче М. «Оқу процесінде құндылықтар тұрғысынан тарихи білімнің тәрбиелік әлеуетін арттыру негіздері» //«Білім» журналы, №3 (106), 2023.
7. Қ. Бисенов. «Жаңа экономикалық дамудың басым бағыттары» // Қызылорда ашық университетінің «Хабаршысы», №1 (4), 2023.

ЭССЕ ЖАЗУДЫ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ

Әбутәліп А. Е.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Астана, Қазақстан.

Эссе – белгілі бір тақырып аясындағы біршама тиянақталған, жүйелі, логикалық әрі грамматикалық жағынан байласым және тұтасым қасиетін иеленген, жеке адамның сыни көзқарасы байқалатын мәтін. Ғалым Қ. Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегінде «мәтін» ұғымын беруде «сөз бұйымы» терминін қолданады, сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін оның жасалу жолын, материалының сыр-сипатын білу керегін айтады [1, 149]. Әсіресе жазылатын сөзге ала-бөле қарау керек. Дыбыстап сөйленген сөздің олқысы ыммен, дыбыс сазымен, тыңдаушының қайта сұрап алуымен толыға түседі. Жазулы сөзде бұл кеңшіліктердің бірі де жоқ. Қалай жазылған болса, солай ұғынылады немесе түсініксіз күйінде қалып қояды. Жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әні де жоқ. Сондықтан сөзді қалай құрудың тетігін білу өте қажет.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы мәтіннің тақырыптан, мәтін мазмұнының аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратынын және айтушы ойының өзге үшін бағытталатынын, сондықтан ойды өзгелер қиналмай түсінетіндей қылу керектігін жеткізеді [2, 344]. Бұл жерде мәтіннің бөлімдері – кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды туралы айтылып тұрғанын айдан анық байқауға болады. Эссе құрылымын, мәтінінің бөлімдерін сақтау – ой жүйелілігінің кепілі. Қазір мектеп оқушылары эссенің сөз санын сақтауды басты назарға алып, құрылым, жүйелілік жайын көбінесе ұмыт қалдырып жатады. Бұл – эссе жазудағы ең басты қателік. Көп жағдайда оқушылардың сөздік қоры жетпейді, сондықтан да логикалық және грамматикалық байланысым мен тұтасымды сақтаудан қиналады. Байласым – тұтасымның шарты, ал тұтасым байласымның шарты бола алмайды, себебі тұтасым қабылдаушы тарапынан айқындалады. Егер оқырман мәтінді оқу барысында біртұтас дүние ретінде қабылдамаса, ол мәтінге тұтасымдық сипат тән болмағаны [3, 53].

Мәтіннің байласым категориясы сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық-тұлғалық жағынан байланыса келіп, біртұтас мәтінді ұйымдастыруға қатысуын білдіреді. Мәтін байласымын жүзеге

асырушы амал-тәсілдер: синоним, антоним, омоним, етістіктің бір шақ формасында болуы, қайталау, көркемдеуіш құралдар, тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер, есімдік, шылау, қыстырма сөз, тәуелдік жалғауы т.б. Ғалым С. Аманжолов «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» деген еңбегінде алдыңғы сөйлем мен артқы сөйлем мағына жағынан байланысты екенін, кейде алғы, кейде артқы сөйлем өздігінен тиянақты болмай, бір-бірін толықтыратынын, кейде екеуінің бірлігі бір я бірнеше сөйлемнің бірлігі бүтін бір ойды тиянақтайтынын айтады [4, 34].

Эссе жазуда мәтінге тән жоғарыда аталған қасиеттерді толық қамтып, мінсіз деңгейге жеткізу үшін қайта-қайта эссе жазып жаттығу қажет, сонда ғана аргументативті, сипаттамалы, әдеби, еркін тақырыптағы, дискуссивті эссе түрлерін толық ажыратып, шатастырмайтын болады. Сондай-ақ тыныс белгілерін орынды қолдану да эссе мәтінінің дұрыс ұғынылуына оң әсер етеді. Сонымен қатар әдеби шығарма оқудың рөлі ерекше. Әдеби шығарма сөздік қорды молайтады әрі адамның қиялын ұшқыр етіп, эссе жазуда тың ой мен ғажайып мәліметті келтіруге септігін тигізеді. Сөздерді орынсыз қайталап, сөз әсерлілігі мен көркемдігін бұзбау үшін синоним, мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркесін өте жақсы меңгерген абзал. Сол себептен әр тақырыпқа жеке тоқталып, оларды жете үйренген жөн. Осы себептен де мектеп қабырғасында «Эссе жазу» курсын оқытудың маңызы аса зор. Эссе жазу арқылы оқушы сыни ойлау қабілетін дамытып, жеке сыни көзқарасын жеткізуге дағдыланатыны айдан анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010. – 607 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 637 б.
3. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы. – Орал: «Ағартушы» баспасы, 2008. – 148 б.
4. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы.– Павлодар, 2008. – 112 б.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМЫТУ: БҮГІНГІ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС

Билялова Б.Б.

М. Ғабдуллин атындағы №3 көпсалалы МГ мұғалімі, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесінің басты міндеті – жас ұрпақты терең біліммен ғана қаруландырып қоймай, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңірген, отансүйгіш, адамгершілігі жоғары тұлға қалыптастыру. Әлемдік өркениетке ену барысында әр халықтың өз болмысын, тілін, әдебиетін, мәдениетін сақтауы – сол қоғамның тұрақты дамуының кепілі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – бүгінгі білім беру кеңістігіндегі аса өзекті мәселелердің бірі. Тіл – ұлттың рухани қазынасы, тарихи жады мен мәдениетін сақтаушы, ал әдебиет – халықтың дүниетанымын, ойлау жүйесін, ұлттық болмысын көркем бейнелер арқылы жеткізетін мәңгілік құндылық. Демек, тіл мен әдебиетті оқыту барысында оқушылардың тек теориялық білім алуымен шектелмей, олардың құндылықтық бағдарын айқындап, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруіне жағдай жасау – қазіргі педагогиканың негізгі бағыты.

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты конференцияның басты мақсаты – инновациялық үрдістер аясында тіл мен әдебиетті оқытудың теориялық және практикалық мәселелерін талқылау, ғылыми-әдістемелік ізденістерді насихаттау және мұғалімдердің озық тәжірибесін тарату. Сонымен қатар, білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды кеңінен дәріптеу, жас ұрпақты ұлттық рух пен мәдениетке баулу арқылы олардың зияткерлік әлеуетін арттыру көзделеді. Ұстаздардың кәсіби дамуына, ұлттық құндылықтарды дәріптеу тәжірибесін жетілдіруге бағытталған маңызды білім беру іс-шарасы болып табылады. Қазіргі қоғамның даму кезеңінде білім беру жүйесіне қойылатын талаптар түбегейлі өзгеріп отыр. Егер бұрынғы дәстүрлі оқыту жүйесінде басты назар оқушыға белгілі бір көлемде білім, білік және дағды беруге бағытталса, бүгінгі таңда білім беру парадигмасы тұлғаның жан-жақты дамуына, оның өмірлік құндылықтарды меңгеруіне, өзіндік көзқарасы мен азаматтық позициясын қалыптастыруға баса назар аударады. Осы тұрғыдан қарағанда құндылық бағдарлы оқыту – оқушылардың тек білім алуымен шектелмей, олардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді дамытуға бағытталған жаңа сипаттағы педагогикалық жүйе болып табылады. Бұл жүйенің өзегі – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

Тіл мен әдебиетті оқыту барысында құндылық бағдарлы оқыту ұстанымдарын жүзеге асыру ерекше маңызды. Өйткені тіл – халықтың дүниетанымы мен мәдени кодын жеткізетін құрал, ал әдебиет

– халықтың тарихи жады мен рухани мұрасын сақтайтын айна. Осы екі пәнді оқыту барысында оқушылар ұлттық болмысты, тарихи сабақтастықты, мәдени дәстүрді терең түсінеді. «Құндылық» ұғымы философия, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылған. Философиялық тұрғыдан алғанда, құндылық – адам өмірінің мәнін айқындайтын, оның іс-әрекетін бағыттайтын рухани және материалдық маңызы бар ұғымдар жиынтығы.

Педагогикада құндылық – оқушы тұлғасының дамуына ықпал ететін, оның мінез-құлқы мен дүниетанымын айқындайтын идеялар мен қағидаттар жүйесі. Құндылықтар – тұлғаның ішкі дүниесін байытып қана қоймай, оның әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасын реттейді. Құндылық бағдарлы оқытуда негізгі үш бағыт айқындалады: Ұлттық құндылықтар – тіл, діл, дәстүр, тарих, мәдениет, өнер. Жалпыадамзаттық құндылықтар – бейбітшілік, әділеттілік, теңдік, ынтымақтастық, мейірімділік. Жеке тұлғалық құндылықтар – білімге құштарлық, жауапкершілік, еркін ойлау, өзін-өзі дамыту. Осы құндылықтарды білім беру процесіне енгізу арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, олардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға болады. Құндылық бағдарлы оқытудың ғылыми тұжырымдамасы. Құндылық бағдарлы оқытудың теориялық негіздері бірнеше педагогикалық тұжырымдамаларға сүйенеді. Гуманистік педагогика (А. Маслоу, К. Роджерс): оқушы – жеке тұлға, оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру маңызды. Құндылық бағдарлы оқытуда әрбір оқушының жеке дамуы басты назарда болады. Мәдениеттанулық тұжырымдама (В. С. Библер, М. Бахтин): білім беру үдерісінде мәдениет пен өнердің рөлі жоғары. Әдебиетті құндылық тұрғысынан оқыту – оқушыны мәдениетаралық диалогқа жетелейді. Компетенттілікке негізделген тәсіл: білім тек ақпарат емес, ол – өмірде қолданылатын құзыреттер жиынтығы. Тіл мен әдебиетті оқытуда құндылық бағдар оқушының коммуникативтік, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Аксиологиялық бағыт: білім беруде басты рөлді құндылықтар атқарады. Әрбір сабақта ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтардың байланысын көрсету – оқыту мақсатына жетудің тиімді жолы.

Тіл мен әдебиетті оқытудың құндылықтық сипаты. Тіл мен әдебиетті оқытуда құндылық бағдарлы тәсілдің маңыздылығы бірнеше қырынан көрінеді: Тіл арқылы құндылықты меңгерту. Қазақ тілі – ұлттық бірегейліктің негізгі тірегі. Оқушы тілдің құрылымын үйрену барысында халқымыздың дүниетанымымен, ұлттық мәдени кодымен танысады. Мысалы, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер – халық даналығының айнасы. Әдебиет арқылы рухани тәрбие беру. Әдеби шығармалардағы кейіпкерлер тағдыры, тарихи оқиғалар, ұлттық болмыс – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді, әділеттілік пен мейірімділік сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастырады.

Құндылықтар сабақтастығы. Мысалы, Абайдың «Толық адам» ілімі қазіргі заманғы құндылық бағдарлы оқыту тұжырымдамасымен үндеседі. Абай шығармалары – ұлттық құндылықтарды сақтаудың және оны жас ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы. Жаһандық құндылықтармен байланыс. Қазақ әдебиетін әлемдік әдебиет үлгілерімен салыстыра оқыту оқушыларға мәдениеттер диалогын түсінуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдауға мүмкіндік береді. Құндылық бағдарлы оқытудың негізгі қағидаттары. Құндылық бағдарлы оқыту төмендегі қағидаттарға сүйенеді: Интеграция қағидаты – тіл мен әдебиет сабақтарында құндылықтарды басқа пәндермен (тарих, өнер, философия) байланыстыра қарастыру. Жеке тұлғалық-бағдарлық қағидат – әр оқушының ерекшелігін, қызығушылығын ескеру. Диалог қағидаты – оқушы мен мұғалім, оқушылардың өзара пікір алмасуы арқылы құндылықтарды түсіну. Тәжірибеге негіздеу қағидаты – құндылықтарды тек теория жүзінде емес, нақты өмірлік жағдаяттарда қолдану. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың бірлігі – оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, мәдениетті тұлға тәрбиелеу. Тіл мен әдебиетті оқытудағы құндылық бағдар оқушының дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, олардың бойында ұлттық рухты, мәдени сабақтастықты, адамгершілікті және отансүйгіштікті қалыптастырады.

Қазіргі таңда тіл мен әдебиетті оқыту жүйесі түбегейлі жаңарғанымен, әдістемелік тұрғыдан шешілмей келе жатқан бірқатар қиындықтар бар. Жаңартылған білім мазмұны, құндылық бағдарлы оқыту ұстанымдары ұстаздардың кәсіби дайындығын, әдістемелік ізденісін, оқушылардың танымдық қабілетін жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Тіл мен әдебиет пәндерінің оқу бағдарламасында ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тақырыптар қамтылғанымен, оқулықтар мазмұнында олардың әдістемелік тұрғыдан толық ашылмауы байқалады. Тіл пәні бойынша: грамматикалық тақырыптар көбіне теориялық сипатта беріледі, ал оның құндылықтық мазмұнымен байланысы жеткіліксіз. Мысалы, сөз мәдениеті, тіл мәдениеті тақырыптарында ұлттық дәстүрлерді терең ашып көрсететін тапсырмалар аз. Әдебиет пәні бойынша: шығармалардың құндылықтық мәні кейде оқушыларға дайын ақпарат түрінде ғана жеткізіледі. Ал оқушының өзіндік талдау, салыстыру, ой қорыту әрекеті толық жүзеге аса бермейді. Құндылық бағдарлы оқыту мұғалімнен тек пәндік білімді ғана емес, әдістемелік

жаңашылдықты, педагогикалық шеберлікті талап етеді. Уақыт тапшылығы, оқу бағдарламасының тығыздығы мұғалімдердің құндылыққа бағытталған шығармашылық тапсырмалар дайындауына кедергі келтіреді.

Әдістемелік қолдаудың (нұсқаулықтар, үлгі сабақтар, әдістемелік құралдар) жеткіліксіздігі де мұғалім жұмысын қиындатады. Тіл мен әдебиет сабақтарында кездесетін қиындықтардың бірі – оқушылардың құндылықты әртүрлі деңгейде қабылдауы. Қызығушылықтың төмендігі: қазіргі балалардың көпшілігі ақпараттық технологияларға әуес болғандықтан, көркем мәтінді оқуға, әдеби талдауға уақыт бөлуі азайған. Сыни тұрғыдан ойлаудың әлсіздігі: кейбір оқушылар көркем мәтіндегі құндылықтарды тек мұғалімнің түсіндіруімен қабылдайды, өзіндік пікір айтуға қиналады. Құндылықты тәжірибеде қолдану қиындығы: оқушы әдебиеттегі кейіпкердің ерлігі мен адамгершілігін түсінгенімен, оны өмірлік жағдайда қолдануға әрқашан бейім бола бермейді.

Қазіргі білім беру кеңістігінде тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқытуда мұғалімдердің озық тәжірибесі ерекше маңызға ие. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы сабақ мазмұны оқушыға жақын, қызықты әрі тәрбиелік мәні терең бола түседі. Бірінші, мұғалімдер ұлттық құндылықтарды дәріптеуде жобалық жұмыстарға, зерттеу әдістеріне жиі сүйенеді. Мысалы, әдеби кейіпкерлердің құндылықтық ұстанымдарын талдау, тарихи оқиғалармен байланыстыру оқушылардың сыни ойлауын дамытады.

Ж. Баласағұн "Құтты білік" шығармасын оқытуда төмендегі сұрақтарға жауап беру тапсырмасы: 1.Ақынның ел басқарушы әкімдерге және әкімдердің елге қоятын талаптары қандай? (3 талап); 2.Білім, ғылымды насихаттайтын тұстары қалай суреттелген? 3.Адам бойындағы қандай жаман қасиеттерді сипаттайды? (Қатыгездік, еріншектік, сараңдық, опасыздық). 4.Дастанда ереше маңызды мәселе қандай мәселе? (адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, сыйлауы). 5.Әдептіліктің ең бастысы не? (тіл әдептілігі). *Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар, Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.* «Құтты білік» дастанының басты идеясы қандай ұстанымдарға негізделіп жазылған? *1. Елді дұрыс басқару үшін әділ заңның болуы; 2. Елге бақ-дәулет, құт қонсын; 3. Ақыл-парасат*; *4. Қанағат, ынсап.*

Екінші, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – қазіргі тәжірибенің басты бағыттарының бірі. Цифрлық платформалар, онлайн-викториналар, интерактивті карталар мен бейнематериалдар оқушылардың қызығушылығын арттырып, тіл мен әдебиетті өмірмен байланыстырады. Үшінші, құндылық бағдарлы сабақтарда мұғалімдер «дебат», «пікірталас», «рөлдік ойын» сияқты белсенді әдістерді кеңінен қолданады. Бұл оқушыларды еркін ойлауға, өз пікірін дәлелдеуге, қарсы көзқарасты құрметтеуге үйретеді. Төртінші, заманауи педагогикалық тәжірибеде интеграцияланған сабақтардың орны ерекше. Тарих, өнер, география пәндерімен байланыстырылған әдеби талдау жұмыстары оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Мұғалімдердің инновациялық ізденістері – тіл мен әдебиетті оқытудың мазмұнын байытып, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақ санасына терең сіңірудің ең тиімді жолы болып отыр. Болашақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқытуда цифрлық білім ресурстарын жетілдіру, интеграцияланған сабақтарды көбейту, халықаралық тәжірибені енгізу, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру маңызды. Бұл бағыттар оқушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруіне ықпал етеді. Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – жас ұрпақтың рухани байлығын арттырып, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелейді. Мұндай тәсіл білім сапасын көтеріп қана қоймай, қоғамға саналы, отансүйгіш азамат қалыптастыруға жол ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана: 2007 (2023 ж. енгізілген толықтыруларымен).
2. Назарбаев, Н.Ә. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*. – Астана, 2017.
3. ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
4. Жұбанова, Ф. *Қазақ тілін оқытудың ғылыми негіздері*. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
5. Қоңыратбаева, Ж. *Әдебиетті оқыту әдістемесі*. – Алматы: Мектеп, 2020.
6. Әбдіғалиева, Қ. *Құндылық бағдарлы оқыту: теориясы мен практикасы*. – Астана, 2021.
7. Библер, В. С. *Мәдениет философиясы және диалог*. – Мәскеу: Прогресс, 1991.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Габдолла А.А.
Киев орта мектебі мұғалімі, СҚО, Қазақстан.

Оқыту сапасын арттыруда білім беру саласына заманауи инновациялық тәсілдерді енгізу маңызды рөл атқарады. Әсіресе шет тілін, атап айтқанда ағылшын тілін оқытуда оқушыны пассивті тыңдаушы емес, белсенді қатысушы етуге бағытталған әдістер өзекті бола түсуде. Сонымен қатар, соңғы жылдары білім беру саласында жасанды интеллект (AI) технологиялары кеңінен қолданыла бастады, бұл оқу процесін жекелендіруге, оқушымен кері байланыс жылдамдығын арттыруға және мотивацияны арттыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты ағылшын тілі сабақтарында белсенді әдістерді АИ мүмкіндіктерімен ұштастыра қолдану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыра алады. Бұл мақалада біз ағылшын тілі сабақтарында белсенді әдістердің маңыздылығын қарастырамыз, AI технологияларын тиімді интеграциялау жолдарын ұсынамыз, педагогикалық тәжірибелер мен ұсыныстарды талдаймыз. Оқытудың белсенді әдістері: мәні, пайдасы және ағылшын тілінде қолданылуы. Қазіргі білім беру саласында оқыту әдістерін жаңғырту-негізгі міндеттердің бірі. Дәстүрлі дәрістермен, ағылшын тілі сабақтарында жазбаша түсіндіру әдістерімен шектелу оқушылардың белсенділігін төмендетеді, оқуға деген қызығушылықты төмендетеді [1, 181-б.]. Сондықтан оқытудың белсенді әдістері мен жасанды интеллект технологияларының (AI, AI — artificial intelligence) үйлесімі заманауи шешім болып табылады. Бұл мақалада алдымен белсенді оқыту әдістерінің мәні мен маңызы қарастырылады, содан кейін сабақта жасанды интеллект құралдарын қалай қолдануға болатындығы талданады, соңында әдістемелік ұсыныстар мен қорытындылар беріледі.

Белсенді оқыту – бұл оқушылардың іс-әрекеттерді өздері орындау арқылы үйренетін әдісі. Бұл тәсіл оқушы мен мұғалім арасындағы интерактивті байланысты нығайтады, сыни ойлауды, топтық жұмысты, пікірталастарды, рөлдік ойындарды, жобалық тәсілді, проблемалық жаттығуларды қолданады. Белсенді әдістерде оқушы "есту – ойлау – талқылау – орындау"циклін орындайды. Бұл тәсіл белсенді ізденіс арқылы білімді пассивті қабылдаудан (дидактикалық түсіндірмелерден) оқушының ассимиляциясына көшуге көмектеседі. Ағылшын тілін оқытудағы белсенді әдістер. Ағылшын тілін оқытуда қолданылатын кейбір белсенді әдістер: Рөлдік ойындар - қоздыру арқылы нақты өмірлік жағдайларды талдау. Оқушылар тілдік құрылымдарды нақты айтылымда қолданады. Жобалық әдіс - оқушылар өздері таңдаған тақырып бойынша жобалар туралы ойланады, зерттеулер жүргізеді, презентациялар жасайды. Проблемалық оқыту (problem-based learning) -нақты тілдік мәселелерге бағытталған тапсырмалар беріледі, студенттер топтарда шешім іздейді. Миға шабуыл (brainstorming) - жаңа тақырыпты бастамас бұрын идеяларды жинаңыз, сөздік қорын, сөйлем нұсқаларын ойластырыңыз. Интерактивті жаттығулар (paired work, group discussion, information gap tasks) — тапсырмаларды жұппен немесе топпен талқылау, ақпаратпен бөлісу.

Ағылшын тілі сабақтарында белсенді әдістерді қолданудың артықшылықтары: Оқушының танымдық белсенділігі артады;сөйлеу, тыңдау, жазу дағдылары іс жүзінде қолданылады; тілдік қоршау жасалып, оқушылар тілге "құлыптан босатылады"; әр оқушының өз қарқынымен жұмыс істеуге мүмкіндігі бар; мотивация мен қызығушылық артады; ағылшын тілін оқытуда елсендік әдістердің түрлері мен қолданылуы. Оқытудың көптеген белсенді әдістері бар, олардың ішінде: Сұрақтар мен жауаптар, топтық талқылау; Жоба әдісі (project-based learning); Пікірсайыс (пікірсайыс); Рөлдік ойындар, драматизация (role-play, simulation) ; Іздеу (inquiry-based learning) - жаңа сұрақтар қою арқылы білімге қол жеткізу; Уикипедия; Динамикалық жаттығулар, акциялар (brainstorming, gallery walk, jigsaw, think-pair-share); Мәтінді талдау, сұрыптау, кластер құру, карталармен жұмыс [2, 93-б.]. Ағылшын тілінде белсенді әдістерді қолданудың бірнеше артықшылығы бар: Оқушылар сөйлеу, тыңдау дағдыларын белсенді қолданады; Коммуникативті жағдайлар арқылы оқыту шынайы мәнге ие болады; Интерактивтілік пен топтық өзара әрекеттесу арқылы студенттер бір бірімен тілдік орта жасайды; Жоғары-навыкider дағдыларын дамытады (Талдау, салыстыру, синтез, бағалау). Мысалы, сұрақ-жауап әдісін қолдана отырып, оқушы мұғалім қойған сұраққа жауап беру арқылы алға қарай іздеу бағытын алады. Рөлдік ойындар мен драмалық сценарийлер арқылы тілдік әрекет нақты контекстке айналады. Ағылшын тілі сабақтарында ЖИ құралдарын енгізу тәсілдері: Чатботтар және виртуалды көмекшілер. Джи-чат-боттарды оқушылармен тілдік тәжірибе үшін пайдалануға болады:

олар сұрақтар қояды, жауаптар сұрайды, түзетулер береді. Мысалы, chatgpt сияқты модельдер арқылы оқушылар ағылшын тілінде сұхбат құра алады. Гарвард БОК орталығының мысалы: ЖИ дауыстық құралдары, custom chatbots мүмкіндіктері тілді оқытуда қолданылады. Мұндай чатбот оқушыларға еркін сөйлеу ортасын жасайды, қатесін түзеп, қосымша ақпарат береді.

Адаптивті оқыту платформалары: ЖИ көмегімен платформа әр оқушы үшін жеке маршрут жасайды: қандай материал қиын болады, қайсысы тақырыпты нығайтады және қайсысы оңай, тез өтеді. Бұл оқушыларға "ерекше түрде"қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Сабақты жоспарлау және ресурстарды құру. Оқытушының ЖИ қаражатын пайдалана отырып: Сабақ жоспарын жазады; Оқу тапсырмаларын жасайды; Мәтіндерді, тапсырмаларды және сұрақтарды автоматты түрде жасайды. Бұл мұғалімге ресурстарды әр оқушыға бейімдеуді жеңілдету арқылы уақытты үнемдеуге көмектеседі. ЖИ жүйелері оқушылардың жазбаша жұмысын автоматты түрде бағалай алады, грамматикалық, лексикалық қателерді көрсете алады және жақсарту жолдарын ұсына алады. Бұл оқушыларға уақтылы кері байланыс беріп, мұғалімге жүктемені азайтады. Белсенді оқыту әдістерін құралдармен біріктіру: Чатбот арқылы сұрақтар мен жауаптарды, пікірталастарды ұйымдастыру; Жобалық жұмыста оқушылар тек идеяларды ұсынады, ЖИ көмекшісінен ресурстар, деректер, құрылым сұрайды және өз жобаларын тереңдетеді; Іздеу жобасында ЖИ құралдарынан ақпаратты іздеу, оны өңдеу, талдау [3, 218-б.].

Ағылшын тілі сабақтарында белсенді әдістер мен AI комбинациясын қолдану стратегиялары: Мақсаттар мен құзыреттіліктерді анықтау - әр сабақта оқушылар қандай дағдыларды дамыту керектігін білуі керек екендігі айқын көрсетілген; ЖИ құралдарын таңдау-чатботтар, жауап беретін платформалар, мәтін генераторы, бағалау жүйелері; Белсенді әдістерді жоспарлау-мысалы, топтық талқылау, рөлдік ойын, жоба, пікірталас. Мысалы, зерттеу нәтижелеріне сәйкес, ЖИ-мен жұмыс істеген топтардың оқушы көрсеткіштері дәстүрлі белсенді оқытудан жоғары болған. Қиыншылықтар: ЖИ жүйелерінің тілдік қателіктері немесе қате интерпретациялары; Педагогтың рөлі кемиді деген түсінік; Құрылғылар мен интернетке қолжетімділік мәселесі; Оқушылардың технологияға тәуелділігі; Құпиялылық, деректер қауіпсіздігі мәселелері; Crompton және т.б. зерттеушілер ЖИ құралдарын қолдануда педагогикалық бақылау мен этикалық нормаларды сақтау қажеттілігін айтады [4, 122-б.].

Белсенді әдістер мен ЖИ технологияларын интеграциялау стратегиялары. Ағылшын тілі сабағында белсенді әдістермен бірге ЖИ технологияларын қолдану — бұл синергетикалық тәсіл. Төменде мүмкін стратегиялар мен практикалық жолдар ұсынылады:

Гибридтік сабақ үлгісі (blended learning + flipped classroom + ЖИ).

Сабақтың кейбір бөлімдерін үй тапсырмасы ретінде ЖИ платформасында орындау (мысалы, сөздік жаттығулар, грамматикалық тапсырмалар).

Сыныпта сол тапсырмалар бойынша талқылау, топтық жұмыс, жобалар.

ЖИ жүйесі арқылы оқушылар алдын-ала дайындалып келсе, сабақта белсенді түрде тілдік әрекетке қатысады.

ЖИ-чаты немесе виртуалдық ассистенттермен диалог жаттығулары Оқушылар ЖИ-ботпен диалогқа түседі, өз жауаптарын сынайды, қателіктерін түзеді. Мұғалім кейбір сұрақтарды талқылауға әкеледі.

ЖИ арқылы жазбаша жұмыстарды автоматты түрде бағалау + өзін-өзі түзету Мысалы, эссе немесе мәтін тапсырмаларын ЖИ жүйесіне жіберу арқылы грамматика, сөздік қателіктер анықталады, оқушы өз қателерін түзетеді. Мұғалім тек күрделі қателерге немесе жалпы логикаға назар аударады.

Интерактивті тапсырмалар мен геймификация элементтері

ЖИ платформаларын ойындық элементтермен толықтыру (баллдар, деңгейлер, жарыстар) — оқушыны қызықтыру.

Қадағалау және аналитика. Оқушылардың ЖИ жүйесінде жұмыс нәтижелерін мұғалім бақылап, аналитика арқылы әлсіз тұстарын анықтап, жеке түзетулер енгізеді.

Қазақстандық тәжірибелік ұсыныстар. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілі сабағында төмендегідей тәсілдер эксперименталды түрде қолданылса:

ЖИ-жұмыстарды үй тапсырмасы ретінде беру (мысалы, онлайн платформалар арқылы).

Сынып ішінде ЖИ-чатын қолданып тілдік ойындар өткізу, оқушылар ботпен сөйлеседі.

Жоба-сабақтарда оқушылар ЖИ-ны құрал ретінде пайдаланып, мәтін генерациялау, сценарий құру.

Кері байланысты ЖИ жүйесімен бірден беру, мұғалімнің уақытын үнемдеу.

ЖИ-жүйелердің аналитикасына негізделіп қосымша топтық немесе индивидуалдық жұмыстар ұйымдастыру.

Мұндай интеграция арқылы мұғалімдер оқушының жұмысына тез арада араласып, қажет жағдайда түзетулер енгізе алады. Сонымен бірге, оқушы өзінің қателерін көріп, түзетулер жасай алады, бұл мотивацияны арттырады.

Практикалық мысал (сценарий)

Сабақ тақырыбы: Daily routines / Everyday activities

Үй тапсырмасы (ЖИ платформасы): оқушыларға күнделікті іс-әрекеттер туралы мәтін беріледі және олар мәтінді аударып, ЖИ-чатына өз нұсқасын жүктейді. ЖИ жүйесі грамматикалық, сөздік қателерді көрсетеді.

Сыныптағы бөлім:

Миға шабуыл: “What do you do every morning?”

Жұпта талқылау: әр оқушы өз күн тәртібін айтып, серігімен салыстырады.

Рөлдік ойын: біреу “Interviewer”, біреу “Interviewee” болып, күн тәртібін сұхбат форматында көрсетеді.

Жоба-жаттығу: оқушылар топқа бөлініп, өз күн тәртібі туралы бейне-монолог түсіреді (телефонмен видео).

ЖИ-чаты: бейне мәтінге ЖИ-чатып сұрақтар қою, жауап алу.

Қорытынды: оқушылар ЖИ жүйесіндегі нәтижелерін салыстырады, мұғалім жалпы қателіктерді талқылайды, оқушылар өзін-өзі бағалайды. Бұл сценарийде белсенді әдістер мен ЖИ мүмкіндіктері біріктірілген.

Ағылшын тілі сабағында оқытудың белсенді әдістері оқушыларды пассивті тыңдаушы емес, танымдық қатысушы ретінде қалыптастырады. Бұл әдістер оқушылардың сөйлеу, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдыларын шынайы жағдайда қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект технологиялары оқыту процесін жекелендіруге, оқушыларға жедел кері байланыс беруге, мотивацияны көтеруге және педагогтің жүктемесін жеңілдетуге мүмкіншілік жасайды [5, 47-б.].

Белсенді әдістер мен ЖИ-ды үйлестіру арқылы: Оқушылардың қызығушылығы жоғарылайды,; Тіл үйренуде тәуелсіздік пен жауапкершілік күшейеді; Мұғалімге оқушылардың әлсіз тұстарын дер кезінде анықтау және түзету мүмкіндігі туады; Білім беру сапасы артатын болады. Алайда, бұл тәсілді енгізу үшін мұғалімдердің ЖИ құралдарымен жұмыс істеу дағдылары, инфрақұрылым (компьютер, интернет), деректер қауіпсіздігі мәселелері шешілуі тиіс. Бұл жағдайда жасанды интеллект жүйелері толығымен автоматты түрде емес, мұғалімнің басшылығымен қатаң бақылауда жұмыс істеуі керек. Осыған байланысты келесі ұсыныстар жасалуы мүмкін: Мұғалімдерді ЖИ құралдарын пайдалануға үйрету, курстарды ұйымдастыру; Мектептерде Интернет және компьютерлік техниканы жақсарту, мектептерді орналастырылған платформалармен қамтамасыз ету; ЖИ қаражатын практикалық сабақтарға енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы тиіс; ЖИ жүйелерінің тілдік қасиеттерін қадағалау, қателерді түзету, оқушылар мен мұғалімдердің пікірлерін жинау; Педагогика мен әдістемелік тәсілдерді ЖИ-мен ұштастыра жетілдіру - ЖИ-ны толық көлемде емес, құрал ретінде пайдалану.

Болашақ зерттеулерде жасанды интеллектпен белсенді әдістерді қолдану нәтижелерін, оқушылардың тіл үйренуге деген көзқарасының өзгеруін, ұзақ мерзімді перспективада тиімділігін зерттеу маңызды. Ағылшын тілі сабақтарында оқытудың белсенді әдістері мен жасанды интеллект технологияларының тиімді үйлесімі қазіргі білім беру процесінің бағыттарының бірі болып табылады. Белсенді әдістер оқушылардың тілдік дағдыларды пайдалануын, пікір алмасуын, өз білімдерін құруын ынталандырады; және ЖИ құралдары оқушыға жеке бағдарлауға, кері байланыс ұсынуға, ресурстарды құруға мүмкіндік береді. Осылайша, әдіс пен технология біріктірілген кезде оқушылардың қызығушылығы артып, оқу сапасы жақсарады. Алайда, бұл тәсілді қолданған кезде технологиялық шектеулер, Оқытушыларды оқыту, этикалық мәселелер сияқты қиындықтарды ескеру қажет. Оқушыларды ЖИ құралдарын сыни тұрғыдан қолдануға үйрету маңызды. Болашақта бұл жүйелерді жетілдіру, мектептер мен мұғалімдерге қол жетімділік — ағылшын тілін тиімді оқытуға жол ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қожағалиев С. Ж. *Интерактивті оқыту әдістері: теориясы мен практикасы*. Алматы: "Білім" баспасы, 2018. - 150-185 б.

2. Сатбекова А. Е. *Шет тілін оқыту әдістемесі: Инновациялық тәсілдер*. Астана: "Фолиант" баспасы, 2022. - 90-115 бб.

3. Brown, H. D. *Principles of Language Learning and Teaching*. Pearson Education, 2014. - 201-220 p.

4. Ермекова Г. Н. Ағылшын тілі сабағында жасанды интеллект құралдарын қолданудың тиімділігі. // *Қазақстанның жоғары мектебі: Ғылыми-педагогикалық журнал*. – 2023. – № 2. – 120-128 б.

5. Смағұлов А. Б. Ағылшын тілі сабағындағы белсенді оқыту әдістері арқылы оқушылардың мотивациясын арттыру жолдары. // *Педагогикалық хабаршы: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал*. – 2021. – № 4. – 45-52 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ӨТКІЗУ

Габдрашева Д.Т.

№97 мектеп-гимназиясы мұғалімі, Астана, Қазақстан.

Қазақ тілі мен әдебиеті - ұлттық болмыстың негізін құрайтын, халықтың тарихы мен мәдениетін сақтауға бағытталған басты пәндердің бірі. Тіл - ұлттың рухани коды, ал әдебиет — сол рухтың көркем көрінісі. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде бұл пәндерді оқыту тек тілдік дағды қалыптастырумен шектелмей, ұлттық құндылықтарды бойға сіңіруді мақсат етуі тиіс.Бүгінгі қоғамда рухани жаңғыру үдерісі жүріп жатыр. Сол тұрғыдан қарағанда, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын ұлттық мазмұнда өткізу — жас ұрпақ бойында отансүйгіштік, елжандылық және рухани биіктік қасиеттерін қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі. Қазақ тілін оқыту–тек грамматиканы меңгерту емес, ол — ұлттың рухани әлеміне, ұлттық дүниетанымына жол ашу. Ал әдебиет — сол дүниетанымды көркем сөз арқылы танытатын, ұлттық сезімді қалыптастыратын қуатты құрал. Бұл пәндер арқылы оқушының тілі дамып қана қоймай, рухани, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесі қатар қалыптасады.

Ұлттық құндылықтар – ұлттың мәдени және рухани өмірінің өзегі. Олар ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тіл мен өнер, адамгершілік қағидалар арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Қазақ халқының өмірінде бұл ұғымдар үлкен маңызға ие, өйткені олар адамның ішкі мәдениетін, дүниетанымын және мінез-құлқын айқындайды. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтар – тәрбие мазмұнының басты құрамдас бөлігі. Ұлттық тәрбие адамның бойында патриоттық сезім, имандылық, ізгілік, еңбексүйгіштік, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтарды меңгеру оқушының өзін-өзі тануына, ұлттық идентификацияның дамуына ықпал етеді. Ұлттық ортада тәрбиеленген бала өз халқын, тілін, тарихын сүйеді, өз болмысын түсінеді және қоғамдағы орнын дұрыс анықтай алады. Ахмет Байтұрсынұлының «Баланы ұлтымыздың рухымен тәрбиелеу — ұстаздың борышы» деген сөзі бүгін де өзекті. Мұғалім – тек білім беруші ғана емес, ұлттық рухты дарытушы тұлға. Қазақ тілі мен әдебиет сабағы осы миссияны жүзеге асыратын негізгі арна болуы тиіс.

Қазақ тілі мен әдебиет пәндері – ұлттық ойлау жүйесін, мәдениетті және дүниетанымды қалыптастыратын негізгі сала. Бұл сабақтарда ұлттық мазмұнды енгізу – тіл үйретумен қатар рухани тәрбие беру міндетін де атқарады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен шығармашылығы осы бағытта ерекше рөл атқарады. Қазақ тілі сабағында ұлттық бағытты жүзеге асыру үшін мынадай әдістер тиімді:

1.Мақал-мәтелдер арқылы тіл дамыту. Мақал-мәтел – халық даналығының айнасы. Тіл үйрету барысында мақалдарды мысалға алу оқушылардың сөздік қорын байытады, ойлау қабілетін дамытады. Мысалы: – «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» – еңбек тақырыбында; – «Туған жерге туың тік» – отансүйгіштікке тәрбиелеуде.

2. Шешендік сөздер мен тұрақты тіркестерді қолдану. Қазақтың би-шешендерінің сөздерін пайдалану – оқушыларды сөз мәдениетіне, ой жүйелілігіне баулиды. Мысалы, Төле бидің, Қазыбек бидің, Әйтеке бидің нақыл сөздерін талдау арқылы тілдің бейнелілігі мен мағынасын ашады.

3. Ұлттық тұрмысты қамтитын мәтіндермен жұмыс. Тіл сабақтарында оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық тағамы, киім мәдениеті туралы мәтіндер беру арқылы тілді үйренумен қатар ұлттық дүниетаным да қалыптасады.

4. Эссе және шығарма жұмыстарындағы ұлттық тақырыптар. «Менің отбасымның дәстүрі», «Атадан қалған асыл сөз», «Туған жер – алтын бесік» сияқты тақырыптарда шығарма жаздыру – оқушыны өз тегін тануға, ұлттық құндылықты бағалауға жетелейді.

Әдебиет – халық өмірінің энциклопедиясы. Онда ұлттық мінез, рух, дәстүр, тарих көрініс табады. Әдебиет сабағында оқушылар тек мәтінді талдап қоймай, сол арқылы ұлттық рухты сезінуі керек.

1. Классикалық шығармалар арқылы ұлттық сана қалыптастыру.

– Абай Құнанбаевтың шығармаларындағы адамгершілік пен имандылық идеялары; – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы ұлттық мінез, салт пен дәстүрдің көрінісі; – Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров туындыларындағы ел мен жерге сүйіспеншілік тақырыптары.

2. Әдеби кейіпкерлерді ұлттық тұрғыдан талдау.Мысалы, «Қыз Жібек» жыры – қазақ қызының нәзіктігі мен ар-намысын дәріптейтін туынды. «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» эпостары – ерлік пен отансүйгіштіктің символы. Осындай кейіпкерлерді талдау арқылы оқушылардың ұлттық мақтаныш сезімі қалыптасады.

3. Интерактивті әдістерді қолдану. Сабақ барысында «Кейіпкер рөліне ену», «Әдеби айтыс», «Құндылықтар картасы» сияқты әдістерді қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады және шығармашылық қабілетін дамытады. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы ұлттық бағыт – оқушылардың рухани дамуы мен ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың негізі. Мұндай сабақтар оқушыларды ана тілін қадірлеуге, әдеби мұраға құрметпен қарауға баулиды. Ұлттық бағыттағы сабақтар жас ұрпақтың бойында елге деген сүйіспеншілік пен мәдени сезімді күшейтеді.Ұлттық мазмұндағы сабақтар тек теория түрінде емес, практикалық тұрғыдан да жүзеге асуы қажет. Мұндай сабақтар оқушыны қызықтырады, өз халқының мәдениетін зерттеуге ынталандырады және шығармашылық қабілетін дамытады.

1. Сабақ үлгісі: "Туған жердің тілі – халықтың жаны" (7-сынып)

Мақсаты: оқушылардың туған жер, туған тіл туралы түсініктерін кеңейту, ұлттық сезімін ояту.Әдістері: топтық жұмыс, "ой қозғау", бейнежазба көру, пікірталас.Сабақ кезеңдері:– Мұғалім туған жер туралы мақал-мәтелдер келтіріп, олардың мағынасын талдатады;– "Менің ауылым" тақырыбында мәтінмен жұмыс жасалады;– Оқушылар туған жеріне арнап шағын эссе немесе өлең жазады;– Сабақ соңында "Туған жерге тілек" атты бейнеролик түсіру ұсынылады.

2. Сабақ үлгісі: "Қазақтың қонақжай дәстүрі" (5-сынып)

Мақсаты: ұлттық дәстүрлер арқылы тілдік қорды байыту, сөйлеу мәдениетін дамыту.Әдісі: рөлдік ойын, диалог құрастыру.Мысалы, оқушылар "қонақ күту" көрінісін сахналайды. Әр топ қазақы этикетті көрсетіп, ұлттық тағамдар атауларын пайдалана отырып сөйлеседі.

3. Сабақ үлгісі: "Абай – қазақ рухының айнасы" (8-сынып)

Мақсаты: Абай шығармашылығын ұлттық тұрғыда талдау, адамгершілік құндылықтарды анықтау.Оқушылар топтарға бөлініп, Абай өлеңдерінен мысал келтіріп, адам мен табиғат, ар мен ұят, еңбек пен білім туралы ойларын талдайды.

4. Сабақ үлгісі: "Қыз Жібек – қазақ қызының бейнесі" (10-сынып)

Мақсаты: ұлттық эстетика мен сұлулық идеясын таныту, әдеби кейіпкер арқылы дәстүр мен моральдық құндылықтарды ашу.Оқушылар жырдан үзінді оқып, сахналық көрініс көрсетеді. "Қазақ қыздарының бүгінгі бейнесі" тақырыбында пікірталас ұйымдастырылады.Мұғалім ұлттық мазмұнды сабақтарда инновациялық технологияларды тиімді қолдана білуі қажет. Мысалы:– Padlet немесе Canva платформасында "Ұлттық тағылым" атты онлайн постер жасау;

– Kahoot жүйесінде мақал-мәтелдерге арналған викторина өткізу;– Google Forms арқылы ұлттық құндылықтар бойынша сауалнама жасау;– «Қазақ мәдениетінің құндылықтары» тақырыбында оқушылар зерттеу жобаларын қорғау.Ұлттық құндылықты қалыптастыру тек сабақ аясында емес, сыныптан тыс іс-шаралар арқылы да жүзеге асады.Мысалы:– «Наурыз – береке бастауы» атты әдеби-музыкалық кеш;– «Ата-баба аманаты» көрмесі;– «Ұлттық ойындар – халық мұрасы» атты спорттық-танымдық іс-шара;–«Асыл сөз» атты шешендік өнер байқауы. Осындай жұмыстар оқушылардың рухани дүниесін байытып, топтық қарым-қатынас пен шығармашылық белсенділігін арттырады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын ұлттық құндылықтармен байланыстыра өткізу – білім мен тәрбие берудің үйлесімді жолы. Мұндай сабақтарда оқушылар тек тіл үйреніп, әдебиет оқып қана қоймай, өз халқының мәдениетін, дәстүрін, рухани байлығын бойына сіңіреді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: "Бала оқытқан адамның өзі де бала болуға тиіс". Осы сөз – мұғалімнің кәсіби және рухани ұстанымының өзегі. Әр ұстаз өз сабағында ұлттық мазмұнды басшылыққа алып, жас ұрпақтың бойында рух, сана және мәдениет тұтастығын қалыптастыруы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жалпы білім беру бағдарламалары. – Астана, 2022.

2. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағылымы». – Алматы, 1992.

3. Әбілова З. «Этнопедагогика және тәрбие». – Алматы: Рауан, 1999.

4. Сүлейменова Э.Д. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». – Алматы, 2015.
5. Тұрғынбаева Б. «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту». – Алматы, 2002.
6. Әуезов М. «Қазақ әдебиетінің тарихы». – Алматы, 1997.
7. Қалиев С. «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері». – Алматы, 2004.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Далабаева Т.Б.
№ 16 жалпы білім беретін мектеп мұғалімі, Қарағанды, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – тек біліммен қаруланған емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік қасиеттері жоғары, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеу. Осы орайда тіл мен әдебиетті оқыту үдерісі оқушының дүниетанымын қалыптастыруда, рухани-мәдени деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады. Тіл мен әдебиет сабақтарында тек тілдік білім берумен шектелмей, оқушыларға ұлттық сана, мәдени мұра, адамгершілік қасиеттер, отансүйгіштік, эстетикалық таным сияқты негізгі құндылықтарды дарыту – заман талабы.

Құндылық бағдарлы оқыту – білім мазмұны арқылы оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытатын, оларды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелейтін педагогикалық тәсіл. Бұл тәсіл оқыту мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ білімнің өмірмен байланысын күшейтеді.

Құндылық бағдарлы білім беру – білім берудің стратегиялық бағыты, оның негізгі міндеті – оқушының қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар оның құндылықтық-мәдени бағдарын қалыптастыру. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтары ұлттық сана, тілдік-мәдени мұра, эстетикалық және моральдық құндылықтарды оқушыларға жеткізетін басты пәндердің бірі болып табылады. Құндылық тұжырымдамасы – құндылықтар әрекет пен ойлауды бағыттайтын нормалар, сенімдер жиынтығы. Білім беруде құндылықтар когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлық компоненттері арқылы игеріледі. Педагогикалық принциптер – қатысушылық, мәдениетаралық, тұлғаға бағдарланғандық, тәжірибеге жақындық және интеграция принциптері құндылықтарды оқытуда негізгі рөл атқарады. Мақсаттар – тілдік құзыреттілік, әдебиет арқылы моральдық-эстетикалық тәрбие, ұлттық-мәдени өзіндік сана қалыптастыру.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаты – тек білім, білік, дағды қалыптастыру емес, сонымен қатар тұлғаның рухани, адамгершілік және азаматтық құндылықтарын дамыту. Тіл мен әдебиет пәндері – осы міндетті жүзеге асырудың ең басты тетігі. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылар ана тілінің тереңдігін, сөз өнерінің құдіретін сезініп, ұлттық болмысты түсінеді. [1, 98-б]

Құндылық бағдарлы оқыту – оқыту процесінде оқушының жеке тұлғалық, рухани және әлеуметтік дамуына ықпал ететін тәсіл. Мұнда білім мазмұны мен әдістемесі тек ақпарат беруге емес, өмірлік мәні бар ұстанымдар мен көзқарастарды қалыптастыруға бағытталады.

Құндылықтар жүйесі адам өмірінің негізін құрайды. Педагогикалық ғылымда құндылықтар когнитивтік (білім арқылы), эмоционалдық (сезім арқылы) және мінез-құлықтық (әрекет арқылы) деңгейде меңгеріледі. Құндылық бағдарлы оқытудың мазмұны осы үш деңгейдің бірлігін сақтауға бағытталады.

Құндылық бағдарлы оқытудың негізгі принциптері: Тұлғалық бағыттылық – әр оқушының даралығын ескеру, оның қабілеті мен қызығушылығына сәйкес тапсырмалар беру. Интеграция және байланыстылық – тіл мен әдебиет мазмұнын тарих, мәдениет, этнография сияқты пәндермен ұштастыру. Мәдениетаралық өзара түсіністік – қазақ халқының құндылықтарын өзге мәдениеттермен салыстыра отырып түсіну. Диалогтық өзара әрекет – оқушылардың пікір алмасуы, ой толғауы арқылы құндылықтарды саналы түрде қабылдау. Құндылық бағдарлы білім берудің педагогикалық парадигмасы гуманистік идеяларға сүйенеді. Яғни, әр бала – тұлға, әр оқушы – қоғамның белсенді мүшесі. Бұл тұрғыдан алғанда, сабақ тек білім алу алаңы емес, өмірге дайындық алаңы болмақ. Тіл мен әдебиет сабақтарында оқушылар өз ойларын еркін жеткізуді, ұлттық мәдениетке құрметпен қарауды, адамгершілікті бағалауды үйренеді. [2, 187-б]

Мұғалімнің рөлі: Мұғалім құндылық таратушы емес, бағыттаушы, ұйымдастырушы, кеңесші рөлін атқарады. Сабақ барысында мұғалім оқушылардың өзара әрекетіне, шығармашылыққа, рефлексияға басымдық береді. Құндылық бағдарлы оқытудың әдіс-тәсілдері (озық тәжірибелер). 1.

Тарихи-мәдени контекстті біріктіру. Қазақ тіліндегі мәтіндер мен әдеби туындыларды талдау барысында ұлттық дәстүрлер, салт-дәстүрлер, тарихи оқиғалар контекстінде оқушыларға құндылықтарды көрсету. Мысалы, эпикалық шығармаларды талқылауда батырлық, ерлік, адалдық сияқты құндылықтарды нақты өмірмен байланыстыру. 2. Жобалық тәсіл (Project-based learning) Оқушыларды мәнді жобалар арқылы тілде зерттеу, шығармашылық және танымдық қызметке тарту. Мысалы, ауданның белгілі ақын-жыраулары туралы зерттеу жобасы, мәдени-етнографиялық құжат жинау, аудио-видео интервью жасау. Бұл тәсіл оқушылардың коммуникация және зерттеу дағдыларын дамытады және құндылықтық ұстанымдарды бекітеді. 3. Интерактивті оқыту және проблемалық талқылау. Сабақтарда пікірсайыс, дөңгелек үстел, ролдік ойындар арқылы моральдық проблемаларды талдау. Әдеби шығармадағы кейіпкерлердің таңдауын талқылап, оқушылардан альтернативті шешімдер ұсынуды талап ету арқылы сыни ойлауды және құндылықтық бағалауды дамыту. 4. Интеграция және интердисциплинарлық жобалар Тарих, география, өнер, қоғамтану пәндерімен бірлесе отырып тақырыптық апта және бірлескен жобалар өткізу. Мысалы, «Туған жер – тіл мен әдебиет арқылы» тақырыбында әдеби мәтіндерді тарихи деректермен толықтыру. 5. Цифрлық портфолио және шығармашылық блогтар. Оқушылардың үздік жазбаларын, тілдік тапсырмаларын, әдеби-шығармашылық өнімдерін жинақтайтын цифрлық портфолио құру арқылы өз-өзін бағалау және өзіндік даму құндылықтарын қалыптастыру. [3, 256-б]. 6. Қоғамдық серіктестік және қоғаммен байланыс. Мұражайлар, мәдени орталықтар, жергілікті ақындар мен жазушылармен ынтымақтастық – оқу материалын нақты әлеуметтік ортада қолдануға мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға тілді қоғамдық өмірде пайдалану құндылығын сезіндіреді. 7. Бағалау жүйесін құндылыққа бағыттау. Формативті бағалау, рефлексия, өзара бағалау арқылы оқушылардың тек білімін емес, құндылықтық қалыптасуын да бағалау. Бағалау критерийлерінде ғана білімдік көрсеткіштер емес, ынта, ынтымақтастық және этикалық аспектілер де көрініс табуы керек. 8. Құндылықтық талдау әдісі. Әдеби шығармаларды тек мазмұн тұрғысынан емес, құндылық тұрғысынан талдау. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы кейіпкерлердің моральдық таңдаулары, өмірлік ұстанымдары негізінде оқушылар пікір білдіреді. Бұл әдіс – сыни ойлау мен эмоционалдық интеллектіні дамытады.

Қазақ әдебиеті – халықтың рухани айнасы. Ондағы әрбір кейіпкердің өмірі, тағдыры мен іс-әрекеті арқылы адам бойындағы ізгі қасиеттер мен құндылықтар көрініс табады. Мысалы, батырлар жырында – ерлік, отансүйгіштік, лиро-эпостық дастандарда – махаббат, адалдық, шынайылық, шешендік сөздерде – ақыл, парасат, әділдік, ал заманауи прозада – еңбекқорлық, жауапкершілік, адамгершілік идеялары айқын көрінеді.

Әдеби шығармаларды оқыту барысында мұғалімнің міндеті – оқушыға көркем мәтінді тек талдатып қана қоймай, оның мазмұнындағы құндылықтарды өмірмен байланыстыра түсіндіру. Мысалы, Абай шығармаларын оқу кезінде адамның ішкі әлемі, рухани өсуі, өзін-өзі жетілдіру, ал М.Әуезовтің туындылары арқылы ұлттық сана, әділет пен ізгілік құндылықтарын сіңіруге болады. Қазақ классикалық әдебиеті – құндылықтардың қайнар көзі. Мысалы: Абай Құнанбайұлы шығармаларында – ақыл, ғылым, еңбек, адамгершілік, әділет секілді жалпыадамзаттық құндылықтар үйлесім тапқан. Мұғалім бұл тақырыптарды талдағанда Абайдың «толық адам» іліміне назар аудартып, оқушыларға адам болудың мәнін түсіндіреді. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі басты идея – білім мен еңбектің құндылығы. «Өнер-білім бар жұрттар», «Атымтай жомарт», «Бай баласы мен жарлы баласы» сияқты шығармалар арқылы еңбекке, кішіпейілділікке, адамдыққа баулу жүзеге асады. [5,78-б] Ахмет Байтұрсынұлының тілге, ұлтқа қызмет ету идеясы арқылы ұлтжандылық пен азаматтық жауапкершілік тәрбиеленеді. Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық өлеңдері – ар-ождан, әділет, шындық құндылықтарын ұғындыруда таптырмас құрал. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларында – жастардың рухани еркіндігі мен отансүйгіштік сезімі көрініс табады. Осы шығармаларды жүйелі пайдалану арқылы мұғалімдер оқушыларға көркем сөз арқылы рухани әлемнің тереңдігін сезінуге мүмкіндік береді. Әдебиеттің тәрбиелік әлеуеті – оның адамды ойландыру, толғандыру және өмірдің мәнін түсіндіруге жетелеу қасиетінде.

Құндылыққа бағытталған тәрбие сағаттарын ұйымдастыруға болады. Мысалы, «Адалдық пен еңбексүйгіштік – өмірдің мәні» тақырыбында әдеби композиция, эссе жазу немесе сахналық көрініс ұйымдастыру. Бұл әдіс оқушылардың рухани әлеміне әсер етіп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге жол ашады. [6, 93-б]. Практикалық жұмыс барысында мынадай ұсыныстар ұсынылады: Сабақ жоспарына құндылықтық мақсаттар енгізу: әр сабақ үшін 1–2 қана құндылықтық мақсат қою. Оқыту әдістерінің түрлендірілуі: интерактив, жобалық, зерттеу тәсілдерін тұрақты қолдану. Мұғалімдердің кәсіби қолдауы: мектеп ішілік семинарлар, әдістемелік бірлестіктер арқылы тәжірибе алмасу. Бағалау жүйесінің жаңартылуы: құндылықтық компоненттерді өлшейтін критерийлер енгізу. Отбасымен және

жергілікті қоғаммен байланыс орнату: ата-аналар жиналыстарында құндылықтар тақырыбын талқылау.

Қазіргі мұғалім тек пәнді үйретуші емес, құндылық таратушы тұлға. Сондықтан оның кәсіби шеберлігі, эмоционалды интеллекті және мәдени құзыреттілігі маңызды. Мұғалімнің кәсіби дамуы үшін: педагогикалық тренингтерге қатысу; озық тәжірибе алмасу семинарларына қатысу; әдістемелік қауымдастықтарда жұмыс істеу қажет.

Мұғалімнің жеке құндылықтары да оқушыға әсер етеді. Егер ұстаз өз ісіне адал, адамгершілігі жоғары болса – ол қасиеттер оқушыларда да қалыптасады [7, 345-б].

Бағалауда рефлексия, өзін-өзі бағалау тәсілдерін енгізу.

Қазақ тілі мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – оқушыны жан-жақты, мәдени және азаматтық тұрғыдан қалыптастыратын жүйе. Озық тәжірибелер – жобалық оқыту, интердисциплинарлық байланыс, қоғаммен серіктестік, цифрлық портфолио және мұғалімдердің үздіксіз дамуы – білім беру сапасын көтеріп, ұлттық құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді [8, 53-б]. Қазақ тілі мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – ұлттық болмысты сақтаудың, тұлғаның рухани дамуының, қоғамның мәдени тұрақтылығының кепілі. Бұл бағыттағы озық тәжірибелер – білім мен тәрбиенің өзара байланысын күшейтіп, болашақ ұрпақты отансүйгіш, парасатты, рухани бай азамат етіп тәрбиелеуге бағытталған. Құндылық бағдарлы оқыту тек пәндік нәтижелерге қол жеткізумен шектелмейді, ол тұлғаның өмірлік көзқарасын, қоғамға деген жауапкершілігін, азаматтық белсенділігін қалыптастырады. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтары арқылы оқушылар өз тамырын таниды, ұлттық мәдениетке сүйене отырып, әлемдік өркениетке бейімделеді. Әдебиеттегі адамгершілік идеалдар, кейіпкерлердің өнегелі әрекеттері, тілдің бейнелі байлығы – жастарды ізгілікке, сұлулыққа, ақиқатқа жетелейді. Сондықтан мектеп мұғалімдері мен әдіскерлердің міндеті – әр сабақтың тәрбиелік әлеуетін барынша арттыру, оқушылардың жүрегіне жол табу. Құндылық бағдарлы оқыту – бұл жай ғана әдістеме емес, ол ұстаздың дүниетанымы мен миссиясы. Мұндай көзқарас арқылы ғана біз ұлттың рухани мұрасын сақтап, болашақ ұрпаққа өнегелі қоғамның негізін қалдыра аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құсайынова, А. Құндылық бағдарлы білім беру негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

2. Қожахметова, С.К. Тұлғаға бағдарланған білім беру технологиялары. – Алматы: Рауан, 2021.

3. Әмірова, Ә. Қазақ әдебиеті сабақтарында құндылықтық тәрбие беру әдістері. – Педагогика журналы, №4, 2022.

4. Жиенбаева, Н.Ж. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың инновациялық әдістері. – Алматы, 2019.

5. Сейсенова, Р. Қазақ әдебиеті сабағында тұлғаның рухани дамуын қамтамасыз ету жолдары. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық білім академиясы, 2020.

6. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ. Оқу процесіндегі құндылықтар: әдістемелік нұсқаулар. – Астана, 2022.

7. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Қазақ тілі мен әдебиетті оқыту тұжырымдамасы. – Астана, 2023.

8. Бөлеев, Қ. Білім беру мен тәрбиенің ұлттық моделі. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2018.

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «ШАШТЫ» ӘҢГІМЕСІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Елбосын Б.И.

Ү. Түктібаев атындағы №24 орта мектеп мұғалімі, Қызылорда облысы, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – тұлғаны жан-жақты дамытып, оның бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің рөлі ерекше. Себебі ана тілі мен көркем әдебиет арқылы оқушы тек тілдік дағдыларды меңгеріп қана қоймай, рухани мәдениет пен адамгершілік қасиеттерді де бойына сіңіреді. Құндылық бағдарлы оқыту – білім алушының оқу үдерісінде өмірлік құндылықтарды ұғынуы мен оларды жеке тұлғалық бағдар ретінде қабылдауына бағытталған педагогикалық тәсіл. Білім мазмұнын құндылықтармен ұштастыру, оқушының ішкі рухани әлемін дамытуға бағытталған процесс. Бұл арқылы оқушы: - ұлттық мәдениет пен дәстүрге құрметпен қарауды үйренеді; - әдеби шығармалардағы

адамгершілік идеяларды өмірлік ұстанымына айналдырады; - сын тұрғысынан ойлау, өз пікірін дәлелдей білу дағдыларын дамытады.

Құндылық бағдарлы оқытуды іске асыруда мынадай әдістемелік тәсілдер тиімді. Мәтін арқылы құндылық талдау-көркем шығарманы оқыту барысында кейіпкерлер іс –әрекетін моральдық тұрғыдан бағалау, өмірлік сабақ шығару. «Пікірталас», «Кейс-талдау», «Рөлдік ойын», «Эссе жазу» арқылы оқушыларды өз көзқарасын қорғауға, ойлау қабілетін дамытуға жетелейді. Жобалық жұмыс-оқушылар белгілі бір тақырып төңірегінде шығармашылық жоба дайындап, оны әдеби шығармалармен байланыстырады. АКТ құралдарын пайдалану- бейнефильм, аудио үзінділер арқылы әдеби кейіпкерлер әлемін сезіну, құндылықты эмоционалды қабылдауға жағдай жасау.

Мәселен, Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесін оқытуда әңгімедегі кейіпкерлердің бейнесін аша отырып, шығарманың идеясы-адам тағдыры, ер азаматтардың ар –намысы, өздерінің ұлтына деген, еліне деген сүйіспеншілігін көре алдық. Сол арқылы Тасқұл жылқышы қазақтың жас баласын өз өмірін қайталамасын деген ниетпен баланың намысын оятып, оның жігерленуіне үлкен талап қоя отырып, намысшылдыққа, батылдыққа тәрбиеледі. Ұлттық құндылығымыз: Талап бар жерде тәртіп бар. Тәртіп-тәрбие бастауы,-деген. Шығармадағы кейіпкерлер бойындағы ұлттық намыс, батылдық, жігерлілік , еңбекқорлық, бостандыққа ұмтылу сияқты құндылықтарды талқылау арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал етуге болады. Сабақ барысында «Мен қазақпын, бір биік белеспін мен» -деген Жұбан Молдағалиевтің өлең жолын хормен айта отырып, сыныпта психологиялық ахуал тудырып алдым. Әңгімедегі: « Мойнағы күміспен күптелген тобылғы қамшы енді сенікі. Жылқышы шал ата салтымен бала елге аман жетсін деп Кенжебектің қолына күмістелген қамшы ұстатты». Үзіндідегі қамшы ұлттық құндылықтарымыздың бірі болғандықтан, оқушылардың қолдарына қамшы ұстатып, с Шашты» әңгімесі тек сол замандағы жау қолына түскен халықтың күйін ғана емес, қасиетті жылқы малын бағудың қыр-сырын да атап көрсетеді. Сіз қазақ халқының қатардағы тұлпарды, жүйрік сәйгүлікке айналдыратын көреген халық екендігіне көз жеткізе аласыз. Шығармада жылқы малын бағудың біз білмейтін ерекшелігі: біріншіден, әңгіме барысында жылқышы тұлпарға түйе сүтін ішкізіп бағады. Соның нәтижесінде сәйгүлік қайратты әрі жүйрік бола түседі. Екіншіден, жылқышы жылқыны өзеннің мөлдір суында жуындырмай, құмда аунатады, бұл әлдеқайда тиімдірек. Үшіншіден, әр тұлпардың өзінің кемшілігі бар болғандықтан, қанша жүйрік десек те, оның да әлі құратын кез болады. Сондықтан, әсіресе шөл далада жылқы үлкен күтімді қажет етеді. Кенжебектің қу далада аштан қатып, шөлден қысылып жатқанына қарамастан, азығын бірінші сәйгүлікке беріп жатады. Жылқы атасы Қамбар атаның рухына сыйынып, дұға тілеп отырады. Көпті көрген дана қарттың кеңесімен аспандағы Темірқазықты бағыт-бағдар көрсетуші көмекші құрал ретінде қабылдайды. Өзін жын-шайтандардан қорғау мақсатында арқанды шеңбер күйде жасап өзін де, тұлпарын да тылсым күштерден қорғап қалады. Осыдан екен ғой атам қазақ: Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, бір дене бір жанға айналып кетеді. Қашса-құтылады, қуса-жетеді,-дегені осыдан екен. Әңгімеден тағы бір байқайтынымыз қарттың көрегендігі мен баланың өжеттігі жайлы жиі айтылады. Ендеше қарттың көреген дана екендігі, ал баланың айтқанынан қайтпас қайсар екендігін не дәлелдейді? Қарт даналығы баланың бойындағы өжеттік, қайсарлық іспеттес қасиеттерді көре білгенінде. Баланың қазақ екендігін тани сала, оған бас салып, қашуды ұсынған жоқ. Алғашқы он екі айда жылқы малын бақтырып, жүйріктің барлық қыр-сырын үйретеді. Ал бәйгенің ұйымдастырылуы қажетті сәтті туғызып, қашуға қолайлы жағдай пайда болады. Дегенмен, бала әлі жас бүлдіршін болғандықтан, біраз күдіктеніп, өз-өзіне сенімсіз бола бастайды. Шал да бұның қисынын тауып, оны ойынан айныту үшін шындықты айтуға мәжбүр болады. Баланың бойына сенім біткесін, бойындағы ерлік қасиеті бәйгеде анық көрініс табады. Тіпті шөл далада қысталаң күйді кешсе де, ол еш мойымайды. Бұл баланың мінезділігін көрсетеді. «Шашты» әңгімесінде жылқышы үшін де, Кенжебек үшін де жылт еткен сәуле қай уақытта жағылады? Бәйге ұйымдастырылмақ болғанда жылқышы анасынан жаңа туған сәбидей қуана жөнеледі. Ол үшін үміт пайда болады. Кенжебекті елге қайтару үміті. Қанша жылдық кегін қайтару үміті. Кенжебек үшін де бұл үлкен мүмкіндік болатын. Басында сенімсіз болғанымен, бойындағы жігерліктің шалдың оятуы нәтижесінде жылқышы қарттың да, өзінің де үмітін ақтай білді.ыныпты қамшы арқылы топқа бөлдім.

Шығарманы пысықтау үшін «Теңге ілу» ойыны арқылы сұрақтарға жауап алынды. Бұл ойынды алудағы себеп, шығармада Кенжебек бала бәйгеден оза шауып еліне қарай қашқанда жолда жылтыраған бірдеңені ат үстінде отырып, шауып бара жатырған күйі іліп алып өтеді. Осы бір көріністен «Теңге ілу» ұлттық ойынымызды да көрсетіп, оқушыға ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге болады. Сонымен қатар әңгімедегі кейіпкерлерге тән ерекшеліктерді анықтай отырып, әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме береді, образдың жасалу тәсілін талдайды.

Кейіпкерлер	Портреті, шығармадан үзінді	Мінез-құлқы. Шығармадан үзінді	Іс-әрекеті, шығармадан үзінді	Өмірлік көзқарасы

Жазушы қазақтарды қандай образда, түркмендерді қандай образда суреттейді?

Қазақтар бейнесі	Түркмендер бейнесі
Ұқсастығы	

Әңгімеде жылқы малын қалай сипаттаған? Кейіпкерлер бейнесіне тән адамгершілік құндылықтарды анықтаңыз. Адамгершілік құндылықтардың кейіпкерді тұлға ретінде қалыптастырудағы маңызына талдау жасаңыз. Автор кейіпкерлер бейнесін ашуда қандай көркемдегіш құралдарды қолданған? -деген тапсырмалар беру арқылы батылдық, жігерлілік, намысшылдық , жылқы малына сүйіспеншілік, атсейістік, туған жерге, елге деген құрмет сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқушы бойына дарытуға болады. Әңгімедегі Тасқұлдың : - Ұзақ сапарда бағдарың сол, Темірқазықтан жаңылма,- деуінен ата-бабамыздың жұлдыздарға қарап жол тауып отырғанын, «Жылқышы ата, қашуын қашармын, бірақ мен қайтар жолды анық білмеймін. Жау қолына қайта түссем, осы күніме зар болып, озандап қалармын» -деген баланың сөзіне Тасқұл шалдың «Мен баққан тұлпардан бір кінәрат табылар», «Жылқы әулие, әулиеге тапсырдым» деген сөзінен бабаларымыздың жылқыға деген сенімділігін аңғаруға болады. Шығармадағы құндылықтарды талқылау арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал етуге болады.

Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – тек білім беру емес, тұлға тәрбиелеу процесі. Мұндай оқыту арқылы оқушы ана тілінің байлығын, әдебиеттің рухани қуатын сезініп, ұлттық сана мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады. Сондықтан педагогтер заманауи әдістемелерді қолдана отырып, оқу үдерісін құндылықтық мазмұнмен байытуға ұмтылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Г.Орда. С. Дәрібаев. А. Сатылова. Қазақ әдебиеті .Жаратылыстану -математикалық бағыт. 10-сынып. "Мектеп" баспасы, Алматы-2019
2. Кемелбаева А. Шашты. Әңгіме. https://adebiportal.kz/

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА АБАЙ МҰРАЛАРЫН ОҚЫТУ ИНТЕРАКТИВТІ ТӘСІЛІ

Жаканова Н.

№26 жалпы білім беретін мектеп мұғалімі, Алматы, Қазақстан.

Қазақ әдебиеті сабағында автор шығармаларын «Блум» таксаномиясы арқылы оқыту заманауи білім берудің ең ұтымды кілттерінің бірі саналады. Автор шығармашылығын оқыту терең білім мен үлкен ізденісті талап ететіндіктен, оны оқытудың да озық үлгілері қолданылған жөн деп санаймыз. «Блум» таксаномиясы оқушылардың сабақта ең қарапайым деңгейден бастап, ең күрделі деңгейге дейінгі танымдық әрекетін қамтиды. Сатылай түрде 6 түрлі деңгейді қамтиды. Олар: білім, түсінік, қолдану, анализ жасау, синтез. Демек, осы аталған алты түрлі деңгейлерден өту автор шығармашылығы туралы көркемдік ерекшеліктер мен өмірінен деректер беруді толықтай қамтуға жол ашады деп күтеміз

«Блум» таксаномиясы арқылы автордың кез келген туындысын меңгертуге болады. Қаламгердің қай шығармасы да талданып, оқушылар арасында қызығушылықтарын танытуға тұрарлық жауһар сөздер жиынтығы десек артық айтқанымыз емес. Бұл оқыту әдісімен құрылған сабағымда жеті модуль

идеясын қалыс қалдырмаймын. Сонымен қатар «Бағдаршам» әдісі, «Миға шабуыл», «Суреттер сөйлейді», «Венн диаграммасы», «Ойлан, жұптас, бөліс», т.б. әдістерді де қатар алып, сабақтың өткізілу деңгейін жоғарылата түсуге болады. «Блум» таксономиясы – білім беру мақсаттарының иерархиялық өзара байланысқан жүйесі. Әрбір деңгей белгілі бір ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған (қарапайымнан күрделіге дейін). Блум пирамидасының негізінде білім – түсіну жатыр. Үш жоғарғы деңгей (анализ – синтез – бағалау) жоғары деңгейдегі ойлау қабілетінің дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақ әдебиеті сабақтарында жоғары деңгейдегі ойлау қабілетін дамыту үшін мұғалім практикалық ұсыныстарды ұстануы керек: оқушыға қандай ойлау қабілеті қажет екенін түсінуді қамтамасыз ету; оған сұрақ қоюға үйрету; құбылыстардың себептерін анықтауға үйрету; дәлелдеу өнеріне үйрету, өз іс-әрекетінің нәтижелерін бағалауға үйрету. Балаларды оқытып қана қоймай, олардың ой-өрісін, шығармашылық әлеуетін дамытып, ой тудырып, логикалық байланыстар орнатудың өзекті қажеттілігі мұғалімдерден өз сабақтарына заманауи көзқараспен қарауды талап етіп, бірнеше сабаққа алдын ала тыңғылықты, мұқият дайындалуды талап етеді. Блум таксономиясы заманауи білім берудегі жоғары деңгейлі ойлаудың маңыздылығын мойындайтын заманауи педагогқа практикалық көмек көрсетуге арналған. «Блум» таксономиясы инновациялық технологиясы оқу мен жазу арқылы оқушының ой-өрісін жан-жақты дамытуға септігін тигізеді, оқушының жеке тұлға болып өсуіне мүмкіндік береді, баланы адамзаттың рухани тәжірибесімен таныстырады, оның ақыл-ойы мен даралығын дамытады. Бұл арнайы әдістемелер мен стратегиялардың жиынтығы, оларды пайдалану білім беру процесінде оқушылардың жоғары нәтижелерге жетуіне септігін тигізеді.

«Блум» таксономиясын қолданатын сабақтардан кейін әрқашан жаңа идеялар пайда болады. Мұның өзі қалыптасқан ережелері, принциптері мен әдіс-тәсілдерінің жиынтығы бар педагогикалық технология ғана емес, сонымен қатар оқытудың динамикалық, дамытушы тәсілі екенін тағы да дәлелдейді. Оқу-тәрбие процесінің мәні алгоритмді қатаң сақтауда емес, жаңа технологияларды пайдалана отырып жұмыс істейтін мұғалімдер мен оқушылардың еркін шығармашылығында қолдана білцу шеберлігі. Қорыта келгенде, қазақ әдебиеті сабағында «Блум» таксономиясының элементтерін пайдалану жеке тұлғаның шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруына, оқушылардың танымдық қабілеттері мен коммуникативті дағдыларын, олардың адамгершілік мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасайды.

Қазіргі білім беруде мұғалім бірқатар негізгі кәсіби құзыреттіліктерге ие болуы және пәнді оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды, оның ішінде цифрлық технологияларды меңгеру керек. Қазақ әдебиеті сабақтарында мынадай тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

- сабақтың әдеттен тыс басталуы (эпиграф, жұмбақ, музыкалық кіріспе, романс, бейне үзінді, жұмысқа жағымды көңіл-күй тудыратын жағымды суреті бар презентация слайды және т.б.);

- проблемалық мәселелерді ұйымдастыру және шешу, проблемалық жағдайды құру. Мысалы, шығарма авторымен, сыншылармен, оқырмандармен, әдебиеттанушы ғалымдармен диалогқа құрылған тәжірибелік сабақ;

- бейнематериалдар мен компьютердің басқа мүмкіндіктерін пайдалану (презентациялар жасау, бейнероликтерді құрастыру, ақпараттық және оқу материалдарын иллюстрациялау), хабарламалар, рефераттар;

- жаңа материалды меңгеруде жақсы көмекші болатын диаграммаларды, анықтамалық конспектілерді, кестелерді сабақтарда пайдалану;

- топтық жұмыстарды ұйымдастыру (жұптық жұмыс, топтық жұмыс тұрақты және ауыспалы персонал). Сонымен, сабақтарда Абай шығармаларын зерттей отырып, біз келесі мақсатты қоямыз: шығарманың идеялық-тақырыптық ерекшелігін анықтау, тілдегі ауызекі сөйлеудің көркемдік ерекшеліктерін пайдалану;

- оқытудың интерактивті формаларын немесе олардың элементтерін пайдалану: «Брейн-ринг», «Миға шабуыл», «Әртүрлі кейіпкерлермен сұхбат» қазіргі білім беруде кеңінен таралып келе жатқан жобалық әдіс [1].

Жоғарыда келтірген интерактивті әдістер арқылы Абай шығармаларының негізгі идеясын, көркемдік-эстетикалық қырын талдаймыз. Осы арада Абай мұрасының бірегей білгірі академик М.Әуезов келесідей пікірін айта кеткен орынды: «Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған. Бұл жөнінде Абайдың ақындық еңбектері үш түрлі боп жайылып тұрғанын еске алу керек. Бірінші жолы – баспа арқылы тарауы; екіншісі – халық арасына ауызша жатталып, әнмен аралас тарауы; үшіншісі – қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар болып, көшіріліп таралуы», - дейді. Жоғары да аталған үш тармақ болып таралып қана қалмауы керек, оның ауқымын

кеңейтуге барымызды салуымыз керек. «Абайтану» мектепте 2013 жылдан бастап типтік оқу бағдарламасы енгізіліп, аталмыш жылдан қазіргі күнге дейін өткізіліп келеді.

Бүгінгі таңда Абайды тану, жас ұрпаққа насихаттау, ақынның асыл мұрасын әр тараптан зерттеп, Абайтану ғылымының керегесі кеңи түсуіне үлкен игі істер атқарылуда. Абайға арналған аймақтық, республикалық, халықаралық дәрежедегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар, түрлі әдеби-мәдени шаралар ақын мұрасын жас ұрпаққа үлгі етуді көздейді. Абай мұрасы – адамды адамша тәрбиелеудің ізгі бастауы. Абайдың көздеген «толық адам» дәрежесіне жетуге жол ашады [2].

Абайды бірден түсініп кету оңай емес. Ол туралы абайтанушы-ғалым Ғарифолла Есім: «Абай шығармаларын бір рет қана оқып қоймақ түгілі, тіптен оның шығармаларын жаттап алу да аз, мәселе, оны түсінуде. Абай адам санасы кемелденіп, толысқан сайын түсінікті бола бастайды. Әр ұрпақ Абайдан өз түсінігін табады...» - деп пайымдайды.

Абай мұрасы – сарқылмайтын мол қазына. Абайсыз қазақ жұртының философиялық та, тарихи да, этикалық ақыл-ой дүниесін көзге елестету мүмкін емес. Ағылшындар үшін Шекспир, француздар үшін Бальзак, орыстар үшін Пушкин қандай болса, біз үшін Абай да тап сондай, ол ұлттық рухымыздың өзіндік жиынтығы, орасан зор мақтаныш етер тұлға болып табылады.

Абай шығармашылығы — әдебиеттің, мәдениеттің ауқымынан анағұрлым асып кететін ғажайып құбылыс. Кейде ойлап отырсаңыз, Абай біз үшін ақын да, философ та, аудармашы да, композитор да емес, бәрінен бұрын өзіміздің жанымызға қатты жақын адамымыздай, жақсы танитын танысымыз секілді. Сол адаммен талай рет кездесіп сөйлескендей күй кешеміз. Алға қадам бассақ та, адассақ та табарымыз – Абай.

Халқымыздың ұлы ақынға деген ілтипаты біздің “Абай атамыз айтқандай” деп сөйлейтінімізден де көрініп тұрады. Ұлы классиктерін халықтың атасы деп сөйлеу ең дамыған деген ұлттарда да табыла қоймайды. Абай — ұлттың атасы, халықтың рухани тұлғасы. Егер әрбір қазақ баласы епте-епте болса да Абай томын қолға бір алып қойып, бір өлеңін болса да қайталап оқып отырса, өзіне өзі Абай алдында іштей есеп берер еді. «Жұмасын да бір рет болса да» өзіне-өзі есеп берер еді.

Ақыл тоқтатпай, терең ойлау дәрежесіне жетпей жатып Абайды оқып – түсіне салдым деу өз-өзіңді бекер алдау. Абайды әр оқыған сайын, көкейіңе көркем ойлардан кестелейсің, ақыл-ойдың құзар шыңына бір барып қайтқандай тылсым күй кешесің, еліңнің, ұлтыңның ертеңгі күйін күйіттей бастайсың. Қаншасыншы рет оқысаңыз да алғаш оқып тұрғандай жаңадан ой түбіне сүңгіп кетесіз. Келешекке келелі ойлар түйесің. Осы кезде Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген сөзі санаңды шарлап кетеді.

Абайды Алла қазақтың маңдайына біткен бағы етіп берді. Абай бар болғаны 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөз, 1 мақала жазған ойшыл. (Мақала деп шартты түрде айтып тұрғанымыз – “Қазақтың шығу тегі туралы”). Абай өлеңдерін оқу, оның қадір-қасиетін сезіну, асыл ойларын зердеге сақтау ынтасы да, ықыласы да бүгінде бұрынғыдай емес. Тек Абай ғана емес, жалпы кітапқа құштарлық, кітапқа құмарлық бәсеңдеді. Мұны күнделікті тіршілікте әр отбасынан көріп жүрміз. Теледидар, басқа ақпараттар толқыны, батыстық экспансия өз балаларымызды бауырымыздан, ұлттық әдебиеттен, ұлттық өнерден, ұлттық музыкадан бөліп алып барады. Бұл, шынында да, қорқынышты жағдай. “Қорқамын кейінгі жас балалардан” дегенде Абай осы сұмдықты сезген бе деп ойлайсың. Сондықтан да мынау қиын да күрделі заманда етек-жеңімізді, есімізді жисақ керек. Осы үшін де бізге Абай керек. Абай өлеңдеріне жас ұрпақты үңілдірудің, Абай ойларын жеткіншектеріміздің бойына сіңірудің тура жолын іздестіруіміз керек. Абай өлеңді ермек үшін жазған жоқ, кейінгі ұрпаққа бір пайдасы тисінші деп қалдырған жоқ па?

Байқап қараған адамға Абайдың бүкіл өмірі қазақты ел болуға, өзге жұрттан кем қалмауға үндеумен өтті. Жалғыздықтан қамығып, білімсізбен алысып, елге сөзі өтпей, *“Болмасқа болып қара тер, қорлықпен өткен қу өмір”* деген жолдардан айқын байқауға болады. Жалпы білім беретін мектептерде «Абайтану» курсының өту мақсаты – ұлы ақын шығармаларын тереңдетіп, жан-жақты түсіндіру, халқын сүюге, ұлтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Абайша айтқанда «Адамзаттың бәрін сүюге» тәрбиелеу. «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос», - деп Хәкім Абай айтқандай халықты бірлікке шақыру. Жұмыла көтерген жүктің ауыр болмайтындығын санаға сіңіру. Бұл курсты оқытудың міндеттерін төмендегідей жіктеп жазсақ болады: Абай шығармаларын оқып, білудің өзектілігін айқындау, ұғындыру; Ақынның әр өлең шумақтарына баса назар аудару, сырын ашуға талпыну; Көркем туындылардың идеялық мәнін талдай алуға және көркемдік ерекшеліктерін аша түсуге машықтандыру; Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы жаңашылдық ұғымын зерделей түсу; «Толық адам» концепсиясының мәнін ашу, оқушыларға «толық адам» дәрежесіне жетуге жол

ашу; Ақынның қарасөздерін жаттату, өлеңдері мен поэмаларының жалпы мазмұн, идея тұрғысынан талдай алуға жетілдіру.

Мектепте «Абайтану» курсы сабақтарын өткізуде ғалымдар Жұмажанова Т.Қ., Дүйсебаев С.Р. төмендегідей әдіс-тәсілдерді ұсынады:

– оқушылардың жеке жазбаша шығармашылық жұмыстарының *үзінділерін оқу*;

– *қосарлы күнделік жазбалар*: Абай сөздерін, ойларын, идеяларын, мазмұнын оқушының жеке өмір тәжірибесімен салыстыру (күнделіктің бір бөлігіне Абайдың мейлінше әсер еткен сөздері жазылады, екінші бөлігіне оқушылар оған өздерінің көзқарастарын, пікірін, ойын жазады, түсіндірмелер жасайды);

– *құндылықтарға бағдарлану шеберханасы*. Мұнда өмірлік мәні аса күшті мәтіндермен табысу, жекелеген қызғылықты адамдармен кездесу ұйымдастырылып, сұрақ-жауап жүргізіледі, шығармашылық, жақсылыққа деген құштарлық, өзін және өзгені жаңаша түсіну жүзеге асырылады;

– *«Философиялық стол»*. Мұнда мұғалім алдын ала Абай шығармалары бойынша аса қажет деген сұрақтар дайындап, оқушыларға ұсынады. Балалар оларға жауапты Абай шығармаларынан іздеп табады, ынталары артады.

− *Іскерлік ойындар* да таңдау курсында өзінің тартымдылығымен, дамытушылығымен ерекшеленеді. Жағдаяттық және рөлдік ойындарды өзара үйлестіру жолымен «Альманах» ойынын ұйымдастырып отыру қызғылықты.

Қазіргі күнде «Абайтануды» оқытудың өзекті мәселелері қатарында мынадай зерттеу бағыттарын жатқызуға болады:

Абай шығармаларының діни-исламдық бағытта жасалған еңбектермен сабақтастығы, олардың ислам діні концепциясындағы ортақ ойларын бағамдау;

Абай туралы жаңа әдеби көркем туындылар шығару, оның негізгі прототипінің барлық қасиеттері ашыла түсуіне мән беру;

Абай шығармаларының шетелдегі қазақ диаспорасына таныла түсуі, мектептерінде Абай оқуларына байланысты іс-шаралар жүргізілуі;

Ақын шығармаларын әлемдік әдебиет үлгілерінде салыстыра зерттеу, классикалық әдеби шығарма үлгілеріне тың зерттеулер жүргізу.

Әдебиеттегі басты құндылығымыз Абай шығармалары екені даусыз. Жалпы білім беретін мектептерде ұлттық мұраларымызды пәндердің мазмұнына оңтайлы ендіре отырып, болашақ ұрпақтың бойына сіңіру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Мектептегі қазақ әдебиеті пәні осы келелі мәселені шешетін негізгі пәндердің бірі. Өйткені пәннің негізгі өзегі – ұлттық құндылықтарымыз болып табылатын көркем шығармалар. Ұзақ жылдар бойы қазақ әдебиеті ғана арқылы шешімін тауып келе жатқан осы мәселе осы оқу жылынан бастап еліміздің білім беру ұйымдарына таңдау пәні ретінде міндетті оқыту үшін енгізілген «Абайтану» курсы арқылы Абай мұраларын кеңірек қарастыруға мүмкіндік туғызып отырғаны қуанышты.

Бүгінгі күнде мектептің білім беру мазмұнында Абай шығармаларын төл өлеңдері, қарасөздері, аударма өлеңдері деп үш жүйеде қарастырылады. Абай өлеңдері мен қарасөздерінің тәрбиелік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары. Абай көтерген мәселелер бүгінгі күні де маңызды, өзектілігін еш жойған жоқ. Абай – адамзат ақыл-ойы мен ақындығының ірі тұлғасы. Абай тарихқа ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, ағартушы ретінде енді.

Жалпы білім беретін мектептерде «Абайтану» курсының өту мақсаты – ұлы ақын шығармаларын тереңдетіп, жан-жақты түсіндіру, халқын сүюге, ұлтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Абайша айтқанда «Адамзаттың бәрін сүюге» тәрбиелеу. «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос», - деп Хәкім Абай айтқандай халықты бірлікке шақыру. Жұмыла көтерген жүктің ауыр болмайтындығын санаға сіңіру.

Абайға баратын жол – ұзақ та қиыр жол. Сәкенше айтсақ, «тар жол, тайғақ кешу». Сол жолда аянбай тер төгуіміз де Абайдың рухының қолдауы. Ол ешқашан таусылмайды. Заман өзгерген сайын, адамзат алмасып, ғасыр көшкенде де халықтың сана-сезімінде ұлы ақынның өлмес мұрасы да жаңа бір қырларынан ашылып, жарқырай түспек. Демек, өз жолында жаңа бір олжаларды қанжығасына байлау, тың жемістерді теруге талпыну Абайға қарай жол тартқан әрбір зерттеушінің қасиетті борышы болса керек.

Қорыта келгенде, Абай мұрасы еліміздегі білім беру жүйесіндегі өзіндік мәні бар, ағартушылық маңызы зор, педагогикалық идеяларға толы, психологиялық ой-пікірлерге бай тәлімгерлік тағылымы баға жетпес өміршеңдігімен ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ұлттық қазынамыз бола берері сөзсіз. Абайдың

адам тәрбиесі хақындағы педагогикалық көзқарастары аса үлкен мәнге жетіп, әлі де болашақ ұрпақтың көкірегін оятар демекпіз.

Абай мұрасы – халқымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Адам тіршілігінің сан саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған әрқилылығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама асуларынан асып, қандайлық биігіне көтерілсе де, Абай аты халық санасыда мәңгі сақталып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бұзаубақова К.Ж. «Инновациялық педагогика негіздері» - Алматы, 2009.
2. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2004. – 188 б.
3. Жұмажанова Т. Әдебиеттен кластан жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы, 1995.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. Алматы: Мектеп, 2003. – 336 б.
5. Байтанасова Қ.М., Айтуғанова С.Ш. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Астана: Фоллиант, 2008. – 160б.
6. Ж.Р.Баширова Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру. Алматы, 2003, - 129 бет.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМЫТУ

Жакубаева Г.А.

«Экономикалық лицей» ЖШС оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Ғылым мен техника дамып, жаһандану заманында әрбір халықтың ұлттық мәдениетін сақтап қалуы өте маңызды. Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Белгілі қоғам қайраткері, заңгер Н.Шайкенов: «Ұлт дәстүрі – заңнан биік», - деген. Салт-дәстүрлі ел – мықты әрі тұғыры берік ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Ұлттық тәлім, салт-сана сабағы адамгершілік тәрбиесінің аса сенімді әрі ғажайып жол екенін көрсетті.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі болып отыр. Ұлттық тәрбие - жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі, қалыптасуы. Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту – саналы процесс екенін айтқым келеді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан – жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашалық түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет. Бұл баланы, берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше өз бетімен білім алу үшін ізденуге үйретеді.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда келесіі құндылықтар болуы қажет: 1. Белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы; 2. Индивидтік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы; 3. Өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту; 4. Шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Менің басты мақсатым – қазақ тілі сабағында ұлттық құндылықтарды оқытуды жүзеге асыру, қазақ әдебиетін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін дәріптеуге үйрету, мейірімділікке, әдептілікке тәрбиелеу және ұлағатты, даналық сөздерді меңгерту. Олай болса, қазіргі кезеңде мектепте білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Өркениетке ұмтылған Қазақстан еліміз үшін біртуар математик Асқар

Жұмаділдаев ашқан ғылыми жаңалықтары, баулып жатқан жүздеген шәкірттері, қазақ ғылымының көсегесінкөгертетін ерен еңбегі – өскелең ұрпаққа өнеге. Осы бағытта ғалым А. Жұмаділдаевтің математика ғылымында «Төрткен төртқара» алгебрасы шығуы жөніндегі шағын оқылым мәтінімен жұмыс үлгісін ұсынамын. « Алгебралар соңғы уақытта көбейіп кетті. Сондықтан осы кітаптың атауына көп мән бердім. Математика ғылымында образбен ойлаған тиімді. Мен төртінші дәрежелі бір тепе-теңдік ойлап таптым. Сондай әдемі. Өзім қуанып кеттім. Сол кітабыма ат қоюдың себебі де сол теңдеудің дәрежесі төрт болатындығы. Солай төрт қара болды. Басқа төртпен байланысты қазақта сөз үйлесі жоқ. Кіші жүзде Төртқара деген ру бар. Самарқанды 17 жыл билеген әйгілі Жалаңтөс баһадүрдің руы. Жауға шыққанда кедергі келтірмесін деп сауыт- сайманын шешіп тастайтын болғандықтан, солай аталып кетіпті. Бірақ атамыз тек қанасоғыстың шебері болмаған. Сонымен қатар ғылымға, білімге, өнерге үлкен қамқорлық жасаған кісі. Мысалы, Самарқанның ортасында Регистан дейтін жер бар. Сонда үш мешіт тұр. Біреуін Ұлықбек салдырған. Ал екеуін Жалаңтөс баһадүр салдырған. Тарихта үлкен із қалдырған атамыз ғой, математикада аты қалсын деп ойладым. Осылайша, алгебраны қазақша «ТөрткенТөртқара» деп атадым».

Мәтін бойынша тест сұрақтары:

А.Жұмаділдаев алғаш мақаласын қай басылымға берді?

A) «Даналық бейсенбі» B) «Қазақ деген сөз қайдан шықты?»

C) «Қазақстан пионері» D) «Төрткен Төртқара»

E) «Қазақстан»

2. Алғашқы зерттеу жұмысын қашан бастады?

A) 6-сыныпта B) Әкесі велосипед әпергенде

C) 17 жасында D) Монғол шапқынынан кейін

E) Фантазиясы оянғанда

3. Кітаптың «Төрткен төртқара» аталуының себебі?

A) Еуропа елдеріне сабақ беруіне байланысты

B) Әкесі төртқара руынан болды

C) Самарқандағы үш мешіттің құрметіне

D) Төртінші дәрежелі тепе-теңдік ойлап табады

E) Досының ұсынысын қабылдайды

4. Ғалым балалық шағында не нәрсеге қатты қызыққан?

A) кітапқа B) ғылымға

C) математикаға D) алгебраға

E) велосипедке

5. Мәтінге сәйкес ақпаратты табыңыз.

A) Сол кітабыма ат қоюдың себебі де сол теңдеудің дәрежесі тоғыз болатындығы.

B) Математика ғылымында образбен ойлаған тиімді.

C) Біз балалық шағымызда теледидарды аз қарадық.

D) Менің арманым математик болу еді.

E) Күнде барып, кітап сатып алмады.

6. Барыс септігіндегі есімдікті анықтаңыз.

A) мектепке

B) мені

C) маған

D) өркениет

E) қазақта

7. Сан есімнің мағыналық түрін анықтаңыз. *6-сыныпта оқитынмын*

A) есептік B) реттік C) жинақтық

D) топтау E) болжалдық

8. Шылаудың мағыналық түрін анықтаңыз.

Тарихта үлкен із қалдырған атамыз ғой, математикада аты қалсын деп ойладым.

A) Ыңғайлас мәнді жалғаулықB) Нақтылау мәнді демеулік

C) Қарсылықты жалғаулық D) Септеулік шылау

E) Талғаулықты жалғаулық

9. Сөз тіркесінің байланысу түрін анықтаңыз. *Теңдеудің дәрежесі.*

A) МатасуB) Жанасу C) Қабысу

D) Қиысу E) Меңгеру

10.Сабақтас құрмалас сөйлем қатарын анықтаңыз.

A) Тарихта үлкен із қалдырған атамыз ғой, математикада аты қалсын деп ойладым.

B) Жауға шыққанда кедергі келтірмесін деп сауыт-сайманын шешіп тастайтын болғандықтан, солай аталып кетіпті.

C) Осылайша, алгебраны қазақша «Төрткен Төртқара» деп атадым.

D) Сонымен қатар ғылымға, білімге, өнерге үлкен қамқорлық жасаған кісі.

E) Алғашқы қыштарды көрдім, тағы көп қызықты жәдігерлер менің фантазиямды оятты.

Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері

Салт-дәстүр

I.Тыңдаңыз. QR кодты сканерлеңіз

II. Мағынасын түсініңіз.

Салт-дәстүр – тұрақтылық қасиетіне ие болған мәдени іс-әрекеттер жинағы. Ғасырлар бойы тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын әдет-ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп.

III. Тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма. Тыңдаңыз. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Шілдехана ,бесік той, тұсаукесер, сүндет той ай шіркін-ай,

2-тапсырма. Сөздерді жинақтаңыз!

далада, тербеткен, қыз-бозбала, кең, ән мен күйді

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

Бетін ашып келіннің

Әлди, әлди

Қаз, қаз балам

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласым, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі тағы басқа қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, “Ұстазға қарап шәкірт өсер” деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ. Мектебімізде ұстаздарымыз тәрбие сағаттарын, іс-шараларды, ғылыми жобалардың тақырыптарын ұлттық құндылықтарға бағыттап алады. Атап айтар болсақ, «Қара жорға» биінің зерттелуі, «Етістіктердің ұлттық ойындарда қолданылуы», «Қазақ ертегілері – қазіргі жастар көзімен» т.б.

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттаумыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Классикалық зерттеулер. 16-том. https://ulan.kazgazeta.kz/news/34139
2. https://e-history.kz/kz/news/show/593/ ©e-history.kz
3. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында // Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2006 – 176 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨРІКТЕУІШ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

Жанатайқызы С.

2-курс магистранты, № 15 Абай орта мектебінің мұғалімі

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан.

Қазақ тілі — халықтың рухани мәдениетінің, дүниетанымының, ойлау жүйесінің көрінісі. Сол тілдің ішіндегі көріктеуіш құралдар ұлттың эстетикалық талғамын, бейнелі ойлауын, сезімдік әлемін танытады. Әр халық өз ойын көркем жеткізу үшін түрлі тілдік тәсілдер қалыптастырған, ал қазақ тілінде бұл көрініс ерекше поэтикалық өрнек арқылы айқындалады. Эпитет, теңеу, метафора, метонимия, антитеза сияқты көріктеуіш құралдар тек әдебиет тіліне тән құбылыс емес, олар — тілдің өміршеңдігін, бейнелілік қуатын арттыратын құралдар. Сондықтан да бұл бірліктерді мектеп қабырғасынан бастап меңгерту оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін оятып, сөз мәдениетін қалыптастырудың негізгі жолы болып саналады [1, 23 б].

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруға, әдеби тіл нормаларын терең түсінуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл ретте қазақ тілін оқыту үдерісінде көріктеуіш тілдік құралдарды дұрыс және жүйелі меңгерту маңызды орын алады. Себебі оқушының тілдік тұлғасы, сөйлеу мәдениеті мен шығармашылық ойлауы көбіне осы бейнелі құралдар арқылы қалыптасады [2, 37 б]. Мектеп тәжірибесінде көріктеуіш құралдарды оқыту көбіне теориялық анықтамалармен шектеліп, практикалық қолдану деңгейінде әлсіз қалып жатады. Мұндай жағдайда оқушылар тек троптар мен фигуралардың атауларын жаттап, олардың көркемдік қызметін түсінбей кетуі мүмкін. Ал шын мәнінде, көріктеуіш құралдарды меңгерту тек тіл білімінің бір тармағын оқыту емес, ол — оқушының шығармашылық қабілетін, эстетикалық ойлауын, мәтінді терең түсіну қабілетін дамыту процесі [3, 102 б]. Қазақ тілін оқыту әдістемесі соңғы жылдары функционалдық бағытта жаңарып келеді. Дегенмен көріктеуіш құралдарды жүйелі меңгертудің арнайы әдістемелік жүйесі әлі толық қалыптасқан жоқ. Кейбір зерттеушілер бұл бағытта жеке сабақтар ұсынғанымен, тұтас әдістемелік кешен — яғни теория, жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, бағалау, кері байланыс жүйесімен біртұтас модель ретінде қарастырылмайды [4, 56 б]. Сондықтан мектеп жағдайында көріктеуіш тілдік құралдарды тиімді меңгертудің жолдарын нақтылау, оны әдістемелік жүйе ретінде ұсыну — бүгінгі педагогика ғылымы мен практикасы үшін өзекті бағыт болып табылады. Осы мәселені шешуде оқытудың заманауи технологияларын, құзыреттілікке негізделген тәсілдерді, цифрлық ресурстарды және шығармашылық әдістерді біріктіру маңызды. Бұл жүйе оқушының тек білімін ғана емес, эстетикалық қабылдау қабілетін, сөзге деген талғамын, ұлттық мәдениетке құрметін тәрбиелейді. Себебі көріктеуіш тілдік құралдар — жай грамматикалық немесе стилистикалық категория емес, ол — ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтың көрінісі [5, 14 б].

Жалпы білім беретін мектептерде көріктеуіш құралдарды оқыту барысында мұғалім тек тілдік материалмен шектеліп қалмай, оқушылардың ішкі қызығушылығын оятуы, бейнелі ойлауына жағдай жасауы қажет. Мәтіндермен жұмыс кезінде оқушылар эпитеттер мен метафораларды табумен қатар, олардың не үшін қолданылғанын, қандай эмоция тудыратынын, сөйлем мағынасын қалай өзгертетінін өз бетімен анықтауға үйренуі тиіс. Мұндай сабақтар оқушының тілге деген сенімін арттырып, қазақ тілінің көркемдік мүмкіндігін сезінуге ықпал етеді [6, 48 б]. Көріктеуіш тілдік құралдарды мектепте оқыту мәселесі тек лингвистикалық тұрғыдан емес, педагогикалық және мәдени-психологиялық тұрғыдан да маңызды. Бұл бағытта жасалатын әдістемелік жүйе оқушыны тек грамматикалық тұрғыдан сауатты емес, мәдениетті, ойлы, сезімтал тіл иесі ретінде тәрбиелеуге бағытталады.

Көріктеуіш тілдік құралдар мәселесі қазақ тіл білімінде әр кезеңде әртүрлі қырынан зерттеліп келген. XX ғасырдың ортасынан бастап тілдің көркемдік жүйесін зерттеу бағытында Р. Сыздық, М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Серғалиев сынды ғалымдар тіл мен стильдің байланысын, сөздің эстетикалық қызметін талдауға ерекше көңіл бөлді. Р. Сыздық «Сөз құдіреті» атты еңбегінде

көріктеуіш құралдарды ұлттық дүниетанымммен байланыста қарастырып, олардың қазақ поэтикасының табиғи бөлігі екенін дәлелдеді [7, 45 б]. Көріктеуіш құралдардың теориялық негізі тек тілтанымдық тұрғыда ғана емес, мәдени-семиотикалық және психолингвистикалық бағыттарда да қарастырылды. Лингвомәдениеттану өкілдері (Ж. Манкеева, А. Ислам, Э. Оразалиева) бұл құралдардың этномәдени кодты жеткізудегі рөлін айқындады. Ж. Манкеева «Тіл мен мәдениет» еңбегінде теңеу мен метафораның қазақ ұлтының дүниетанымын бейнелеудегі қызметін анықтап, олардың әр дәуірдегі көрінісін жүйеледі [8, 112 б]. Зерттеушілердің көпшілігі көріктеуіш тілдік құралдарды функционалдық және когнитивтік тұрғыдан сипаттауға бет бұрды. Бұл бағыттағы еңбектерде көріктеуіш бірліктер адамның ойлау жүйесі мен эмоциялық қабылдауымен тығыз байланыста қарастырылады. Когнитивтік бағыттың өкілдері — Б. Қасым, С. Сәтенова, Қ. Жаманбаева — бейнелілік адамның танымдық тәжірибесін тіл арқылы бейнелеудің тәсілі екенін айтады [9, 87 б]. Соңғы жылдары мектептегі тіл оқыту әдістемесінде көріктеуіш құралдарды меңгертудің педагогикалық аспектілері де қарастырылуда. Г. Мухамеджанованың (2022) зерттеуінде көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың әдістемелік жүйесі құрастырылып, оның тиімділігі тәжірибелік тұрғыда дәлелденген. Ол жүйе оқу бағдарламасындағы модульдік оқыту, коммуникативтік әдіс және шығармашылық тапсырмалар арқылы іске асады [3, 56 б].

Мұндай жүйеде оқушылар тек троп түрлерін жаттамай, олардың бейнелік қызметін мәтін ішінде қолдануға дағдыланады. Әдеби-лингвистикалық бағыттағы зерттеулерде көріктеуіш құралдардың қызметі поэтикалық мәтіндермен қатар, публицистикалық және ауызекі сөйлеу тілінде де талданды. С. Мұратбекова көріктеуіш тәсілдердің ақпараттық-публицистикалық стильдегі қызметін сипаттап, бейнелі сөздің эмоционалды-экспрессивтік әсерін дәлелдеген [10, 43 б]. Бұл зерттеу көріктеуіш тілдік құралдардың тек көркем әдебиетпен шектелмей, тілдің барлық функционалдық стильдерінде қолданыла алатынын көрсетеді. Орыс және шетел тіл біліміндегі еңбектер де қазақ тіліндегі әдістемелік зерттеулерге теориялық негіз болған. Мәселен, В. А. Кухаренконың «Практикум по стилистике английского языка» еңбегінде көріктеуіш құралдар оқушылардың мәтінді интерпретациялау қабілетін дамытудың тиімді тетігі ретінде қарастырылады [11, 77 б]. Сол сияқты Э. А. Галперин көркем сөздің әсерін «тілдік бейнеліліктің энергетикасы» деп сипаттайды — бұл идея қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде де қолдау тапқан [12, 94 б]. Қазақ тілін оқыту әдістемесі тұрғысынан алғанда, көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің теориясы мен практикасы әлі де толық жүйеленіп болған жоқ. Ә. Жұбанова мен Л. Есенова еңбектерінде әдістемелік жаттығулар кешені ұсынылғанымен, бұл бағытта цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, шығармашылық жобалар мен рефлексия элементтерін енгізу әлі де зерттеуді қажет етеді [6, 28 б].

Жалпы ғылыми еңбектерді саралай отырып, қазіргі зерттеулерде келесі негізгі бағыттар айқын байқалады: көріктеуіш құралдардың тілдік табиғаты мен көркемдік қызметін зерттеу; олардың этномәдени және когнитивтік негізін анықтау; жалпы білім беретін мектептерде тиімді меңгертудің әдістемелік жүйесін құру. Бірақ осы бағыттар арасындағы өзара байланыс пен сабақтастық әлі толық бір жүйеге түскен жоқ. Сондықтан көріктеуіш тілдік құралдарды мектеп деңгейінде меңгертудің біртұтас, тәжірибеге сүйенген әдістемелік моделі қажет. Мұндай жүйе оқушының тілдік-шығармашылық әлеуетін ашуға, бейнелі ойлауын дамытуға және қазақ тілінің көркемдік қуатын сезінуге мүмкіндік береді.

Қазақ тілі өзінің бай әрі бейнелі табиғатымен ерекшеленеді. Сол байлықтың негізгі бір көрінісі — көріктеуіш тілдік құралдар. Олар сөздің әсерін күшейтіп, ойды бейнелі жеткізуге мүмкіндік береді. Көріктеуіш құралдардың басты қызметі — адамның эмоциялық сезімін, эстетикалық қабылдауын тіл арқылы білдіру. Осындай бейнелі сөздер мен құрылымдар тілдің көркемдік қуатын арттырып қана қоймай, ұлттың рухани болмысын да танытады [1, 41 б]. Көріктеуіш тілдік құралдардың теориялық мәнін зерттеу XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ тіл білімінде кең өріс алды. Р. Сыздық, М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Серғалиев сияқты ғалымдар тілдің стилистикалық және экспрессивтік қызметін қарастыра отырып, көріктеуіш құралдардың табиғатын анықтады. Ғалым Р. Сыздық «Сөз құдіреті» еңбегінде көріктеуіш құралдарды тілдің ішкі рухымен, ұлттық дүниетанымммен байланыста түсіндіреді. Оның пікірінше, көркем сөз – халықтың рухани тәжірибесін жеткізетін негізгі құрал [13, 56 б].Көріктеуіш тілдік құралдар өз ішінен троптар мен фигураларға бөлінеді. Троптар – сөздің мағынасын ауыстыру арқылы бейнелі ой тудыратын құралдар болса, фигуралар – сөздің құрылымдық орналасуы мен интонациясы арқылы әсер тудыратын тәсілдер. Тілдік троптардың қатарына эпитет, теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, гипербола, литота сияқты түрлер енеді. Ал фигуралар қатарына антитеза, қайталау, инверсия, параллелизм, аллитерация сияқты құрылымдық тәсілдер жатады [14, 72 б].

Эпитет – заттың не құбылыстың ерекше белгісін нақтылап, оған көріктік рең беретін құрал. «Алтын күн», «ақ жауын», «кең пейіл» сияқты тіркестердегі сын есімдер заттың жай белгісін ғана емес, эстетикалық әсерін де күшейтеді. Теңеу – екі түрлі нәрсені ұқсастық негізінде салыстырып көрсету тәсілі. Қазақ ауыз әдебиетінде теңеу бейнелі ойды қалыптастырудың ең көне түрі болып табылады («батыр – арыстан», «қыз – аққудай»). Метафора болса, ұқсастыққа негізделген мағыналық ауысу арқылы ойды жаңа бейнеде көрсетеді. «Өмір жолы», «жүрек тереңі» сияқты тіркестерде нақты ұғымға абстрактылық мағына жүктеледі [15, 64 б].

Көріктеуіш құралдар тек эстетикалық әсер тудырып қоймай, тілдің мәдени қызметін де атқарады. Олар халықтың дүниені қабылдау ерекшелігін, салт-дәстүрі мен өмір сүру тәжірибесін бейнелейді. Ж. Манкеева өз еңбектерінде көріктеуіш құралдарды этномәдени код ретінде қарастырып, олардың ұлттық санадағы символдық маңызын атап өтеді [16, 115 б]. «Қара жер», «ақ бата», «қызыл гүл» тіркестері жай түс атауы емес, мәдени астары бар көркем образдар. Көріктеуіш тілдік құралдардың теориялық сипатын анықтау үшін тек лингвистикалық талдау жеткіліксіз. Бұл құбылысты когнитивтік және лингвомәдени тұрғыдан қарастыру қажеттілігі туындайды. Когнитивтік бағыт өкілдері (Қ. Жаманбаева, С. Сәтенова) көріктеуіш құралдарды адамның ойлау әрекетімен, психологиялық бейнелеу үдерісімен байланысты қарастырады. Метафора немесе теңеу арқылы адам айналасындағы құбылыстарды өз санасында бейнелі түрде модельдейді, сол арқылы тіл мен ой арасындағы өзара байланысты жүзеге асырады [17, 88 б]. Ал лингвомәдени бағыт өкілдері көріктеуіш тілдік құралдардың мәдени мазмұнын, ұлттық дүниетанымдағы орнын айқындайды. Бұл тұрғыдан келгенде, әрбір көріктеуіш құрал белгілі бір ұлттың рухани тәжірибесін, табиғатқа, адамға, қоғамға деген көзқарасын бейнелейді. Қазақ халқының тіліне тән «ақ көңіл», «кең жүрек», «қара шаңырақ» сияқты тіркестер – мәдени тұрғыдан қалыптасқан тұрақты бейнелер. Олар тек көркемдік элемент емес, ұлттың менталдық кодының бөлшегі [18, 103 б]. Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдарды зерттеуде поэтикалық контекстің рөлі ерекше. Себебі бейнелі сөздің табиғаты көбіне контекст арқылы ашылады. Абайдың «жарқ етпес қара көңілім не қылса да» деген жолында «қара көңіл» тіркесі тек «көңілдің мұңы» емес, рухани күйдің терең символы. Мұндай мысалдар оқушының тілдік-эстетикалық сезімін дамытып, көркем ойлауға баулиды [19, 47 б]. Көріктеуіш тілдік құралдардың теориялық сипаты бірнеше қырдан ашылады: Лингвистикалық қыры – сөздің мағына ауысу, құрылымдық ерекшелік, интонациялық тәсіл арқылы көріктенуі; Эстетикалық қыры – бейнелі сөз арқылы эмоциялық әсер тудыру, көркем ойды күшейту; Мәдени қыры – ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықты таныту.

Бұл үш бағыт өзара сабақтас болған жағдайда ғана көріктеуіш тілдік құралдардың толық табиғаты танылып, оларды мектеп жағдайында оқыту мазмұны айқындалады. Оқушы көркем сөздің тек сыртқы әсемдігін емес, оның астарындағы ұлттық ойды, мәдени кодты түсінуге үйренеді. Бұл — тілдік білімнің ең жоғарғы деңгейі болып табылады.

Қазіргі мектеп жағдайында қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – оқушыны тілдік біліммен қаруландырып қана қоймай, оның тіл арқылы ойлау, сезіну және бейнелі сөйлеу қабілетін дамыту. Бұл тұрғыда көріктеуіш тілдік құралдарды меңгерту жұмысы оқыту үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Себебі көріктеуіш құралдар оқушының тілдік талғамын жетілдіреді, сөздің мәнін терең түсінуге, ойды әсерлі жеткізуге баулиды.

Мектеп бағдарламасында көріктеуіш тілдік құралдарды меңгерту екі бағытта жүргізіледі: біріншісі — тілдік теорияны таныстыру, яғни эпитет, метафора, теңеу, метонимия, гипербола, литота сияқты көріктеуіш құралдардың мағынасын, түрін, қызметін түсіндіру; екіншісі — осы білімді қолдану, яғни оқушылардың көркем мәтінмен жұмыс істеу, бейнелі сөйлем құрастыру, шығармашылықпен жазу дағдыларын қалыптастыру. Оқыту мазмұнын тиімді ұйымдастыру үшін мұғалім ең алдымен оқушылардың жас ерекшелігі мен тілдік дайындық деңгейін ескеруі қажет. Бастауыш сыныпта көріктеуіш құралдар жайлы ұғым қарапайым мысалдар арқылы беріледі. Бұл кезеңде оқушы тілдің бейнелі мүмкіндігін сезінуі тиіс. Ал орта буында – 5–7 сыныптарда – көріктеуіш құралдардың түрлері, қызметі, олардың сөйлеу тіліндегі рөлі талданады. Жоғары сыныптарда — 9–11 сыныптарда — көркем мәтінге терең талдау жасалып, оқушылар өз шығармаларында бейнелі құралдарды орынды қолдануға машықтанады.

Мұғалім үшін маңыздысы – әрбір көріктеуіш құралды оқушыға тек тілдік құбылыс ретінде емес, мәдени және эстетикалық құндылық ретінде таныта білу. Эпитетті талдау барысында оның тек сындық мағына бермейтінін, адам көңіл-күйін, ұлттық дүниетанымды жеткізетінін көрсету қажет. Сол сияқты метафораны үйреткенде оның бейнелі ойды қалыптастырудағы қызметіне назар аударылады. Көріктеуіш құралдарды меңгертудің тиімді әдістерінің бірі – мәтіндік талдау. Бұл әдісте оқушы дайын көркем мәтіннен бейнелі сөздерді тауып, олардың қолданылу мақсатын түсіндіреді. Мұндай жұмыс

оқушының назарын сөздің құрылымдық емес, мағыналық жағына аудартады. Бұл әдіс оқушының ойлау қабілетін дамытып, тілге деген сезімталдықты қалыптастырады. Көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің тағы бір тиімді жолы – шығармашылық тапсырмалар. Оқушыларға қысқа мәтін беріп, сол мәтінге бейнелі сипаттау қосу немесе теңеу арқылы жаңа сөйлем құрастыру ұсынылады. Бұл тәсіл олардың қиялын, эстетикалық қабылдауын дамытады. Сондай-ақ сабақта топтық жұмыс әдісін пайдалану да оң нәтиже береді. Оқушылар топқа бөлініп, әр топқа бір көріктеуіш құрал түрі беріледі. Топ мүшелері өз құралын мысалдармен түсіндіріп, көркем мәтіннен табу немесе өздері ойлап жазу арқылы қорғайды. Бұл оқушылардың ынтымақтастығын арттырып, өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талабына сай, көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды да пайдалану тиімді. Бейнеүзінділер, электронды тесттер, интерактивті жаттығулар арқылы оқушылардың көркем сөзді қабылдау қабілеті артады. Мультимедиялық сабақтарда сурет, дыбыс және бейне қатар қолданылғанда бейнелі сөздердің әсері күшейеді, ал оқушының қызығушылығы жоғарылайды. Мұғалім оқушылардың білімін бағалауда тек дәстүрлі бақылау жұмыстарымен шектелмей, шығармашылық бағалау тәсілдерін қолдануы қажет. Оқушылардың өз жазған мәтіндеріндегі бейнелі сөздердің сапасын талдап, өзін-өзі және өзара бағалау жүргізу тиімді. Бұл әдіс оқушыны сын тұрғысынан ойлауға, өз еңбегіне жауапкершілікпен қарауға үйретеді [18, 56]. Көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің нәтижелілігі мұғалімнің әдістемелік шеберлігіне тікелей байланысты. Мұғалім сабақты түрлендіріп, оқушылардың эмоциялық қызығушылығын оята білсе, кез келген күрделі теориялық ұғым да жеңіл қабылданады. Ең бастысы — оқушының тілге деген сүйіспеншілігін оятып, көркем сөздің қуатын сезіндіру [19, 45]. Мектептегі тіл үйрету тәжірибесі көрсеткендей, бейнелі тілдік құралдарды дұрыс меңгерген оқушы өз ойын дәл, әсерлі, мәдениетті жеткізе алады. Ол көркем мәтінді талдау барысында сөздің астарын түсінуге, автордың көзқарасын сезінуге, тіпті өз ойын көркем тілмен өрнектеуге дағдыланады. Бұл — тіл үйретудің түпкі нәтижесі.

Жалпы білім беретін мектептерде көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің мазмұны тек тілдік білім берумен шектелмейді, ол оқушының дүниетанымын кеңейтіп, эстетикалық сезімін дамытады, ұлттық мәдениетке құрметін арттырады. Ал әдістемелік тұрғыдан мұндай оқыту жүйелі түрде ұйымдастырылса, әр сабақ оқушы үшін қызықты әрі шығармашылық ізденіс алаңына айналады. Мектептегі тілдік білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны тек сауатты жазуға немесе ережелерді жаттауға үйрету емес, ең алдымен, сөздің көркемдік қуатын сезінуге, тіл арқылы ойды бейнелі жеткізе білуге тәрбиелеу. Осы тұрғыдан алғанда көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің нәтижелілігі – оқушылардың тілдік талғамының, шығармашылық қабілетінің және эстетикалық қабылдауының дамуымен өлшенеді. Көріктеуіш құралдарды жүйелі түрде оқыту нәтижесінде оқушылардың сөздік қоры кеңейіп, ойлау дағдысы өзгереді. Мұндай сабақтарда бала сөзге басқаша қарай бастайды: ол сөздің тек мағынасын емес, оның әуезін, реңін, әсерін сезіне алады. Мәселен, бұрын жай ғана “күн шықты” деп айтатын оқушы енді “алтын күн аспанға төгілді” деп бейнелі сөйлем құрауға талпынады. Бұл – тілдік шығармашылықтың бастамасы. Зерттеу тәжірибелері көрсеткендей, көріктеуіш тілдік құралдарды мақсатты түрде үйрету оқушылардың мәтінді түсіну қабілетін айтарлықтай арттырады. Сабақ барысында оқушылар көркем мәтінді талдап, онда қолданылған бейнелі сөздердің әсерін анықтағанда, олардың ойлау жүйесі тереңдейді. Көптеген оқушылар алғашында эпитет пен теңеудің айырмашылығын түсінбесе, сабақтар соңында оларды саналы түрде ажырата алады және өз жазбаларында орынды қолдануға үйренеді. Тәжірибелік тұрғыдан мұндай оқыту тәсілі оқушылардың өзіндік белсенділігін күшейтеді. Әдеттегі грамматикалық жаттығулардан айырмашылығы – бейнелі сөздерді талдау және қолдану тапсырмалары оқушыларды ізденіске, ой қорытуға, пікір айтуға итермелейді. Сабақтар барысында олардың өзара диалогқа түсуі, пікір алмасуы жиілейді. Бұл оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытады, сөз мәдениетіне деген құрметін арттырады. Мұғалімнің байқау парақтары мен бақылау сабақтарының нәтижесінде көріктеуіш құралдарды жүйелі меңгерген оқушылардың тілдік белсенділігі жоғарылағаны, жазбаша және ауызша жауаптарында бейнелі сөйлемдер жиі қолдана бастағаны байқалады. Алдыңғы және соңғы тестілеу көрсеткіштерін салыстырғанда, оқушылардың көркем мәтінмен жұмыс істеу қабілеті шамамен үштен бірге артқан. Бұл – әдістемелік жүйенің тиімділігін дәлелдейтін нақты көрсеткіш.

Көріктеуіш тілдік құралдарды меңгерту оқушының шығармашылық әлеуетін ашады. Мұндай сабақтарда бала еркін ойлауға, сөзді жаңаша көруге, тілдік бірліктерге эстетикалық тұрғыдан баға беруге дағдыланады. Шығармашылық тапсырмалар кезінде оқушылар өз ойларын суреттей отырып жеткізеді, сөйлем құрау барысында бейнелі сөздер іздейді, авторлық теңеу немесе метафора жасауға

талпынады. Осындай әрекеттер олардың қиялын дамытып, тілді қолданудағы сенімін арттырады. Көріктеуіш құралдарды оқыту тиімділігінің тағы бір көрсеткіші – оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығының өсуі. Мәтін талдау барысында олар автордың тілдік ерекшелігіне назар аударады, көркем бейнелердің қалай жасалатынын түсінуге тырысады. Бұл олардың әдеби шығармаларды қабылдауын жеңілдетеді, көркемдік талғамын арттырады. Көптеген оқушылар өз еркімен өлең немесе шағын әңгіме жазуға қызығушылық танытады. Бұл – тілді меңгертудегі ең жоғары нәтиже, яғни тіл тек пән ретінде емес, рухани құндылық ретінде қабылданады. Тәжірибе көрсеткендей, көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертуде оқушының эмоционалды қатысуы мен мұғалімнің әдістемелік икемі шешуші рөл атқарады. Егер сабақта мұғалім бейнелі сөздің әсерін сезіндіре білсе, әр мысалдың астарына үңілдірсе, оқушылардың ішкі қызығушылығы артады. Ал мұғалімнің немқұрайлы немесе құр ережеге негізделген түсіндірмесі мұндай сабақтардың әсерін төмендетеді. Сондықтан тәжірибеде мұғалімнің шығармашылық шеберлігі мен тілге деген сүйіспеншілігі оқыту нәтижесіне тікелей ықпал етеді [15, 78]. Көріктеуіш құралдарды меңгерту үдерісінің тиімділігін арттыру үшін сабақта тек теориялық түсіндірумен шектелмей, практикалық және ойын элементтерін енгізу қажет. “Сөзге жан бітіру”, “Метафора ойыны”, “Теңеуді тап” сияқты жаттығулар оқушыларды бейнелі ойлауға баулиды, сөйлеу дағдысын дамытады. Мұндай тапсырмалар тілді меңгертуді ойын арқылы жүзеге асырып, сабақтың тартымдылығын арттырады.

Нәтижесінде көріктеуіш тілдік құралдарды меңгеру тек тілдік білімнің кеңеюімен шектелмейді, ол оқушылардың дүниетанымдық көзқарасына, ұлттық құндылыққа деген қатынасына да әсер етеді. Көркем сөз арқылы бала ұлттың мәдени бейнесін, салт-дәстүрін, әдептілік нормаларын бойына сіңіреді. Яғни, көріктеуіш тілдік құралдарды үйрету – рухани тәрбиенің де бір бөлігі. Мектеп тәжірибесі мен жүргізілген әдістемелік байқаулардың нәтижесі көріктеуіш тілдік құралдарды жүйелі және мақсатты түрде меңгертудің жоғары тиімділігін дәлелдейді. Мұндай сабақтар оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілетін дамытады, тілге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Тілді тек ереже ретінде емес, өмірдің, ойдың және сезімнің бейнесі ретінде сезіну – көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың ең басты нәтижесі болып табылады.

Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдарды жалпы білім беретін мектептерде меңгертудің әдістемелік жүйесі – оқушының тіл мәдениетін, ойлау қабілетін және эстетикалық талғамын қалыптастыратын маңызды бағыттардың бірі. Бұл тақырып аясындағы зерттеу мен тәжірибе көрсеткендей, бейнелі сөздер мен көркем тілдің мүмкіндігін оқыту үдерісінде жүйелі пайдалану оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың рухани дамуына да оң әсер етеді. Көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің теориялық негіздері қазақ тіл біліміндегі эстетикалық, лингвомәдени және когнитивтік бағыттармен тығыз байланысты. Эпитет, метафора, теңеу, метонимия сияқты тілдік бірліктер оқушыларды ойды бейнелі жеткізуге, сөздің астарын сезінуге баулиды. Бұл құралдарды мектеп бағдарламасында мақсатты әрі жүйелі түрде енгізу арқылы оқушылардың тілдік танымын кеңейтуге, көркемдік сезімін тәрбиелеуге болады [14, 34]. Мектеп жағдайында жүргізілген әдістемелік жұмыстар көрсеткендей, көріктеуіш тілдік құралдарды үйретудің нәтижелілігі мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен сабақ құрылымының мазмұндылығына тікелей байланысты. Егер мұғалім көркем сөздің табиғатын терең түсіндіріп, әр тапсырманы шығармашылық бағытта ұйымдастырса, оқушы да тілге жаңаша көзқараспен қарай бастайды. Сабақ барысында қолданылатын мәтіндік талдау, топтық жұмыс, ойын элементтері мен шығармашылық тапсырмалар оқушыларды белсенді әрекетке, еркін ойлауға және өз ойын бейнелі түрде жеткізуге ынталандырады. Осы бағыттағы сабақтардың тәжірибелік тиімділігі оқушылардың сөйлеу дағдыларынан анық байқалады. Олар сөзді таңдап қолдануға, ойды әсерлі жеткізуге, тілдің көркемдік қуатын сезінуге дағдыланады. Қорыта келгенде, қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің әдістемелік жүйесін жетілдіру – бүгінгі білім беру ісінің өзекті мәселелерінің бірі. Мұндай жүйе тек тіл білімін игертумен шектелмей, оқушының шығармашылық ойлауын, эстетикалық талғамын, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін дамытуды көздейді. Әдістемелік тұрғыдан жүйелі ұйымдастырылған сабақтар нәтижесінде тіл оқыту процесі жанданып, қазақ тілінің байлығы мен көркемдік мүмкіндігі оқушы санасына терең орнығады. Сондықтан болашақта көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту тәжірибесін жаңғырту, сабақ үлгілерін жетілдіру, заманауи педагогикалық технологиялармен ұштастыру – тіл үйрету сапасын арттырып, қазақ тілінің эстетикалық әлеуетін сақтап, оны жас ұрпақтың бойына сіңірудің ең тиімді жолдарының бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. — Алматы: Санат, 2019. — 320 б.
2. Ахметова Г. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. — Алматы: Қазақ университеті, 2020. — 276 б.

3. Жұбанова Ә. Көркем мәтіндегі бейнелілік пен тілдік тәсілдер. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. — 192 б.
4. Мухамеджанова Г.Т. Көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту әдістемесі— Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2022. — 154 б.
5. Әмірова Б. Қазақ тілінің стилистикасы. — Алматы: Білім, 2021. — 268 б.
6. Есенова Л. Қазіргі қазақ тілін оқытудағы көркемдік-танымдық бағыттар. — Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы, 2020. — 188 б.
7. Сыздық Р. Сөз құдіреті. — Алматы: Санат, 2019. — 320 б.
8. Манкеева Ж. Тіл мен мәдениет. — Алматы: Қазақ университеті, 2020. — 276 б.
9. Қасым Б. Тіл және таным. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. — 210 б.
10. Мұратбекова С. Қазақ публицистикасындағы бейнелі тілдік құралдар. — Шымкент: ОҚМУ баспасы, 2021. — 198 б.
11. Кухаренко В.А. Практикум по стилистике английского языка. — Москва: Просвещение, 2018. — 256 с.
12. Галперин И. Р. Стилистика английского языка. — Москва: URSS, 2019. — 312 с.
13. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің стилистикасы. — Алматы: Білім, 2020. — 240 б.
14. Ахметова Г. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. — Алматы: Қазақ университеті, 2020. — 276 б.
15. Манкеева Ж. Тіл мен мәдениет. — Алматы: Қазақ университеті, 2021. — 256 б.
16. Жаманбаева Қ. Тіл мен таным: когнитивтік аспектілер. — Астана: Фолиант, 2019. — 214 б.
17. Сәтенова С. Лингвомәдениеттану және ұлттық дүниетаным. — Алматы: Қазақ университеті, 2021. — 230 б.
18. Абай Құнанбайұлы. Шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 2020. — 312 б.
19. Әмірова Б. Қазақ тілінің стилистикасы. — Алматы: Білім, 2021. — 268 б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР: БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ МОТИВАЦИЯ МЕН ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ

Жолаушина Г.Г.
Талапкер ауылы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Ақмола облысы, Қазақстан.

Бұл мақала білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында оқушылардың оқу мотивациясын арттырудың және академиялық үлгерімін жақсартудың инновациялық құралы ретінде ағылшын тілін оқыту процесінде оқытудың белсенді әдістерін қолданудың тиімділігін талдауға және негіздеуге арналған. Оқытудың белсенді әдістерінның теориялық негіздері, олардың психологиялық-педагогикалық әлеуеті қарастырылады, сондай-ақ оларды практикаға енгізудің нақты мысалдары келтіріледі. Инновациялық әдістеменің негізгі элементтері ретінде жобалау қызметіне, рөлдік ойындарға, кейс-әдістерге және геймификацияға ерекше назар аударылады. Ақпаратты пассивті қабылдаудан белсенді өзара әрекеттесуге көшу білім беру ортасын айтарлықтай өзгертетіні дәлелденді, бұл тілді үйрену процесін әр оқушы үшін мағыналы, тәжірибеге бағытталған және жеке маңызды етеді [1, 651-б.].

Жаһанданған қоғамның заманауи талаптары мен қарқынды ғылыми-техникалық прогресс шет тілдерін, атап айтқанда, іс жүзінде халықаралық қарым-қатынас, ғылым және бизнес тілі болып табылатын ағылшын тілін меңгеру деңгейіне жоғары стандарттар қояды. Оқу орындарының түлектерінен грамматикалық ережелер мен лексикалық бірліктерді білу ғана емес, сонымен қатар тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас, сыни ойлау және мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндігі күтіледі. Алайда, материалды фронтальды ұсынуға және кейінгі бақылауға бағытталған оқытудың дәстүрлі, негізінен репродуктивті моделі көбінесе осы құзыреттердің қалыптасуын қамтамасыз ете алмайды. Бұл оқушылардың ішкі мотивациясының төмендеуіне, сабақтардағы пассивтілікке және коммуникативті дағдыларды игерудің төмен деңгейіне әкеледі [2, 121-б.]. Бұл тұрғыда оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыруға және ағылшын тілі сабағын өзара әрекеттестіктің жаңды, серпінді кеңістігіне айналдыруға қабілетті инновациялық педагогикалық технологияларды іздеу және енгізу ерекше өзекті болып отыр.

Зерттеу мәселесі оқушылардың коммуникативті құзыреттіліктің жоғары деңгейін қалыптастыру қажеттілігі мен қатысу мен мотивация тұрғысынан дәстүрлі оқыту әдістерінің шектеулі тиімділігі арасындағы қайшылықта жатыр. Мақаланың мақсаты-қызығушылықты және соның салдарынан

ағылшын тілін меңгеру сапасын едәуір арттырудың инновациялық құралы ретінде оқытудың белсенді әдістерін тиімді пайдалану бойынша практикалық ұсыныстарды теориялық негіздеу және әзірлеу. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет: Шет тілін оқыту контекстінде оқытудың белсенді әдістері ұғымын анықтау және жүйелеу. Оқытудың белсенді әдістерінның оқушылардың мотивациялық саласына әсер етуінің психологиялық-педагогикалық механизмін ашу. Сабақтың әртүрлі кезеңдеріне қатысты ең тиімді белсенді әдістерді (кейс-әдіс, жобалау қызметі, геймификация) талдау. Оқытушының инновациялық білім беру процесінің фасилитаторы ретіндегі рөлін белгілеңіз.

Қазіргі педагогикада оқытудың белсенді әдістері білім алушылардың оқу материалын игеру процесінде белсенді және жан-жақты (коммуникативті, ойлау, қозғалыс) қызметін қамтамасыз ететін әдістер жүйесі ретінде қарастырылады. Оқушы тек әсер ету объектісі ретінде әрекет ететін пассивті әдістерден (дәріс, оқу) айырмашылығы, оқытудың белсенді әдістері оны диалогқа, шешім іздеуге, бірлескен іс-әрекетке және шығармашылыққа тарта отырып, оқу процесінің субъектісіне айналдырады.

Белсенді оқыту әдістерінің негізгі сипаттамалары: Қатысудың жоғары деңгейі: оқушылар тек тыңдап қана қоймай, тілдік білімді дереу қолдануды қажет ететін тапсырмаларды орындайды. Тәжірибеге бағдарлану: оқыту нақты өмірлік немесе кәсіби жағдайларға мүмкіндігінше жақын. Кері байланыс: үздіксіз ақпарат алмасу және әрекеттер мен білімді жылдам түзету.

Ұжымдық өзара іс-қимыл: командада жұмыс істеу және пікір алмасу дағдыларын дамыту. Психологиялық зерттеулер қызығушылық пен мотивация белсенділік деңгейімен және сәттілік тәжірибесімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Дәстүрлі сабақтар көбінесе оқушыны нақты өмірдегі күш-жігерінің тікелей нәтижесін көру мүмкіндігінен айырады. Оқытудың белсенді әдістері, керісінше, бірнеше негізгі мотивациялық факторларды белсендіреді [3, 355-б.]. Өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі: Жобалық іс-шаралар, мысалы, оқушыларға қызығушылықтары бойынша тақырыпты таңдауға және өзін-өзі көрсету қажеттілігін қанағаттандыратын шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік мотивация: шағын топтарда жұмыс істеу, рөлдік ойындар мен пікірталастар әр қатысушының пікірі мен маңыздылығын сезінуге ықпал етеді. Команданы жібермеу ниеті материалды зерттеуге күшті ынталандыруға айналады. Танымдық қызығушылық: ойындарда проблемалық жағдайларды, жағдайларды немесе күтпеген сюжеттік бұрылыстарды қолдану (геймификация) оқушылардың қызығушылығын тудырады және сыртқы мотивацияны (бағалауды) ішкі (таным процесіне) аудара отырып, өз бетінше жауап іздеуге ұмтылады. Мазасыздықты азайту: байланыс қауіпсіз, ойын немесе имитациялық ортада орын алады, мұнда қателер сәтсіздік ретінде емес, оқу мен түзетудің қажетті элементі ретінде қабылданады. Бұл әсіресе еркін сөйлеуді дамыту үшін өте маңызды. Осылайша, белсенді әдістер ағылшын тіліне тұрақты және терең қызығушылықтың негізі болып табылатын оқытудың когнитивті, әлеуметтік және эмоционалды компоненттерінің үйлесімді үйлесімін қамтамасыз етеді. Инновациялық белсенді әдістер және оларды ағылшын тілін оқытуда жүзеге асыру. Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық тәсіл тек цифрлық құралдарды қолдануды ғана емес, сонымен қатар құзыреттілік тәсілді дамытуға бағытталған әдістемені түбегейлі өзгертуді де білдіреді. Қазіргі білім беру процесіне біріктірілген ең тиімді белсенді әдістерді қарастырыңыз.

Жобаға бағытталған оқыту (Project-Based Learning, PBL). Жобалық қызмет-бұл ең жан-жақты және тиімді белсенді әдістердің бірі. Ол оқушылардың ұзақ уақыт бойы (бірнеше сабақтан төрттен біріне дейін) практикалық тапсырманы орындауын қамтиды, оның нәтижесі нақты немесе модельденген өнімді (презентация, веб-бет, бейне, нұсқаулық, бизнес-жоспар) жасау болып табылады [4, 224-б.]. Үлгі: оқушылар тілдік, ақпараттық және жалпы мәдени білімді біріктіруді қажет ететін тапсырма бойынша жұмыс істейді. Олар ағылшын тіліндегі ақпаратты өз бетінше іздейді, оны талқылайды, жұмыс кезеңдерін жоспарлайды және мақсатты тілді қолдана отырып, түпкілікті нәтижені ұсынады. Қызығушылықты арттыру: оқушылардың мүдделеріне негізделген жобалар (мысалы, "шетелдік қонақтар үшін туған қала бойынша туристік маршрутты әзірлеу" немесе "стартап құру") зерттелетін тілдің практикалық маңыздылығын қалыптастырады.

Кейс-әдісі (Case Study). Кейс-әдіс - бұл шешім қабылдауды немесе күрделі мәселеден оңтайлы жол табуды талап ететін нақты немесе ойдан шығарылған жағдайды талдау. Ағылшын тілі контекстінде кейстер мақсатты тілде ұсынылуы керек және белсенді талқылауды қажет етеді. Үлгі: оқушылар оқиды, істі талдайды, мәселені бөліп көрсетеді, идеялар жасайды, тәуекелдерді бағалайды және шешімін ұсынады. Бұл аргументативті лексиканы, сендіру дағдыларын және пікірталас жүргізуді қажет етеді.

Қызығушылықты арттыру: этикалық дилеммаларға, іскерлік жағдайларға немесе жаһандық мәселелерге қатысты жағдайлар сыни ойлауды ынталандырады және сабақты "миға шабуыл" сияқты етеді, бұл бей-жай қалдырмайды.

Рөлдік және ситуациялық ойындар (Role-Playing and Simulation). Рөлдік ойындар коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін негіз болып табылады. Олар оқушыларды тілді механикалық қайталау үшін емес, белгілі бір мақсатқа жету үшін (билет сатып алу, сұхбаттасу, фильмді талқылау) пайдалану арқылы нақты қарым-қатынас жағдайларына еліктейді [5, 117-б.]. Үлгі: оқушыларға белгілі бір міндеттері мен тілдік функциялары бар рөлдер (клиент, сатушы, дәрігер, пациент) беріледі. Жағдайдың қатаң сценарийі жоқ, бұл импровизация мен икемділікті ынталандырады. Қызығушылықты арттыру: ойын элементі психологиялық кедергілерді жояды. Өз кейіпкерінің "бетінен" сөйлейтін оқушы өзін еркін сезінеді және жаңа тілдік құрылымдарды қолдануға батылырақ.

Сандық құралдарды біріктіру және геймификация. Білім берудегі инновациялар цифрландырумен тығыз байланысты. Геймификация - бұл белсенділікті арттыру үшін ойын элементтерін (ұпайлар, рейтингтер, жетістіктер, белгішелер, квесттер) ойын емес контексте қолдану. Үлгі: интерактивті викториналар жасау үшін онлайн платформаларды пайдалану (Kahoot!, Quizlet Live), "виртуалды саяхат", сондай-ақ грамматиканы немесе лексиканы үйрену үшін квест элементтерін (қашу бөлмесі) бейімдеу.

Қызығушылықты арттыру: бәсекелестік элементтері, жедел кері байланыс және прогресті визуализациялау күнделікті есте сақтауды қызықты жарысқа айналдырады. Цифрлық құралдарды пайдалану оқушылардың заманауи қалауына сәйкес келеді және процестің табиғи бөлігі ретінде қабылданады. Белсенді әдістерді тиімді енгізудің әдістемелік шарттары. Белсенді әдістердің тиімділігі оларды әдістемелік қолдаудың сапасына және мұғалімнің білімнің жалғыз көзі емес, фасилитатор (ұйымдастырушы, тәлімгер) рөліне дайындығына байланысты. Жоспарлау және дайындық. Оқытудың белсенді әдістерін сәтті енгізу мұқият жоспарлауды қажет етеді:

1. Нақты мақсат қою: әрбір белсенді міндет белгілі бір тілдік дағдыларды дамытуға немесе белгілі бір құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталуы керек.
2. Тапсырмаларды саралау: тапсырмалар оқушылардың әртүрлі дайындық деңгейлерін ескеруі керек. Мысалы, жобалық жұмыстың бір бөлігі ретінде әлсіз оқушылар дизайнға, ал күштілері тілдік мазмұн мен презентацияға жауап бере алады.
3. Нұсқаулық: тапсырманың ережелері мен мақсаттарын ағылшын тілінде делдал тілінің ең аз қажетті көлемін қолдана отырып нақты және біржақты түсіндіру қажет.
4. Уақыт ережесі: белсенді жұмыс хаотикалық жұмысқа айналмауы үшін уақытты қатаң сақтау маңызды.

Оқытушының фасилитатор ретіндегі рөлі. Оқытудың инновациялық моделінде оқытушының рөлі түбегейлі өзгереді. Ол "сөйлейтін бас" болуды тоқтатады және айналады:

Бақылаушы және кеңесші: оқытушы оқушыларға шешімдерді өз бетінше іздеуге және қателерді түзетуге мүмкіндік бере отырып, өте қажет болмаса, топтардың жұмысына араласпайды. Ол тек сұраныс бойынша көмек көрсетеді [6, 47-б.].

Мотиватор: жағымды атмосфераны қолдайды, шығармашылықты және бейтаныс лексиканы немесе құрылымдарды қолданумен байланысты тәуекелдерді қолдайды.

Нәтижені ғана емес, процесті бағалаушы: бағалау тек түпкілікті өнімді (жоба, істі шешу) ғана емес, сонымен қатар процесті де қамтуы керек: пікірталасқа қатысу, топтағы ынтымақтастық, тыңдау және дәлелдей білу.

Нәтижелер мен перспективалар. Оқытудың белсенді әдістерін жүйелі қолдану кезінде бірқатар оң нәтижелер байқалады.

Тілді меңгеру деңгейін арттыру: Оқушылар еркін сөйлеудің жоғары деңгейін, бай сөздік қорын және контексте грамматикалық құрылымдарды сенімді пайдалануды көрсетеді.

"Жұмсақ дағдыларды" дамыту: топтық жұмыс, көшбасшылық, көпшілік алдында сөйлеу және ақпаратты сыни тұрғыдан талдау дағдылары жақсарады.

Тұрақты мотивация: ағылшын тілін үйрену "міндет" болуды тоқтатады және жеке мақсаттарға жетудің құралына айналады (квестте жеңіске жету, жобаны сәтті аяқтау).

Жүргізілген талдау оқытудың белсенді әдістері жай ғана қосымша емес, ағылшын тілін оқытудағы инновациялық тәсілдің жүйе құраушы элементі екенін растайды [7, 69-б.]. Жобалық оқыту, кейс-стади, рөлдік ойындар және геймификация сияқты әдістерге көшу оқушылардың төмен мотивациясы мен пассивтілігі мәселесін тиімді шешуге мүмкіндік береді, оқу процесін динамикалық, практикалық-бағдарланған және жеке маңызды қызметке айналдырады.

Коммуникативті және проблемалық жағдайларға белсенді қатысу арқылы қызығушылықты арттыру тілдік білімді сапалы игеруді ғана емес, сонымен қатар XXI ғасырда өзін-өзі табысты жүзеге

асыру үшін қажетті әмбебап құзыреттерді қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Оқытушы фасилитатор ретінде әрекет ете отырып, бұл процесті бағыттайды, оқушы ағылшын тілін жұмыс құралы ретінде қолдануға дайын және дайын орта жасайды. Әрі қарайғы зерттеулер геймификация мен PBL-дің ұзақ мерзімді тілдік құзыреттілікке әсерін сандық бағалау үшін бірыңғай көрсеткіштерді әзірлеуге және осы әдістерді қашықтықтан оқытуға бейімдеуге бағытталуы керек. Қазіргі заманда ағылшын тілін оқыту үдерісі үздіксіз жаңарып, оқушылардың белсенділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдерді талап етеді. Белсенді әдістерді (жобалық жұмыс, рөлдік ойын, флип-класс, геймификация, зерттеу тапсырмалары және т.б.) тиімді пайдалану – білім алушылардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттырудың, тілдік дағдыларын дамыту мен шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірудің маңызды құралы болып табылады. Инновациялық технологиялар оқу процесін дараландыруға, оқушының жеке қабілетін ашуға және білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің рөлі де өзгереді: ол енді тек білім көзі емес, оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыратын, бағыт беретін және ынталандыратын фасилитаторға айналады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, белсенді әдістер мен инновациялық тәсілдерді жүйелі түрде қолдану оқушылардың мотивациясын арттырып қана қоймай, олардың коммуникативтік, сыни және креативтік дағдыларын дамытады. Осыған байланысты, ағылшын тілін оқытуда дәстүрлі және заманауи әдістерді ұтымды үйлестіре отырып, оқушының оқу белсенділігі мен нәтижелілігін арттыру – бүгінгі педагогтың басты міндеті болып табылады. Зерттеу барысында ағылшын тілін оқытудағы инновациялық тәсілдерді, атап айтқанда белсенді әдістерді қолдану оқушылардың мотивациясы мен тиімділігін арттырудағы маңызды рөлін айқындады. Дәстүрлі оқыту әдістері пассивті қабылдауға бағытталған болса, жобалау жұмыстары, кейс-стади талдау, рөлдік ойындар және ойын элементтерін қолдану оқу процесін динамикалық, мағыналы және тұлғаға бағытталған етеді. Белсенді әдістер оқушылардың тілдік материалды тереңірек түсінуіне, сыни ойлау қабілеттерін дамытуына және коммуникативті құзыреттілігін нақты өмірлік жағдайларда қолдануына мүмкіндік береді. Осылайша, оқушылар жай ғана білімді қабылдаушы емес, белсенді қатысушыға және өз оқуының жауапты субъектісіне айналады. Нәтижесінде, ағылшын тілін оқыту практикасына инновациялық және белсенді тәсілдерді кеңінен енгізу, оқытудың сапасын арттырудың және білім берудің заманауи талаптарына сай жоғары мотивациялы, дербес және сәтті коммуникация жасай алатын мамандарды даярлаудың негізгі бағыты болып табылады. Бұл тәсілдер болашақта тілді оқыту әдістемесін жетілдіруге және оқушылардың оқуға деген қызығушылығын ұзақ мерзімге сақтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абрамова, И. А. (2022). Интерактивные технологии в обучении иностранным языкам. Москва: Логос. 650-654.
2. Гальскова, Н. Д. (2018). Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика. Москва: Академия. 137 с.
3. Захарова, Л. В. (2023). Геймификация в образовании: методы, инструменты, результаты. Санкт-Петербург: Питер. 416 с.
4. Prince, M. (2004). “Does Active Learning Work? A Review of the Research.” *Journal of Engineering Education,* 93(3), 223–231.
5. Иванов, П. С. (2021). Проектный метод как средство повышения мотивации. Педагогика и психология образования, 4, 112-125.
6. Клименко, О. В. (2019). Психологические основы формирования мотивации в обучении. Вопросы психологии, 2, 45-58.
7. Ryan, R.M., & Deci, E.L. (2000). “Self-Determination Theory and the Facilitation of Intrinsic Motivation.” *American Psychologist,* 55(1), 68–78.

КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫНЫ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жрембаева Б.М.

Ы. Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназия мұғалімі, Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа заман талабына сай орыс аудиториясына қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда коммуникативтік дағдыларды ескеру маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Коммуникативтік дағдының дұрыс қалыптасуы – айтылмақшы ойды дұрыс жарыққа шығару

құралы әрі шебер сөйлеу. Адамдар арасындағы қатысымдық қабілеттің шеберлігі өмірлік, кәсіби, қоғамдық жағдаяттарда оң шешімдер мен нәтижелерге жетудің оңтайлы тәсілі де бола алады.

Жалпы коммуникация терминін З. Фрейд, К. Юнг, М.Бубер, К.Ясперс, А. Тоффлер, М. Вебер сынды шетелдік ғалымдар жүйелі зерттеген. Осы зерттеушілер еңбектерінде коммуникация термині үш түрлі мазмұнда нақтыланады: қарым-қатынас – байланыс құралы; қарым-қатынас – адамнан адамға берілетін ақпарат; қарым-қатынас – қоғамда ақпарат алмасу. Осы салада көптеген ғылыми пікір айтқан Ф.Оразбаева: «Қарым-қатынастың жүзеге асуына сөйлеу әрекетінің ішкі механизмі, сыртқы үдерістерімен үйлесетін дамуы, жарыққа шығуы бар. Тілдің қарым-қатынас құралына айналуы сыртқы ортаның қажеттілігіне жауап беріп, өз мүмкіндігін жүзеге асыруы. Ал сол мүмкіндіктің табиғаты, механизмі, тілдің ішкі қасиетінен, заңдылықтарынан туындайды [1,12]. Ғалым осы тұжырымына сәйкес тілдесімнің ресми, бейресми, қалыптасқан, кәсіби мамандыққа сай, әлеуметтік және дербестік тілдесім түрлеріне бөліп, әрқайсысы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Ал ғалым А.Панфилова коммуникацияның танымдық, сендірушілік, эксрессивтік, суггестивтік, салттық секілді түрлерін көрседі.

А.Байтұрсынұлы сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарды ерекше атап өтіп, сөйлеуші тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі мен өрнектілігі сияқты сапалық сипаттарын негізгі өлшемдер ретінде белгілеген [2,101]. Бұл көрсеткіштер кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына негіз болатын басты шарттар саналады. Егер осы талаптар толық орындалса, оқушы өз ойын сауатты жеткізіп, іскерлік және тұлғалық тұрғыдан табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Ғалым А.Панфилова мектептерде білім алушылардың коммуникациялық дағдыларын қалыптастыруда бірнеше қиындықтар туындайтынын айтады. Атап айтсақ: Логикалық кедергі — ойлау жүйесіндегі айырмашылықтар мен дүниетанымдық ерекшеліктер салдарынан адамдар арасындағы түсінбеушілік туындайды. Әр адамның таным деңгейі, ойлау стилі мен ақпаратты өңдеу тәсілі әртүрлі болғандықтан, қарым-қатынас үдерісінде логикалық сәйкессіздік байқалады. Семантикалық кедергі — сөйлесім кезінде қолданылған ұғымдар мен сөздердің мағыналық айырмашылығынан туындайтын түсінбеушілік. Стилистикалық кедергі — ақпараттың мазмұны мен оны жеткізу формасы арасындағы сәйкессіздік, яғни ойды тілдік тұрғыдан дұрыс жеткізе алмау. Бұл жағдайда сөйлеушінің сөздік қорының жеткіліксіздігі немесе тілдік бірліктерді орынсыз қолдануы қарым-қатынас тиімділігін төмендетеді. Фонетикалық кедергілер сөйлеушінің тілдік ерекшеліктерімен, атап айтқанда дикция, интонация, логикалық екпін және дауыс ырғағының дәлдігімен байланысты туындайды. Сонымен қатар қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дұрыс айтылуы. Сөздің анық әрі түсінікті айтылуы — тиімді коммуникацияның маңызды шарты [3,49–64].

Зерттеу барысында осы кедергілердің қайсысы жиі, қандай жағдайда және кімде байқалатынын дәл анықтауға мүмкіндік беретін *«Коммуникативтік кедергілердің білім беру саласындағы сипатын анықтауға арналған бақылау картотекасы»* пайдаланылды. Мақсаты: Оқушылардың сөйлеу әрекеті барысында кездесетін логикалық, семантикалық, стилистикалық және фонетикалық кедергілердің сипатын, жиілігін және себептерін бақылау арқылы анықтау. Бақылау экспериментіне Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясының 5-сынып оқушылары (103 оқушы) қатысты. Бақылау картатекасының (орыс сыныптарына арналған бейімделген нұсқа) үлгісі төмендегі QR-код арқылы берілген.

1-сурет. Бақылау картатекасының үлгісі.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, коммуникативтік кедергілердің барлығы да оқушылардың сөйлеу әрекетінде жиі байқалады. Сабақ үстінде немесе қарым-қатынасқа дайындық барысында мұндай қиындықтар жүйелі түрде айқындалып, оларды түзету мақсатында арнайы дидактикалық тапсырмалар мен жаттығулар кешенін қолдану қажеттілігі туындайды. Бақылау барысында анықталған нәтижелер оқушылардың сөйлеу барысындағы кедергілердің жиілігі мен сипатын пайыздық тұрғыда төмендегідей көрсетті:

Кедергі түрі	Жоғары деңгей (%)	Орта деңгей (%)	Төмен деңгей (%)	Жалпы сипаттама

Логикалық кедергі	28 %	46 %	26 %	Ең жиі кездесетін түрі. Көптеген оқушылар әңгімені бастау мен ойды жүйелеуде қиналады; себеп-салдарлық байланыс пен қорытынды жасау дағдылары жеткіліксіз.
Семантикалық кедергі	34 %	43 %	23 %	Сөз мағынасын толық меңгермеу, орыс тілінен тікелей калькалау, тұрмыстық лексика мен жергілікті диалектілердің қолданылуы жиі байқалады.
Фонетикалық кедергі	31 %	45 %	24 %	Қазақ тілінің төл дыбыстарын (“ә”, “ө”, “ү”, “қ”, “ң”) айтуда қиындықтар бар; сөйлеу ырғағы мен екпінді дұрыс қою мәселесі анықталды.
Стилистикалық кедергі	38 %	44 %	18 %	Ресми және бейресми стильдерді ажыратуда ілгерілеу бар, алайда тіл мәдениеті мен сөйлеу әдебін сақтау тұрақсыз.

1-кесте. 5-сынып оқушыларының сөйлеу әрекетіндегі коммуникативтік кедергілердің жиілік көрсеткіштері.

Ең жиі кездесетін кедергі — логикалық кедергі (46 % орта деңгейде). Оқушылардың басым бөлігі ойды жүйелі жеткізу, тақырыпты бастау мен қорытындылауда қиындық көреді. Бұл жағдайларда «жеңілден күрделіге» қағидасын және логикалық құрылым құруға арналған графикалық тәсілдерді (ой картасы, тезис-сызба, т.б.) қолдану тиімді. Семантикалық кедергілер (43 % орта деңгейде) тұрмыстық сөздік қор мен мағыналық дәлсіздікпен байланысты. Мұндай жағдайларда синонимдік қатарлармен жұмыс, сөз мағынасына талдау және контекстік сөздік әдістерін енгізу ұсынылады. Фонетикалық қиындықтар (45 % орта деңгейде) дыбыстарды дұрыс айту мен сөйлеу ырғағын сақтау қабілетінің әлсіздігінен туындайды.

Жүргізілген эксперимент нәтижесінде 5-сынып оқушыларының шамамен 40–45 %-ында коммуникативтік дағдылардың қалыптасуы орта деңгейде екені байқалды. Ең жиі анықталған қиындықтар – логикалық және фонетикалық сипаттағы кедергілер. Сабақ үстінде немесе қарым-қатынасқа дайындық барысында мұндай қиындықтар жүйелі түрде айқындалып, оларды түзету мақсатында арнайы дидактикалық тапсырмалар мен жаттығулар кешенін қолдану қажеттілігі туындайды. Анықталған кедергілердің (әсіресе логикалық және фонетикалық сипаттағы) жиілігі бұл мәселені мақсатты түрде түзету жұмыстарын ұйымдастыруды талап етеді. Осыған орай төменде көрсетілген жалпы педагогикалық шарттар мен әдістерді енгізу – оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдірудің тиімді жолы.

Коммуникативтік орта құру: сабақта еркін сөйлеу, пікір айтуға жағдай жасау (қатесінен қорықпай сөйлей алу атмосферасы). Интерактивтік әдістер жүйесі: «жұптық зерттеу», «кері байланыс шеңбері», «рөлдік ойын», «тілдік тренинг» сияқты әдістер оқушылардың сөйлеу әрекетін белсенді етеді. Цифрлық және көрнекілік қолдау: аудио-визуалды ресурстар (бейнежазба, подкаст, инфографика) арқылы дұрыс айту мен мәнерлі сөйлеу машықтарын дамыту. Дидактикалық тапсырмалар кешені: логикалық байланыс орнатуға арналған тапсырмалар; семантикалық талдау және сөздік жұмысы; сөйлеу әдебі және стильдік сәйкестікті ажырату; фонетикалық жаттығулар.

Кері байланыс пен рефлексия: әр сабақта оқушы өз сөйлеу барысын «не оңай болды / не қиын болды?» тұрғысынан бағалайды. Оқушының жеке траекториясын бақылау:«коммуникативтік кедергілер картотекасын» жүйелі толтыру — қай оқушыда қандай қиындық бар екенін анықтауға және жеке түзету жоспарын жасауға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, коммуникативтік дағдыларды дамыту – тек тіл үйретудің емес, тұлғаның мәдени, әлеуметтік және когнитивтік дамуының негізгі шарты. Сондықтан әр сабақта еркін пікір айтуға, сауатты сөйлеуге, өз ойын дәлелді жеткізуге бағытталған әдістерді жүйелі енгізу – қазіргі қазақ тілін оқытудың басты міндеттерінің бірі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілтамыр: лекциялар курсы. – Алматы: Ан Арыс, 2019. – Т.4. – 472 б.

2. Байтұрсынұлы Ахмет. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

3. Панфилова А.П. Деловая коммуникация в профессиональной деятельности: учеб.пос. – СПб.: 2001. – 496 с.

ТІЛ БОЛАШАҒЫ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАУ АЛАДЫ

Г.Ж. Исина[1], Р.Ж.Бапахова[2]
[1]Директор; [2]Әдіскер, «Жұлдыз» бөбекжайы» КМҚК, Қарағанды, Қазақстан.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен дариды. Тіл байлығы – сөздік қор – әр елдің мақтанышы. Ол – атадан балаға қалдыратын баға жетпес құрал. Қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі. Ол халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етуі керек. Қазақ халқы дүние жүзіне әйгілі «Алпамыс», «Қобланды», «Ертарғын» сияқты батырлар жырын шығарған. Қазақ тілі – Абай тілі [1]. «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген халқымыз.

Тәрбиенің бастауы отбасынан кейін балабақшада жалғастырылады. Біздің балабақшамыз Қарағанды қаласындағы алғаш ашылған қазақ тілді балабақшалардың бірі «Жұлдыз» балабақшасы. Қазақ балабақшасы болғандықтан, жүргізіліп жатқан жұмыс бағыты балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, адамгершілікке баулу. Яғни, жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіру. Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуде ұстаздық борышымызды жауапкершілікпен атқару үшін балаларға білім беруде ұлттық салт-дәстүрлерімізді қолдана отырып үйретудеміз. Қазақ халқы өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап өлең-жырларымен, әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. «Отан» деген ұғым балаға дүние есігін ашқан күннен бастап, үйі, ата-анасы, туған жері, тау-тасы, мөлдіреп аққан бұлағы бейнесінде қабылдануы тиіс. Алға қойған мақсатымызды толық жүзеге асыру үшін ең алдымен балаларға ана тілімізді меңгертуіміз керек. Ол үшін Ата-ана – бала – балабақша тығыз байланыста жұмыс істеу қажет. Балабақша мен ата-аналар ынтымақтастықта жұмыс жүргізсе ата-аналар өздері де өз тілінде, яғни қазақ тілінде сөйлеп балаларына үлгі болса, балаларға тиісті көңіл бөліп, олармен санаса білсе, қазіргі талап – жан-жақты жетілген жаңа адамды тәрбиелеп шығарары сөзсіз. Сондықтан балабақшадан бастап халқымыздың рухани құндылықтарын, оның тілінің қадыр-қасиетін білдіріп өсіру қажет. Қазіргі таңда балабақшамыз «Әжемнің ертегісі», «Алғашқы ұстаз ата-ана», «Тілге бойлау», «Алтын сақа» қалалық, облыстық жобаларымен жұмыс істеудеміз. Осындай жобалар негізінде тәрбиеленушілеріміздің ана тілге деген қызығушылығын арттыруда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық ойындарымыз, салт-дәстүрлеріміз, халық ауыз әдебиетінің үлгілері, ертегілер, аңыздар, өлеңдер арқылы тілін дамытудамыз.

Еліміздің Ата Заңында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі анық көрсетілген. Аталған Заңды орындау, мемлекеттік тілді құрметтеу әрбір азаматтың борышы. Тіліміздің тағдыры – өзіміздің тағдырымыз. Сондықтан мемлекеттік тілді дамытуға өз үлесін қосу – әр азаматтың ой - өрісінің кеңдігіне, алысты пайымдай алатын даналық көзқарасымен қатар, туған жерге деген сүйіспеншілігіне тікелей байланысты деп ойлаймыз.

Қазақ халқының рухани ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Өз тілі мен әдебиеті бар ел ғана өз алдына дербес ұлт бола алады», - деген [2]. Тілі жоғалған ұлт өмір сүруінде тоқтатады

Қазақ тілінің шексіз бағалы байлығы мен күш-қуаты, кемелдігі мен кеңдігі ешқашан талас тудырмайтыны хақ. Себебі, ол әлемдегі барлық тіл атаулыдан ішкі құрылыс ерекшелігімен дараланып, қазақ халқымен бірге жасап, оның төл мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз жалғастырушы, қазақ халқына жан-жақты қызмет ететін бірден-бір ұлтішілік қатынас құралы. Мемлекеттік тілдің деңгейі күннен-күнге өсуде деуге болады. Әсіресе жастар арасында артып отыр. Десек те, тілді үйрену үшін, алдымен сол тілде жетік сөйлесетін орта керек, ал сол ортаны жасайтын өзіміз екенін ұмытып кетеміз. Және де тілді үйрену үшін балада ықылас болуы керек. Ықыласы болмай тілді үйренуі мүмкін емес. Осы жолда әрбір ұстазға үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Баланың тілін дамытуда, шығармашылығын дамытуда, зейінін тәрбиелеуде, оқуға деген ынтасын арттыруда қолайлы әдіс – ойын болғандықтан, мектепке дейінгі ұйымдарда балалар үшін ойынның маңызы зор. Ойналатын ойындар балалардың жас ерекшелігіне қарай алынады. Мысалы, ортаңғы, ересек топтарда ойынның қарапайым түрлері алынса, мектепалды топтарына мазмұны күрделендіріліп алынады. Дидактикалық материалдағы ойындар балалардың меңгеруіне қиындық туғызған жағдайда педагог өз шығармашылығын пайдаланып ойын мазмұнын құрастыруы мүмкін. «Диалог» оқыта-үйрету ойыны. Ойынның мақсаты балалардың сөз байлығын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Ойын сұрақ-жауап түрінде өтеді. Сұрақтар әр тақырыпқа сәйкес өзгеріп отырады. Ойын түрлерін көптеп қолдану балаға өзінің оң әсерін тигізеді. Себебі, баланың назарын аударудың басты құралы – ойын. Балалардың логикалық ойлауын қазақша ойлау деңгейіне жеткізу әрбір педагогтің қасиетті борышы. Ал баланың тілді меңгеруі педагог жұмысының нәтижесі.

«Қазақ тілі» - еліміздің мемлекеттік тілі. Сондықтан да тек мектепке дейінгі ұйымда ғана емес мектепте де, әсіресе орыс тілді сыныптарда мемлекеттік тілді меңгерту үшін ойын элементтерін қолдану өз нәтижесін берері сөзсіз.

Шоқан Уалиханов: «Халық кемеліне келіп дамуы үшін екі-ақ нәрсе керек. Оның біріншісі – азаттық, екіншісі – білім», - деген [3]. Міне, осының біріншісіне қол жеткіздік, ендігі мақсат білімді ұрпақ дайындау. Ол үшін ұстаздардың атқарар міндеті айырықша болмақ.

«Бұлақ көрсең – көзін аш» дегендей, дарынды балаларды халық алдына шығаратын да, бойындағы өнерін бағалайтын да, терең білім алуына жағдай жасайтын да ұстаз. Ол үшін педагог тынымсыз, үздіксіз ізденісте болуы шарт.

Тіл, тіл мәдениетін игеру – әр баланың сәби шағынан басталып, әрі қарай біртіндеп жетіліп отыратын үрдіс. Жоғарыда айтқандай, баланың тілінің дұрыс, оның ішінде қазақ тілінде шығуы – отбасынан кейін ол - балабақшада. Тіл дүниені танудың кілті. Ол мәдениет деп аталатын дүниенің мәңгілік ажырамас бөлшегі, бүкіл қоғамды алға жылжытушы, дүниетанудың негізгі, қарым-қатынас құралы. Қай кезде болмасын, ана тілі мәселесі – сол тілде сөйлейтін, сол тілден сусындаған, ұлттық, тілдік белгісі болып саналатын халықтың мәселесі. Тіл – ұлттың тірегі, жан дүниеңді ашып көрсететін мөлдір айнаң. Сондықтан да, әр баланың тілінің ана тілінде шығуын балабақшадан қолға алу керек деп есептейміз. Ол үшін баланы балабақшада ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындату қажет. Мысалы, мақал-мәтел, жаңылтпаш, санамақтар жаттату, жұмбақтар шешуге жаттықтыру. Және бала тілі өз ана тілінде дамуы үшін ұлттық санасын оята отырып,қазақ салт-дәстүрлерінің озық үлгілерімен тәрбиелеу керек. «Тәрбиенің негізі – ұлттық тәрбие» - деп дұрыс айтылған. Сол үшін де тіл халықтың жан дүниесінің айнасы, ұрпақтарының қадыр тұтар мұрасы болып қалады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, Демокриттің «Дарыннан дана шығады,өйткені өмір мәні – асыл ой» деген ұлағатты сөзі еліміздің өркениетті елдер қатарына көтерілу мақсатына сай айтылған деп ойлаймыз. Ал, өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Бүгінгі ғаламдану үрдісінде ұлттық ізгі дәстүрді, ұлттық сананы жалғастыру, ұлттық бейнені, тілімізді сақтау – ең негізгі құндылықтар. Қорыта келгенде, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін мекеменің басты міндеті – ана тілін қастерлей білетін Қазақстанның жаңа азаматын тәрбиелеу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Адамбаев Б. Шешендік өнер. - Алматы, 1992. - 89 бет.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл - құрал.- Астана: Алашорда, 2022.
3. Уәлиханов Ш. Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том / Ғылыми редактор: Көшім Есмағамбетов. - Алматы: Толағай групп, 2010. – 376 б.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Карыбаева Г.С.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 МЛ мұғалімі, Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесі жаһандану дәуірінде адам мен қоғамның сұранысына сай жаңарып келеді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев *«Білім беру саласында жасанды интеллект технологияларын енгізу — жаңа ұрпақтың интеллектуалдық әлеуетін арттырудың басты жолы»* деп атап өткендей, бүгінгі педагог тек дәстүрлі оқытушы емес, инновация мен құндылықты үйлестіре алатын тұлға болуы тиіс [1, 2-б.].

Қазақ тілі мен әдебиеті — ұлттың рухани өзегі. Сондықтан бұл пәндерді құндылық бағдарлы оқыту арқылы оқушыларды ұлттық сана мен мәдени мұраға баулу, сонымен қатар цифрлық құзыреттілікті дамыту — білім беру жүйесінің жаңа стратегиялық бағыты болып отыр. Құндылық бағдарлы оқытудың педагогикалық мәні: Құндылық бағдарлы оқыту – оқушының бойында рухани-адамгершілік, мәдени және ұлттық қасиеттерді дамытуға бағытталған жүйе. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (2023 ж.) сәйкес, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мақсаты — оқушылардың: ұлттық мәдениетті түсінуі мен құрметтеуін дамыту; тіл арқылы ойлау мен қарым-қатынас жасау қабілеттерін жетілдіру; оқу және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Мұғалімнің міндеті – әр сабақта біліммен қатар құндылық дәнін себу. Яғни, оқушы тек мәтінді талдамай, оның адамгершілік, тарихи және мәдени мазмұнын түсінуі қажет [2, 8-б.].

Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану тәжірибесі: Жасанды интеллект (AI) – бүгінгі білім беру үдерісінің жаңа серпіні. Мен өз тәжірибемде бұл технологияны оқушылардың оқу және жазу дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында қолданып келемін.

Мысал 1. «Әдеби кейіпкер бейнесін талдау» сабағы. 7-сынып оқушыларымен М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзінді талдау кезінде ChatGPT арқылы: кейіпкердің мінезін сипаттайтын 5 сын есім, оқиғаға байланысты 3 сұрақ, 1 афоризм құрастырдық. Бұл әдіс балаларды шығарманы терең түсінуге және әдеби талдауға шығармашылық тұрғыдан келуге үйретті. AI талдауы арқылы алынған мәліметтерді оқушылар өз рефлексияларында пайдаланып, көркемдік талдау қабілеттерін арттырды.

Мысал 2. «Мәтіннен өмір сабағын іздеу» тапсырмасы. 5 «Б» сыныбында С.Бегалиннің әңгімелерімен жұмыс барысында оқушылар AI құралын қолданып, кейіпкер әрекетінен шығатын өмірлік құндылықтарды анықтады. Олар «Қайырымдылық», «Адалдық», «Еңбекқорлық» ұғымдарын талқылап, заманауи мысалдармен байланыстырып айтты. Бұл тәсіл арқылы оқушылар құндылықтық ойлау қабілетін дамытты және әдебиет пен өмірдің арасындағы байланысты сезінді.

Мысал 3. «Жас зерттеушілер лабораториясы» әдісі. Әдеби шығарма бойынша оқушыларды топқа бөліп, әр топқа AI арқылы ақпарат іздеу, мәтінді салыстыру және PowerPoint немесе Canva бағдарламасында шағын инфографика жасау тапсырылды. Нәтижесінде: оқу сауаттылығы артты; топтық жұмыс мәдениеті қалыптасты; ұлттық мазмұнды заманауи формада көрсету дағдысы дамыды. Бұл тәжірибелер көрсеткендей, жасанды интеллект оқушылардың танымдық белсенділігін, эмоционалдық қызығушылығын және зерттеушілік дағдысын арттыратын қуатты құрал [4, 89-б.].

3. Функционалдық және оқу сауаттылығын дамыту жолдары

Функционалдық сауаттылық – оқушының алған білімін өмірде қолдана білуі. Мен өз тәжірибемде мынадай әдістерді тиімді деп санаймын: «Мәтін өмір айнасы» әдісі: Оқушылар әдеби шығармадағы проблеманы бүгінгі күнмен байланыстырып, өз пікірін эссе түрінде жазады. «Дәйексөзден ой түю»: Мәтіннен алынған нақыл сөзге сүйеніп, өмірлік ұстанымдарын білдіреді. «Жас тілші» жобасы: Әдеби кейіпкер атынан заманауи газетке сұхбат немесе блог жазу. «AI-редактор» тәсілі: Оқушы өз эссесін жазған соң, ChatGPT арқылы орфографиялық және логикалық қателерді тексереді. Бұл тәсілдер арқылы оқушылардың: жазу дағдысы, ой қорыту қабілеті, ақпаратты сын тұрғысынан талдау икемі дамиды [5, 33-б.].

4. Құндылық бағдарлы оқыту нәтижелері. Менің тәжірибем көрсеткендей, құндылық бағдарлы оқытуды жасанды интеллектпен ұштастырған сабақтарда: Оқушылар өз ойын еркін, дәлелмен жеткізеді; Тіл мен әдебиетке қызығушылығы артады; Әдеби кейіпкерлер арқылы адамгершілік қасиеттерге баулынады; Оқу сауаттылығының көрсеткіші едәуір жоғарылайды. Мысалы, өткен оқу жылы соңында 5 «Б» сыныбының 82%-ы оқу сауаттылығынан жоғары деңгей көрсетті. Бұл — жүйелі түрде құндылық пен цифрлық технологияны қатар енгізудің нәтижесі.

5. Перспективалар және мәселелер. Мәселелер: Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін жетілдіру қажеттілігі; Қазақ тілінде AI құралдарының аздығы; Әдістемелік нұсқаулықтардың жетіспеушілігі. Перспективалар: Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне бейімделген ұлттық цифрлық платформа жасау; Мұғалімдерге арналған AI-педагогика курстарын енгізу; Құндылық бағдарлы оқытуды жаңа стандарт негізінде цифрлық ортада дамыту. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы басты мақсат – рухани құндылықтарды сақтай отырып, заманауи технологияларды меңгерген тұлға тәрбиелеу. Құндылық бағдарлы білім мен жасанды интеллекттің тоғысуы – бұл болашақ мұғалім мен оқушының жаңа мәдениетке енуі.

Бүгінгі білім беру — ақпарат беру үдерісі ғана емес, адамның тұлғалық әлеуетін ояту миссиясы. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында әр сөздің астарында ұлттың рухы мен болмысы, ұрпаққа деген жауапкершілік жатыр. Абай Құнанбайұлы айтқандай: *«Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі виноват»* [6, 72-б.]. Осы ойдың астарында ұстаздың қоғам алдындағы жауапкершілігі жатыр. Егер біз балаға тек білім емес, рухани бағыт пен адамдық бағдар бере алсақ — ұлттың іргесі мықты болмақ.

Мұхтар Әуезовтің *«Халық пен халықты теңестіретін – білім»* деген сөзі [7, 54-б.] қазіргі заманда бұрынғыдан да өзекті. Бұл сөз ұстаз еңбегінің мәнін айқындайды: бір жағынан – ұлттық болмыс пен дәстүрді сақтау, екінші жағынан – жаңа технологиялар мен әлемдік өркениетке бейімделу. Жасанды интеллект – ұстаздың орнын баспайды, керісінше ой серігі, әдістемелік көмекшісі. Технология мен руханиятты ұштастыра білген ұстаз ғана шәкірт санасына жарық түсіре алады. Ахмет Байтұрсынұлының *«Мұғалім – мектептің жүрегі»* деген сөзі [8, 16-б.] — дәл осының дәлелі. Менің өз тәжірибемде AI құралдары (ChatGPT, Canva, Recraft т.б.) оқушылардың шығармашылық, тілдік және

логикалық қабілеттерін ашуда тиімді құрал болды. Бірақ басты нәтиже – технология арқылы емес, жылы сөз бен шынайы ықылас арқылы жеткен. Себебі, техника ақпарат береді, ал ұстаз тұлға қалыптастырады. Сондықтан бүгінгі педагогтің басты миссиясы — білім беріп қана қоймай, адамдық пен ақылды, ұлттық пен жаһандықты қатар ұсыну. Болашақтың мектебі — рух пен интеллекттің тоғысқан мекені болуы тиіс. Шәкәрім Құдайбердіұлының сөзімен айтқанда:

«Адамдық борышың — халқыңа еңбек қыл,
Ақ жолдан айнымай ар сақта, әділ бол» [9, 41-б.].

Міне, осы өсиет — құндылық бағдарлы оқытудың өзегі. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары тек пән емес — рухани тәрбие мен ұлттық сананы ұлықтайтын мектеп. Біз технологияны қолдана отырып, сол рухты жоғалтпай, керісінше жаңа заман талабына сай биіктетуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.-Ж. *Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы.* – Астана: Ел баспасы, 2024.– 15б.
2. *ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері).* – Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2023. – 35 б.
3. Айтпаева А. *Құндылық бағдарлы білім беру: теориясы және практикасы.* – Алматы: Білім, 2022. – 152 б.
4. Жүсіп Н., Сағындықова Ш. *Жасанды интеллект және қазақ тілі сабағындағы инновациялар.* – Астана: Арман-ПВ, 2024. – 175 б.
5. Сейілова Г. *Функционалдық сауаттылық – білім сапасының өлшемі.* // *Қазақ тілі мен әдебиеті* журналы. – 2023. – №4. – 30–35-бб.
6. Оразбаева Ф.Ш. *Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі.* – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы ҚБАРБК, 2000. – 208 б.
7. Абай Құнанбайұлы. *Қара сөздер.* – Алматы: Жазушы, 2021. – 180 б.
8. Әуезов М. *Таңдамалы шығармалар.* – Алматы: Ғылым, 2018. – 320 б.
9. Байтұрсынұлы А. *Ақ жол: таңдамалы шығармалар.* – Алматы: Жазушы, 2019. – 210б.
10. Шәкәрім Құдайбердіұлы. *Үш анық.* – Алматы: Раритет, 2020. – 150 б.

ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Кошерова Б.М.
«Экономикалық лицей» ЖШС оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Қазақстандық білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – қоғамның рухани және мәдени дамуына үлес қосатын, ұлттық сана-сезімі жоғары, адамгершілігі мол тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатқа жетудің маңызды жолдарының бірі – құндылық бағдарлы оқыту болып табылады. Ол дегеніміз- білім алушының бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, тұлғаның рухани әлемін байытуға бағытталған педагогикалық үдеріс.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні – осы бағытты жүзеге асырудың ең тиімді құралы болып саналады. Себебі тіл мен әдебиет – халықтың рухы, дүниетанымы мен мәдениетінің айнасы. Құндылық бағдарлы оқытудың мәні – оқушылардың танымдық қабілетін дамытумен қатар, олардың ішкі жан-дүниесін, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге бағытталған оқыту жүйесі. Мұндай тәсілде оқу материалы тек тілдік немесе әдеби білім көзі ретінде ғана емес, адам мен қоғам өміріндегі рухани құндылықтарды ұғындыру құралы ретінде қарастырылады [2, 32-б.].

Қазақ тілін оқытуда бұл бағыт мына құндылықтарды қамтуға негізделеді [8, 16-б.].

Отансүйгіштік – туған жерге, елге деген сүйіспеншілік сезімін арттыру;

Адамгершілік пен сыйластық – қарым-қатынаста сыпайылық пен ізеттілікке тәрбиелеу;

Тілге құрмет – мемлекеттік тілді құрметтеу және оны өмірде еркін қолдануға дағдыландыру;

Еңбекқорлық пен жауапкершілік – оқу және шығармашылық әрекет арқылы табандылықты дамыту;

Эстетикалық талғам – көркем сөз өнерін түсіну, әдеби шығармадан рухани ләззат алу.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары арқылы оқушылар халқымыздың тарихымен, мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен танысады. Бұл сабақтарда ұлттық құндылықтар тек мазмұн арқылы емес, оқыту әдістері мен қарым-қатынас мәдениеті арқылы да қалыптасады.

Тіл сабақтарында оқушылардың сөздік қорын байыту, мәтінмен жұмыс істеу барысында ұлттық ұғымдарға (ата дәстүр, туыстық атаулар, тұрмыстық мәдениет, т.б.) ерекше көңіл бөлу – ұлттық дүниетанымды кеңейтеді, көркем шығарманы талдау арқылы оқушылар ізгілік, ерлік, әділдік, еңбексүйгіштік сияқты асыл қасиеттерге тәрбиеленеді. Құндылық бағдарлы оқыту арқылы ұлттық құндылықтарды оқушы бойына қалыптастыруды мына бағытта жүргізуге болады. Мазмұнды ұлттық рухта құру, оқу материалдарын ұлттық мәдениет пен дәстүрлерге негіздеп құрастыру маңызды. Қазақ тілін, әдебиетін, тарихын оқыту кезінде ұлттық салт-дәстүрлерді, ұлы тұлғалардың өмірі мен еңбегін, халықтың дүниетанымын терең таныту қажет. Мысалы, қазақтың мақал-мәтелдері, халық ертегілері, аңыздары арқылы оқушыларға ұлттық даналық пен өмірлік тәжірибе жеткізіледі. Оқушылардың сөздік қорын ұлттық терминдермен байыту, ұлттық фразеологияны үйрету, ұлттық көркем әдебиетті талдау олардың ұлттық санасын қалыптастырады. Мысалы, әдеби шығармаларды талдау барысында кейіпкерлердің ұлттық мінез-құлқын, салт-дәстүрді сақтау сияқты қасиеттерін көрсету. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін тарих, музыка, сурет өнері сияқты пәндермен байланыстыру қажет. Мысалы, «Наурыз» мейрамын тіл сабағында оқытып, музыка сабақтарында ұлттық әндерді тыңдату, өнер сабақтарында ұлттық ою-өрнектерді жасау арқылы. Мұғалімнің өмірлік ұстанымы, кәсіби қарым-қатынасы оқушыларға рухани тәрбие береді. Интерактивті тақтамен жұмыс, мультимедиалық презентациялар, онлайн ресурстар арқылы ұлттық құндылықтарды таныстыру әдістерін әртараптандыруға болады. Осы принциптер мен әдістерді жүйелі қолдану арқылы ұлттық құндылықтар оқушылардың жүрегіне терең сіңеді, олардың жеке тұлғасы қалыптасады және патриоттық сезімдері нығаяды.

Өз тәжірибемде құндылық бағдарлы оқытуды жүзеге асыру үшін келесі тәсілдерді жиі қолданамын: Әңгімелесу және пікірталас әдісі арқылы. Мысалы, сабақ барысында «Отбасылық құндылықтар», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Ата-анаға құрмет» туралы әңгіме жүргізуге болады. Оқушылар өз ойларын білдіріп, отбасы туралы жақсы әңгімелер айтып, ата-аналарға деген құрметтің маңызын талқылайды. Бұл әдіс оқушылардың адамгершілік және отансүйгіштік құндылықтарын қалыптастырады. Мақал-мәтелдерді талдау және жаттау. Қазақ мақал-мәтелдері қысқа әрі мәнді, оларда өмірлік даналық пен ұлттық тәлім бар. Мысалы, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Туған жер – алтын бесік», «Еңбек – үлкен байлық» сияқты мақалдарды түсіндіру, оларды өмірге қалай қолдануға болатынын талқылау. Оқушылар мақал-мәтелдерді жаттап, сабақ соңында олар туралы шағын баяндама жасайды.

Ұлттық дәстүрлерді таныстыру және тәжірибеден өткізу. «Наурыз мейрамы», «Тұсау кесу», «Тілашар» сияқты дәстүрлер туралы оқушыларға мәлімет беріп, оларды сахналау немесе суреттер арқылы көрсету. Мысалы, «Тұсау кесу» дәстүрінің мәнін түсіндіріп, сыныпта «Тұсау кесу» рәсімін өткізгендей шағын көрініс ұйымдастыру. Бұл оқушылардың ұлттық дәстүрлерді түсінуін әрі оларды құрметтеуге тәрбиелейді. Әсіресе оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа бір дәстүрді (бесікке салу, тұсау кесу, қыз ұзату, беташар т.б.) зерттеу тапсырмасын беремін. Әр топ дәстүрдің мәнін таныстырып, шағын көрініс көрсетеді немесе бейнежазба дайындайды. Оқушылар жаңа сөздерді меңгере отырып, халқымыздың рухани байлығына құрметпен қарауға үйренеді. Абай Құнанбаев туралы өткенде оқушылармен бірге «Адам болу деген не?», «Абай айтқан бес асыл іс пен бес дұшпан бүгінгі өмірде қалай көрініс табады?» деген сұрақтар төңірегінде пікірталас өткіземін. Оқушылар өз ойын ашық айтып, өмірлік ұстанымдарына байланысты мысалдар келтіреді. Бұл сабақтарда тілдік дағды ғана емес, өмірлік құндылықтар да қалыптасады.

Өз пікірін жазбаша білдіру (эссе, шағын шығарма). «Менің сүйікті дәстүрім», «Отбасы – менің тірегім», «Туған жерім – асыл қазынам» тақырыптарында шағын шығармалар жазу арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды жеке өмірімен байланыстырып түсінулеріне көмектеседі. Сурет арқылы ұлттық мәдениетті таныстыру. Балаларға қазақтың ұлттық киімдері, тұрмыстық заттары, ұлттық аспаптары туралы суреттер немесе бейне материалдар көрсетемін. Одан кейін балалар өздері сурет салуы немесе ұлттық киімнің суретін бояуы мүмкін. Бұл әдіс арқылы ұлттық мәдениеттің көркемдік тұстарын түсіндіру жеңілдейді.Эстетикалық сезімдері қалыптасады. Әдемілікке ұмтылады. Ойындар мен викториналар. «Қазақтың ұлттық киімдері», «Танымал қазақ мақалдары», «Ұлттық тағамдар» туралы викториналар ұйымдастырамын. Ойын түрінде өткен білімді бекіту оқушылардың белсенділігін арттырады және ұлттық құндылықтарды есте сақтауға септігін тигізеді. Осы құндылықтарды өмірмен байланыстыру арқылы сабақ соңында «Мен бүгінгі сабақтан не үйрендім?» немесе «Қай құндылық маған әсер етті?» деген сұрақтар қойылады. Бұл рефлексия әдісі оқушылардың өз әрекетіне баға беріп, сабақтан алған рухани әсерін сезінуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда құндылық бағдарлы оқыту – бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі ретінде оқушылардың жан-жақты дамуына, рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына зор мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтарды оқушы бойына сіңіру арқылы олар өз елінің тарихы мен мәдениетін терең түсініп, ұлттық санасын нығайтады. Бұл процесс тек білім беру деңгейінде ғана емес, сондай-ақ тәрбиелік аспектілерде де үлкен мәнге ие. 5–6 сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылған оқыту әдістері – пікірталас, мақал-мәтелдерді талдау, ұлттық дәстүрлерді таныстыру, шығармашылық жұмыстар мен ойындар – оқушылардың танымын арттырып, ұлттық мәдениетке деген қызығушылық пен құрметті оятады. Бұл әдістер оқушылардың сөйлеу мәдениетін, өз ойын еркін жеткізуін дамытып қана қоймай, оларды адамгершілік, жауапкершілік және отансүйгіштік сияқты құндылықтармен сусындатады. Бұл ретте мұғалімнің рөлі ерекше маңызды: ол оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды ұғындыруда бағыттаушы әрі тәлімгер ретінде әрекет етеді. [7,10-б.]. Мұғалімнің сабақтағы әдістері мен қарым-қатынасы оқушылардың құндылықтарды игеруіне, олардың өмірлік ұстанымдарына айналуына ықпал етеді. Сонымен қатар, құндылық бағдарлы оқыту оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың өз-өзіне сенімін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Осылайша, құндылық бағдарлы оқыту әдістерін жүйелі әрі тиімді қолдану арқылы оқушының бойында ұлттық рух, мәдениетке деген құрмет пен сүйіспеншілік дами түседі. Бұл – еліміздің тәуелсіздігі мен болашағы үшін маңызды, себебі ұлттық құндылықтар тәрбиеленген ұрпақ – қоғамның негізі, оның дамуы мен тұрақтылығының кепілі болып табылатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Г. Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: ұлттық құндылықтарды енгізу жолдары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2022. – № 3. – 45–52 б.
2. Жұмабекова А. Т. Ұлттық тәрбие мен тілдің байланысы // Ұлт тағылымы. – 2021. – № 4. – 12–18 б.
3. Құнанбаев А. Қазақтың ұлттық құндылықтары // Қазақ әдебиеті. – 2020. – № 2. – 25–30 б.
4. Мұхамедова С. Ә. Қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтарды интеграциялау әдістері // Білім беру мәселелері. – 2023. – № 1. – 8–15 б.
5. Нұрғалиева Р. Құндылық бағдарлы оқыту: теориясы мен практикасы // Педагогика және психология. – 2022. – № 5. – 55–60 б.
6. Сейітов М. Ұлттық мәдениет және тіл // Мәдениеттану мәселелері. – 2021. – № 3. – 20–25 б.
7. Тұрсынова Б. Қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызы // Ұлттық білім беру. – 2020. – № 6. – 10–14 б.
8. Жанұзақова А. Қазақ әдебиетін оқытуда ұлттық құндылықтарды енгізу әдістері // Әдебиеттану мәселелері. – 2023. – № 1. – 18–22 б.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ – ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Курумбаева Ж.Ж.

«Экономикалық лицей» ЖШС оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінің басты міндеті – білімді ғана емес, жан-жақты дамыған, рухани байыған, құндылықтық бағдарлары қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу. Білім беру саласындағы жаңа стратегиялық бағыттар оқушылардың жеке тұлғалық дамуына, олардың құндылықтық-бағдарлық санасын қалыптастыруға баса назар аударуды талап етеді. Бұл мәселе тіл мен әдебиетті оқыту үдерісінде айрықша маңызға ие, себебі дәл осы пәндер адамгершілік құндылықтарды, мәдени мұраны, ұлттық сананы қалыптастырудың негізгі құралдары болып табылады.

Құндылық бағдарлы оқыту – бұл білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекше тәсілі, онда білім алушының жеке тұлғалық қасиеттері, құндылықтық бағдарлары, эмоционалды-құндылықтық қатынасы басты назарда болады. Бұл оқыту заманауи білім берудің маңызды компоненті болып отыр. Тіл мен әдебиет пәндері құндылық бағдарлы оқытудың ең тиімді аясы болып табылады. Әдеби шығармалар адамгершілік құндылықтардың, рухани мұраның, мәдени дәстүрлердің көрінісі және тасымалдаушысы. Тілді үйрену – тек қарым-қатынас құралын меңгеру емес, сонымен қатар ұлттық санаға, мәдениетке, дүниетанымға терең бойлау.

Теориялық тұрғыдан құндылық бағдарлы оқыту тұлғаға бағытталған педагогика мен аксиологиялық (құндылықтар туралы ілім) тәсілдің тоғысында қалыптасады. Мұнда білім беру мазмұны оқушының ішкі әлеміне әсер ететіндей, оның моральдық пайымын оятып, өзіндік рефлексиясын дамытуға бағытталады. Тіл – ұлттың рухани өзегі, ал әдебиет – сол рухтың көркем бейнесі. Демек, тілдік бірліктер мен көркем мәтіндер құндылықты мағына тасығыш ретінде қарастырылады. Қазақ әдебиетіндегі классикалық мәтіндер ұлттық құндылықтардың бай мұрасын сақтаған. Абай Құнанбайұлының қара сөздері осының айқын дәлелі. Абайдың «Адам болам десеңіз, бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген ұлағаты адамгершілік бағдардың мазмұнын нақтылап береді. Бұл жерде автор жалаң үгіт емес, практикалық әрекетке бастайтын құндылықтық бағдар ұсынады. Сабақта осы цитатаны талдату арқылы әділет, ынсап, қанағат, рақым секілді ұғымдардың қазіргі өмірмен байланысын оқушылар өздері ашады.

Ыбырай Алтынсарин педагогикасында да құндылық өзегі айқын. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңіндегі білімге шақыру, еңбектің қадірін тану – құндылық бағдарлаудың тікелей көрінісі. Ыбырай әңгімелеріндегі адалдық, мейірім, жауапкершілік сынды қасиеттерді мәтіндік дәлелдермен ашу оқушыны моральдық таңдау жасауға жетелейді. Қазақ тілінің теориялық курсы – грамматика, лексикология, фразеология, мәтін лингвистикасы – құндылықпен тығыз байланыста зерделенуі мүмкін., Мәселен, фразеологиялық тұлғалардың этномәдени астарын ашу арқылы оқушы тілдік бірліктерді тұлғалық тәжірибесімен ұштастырады. «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Ырыс алды – ынтымақ» тәрізді мақал-мәтелдерді талдау тілдік норманың ар жағында тұтас құндылықтар жүйесі тұрғанын көрсетеді.

Құндылық бағдарлы тәсілдің нәтижесі Bloom таксономиясының жоғары сатыларында көрінеді: талдау, жинақтау, бағалау, жаңа жағдайға көшіру. Оқушы мәтін мазмұнын қайталап айтып бермей, одан құндылықты мәнді бөліп алып, өз өмірлік тәжірибесіне қолдану алгоритмін жасайды. Бұл – функционалдық сауаттылықтың шынайы көрсеткіші.

Құндылықтарды қалыптастырудың негізгі бағыттары: Ұлттық құндылықтар: қазақ тілі мен әдебиеті арқылы ұлттық сананы, патриотизмді, туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Классикалық әдебиет үлгілері (Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев шығармалары) ұлттық өзіндік сананың, рухани мұраның негізі болып табылады; Адамгершілік құндылықтар: әдеби кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талдау арқылы әділеттілік, ізгілік, мейірімділік, адалдық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Әдебиет сабақтарында моральдық дилеммалар туралы талқылаулар, кейіпкерлердің таңдауын бағалау оқушылардың құндылықтық бағдарларын дамытады; Мәдени құндылықтар: әлемдік және ұлттық мәдениетті танып-білу, әдеби дәстүрлерді құрметтеу, көркем сөз өнерін бағалау дағдыларын қалыптастыру. Түрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуін түсіну, толеранттылықты дамыту; Танымдық құндылықтар: білімге деген құштарлық, ақпаратты сыни бағалау қабілеті, өзіндік ойлау дағдыларын қалыптастыру. Әдеби мәтіндерді талдау арқылы шығармашылық ойлауды, зерттеушілік құзыретті дамыту; Қоғамдық құндылықтар: қазақстандық патриотизм, азаматтық жауапкершілік, қоғамдық белсенділік, өзге ұлт өкілдеріне құрмет сияқты қасиеттерді тәрбиелеу.

Құндылық бағдарлы оқытудың әдістемелік тәсілдері: Мәтінмен жұмыс істеудің құндылықтық-бағдарлы әдістері: әдеби мәтінді оқу – бұл тек сюжетті түсіну емес, сонымен қатар автордың идеясын, шығарманың құндылықтық мазмұнын ашу. Аксиологиялық талдау: шығармадағы құндылықтар жүйесін анықтау, кейіпкерлердің құндылықтық таңдауын талқылау. Эмпатиялық оқу: кейіпкерлердің эмоцияларына үңілу, олардың жағдайын түсіну, өз тәжірибесімен салыстырады. Диалогтық оқу: автормен, кейіпкерлермен, басқа оқырмандармен диалог құру, әртүрлі көзқарастарды талқылау; Рефлексивтік оқу: оқыған материалды өз өміріне, құндылықтарына қатысты түсіндіру.

Тиімді әдістер: Әдеби пікірталастар мен дебаттар: оқушылар өз пікірін дәлелдейді, әртүрлі көзқарастарды талдайды, дискуссияға қатысады; Шығармашылық жобалар: әдеби шығармалар негізінде өзіндік көркем мәтіндер, презентациялар, театрландырулар дайындау; Топтық жұмыс: ынтымақтастық, жауапкершілік, басқаларды тыңдау және түсіну дағдыларын дамыту; Рөлдік ойындар: әдеби кейіпкерлердің рөлін орындау арқылы олардың мотивациясын, құндылықтарын терең түсіну; Жеке тұлғалық-бағдарлы әдістер: жеке тұлғалық-бағдарлы оқыту әр оқушының жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін, мүдделерін ескереді; Интерактивті технологиялар: Заманауи білім берудегі инновациялық технологиялар құндылық бағдарлы оқытудың тиімділігін арттырады: Мультимедиалық презентациялар: әдеби шығармаларды көрнекі түрде ұсыну, аудио және видео материалдарды пайдалану; Электрондық білім беру ресурстары: қазақ тіліне арналған білім беру порталдары (tilqural.kz, soyle.kz, qazlit.kz) тілді интерактивті тәсілмен үйренуге мүмкіндік береді; Виртуалды

экскурсиялар: әдеби орындарға, музейлерге виртуалды саяхаттар ұйымдастыру; Блог-технологиялар: оқушылар әдеби шығармалар туралы өз ойларын, пікірлерін, шығармашылық жұмыстарын желіде жариялайды.

Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – бұл заманауи білім берудің тиімді стратегиясы, ол білім беруді гуманистік негізде құруға, оқушылардың жеке тұлғалық дамуына бағытталған жан-жақты тәрбие беруге мүмкіндік береді. Аксиологиялық тәсіл тіл мен әдебиет пәндерінің арнайы ерекшеліктерін ашады, олардың мәдениет пен рухани даму құралдары ретіндегі қызметін іске асырады. Қазақстандық білім беру жүйесінде құндылық бағдарлы оқытудың озық тәжірибелері жинақталған және қолданылуда. Бұл тәжірибелер көрсеткендей, оқыту үдерісіне құндылықтық компонентті енгізу оқушылардың білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар олардың адамгершілік қасиеттерін, әлеуметтік жауапкершілігін, мәдени сауаттылығын қалыптастырады. Құндылық бағдарлы оқытуды одан әрі дамыту үшін қажет: Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру, оларды заманауи әдістемелермен қаруландыру; Озық педагогикалық технологияларды белсенді енгізу; Білім беру ресурстарын, оқулықтарды, әдістемелік құралдарды жаңарту; Оқытудың тиімділігін бағалау жүйесін жетілдіру; Озық тәжірибелерді тарату және жалпылау. Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту – бұл болашақ ұрпақты тәрбиелеудің маңызды жолы, қазақстандық білім берудің дамуының негізгі бағыты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1977.

2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Білім, 1988.

3. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – Москва: Просвещение, 1974.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік нұсқаулар. – Астана, 2018.

6. Сүлейменова Э. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2002.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ж.С. Қуанбаева[1], Н.С.Халикова[2]

[1] Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ докторанты, [2]аға оқытушы, ф.ғ.к., Шымкент, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тұлға қалыптастыру. Бұл тұрғыда қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту – жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, эстетикалық талғамын, мәдени және ұлттық сәйкестігін қалыптастыратын маңызды бағыттардың бірі. XXI ғасырдың жаһандану дәуірінде цифрлық технологиялар білім беру кеңістігінің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық орта мен виртуалды шындық мүмкіндіктері қазақ тілін оқытуда жаңа педагогикалық тәсілдерді, инновациялық форматтарды қолдануға жол ашады. Мысалы, виртуалды музейлер, 3D әдеби кейіпкерлермен интерактивті сценарийлер, тарихи контекстті иммерсивті түрде танытатын цифрлық симуляциялар – білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, көркем мәтінді терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің басты бағыты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіре отырып, тұлғаның рухани және зияткерлік әлеуетін дамыту. Осы орайда қазақ тілін оқыту үдерісі тек білім берудің құралы ғана емес, мәдени кодты сақтайтын және ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыратын рухани құндылық кеңістігі ретінде қарастырылады. Тіл – ұлттың рухани болмысының айнасы, ал әдебиет – сол болмыстың көркем бейнесі. Сондықтан қазақ тілін құндылық бағдарлы тұрғыда оқыту білім алушының ұлттық сана-сезімін қалыптастырумен қатар, оның адамгершілік, эстетикалық және азаматтық қасиеттерін жетілдіруді көздейді. Қазіргі таңда әлемдік білім беру кеңістігі цифрлық трансформация кезеңін бастан өткеріп отыр. Бұл үдеріс педагогикалық парадигмаларды өзгертуде: дәстүрлі сабақ формалары интерактивті, мультимедиялық және иммерсивті форматтармен толығып, білім алушының белсенді қатысуына бағытталған. Соның ішінде цифрлық орта мен виртуалды шындық (Virtual Reality – VR, Augmented Reality – AR) технологиялары оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашып, қазақ тілі сабақтарында оқу материалын визуалды және эмоционалды түрде қабылдауға жағдай туғызуда. Мәселен, қазақ тілін оқытуда виртуалды шындық арқылы белгілі бір тарихи кезеңді, тұлғалар өміріне қатысты деректерді иммерсивті түрде сезіндіру білім алушылардың мәтінді терең түсінуін қамтамасыз

етеді. Цифрлық орта мен виртуалды технологияларды қолдану білім алушылардың дербес зерттеу қабілетін дамытып, оқытушы мен білім алушы арасындағы коммуникацияны жаңаша деңгейге көтереді. Бұл үрдіс құндылық бағдарлы оқытудың жаңа сапалық деңгейіне өтуге мүмкіндік береді, себебі білім беру тек ақпарат берумен шектелмей, тұлғаның рухани әлеміне әсер ететін кешенді тетікке айналады. Цифрлық орта мен виртуалды шындық білім берудің жаңа парадигмасын қалыптастырып, қазақ тілі сабақтарын тек ақпараттық емес, құндылықтық және мәдени-рухани әсері зор интерактивті кеңістікке айналдырады. Мұндай тәсіл білім алушылардың тұлғалық дамуына, ұлттық мәдениетті терең түсінуіне және рухани дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» [1] атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің дамуында цифрландыру мен инновацияның шешуші рөл атқаратынын атап өтті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысымен «Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» [2] білім беру жүйесіне жасанды интеллектті кезең-кезеңмен енгізу, оқу процесін дараландыру және педагогикалық шешімдерді интеллектуалды жүйелер арқылы қолдау міндеттерін айқындады. Нұрбек Сәрсеннің «Жасанды интеллект: оң мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер» атты мақаласында «Жасанды интеллекттің дамуы қоғам үшін көптеген жақсы, оң мүмкіндіктер береді. Білім беру және оқыту жүйесінде бұл әр білім алушының қажеттіліктеріне бейімделген жеке білім беру тәсілдері болуы мүмкін. Сондай-ақ, ЖИ жаңа дағдылар мен тілдерді үйренуге көмектеседі» [3] деген пікір білдіреді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» [4] атты Жолдауында елдің даму бағыты ретінде жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды кеңінен енгізу міндеті қойылды. Президент Қазақстанның болашағы табиғи ресурстарға емес, интеллектуалды әлеует пен білімге негізделуі тиіс екенін ерекше атап өтті. Жолдауда Үкіметке жасанды интеллект экожүйесін қалыптастыру, ұлттық деректер инфрақұрылымын дамыту және ғылыми зерттеулерді күшейту тапсырылды. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарда ЖИ саласы бойынша кадрлар даярлау басты басымдық ретінде белгіленді. ЖИ дамуы кезінде этикалық нормалар мен деректер қауіпсіздігін қорғау мәселелері маңызды екендігі көрсетілді. «Заманауи цифрлық технологиялардың қарыштап дамуы білім беруде жаңаша оқыту әдістерін іске асырудың қажеттілігін тудырып отыр. Білім беру процесінде оқушылар мен білім алушылардың белгілі бір уақыт пен орынға тәуелді болмай, ақпараттық жүйелер мен басқа да байланыс құралдары негізінде ақпараттарды онлайн форматта алуы бүгінгі күннің негізгі талаптарының бірі» [5, 291-б.]. Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) пен виртуалды шындық (VR/AR) технологияларын пайдалану төмендегідей мүмкіндіктерге қол жеткізеді:

ЖИ арқылы адаптивті оқытуға, жеке траектория құруға мүмкіндік туғызады.

ЖИ тілдік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді;

білім алушылардың құндылық бағдарларын, рухани-адамгершілік көзқарасын қалыптастырады;

танымдық белсенділігін, шығармашылық және аналитикалық ойлауын дамытады;

мәтінді терең түсіну мен интерпретациялаудың жаңа формаларын енгізеді;

Қазақ тілін оқыту үдерісінде заманауи цифрлық технологияларды тиімді қолдану бірнеше өзекті міндеттерді айқындайды. Біріншіден, мәтінді терең түсіну мен интерпретациялауға бағытталған цифрлық тапсырмалар жүйесін әзірлеу қажет. Мұндай тапсырмалар білім алушылардың ойлау белсенділігін арттырып, көркем шығарманы көпқырлы талдауға мүмкіндік береді. Екіншіден, жасанды интеллект пен виртуалды шындық мүмкіндіктеріне негізделген интерактивті оқу ортасын құру – оқыту процесін жандандырып, білім алушылардың танымдық қызығушылығын күшейтеді. Үшіншіден, осы технологияларды пайдалану арқылы білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жөніндегі көзқарасын кеңейту, олардың рухани және мәдени дүниетанымын заманауи цифрлық форматта дамытуға жағдай жасайды.

Қазақ тілін оқытудың мазмұнын жаңарту үдерісінде заманауи цифрлық технологияларды тиімді пайдалану ерекше маңызға ие. Қазақ және әлем әдебиетінің үздік үлгілерін иммерсивті цифрлық ортада ұсыну арқылы білім алушылардың шығарманы қабылдау деңгейін арттыруға болады. Мысалы, виртуалды шындық (VR) технологияларының көмегімен білім алушылар әртүрлі иақырыптарды виртуалды саяхат түрінде зерделей алады. Бұл білім алушылардың тілдік дағдылары мен әдеби талдау дағдыларын жетілдіріп, қазақ тілі сабақтарын интерактивті және танымдық тұрғыдан байыта түседі. Құндылықтық бағыттағы тақырыптарды (адамгершілік, ар-ождан, отансүйгіштік, мейірім, жауапкершілік) жасанды интеллекттің генеративті модельдері арқылы талдау білім беру процесінің мазмұнын тереңдетеді.

Кесте 1. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын жасанды интеллект мүмкіндіктері

№	Жасанды интеллект түрі	Қолданылу мақсаты	ЖИ мүмкіндіктері
1	Генеративті AI (Generative AI)	Мәтін, сұрақ, эссе, диалог құрастыру	ChatGPT, Google Gemini, Claude арқылы шығармаға байланысты талдау сұхбаты, кейіпкерлермен «диалог құру», мәтінге балама финал жасау
2	Табиғи тіл өңдеу (NLP – Natural Language Processing)	Мәтінді автоматты талдау және түсіну	Автор стилін анықтау, морфологиялық талдау, түйінді сөздер мен идеяларды шығару, аударма және мәтін қысқарту
3	Сөйлеуді тану және генерация (Speech AI)	Ауызша сөйлеу дағдысын дамыту	AI-негіздегі дикторлар арқылы өлеңді, монологты оқу, сөйлеу интонациясын түзету, айтылымды автоматты бағалау
4	Автоматты бағалау жүйелері (AI Assessment Tools)	Білім мен дағдыны әділ бағалау	Эссе мен жазба жұмыстарды бағалау, кері байланыс беру, жиі қателерді анықтау
5	Чат-боттар және виртуалды ассистенттер	Интерактивті оқу және диалогтық қарым-қатынас	«Әдебиет көмекшісі» немесе «тіл жаттықтырушысы» рөліндегі AI-боттар арқылы сабақта немесе үй тапсырмасында көмек беру
6	AR/VR негізіндегі AI жүйелері	Виртуалды шындықта оқыту және иммерсивті тәжірибе жасау	Әдеби ортаны, дәуірді, кейіпкерлер әлемін, тарихи орындар мен оқиғаларды визуалды түрде көрсету және мәтінді кеңістікте сезіну
7	Геймификация Kahoot! және Quizziz	Виртуалды сабақтар, тесттер мен ойындар	Бұл платформаларда виртуалды сабақтар, тесттер мен ойындар құрып, мәтіндерді оқытуды интерактивті етуге болады.

Қазіргі цифрлық дәуірде білім беру үдерісі жаңа технологиялармен тығыз байланысты. Виртуалды шындық (Virtual Reality – VR) – оқу үдерісіне білім алушының толыққанды қатысуын қамтамасыз ететін иммерсивті технология. Ол оқу үдерісін сезімдік және эмоциялық деңгейде жандандырып, тілдік ортаға енуге мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқыту үдерісінде виртуалды шындық технологиясын қолданудың басты мақсаты – білім алушылардың тілдік құзыретін жан-жақты дамыту және оларды шынайы тілдік ортаға жақындату. Виртуалды орта арқылы білім алушы өзіне таныс емес жағдайларда тілдік қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіреді. Бұл технология оқытудың коммуникативтік бағытын күшейтіп, тілдің практикалық қолданысын нақты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, виртуалды шындық оқу үдерісін эмоциялық әрі қызықты форматқа айналдырып, білім алушылардың ішкі мотивациясын арттырады. Сабақтар ойын элементтерімен, интерактивті квесттермен немесе рөлдік тапсырмалармен толықтырылады, нәтижесінде оқу үрдісі белсенді тәжірибеге айналады. VR технологиясы арқылы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, ұлттық дәстүрлері мен мәдени құндылықтарымен танысуға болады. Мысалы, білім алушы виртуалды кеңістікте қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, ұлттық салт-дәстүрлерімен және ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени құндылықтарымен жан-жақты таныса алады. Мұндай иммерсивті тәжірибе арқылы ол тек тілдік материалды меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге халықтың өмір салтын, дүниетанымын және рухани мұрасын терең түсінуге мүмкіндік алады.

Виртуалды және кеңейтілген шындық (ағылш. VR, virtual reality – «виртуалды шындық» және AR, augmented reality – «кеңейтілген шындық») – XXI ғасырдың озық технологияларының бірі, заманауи және тез дамып келе жатқан 3D үлгісіндегі модель. Виртуалды және кеңейтілген шындық (Virtual Reality және Augmented Reality) – заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызды бағыттарының бірі. Виртуалды шындық – бұл толықтай компьютер арқылы жасалған жасанды орта, яғни қолданушыны нақты әлемнен оқшаулап, арнайы құрылғылар (VR көзілдірік, қолғап, датчиктер) арқылы басқа әлемге «кіргізетін» технология. *Виртуалды және кеңейтілген шындықтың түпкі мақсаты* – адам баласының елестету мүмкін емес таңғажайып әлемнің нақты өмір сүру пайдасына қолдануы. VR және AR-дың өзара практикалық айырмашылығы – осы технологиялардың әртүрлі күрделілік деңгейлерінде. Бірақ екеуінің де болашағы зор және олар өркениетті дамытуда үлкен рөл атқара алады.

Кесте 2. Қазақ тілін оқытуда тиімді 3D виртуалды шындық технологиясы

№	Виртуалды шындық	Сипаттамасы
1	Түркістан 3D виртуалды туры https://city3d.kz/travel/shimkent/145-turkistan_3d_tour.html	Түркістан қаласының тарихи және мәдени маңызын заманауи цифрлық технологиялар арқылы кеңінен таныстыру мақсатында әзірленген «Әзірет-Сұлтан» қорық-музейінің виртуалды 3D туры білім алушылар үшін жаңа форматтағы танымдық мүмкіндік ұсынады. Бұл тур арқылы қаладағы киелі орындарды, кесенелерді, тарихи нысандарды толық көруге болады.
2	3D виртуалды турылары және Астана панорамасы https://city3d.kz/	Бұл портал Астананың барлық көрікті жерлерін, мұражайлары мен мәдени орталықтарын виртуалды түрде тамашалауға мүмкіндік береді. Пайдаланушы елорда көшелерінде серуендеп, туристік нысандарды көріп, мейрамханалар мен қонақүйлер туралы ақпарат ала алады. Бұл тур елорданың заманауи келбеті мен мәдени атмосферасын сезінуге жағдай жасайды.
3	Ұлттық парктердің 3D виртуалды турылары https://city3d.kz/travel/national-parks-of-kazakhstan/	Қазақстанның ұлттық паркіне арналған виртуалды тур «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі Ақтау таулары, «Тарбағатай» ұлттық табиғи паркі, Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы, «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркі, «Катонқарағай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, сондай-ақ «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркін қамтиды. Бұл виртуалды турлар Қазақстанның табиғи байлығын, экожүйелердің алуан түрлілігін және экологиялық маңызын кеңінен таныстырып, оқушылар мен туристерге табиғатты қашықтан зерттеу мен бағалаудың жаңа мүмкіндігін ұсынады.
4	Ежелгі Сауран қалашығына виртуалды 3D туры https://city3d.kz/travel/shimkent/150-gorodishe_sauran.html	Ұлы Жібек жолы бойында гүлденген Сауран қаласының тарихи орындары мен архитектуралық ерекшеліктері 3D форматында ұсынылған. Бұл турда көне қаланың су құбыры жүйесін, шайқас іздері қалған қорған қабырғаларын және ерекше еңкіш минареттерін көруге болады.
5	Қазақстан 3D кеңістігінде https://city3d.kz/travel/	Бұл жоба Қазақстанның әр аймағын цифрлық форматта біріктіріп, елдің мәдени, табиғи және тарихи байлығын әлемдік аудиторияға танытуды мақсат етеді. Пайдаланушы елдің әр түкпірін 3D форматта көріп, ұлттық мұрамен қашықтан таныса алады.

«Қазақ тілі» пәніне аталған құндылықтарды кіріктіру үшін виртуалды орта құрудың тиімділігі айқын. Виртуалды шындық технологиясын пайдалана отырып, жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытуда оқу мақсатына «Адал азамат» бағдарламасының 6 құндылығын кіріктірудің маңызы зор. Мысалы, «Қазақстандағы көрікті жерлер» тақырыбын өту барысында жоғарыда көрсетілген виртуалды шындық технологиясын пайдалану арқылы білім алушылардың бойына тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық сияқты «Адал азамат» бағдарламасының 6 құндылығын кіріктіру арқылы білім алушылар тек тілдік дағдыларын емес, сонымен қатар әлеуметтік және моральдық құндылықтарды да меңгереді.

Технологиялардың дамуына байланысты дүниежүзінің кез келген жеріне бару, музейлері мен көрме залдарын аралау виртуалды шындық арқылы мүмкін болып отыр. Осы орайда қазақ тілін оқытуда виртуалды турларды ұйымдастыру ақпаратты терең меңгерудің ең тиімді және сенімді тәсілдерінің бірі. Олар қызықты виртуалды экскурсияларды жасауға мүмкіндік береді. Виртуалды білім беру әдісі білім аушылардың бойында әртүрлі құндылықтардың қалыптасуына тікелей әсер етеді. Қазақстанда білім беру саясатының жаңа кезеңінде құндылықтарға негізделген білім беру ұстанымы ерекше мәнге ие болып отыр. 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамада бұл тәсіл тек пәндік білім берумен шектелмей, оқушының тұлғалық дамуын, адами қасиеттерін, әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың басты тетігі ретінде қарастырылады. Құндылықтарға негізделген білім беру – бұл

оқыту процесін адамгершілік, өзара құрмет, әділдік, еңбексүйгіштік, жауапкершілік сияқты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтармен ұштастыруға бағытталған жүйе. Тұжырымдамада оның орта білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде танылуы – педагогикалық парадигманың мазмұндық жаңаруын білдіреді. Мұндай бағыт білім беру сапасын арттырумен қатар, рухани жаңғыру, ұлттық бірегейлікті сақтау және тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін дамыту міндеттерімен де сабақтас. Осы тұрғыдан алғанда, құндылықтарға негізделген білім беру – тек педагогикалық әдіс емес, қоғамдық дамудың стратегиялық бағдарына айналып отыр.

Виртуалды шындық технологияларын қазақ тілін оқыту үдерісінде пайдалану – білім берудің инновациялық бағыты болып табылады. Мұндай цифрлық құралдар оқу процесін тек көрнекі және қызықты етумен шектелмей, білім алушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық ойлауын және тілдік ортаға ену мүмкіндігін арттырады. 3D виртуалды турлар арқылы білім алушылар нақты мәдени-тарихи кеңістікке еніп, мәтіндік материал мен өмірлік шынайылық арасындағы байланыс күшейеді. Бұл әдіс қазақ тілін оқытуда білім алушылардың білімін кеңейтумен қатар, құндылықтарды кіріктіруге де жағдай жасайды. Виртуалды шындық құралдары құндылыққа бағдарлап оқытудың әлеуетін арттырады. Себебі мұндай ортада білім алушы туған елдің тарихы мен мәдениетін сезіне отырып, отансүйгіштік, рухани жаңғыру, мәдени мұраға құрмет сияқты адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіреді. Демек, виртуалды шындық технологияларын қазақ тілін оқытуда қолдану – оқыту тиімділігін арттырумен қатар, тұлғаның рухани және мәдени тұрғыдан қалыптасуына ықпал ететін, заманауи педагогикалық бағыттардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957

2. Жасанды инетллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 Қаулысы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592

3. Нұрбек С. Жасанды интеллект: оң мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер URL: https://www.bilim.expert/kk/post/жасанды-интеллект-оң-мүмкіндіктер-және-ықтимал-тәуекелдер

4. Қуанбаева Ж., Байғұтова Д., Ибрагимова У. Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. № 4. – 2024. – Б. 291-303.

ЦИФРОВАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ СОВРЕМЕННОГО УЧИТЕЛЯ-ФИЛОЛОГА КАК ФАКТОР ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА

Нургалиева Г.К.
Учитель ШГ №74 имени М. Макатаева, Астана, Казахстан.

Цифровизация современного общества привела к глубоким изменениям во всех сферах деятельности человека, включая образование. Сегодня процесс обучения невозможно представить без использования цифровых ресурсов, программного обеспечения и интерактивных платформ. Высшие учебные заведения активно внедряют цифровые технологии в учебный процесс, что требует от будущих педагогов не только знания своего предмета, но и способности грамотно применять информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) в профессиональной деятельности [6, с. 5]. Для будущего учителя-филолога цифровая компетентность становится не просто дополнительным навыком, а обязательным элементом профессиональной готовности. Владение современными цифровыми инструментами помогает педагогу эффективно организовывать учебный процесс, создавать собственные электронные образовательные ресурсы, использовать мультимедийные формы подачи информации и адаптировать уроки под индивидуальные особенности учащихся [1, с.18].

Проблема формирования цифровой компетентности педагогов является одной из актуальных в современной педагогической науке. Многие исследователи (Н. Белоусова, О. Ваганова, С. Грязнов, Ю. Маслова, И. Роберт, П. Рабинович, М. Токарева и др.) обращают внимание на то, что цифровая грамотность становится базовым условием профессиональной деятельности педагога [2, с. 22; 3, с. 79; 6, с. 64]. Она включает не только технические умения, но и педагогическую способность применять

технологии для обучения и воспитания, формируя у учащихся интерес к предмету. Современные школьники относятся к поколению, выросшему в цифровой среде, поэтому для них использование технологий в обучении — естественный процесс. В этих условиях педагог должен быть не просто носителем знаний, а проводником, умеющим применять цифровые ресурсы для развития познавательной активности учащихся. Учителю важно уметь создавать учебные материалы, использовать визуальные и интерактивные средства, включать в уроки элементы проектной и исследовательской деятельности [5, с. 24]. Для формирования цифровых компетенций в подготовке учителей-филологов применяются различные методы и инструменты. Студенты должны овладеть навыками работы с отраслевыми программами: текстовыми редакторами (Microsoft Word, Notepad), системами анализа текста (Textus Pro, ВААЛ-мини), графическими редакторами, а также с программами обработки звука (Audacity, MAGIX Audio Cleaning Lab) и базами данных (MySQL, Access) [4, с. 256]. Эти ресурсы позволяют не только анализировать текстовую информацию, но и создавать собственные проекты, что повышает уровень профессиональной подготовки.

Эффективными методами формирования цифровых компетенций являются проблемное, исследовательское и проектное обучение. Использование имитационного моделирования помогает студентам применять цифровые инструменты для анализа литературных произведений, моделировать педагогические ситуации и разрабатывать собственные уроки [4, с. 260]. Активные формы обучения позволяют развивать самостоятельность, ответственность и способность принимать решения — качества, необходимые будущему педагогу.

Важным направлением является освоение студентами таких форм, как дистанционное, гибридное и смешанное обучение. Эти форматы делают образовательный процесс более гибким и интерактивным, позволяют студентам и преподавателям взаимодействовать независимо от места и времени. Кроме того, такие подходы способствуют развитию коммуникативных умений и повышают качество усвоения материала. Владение цифровыми технологиями даёт будущему филологу возможность расширить профессиональные горизонты. Учитель, владеющий современными инструментами, способен создавать медиапроекты, использовать онлайн-платформы для проведения литературных викторин, дебатов, конкурсов чтецов. Всё это не только делает уроки интересными, но и повышает мотивацию учащихся к изучению языка и литературы. Не менее важным является развитие критического мышления и медиаграмотности. Будущий педагог должен уметь оценивать достоверность информации, фильтровать источники и передавать эти навыки ученикам. Это способствует формированию ответственного отношения к информации и развитию информационной культуры [6, с. 10]. Формирование цифровой компетентности у будущих учителей-филологов является необходимым условием успешной педагогической деятельности. Это не просто навык работы с компьютером, а комплекс знаний, умений и личностных качеств, обеспечивающих способность эффективно применять технологии в образовательной среде. Цифровая грамотность помогает учителю стать более мобильным, творческим и конкурентоспособным специалистом, готовым к современным вызовам образования.

Цифровые технологии существенно расширяют возможности педагогической деятельности и открывают новые пути совершенствования профессиональной подготовки будущих учителей. Они способствуют повышению качества образования, развитию творческого потенциала и формированию личности педагога нового типа — инициативного, мобильного и готового к инновациям [6, с. 13]. Развитие цифровой компетентности будущего учителя-филолога является важной задачей высшего образования, поскольку именно она определяет успешность профессиональной адаптации и качество обучения в цифровую эпоху.

Список литературы:

1. Белоусова Н.Н., Савельева Н.Н. Цифровые ресурсы как средство формирования профессиональных компетенций студентов техникума // Мир науки. Педагогика и психология. – 2021.

2. Ваганова О.И., Алешугина Е.А. Психологические аспекты реализации игровых технологий // Научный вектор Балкан. – 2020. – Т. 4, № 2(8). – С. 21–24.

3. Грязнов С.А. Цифровая компетентность преподавателя // Азимут научных исследований: педагогика и психология. – 2021. – № 2 (35). – С. 79–81.

4. Дудырев Ф.Ф., Максименкова О.В. Симуляторы и тренажеры в профессиональном образовании // Вопросы образования. – 2020. – № 3. – С. 255–276.

5. Евсеева Е.Г., Скафа Е.И. Формирование цифровой технологической компетентности будущего учителя математики // Математика. Образование. Культура: материалы X международной научной конференции. – Тольятти, 2022. – С. 23–27.

6. Рабинович П.Д., Заведенский К.Е., Кушнир М.Э. Цифровая трансформация образования: от изменения средств к развитию деятельности // Информатика и образование. – 2020. – № 5. – С. 4–14.

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУДАҒЫ ЭЙДОС-КОНСПЕКТІНІҢ РӨЛІ

Рахимбаева Г.К.
Астана халықаралық университеті, ПИ қауымд.профессоры, ф.ғ.к., Астана, Қазақстан.

XXI ғасырда келер күннің жарқын болуы тікелей ғылым мен экономикаға тығыз байланысты екенін әр ел жетік біледі. Осы орайда «Ел болашағы – жастардың қолында» демекші, жастардың қолында бар қазақ ұлтының болашағы тұр. Сол себепті жастардың ғылыммен айналысып, бәсекеге сай болуы маңызды факторлардың бірі. «2019 жыл – Жастар жылы» деп жарияланып, қазақтың жас буын өкілдеріне көп көңіл бөлінді. Тереңірек үңілетін болсақ, экономикамыздың да мықты болуы – жастардың білім деңгейімен ұштасады. Сондықтан «Әр елдің өсіп-өркендеуі оның ұлттық білім алу жүйесінің дамуына тікелей байланысты. Қазіргі таңда сапалы білімге деген сұраныс артып келе жатқан кезде оқытушылардан да білім берудегі жаңашылдық талап етілуде. Бүгінгі оқу орындарының міндеті жан-жақты білім берумен қатар, баланың бойында рухани асыл қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге үйрету, түрлі шығармашылық немесе өзі таңдаған мамандығын меңгере алатын, өмірге икемді жастарды тәрбиелеу екенін де ұмытпаған жөн. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерге сүйенген дұрыс» [1,1-б.].

Сондай әдіс-тәсілдің тиімді түрінің бірегейі – Эйдос-конспект. Эйдос-конспектіні, әсіресе, қазақ әдебиеті сабағында пайдаланған өте тиімді. Сондықтан эйдос-конспект мұғалімге таптырмас көмекші құрал десек те болады. Эйдос-конспект алған білімге сынкөзбен қарау, іздену, оның ақиқатын дәлелдеуге, білімді саналы түрде алуға негізделген. Бұл әдістің тағы бір тиімділігі студенттің қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның жеке тұлға ретінде дамуына, өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады. «Сөздікке жүгінетін болсақ, «эйдос» сөзі грек тілінен аударғанда (éidos) «түр», «образ» деген мағынаны білдіреді, ал конспект – қандай да бір мәтіннің қысқаша мазмұны, яғни, эйдос конспект дегеніміз түрлі феномендерді (заттар немесе процестер) индуктивті талдап, мәтіннің керекті әрі маңызды мазмұнын жүйелеп, қысқаша конспект құрып, сол мазмұнға сәйкес айқын мәні бар бейненің суретін салу» [2, 1-б.].

Эйдос-конспектінің үш түрі бар: түсті (түс символикасы негізінде), графикалық (тірек схемалар-графиктер негізінде), көркемдік (сурет, фотосурет немесе коллаж негізінде). Көбінесе әдебиет сабағында студенттерге шығармашылық қабілеттерін көрсетуге болатын көркемдік эйдос-конспектілерді орындау ыңғайлы болып келеді және бұл түрі компьютерде жұмыс істеуді қажет етпейді. Студенттерге бояулармен, қарындаштармен жұмыс істеуге мүмкіндік беруге болады. Сондай-ақ, фотосуреттерді, түрлі түсті суреттерді пайдалануға болады. Осылайша, бір әдебиет сабағында көркем шығарманы оқырманның қабылдауы, ұғымдармен танысу, сурет салу және сөйлеу түсініктемесін құру дағдылары біріктіріледі. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ғ.Мүсіреповтің «Бесеудің хаты» (№ 1 кесте), М.Шахановтың «Нарынқұм зауалы» (№ 2 кесте), Ш.Айтматовтың «Найман-Ана» (№ 3 кесте), Т.Ахтановтың «Боран» (№ 4 кесте), Б.Майлиннің «Күлпаш» (№ 5 кесте), С.Мұратбековтың «Жусан иісі» (№ 6 кесте) шығармаларын эйдос-конспекті арқылы талдадық.

Ғабит Мүсіреповтің тарихи деректер негізінде жазылған «Бесеудің хаты» атты драмалық шығармасында басты назар Голощекинге аударылған. Оның бейнесін «қырсық бұқа» кейпінде көруге болады. Бұл бұқа оқырманға негізгі идеяны жеткізіп, Голощекиннің іс-әрекетін сипаттайды. Бұқа – адамды сүзе алатын, қорқыныш үрейін тудыратын жануарлардың бірі. Ол үй жануары болғанымен, мінезін көрсетіп, адамға шабуыл жасай алады. Шығармада суреттелген Голощекин де дәл сондай кейіпте, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп, халықтың жанында жүргенімен, малын қырып, асынан айырған. Яғни, бұқа да, Голощекин де адамдардың арасында жүрсе де, оларға зиян келтіруі мүмкін жандар. Сонымен қатар, бұқаның жай емес, қырсық ретінде бейнеленуі де бекер емес. Бұл Голощекиннің бойындағы қырсықтық мінезбен ұштасады. Өйткені ол халықтың жағдайын естімеді, көрмеді, жоғары жақтағы билік өкілдеріне айтпады. Тек өзінің қызметтік мәртебесін ойлап, қырсықтық мінез танытты. Осылайша эйдос-конспектінің көмегімен «қырсық бұқа» арқылы бұл туындының мазмұнын ашуға болады.

1-сурет. Ғ.Мүсіреповтің «Бесеудің хаты» драмалық шығармасы негізінде жасалған эйдос-конспект.

Ал Мұхтар Шахановтың «Нарынқұм зауалы» поэмасын эйдос-конспект арқылы талдайтын болсақ, негізгі идеясы мен мазмұнын қанды қанжар мен багрянник гүлі арқылы бейнелеуге болады. Қанды қанжар – қылмыстың, багрянник – гүлдер тілі бойынша сатқындықтың белгісі. Ықыластың Махамбетті өлтіруі тек ақын өлімі ғана емес, қазақ халқы үшін де жасалған ауыр қалмыс. Ол қазақтың қас ақыны Махамбетті ғана емес, тұтас бір халықты сатып кетті. Ал бұл поэмадағы Ықылас жасаған сатқындықты, негізгі түйінді: «Ақын деген киелі аққу самғаған, Аққуды атқан пендені қай атаңнан көріп едің, оңбаған?» деген жолдардан көреміз. Осылайша Ықыластың сатқындығы мен қылмысын қанды қанжар әрі багрянник гүлі арқылы нақты жеткізуге болады. Бұдан оқырманға поэма түйінін де түсіну ешбір қиындық тудырмайды. Өйткені поэманың өзі де осы Ықыластың іс-әрекетінің аясында өрбиді.

2-сурет. М.Шахановтың «Нарынқұм зауалы» поэмасы негізінде жасалған эйдос-конспект.

Шыңғыс Айтматовтың «Найман-Ана» романы да әдебиет әлеміндегі қызықты әрі көлемді туындылардың бірі. Аты-жөнін, шыққан тегін «ұмытып», тек өз қожасының айтқанын орындайтын қара күш иесіне айналып, құл болған Найман ананың баласы роман соңында іздеп келген анасын өлтіріп, «мәңгүрттіктің» неге жеткізетінін көрсетеді. Балаға бұл дүниеде анадан артық жан бар ма? Ал Ананы есіне түсірмегені – жадынан мүлдем айырылғанының дәлелі. Шығармадағы «мәңгүрт» Жоламанды белгілі бір дәрежеде түйе бейнесінде көруге болады. Түйе малы мінсең көлік, ішсең сусын, жесең тамақ, ауруыңа шипа, кисең киім болады. Яғни адамға барынша қызмет етеді. Құлға айналған бала да түйе сынды адамдарға қызмет еткен. Сөйте тұра, түйе – момын, жетекке ере беретін жануарлардың бірі. Бұл романның басты кейіпкері Жоламан да мәңгүрт болған кезінде жетекке ерген түйені елестетеді. Осылайша түйенің бойындағы екі негізгі қасиетін алға тарта отырып, «Найман-Ана» романына ассоциация ретінде алуға болады. Бұдан оқырман роман желісін де түсініп, оны еске де сақтай алады.



3-сурет. Ш.Айтматовтың «Найман-Ана» романы негізінде жасалған эйдос-конспект

Қазіргі қазақ әдебиетінің биік деңгейін байқататын шығарманың бірі – Тахауи Ахтановтың «Боран» романы көтерген идеясымен де, кейіпкерлерімен де қызықты туынды. Бұл туынды өмірдің өзекті шындығын көрсеткен, бұрын айтыла бермейтін көлеңкелі мәселелерді батыл көтерген, кейіпкерлерінің рухани әлеміне талдау жасаған жаңашыл шығарма ретінде жоғары бағаланады.

«Бейнеті, қиындығы көп өмірдің қай беткейін алып қарағанда да, Қоспанның ешқашан ұжданын саудаға салмағандығы, адал өмір кешкендігі көрінеді» [3]. Міне, осындай Қоспан сынды адам менің ойыма төбеттің бейнесін еске түсіреді. «Қазақ халқы төбеттерді тұрмыс-тіршілігінде көп пайдаланған. Көшпенді қазақ тұрмысында төбеттің үлкен мәні бар, ол оның үйі мен мал-жанын қорғаған. Төбеттің

қойшының еңбегінде атқаратын рөлі де аса маңызды. Төбеттер үйімізді күзетіп, достық ниетінен әлі күнге дейін таймай келеді. Олар біздің эмоциямызды түсінетін бірден-бір жануар. Оған көз жүгірте бір қарағанның өзінде қуанып тұрғаныңызды, мұңайғаныңызды, ашуланғаныңызды, ұялғаныңызды бірден сезе қояды» [4]. Көптеген жақсы қасиеттерге ие жануар мен үшін Қоспанның бойындағы қасиеттермен сәйкес келетіндей.

Төбет те, Қоспан да, ең алдымен, адалдықтарымен ерекшеленеді. Төбет өзінің иесіне, ал Қоспан өзінің Отанына қорғаушы бола білді. Екеуі де халыққа көмек көрсетіп, қауіп төнген кезде де тастап кетпейді. Қоспан өзінің командирі Қасболатты аман алып қалса, төбеттің де өзінің иесі үшін еш аянбайтыны анық. Сондай-ақ, төбет кезінде бүкіл ауылдың тыныштығы үшін көз ілмесе, Қоспан сол халық үшін майданға барды. Алайда, төбет те, Қоспан да сол халықтан өздеріне деген қарым-қатынастардың түр-түрін көреді. Олардың жақсылығы көбіне ескерілмей қалды. Қоспанды жұмысқа алмай жатса, төбетке де адамдар қамқорлық танытпайды. Сондықтан менің көз алдыма Қоспанның бейнесі дәл төбеттің бейнесінде елестейді. Романның толық мазмұнын жеткізу үшін сынған сүйектің суретін салуды да жөн көрдім. Бұл жай ғана сынған сүйек емес, Қоспанның өмірінде болған қиындықтардың айнасы іспеттес. Нәтижесінде осындай сурет арқылы Тахауи Ахтановтың «Боран» романының мазмұнын, идеясын, мәнін ашуға болады.

4-сурет. Т.Ахтановтың «Боран» романы негізінде жасалған эйдос-конспект

Әлеуметтік мәселенің бетін ашқан туындылардың бірегейі – Бейімбет Майлиннің «Күлпаш» әңгімесі. Аштықпен тұспа-тұс келген жас келіншек Күлпаштың өмірі азап пен қиындыққа толы. Эйдос-конспектіде Күлпаштың өмірі оқырманға түсінікті болу үшін раушан гүлімен бөлінген ыдыс арқылы бейнеленді. Әдетте ыдыс – тоқшылықтың белгісі. Бұл ыдыстың жартысы тамаққа толы, яғни Раушанның екінші рет тұрмысқа шыққандағы тоқшылық өмірін көрсетеді, бірақ бай адамға тұрмысқа шыққанмен де, көңілі жарым, жан дүниесі жаралы, өйткені ол тек өзінің бірінші күйеуі мен баласын ойлайды, уайымдайды, сағынады. Сондықтан тамақ толы ыдыстың шетінде сынықтары бар. Ал екінші жағында бір үзім нан болмаса да, ыдыстың өзі бүтін, ешбір сынықсыз салынған. Өйткені Раушанның нағыз өмірі сол жақта, күйеуі мен баласының жанында еді. Яғни бұл ыдыс – Раушанның көңілі. Ыдыстың ортасындағы раушан гүлі де бекер салынған жоқ. Бұл гүл Раушанның жақсы өмірге деген ұмтылысы. Раушан үшін жақсы өмір – тоқшылықта, күйеуі мен баласының жанында болу. Алайда Раушан бұл күнге қол жеткізе алмай кетті. Міне, осындай қарапайым ғана сурет арқылы да түрлі туындылардың идеяларын, мазмұнын дәл ашып көрсетуге болады.

5-сурет. Б.Майлиннің «Күлпаш» әңгімесі негізінде жасалған эйдос-конспект

Соғыс кезіндегі екі баланың бірінің басынан өткен оқиғаларды жинақтаған туынды – Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімесі. Бұл әңгіме Аянның өмірінің желісі бойынша өрбиді. Ол бар қиындықпен арпалысып, нағыз өр мінезді, қайсар әрі ақылды жігіт, Аян арыстанның нақ өзі еді. Сол себепті эйдос-конспектіде Аян арыстан бейнесінде берілді. Арыстан – аңдардың, қала берді орманның патшасы, мықты да ақылды жануарлардың бірі. Оның бойында Аянның бойындағы зеректілік, төзімділік, намысшылдық, қайраттылық, қамқорлық, батылдық бар. Ертедегі арыстанның өзі бар жануарды жинап жиналыс өткізуін де Аянның ауыл балаларын жинаған кезімен елестетеміз. Осылайша бір жануардың образымен «Жусан иісі» әңгімесін көпке дейін есте сақтауға болады.



6-сурет. С.Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімесі негізінде жасалған эйдос-конспект

Көркемдік эйдос-конспект тек суретпен шектелмейді. Суретпен қатар, мәтіннің мазмұнын ашатын кілт сөздер, негізгі ойлар және оқырманның өзі түйген идеясы да жазылуы тиіс. Шығармадағы оқиға байланысы, шарықтау шегі, құрылысы, кейіпкерлер образы – бәрі шығармадағы негізгі идеяны жеткізу үшін керек екені анық. Идеялық түйін арқылы әр студенттің шығарманы қаншалықты меңгергенін анықтауға болады. Сондай-ақ, бұл көркем шығармаға оқырманның қойған нүктесі десе де болады. Әрі оқырманның шығармадан іріктеп алған керекті деген үзінділерінен де қандай мәселелерге көңіл бөлетінін, оның ішкі жан дүниесіне жақын эпизодтарды, кейіпкерлерді аңғаруға болады. Бұл, әсіресе, оқытушыға бағалау кезінде өте ыңғайлы болып келеді. Сонымен қатар «бес саусақ бірдей емес» демекші, әр студенттің де қабылдауы түрлі болып келеді. Осылайша эйдос-конспект бір туындының бірнеше қырын ашып, әрқалай, тереңінен талдауға тірек болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. http://emirsaba.org/pedagogicheskie-innovacii-kak-uslovie-povisheniya-kachestva-ob-v2.html?page=1
2. https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Эйдос
3. https://kitap.kz/books/boran_roman/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0)
4. http://bilim-all.kz/jospar/64

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА SOFT SKILLS ПЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰШТАСТЫРА ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Садуакасова Ж.М.

№28 жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімі, Семей, Қазақстан.

Заманауи қоғамның талабы – кәсіби сауатты ғана емес, коммуникативтік, креативті, көшбасшылық қабілеттері дамыған, құндылықты өмірінің өзегі еткен тұлға тәрбиелеу. Қазіргі заман мұғалімінен тек пәндік біліммен шектелмей, оқушының өмірлік дағдыларын қалыптастырып, тұлғалық дамуына ықпал ету талап етіледі. Бұл бағытта soft skills (икемді дағдылар) пен құндылықтарды сабақ барысында біріктіру өзекті болып отыр.

Soft skills дегеніміз не? Soft skills ұғымына мыналар жатады:

- Коммуникативтік дағдылар (пікірталас, сұхбат құру, тыңдай білу);
- Сыни және шығармашылық ойлау;
- Командалық жұмыс;
- Эмпатия мен эмоционалды интеллект;
- Өзін-өзі дамыту және көшбасшылық.

Бұл дағдылар оқушыны болашақта кез келген ортада бейімделе алатын азамат етіп тәрбиелеуге көмектеседі.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар – оқушының рухани, мәдени және адамгершілік негізін қалыптастырады. Қазақ тілі сабағында soft skills дағдыларын ұлттық құндылықтармен: үлкенді сыйлау, отансүйгіштік, еңбекқорлық, әдептілік, жауапкершілік, мейірімділік сынды қасиеттермен байланыстыру – оқушылардың бойында ұлттық сана мен заманауи дағдыны қатар дамытады. Қазақ тілі сабағы – осы екі бағытты тиімді ұштастыруға кең мүмкіндік беретін пәндердің бірі.

Қазақ тілі сабағында бұл дағдыларды дамыту оқушылардың тілді меңгеруін ғана емес, олардың жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді. Мысалы:

- Топтық тапсырмалар мен рөлдік ойындар арқылы ынтымақтастық пен көшбасшылық қалыптасады;
- Эссе мен пікірталас кезінде сыни және шығармашылық ойлау дамиды;
- Диалог пен жағдаяттық сөйлесулерде коммуникативтік қабілет артады.

Қазақ тілі сабағында тілдік материал арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау маңызды. Тілді үйрету барысында оқушылар:

- Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін,
- Отбасылық және адамгершілік құндылықтарды,
- Еңбекқорлық, сыйластық, жауапкершілік сияқты қасиеттерді меңгереді.

Мысалы, мәтіндер мен диалогтарда адалдық, достық, еңбексүйгіштік туралы тақырыптар жиі қолданылса, оқушыларда сол құндылықтар табиғи түрде қалыптасады.

Soft skills пен құндылықтарды ұштастыру әдістері ретінде төмендегідей жұмыстарды ұсынса болады:

1. Жобалық жұмыс (Project-based learning)

– Оқушылар шағын зерттеу немесе шығармашылық жоба жасап, оны таныстырады. Бұл әдіс жауапкершілік, жоспарлау, сөйлеу және өзіндік ойды жеткізу дағдыларын дамытады.

2. Дебат және пікірталас сабақтары

– Оқушылар өз көзқарасын дәлелдеп, қарсы пікірге құрметпен қарауды үйренеді. Бұл эмпатия мен мәдени коммуникацияны қалыптастырады.

3. Рефлексия және кері байланыс

– Сабақ соңында оқушылар өз сезімдері мен жетістіктері туралы ой бөліседі. Бұл эмоционалды интеллект пен өзін-өзі тану қабілетін арттырады.

4. Интеграцияланған тапсырмалар

– Мысалы, экология, адамгершілік, отбасы сияқты тақырыптарды талдау арқылы оқушылар тіл үйренумен қатар өмірлік ұстанымын қалыптастырады.

Мұғалім – soft skills пен құндылықтарды дарытушы негізгі тұлға. Ол тек тілдік білім беруші емес, сонымен қатар ментор, коуч, мотивация беруші рөлін атқарады. Сабақ атмосферасы жылы, ынталандырушы және серіктестікке негізделген болуы керек.

Сабақта қолданылған тәсілдер мен әдістер:

1. "Ой қозғау" және "Миға шабуыл" әдісі:

Тақырыпқа байланысты жағдаятты талдау арқылы оқушылардың сыни ойлауын дамыту, мысалы, "Әдептілік – елге жарасады" деген мақалдың өмірдегі маңызын талқылау.

2. "Рөлдік ойындар":

Коммуникация мен командада жұмыс дағдысын қалыптастыруда тиімді. Мысалы, "Қонақ күту әдебі" көрінісі арқылы әдеп, сыпайылық құндылықтары қамтылады.

3. "Эссе жазу":

Оқушы өз ойын дәлелдеуді үйренеді, эмоциясын жеткізе біледі. Мысалы, "Нағыз азамат қандай болу керек?" тақырыбында эссе жазғызу арқылы «Адал азамат» құндылығы ашылады.

4. "INSERT", "РАФТ", "Бес саусақ" әдісі:

Мәтінмен жұмыс барысында ақпаратты талдап, өз көзқарасын білдіруге, сөйлеу мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді.

Нақты жұмыс нәтижесі:

Сабақ тақырыбы: "Адамгершілік – асыл қасиет"

Сынып: 6

Мақсаты: Жағымды мінез-құлықты дәріптей отырып, «адамгершілік», «әділдік», «адалдық» құндылықтарын меңгерту, soft skills дағдыларын дамыту.

Нәтиже:

- Оқушылар өзара пікірлесіп, топпен жұмыс жасады (командалық жұмыс дағдысы дамыды);
- Өз ойын еркін жеткізді (коммуникация);
- Шешім қабылдауда белсенділік танытты (лидерлік қабілет);
- Құндылықтар туралы эссе жазып, өмірмен байланыстырды (рефлексия, өзін-өзі тану).

Қазақ тілі сабағында soft skills пен ұлттық құндылықтарды ұштастыра отырып оқыту – тұлғаны жан-жақты тәрбиелеудің тиімді жолы. Бұл тәсіл оқушыны тек тіл үйренуші емес, адамгершілігі мол, жауапты азамат ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Мұғалім бұл бағытта әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, оқушыны орталыққа қойған оқытуды жүзеге асырса, нәтижесі де айқын болады. Soft skills – XXI ғасыр оқушысының өмірлік дағдылары. Ал бұл дағдыларды құндылықтармен ұштастыру – тіл пәнінің басты міндеттерінің бірі. Мұғалім бұл бағытта тек пән үйретуші емес, тұлға қалыптастырушы болып әрекет етуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының орта білім берудің мемлекеттік стандарты. – Астана, 2023.
2. Тұрғынбаева Б.А. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары. – Алматы: 2000.

3. Сыздықова Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: 2015.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА КОМИКСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Таңсықбай Ә.Қ.
Ш. Уәлиханов атындағы КУ лекторы, PhD, Көкшетау, Қазақстан.

Тіл – халықтың тарихын, мәдени мұрасын, дүниетанымын көрсететін негізгі құндылықтардың бірі. Жаһандану жағдайында ұлттық тілдерді сақтау және дамыту ерекше маңызды, өйткені әлемдік тілдерінің (ағылшын, орыс, қытай т.б.) қолдану аясының кеңеюі көбінесе жергілікті тілдердің әлсіреуіне әкеледі. Осы тұрғыда филология мен педагогика ғылымы бұл үдерістерді қадағалап қана қоймай, оқытудың жаңа әлеуметтік және мәдени шындыққа бейімделген заманауи әдістемелік тәсілдерін де әзірлеуі керек. Ұлттық тілге деген қызығушылықты арттыратын, оның қоғамдағы мәртебесін нығайта алатын, қарым-қатынастың түрлі салаларында қызмет етуін қамтамасыз ететін тиісті білім беру стратегияларына ерекше назар аударылуы қажет.

Қазіргі жағдайда комикстерді көмекші оқу материалы ретінде қолдану тілді оқытудың өзекті әдісі деп санауға болады. Бейнелеу мәдениеті дәуірінде ақпаратты тұтыну көбінесе иллюстрацияларға негізделген. Ақпараттық технологияның дамуы оқушыларда жаңа танымдық әдеттерді қалыптастырып жатыр. Бұл тұста мәтін мен бейненің үйлесіміне негізделген комикстерді (креолды мәтіндерді) қолдану орынды әрі тиімді көрінеді.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда, тілді насихаттауда комикстерді қолдану 1929 жылдан бастау алады. Осы кезде Алаш зиялылары, атап айтқанда І. Жансүгіров пен Ж. Аймауытов оқу-ағарту тәжірибесінде көрнекілік-мәтіндік формаларды жүйелі түрде қолдану бағытында әрекет етті. І. Жансүгіровтың «Шәркей» [1], «Балаларға базарлық» [2], «Одақ» [3], «Малта» [4], Ж. Аймауытовтың «Жаман тымақ» [5]», «Көк өгіз» [6] т.б. шығармалары – бейне мен мәтінді қамтитын комикстер. Мәселен, І. Жансүгіровтың «Малта» өлеңінде малтаның жасалу жолы балаларға түсінікті әрі қызықты түрде баяндалады. Кітаптағы өлең жолдары мен мазмұнға сәйкес келетін 10 суретте малтаның дайындалу жолы кезең-кезеңімен суреттеледі. Атап айтқанда, қойдың сүтін сауу; оны қазанға қайнатып, құрт жасау; құртты кептіріп, малтаға айналдыру. Ақын жас оқырманға еңбектің маңызы мен тағамның қалай пайда болатыны туралы түсінік беріп, ұлттық тағамдарға деген құрмет сезімін дарытады. Ең маңыздысы, Алаш зиялыларының еңбектері кездейсоқ көркемдік техникаға емес, филологиялық және педагогикалық білімді біріктіретін тұтас әдістемелік негізге сүйеніп жасалған. Ж. Аймауытов «Психологія» еңбегінде [7] қабылдау, есте сақтау және ақпаратты өңдеу ерекшеліктерін зерттеуге ерекше көңіл бөлген. Психикалық үдерістердің заңдылықтарына деген қызығушылығы білім берудің тиімді әдістерін, соның ішінде көрнекі құралдарды пайдалану және мәтін мен бейне элементтерін үйлестіруге ықпал етті деп білеміз. Латынға негізделген қазақ әліпбиі мен төте жазуды үйретуде де келтірілген комикстер қолданыс тапты. Ташкенттік басылымдар латын әліпбиінде шығарылса, Қызылордада төте әліпбиіне негізделген комикстер баспадан шықты. Бұл басылымдардағы иллюстрациялар көбінесе ұлттық нақышта, фольклорлық элементтерді сақтап орындалған. Педагогикалық контексте мұндай басылымдар екі жақты қызмет атқарды. Олар бір жағынан қазақ тілін насихаттап, қоғамды жаңа графикалық жазу жүйесіне дағдыландырды. Латынға негізделген қазақ әліпбиі 1929 жылы ресми түрде қолданысқа енгізілгені белгілі, комикстер топтасмасы да аталған уақытта жарияланған. Екінші жағынан, дәстүрлі бейнелер мен мотивтер ұлттық болмысты нығайтып, тілді жеке дара емес, мәдени-тарихи мұраларымен байланыстыра қабылдауына мүмкіндік берді. Осылайша, комикс бұл жағдайда тек оқыту құралы ғана емес, әлеуметтік-мәдени өзгерістер (жаңа әліпбиге көшу) жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтауға, насихаттауға көмектесетін құрал ретінде де қызмет етті. Қазақ тілі жаңа графикаға (латын әліпбиіне) қайта көшіп жатқандықтан, қазақ оқырмандарына жаңа комикстерді ұсыну өзектілікке ие болып отыр. Әліпби ауысуы әсіресе сауаттылық негіздерін енді ғана меңгере бастаған жас оқушыларға қиындықтар туғызады. Ақпараттық кеңістікте қолданысы басым ағылшын және орыс тілдері аясында қазақ тілінің өскелең ұрпақ санасындағы орнын нығайта түсетін білім беру ресурстарын жасау қажет. Осы тұрғыда комикс форматындағы оқу материалдары ерекше рөл атқара алады. Мәтін мен суреттердің үйлесімі оқу үдерісін жеңілдетеді, оны көрнекі және тартымды етеді.

Көріп отырғанымыздай, отандық әдебиетте комикс шығару дәстүрі болған. Аталған еңбектерден өзге, Е. Біләлдің көрсетуінше, Ұлттық кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде 1930-

1941 жылдар аралығында латын графикасымен басылған қазақ комикстері сақталған. Олардың тізімі төмендегідей: 1. «Мәйек» (І. Жансүгіров, Қызылорда, 1931); 2. «Борамбай ауруханада» (Қ. Әбдіқадыров, Алматы, 1932); 3. «Алатаудың бауыры» (Қ. Әбдіқадыров, Алматы, 1936); 4. «Өміртайдың ауылы» (Қ. Әбдіқадыров, Алматы, 1936); 5. «Төрт түр» (Ә. Сүлейменұлы, Алматы, 1936); 6. «Қаңбақ шал» (Ж. Сыздықов, Алматы, 1937); 7. «Балшұбар» (Б. Майлин, Алматы, 1937); 8. «Өтірікке бәйге» (Б. Майлин, Алматы, 1937); 9. «Есек пен өгіз» (Қ. Әбдіқадыров, Алматы, 1937); 10. «Аңшы Қалжан» (Қ. Тайшықов, Алматы, 1937); 11. «Алыптар туралы ертегі» (А. Тоқмағамбетов, Алматы, 1941). Бұл шығармалардың мазмұны мен құрылымы балалардың жас ерекшелігіне сай келіп, олардың ой-санасын дамытуға, көркемдік талғамын қалыптастыруға ықпал етті. Осылайша 1930-1941 жылдар аралығында жарық көрген қазақ комикстері ұлттық әдебиетіміздің балаларға арналған бағытын дамытумен қатар, көркемдік тұрғыдан да маңызға ие болды. Туындылар қазір де өзектілігін жоғалтпай, балалар әдебиетінің алтын қорына айналды [8].

Педагогикалық тәжірибені алатын болсақ, Х. Бельда-Мединаның көрсетуінше, тіл үйретуде комикстерді тиімді пайдалануға қатысты болашақ мұғалімдер арасында айтарлықтай ақтаңдақ бар. Бұл тапшылық жеткіліксіз дайындық, шектеулі жұмыс тәжірибесі, педагогикалық принциптер мен технологиялық ресурстарды түсінбеу сияқты факторларға байланысты болуы мүмкін делінеді. Бұл комикстерді тіл үйренушілерге білім беру құралы ретінде пайдалануға бағытталған неғұрлым кешенді оқыту бағдарламаларының қажеттілігін көрсетеді [9]. Фольклорлық сюжеттер мен кейіпкерлерді комикстерге арқау етіп, балалардың ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын қалыптастыруды мақсат еткен С.А. Итегулова отандық педагогикада комикстерді қолдану деңгейін келесідей бағалайды: «Отандық білім беру саласында бұл жанрдың тұлғаны қалыптастырудағы орны жете зерттелмеген. Ата-аналар мен ұстаздардың көзқарасында эмоционалды сипат басым. Қолданыстағы отандық комикстердің ішінде суреттері сапасыз, оқиғалары тартымсыз өнімдердің жиі кездесуі,сыртқы форма мен ішкі мазмұн арасындағы сәйкестіктің болмауы бұл жанрдың қалыптасу үстінде екенін аңғартады» [10, 278-б.]. Бұл пікірмен келіспеу қиын, өйткені қазақ тілінде сапалы комикстердің саны аз, ал бұл тақырыпқа арналған ғылыми зерттеулер жоқтың қасында.

Д. Сапрынская өз шолуында Орталық Азияда комикстердің танымалдыққа ие емес екенін айтады [11]. Автордың сөзінде 1929 жылдың өзінде-ақ қазақ тілі мен әдебиетін дәріптеу үшін бейнелеу және мәтіндік формаларды қолданып келген Алаш зиялыларының еңбектері аталмайды. Айта кетейік, осы алғашқы қадамдардан кейін отандық зерттеушілер комикстерге лайықты назар аударған жоқ. Бұл жағдайды көрнекі және мәтіндік формаларды талдаудың әдістемелік негізінің жеткіліксіз дамуымен де, комикстерге әсіре сыни көзбен қараумен де байланыстыруға болады. Мұны «комикс» терминіне берілген анықтамалардан-ақ байқауға болады. Мәселен, «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» бойынша: «Комикс – ойды алдандыру сипатындағы өтпелі хикаяны беретін, қысқа мәтіндері бар суреттер сериясы. Комикс белгілі бір тақырыпта бірыңғай сюжетті және қысқа баяндалатын мәтінді, суреттер таралымы (юмористикалық, қырсықтылық, авантюрлық) бар шығарманың түрі)» [12, 82-б.], «Баспа және полиграфия терминдерінің түсіндірме сөздігінде»: «Комикс – мазмұны түкке тұрғысыз суреттер арқылы берілетін қара дүрсін әңгіме» [13, 89-90-б.]. Мұндай үстірт анықтамалар қазақ филологиясында комиксті әдеби жанр ретінде зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Қазақ ғылымында комикстер «жеңіл», «ойын-сауық жанры» ретінде танылғанымен, әлемдік көркем әдебиет тәжірибесі комикстердің терең философиялық және моральдық мән-мағынаны жеткізе алатынын көрсетеді.

Отандық сыни пікірлерге қарамастан, комикстер тілді (әсіресе ағылшын тілін), әдебиетті, ұлттық идеяларды үйретуде тиімді құрал екенін дәлелдеді [14-15]. Олардың көрнекі және тілдік компоненттердің синтезіне негізделген бірегей формасы мазмұнды кең аудиторияға жеткізуге, тұрақты мәдени нышандарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен американдық комикстерде қолданылғанның барлығын қазақ тілінде сол күйі жүзеге асыруға болады деген сөз емес, өйткені ағылшын басқа тіл семьясына жатады. Демек комикс үшін дайын мәтінді бейімдеудің, жаңа мәтінді құрудың әдістері арнайы әдістемені қажет етеді. Қазақ тілінің жалғамалы түркі тілдеріне тән өзіндік морфологиясы, синтаксисі, лексикасы бар – бұл комикстегі диалогтар мен стильді таңдауға ерекше талап қояды.

Комикстердің мазмұны ұлттық мәдени бірегейлікті сақтай отырып, жалпыадамзаттық гуманистік құндылықтарды дәріптеуі керек. Тарихи комикстер өзінің табиғаты бойынша отансүйгіштік сезімді ұялатуға, ұлттық болмыстың нығаюына ықпал етеді. Алайда бұл бағыттағы комикстер негізінен орыс тілінде басылып шықты: «Ермек Батыр» (2015), «Степь» (2017), «Золотой воин. Томирис» (2019), «Орда. Новые боги» (2019) т.б. Бұл қазақтілді контентті қолдаудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Ұлттық дүниетаным мен мәдени құндылықтарды жеткізуші ана тілі болғандықтан,

басқа тілде оқуда патриоттық сезімді ояту өте қиын. Осы тұрғыда қазақ тілін заманауи мәдени коммуникация түрлері арқылы насихаттаудың мәні бар. Жастар арасында комикстердің танымалдылығы, сондай-ақ тарихи оқиғаларды бейімдеп бейнелеуге деген қызығушылықтың артуы қазақ тілін танымал етуге қолайлы жағдай жасайды.

Түркітілдес халықтар арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға және олардың ортақ медиа кеңістігін дамытуға септігін тигізер түркі тілдеріндегі комикстердің біртұтас жинағын құру перспективалы бағыт болып табылады. Комикстердің бейімделуіне шығармаларды бір түркі тілінен екіншісіне аудару мүмкіндігін де ескеру керек. Түркі тілдерінің белгілі бір дәрежеде өзара түсініктілігі мен құрылымдық ұқсастығы бар. Бұл мәтіндер мен көрнекі материалды тіларалық тиімді тасымалдау үшін алғышарттар жасайды. Сонымен бірге, баяндау мен бейнелеу элементтері арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, бейімдеу принциптері мен әдістері, сондай-ақ комикс жасаудың жалпы ережелері сақталуы мүмкін. Бұл әдіс комикстердің аудиториясын кеңейтіп қана қоймай, түркі тілдерінің сақталуы мен танымал болуына, сондай-ақ түркітілдес әлемде мәдениетаралық коммуникацияның дамуына ықпал етеді.

Мақала ҚР ҒЖБМ 2025-2027 жылдарға арналған AP 27511079 «Қазақ тілін оқытудың жаңа тенденциялары: көркем мәтіндерді бейімдеу қағидаттары және танымдық комикстер құрастыру әдіснамасын зерттеу» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жансүгіруұлы І. Шәркей: білім ордасы жас балалар оқуына ұнатқан / суреттерін салған Ықсан. – Қызылорда: Изд. «Қазақстан», 1929. – 20 с.
2. Жансүгіров І. Балаларға базарлық / сур.: Н.К. Рех, Л.А. Фокин. – Алматы: Изд. «Қазақстан», 1929. – 15 с.
3. Жансүгіруұлы І. Одақ: балаларға арналған өлең / сур. Антощенко. – Ташкент: Изд. «Қазақстан», 1929. – 16 с.
4. Жансүгіруұлы І. Малта. – Ташкент: Изд. «Қазақстан», 1929. – 14 с.
5. Аймауытұлы Ж. Жаман тымақ: сықақ өлеңдер. – Ташкент: Изд. «Қазақстан», 1929. – 16 с.
6. Аймауытов Ж. Көк өгіз. – Қызылорда: Изд. «Қазақстан», 1929. – 12 с.
7. Аймауытұлы Ж. Психологиия. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 с.
8. Біләл Е. Алғашқы қазақ комиксі – таным бастауы // Ана тілі. 05 Маусым, 2025. URL: https://anatili.kazgazeta.kz/news/64167 (қаралған күні: 05.09.2025)
9. Belda-Medina J. Inclusive Education through Digital Comic Creation in Higher Learning Environments // Social Sciences. – 2024. – № 13 (5). DOI: doi.org/10.3390/socsci13050272
10. Итегулова С.А. Фольклорлық сюжеттер мен кейіпкерлерді комикстерге бейімдеу // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 2. – 268-282 б.
11. Сапрынская Д. Лекция «Какие комиксы читают в Центральной Азии» // YouTube канал РГБ. URL: https://www.youtube.com/watch?v=khHpuxwEA8E&t=22s (қаралған күні: 21.09.2025)
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / Сост.: Қ. Күдеринова ж.б. – Алматы: Арыс, 2007. – 8-том. К-Қ. – 744 с.
13. Баспа және полиграфия терминдерінің түсіндірме сөздігі / С. Медеубекұлы, Б. Омарова, Р. Әбдиева. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2013. – 232 с.
14. Meuer S. Reading Comprehension through Graphic Novels: How Comic Books and Graphic Novels Can Help Language Learners // MinneTESOL Journal. – 2018. – №34 (2). URL: https://minnetesoljournal.org/wp-content/uploads/2018/11/Meuer-2018-Reading-Comprehension-through-Graphic-Novels-2.pdf (қаралған күні: 15.06.2025)
15. Tekin E., İlhan G.O. The Use of Digital Comics in Foreign Language Teaching: Experiences of Erasmus Students // European Journal of Education. – 2025. – Volume 60, Issue 2. DOI: doi.org/10.1111/ejed.70090

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖИ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Темирбекова Ж.Т.

2 курс магистранты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан.

XXI ғасырдың білім беру кеңістігі қарқынды өзгерістерге ұшырап отыр. Қоғамдағы цифрландыру үрдісі оқыту мазмұнын, әдісін және құралдарын жаңартуды талап етеді. Қазіргі таңда білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру үшін дәстүрлі әдістемелермен қатар, жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажеттігі туындап отыр. Соның ішінде жасанды интеллектіні (ЖИ) оқу үдерісіне енгізу – педагогика ғылымының өзекті бағыттарының бірі [1, 45 б].

Әдебиет пәні оқушылардың ұлттық құндылықтарға, мәдениет пен тарихқа деген көзқарасын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Дегенмен соңғы жылдары оқушылардың әдеби мәтіндерге қызығушылығы бәсеңдеп келе жатқандығы байқалады. Бұл құбылыстың негізгі себептеріне ақпараттық қоғам жағдайында жас ұрпақтың қабылдау ерекшелігінің өзгеруі, дәстүрлі оқыту тәсілдерінің заман талабына толық сәйкес келмеуі жатады [2, 133 б]. ЖИ технологияларының білім беру жүйесіне енуі осы мәселені шешудің жаңа жолдарын ұсынады. Мәселен, қазақ әдебиетін оқытуда ЖИ негізінде жасалған цифрлық платформалар мен мобильді қосымшалар оқушыларға шығарманы талдауды жеңілдетіп, жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді. Автоматтандырылған тестілер, мәтінге негізделген интерактивті ойындар, көрнекілік құралдары оқушының әдеби үдерістегі белсенділігін арттырады [3, 76 б]. Қазақ әдебиетін оқытуда ЖИ-ті қолданудың тағы бір артықшылығы – оқушылардың жеке қабілетін ескере отырып, сараланған тапсырмалар ұсыну мүмкіндігі. Әдебиет сабағында оқушының өз бетімен ізденуіне жол ашу, шығармашылық тапсырмалар орындауға баулу арқылы олардың әдеби-эстетикалық талғамы артып, ұлттық мәдениетке қызығушылығы күшейеді [4, 201 б]. ЖИ технологияларын пайдалану қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жаңа деңгейге көтерудің бірден-бір тетігі болып табылады. Бұл тәсіл оқушылардың танымдық белсенділігін арттырумен қатар, олардың сыни ойлау қабілетін, мәтінді талдау дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді [5, 219 б].

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен жаңа технологияларды қолдану мәселесі соңғы онжылдықта зерттеушілердің назарын жиі аударған тақырыптардың бірі болып отыр. Әсіресе цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллектіні пайдаланудың мүмкіндіктері жайында бірқатар еңбектер жарық көрді. Мәселен, Қ. Сарбасов оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігін зерттей отырып, олардың оқушы белсенділігін арттырудағы рөлін нақтылайды. Ғалымның пікірінше, білім беруде инновациялық құралдарды пайдалану дәстүрлі сабақ үлгісін жаңғыртып қана қоймай, оқушылардың танымдық қызығушылығын күшейтеді [6, 87 б]. Сол сияқты Г. Ахметова цифрлық білім беру ресурстарының әдістемелік қырларын қарастырып, олардың әдебиет сабақтарындағы қолданысын талдаған. Ол оқушыға бейімделген электрондық платформалардың шығармашылық қабілетті дамытуға ерекше ықпал ететінін атап өтеді. Мұндай ресурстарды жасанды интеллектімен толықтыру оқыту сапасын жаңа деңгейге көтеретінін көрсетеді [7, 142 б]. Шетелдік тәжірибеге назар аударсақ, М. Нельсон мен К. Смит білім беру саласында жасанды интеллектіні қолданудың педагогикалық артықшылықтарын айқындайды. Олар оқыту барысында оқушының жеке ерекшеліктеріне қарай дербес тапсырмалар берудің тиімділігін дәлелдеген. Бұл тәсіл оқушылардың когнитивтік белсенділігін арттыруда маңызды құрал екендігіне назар аударады [4, 59 б]. Ө. Әбдиманұлы қазақ әдебиетін оқытуда ұлттық құндылықтарды сақтаудың маңызын атап өтеді. Оның пайымдауынша, жаңа технологиялар оқушыны қызықтырумен қатар, әдеби шығармалардың мазмұнын терең түсінуге жағдай жасауы қажет. Бұл бағытта ЖИ-ті пайдалану оқушылардың әдеби талдау дағдысын жетілдіріп, ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді [5, 203 б]. Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесі көрсеткендей, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде жасанды интеллектіні пайдалану мәселесі енді ғана жүйелі зерттеле бастады. Әр зерттеуші бұл тақырыпқа түрлі қырынан келсе де, барлығының ортақ ойы – ЖИ технологияларын қолдану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға және оқыту сапасын жетілдіруге мүмкіндік береді дегенге саяды [3, 118 б].

Білім беру жүйесі оқушыны тек білім алушы ретінде емес, жеке тұлға ретінде қалыптастыруды көздейді. Осыған орай оқыту әдістемесінде тың бағыттар мен жаңа үрдістер пайда болуда. Соның ішінде қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде дәстүрлі тәсілдер заманауи ақпараттық технологиялармен ұштасып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталып отыр [1, 67 б]. Соңғы жылдары әдебиет сабақтарына енгізіліп жатқан маңызды үрдістердің бірі – цифрлық ресурстарды пайдалану. Электрондық оқулықтар, мультимедиялық құралдар, онлайн платформалар арқылы оқушыларға көркем шығарманы жаңа қырынан таныстыру мүмкіндігі кеңейіп келеді. Әдеби мәтінді визуалды материалдармен толықтыру, бейнежазбалар мен аудиоүзінділерді қолдану оқушылардың қабылдау деңгейін арттырып, шығарманың мазмұнын тереңірек түсінуге ықпал етеді [2, 142 б]. Тағы бір маңызды бағыт – оқыту үдерісінде саралап оқыту әдісінің қолданылуы. Әр оқушының білім деңгейі мен қабілетін ескере отырып, жеке тапсырмалар ұсыну – қазіргі әдістемелік ізденістердің басты

қағидаларының бірі. Бұл тәсіл оқушының шығармашылық белсенділігін дамытуға, әдеби талдауға қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді [3, 214 б]. Жаңа үрдістердің ішінде оқушының өзіндік ізденісіне, дербес ой қорытуына жол ашатын жобалық жұмыс әдісінің де орны ерекше. Әдебиет сабағында жобалық жұмыстарды ұйымдастыру оқушының тек мәтінді оқып қана қоймай, оны талдауға, тарихи-мәдени контексте қарастыруға, шығармашылық өнім ұсынуға бағыттайды. Мұндай тәжірибе оқушыны әдеби үдерістің белсенді қатысушысына айналдырады [4, 188 б]. Жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу де қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа үрдістердің қатарында. ЖИ негізінде құрылған платформалар мен қосымшалар оқушыға мәтіндік талдау жасауға, тест тапсырмаларын орындауға, шығармашылық ойлауды дамытуға көмектеседі. Бұл әдістер дәстүрлі оқыту мен заманауи технологияларды тиімді ұштастыруға мүмкіндік береді [5, 99 б]. Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа үрдістер – оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға, сыни ойлау қабілетін жетілдіруге, ұлттық мәдениетке деген құрметін күшейтуге бағытталған заманауи әдістемелік қадамдар болып табылады.

Заманаи білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні (ЖИ) пайдалану оқыту процесін жаңа сапалық деңгейге көтеріп отыр. Әдебиет сабағында ЖИ құралдарын қолдану тек ақпарат ұсынумен шектелмей, оқушының танымдық әрекетін жандандыруға, шығармашылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. ЖИ негізінде жасалған қосымшалар мен платформалар оқыту үдерісін даралап, әр оқушының жеке қабілеті мен оқу қарқынына бейімделуге жағдай жасайды. ЖИ құралдарының басты әдістемелік мүмкіндіктерінің бірі – оқу материалын автоматты түрде талдау және құрылымдау. Әдеби мәтінді талдау барысында ЖИ мәтіннің негізгі ойларын бөліп көрсетуге, кейіпкерлер арасындағы байланыстарды анықтауға, сюжеттік желіні жүйелеуге көмек береді. Бұл мүмкіндік мұғалімнің уақытын үнемдеумен қатар, оқушыларға шығарманы жан-жақты түсінуге қолдау көрсетеді. Екінші маңызды қыры – оқушыларға жеке оқу траекториясын құрастыру. ЖИ жүйелері оқушының алдыңғы тапсырмаларды орындау нәтижесін талдай отырып, оның деңгейіне сәйкес қосымша тапсырмалар мен материалдар ұсына алады. Бұл тәсіл оқушыны қызықтыратын бағыттарды айқындап, оның оқу белсенділігін арттыруға ықпал етеді. ЖИ құралдары сабақ барысында интерактивтілік элементтерін күшейтеді. Мысалы, әдеби кейіпкерлер бойынша интеллектуалды ойындар, викториналар, тест тапсырмалары немесе виртуалды көрнекіліктер жасау арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады. Мұндай әдістер әдеби білімді тек теориялық деңгейде қабылдаумен шектемей, оны тәжірибеде қолдануға үйретеді. ЖИ-тің әдістемелік мүмкіндіктерінің бірі – кері байланыс беру жылдамдығы. Оқушының тапсырманы орындауындағы қателіктерін дер кезінде көрсетіп, оны түзету жолдарын ұсыну білім сапасын арттыруға септігін тигізеді. Бұл жағдайда оқушы өз қателігін уақытылы түсініп, дұрыс бағытта жұмыс істеуге үйренеді. ЖИ құралдарын әдебиетті оқытуда пайдалану әдістемесі – оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудың, шығармашылық қабілеттерін дамытудың және оқу үдерісін даралап ұйымдастырудың тиімді жолы. Ол дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыра отырып, білім беру тәжірибесін жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік береді.

Жаңа дәуірдегі білім берудің басты мақсаты – тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашу, ізденіске бейімдеу және оқу процесінде белсенділікке баулу. Әдебиет пәнінде бұл міндет оқушыларды тек мәтінді оқуға емес, оны терең түсінуге, талдауға және өз ой-тұжырымын айтуға баулумен тығыз байланысты. Танымдық қызығушылықты қалыптастыру үшін мұғалім тек дәстүрлі әдістерге сүйеніп қана қоймай, инновациялық тәсілдерді де орынды қолдануы тиіс [6, 74 б]. Танымдық белсенділікті арттырудың ең тиімді жолдарының бірі – оқушылардың оқу әрекетіне дербестігін енгізу. Жобалық жұмыстар, шағын зерттеу тапсырмалары, әдеби шығармалар бойынша презентациялар жасау олардың шығармашылық қабілетін дамытып, әдеби үдерістегі белсенділігін арттырады. Әсіресе, әдеби кейіпкерге мінездеме беру, оқиғаларды қазіргі заманмен байланыстыру сияқты тапсырмалар оқушылардың ойлау көкжиегін кеңейтеді [7, 152 б]. Оқушылардың қызығушылығын күшейтуде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері зор. Мультимедиялық құралдар, онлайн викториналар, интерактивті тесттер мен ойын элементтерін енгізу сабақтың мазмұнын жандандырып, оқушыларды әдеби мәтінді жаңа қырынан қабылдауға жетелейді. Мұндай әдістер оқушының тек қабылдаушы емес, белсенді ізденуші тұлғаға айналуына ықпал етеді [8, 95 б]. Танымдық қызығушылықты қалыптастырудың тағы бір тиімді тәсілі – саралап оқыту технологиясы. Әр оқушының жеке қабілетіне, оқу қарқынына сәйкес тапсырмалар ұсыну олардың өзіне сенімділігін арттырады. Бұл әдіс оқушының шығармашылық әлеуетін ашып, әдеби шығарманы өзіндік тұрғыдан талдауға үйретеді [7, 211 б]. Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық қызығушылығын ояту үшін пәнаралық байланыстарды орынды пайдалану да тиімді. Тарих, өнер, музыка пәндерімен байланысты тапсырмалар оқушылардың әдеби шығарманы кеңірек тануына жағдай жасайды. Бұл әдіс оқушы

санасында әдебиеттің ұлттық мәдениетпен және жалпы өркениетпен сабақтас екендігін айқындайды [8, 134 б]. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру жолдары сан алуан. Оның ішінде дербес оқу әрекетін ұйымдастыру, ақпараттық технологияларды қолдану, саралап оқыту және пәнаралық байланыстарды дамыту – әдеби білім берудің нәтижелілігін арттыратын басты факторлар болып табылады.

Қазақ әдебиетін оқыту – жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ұлттық мәдениетті терең меңгертуге бағытталған маңызды пәндік сала. Қазіргі білім беру жағдайында бұл пәннің әдістемесі дәстүрлі тәжірибелермен шектелмей, жаңа технологиялық мүмкіндіктермен толықтырылуы қажет. Соның ішінде жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану – оқыту процесін жаңғыртып, оның тиімділігін арттыратын жетекші бағыттардың бірі. ЖИ құралдарының қолданылуы әдебиетті оқытуға бірнеше артықшылық береді. Біріншіден, ол оқу материалын автоматты талдауға мүмкіндік береді. Мәтіннің құрылымын ажырату, негізгі ойларды анықтау, кейіпкерлер арасындағы байланыстарды көрсету сияқты жұмыстар оқушыға шығарманы терең түсінуге жол ашады. Екіншіден, ЖИ негізінде оқушыға дараланған тапсырмалар беруге болады. Бұл тәсіл әр оқушының деңгейін ескеріп, оның қабілетін жетілдіруге жағдай жасайды. Үшіншіден, ЖИ оқыту процесін интерактивтілікпен қамтамасыз етеді. Әдеби викториналар, интеллектуалдық ойындар, онлайн тесттер мен шығармашылық тапсырмалар оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырады. Бұл оқушының тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Төртіншіден, ЖИ негізінде қалыптасқан жылдам кері байланыс оқу сапасын жетілдіруге ықпал етеді. Оқушы өз қателігін бірден көріп, түзету жолдарын меңгеріп отырады. Жаңа әдістемелік үрдістердің ЖИ технологиясымен ұштасуы қазақ әдебиетін оқытуды сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтереді. Әсіресе, саралап оқыту әдісін, жобалық жұмысты, пәнаралық байланысты ЖИ құралдарымен толықтыру оқушының әдеби талдау дағдыларын жетілдіріп, ұлттық мұраға деген қызығушылығын күшейтеді. Бұл тәсіл оқушылардың ойлау көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, оларды шығармашылық тұрғыдан дамуға бағыттайды.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетін оқытуда ЖИ құралдарын қолдану – заманауи педагогиканың талаптарына жауап беретін, нәтижеге бағытталған әдіс. Ол оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, әдеби білімді саналы түрде қабылдауына ықпал етеді. ЖИ-ті орынды пайдалану арқылы әдебиет сабағы оқушылар үшін қызықты да мазмұнды, тиімді де нәтижелі болмақ. Сондықтан жасанды интеллектіні оқыту үдерісіне ғылыми негізде енгізу – қазақ әдебиеті пәнінің болашағына жол ашатын маңызды қадам болып саналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2019. – 256 б.
2. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиеті және жаңа дәуір. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 320б.
3. Ахметова Г. Цифрлық білім беру ресурстары. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 280 б.
4. Дүйсенбаев А. Педагогика. – Астана: Фолиант, 2018. – 264 б.
5. Adilova E., Aimaganbetova O. Value orientations of modern Kazakhstanis // Open Psychology Journal, 2021, 14(1), pp. 150-162.
6. Сарбасов Қ. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 276 б.
7. Nelson M., Smith K. Artificial Intelligence in Education. – New York: Springer, 2020. – 198 p.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2019. – 256 б.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ОҚЫТУ

Смагулова Ш.К.

№2 арнайы-мектеп интернаты мұғалімі, ШҚО, Алтай, Қазақстан.

Қазіргі заманда технологиялардың жетістігі білім беру саласында да жарыққа шығып отыр. Оның ішінде – жасанды интеллект технологиясымен – оқыту үрдісін жаңаша деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы жасанды интелект технологиясы арқылы оқыту тілді үйретуде ғана емес, ол деген мемлекеттік тілге деген қызығушылықты арттыру, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды, әдеби мұраны, салт-дәстүрді, мәдениет пен рухани тәлім-тәрбиені меңгеруде де маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы жасанды

интеллект технологиясымен оқыту қандай әлеуетке ие екені, оқу үдерісіне әсері мен кездесетін мәселелер қарастырылады.

Құндылыққа бағдарлы оқытудың қажеттілігі сөзсіз және ЖИ-құралдардың рөлі жоғары. Құндылық бағдарлы оқыту дегеніміз – оқушылардың бойына адамгершілік, отансүйгіштік, жауапкершілік, ізгілік, ұлттық сана сынды қасиеттерді қалыптастыру, патриоттық, эстетикалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жасанды интеллекттің көмегімен ондағы түрлі платформалар мультимедиялық құралдарды мен пайдалану арқылы сабақ дәрісті қызықты етіп өткізуге болады. Мысалы, электронды оқулықтар, видеосабақтар мен подкасттар, аудиоформаттағы лекциялар, интерактивті тесттер мен ойындар, виртуалды экскурсиялар, әлеуметтік желілер, TikTok, Instagram арқылы қазақ әдебиетін насихаттау, қысқаша әдеби шолу видеоларын жасау. Яғниоқушылардың тілді меңгеруі, тұлғалық дамуы және оқу үлгерімін жақсарту үшін маңызды болып табылатын дәстүрлі әңгімелеуден басқа, цифрлық әңгімелеу оқушының табысты оқу тәжірибесі, оқу үлгерімі және тұлғалық қалыптасуы үшін маңызды рөл атқара алады. Жасанды интеллект әдеби шығармаларды жанрлық, тақырыптық тұрғыдан сұрыптап, авторлар, кейіпкерлер, тарихи кезеңдер бойынша жүйелей алады. Бұл оқушылардың үшін үлкен көмек екенін айта кеткен жөн.

Бұл бағытта бірнеше зерттеулер бар. Олардың барлығында жасанды интеллектті қолданудың өзектілігі мен қажеттілігі туралы сөз болады [1, 2].

Бұл тәсіл жасанды интеллектпен бірге қолданылғанда мынандай мүмкіндіктерге жол ашады: 1. Дыбыстық нұсқалар жасау (аудиокітаптар). Жасанды интеллект дауыстық синтез арқылы әр түрлі әдеби шығармаларды түрлі тембрде, тілде және мәнерде оқуға қабілетті. Ерекше қажеттілігі бар оқушылар үшін бұл өте қолайлы болып табылады. 2. Даралап оқыту: ЖИ әр оқушының оқу деңгейін, қызығушылығын, кемшілігін анықтап, жеке бағдарлама ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, әдеби шығарма бойынша талдау тапсырмаларын оқушының деңгейіне қарай түрлендіруге болады. 3. Интерактивті мазмұн: ЖИ көмегімен әдеби кейіпкерлерге «жан бітіріп», интерактивті тәлім-тәрбиесі мол маңызды сұхбаттар, салт-дәстүрді дәріптейтін квесттер құруға болады. Бұл оқушының шығармашылық ойлауын дамытып, тілдік қорын байытады. 4. Жылдам кері байланыс: Тапсырмаларға автоматты түрде талдау жасап, оқушыға кері байланыс береді. Бұл мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оқушының өзін-өзі бақылауына жағдай жасайды. 5. Құндылықтарды визуализациялау: Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалау, жағымды және жағымсыз мінез-құлықты саралау арқылы оқушыларда адамгершілік құндылықтар қалыптастыру жеңілдейді. 6. Мазмұнды талдау және құрылымдау: Жасанды интеллект – әдеби мұраны жаңғыртатын және болашаққа жеткізетін сенімді құрал. Ол тек техникалық мүмкіндік қана емес, рухани мұраның заманауи қорғаушысы. Ұлттық әдеби мұраны цифрлық кеңістікке көшіру — ұлттың мәдени егемендігін нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Осы арқылы қазақ әдебиеті уақыт пен кеңістіктен тәуелсіз өмір сүре алады.

Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы жасанды интеллект технологиясымен оқытуды қолдану – бұл тек әдіс немесе құрал ғана емес, ұлттық тіл мен мәдениетті келешек буынға жеткізудің жаңа мүмкіндігі. Құндылыққа бағдарланған оқыту арқылы ана тілімізді сүйіп, бағалай білетін, әдеби мұраны түсіне отырып жүрген азаматтарды тәрбиелеу мүмкін. Бірақ жасанды интеллект технологиясымен оқыту енгізу барысында тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқытудың басты мақсат болып қалуы қадағалау өте маңызды. Осыны тиімді үйлестіре білсек, тіл мен әдебиет заманауи, қызықты, әрі мәнді болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абиханова Г. Д. Абай өлеңдерін жасанды интеллект арқылы оқыту //Hamkor konferensiyalar. – 2025. – Т. 1. – №. 17. – С. 106-113.
2. Исағали А. Н., Молдабаева К. Е. Жасанды интеллект коммуникативті дағдыларды оқыту құралы ретінде //Вестник науки. – 2025. – Т. 5. – №. 8 (89). – С. 451-457.

ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ: ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК МҮМКІНДІКТЕР

Тайшыбаева А.Ж., Мустажапова А.Р.

Ы. Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназия, Астана, Қазақстан.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыларды тек біліммен қаруландыру ғана емес, сонымен қатар олардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру.

Жасөспірім кезеңіндегі оқушылардың дүниетанымы мен өмірлік ұстанымдары тұрақтала бастайтындықтан, бұл кезеңде құндылықтарды игерту ерекше маңызға ие. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары – оқушыларды рухани байытып қана қоймай, адамгершілік, әділдік, еңбекқорлық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды сіңіруге зор мүмкіндік беретін пәндер. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «ұлттық және жалпы адамзатқа тән құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» қажет екендігі айтылған [1]. Құндылық ұғымының мазмұны кең. Ол тұлғаның адамгершілік сезімдерін негізге ала отырып, мәдени мінез-құлықты қалыптастыруға негіз болады.

Ежелгі философтар құндылықтардың онтологиялық табиғатына ерекше мән берген. Сократ бұл ұғымды адамның өмірге берген бағасы ретінде қарастырса, Платон оны өмірдің өзі деп түсінеді. Аристотель құндылықты даналықпен байланыстырып, «құндыны таба білу қабілеті» деп тұжырымдайды [2]. Ал Кант «құндылық» ұғымын ғылымға енгізіп, оны адамгершілік (бостандық) және табиғат (қажеттілік) салаларын салыстыру арқылы түсіндірді, яғни жеке үстанымға қарама-қарсы заң, бұйрық, міндет [3]. Бұдан өзге шығыстың ұлы ойшылы Қ.А.Ясауи азаматтық құндылықтардың маңызын айқындаса, Ж.Баласағұн «Құтты білік» еңбегі арқылы адамгершілік қасиеттердің ара жігін ажыратып өнегелі мұра қалдырды. Осы уақытқа дейін құнды еңбек қалдырған әдіскерлердің басым көпшілігі ұлттық ерекшелік, өзіндік сана, азаматтық ұстанымдарды қалыптастыру үшін адамгершілік-отбасылық, этникалық, рухани-мәдени құндылықтардың маңызы зор екенін атап өтеді. Құндылық ұғымы адамзат тәжірибесінің түрлі қырын қамтып, дәстүр мен мәдени мұра арқылы жалғасып отырады. Ол философиялық тұрғыда – адамның өмірді бағалауы, педагогикалық тұрғыда – тәрбиенің өзегі, ал әлеуметтік тұрғыда – отбасы мен қоғамның тұрақтылығын айқындайтын фактор болып табылады. Біз нысан ретінде алып отырған 7–9-сынып оқушыларында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде құндылықтарды дамыту үшін, ең алдымен, олардың жас ерекшелігін, психологиялық қалпын және физиологиялық даму ерекшелігін ескеруіміз қажет.

Жасөспірім кезең – мінез-құлық сипаттарын қалайтын шақ. Түрлі қасиеттер, атап айтсақ қайсарлық, табандылық, кедергілер мен қиындықтарды жеңе білу дамиды. Бұдан өзге спорттық, ұйымшылдық, эстетикалық қасиеттері қалыптасады. Бұл шақтың маңыздылығы – білім алушының бойында әлеуметтік, моральдық құндылықтарды қалыптастырудың негізі қаланады. Ғалым Н.Б.Берікұлы «Жас ерекшелік және педагогикалық психология» еңбегінде баланың интеллект дамуы 8-9 сыныптарда қарқынды дами түседі, сол себепті жалпыадамзаттық құндылықтарды балаларға дұрыс ұсыну, сабаққа кіріктіру керек екендігін атап өтті. Себебі үнемі өзгеріп отыратын зейін, ес, қабылдау үдерістері тұрақталып, жасөспірім қызыға еңбек етеді. Өзіндік «мені» қалыптасып, қоғамның бір мүшесі ретінде өз халқының этномәдени ерекшеліктерін қабылдап, моральдық нормаларға сай әрекет жасауды үйренеді [4,91] Осы аталған ғалымдардың тұжырымдарын ескере отырып, 8-сынып оқушыларның қазақ тілі сабағында ұлттық құндылықтар, рухани-адамгершілік және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру маңызды деп санаймыз.

Жалпыұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтар. 8-сынып, қазақ тілі оқулығында «Көне жазба ескерткіштері» бөлмін алайық. Бұл тақырыпты түсіндіруде мұғалім құрмет (үлкенге ізет, кішіге қамқорлық тақырыптарын тілдік жағдаяттарда қолдану), жауапкершілік пен әділдік (көркем шығармалардағы кейіпкер әрекеті арқылы талдау), бірлік пен ынтымақ (топтық жұмыстар, пікірталастарда дарыту) секілді құндылықтарды басшылыққа ала алады. Тиімді әдістер: мәтінмен жұмыс, салыстыру, рөлдік ойын, сын тұрғысынан ойлау, жоба жұмысы, дебат. Мысалы:

Түнде ұйықтамадым
Түрік жұрты үшін
Ойымдағы ойлаған ісімді
Бойымдағы қайрат, күшімді
Сарқып құйдым.
Түрік жұртының
Бағын өсірдім.
Аркуй күзетшілерінің
Санын өсірдім.
Түріктердің алдында
Қас жаулардың көз жасын
Сорғалатып төктірдім
Елім ел болды.

Ерлерімді былай қойғанда,

Құлыма дейін өр болды! *(Үзінді «Әдебиет порталы» сайтынан алынды)*

Көне жазба мұраларынан алынған мына үзіндіге қатысты мынандай тапсырмалар кешенін ұсынуға болады.

Қазақ тілі пәні. 8-сынып

Мәтін: Күлтегін жыры (үзінді). Құндылық: Бірлік пен ынтымақ.

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, бірлік пен ынтымақты білдіретін 3–4 сөйлемді тауып, көшіріп жаз.

2-тапсырма. «Елім ел болды», «Құлыма дейін өр болды» тіркестерін түсіндір. Осы тіркестердің қазіргі қазақ қоғамымен байланысын 2–3 сөйлеммен жаз.

3-тапсырма. «Егер сен Күлтегіннің орнында болсаң, бүгінгі жастарға қандай өсиет жазар едің?» – 4–5 сөйлемдік шағын мәтін жаз.

4-тапсырма. Сыныппен бірге «Бірлік – елдің қуаты» тақырыбында постер немесе қысқа ұран ойлап табыңдар (мысалы: *«Бірлік бар жерде – береке бар»*).

Нәтижесінде оқушылар түркі дәуірінің жазба ескерткіштері арқылы бабалардың елдік мұратын, бірлік идеясын түсінеді. Бірлік, әділдік, жауапкершілік, құрмет сияқты жалпыұлттық құндылықтарды мәтіннен таба отырып, өз өмірімен байланыстырады. Үзінділерді талдау, салыстыру, пікір айту, қазіргі жастарға өсиет жазу сияқты тапсырмалар оқушыны ойлануға, дербес тұжырым жасауға жетелейді.

Ал «Жасөспірім және заң» бөліміне «Әділдік пен жауапкершілік» жалпыұлттық құндылықтарын енгізу үшін қазақтың шешендік сөздері, билердің әділ үкімдері мен аңыздарын пайдалануға өте ыңғайлы. Оқушыны заң нормаларын құрғақ оқытпай, халық даналығы арқылы жеткізу тиімді болады.

Мысалы: Әйтеке бидің әділдігі – «Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң жауға найзаң тисін» деген өсиеті. Төле бидің төрелігі – Жесір дауы мен жер дауын әділ шешкен оқиғалары. Қазыбек бидің сөзі – «Біз қазақ деген мал баққан елміз…» деген ел намысын қорғаған шешендігі. Жиренше шешеннің тапқырлығы – хан алдында әділдік пен жауапкершілікті астарлы түрде жеткізуі. Асан қайғы толғауларынан – ел басқару, әділ болу, халық қамын ойлау туралы ойлар.

1-тапсырма. «Әділдік таразысы» (рөлдік ойын). Сынып үш топқа бөлінеді: «Билер алқасы», «Даугерлер», «Куәлар». Мұғалім нақты бір дауды (мысалы, жер дауы, малға қатысты дау, дос арасындағы келіспеушілік) береді. Оқушылар билердің шешендік сөз үлгісінде өз уәждерін айтып, төрелік жасайды. Соңында «әділ шешім» қабылданған- қабылданбағанын талқылайды.

2-тапсырма. «Заң мен дәстүр» салыстыру кестесі

Мысал	Дәстүрдегі шешім	Қазіргі заңдағы ұқсастығы
Жесір дауы	Қайын ағасына беру немесе құн төлеу	Неке құқығы, мұрагерлік
Жер дауы	Билер төрелігімен жерді бөлісу	Азаматтық кодекс (жерге меншік құқығы)

3-тапсырма. «Әділдік туралы мақал-мәтелдер» жинақтау. Әр оқушы әділдік пен жауапкершілікке байланысты 2 мақал табады. Мысалы: «Әділ би – елге қорған», «Жауапкершілік – жігіттің серігі». Кейін оқушылар мақалдардың мағынасын заманауи өмірмен байланыстырады.

4-тапсырма. «Әділдік хатшысы» (шығармашылық жазу). Оқушылар «Егер мен би болсам» немесе «Егер мен заң шығарушы болсам» тақырыбында 7–8 сөйлемдік шағын ойтолғау жазады.

Еңбекқорлық (еңбек тақырыбына байланысты мәтіндермен жұмыс) пен жауапкершілік (топтық жобалар, рөлдік ойындар барысында өз міндетін атқару) құндылықтарын дамытуда «Кәсіп пен еңбек» бөлімін негізге алуға болады. Адал еңбектің қадірін білу, өз ісіне, еңбегіне адал қарау – оқушылардың бойында табандылықты, мақсат қоя білуді, ұжымдық істе сенімді серік болуды қалыптастырады. Бұл құндылықтар арқылы жас ұрпақ еңбекке құрметпен қарауды, кәсібін дұрыс таңдауды, болашақ өмірінде табысқа жетудің негізін түсінеді.

Мұндай құндылықтарды дамыту үшін сабақта халықтың кәсіп пен еңбекке қатысты аңыздары мен шешендік сөздері негізінде әңгіме-дүкен құруға, болашақ кәсіп жайында шағын жобалар дайындап қорғауға, әртүрлі жағдаяттық ойындар арқылы кәсіптік ортаға енуге, дәстүрлі кәсіп пен қазіргі мамандықтарды салыстыра отырып талдауға және еңбек тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер арқылы ой қорытуға болады.

1-тапсырма. «Еңбек – құндылық». Мақалдарды толықтыр: «Еңбексіз …», «Еңбек етсең …», «… түбі – береке». Сыныпта мақалдардың мағынасын бүгінгі өмірмен байланыстырып талқылау.

2-тапсырма. «Кәсіп пен арман» (шығармашылық жазу). Оқушы өз армандаған кәсібін сипаттайды: Бұл кәсіп қоғамға қандай пайда әкеледі? Ол үшін қандай білім, еңбек қажет? Қандай құндылыққа сүйенеді?

3-тапсырма. «Дәстүр мен жаңашылдық». Кестені толтыр:

Дәстүрлі кәсіп	Қазіргі кәсіп	Ұқсастығы
Ұсталық	Инженерлік	Екеуі де техникаға байланысты
Мал шаруашылығы	Фермерлік	Табиғатпен байланысты

4-тапсырма. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың» *(Абай, 37-қара сөз).*

Ортасына «ЕҢБЕК» сөзін немесе дәйексөздің қысқаша нұсқасын («Адамдық үшін еңбек») жазып қойыңыз. Оқушылардан еңбек ұғымымен байланысты ассоциацияларды стикерге немесе онлайн құралға (Jamboard) жазуын сұраңыз. Бір бөлігі «Өзің үшін еңбек» ассоциациясын құрайды (мақсатсыз, тек жеке пайда үшін еңбек ету). Екінші бөлігі «Адамдық үшін еңбек» ассоциациясын құрайды (қоғамға пайда, әділдік, жауапкершілік, адалдық). Әр оқушы 2–3 ассоциация жазып, тақтаға орналастырады.Топ болып талқылайды: қай топтағы ассоциациялар құндылықтарға жақын, қайсысы керісінше.

Қорыта келгенде, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жалпыұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды жүйелі дамыту – жас ұрпақтың тұлғалық қалыптасуының негізгі алғышарты. Тапсырмалар мен әдістемелік тәсілдерді құндылықтар негізінде құру оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырумен қатар, олардың бойында ұлттық сана, тарихи таным және адамгершілік ұстаным қалыптастыруға мүмкіндік береді. Демек, құндылыққа негізделген оқыту – тек білім мазмұнын меңгерту құралы емес, жас ұрпақты елжандылыққа, ізгілікке тәрбиелейтін пәрменді жол болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

2.Риккерт Г. Науки о природе и науки о культуре. – Москва.: Республика, 1998. – 413с. (С.13-42.)

3. Кант И. Сочинения. В 6 томах. Т.5. – Москва: Мысль, 1965. – 564с.

4. Берікұлы Н. Жас ерекшелік және педагогикалық психология. – Ақтөбе: С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2018. – 243 б.

5. Әрінова Б. Қазақ тілі : Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық.– Алматы: Атамұра, 2018. – 128 бет.

І. ЖАНСҮГІРОВТІҢ «КҮЙ», «КҮЙШІ» ПОЭМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Үркенбаева Ж.А.

Сарыөзек ауылы №49 орта мектебі, Жетісу облысы, Қазақстан.

Қазақ жаңа әдебиетінің бастау қайнарында тұрған құдіретті талант иелерінің бәріне тән ортақ асыл қасиет - көп қырлылық. Бұл ерекшелікті ақын, драматург, прозаик Ілияс Жансүгіров шығармашылығынан да көруге болады. Халық өмірін реалистікпен бейнелеген дарынды қалам иесінің әр жанрдағы туындыларының ішінде ерекше жарқырап тұрған оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады.

І.Жансүгіров ХХ ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілі, талантты ақын, қоғам қайраткері. Ақын туралы Мұхтар Әуезов былай дейді: «Мен Ілиясты бұрын да білуші едім, өлеңдерін де оқып жүретінмін. Бірақ оны шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным сол «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін» [1]. І.Жансүгіровтің шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Ол поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер. Оның шығармаларына арқау болған тақырып өрістері де алуан түрлі. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де ел қамы, халық тағдыры, ұлттың болмыс қасиеті оның шығармаларының алтын арқауы. Оның қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэма қазақ поэзиясының інжу маржаны болып табылады.

І.Жансүгіровтің прозалық шығармаларының ішіндегі көлемдісі - «Жолдастар» романы. Мұнда қазақ сахарасындағы еңбек адамдарының тұрмыс тіршілігін, азаттықты көксеген арман аңсарын, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің дүмпуін суреткерлікпен ашып көрсетеді. Қаламгер әдебиет сыны мен аударма саласында да өнімді еңбектенді. А.Пушкиннің көптеген өлеңдеріне қоса, «Евгений Онегин»

романын қазақ тіліне алғаш рет толық аударды. Сондай-ақ, М.Лермонтовтың, А.Горькийдің, Н.Некрасовтың, В.Маяковскийдің көптеген шығармаларын қазақ тіліне тәржімалады.

Поэмаларды оқыту әдістері олардың жанрлық ерекшелігінен туындайды. Поэмалардың басым көшпілігі сюжет пен композиция, образдар жүйесінен тұрып, күрделі, ауқымды проблемаларды көтереді. Мұндай поэмаларға С.Сейфуллиннің «Көкшетауы», Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер», т. б. поэмалары жатады. Поэмалардың тағы бір түрі - лиро-эпикалық, лирикалық поэмалар. Сәкеннің «Альбатросы», С.Торайғыровтың «Кедейі», Ілиястың «Даласы» осындай поэмаларға жатады. Лиро-эпикалық поэмаларда шиеленіскен оқиғалар болмайды, дегенмен, поэманың басынан аяғына дейін әңгімеші рөлін атқаратын лирикалық кейіпкер, оның сезімі. Лиро-эпикалық поэмаларды оқытуда мәнерлеп оқуды, поэма көтерген проблеманы меңгерту үшін, мәтіндік талдауды, автор ізімен талдауды қолдану тиімді. Мысалы, Ілиястың «Даласын» оқытудың жемісті жолы -алдымен мәтінді меңгерту. Ол үшін мәнерлеп оқи отырып, әр бөлімге аннотация беру керек. Аннотацияны оқушылар үйден жазып келіп, сыныптағы талдау жұмыстарында пайдаланады. Поэманың күрделілігін ескере отырып, оның әр бөлімі бойынша төмендегідей мазмұндық жоспар жасап, іліп қоюға, керегінде пайдалануға болады.

1-кесте – Поэма бөлімдері

«Арнау»	Ақын толғауы
«Ақтабан»	Қазақ даласының шапқыншылыққа ұшырауы. Тарих шал әңгімесі.

Ары қарай сұрақ-жауап арқылы поэмадағы лирикалық кейіпкер (ақын) әңгімеші - тарих шал туралы, поэманың идеялық проблематикасы жайында әңгіме қозғалады. Тіл көркемдігі, өлең құрылысындағы ерекшеліктерге де міндетті түрде талдау беру керек. Сюжетті поэмаларды образдық талдаумен де, мәтіндік талдаумен де оқытуға болады. Ең тиімдісі - аралас талдау. І.Жансүгіровтің суреткерлік кемелдігін танытатын шығармасының бірі – «Күй» поэмасы. Бұл шығарма өнер тақырыбына жазылған. Ақсу ауданында өмір сүрген қобызшы Молықбай Байсақұлы Кеңес үкіметі тұсында «бақсы» деген айыппен ұсталып, Алматы қаласында түрмеде қайтыс болады. Қолда бар деректерге сүйенсек, 1927 жылы Ілияс Жансүгіров пен Мұхтар Әуезов қобызшы Молықбайды арнайы іздеп келіп, Амантекше жайлауында кезігіп, тартқан күйлерін тыңдайды. Сол сапардан соң Ілияс Жансүгіров «Күй» поэмасын жазып, «Жаңа мәдениет» журналына 1929 жылы бастырып шығарады. Кеңес заманында қазақ елінде қалған жал¬ғыз қобызшы осы – Молықбай Байсақұлы екен. Поэмада басынан аяғына дейін біртұтас тартылған оқиға жүйесі жоқ. Сюжетте әрекет пен лирикалық толғаныс қатар аяқ алып отырады.

Поэма арқауы 2 мәселе: 1) Молықбай шал – қазақ өнерінің қасиетті абызы, оның мұңды, зарлы күйі, «Жарғақ шал, жарық қобыз, жалғыз дауыс» салған «Бозінген» тарихы. Ботасынан айырылып боздаған боз інген, сатылған, саудаланған құл. 2) Мыңдаған оркестрлік жаңа күй – жаңа өмір күйі, даланы дүркіретіп, оятқан күй құдіреті. Күй мазмұнының өзгеруі, оның сазынан Бақыт, Азаттық, Теңдіктің естілуі. Екі күй сарыны – екі өмір көрініс. Ақынның күй өнеріне деген ерекше сезімі. Ілияс Жансүгіров қаламынан туған халықтық күй сарындарының эпикалық суреті қазақ поэзиясындағы тың үлгілердің қатарына жатады. Ақын күй тудырған оқиғалар мен соларды баяндаған кездегі домбыра ырғағын, сарынын поэзия тілінде шебер суреттейді. Ақынның бұл саладағы көркем дүниелері ұлттық поэзиямызда өз алдына бір мектеп деуге боларлық туындылар. Шығарма «жар қабақ, сида, ырсақай, саршұбар, қобызшы шал Молықбайдың» аңыратып, күңірентіп, дүрілдетіп күй тартатын шебер өнерпаздық дарынын суреттеуден басталады. «Ақ көбек», «Көк көбек», «Бозінген», «Ер Әлінің дүлділі» сияқты халқымыздың басынан өткен тарихи кезеңдер музыкалық шығарма түрінде, қобыз тілінде сөйлейді. Осы күйлердің ішінде автор қайғылы, мұңды күңіреністі күйдің бірі – «Бозінген» жайлы аңызды ерекше шабытпен жыр етеді.

Ілиястың 1934 жылы жазылған «Күйші» поэмасы қазақтың эпикалық поэзиясындағы елеулі құбылыс болды. «Күй» ақынның поэма жанрындағы өнер тақырыбын қозғауының басы, әдемі бастамасы болса, «Күйші» соның сатылы, заңды жалғасы еді. «Күйшіде» ақын өнер тақырыбын өрістете түсті. Ілияс Жансүгіровтің осы «Күйші» поэмасы кең тынысты, асқақ әуенді, қатыгездік пен зұлымдықты өнер арқылы жеңе білген қазақ әдебиетіндегі қайталанбас ірі де көркем туынды. Мұнда негізгі сюжетпен қоса, Қарашаш пен Күйші арасындағы терең психолгизм, адам сезімдерінің шарпысулары ақынның шалқар шабытына, шексіз фантазиясына, табиғи ағысына барынша ерік берілгені айқын аңғарылады.

Қарашаш – «Күйші» поэмасындағы басты кейіпкердің бірі. Автордың түпкі ой қазығы бойынша, ол – ұнамсыз тұлға. Солай бола тұрса да, оның кейбір адамдық қасиеттерін де ақын жарқыратып алға жайып салған. Ол алған беттен таймайтын, орта жолда бөгеліп қалмайтын, алдына қойған мақсатын

орындамай тынбайтын, қайратты, кесек мінезді тұтас характер. Ол мәмілеге келуді, шегінуді білмейтін өр тұлға ретінде есте қалады. Қарашаш ақылсыз әумесер де емес. Ашумен қатар ақылы да бар.

«Күйші» поэмасының қозғайтын негізгі мәселесі қазақ халық күйлерінің – күй өнерінің ғажайып сыр-сипатын, қоғам, адам өміріндегі ерекше рөлін көрсету десе де болғандай. Міне, осы бір халықтың рухани байлығын тіл өнерімен әсерлі толғаған ақын поэмасында сол құдіретті өнерді жасаушы авторын да үнемі есте ұстап отырады. Ақын ғасырлар бойы жасалған рухани байлық – күй өнерін жасаушы халық, халықтың дана дарыны деп дұрыс түсінеді де, сол халықтың нақтлы өкілі ретінде үйсін руынан шыққан күйші жігітті алады. Күйші жігіт те поэманың орталық кейіпкері. Ұнамды кейіпкер.

І.Жансүгіровтің «Күй», «Күйші» поэмаларын өткенде, музыка пәні мұғалімімен бірлесе отырып, тіл дамыту жұмысын жүргізу тиімді. «Күйші» поэмасындағы аты аталып, сөзбен кестеленетін күйлерді күй табақтан тындап, әрі ақын суреттемесін оқып, мынадай жұмыстар жүргізуге болады: Осы күйден не ұқтың, кандай әсер алдың, сол туралы шағын пікір-толғау айт. Ілияс музыка тілін көркем сөзбен жеткізе білген бе? Ойыңды поэмадан үзінді ала отырып, дәлелде. Поэмадан күйді сипаттайтын образды, көркем сөздерді тауып, олардың күй тілін жеткізудегі орны, маңызы туралы қысқаша тұжырымда. Оқушылар пікірін тыңдаған соң, ән-күй сабағының мұғалімі күй туралы сыр шертеді. Жоғарыдағы сұрақтардан кейін әдебиетші мұғалім екеуі ары қарай әңгімелейді. Тіл дамыту жұмыстарын сондай-ақ тарих, биология, т.б. сабақтарымен де байланыстыра жүргізуге болады. «Күйші» поэмасындағы аты аталып, сөзбен кестеленетін күйлерді күй табақтан тыңдап, әрі ақын суреттемесін оқып, мынадай жұмыстар жүргізуге болады: Осы күйден не ұқтың, кандай әсер алдың, сол туралы шағын пікір-толғау айт. Ілияс музыка тілін көркем сөзбен жеткізе білген бе? Ойыңды поэмадан үзінді ала отырып, дәлелде. Поэмадан күйді сипаттайтын образды, көркем сөздерді тауып, олардың күй тілін жеткізудегі орны, маңызы туралы қысқаша тұжырымда. Оқушылар пікірін тыңдаған соң, ән-күй сабағының мұғалімі күй туралы сыр шертеді. Жоғарыдағы сұрақтардан кейін әдебиетші мұғалім екеуі ары қарай әңгімелейді.

Тапсырмалар:

Айтылым.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Поэма дегеніміз не?
- Поэманың ерекшеліктерін ата.

Жазылым. І.Жансүгіровтің «Күй» поэмасы.

2-кесте – Кейіпкерлерге мінездеме жаз.

Кейіпкерлер	**Мінездеме**
Күйші	
Қарашаш	
Кенесары	

Бұл поэмаларды оқыту барысында оқушыларға тек әдеби шығарманы талдату ғана емес, сонымен қатар қазақтың дәстүрлі өнері мен эстетикалық құндылықтарын сезіндіру, ұлттық рухты бойына сіңіру маңызды. Сабақта поэмалардың мазмұнын музыкамен, бейнелеу өнерімен, театрландырылған көріністермен байланыстыра оқыту – оқушылардың шығарманы терең ұғынуына және эстетикалық талғамының дамуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, Ілияс Жансүгіровтің «Күй» және «Күйші» поэмаларын оқыту – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тұтастығын танытудың, ұлттың рухани мұрасын жас ұрпақтың санасына сіңірудің тиімді жолы. Бұл шығармаларды оқу мен талдау арқылы оқушылар поэзияның сұлулығын, күйдің құдіретін және ұлттық болмыстың терең мағынасын түсінеді. Демек, І.Жансүгіров шығармашылығын оқыту – ұлттық тәрбиенің, рухани дамудың және эстетикалық мәдениеттің басты тетіктерінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы,1991.
2. Иманғазинов М.М. Ілиястану // http://jansugurov.kz
3. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. – Алматы: Рауан, 1994.
4.Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: Рауан, 1994.

АБАЙДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Халбаева Д.М.
"ZIYATKER TURAN" мектебінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан.

Абай Құнанбайұлының – адамгершілік қағидаттары және оларды білім беру процесінде қолдану халықтың рухани қазынасы. Ойшыл ақынның көзқарасы жастарды ізгілікке, адамгершілікке үйрету. Абай жастарды адамгершіліктің игі қасиеттеріне тәрбиелеуші үлкендерден ұстаздық шеберлікке лайық қабілет болуын талап етуші. Ақын: «Ұстаздық қылған жалықпас, Үйретуден балаға…» – деп тұжырымдары дәлел. Ақынның ағартушылық ой-пікірлерінің қалыптасуына игі әсер еткен – ақынның дүниеге келген ортасы, жас Абайдың бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін ақ сүтімен қоса дарытқан ана мейірімінің қуаты.

«Алып анадан, тұлпар биеден туады» деген даналықты негізге алсақ, осындай дала данышпанын өмірге әкелген ұлы ана – Зере әже болатын. Ақылды, мейірімді Зере әже Құнанбайға ғана емес, өзінің сүйікті немересі Абайға да үлкен әсер еткен. Атадан алып туған Құнанбайдың анасы, ғұлама Абайдың әжесі Зере апамызды бүкіл Алаш жұрты мақтан тұтады, ұлтымыздың ұлы перзенттерін тәрбиелеген абзал ана рухты анамыздың Абай өміріндегі орны ерекше.

Балаларды оқытуда аналар, әжелер тәрбиесіне тереңірек бойлай отырып, Абай шығармаларымен астастыра түсіндіру қажет. Ақынның адамгершілік қағидаттары және оларды білім беру процесінде қолдануда үлкен орын алатын саласы үндеген педагогикалық ізденістері негізінде шығыстың атақты ғұламалары Әлішер Науаи, Ғ. Дауани, әл-Фараби ой-пікірлерімен сабақтас келеді. Орыстың алдыңғы қатарлы 293 ойшылдары мен көрнекті педагогтарының маңызды тәлім-тәрбиелік ой толғаныстарын өзіндік құнды қағидалармен толықтырып, кейінгі ұрпаққа жаңа ағартушылық дәстүр қалдырды. Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды, адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды. Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбексүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық және тағы да басқаларды атап айтты.

Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнады. Адамгершілік қағидаттарын бала бойына сіңіру дәл қазіргі кездегі үлкен мәселе,сондықтан маңызды. Білім беру процесінде Адам ұдайы ақыл-ойын, таным түсінігін, рухани жан-дүниесін табанды еңбегі арқылы жетілдіріп, ұштап, күш-қайратын, жігерін осы мақсатқа шоғырландыруы тиіс . Ғылымға ден қойған адам қоршаған ортаны, адамдардың бойындағы сапалық қасиеттер мен ерекшеліктерді бұрынғыдан да кеңірек танып біледі. Абайдың айтуынша, адамның өмірі мен оның бүгіні, болашағы үшін ең басты қажеттілік, адамның мақсатына, мұратына жетуі үшін өзін және қоршаған ортаны кеңірек танып, оның нәтижесін шындықты өтіріктен, әділеттілікті әділетсіздіктен, қайырымдылықты қатыгездіктен айыра білуі қажет. Абай заманында ұлттық сананың өміршеңдігін айқындаған бәсекелік пен прагматизм мейлінше әлсіреп кеткендігі ақиқат. Өйткені, бұларды биік деңгейде ұстап тұратын саяси факторлар – қазақ мемлекеті мен билігі тарих сахнасынан түсіп қалған еді. Олардың материалдық және рухани тіректері – жер мен тілдің бірі жат қолына көшсе, екіншісі ауыл арасы деңгейінде ғана жұмыс істей алды.

Абай педагогикасы тәрбиелеу ілімінің әрі тереңі, әрі тұнығы. Ол бес баулудан 294 тұрады. Елдікке, ерлікке, Отаншылдыққа баулу. Бұл арғы қазақтан келе жатқан ұласпалы дәстүр, текті де тегеурінді қасиет. Мұны бар қазақ, еш адам, еш уақытта аттап кете алмайды, қанға сіңген қатал тәрбиелік ұстаным. Оны бойына сіңірген адам ғана толық адам, нағыз қазақ бола алады. Кісілігі мол кісі болдыру, адамшылыққа баулу. Имандылыққа баулу. Өнер, білім-ғылымға баулу. Өмірге дайындау, еңбекке баулу. Осы баулу мектептерінен өткен, адамшылықтың асыл қасиеттерін бойына сіңірген, өнер, білім ғылымға, көргенділікке қол жеткізген қоғамда өз орнын таба білу (өміртану) ғылымын игеруші жанды атамыз толық адам деген. Олай болса Дана Абай педагогикасы – заманауи толық адам қалыптастыру ісінде тұғыр боларлық, Қазақстан білім жүйесінде, жастарға тәлім-тәрбие беруге ғылыми негіз боларлық ұлтанды ілім болып табылады. Абайдың өз шығармаларындағы негізгі ұстанған этикалық қағидасы – бұл «Адам бол!» деген үндеуі – ол ақынның шығармашылығының өзегіне айналды. Абай үндеуінің этикалық мәні адамның өмірдегі міндеті мен ролін жоғары бағалау Абай педагогикасында бала тәрбиесінен бастап тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойларын ортаға салды. Оның тәрбиелік бағыттағы ойлары кең ауқымдағы ағартушылық

идеяларға ұласты. Бұл тұрғыда Абай ұлттың бір ғана белгілі тобының тілек-мүддесіне орай идеялық мақсат ұстанған жоқ, тұтас ұлттың, халықтың болашағы туралы, күнделікті мұң мұқтажы, қажетті іс-әрекеті туралы ой қозғады. Халықтың бірде-бір тобын жекелеп алып қарамай, тұтас сөз қылды.

Қазақ қоғамындағы әрбір әлеуметтік топ өкілдерінің мінез-құлқы мен қасиеттерін ашып көрсетуінің себебін ақын жиырма екінші қара сөзінде: «Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса өз басының, өз малының еркі өзінде жоқ. Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреуді бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Мықтыны сыйлайын десең, жаманшылыққа 295 елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ. Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Қулық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі есті» деп түсіндіреді. Абай өз халқының бойындағы жаман мінез-құлықты, еңбексіздікті, ғылымнан мақрұмдықты сынады. Ол халқын еңбек етуге, ғылымды меңгеруге, адамгершілікті болуға үндеді. Білімнің негізі – еңбекте, талапта. Ой еңбегін атқарудың ерекшелігін игеруде талаптанып және оған үнемі жаттығып машықтанса, нәтиже болатындығына Абай дәл бағыт береді. Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге. Оқу мен білімді меңгеру тұрғысынан қарап: «Талап әр балада бар, – дейді ақын, – оған талас қылуға болмайды. Егер талапты ескеріп, күтіп тәрбиелей білсе, ол дамып, өрістеп жетіледі. Ал оған мән бермесе, өз-өзінен жоғалып кеткенін адам байқамай қалады»-деп, оның қалай жоғалып кеткенін айналасындағы жұртшылық та байқамай қалатынын айтады. Абай не қажет, не залал – осының бәрін білімді адам толық біледі, өз өмірін жандандырады, өз халқына пайдасы тиеді деп ұғынды. Жастардың бірінші міндеті ғылымға, білімге, білуге талпыну деп білді.

Абай отыз екінші қарасөзінде ғылым үйрену деп мынадай талаптар қойды: – Білім мен ғылымды үйренбекке талап керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар: әуелі білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесі керек болады деп іздемеске керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектің өзін дәулет білсең, һәм әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат 296 білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады, – дейді. Білім-ғылымды көбейту үшін адам бойында ойласып, пікір алысатын, екінші, ол пікірді сақтап қорғайтын екі түрлі қуатты қасиет болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды. «…Мінезде арды, ақылды сақтарлық қайраты бар болсын. Бұл ақыл үшін, ар үшін болсын». «Ақылға кесел нәрселерден сақ болған жөн. Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар. Көкірегі байлаулы берік болу керек. Сол нәрсені естігенде я көргенде бірдемеге үлгі етіп, ұқсатып, бар ынтамен ұғу керек. Бірнеше рет қайталап, көңілге бекіту керек. Ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Ол кеселді нәрселер: салғырттық, уайымсыздық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, болмаса бір нәрсеге құмарлану, бұл төрт нәрсе ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер (31-қара сөз).

Адам бойындағы кеселді нәрселердің ең жағымсызы, Абайдың пікірінше, ол – уайымсыздық, салғырттық. «Салғырттық – құдайдың да, елдің де, үлгінің де, ақылдың да, ардың да қас дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды» – дейді ғұлама Абай. Абай білім алуды, ғылым үйренуді жастық ісі деп қарайды. Абайдың адамгершілік қағидаттары және оларды білім беру процесінде қолдану жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеп, оларға ғылым мен білімге бастар жолды көрсете отырып, ақын бұл мәселелердің шешімі еңбекте деп түйіндейді. Ол еңбектің адам мен қоғам өмірінде алатын қызметіне зор мән берді. Абай шығармалары олардың әртүрлі кәсіпті еркін меңгеруіне ықпал етіп, еңбекті тиімді ұйымдастыру жолдарына баулыды. Ақын жастарды бойындағы күш-қуатын пайдалы еңбекке жұмсауға шақырды. Өз заманындағы еңбекке салғырт көзқарастың зардабын дәлелдеп, адам бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуында еңбектің атқаратын шешуші қызметіне талдау жасады. Жастардың айналысар кәсібінің аясы тарлығына тоқталып, өзімен 297 көршілес халықтардың егіншілік пен қолөнерін, сауда жасауды, түрлі кәсіпті үйренуге үндеді. Әр адам еңбекпен ғана өседі. Еңбек – Абай әлеміндегі ең негізгі ұғымдардың бірі. «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» деген өлеңінде ол: «Еңбек жоқ, қарекет жоқ, қазақ кедей, Тамақ аңдып қайтеді тентіремей?» – дей келе, тағы бір жолдарында: «Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел. Малың болса, сыйламай тұра алмас ел, Есек к…жусаң да, мал тауып кел, Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас…» – деп, барлық адамды еңбек қылуға шақырады. Оның шығармаларынан «әуелі өнер ізделік, қолдан келсе, ең болмаса еңбекпен мал табалық» немесе «тәуекелсіз, талапсыз мал таба алмаса, еңбек қылмас еріншек адам болмас» деген секілді адамды іске шақыратын жолдарды көптеп кездестіреміз. «Болмағын кекшіл, Болсайшы көпшіл, Жан аямай кәсіп қыл! Орынсыз ыржың, Болымсыз қылжаң, Бола ма дәулет, кәсіп бұл» – дейді. «Еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей». «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық

сақтап, Өзіңе сен өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деп, Абай еңбек пен ақылды қатар алып жүру арқылы адамшылық шыңына шығуды өсиет етеді. Ақын кейбір жастардың бойындағы еңбекке икемсіздігін, құлықсыздығын, жалқаулығын сынап, берекесіз адамның болашағы жоқтығын әрдайым еске салып отырады.

Жастарға жеке басыңның қамын күйттеп кетпей, халқыңның жарқын болашағы үшін еңбек ет, «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» – деген өсиет қалдырды. Абай қалың бұқараны адал еңбекке үндеді, қулық-сұмдықпен, алдау-арбаумен, ұрлық-зорлықпен, еңбексіз тапқан мал мен мүліктің: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар…», - деп, ондай арзан дүниенің жұғымсыз екенін ұқтырды. Жастардың әрбірінің айналысар кәсібі болуын, ол кәсіпке 298 дағдылану машығының неғұрлым ертерек бас-талуын, жастық шақта еңбекке деген ұмтылыстың, икемділіктің тұрақты қасиетке ұласуын құптады. Еңбек етуге де өзіндік байлам, талаптылық пен берік табандылық сияқты қасиеттердің керектігін ескертті. Ақын әрбір жастың келешегінің нұрлы, болашағының жарқын болуы адал еңбегі арқылы жүзеге асатыны туралы терең педагогикалық тұжырым жасады. Ол жастардың еңбексіз жүріп, жаманшылыққа бой ұратынына қарсы болды. 1886 жылғы бір өлеңінде ол: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман, Шошимын кейінгі жас балалардан. Терін сатпай, телміріп көзін сатып, Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман» – деп, өз кезіндегі жастардың осындай жағымсыз мінездерін қатаң сынға алды. Ондайлар туралы: «Осындай сыйдаң жігіт елде мол-ақ, Бәрі де шаруаға келеді олақ. Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп, Бар өнері – қу борбай, сымпыс шолақ» – деп, күйзеле жазады ұлы ақын. Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдау арқылы, күнделікті өмірде қолдану негізінде ақынның адамгершілік қағидаттары және оларды білім беру процесінде қолдана аламыз және әрбір сабақта қолдану нәтижесін береді деген оймен ойымды қорытындылап, әрбір ұстаз білім, тәрбие беруде қолданса, адамгершілік қағидаттары қалыптасқан білімді ұрпақ тәрбелейміз деген сенімдемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбергенова Ә. Абайдың «Толық адам» концепциясы мен оның тәрбиелік маңызы. – Алматы: Сөздік баспасы, 2021. – 225 б.

2. Сыдықова Г. Абай шығармаларын оқу процесінде тұлғалық дамуды қалыптастыру. – Алматы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТАНЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Хумарбай Б.

Тіленшін атындағы орта мектеп мұғалімі, Павлодар облысы, Қазақстан.

Бүгінгі таңда білім беру саласында тұлғаның жан-жақты дамуы мен рухани кемелденуіне басты назар аударылып отыр. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде осы мақсатты жүзеге асыру ерекше орын алуда. Себебі ана тіліміз бен төл әдебиетіміз – ұлттың рухани айнасы, мәдени мұрасының алтын қазығы. Жеке тұлғаның бойына ұлттық сана, отансүйгіштік, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді дарыту – тіл мен әдебиет сабақтарының тәрбиелік мақсаты арқылы іске асары анық. Ұлттық құндылықтарды таныту тек білім берудің құралы ғана емес, жас ұрпақтың ұлттық болмысын сақтап, мәдени тамырын сезінуіне жол ашады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде ұлттық құндылықтарды таныту – оқушылардың рухани дүниесін байытып, ұлттық сана мен мәдениетті қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі. Ұлттық құндылық дегеніміз – халықтың тарихи тәжірибесі, мәдениеті, дүниетанымынан туындаған рухани-материалдық мұралар жиынтығы. Оларға тіл, дәстүр, өнер, әдебиет, дін, имандылық, еңбексүйгіштік, отансүйгіштік, бауырмалдық сияқты қасиеттер жатады. М.Жұмабаев: «Ұлттың ұлы болуы – тілі мен әдебиетінде», деп айтқандай, әрбір қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі оқушының бойында ұлттық рухты оятуды басты мақсат етуі қажет.

Қазақ тілі сабағында ұлттық құндылықтарды төмендегідей жолдармен танытуға болады:

1. Тілдік материалды ұлттық мазмұнмен байыту

Грамматикалық ережелерді түсіндіргенде ұлттық болмысты бейнелейтін мысалдарды пайдалану тиімді. Мысалы: «Киіз үйдің керегесі – ата-бабамыздың даналығының белгісі», «Домбыраның үні – қазақтың жаны» тақырыптарында грамматикалық тақырыптарды түсіндіргенде септік жалғауларын

«киіз үй», «домбыра», «тұлпар» сияқты сөздермен көрсету ұлттық мазмұндағы мысалдарды пайдалану нәтиже береді.

2. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін қолдану

Жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер арқылы оқушының сөздік қорын байытып, ұлттық ойлауға тәрбиелеу керек. Мысалы, «Сөз мәйегі – мақал» айдарымен сөз тіркестері мен сөйлем құрау жаттығуларын орындату оқушының сөз қадірін түсіне білуіне игі ықпал етеді.

3. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы ұлттық құндылықтарды бекіту

«Туған тілім – тірегім» апталығында ана тілдің қадір-қасиетін танытып, әр баланың тілге деген құрметін тудыру өте маңызды. «Ұлттық мұрам – ұлт айнасы» атты тіл фестивалінде салт-дәстүрді таныту тиімді болып табылады. Оқушылар өздері білетін, күнделікті тұрмыста қолданып жүрген дәстүрлерді айтумен қатар, ұмыт бола бастаған дәстүрлерді де біледі. Эссе, диктант тақырыптарын ұлттық идеямен ұштастырып, «Ата дәстүр – асыл қазынам», «Тіл – ұлттың жаны» т.б. тақырыптарда эссе жаздыруға болады.

4. Жобалық және зерттеу жұмыстарын жасату

5- сыныпта «Менің отбасымның дәстүрлері», «Ұлттық киім мен қолөнердің тарихы», «Туған жердің жер-су атаулары» сияқты тақырыптық жобалар арқылы оқушылар тек ақпарат жинап қоймай, ұлттық мәдениет, тарих, туған жердің рухани байлығын тереңірек танып, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Ата-ана, ата-әжемен әңгімелесу, зерттеу және сұхбат алу дағдылары қалыптасады, рухани-адамгершілік және отансүйгіштік қасиеттер қалыптасады.

Бұл жобалар арқылы оқушылар:

Ұлттық құндылықтарды таниды – дәстүр, тіл, мәдениет, өнер, тарих туралы нақты деректер алады;

Зерттеушілік ойлау қабілетін дамытады – ақпаратты талдау, салыстыру, қорытынды жасауға үйренеді;

Отбасына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі артады;

Ұлттық сана мен мәдени сәйкестігін қалыптастырады;

Коммуникативтік және шығармашылық дағдыларын жетілдіреді (жоба қорғау, презентация жасау, әңгімелеу).

5. Тәрбие мен тілдің бірлігі. Қазақ тілін үйрету – тек тіл үйрену емес, ол – ұлттық тәрбиенің өзегі. Тілді оқыту барысында мұғалім оқушының бойына мына құндылықтарды сіңіруі қажет: Отансүйгіштік – туған жерге, тілге, елге деген махаббат; Адамгершілік пен имандылық – үлкенді сыйлау, мейірім; Еңбекқорлық – қазақы мінездің өзегі; Қазақ әдебиеті сабағында ұлттық құндылықтарды танытудың төмендегідей тиімді жолдарын өз тәжірибемде қолданып келдім.

1. Мәтіндік материалдарды іріктеу. Сабақта ұлттық рухты, дәстүрді, салт-сана мен әдет-ғұрпты бейнелейтін шығармаларды көбірек пайдалану. Мысалы: Ахмет Байтұрсынұлының тіл мен ұлт жайындағы ойлары; Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы халық тұрмысы; Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі еңбек, имандылық құндылықтары; Халық ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер, жыр-дастандар.

2.Әдеби шығарманы ұлттық тұрғыдан талдау. Әдебиет сабағында оқушы тек мәтінді түсініп қана қоймай, ондағы ұлттық рухты, салт-дәстүрді, кейіпкерлердің мінез-құлық мәдениетін ұғына білуі тиіс. Мысалы: 5-сыныпта «Қобыланды батыр» жырындағы ерлік пен отансүйгіштік; 5-сыныпта «Абай жолы» романындағы адамгершілік, еңбек, білім құндылықтары; 6- сыныпта Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ізгілік пен мейірім.

3. Интерактивті әдістер қолдану. Рөлдік ойындар: «Айтыс» сахналау, «Билер кеңесі» бейнесі арқылы шешендік сөздермен жұмыс. Дебат, пікірталас: «Ұлттық салт пен заманауи үрдіс үйлесімі». «Кейс-стади» әдісі: дәстүр мен қазіргі өмір арасындағы моральдық таңдауларды талдау.

4. Халық мұрасын қолдану. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, шешендік сөздер арқылы тәрбиелік идеяны ашу. Домбыра, терме, айтыс элементтерін сабаққа кіріктіру – тілдік мәдениетті дамытуға әрі ұлттық рухты оятуға ықпал етеді.

5. Туған өлке материалдарын пайдалану. Әдебиет сабағында жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларын, өлкетану материалдарын енгізу. Мысалы, «Туған жер туралы өлең жазу», «Жергілікті аңыз-әңгімелер жинау» тапсырмалары.

6. Заманауи технологияларды қолдану: Ұлттық құндылықтарды заманауи форматта жеткізу оқушыларға қызықты әрі әсерлі болады. Цифрлық сторителлинг (бейнеәңгіме): оқушылар ұлттық салттар туралы бейнеролик түсіреді; Padlet, Canva, Quizizz платформаларында ұлттық тақырыптарға

коллаж, викторина жасау; AR/VR элементтерімен таныстыру: мысалы, қазақ үйінің ішкі құрылымын 3D форматта көру.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарды таныту – ұлттық бірегейлікті сақтаудың ең тиімді жолы. Мұғалім әр сабағында тек тіл үйретіп қана қоймай, ұлттың рухани байлығын, мәдени кодын оқушы жүрегіне жеткізуге ұмтылуы қажет.

Ұлы Абайдың сөзімен түйіндесем:

«Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын шен алсын деп бермедім».

Осы ұстаным – әр ұстаздың ұлттық миссиясы болса, ұлттық құндылықтарымыз ұлықтала түсері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.

2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1993.

3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.

4. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арнал,ан оқулық. Алматы: Атамұра, 2017, -160 б.

5. Сатыбалдиева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары. – «Педагогика және психология», 2022.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА МНЕМОКЕСТЕНІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

Шантасова А.Қ.

«Экономикалық лицей» ЖШС оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Ұсынылып отырған жұмыс – мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. Әдістемелік құрал оқытылуы өзге тілдегі мектептің екінші сыныбына арналған. Бұл жұмыста оқулық бойынша берілген мәтіндерге мнемокестелер жинақталған.

Мнемотехника - тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Қазіргі кезде қазақ тілі сабақтарында балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр. Бұл мақсатты іске асыру үшін, баланың тілін дамытуға әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет. Бастауыш сынып оқушылары ашық түсті, көзтартарлық суреттерді жақсы көреді. Мнемокесте — сөздер, суреттер, таңбалар мен символдар арқылы ақпаратты есте сақтауға көмектесетін кесте түрі. Бұл әдіс оқушылардың есте сақтау, сөйлеу, ойлау және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытады.

Сол себепті ұсынылып отырған жұмыста суреттер қолданылған. Жұмысты бастағанда алдымен жаңа сөздермен танысамыз. Әрбір мәтіннің астында сөздігі болады. Жаңа сөздерді есте сақтап қалу мақсатында осы сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырамыз. Келесі қадам мәтінді оқимыз. Мәтін бойынша жасалған мнемокестемен танысады. Кестеде суреттердің астында көмекші тірек сөздері болады. Оқушылар «Жалғастыр» әдісі арқылы мнемокесте бойынша мәтіндегі сөйлемдерді жалғастырады. «Еске түсір» әдісін қолдана отырып, балалар мнемокестедегі жоқ сөздерді орнына қояды. Осы әдіс арқылы мәтіндегі барлық сөйлемдер қайталанады. Келесі жұмыстың түрі мнемокестедегі суреттерсіз, тек тірек сөздердің көмегімен оқу мәтінін еске түсіреді. Жұмысты түрлендіре отырып, суреттері бар, тірек сөздері жоқ кесте ұсынылады. Мнемокестемен жұмыс жасау арқылы балалардың тілі дамиды, сөздік қоры, есте сақтау қабілеттері артады. Бірге оқитын сыныптастарының алдында оқушы өзін емін – еркін ұстауға, сөйлеуге, тыңдата білуге дағдыланып, өз ойын қазақ тілінде жеткізе алу мүмкіндіктері жақсарады. Бұл мәтіндердегі сөйлемдердің көлемі, мазмұны, құрылымы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай берілген. Балалардың психологиялық жас ерекшеліктері ескерілген. Берілген мәтін сабақ барысында бірнеше рет қайталанып, сабақ соңында мазмұндау дәрежесі артады. Ұсынылып отырған әдістемелік құралда оқушылар жеке, жұппен, топпен түрлі жұмыс түрлерін жүргізеді. Жұптық жұмыс түрлерін жүргізгенде, оқушылар берілген сұрақтарға жауаптар табуға ізденеді және жауаптарға сұрақтар іздейді. Әрбір бөлім аяқталғанда, өткен материалдарды еске түсіріп қайталау мақсатында топпен «Лото» ойыны жүргізіледі. Лотода мнемосуреттер, сөздер еске түсіріледі. Суреттерді мағыналарына қарай топтастырады. Оқушылар

мнемокестемен жұмыс жасау арқылы өмірмен байланыстыра отырып сөйлем, мәтін құрастыруға үйренеді.

1-кесте

 тату	дәрігер	мұғалім
әпкем		жақсы көремін

Мақсаты: мнемокестелерді сабақта тиімді қолдану арқылы оқушылардың жаңа ақпаратты қабылдауын және есте сақтау қабілетін жетілдіру, сол арқылы қазақ тілінде ойын еркін, сауатты жеткізе білуге дағдыландыру.

Әдістемелік жұмыстың өзектілігі: мнемокестелерді сабақта тиімді қолдану оқушылардың сөздік қорын жетілдіруге, тілдік дыбыстарды дұрыс айтып, қолдануға, сөз тіркестері мен сөйлемдерді оймен жүйелі байланыстыра білуге және оқушының зейінін жаңа ақпаратқа шоғырландыруға ықпал етеді.

Міндеттері:

Оқушылардың бойларында қазақ тіліне деген сүйіспеншіліктерін ояту;

Бастауышта өтілетін тақырыптардың тиімді жолдарын ұсыну, сөздік қорларын байыту, жаңа сөздерді меңгерту, қиын сөздермен жұмыс, суретпен сөз құрастыру, сөздік жұмыс, жасырын сөздер, сөйлем құрау, диалог құрастыру, жұптық жұмыс, тақырыпқа сай сөздерді табу, мәтінмен жұмыс, жеке әңгіме құрастыру, қазақ тілінде суреттерді байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Оқушылардың қазақ тілін мнемокесте арқылы үйренулеріне арнап, жаттығулар түрлі ойындар жүйесін жасау;

Мәтін мазмұнын суреттер арқылы есте сақтауға үйрету;

Креативті ойлау және сөйлеу машығын жетілдіру.

Қолданылған әдістер:

Жұмыс жазу барысында бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері ескеріліп, ойын түрлерінің әдістері, оқушылар әрекетін жинақтау, талдау, оқушылардың танымдық дәрежесін бақылау, салыстыру, педагогикалық, эксперименттік нәтижелерін жинақтау, «Жалғастыр», «Есте сақтау», «Сұрақ – жауап» әдістері арқылы оқытуды меңгертуге арналған ұсыныстар мен тұжырымдарды қорыту әдістері қолданылды.

Жұмыстың жаңашылдығы және тәжірибелік маңыздылығы:

Мнемокестені қолдану — оқытуды визуализациялау мен ұтымды есте сақтау әдістерін біріктіретін заманауи, тиімді және оқушыға қолайлы тәсіл. Бұл – білім сапасын арттырудың инновациялық жолы. Орыс сыныптарында қазақ тілі сабағында мнемокестені қолданудың жаңашылдығы келесі тұстарда көрініс табады:

1. Көпарналы оқу үдерісі:

Мнемокесте визуалды, аудиалды және кинестетикалық каналдарды қатар іске қосып, оқушының материалды тез әрі тұрақты меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл — дәстүрлі жаттау әдістерінен анағұрлым тиімді.

2. Тіл үйренуді жеңілдету:

Орыс тілінде оқитын оқушылар үшін қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды ассоциация арқылы есте сақтау оңайырақ болады.

3. Сөйлеу дағдысын қалыптастыруда тиімді:

Мнемокесте арқылы оқушылар диалог, сөйлем құрастыру, сөз тіркестерін логикалық байланыста үйренеді. Бұл сөйлеу қабілетін еркін дамытуға септігін тигізеді.

4. Дифференциалды оқыту мүмкіндігі:

Әр оқушының таным ерекшелігіне сай — кестелерді деңгейлеп беруге болады (жеңіл, орташа, күрделі). Бұл жеке оқыту траекториясын жасауға көмектеседі.

5. Цифрлық форматпен интеграциясы:

Мнемокестелерді интерактивті платформада (мысалы: PowerPoint, Wordwall, Canva) қолдану арқылы сандық білім ресурстарымен үйлесімде пайдалануға болады. Бұл – қазіргі білім беру трендіне сай тәсіл.

Мнемокестенің сабағымда қолданудағы жаңашылдығы – оқушылардың тіл үйрену процесін визуалды, құрылымды және тиімді ету арқылы сабақтың сапасын арттыру.

Негізгі жаңашылдықтар:

1. Көпарналы есте сақтау

Мнемокесте көру, есту және ойлау қабілетін қатар іске қосады.

2. Ассоциациялық ойлауды дамыту

Оқушылар сөздерді тек жаттап қоймай, суретпен, әрекетпен немесе сөйлем үлгісімен байланыстырады — бұл ұзақ есте сақтауға көмектеседі.

3. Интерактивті сабақ форматы

Мнемокесте арқылы топтық, жұптық, жеке жұмыстарды ұйымдастыру оңай. Сабақ қызықты әрі баланың белсенділігін арттырады.

4. Саралап оқытуға мүмкіндік

Әр деңгейге сай мнемокесте дайындауға болады, бұл оқушы мүмкіндігіне қарай бағытталған оқу жүргізуге септігін тигізеді.

5. Цифрлық ресурстармен интеграция

Қазақ тілі сабағында мнемокестені қолдану жолдары:

- Мәтін мазмұнын айту: Мнемокестеге сүйене отырып, бала өз сөзімен айтып шығады.
- Сөйлем құрау: Белгі мен сөз тіркестерін қолдану арқылы сөйлем құрастырады.
- Жаңа сөз үйрену: Сурет арқылы жаңа сөзді есте сақтайды.

-Өз ойын жеткілікті айтады, байланысты, ретімен, грамматикалық дұрыс сөйлеуге үйренеді;

- Қазақ тілін мнемокестелер арқылы оқытудың мазмұны анықталып, оларды оқытудың тиімді әдістемелік жүйесі жасалады, жаңа инновациялық бағыттары оқу үрдісіне енгізіледі;

-Мнемокесте арқылы оқыту үшін арнайы тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі жасалады;

-Мнемокестелер арқылы оқытудың ұтымдылығы эксперимент арқылы тексеріліп, дәлелденеді;

- Z және альфа ұрпағы – тез қабылдайтын, визуалды, интерактивті білімді қажет ететін буын. Мнемокесте — дәл осы қажеттілікке жауап беретін, заманауи, тиімді және ыңғайлы әдіс.

Орыс сыныптарында Z және альфа ұрпағының оқушыларына мнемокестені қолданудың пайдасы өте зор, себебі бұл ұрпақтың ерекшелігіне сай келеді:

✅ 1. Визуалды есте сақтауға бейім

Z және альфа ұрпақтары ақпаратты тез, қысқа әрі көрнекі түрде қабылдағанды ұнатады. Мнемокесте — сурет, сөз және құрылымды қатар беріп, жылдам түсініп, жаттауға көмектеседі.

✅ 2. Қызығушылық пен белсенділік артады

Мнемокесте тапсырмалары оқушыны ойлануға, салыстыруға, сөйлеуге итермелейді. Бұл – пассивті емес, белсенді сабақ үлгісі. Z және альфа оқушылары үшін бұл өте маңызды.

✅ 3. Тілді функционалды қолдануға үйретеді

Оқушылар жаңа сөзді тек жаттап қоймай, қолдана білуге (сөйлем құрау, сөйлеу, жазу) дағдыланады. Мнемокесте арқылы төрт дағды (оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу) бірге дамиды.

✅ 4. Уақытты үнемдейді, сабақ құрылымын жеңілдетеді

Мұғалім үшін де, оқушы үшін де мнемокесте – түсінікті, жинақы және логикалық құрылым. Бұл — Z және альфа буындарының "қысқа, нақты, тез" деген қағидаларына сай.

✅ 5. Цифрлық білім беру құралдарымен үйлеседі

Мнемокесте интерактивті форматта (Padlet, Wordwall, Jamboard) оңай дайындалып, гаджеттер арқылы тиімді қолданылады. Бұл – техносауатты ұрпаққа өте қолайлы әдіс.

Мнемокесте арқылы қазақ тілі сабағында тапсырмаларды келесі түрлермен түрлендіруге болады:

1. Сөздік қорды байыту тапсырмалары:

- Мнемокестеге суреттер мен сөздерді сәйкестендіру

- Берілген сөзге байланысты 3–4 сөзді есте сақтау және айту
- Тақырыпқа сай жаңа сөздерді мнемокесте арқылы жаттау
2. Сөйлем құрастыру:
- Мнемокестедегі сөздерді пайдаланып сөйлем құрату
- Сурет бойынша оқиға құру
3. Мәтін мазмұнын түсіну:
- Оқыған мәтін бойынша кестені толтыру
- Кейіпкерлерді, оқиға орнын, уақыты мен негізгі ойды мнемокесте арқылы көрсету
4. Тілдік тақырыптарды меңгеру:
- Септік жалғаулары, етістік шақтары, сын есімдерге байланысты мысалдар келтіру
- Грамматикалық формаларды мнемокестеге бөліп орналастыру
5. Қайталау және бекіту:
- «Ой шақыру» әдісімен өткен тақырып бойынша кесте толтыру
- «Қай қатарға қандай сөз сәйкес?» түріндегі тапсырмалар

Орыс сыныптарында қазақ тілі сабағында мнемокестені қолдану — сөздерді, грамматикалық құрылымдарды және сөйлемдерді есте сақтауды оңайлататын өте тиімді әдіс.

Мнемокесте қолдануға болатын тапсырма түрлері:

1. Жаңа сөздерді меңгерту:
- Сөз + сурет + аударма + сөйлем үлгісі

Мысалы:

Сөз	Сурет	Аудармасы	Сөйлем үлгісі
Алма		Яблоко	Мен алма жедім.

2. Тақырыптық лексика бойынша:
- «Менің отбасым», «Мектеп» т.б.
- Әр сөзге қатысты 2–3 белгі (түсі, пішіні, әрекеті) мнемокестеде беріледі.
3. Диалог құрау:
- Мнемокесте арқылы сұрақ-жауап формасын құрастыру:

– Бұл не? → Бұл –

Артықшылықтары:
- Көрнекілік арқылы есте сақтау жеңілдейді.
- Тілдік құрылымды визуалды меңгеруге көмектеседі.
- Сөйлеу дағдысын дамытуға қолайлы.

Мен өз сабақтарымда мнемокестелерді қолданғанда, оқушылармен келесі кезеңдер бойынша жұмыс жасаймын:

Жаңа сөздермен танысады;

Сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады;

Берілген мәтінмен танысып, оқиды, ондағы жаңа сөздерді табады;

Мәтін мазмұны бойынша кестедегі суреттер мен тірек сөздерге сүйене отырып, кезекпен сөйлемдерді құрастырып айтады;

Мнемокестедегі суреттерсіз, тек тірек сөздердің көмегімен оқу мәтінін еске түсіреді;

Мнемокестедегі тірек сөздерсіз тек суреттердің көмегімен оқу мәтінін еске түсіреді;

Мнемокестеде суреттер де жоқ және тірек сөздер де жоқ, оқушы тек орын тәртібіне қарап отырып, оқу мәтінін еске түсіреді;

Нақты себептерім:

1. Көрнекілік арқылы есте сақтау оңай.

Орыс тілді оқушылар үшін қазақша жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды сурет, түс, ассоциация арқылы үйрену жеңіл.

2. Қызығушылықты арттыру.

Мнемокесте тапсырмалары ойынға ұқсас, сол себепті балалар белсенді қатысады.

3. Тілдік дағдыларды жүйелі дамыту.

Мнемокесте тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын біріктіре отырып дамытуға мүмкіндік береді.

4. Саралап оқытуға қолайлы.

Әр оқушының деңгейіне сай тапсырма беруге болады — бұл жеке оқу траекториясын құруға көмектеседі.

5.Мнемокесте сабаққа интерактивтілік, жаңашылдық енгізеді. Бұл оқытудың тиімділігін арттырады.

Менің ойымша, мнемокестемен орыс сыныптарында, әсіресе бастауыш сыныптарында жұмыс істеу өте тиімді, себебі:

✅ 1. Көрнекілік арқылы түсіну жеңілдейді.

Бастауыш сынып оқушыларына абстрактілі ұғымдарды түсіну қиын. Мнемокесте сөзді, суретті, мағынаны байланыстырып, ақпаратты нақты әрі көрнекі түрде береді.

✅ 2. Жаңа сөздерді тез есте сақтайды

Орыс тілді оқушылар үшін қазақша сөздерді жаттау қиын болуы мүмкін. Мнемокесте арқылы сөз – сурет – аударма – сөйлем форматында берілуі есте сақтауды жеңілдетеді.

✅ 3. Белсенділік пен қызығушылық артады

Кестемен жұмыс ойынға ұқсас болғандықтан, балалар сабаққа құштарлықпен қатысады, өздігінен ойлау мен жауап беруге талпынады.

✅ 4. Төрт дағдыны қатар дамытады

Мнемокесте — бастауыштағы орыс сынып оқушыларына қазақ тілін түсінікті, жүйелі және қызықты үйретудің ең тиімді әдістерінің бірі.

Оқушылардың тілді түсіну, айту, оқу және жазу қабілеті жүйелі түрде қалыптасады.

Орыс сыныптарында қазақ тілі сабағында мнемокестені қолданудың қорытындысы мынадай нәтижелер берді:

1. Оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығы артты.

Кесте арқылы жұмыс жасау балалар үшін ойын түріне ұқсас болғандықтан, олар сабаққа белсенді қатысып, жаңа сөздер мен құрылымдарды үйренді.

2. Сөздік қоры кеңейді.

Мнемокесте арқылы сөздерді суретпен, аудармасымен және сөйлеммен байланыстырғанда оқушылардың сөздерді есте сақтау қабілеті жақсарды. Жаңа сөздерді қолданады.

3. Сөйлеу, жазу дағдылары дамыды.

Кестедегі үлгілерді пайдалана отырып, оқушылар өз бетінше сөйлем, қысқа диалог құруға дағдыланды. Бұл сөйлеу әрекеттерінің барлық түріне оң әсер етті.

4. Грамматикалық құрылымдарды меңгеру жеңілдеді.

Есімдік, етістік шақтары, …

5. Мәтінді жеңіл, қиындықсыз мазмұндап, сөйлемдердің орын тәртібін дұрыс сақтауды үйренді.

6. Өз ойын жеткілікті айтып, байланысты, ретімен, грамматикалық дұрыс сөйлеуге үйренеді.

7. Түрлі ойын жаттығулары арқылы «Лото», «Суретке қарап сөзді жаз», «Ретімен орналастыр», «Қай сөз жоқ?», «Қандай сөз керек?» оқушылардың мемлекеттік тілге деген сүйіспеншіліктері оянады.

Сонымен қорытындылай келе, мнемокесте - оқушылардың тілін жан-жақты дамытуға ықпал ететін тиімді әдіс. Оны қазақ тілі сабақтарында жүйелі қолдану оқушының сөйлеу, ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Полянская Т. Б. «Использование метода мнемотехники в обучении рассказыванию детей дошкольного возраста», 2009 год. 150 с.

2. Большева Т. В. «Учимся по сказке. Развитие мышления дошкольников с помощью мнемотехники», 2001 год. 15-20 с.

3. Чохонелидзе Н. «Учим стихи по картинкам», 2006 год. 5-10 с.

4. Белоусова С. «Развитие лексики и грамматического строя речи у дошкольников», 2005 год. 30-35 с.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА САЙ ҮЗДІКСІЗ ОҚЫТУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Яхудаева М.И.

№26 жалпы білім беретін мектеп мұғалімі, Алматы, Қазақстан.

Білім – өмірдегі ең жарық шамшырақ, даму атты дара жолды басып өтуге түрткі болатын сенім, құнды қазына. Атақты педагог В.А.Сухомлинскийдің «Менің терең сенімім бойынша, педагогика барлығы үшін де, мұғалімдер үшін де, ата-аналар үшін де ғылымға айналуы керек» деген пікірі өте

орынды айтылған. Мектепте баланың білім алуы үшін ата-анасы мен мұғалімнің қарым-қатынасында ешбір сызат, немқұрайлылық болмағаны дұрыс.

Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасы – өзара түсіністікке қарай қадам, сенімге ие болу, рухани және эмоционалдық құндылықтармен алмасу, педагогикалық тәжірибені, мұғалімдер мен ата-аналардың бір-біріне беретін білімдерін меңгеру кезеңі. Біздің ұстаздық кәсібіміздің ажырамас, маңызды және сонымен бірге қиын бөлігі ата-анамен қарым-қатынас екені белгілі жағдай. Оқушыларды тәрбиелеудің жетістігі мұғалімнің өз міндетіне деген көзқарасына, оның дайындығына, моральдық-психологиялық мінез-құлқына ғана емес, сонымен бірге балалар өмір сүретін және тәрбиеленетін тікелей отбасының әсеріне де байланысты.

Моральдық қарым-қатынастар жүйесіндегі «мұғалім – оқушының ата-анасы» ішкі жүйесін анықтай отырып, отбасы баланың адамгершілік ұстанымдарын қалыптастырудың және оның моральдық-психологиялық көзқарастарын бекітудің ең маңызды көзі екендігіне негізделуіміз керек.

Білім беруде отбасылық тәрбие адамның адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына терең із қалдырады. Отбасы – бала белгілі бір өмірлік тәжірибе жинақтайтын және қоғамда қалыптасқан моральдық нормалармен танысатын негізгі ұжым. Мұғалімдер мен ата-аналар үшін достық қарым-қатынасқа деген қажеттілікті қолдайтын адамдар болу маңызды.

Көбінесе қиын деп аталатын балалардың ата-аналары мұғалімдердің белсенді ықпалына түсіп, олардың отбасындағы мінез-құлқының жағымсыз тәжірибесін мектепке әкеледі. Ал егер бала сырттай моральдық нормалардан ауытқуды көрсетпесе, мұғалім оның тағдырына алаңдамайды, оның үйдегі тәрбиесіне, отбасындағы қарым-қатынасқа аз қызығушылық танытады. Отбасы мен мектептің мұндай өзара әрекеттесу тәжірибесін қолайлы және тиімді деп санау екіталай.

Отбасы мен мектеп арасындағы адамгершілік қарым-қатынастарды зерттегенде назардан тыс қалдыруға болмайтын тағы бір жағдай бар: мектеп баланың бойында отбасында қалыптасқан адамгершілік қасиеттерін дамытады, не оны қайта тәрбиелеуге мәжбүр болады. Екі жағдайда да мұғалім отбасындағы нақты моральдық жағдайды, ал ата-ана мұғалімнің педагогикалық және адамгершілік талаптарын білуі керек. Бұл өзара таныстықсыз балалардың адамгершілік дамуын педагогикалық басқаруды жүзеге асыру неғайбыл.

Білім алушының тәрбие алудағы алғашқы ортасы отбасы болғандықтан, ата-ана білім беру ордасындағы үлгерімін қадағалап, сынып жетекшімен, басқа да пән мұғалімдерімен тығыз өзара ынтымақтастықта қарым-қатынас жасағаны абзал. Бұл балаға тұрақты дамып, болашақта тұлға болып қалыптасуына үлкен көмегін тигізеді. Бұл құндылықтарға сай білім берудің бір сипаты саналады.

Заманауи мектептің оқу үдерісінің тұлғалық дамуға бағытталуы, оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі тануына жағдай жасау қазіргі мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалауға жаңа талаптар қоюда. Мәселен, есте сақтау нәтижелерін бағалауға бақылау тестілерінің басым бағыттылығынан бас тарту, оқушылардың шығармашылық әрекетке баулу, абсолютті, тұрақты бағалауға емес, балалардың табысының салыстырмалы көрсеткіштеріне, баланың бүгінгі жетістіктерін кешегі жетістіктерімен салыстыруға бағытталуына басты назар аударылуда.

Қазіргі таңда білім алушылардың бағалау жүйесіне өзгерістер енгізу, жұмыс түрлері бойынша бағалауды саралау, өзін-өзі және өзара бағалау, бағалаудың барынша объективтілігі, оқушылар үшін критерийлердің ашықтығы.

Құндылық бағдарлы білім берудің бір қыры ретінже бақылау және бағалау үдерісін айта кеткен орында. Бақылау-бағалау жүйесі оқу үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуына қатысты көмекші қызмет атқаратынын есте ұстаған жөн. Бақылау және бағалау жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары бағалаудың лайықты дәстүрлі нысандары мен әдістерін жоймайды немесе алмастырмайды; олар тек оның сипаттамаларын білім беруді жаңғыртудың заманауи міндеттеріне лайықты деңгейге жеткізу үшін көп сатылы және көп функциялы бақылау мен бағалау процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді[1].

Әрбір білім беру ұйымында білім беру нәтижелерін бағалауда жинақталған тәжірибені шығармашылықпен өңдеу және оқу орнының түріне, іске асырылатын білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәжірибесін дамытудың заманауи тенденцияларын ескере отырып, кешенді бағалау жүйесін әзірлеген жөн. Осы арада білімді бақылаудың рейтингтік жүйесінің мүмкіндіктері өте кең екендігін айта кеткен орынды: рейтингтік жүйенің теңдесі жоқ икемділігі бар, ол әр пән бойынша оның ерекшеліктері мен оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, өз бағалау жүйесін құруға мүмкіндік береді. Білімді бақылаудың рейтингтік жүйесі оқушының оқу іс-әрекетінде белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді, мұғалімнің білімді бағалаудағы субъективтілігін төмендетеді, оқу процесінде объективті түрде қалыптасқан

бәсекені көрсететуге ынталандырады. Бүгінгі таңдағы білім беру үдерісінде оқушы жеке субъект ретінде танылатындықтан, оларды обьективті түрде бағалаған дұрыс.

Білім алушылардың білімін бақылау және бағалау мәселесі оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі екендіігі рас. Жаһанданған білім беру саласына жеткен қазіргі уақытта көптеген білім ордалары оқыту қызметін ішкі бақылаудың саясатын қайта қарап, оқушылардың білімін бағалаудың жаңа әдістерін ұсына бастады. Білімді бағалау жүйесін қайта қараудың мақсаттары бірінші кезекте білім сапасы мен оқушылардың даму деңгейін арттыру, сонымен қатар білім алушылардың білімін бағалау мұғалімге өз қызметінің нәтижелерін объективті түрде көруге және бар проблемаларды түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыстың бір бөлігі болып табылады.

Оқушылардың практикалық дағдыларының қалыптасу қарқынын жеделдету үшін өзіндік жұмысты жүргізу әдістемесі мұқият ойластырылуы керек және бұл өз кезегінде танымдық дағдыларды қалыптастыруға оң әсерін тигізеді. Оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік жұмыстарының әртүрлі түрлері пайдаланылады, олардың көмегімен олар білім, білік, дағдыны өз бетінше игереді [2]. Оқу үрдісінде қолданылатын өзіндік жұмыстың барлық түрлерін әртүрлі критерийлер бойынша жіктеуге болады: дидактикалық мақсаты бойынша, оқушылардың оқу іс-әрекетінің сипаты бойынша, мазмұны бойынша, дербестік дәрежесі мен оқушылардың шығармашылық әрекеті бойынша және т.б. Дидактикалық мақсатқа сәйкес өзіндік жұмыстың барлық түрлерін келесідей топтарға бөлуге болады: жаңа білімді меңгеру, өз бетімен жаңа білімді игеру, білімді бекіту және нақтылау, оқу-тәжірибелік міндеттерді шешуде білімді қолдана білу қабілетін дамыту, практикалық дағдыларды қалыптастыру.

Көрсетілген топтардың әрқайсысы өзіндік жұмыстың бірнеше түрін қамтиды, өйткені бір дидактикалық тапсырманы шешу әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл топтар бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл байланыс әр түрлі дидактикалық мәселелерді шешуде бірдей жұмыс түрлерін қолдануға болатындығына байланысты.

Оқушылардың пән бойынша білімінің тереңдігі мен беріктігіне, олардың танымдық қабілетінің дамуына, жаңа материалды меңгеру қарқынына өзіндік жұмыстың ықпалы зор.

Уақыт өте келе сабақта өзіндік жұмысты жүйелі ұйымдастыру және оны тақырып бойынша үй тапсырмасының әр түрімен ұштастыру арқылы оқушылардың өзіндік жұмысының тұрақты дағдылары қалыптасады.

Білім сапасын арттыру үшін оқушылардың танымдық ынтасын, пәнге деген қызығушылығын арттырудың маңызы ерекше. Оқушылар ұсынылған тақырыптың оқу мақсатын түсінуі керек. Сонымен қатар, қазіргі мектеп оқушылары оқу іс-әрекетінің қызықты және қанағаттанарлық болуын қалауға құқылы[3].

Әрбір ұстаз мүмкіндігінше әрбір оқушы өз сабағына дайындалып келсе деп армандайды. Бірақ қазіргі ақпараттың қарышап, цифрлық сауаттылықтың артқан ғасырында мектеп оқушылары арасында жаңа технологиялар кең тарауда. Оқушылар басым бөлігі шағын мәтіндерді оқуға қызығушылық танытады. Бұл – заманауи шындық.

Мектептегі білім берудегі оқущылардың оқу сауатын байланысты әдебиеттің рөлі дәстүрлі түрде үш аспектіге бөлсек болады: когнитивтік, тәрбиелік, эстетикалық. Аталмыш аспектілер бір-бірімен егіз, мазмұндас. Осыдан келіп оқу кеңістігін ұйымдастырудың әдістері шығады. Мысал ретінде оқушының оқу сауаттылығын ашу үшін әңгімелесулер мен талқылаулар, сөздік-сильдік жұмысар, мәтін бойынша тест құрастыруға болады. Алынған мәтінмен жұмыс үш кезеңді қамтиды. Әрбір кезеңнің өзіне тән мақсаттары бар. Алғашқы кезеңі – мәтін алды әрекетте бұрыннан бар білімді жаңарту[4]. Екінші кезеңде жңартқан білімді дамыту, оны бекіту болып табылады. Ал үшінші кезеңге аяқ бассақ, оқушыларды бекіткен білімді өмірде қолдана білуге дағдыланады. Оқушылар бір-біріне сұрақтар қойып, «миға шабуыл» әдісі арқылы болжамдар жасаса болады. Мәтін бойынша глосарий құрастырып, әр шығарма авторының жазу тілінен сөздік дайындауға әбден болады.

Мектепте әдеби оқуға үйретудің басты мақсаты оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, өзін-өзі тануды дамыту, тәрбиелу, сауатты оқырман қалыптастыру. Мектептегі білім алушылар арасында оқу әрекетінің негізгі түрі ретінде оқуға сүйеніп арнайы оқу дағдыларын дамытып, берілген мәтінмен толыққанды жұмыс жасай алу қажет. Ақпаратты оқығанан кейінгі рефлексия ретінде мәліметті түсіндіру, біріктіру мен бағалауды қарастырса болады. Ол үшін оқушы автор тікелей көрсетпейтін байланыстарды анықтауы, мәтіннің идеясымен үндес астарын іздей алуы қажетті[5].

Бүгінгі таңда білім беру ордаларының алдында бүкіл дүние жүзіндегі білім беру үдерісі секілді, жаңалық ашу мен зерттеудің «алтын ғасырына» ену мақатында оқытудың жаңа тәсілдерін айқындау міндеті тұр. Білім беру процесінің жаңа парадигмасына үндес мектеп алдында шығармашыл, ерекше, құзіретті, туындаған кез келген мәселені шешуге қабілетті, білімді жеткізіп, өмір тәжірибесінде

қолдана алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсаты тұр. Осы арада А.Эйнштейннің келесі бір сөзін айта кеткен орынды: «Ең үлкен қателік - оқу мен білімнің қуанышын мәжбүрлеу және борыш сезімі арқылы ынталандыруға болады деп ойлау». Көрнекті ғалымның көзқарасына қосылғым келеді, өйткені бірінші кезекте оқушы тұлғасы оқу-тәрбие процесінің басты назарында тұруы керек және жаңа білім күштеп әсер етумен емес, баланың тікелей шығармашылық қатысуымен жеке білімге айналатынын естен шығармаған жөн[6]. Білім беру мақсаттарының бірі балада оқуға мотивация мен қабілеттіліктің көзі ретінде өз іс-әрекетін рефлексивті түрде басқару қабілетін, танымдық қызығушылықтарын және табысты оқуға дайындығын дамыту болып табылады.

Білім алушы табысты болу үшін белгілі бір білім, білік, дағдымен қатар, өз іс-әрекетін өз бетінше жоспарлау, талдау, бақылау, болашаққа жаңа оқу міндеттерін қойып, оны шешуді меңгеруі қажет. Ал мұғалім оқу іс-әрекетін соған сәйкес ұйымдастырып, баланы өзін-өзі өзгертуге мүдделі, соған қабілетті субъектіге айналдыруға жағдай жасауы керек. Баланы үнемі өз іс-әрекетін талдауға, жүріп өткен жолды түсінуге қайалап отыру өте маңызды саналады[7]. Ол білгенін, ойлағанын және түсінгенінің бәрін өзі жекізе білгені абзалырақ. Сабақ нәтижесін оқушының санасына түсіріп қана қоймай, сонымен бірге оған жүргізілетін танымдық іс-әрекеттің мазмұнды тізбегін құруға көмектесу маңызды. Сабақта дамытушы орта құрудың міндетті шарты рефлексия кезеңі болып табылады. Аталған мақсатқа жету үшін келесі әдістер қолданылады: оқу үдерісін бақылау; оқушыларға тест ұсыну, кейс-стади құру және сауалнама жүргізу; алынған мәліметтерді салыстыру, талдау және жалпылау. Рефлексиялық құзіреттілікті дамытудың қосалқы шарты мұғалімнің өз мінез-құлқын бақылап, талдауы да әсер еттеді

Ақпараттық инновацияның қарыштап даму да білім алушылардың қабілетінің қалыптасуына өз әсерін тигізуде. Ақпараттың сансыз көптігі оқушыларға шынайы әрі дәлелденген оқу материалдарын ұсынып, оны терең түрде зерттеп, өмірде тәжірибелік тұрғыда қолдана білуіне барынша ұқыптылық танытуды білдіреді. Заманауи оқыту әдістері білім алушылардың дағдысының дамуына, дара болып қалыптасуына жәрдемдеседі[8]. Өз тәжірибем бойынша, білім алушылардың даму атты даңғыл жолында қабілетін қалыптастыруға озық үлгідегі оқыту технологияларын қолдануға назар аударған жөн. Әр мұғалім өз тәжірибесімен бөлісіп, оқу-әдістемеліктер жазып, педагогикалық негізде тапсырмалар ұсынуға болады. Оқу жылында қабілетін, дағдыларын дамытуға арналған апталық семинарлар өткізу де тиімді әдіс. Олардың қоғаммен тез араласып, ортаға үйреніп кетуі үшін ынтамақтастықта оқыту мен жобалап оқу технологияларын қолдану дұрыс саналады. Сонымен қатар оқушылардың қабілетінің бір көрінісі ретінде топта жұмыс жасауын меңгерту үшін эмоциялық әл-ауқатының көтерілуіне де назар аударған жөн. Қабілеті қалыптасқан оқушы – ертеңгі кемел де дара тұлға.

Оқушылардың едәуір бөлігінде қазақ тілі мен әдебиетіне деген қызығушылықтың пайда болуы көп жағдайда оны оқыту әдістеріне, оқу жұмысының қаншалықты шебер құрылғанына байланысты. Сабақ барысында әрбір оқушының танымдық қажеттіліктері – танымдық мотивтердің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекетке дағдылануын қамтамасыз ету қажет[9]. Бұл білім алушының белгілі бір пәнге деген тұрақты қызығушылықтары мен бейімділіктері әлі қалыптасып келе жатқан кезеңде өте маңызды. Оқыту барысында ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларға маңызды рөл беріледі, өйткені олар білім алушының бекітілген көлемін меңгеруге бағытталған білім берудің дәстүрлі түрінен жаңасына көшу мәселесін шешуге мүмкіндік береді, мұнда негізгі назар іс-әрекет әдістерін меңгеруге бағытталған. Білім берудің «жаңа сапасы» ұғымы, ең алдымен, өз бетінше білім алу және білімді меңгеру қабілетін қамтиды, өйткені мектеп алдында күрделі міндет тұр: жаңа ақпараттық қоғамдағы өмірге білімді азаматтарды дайындау, оларды жаңа экономикалық жағдайларда өнімді еңбекке баулу.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағының мақсаты – жаңа меңгерілген мәліметті практикада қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың жаңа тақырыпты іздестіру және меңгеру белсенділігін арттыратын мұғалім әрекеті мақсатқа жетуге мүмкіндік тудырады[10]. Сабағымда жақсы нәтижеге жету үшін дәріс, модуль, практикалық сабақ, зерттеу сабағы, ойын сабағы, семинар сияқты әр түрлі әдіс-тәсілдер мен сабақ түрлерін қолдануға болады.

Қорыта келгенде, сабақ барысында құндылыққа сай білім берудегі оқыту технологияларын іске асыру кезінде кері байланыстың болуы олардың маңызды сипаты болып табылады. Кез-келген технология мобильді, тез өзгеруге қабілетті және білім алушылардың, білім алушылардың және практикалық өмірдің талаптарына бейімделуі керек. Әрбір оқыту технологиясы белгілі бір ғылыми тұжырымдамаға сүйенуі керек, жүйенің барлық белгілеріне ие болуы керек, нәтижелері бойынша тиімді және шығындар бойынша оңтайлы болуы керек, оқу нәтижелерін түзету үшін құралдар мен әдістердің өзгеруін қабылдауы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтанасова Қ.М., Айтуғанова С.Ш. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Астана: Фоллиант, 2008. – 160б.
2. З.Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 359 б.
3. А.Ісмақова. Асыл сөздің теориясы. Таңбалы баспасы. – Алматы, 2009
4. Жұмажанова Т. Әдебиеттен кластан жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы, 1995.
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. Алматы: Мектеп, 2003. – 336б
6. Ахметова А. Бастауыш сыныптардағы өзіндік жұмыстардың маңызы// Бастауыш мектеп, 2008, №3, 4б.
7. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы//Оқулық, Алматы: «Дәуір», 2011, - 336 б.
8. Кислелево С., Данилино Т.А., Лагоды Т.С., Зуйкова М.Б. «Проектный метод в начальной школе», 2013
9. Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. Алматы: «Республикалық баспа кабинеті», 1993,-96 б.
10. Ж.Р.Баширова. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру. Алматы, 2003, - 129 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ОҚЫЛЫМ МӘТІНДЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

Әбдіманап М.Ә.

1-курс докторанты, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ұрпақ тәрбиесі – қай заманда болсын қоғам дамуының өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіре білетін толыққанды тұлға тәрбиелеу. Бұл міндетті жүзеге асыруда мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқушының рухани әлемін танып, оның ішкі дүниесін түсіне білетін тәрбиеші болуы қажет. Бүгінгі мұғалімнің ең басты міндеті – тілді меңгертумен қатар, оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыру. Құндылық – жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі адамгершілікке бағытталған рухани мұрат. Ал рухани құндылықтарға ізгілік, кішіпейілділік, сыйластық, имандылық, мәдениеттілік сияқты қасиеттер жатады.

Ұлттық құндылықтар – қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесі мен дүниетанымынан туындаған, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жеткен адамгершілік үлгілері. Олар әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тәлім-тәрбие арқылы ұрпақ бойына сіңіріліп, өмірлік қағидаға айналады. Ұлттық құндылықтарды танып, бағалай білетін, оны өмірде басшылыққа алатын рухы биік ұрпақ тәрбиелеу – ұлттық тәрбиенің басты мақсаты.

Ұлттық тәрбие – халқымыздың бала тәрбиесіне қатысты сан ғасырлық тәжірибесіне негізделген рухани мұра. Оның бастауы көне дәуірден бастау алатын салт-дәстүрлер мен ұлттық тілде жатыр. Ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарды сіңірудің ең тиімді жолдарының бірі – ауыз әдебиеті үлгілері арқылы тәрбие беру. Қазақ тілі сабағын әдебиет пәнімен кіріктіре отырып, оқушыларды ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, шешендік сөздер мен аңыздар арқылы адамгершілікке, ұлтжандылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Осындай сабақтар нәтижесінде оқушылар ана тілін және ұлттық дәстүрін құрметтейтін, өз ұлтының мәдени мұрасын бағалай білетін, сонымен қатар басқа тілдер мен мәдениеттерге ашық көзқараста бола алатын тұлға ретінде қалыптасады. Ақыл-ойы дамыған, жауапкершілігі жоғары, өзін-өзі бағалай білетін, мақсат қоя алатын және сол мақсатқа жету жолын анықтай білетін осындай тұлғалар ғана елдің болашағы мен ұлттың тірегі бола алады.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны тек білім мен білік дағдыларымен қаруландыру ғана емес, оны рухани, мәдени және адамгершілік тұрғыдан

жетілдіру болып табылады. Тіл – адамзат мәдениетінің тірегі, ұлттың рухани болмысының өзегі. Сондықтан қазақ тілі сабағында қолданылатын оқылым мәтіндері оқушының тек тілдік құзыретін қалыптастырып қоймай, оның тұлғалық дамуына, дүниетанымына, адамгершілік және ұлттық құндылықтарды түсінуіне ықпал етеді. Мәтін – оқушының ойлау, сезіну және пайымдау әрекетін қалыптастыратын негізгі құрал. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі сабағындағы оқылым мәтіндері тәрбиелік және мәдени қызмет атқара отырып, құндылық бағдарлы білім берудің маңызды бөлігі болып саналады [Жұбанова, 2019].

Құндылық бағдарлы білім беру ұғымы педагогика мен тіл білімінде соңғы жылдары кеңінен қарастырылуда. Бұл бағыттың негізінде оқушының рухани әлемін дамыту, оның мәдени-әлеуметтік тәжірибесін байыту, тіл арқылы адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу мақсаты жатыр [Бекетаева, 2023]. Тіл арқылы құндылықтарды меңгеру – ұлттық болмысты сақтаудың және ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етудің басты тетігі. Осыған орай, оқылым мәтіндері тек тілдік материал ретінде емес, мәдени-рухани құбылыс, дүниетанымдық құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған Ахмет Байтұрсынұлының көзқарастары қазіргі заманғы құндылық бағдарлы тіл үйрету идеяларымен тығыз байланысты. Ол тіл үйретудің басты мақсаты – «ойландыру, адам тәрбиелеу» деп таныған [Байтұрсынұлы, 2006: 25]. Ғалымның әдістемелік көзқарасы бойынша, тіл үйренуші сөздің мағынасын ғана емес, сол сөз арқылы берілетін ойдың, сезімнің, мәдениеттің мәнін түсінуі керек. Оның «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі көркем мәтінді талдауға арналған тұжырымдары қазіргі оқылым стратегияларымен үндес: мәтінді сезіне оқу, оның астарындағы идеяны тану, автордың көзқарасын анықтау. Мұндай тәсілдер қазіргі заманғы функционалдық сауаттылық пен құндылықтық танымды қалыптастырудың бастау көзі болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған оқу үлгілерінде тіл мен рух, сөз бен сана арасындағы байланыс айқын көрінеді. Ғалымның «Тіл жұмсар» еңбегіндегі жаттығулар жүйесі оқушыларды ойлануға, пайымдауға, адамдық қасиеттерді тануға баулиды. Мысалы, мысал жанрын талдау арқылы ол еңбекқорлық, ынтымақ, әділдік сияқты құндылықтарды жеткізудің тиімді жолдарын көрсетеді [Байтұрсынұлы, 1991]. Осы арқылы оқушы тек грамматикалық құрылымды емес, сөздің этикалық және мәдени астарын да түсінуге мүмкіндік алады. Бұл идеялар қазіргі әдістемеде “аксиологиялық тіл үйрету” бағытымен толық сәйкес келеді.

Қазақ тілін оқытудағы тұлғаға бағытталған тәсілдің ғылыми негізін қалаған ғалымдардың бірі – Фаузия Оразбаева. Оның коммуникативтік-аксиологиялық тұжырымдамасы тіл үйретудің басты нысаны адам және оның рухани әлемі екенін айқындайды. Ғалымның пікірінше, тіл тек қатынас құралы емес, ол – рухани мәдениетті қалыптастыру құралы. Тілдік қатынастың басты нәтижесі – адамның өзін-өзі тануы, мәдени кеңістіктегі орнын түсінуі [Оразбаева, 2000: 57]. Сондықтан қазақ тілі сабағында қолданылатын оқылым мәтіндері тұлғаның ойлау мәдениетін, этикалық сезімін және ұлттық дүниетанымын дамытуға бағытталуы қажет.

Ф.Ш. Оразбаева тіл арқылы адамгершілік пен рухани даму қатар жүретінін айта отырып, оқыту процесінде «рухани қарым-қатынас» ұғымын енгізеді. Бұл ұғым оқушылардың өзара сыйластық, түсіністік, жауапкершілік, ізгілік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Оразбаева еңбектерінде тілдік қатынас үдерісі – құндылық алмасу үдерісі ретінде қарастырылады. Мәтін – осы рухани алмасудың ең тиімді құралы. Оқушы мәтін арқылы басқа адамның ойы мен сезіміне еніп, оны түсінуге және өз көзқарасын қалыптастыруға үйренеді. Бұл әдіс қазіргі қазақ тілін оқытудағы коммуникативтік парадигманың өзегі болып табылады.

Оразбаева тіл үйретудің аксиологиялық өлшемін нақтылай отырып, әрбір сабақта оқушының бойында рухани және мәдени құндылықтарға деген қатынасты қалыптастыруды ұсынады. Ол “тілдік тұлға” ұғымын ғылыми айналымға енгізіп, тіл үйрету барысында жеке тұлғаның мәдениетаралық коммуникацияға қабілеттілігін дамытудың маңызын көрсетті [Оразбаева, 2010]. Тілдік тұлға – бұл тек сөйлей білетін адам емес, ол ойлайтын, талдайтын

және өз пікірін құндылық тұрғысынан білдіре алатын тұлға. Демек, оқылым мәтіндері тұлғаның осы сапаларын қалыптастырудың негізгі құралы болып саналады.

Фаузия Оразбаеваның еңбектерінде аксиологиялық бағытта оқытудың практикалық үлгілері де көрсетіледі. Мысалы, мәтінді талдауда “автор идеясы – менің көзқарасым” әдісін қолдану, пікірталас, кейіпкерге хат жазу, ситуациялық талдау сияқты әдістер оқушының ойлауын жандандырып, оның рухани әлемін байытады. Бұл тәсілдер Ахмет Байтұрсынұлының “ойландыру арқылы тәрбиелеу” қағидасымен сабақтас келеді.

Қазіргі кезеңде қазақ тілін оқытудағы аксиологиялық (құндылықтық) бағыт ғылыми тұрғыдан айқындалып, әдістемелік жүйе ретінде қалыптасып келеді. Бұл бағыттың негізін қалаған ғалымдардың бірі — С.Б. Жұбанова. Ол өз еңбектерінде тіл мен құндылық байланысын «аксиолингвистика» тұрғысынан қарастырып, тілді мәдениеттің және рухани тәжірибенің көрсеткіші ретінде сипаттайды. Тіл арқылы адамзаттың жинақтаған моральдық-рухани тәжірибесі, ұлттық дүниетанымы, менталдық құндылықтары ұрпақтан ұрпаққа беріледі [Жұбанова, 2019]. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі сабағындағы оқылым мәтіндері оқушыларды тек лексикалық, грамматикалық материалмен емес, ұлттық рух пен мәдени кодпен таныстырады.

К. Бекетаева өз зерттеуінде құндылық бағдарлы білім берудің әдістемелік моделін ұсынды. Ғалымның пікірінше, оқушының тілдік құзыретін дамыту үшін мәтін мазмұны ұлттық мәдениетке негізделуі керек. Ол «оқылым мәтіндерін таңдау кезінде адамгершілік, рухани, эстетикалық құндылықтар қатар ескерілуі тиіс» деп жазады [Бекетаева, 2023]. Бұл тәсілде тіл тек оқыту нысаны ғана емес, тәрбиенің және мәдени дамудың негізгі құралы ретінде көрінеді. Оқылым мәтіндері арқылы оқушылар ұлттық болмысты түсініп, өз халқының дүниетанымдық негіздерін сезінеді.

Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологияларын зерттеген Ә.Т. Әбдікәрім оқылым дағдысын қалыптастыруда интерактивті және сыни ойлау әдістерінің тиімділігін көрсетеді. Ол «мәтінді талдау – оқушының дүниетанымын кеңейтетін, оның өмірлік құндылықтарын қалыптастыратын танымдық процесс» деп тұжырымдайды [Әбдікәрім, 2021]. Ғалым оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу кезінде рефлексия жасау, өзіндік ой айту, пікір білдіру қабілеттерін дамытудың маңызын атап өтеді. Бұл тәсіл оқушыларды белсенді субъект ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

М. Жанпейісова ұсынған модульдік оқыту технологиясы да құндылық бағдарлы білім берудің заманауи моделі ретінде қарастырылады. Оның жүйесінде оқушының жеке ерекшелігі, қызығушылығы және өмірлік тәжірибесі ескеріледі. Мұндай тәсіл оқылым мәтіндері арқылы оқушының эмоционалды қатысуын арттырып, тұлғалық дамуына ықпал етеді. Ал Э. Сүлейменова мен А.Т. Мұқанова еңбектерінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан талданады. Олар тіл арқылы басқа мәдениеттерге құрметпен қарау, толеранттылық және түсіністік қалыптасатынын дәлелдейді [Сүлейменова, 2015; Мұқанова, 2022]. Бұл идеялар оқушыларды жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтай отырып, әлемдік мәдениетке ашық болуға тәрбиелеу қажеттігін көрсетеді.

Қазақ тілі сабағында оқылым мәтіндерін іріктеу мен қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Мәтінді іріктеуде мұғалім бірнеше критерийді басшылыққа алуы керек. Біріншіден, мәтін мазмұны ұлттық мәдениет пен адамгершілік құндылықтарды бейнелеуі тиіс. Екіншіден, ол оқушылардың жас ерекшелігі мен тілдік деңгейіне сәйкес келуі қажет. Үшіншіден, мәтіннің құрылымы оқушылардың ойлануына, салыстыруына, өз пікірін білдіруіне мүмкіндік беруі керек. Төртіншіден, сабақта қолданылатын әдістер оқушының белсенді қатысуына негізделуі шарт: пікірталас, кейіпкерге хат жазу, эссе жазу, инсценировка сияқты әрекеттер арқылы оқушылар мәтінді терең түсініп, ондағы құндылықты өз өмірімен байланыстыра алады [Әбдікәрім, 2021].

Мысалы, «достық», «еңбекқорлық», «әділдік», «адалдық» тақырыптарына арналған оқылым мәтіндері арқылы оқушылар өз пікірін айтуға, өмірмен байланысты мысал келтіруге, адамгершілік қасиеттердің мәнін талдауға үйренеді. Мұндай тапсырмалар олардың

эмоционалды интеллектісін, рефлексиясын және әлеуметтік құзыретін дамытады. Осы арқылы тіл сабағы тек грамматикалық немесе лексикалық мақсатпен шектелмей, тұлғаның рухани және этикалық дамуына ықпал ететін кеңістікке айналады.

Құндылық бағдарлы тіл үйрету үдерісінде мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім тек білім беруші емес, оқушының рухани жетекшісі, бағыт-бағдар берушісі болуға тиіс. Оқылым мәтіндері арқылы оқушыларға ұлттық тарих, мәдениет және адамгершілік идеалдары таныстырылады. Бұл тұрғыда Ахмет Байтұрсынұлының «тіл – адамдық белгінің зоры» деген қағидасы ерекше мәнге ие [Байтұрсынұлы, 2006: 25]. Тіл арқылы адам өзін, қоғамды және әлемді таниды, ал мәтін сол танымның негізгі құралы болып табылады.

Жалпы, қазақ тілі сабағында оқылым мәтіндерін құндылық бағдарда ұйымдастыру оқушылардың зияткерлік дамуы мен рухани жетілуін қатар қамтамасыз етеді. Оқушылар мәтін мазмұны арқылы өмірлік ұстанымдарын қалыптастырып, адам мен қоғам арасындағы моральдық қатынастарды түсінуге үйренеді. Мұндай сабақтарда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар – мейірімділік, адалдық, әділдік, еңбексүйгіштік, отансүйгіштік – басты бағыт ретінде алынады.

Құндылық бағдарлы оқыту жүйесін дамыту үшін бірнеше практикалық ұсыныстар беруге болады. Біріншіден, оқулықтағы мәтіндерді іріктеуде мәдени және тәрбиелік мазмұнды басымдыққа алу қажет. Екіншіден, әр мәтін бойынша рефлексиялық және шығармашылық тапсырмаларды көбейту керек (эссе, пікір жазу, кейіпкерге хат, өмірмен байланыстыру). Үшіншіден, оқылым тапсырмаларын басқа тілдік дағдылармен (айтылым, жазылым, тыңдалым) кіріктіре отырып қолдану тиімді. Төртіншіден, цифрлық ресурстарды, мультимедиалық материалдарды пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру ұсынылады.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабағындағы оқылым мәтіндерінің құндылық бағдары – тіл арқылы адамды тәрбиелеу, оның рухани әлеуетін дамыту және ұлттық мәдениетті бойына сіңіру үдерісі болып табылады. Тіл сабағы оқушы үшін тек білім алу алаңы емес, өмірді, адамды және қоғамды танудың рухани кеңістігіне айналуы тиіс. Жеке тұлғаның тілге құндылық бағдары жеке тұлғаның ұлттық тілді, ұлттық мәдениеттің құндылықтары туралы білімдерді саналы түрде ұғынып, меңгерумен анықталады, ал бұл процесс адамның санасына, зейініне, сонымен бірге ұлттық тіл және ұлттық мәдениет құндылықтары туралы білімдерді саналы меңгеруіне тікелей байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл жұмсар. – Алматы: Атамұра, 2006.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2000.
4. Оразбаева Ф.Ш. Коммуникативтік тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2010.
5. Жұбанова С.Б. Қазақ тіл білімінің когнитивтік және аксиологиялық бағыттары. – Астана, 2019.
6. Бекетаева К. Құндылық бағдарлы білім беру контексінде тіл үйрету. – Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, №4, 2023.
7. Әбдікәрім Т.М. Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары. – Астана: ЕҰУ, 2021.
8. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2004.
9. Мұқанова А.Т. Тіл және құндылық: аксиолингвистика негіздері. – Алматы, 2022.
10. Сүлейменова Э.Д. Мәдениетаралық коммуникация негіздері. – Алматы: ҚазҰУ, 2015.

ЖИ НЕГІЗІНДЕГІ ӘДЕБИ МӘТІН ТАЛДАУЫ

Кадырова А.М.

Шұбар ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі, Ақмола облысы, Қазақстан.

Әдебиет – адам жанының айнасы, рухани байлықтың бастауы. Ол оқушыны өмірді терең ұғынуға, сезім мен ойдың үйлесімін тануға, тілдің сұлулығын бағалауға тәрбиелейді. Қазіргі қоғамда технология мен жасанды интеллект (ЖИ) адам өмірінің барлық саласына дендеп еніп отыр. Білім беру

жүйесі де бұл өзгерістен тыс қалған жоқ. Әсіресе, әдебиет пәнін оқытуда жаңа технологияларды тиімді пайдалану – заманауи мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Себебі оқушылардың ақпараттық сауаттылығы, сын тұрғысынан ойлау қабілеті және дербес зерттеу дағдысы жаңа тәсілдер арқылы дамиды. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби мәтінді ЖИ негізінде талдау әдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың мәтінмен жұмыс істеу дағдысын жетілдіретін өзекті бағыт болып табылады. Қазіргі білім беру тәжірибесінде оқушылардың мәтінді тек мазмұндап қана қоймай, оны көпқырлы талдау арқылы идеялық, көркемдік және тілдік тұрғыдан терең түсінуіне баса назар аударылуда. ЖИ құралдарын әдебиет сабақтарына енгізу осы үдерісті жаңаша сипатта ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект негізіндегі әдеби мәтін талдауы қазіргі педагогикалық зерттеулерде өз тиімділігін дәлелдеп келеді. Зерттеулерге сүйенсек, цифрлық құралдар мен алгоритмдік модельдер оқушылардың әдеби шығарманы қабылдау қабілетін арттырып, дербес оқу жолдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Әдеби талдауда ЖИ қолдану оқушылардың ойлау логикасын дамыта отырып, мәтіннің идеялық өзегін, авторлық ұстанымды және көркемдік тәсілдерді анықтауға бағытталған практикалық әдіс ретінде қарастырылады. Мысалы, сегізінші сыныптағы Абайдың, М.Әуезовтың немесе Б.Майлиннің шығармаларын талдау кезінде ЖИ құралдары арқылы кейіпкер бейнесін, көркем тіл элементтерін немесе шығарманың эмоционалдық реңкін визуалды түрде көрсетуге болады[1]. Мұндай тәсіл оқушылардың әдеби образды түсінуін жеңілдетіп, көркем мәтінге деген қызығушылығын арттырады. Сабақ тәжірибесінде ЖИ негізіндегі мәтін талдауы бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Біріншіден, оқушылар ChatGPT немесе басқа да ЖИ платформалары арқылы мәтін мазмұнын құрылымдық тұрғыдан талдап, оқиға желісін, кейіпкерлердің іс-әрекетін және автордың идеясын анықтайды. Екіншіден, мәтіндегі көркемдік тәсілдерді, троптар мен фигураларды автоматты түрде талдайтын онлайн құралдар қолданылады. Бұл оқушыларға тілдік талдаудың жаңа қырын меңгеруге және көркем сөздің мәнін терең ұғынуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, ЖИ көмегімен оқушылар өздерінің эссе, пікір немесе әдеби талдау мәтіндерін құрастырып, кейін мұғалімнің басшылығымен салыстырмалы талдау жүргізеді. Мұндай тәсіл оқушының өзіндік ойлауын дамытып, талдауға сын көзбен қарауға үйретеді.

ЖИ құралдарының көмегімен оқушылар мәтіннің лексикалық, синтаксистік және семантикалық құрылымдарын терең түсініп, автордың көзқарасын, астарлы ойын, көркемдік тәсілдерін анықтауға мүмкіндік алады. Мәселен, Бейімбет Майлиннің көркем мәтіндерін талдау кезінде ЖИ жүйелері кейіпкердің психологиялық портретін, оқиғалық динамиканы және мәтіннің эмоциялық өрісін автоматты түрде сараптай алады. Мұндай әдіс оқушылардың дәстүрлі мәтіндік талдау шеңберінен шығып, әдебиетті тіл мен мәдениет тоғысындағы күрделі семиотикалық құбылыс ретінде қабылдауына ықпал етеді.

Мәтіннің табиғатын түсіндіруде тілдік құрылымдар мен олардың байланысын көрсету маңызды. Әдеби мәтін тек көркем сөздің жиынтығы емес, ол – автордың дүниетанымын, қоғамға көзқарасын, рухани әлемін бейнелейтін тұтас семиотикалық жүйе. Мәтін ішкі байланыс пен логикалық тұтастық арқылы бір идеяны жүзеге асырады[2]. Осы қағидаға сүйене отырып, ЖИ технологиясы оқушыларға мәтін тұтастығын автоматты түрде визуализациялауға мүмкіндік береді: мысалы, негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді ерекшелеп, мағыналық байланыстардың картасын құру. Бұл әдіс әдеби мәтінді механикалық талдаудан гөрі, жүйелі ойлауға, мәтін мазмұнының құрылымын көрнекі түрде ұғынуға бағыттайды. ЖИ негізіндегі мәтіндік талдау құралдары әсіресе тарихи-әдеби шығармаларды, соның ішінде Бейімбет Майлиннің ағартушылық бағыттағы еңбектерін зерттеуде тиімді. Майлиннің оқу құралдары мен қысқа әңгімелері ұлттық сана мен мәдениетке қызмет еткен мәтіндер ретінде ерекше мәнге ие. Мысалы, «Жаңа ауыл» немесе «Мұқатай» шығармаларының мазмұнын ЖИ арқылы талдау кезінде оқушылар әлеуметтік-тарихи контексті мен кейіпкерлер арасындағы қатынастарды терең түсінеді. ЖИ бағдарламасы мәтіндегі эмоциялық реңктерді, бағалауыш сөздерді және қайталанатын көркемдік элементтерді айқындап, оқушыға автордың идеясын жүйелі түрде түсіндіреді. Бұл тәсіл әдебиет сабағын тек мәтін мазмұнын баяндаумен шектемей, ғылыми-танымдық ізденіске бағыттайды. Оқу тәжірибесінде мұғалім ЖИ құралдарын қолдану арқылы мәтін талдау әдістемесін жаңаша ұйымдастыра алады. Мәселен, оқушыларға Б. Майлин шығармаларындағы кейіпкерлердің сөйлеу ерекшеліктерін, баяндау стилін және грамматикалық құрылымдарын салыстыруды тапсыруға болады. ЖИ платформалары сөйлем деңгейіндегі байланыстарды талдап, оқушыларға әр кейіпкердің сөз саптауындағы ерекшеліктерді көрсетеді. Мұндай талдау әдеби шығарманы қабылдауда дербес ойлау мен тілдік сезімді қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің көмегімен оқушылар өз мәтіндік интерпретацияларын цифрлық форматта ұсыну мүмкіндігіне ие

болады, бұл білім берудің заманауи цифрлық педагогикасына сәйкес келеді. ЖИ негізіндегі әдеби мәтін талдауының тағы бір артықшылығы – мәтіннің мәнмәтіндік (подтекстік) қабаттарын ашу мүмкіндігі. Ғалымдар Г. Смағұлова мен Ф. Оразбаева еңбектерінде мәтін астары автордың түпкі ойын ашуда маңызды құрал екенін атап өтеді[2]. Бұл идеяны ЖИ көмегімен тәжірибеде іске асыруға болады: жүйе мәтін ішіндегі астарлы мағыналарды, метафораларды және символдарды семантикалық талдау арқылы анықтайды. Оқушы осы талдауды көріп, автордың идеялық ұстанымын тануға дағдыланады. Мысалы, «Бай құлақтың тұқымы» мәтініндегі кейіпкерлер арасындағы ішкі тартыс пен әлеуметтік астарды ЖИ анализі айқындап, талдау процесін тереңдетеді. Осылайша, жасанды интеллект негізіндегі әдеби мәтінді талдау әдістемесі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының мазмұнын жаңа деңгейге көтереді. Ол оқушылардың мәтінге деген қызығушылығын арттырып, ұлттық әдеби мұраны заманауи технологиялық тұрғыда тануға мүмкіндік береді. Мұғалімнің рөлі бұл жағдайда бағыттаушы және модератор ретінде сақталады: ол оқушыларға ЖИ ұсынған талдау нәтижелерін сын тұрғысынан бағалауға, адамдық түсінік пен мәдени сезім арқылы толықтыруға үйретеді.

Педагогикалық тәжірибеде ЖИ технологиясын тиімді қолдану үшін мұғалімнің бағыттаушы және сараптаушы рөлі айрықша маңызды. Мұғалім оқушыны дайын жауапқа емес, талдау үдерісінің мәнін ұғынуға жетелейді[3]. Мысалы, сегізінші сынып оқушыларына М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін талдау барысында ЖИ құралын қолдана отырып, поэтикалық бейнелер мен эмоциялық өрнектерді анықтау ұсынылады. Алынған нәтижелер негізінде оқушылар өз ойларын дәлелдеп, автордың дүниетанымдық ұстанымын айқындайды. Мұндай сабақтарда оқушылар өз ойын жүйелі жеткізіп, мәтінді көпқырлы талдау арқылы әдеби талғамын дамытады. Сонымен қатар, ЖИ технологиялары саралап және даралап оқытуға да мүмкіндік береді. Оқушылардың дайындық деңгейіне қарай тапсырмалар күрделеніп немесе жеңілдетіліп беріледі. ЖИ құралдары оқушылардың жауаптарын автоматты түрде талдап, кері байланыс орната алады. Бұл мұғалімге оқыту үдерісін тиімді жоспарлауға және әр оқушының оқу траекториясын бақылауға мүмкіндік береді. Әдебиет пәніндегі мұндай әдіс оқушылардың тіл мәдениетін, сөйлеу дағдысын және шығармашылық қабілетін дамытуда жоғары нәтиже береді[4] . ЖИ негізіндегі әдеби мәтін талдауының тағы бір артықшылығы – пәнаралық байланысты нығайту мүмкіндігі. Әдебиет, тарих және информатика пәндерін кіріктіре отырып, оқушылар белгілі бір дәуірдің әдеби контексін тарихи деректермен байланыстыра зерттейді. Бұл тәсіл білімнің тұтастығын қамтамасыз етіп, оқушылардың танымдық көкжиегін кеңейтеді. Мысалы, Абай шығармаларын талдау кезінде ЖИ көмегімен сол кезеңнің тарихи оқиғаларын, әлеуметтік мәселелерін және философиялық идеяларын салыстырмалы түрде көрсетуге болады. Нәтижесінде оқушылар тек мәтінді талдамай, оны мәдени-тарихи контексте түсінуге үйренеді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ЖИ негізіндегі әдеби мәтін талдауы – заманауи білім беру кеңістігіндегі инновациялық бағыттардың бірі. Ол оқушылардың әдеби ойлауын, тілдік сезімін және аналитикалық қабілетін дамытуға зор мүмкіндік береді. Мұғалім ретінде менің пікірімше, ЖИ құралдарын әдебиет сабақтарына енгізу дәстүрлі талдау әдістерін алмастырмай, оларды толықтырып, жаңа сапалық деңгейге көтеруі тиіс. Оқушының өздігінен ізденіп, мәтінді саналы түсінуі басты мақсат болып қала береді. Сабақта ЖИ технологиясын тиімді пайдалану үшін мұғалімнің шығармашылық көзқарасы мен әдістемелік шеберлігі қажет. Болашақта әдебиет пәнін оқытуда ЖИ құралдарын қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, олардың әдебиетке деген қызығушылығын жаңа қырынан қалыптастыратыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Омаров Д. Ұлылар үндестігі. Алматы, 1999, 17-б.

2. Ғабдуллин Н. Абай тағылымы. 1986, 45-б.

3. Әбдіғаппарова С. *«ЖИ негізіндегі әдеби мәтінді талдау әдістемесі».* – Алматы: «Педагогика», 2024. – 220 б.

4. Тұрсынбаева Г. *«Қазақ әдебиетін оқытуда жасанды интеллектті қолдану жолдары».* – Астана: «Білім баспасы», 2023. – 210 б.

МАЗМҰНЫ

2-секция. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	
Абденкул Д. С. Ғылыми жетекші: Шокабаева С. С. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОНЛАЙН ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІ ДАМЫТУДАҒЫ ҮЛЕСІ	3
Абсатова М. Б., Рустемова Ж.Ж. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ	6
Абілдаев Б.С. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ – ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУДЫҢ БІР ТӘСІЛІ	11
Адилбекова Ж. С. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ	15
Аитова Н.Н. Шәмішева А. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА КОРПУС ДЕРЕКТЕРІН ҚОЛДАНУ	17
Ахмет А.Н. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН ТЕРМИНДЕРДІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ҮЛГІЛЕРІ	21
Аязбекова А.Д., Картаева А.М. Т. АЙБЕРГЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ БЕЙНЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	24
Байгабулова А.С. Курманова А.К. «АХМЕТШЕ БАУЛУ» – ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ӨЗЕГІ	27
Байжуманова Б.М. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛЕРІ	31
Балтаева З. Мухтарханова А. БАСТАУЫШ ДЕҢГЕЙДЕГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЛЕКСИКА МЕН ГРАММАТИКАНЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ТӘСІЛДЕРІ	33
Бестерекова Р.Н. МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ	36
Байдильдинова Г.Т. МЕТОДИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В ПРЕПОДАВАНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В КАЗАХСКИХ КЛАССАХ: КОМПЛЕКСНЫЙ АНАЛИЗ И ПУТИ РЕШЕНИЯ	40
Ботырова И.З. Курманова А.К. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТҰЛҒА МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІ: ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛІК ІЗДЕНІС	43
Гакрама К.М. IT ТЕХНОЛОГИИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКОВЫХ ДИСЦИПЛИН В НЕЯЗЫКОВОМ ВУЗЕ	47
Ергешбай Н. Б. Ғылыми жетекші: Шокабаева С.С. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР	50
Жанглисова А.А. Курманова А.К. ЕТІСТІК ШАҚТАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ШЕШІМДЕР	52
Жанұзақова Т. З. «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІ – ІЗГІЛІКТІҢ ЖАРШЫСЫ	57
Жармаганбетова А.Т. Ельшибекова Н.Х. Смакова Т.С. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	59
Жәли А.Ж. МАС МЕДИА МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ	62
Жұпарбек Г. ФОНЕТИКАНЫ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ	64
Заңова Б.А. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ	68
Икапова Д.С. ТІЛ ДАМЫТУДА ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ РӨЛІ	72
Ильясова Ж.С. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ	74

Исина Б.К., Сулейменова М.М. МӘТІНДЕРДІ СТИЛЬДІК ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ САЛЫСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ	77
Кайдарова Н.Н. ЖҰМБАҚТАУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ	81
Касенова С.Б. PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІНДЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ҚОЛДАНЫЛАТЫН АШЫҚ СҰРАҚТАР, ЖАБЫҚ СҰРАҚТАР ЖӘНЕ ЕКІ ТИПТІ СҰРАҚТАР	83
Кәрімбекқызы А. КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДА CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫЛУЫ	86
Кузембаева М.К. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕП ОҚЫТУ	89
Кульжанова Ш. М. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	91
Курманаева А.Ж. ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН КРЕАТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ	93
Курманова А.К. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ РӨЛІ	95
Қаңғылбай А.Ә. МЕКТЕПТЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	100
Қуанбаева Ж.С. Халикова Н.С. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ	102
Қуатбек А.Е. САБАҚ БАРЫСЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫРЛАРЫ	107
Махметова Г. Д. Жусупова Г. Қ. МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ӘДІСТЕР	109
Мейранбек Д.Ж. Ғылыми жетекші: Шоқабаева С.С. Қ. КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ ОРЫС ТОПТАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҰСТАНЫМДАРЫ	113
Мукишева Д.А. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ	116
Мурзабулатова М. У. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУ	118
Ниязбек А.А Ғылыми жетекшісі: Қапантайқызы Ш. ҰСТАЗ – ҚҰНДЫЛЫҚ ТАСУШЫ ТҰЛҒА	121
Нургазина А. С. ОҚЫЛЫМ ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	124
Нұрғазы Г.А. ҚАЗАҚ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУ КОНТЕКСІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫ	126
Оңалбек А.А. КҮНДЕЛІКТІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ АУЫЗША ТІЛДІҢ ТАРАЛЫМЫ	130
Ораз А.Н. Маликов Қ.Т. ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ	132
Орманова А.А. Алексеева-Нилова Т Е. АЛАШ КЕЗЕҢІ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН САНДЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ	136
Рустемова Ж. Ж., Кунева Қ. Е. ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ	138
Садыкова Д.П. МӘТІНМЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ	143

Сарбасова А.Н. Әбіш А. ӨТКЕН ШАҚТЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ ЖӘНЕ АСПЕКТУАЛДЫ СИПАТТАМАСЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ	144
Сейтбекова Г.С. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ – ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ТІРЕГІ: ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК БАҒЫТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ӨЗЕГІ	147
Серікхан А.С. ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ – ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕГІ	149
Симбаева С. ТӨҢКЕРІЛГЕН САБАҚТЫ ҚҰРЫЛЫМДАУ: ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	151
Сулейменова Ж.К. Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ	154
Шахим А. С. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШАРТТАРЫ МЕН ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ	157
Шахманова Г.Ш., Искакова Г.Ж., Таңсықбай Ә.Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ КӨРКЕМ МӘТІНДІ БЕЙІМДЕУ ПРИНЦИПТЕРІ: ТІЛДІК, МАЗМҰНДЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕР	159
Шолпанбаева Г.А. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	163
Nygmetova M.O., Murat R. DEVELOPING STUDENTS' CRITICAL THINKING THROUGH VALUE-BASED ANALYSIS OF LITERARY TEXTS	165
3-секция. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ	
Абдрахманова Қ. К. ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕГІ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ	170
Айтбаева Н.Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАР ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ	173
Арынбаева Д.Ж. ЭТНОФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	176
Әбутәліп А. ЭССЕ ЖАЗУДЫ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ	180
Билялова Б. Б. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМЫТУ: БҮГІНГІ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС	181
Габдолла А. А. АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ	184
Габдрашева Д.Т. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ӨТКІЗУ	187
Далабаева Т.Б. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ	189
Елбосын Б.И. АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «ШАШТЫ» ӘҢГІМЕСІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН	191
Жаканова Н. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА АБАЙ МҰРАЛАРЫН ОҚЫТУ ИНТЕРАКТИВТІ ТӘСІЛІ	193
Жакубаева Г.А. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМЫТУ	197
Жанатайқызы С. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨРІКТЕУІШ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ	200

Жолаушина Г.Г. АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР: БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ МОТИВАЦИЯ МЕН ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ	205
Жрембаева Б.М. КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫНЫ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ	208
Исина Г.Ж. Бапахова Р.Ж. ТІЛ БОЛАШАҒЫ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАУ АЛАДЫ	211
Карыбаева Г.С.. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	212
Кошерова Б.М. ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	214
Курумбаева Ж.Ж. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ – ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН	216
Қуанбаева Ж.С. Халикова Н.С. ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ	218
Нургалиева Г. К. ЦИФРОВАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ СОВРЕМЕННОГО УЧИТЕЛЯ-ФИЛОЛОГА КАК ФАКТОР ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА	222
Рахимбаева Г. К. КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУДАҒЫ ЭЙДОС-КОНСПЕКТІНІҢ РӨЛІ	224
Садуакасова Ж.М. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА SOFT SKILLS ПЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰШТАСТЫРА ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ	227
Таңсықбай Ә.Қ.. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА КОМИКСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ	229
Темирбекова Ж. Т. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖИ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ	231
Смагулова Ш.К. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ОҚЫТУ	234
Тайшыбаева А.Ж., Мустажапова А.Р. ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ: ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК МҮМКІНДІКТЕР	235
Үркенбаева Ж. А. І. ЖАНСҮГІРОВТІҢ «КҮЙ», «КҮЙШІ» ПОЭМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	238
Халбаева Д.М. АБАЙДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ	241
Хумарбай Б. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТАНЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	243
Шантасова А.Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА МНЕМОКЕСТЕНІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ»	245
Яхудаева М.И. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА САЙ ҮЗДІКСІЗ ОҚЫТУ ЗАМАН ТАЛАБЫ	249
Әбдіманап М.Ә. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ОҚЫЛЫМ МӘТІНДЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ	253
Кадырова А.М. ЖИ НЕГІЗІНДЕГІ ӘДЕБИ МӘТІН ТАЛДАУЫ	256

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары»
атты ғалымдар мен мұғалімдердің
халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы
материалдарының
ЖИНАҒЫ

Басуға 07.11.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Цифрлы басылыс. Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 16,4

ISBN 978-601-385-146-4